«Біздегі басты міндет – білім беруді жаңа сапамен және мазмұнмен толықтыру», – деген болатын елбасымыз кезекті Жолдауында. Бүгінгі күні ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білімнің және іскерліктің керектігін талап етеді. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, оқушының табиғи дарындылығын пайдалана отырып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін дамыту керек.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көздеген деңгейден төмен емес білім алуын қамтамасыз етуге жеке шығармашылық қабілеттерін дамуы үшін жағдай жасауға міндетті делінген. Мектепте алған білім баланың шығармашылық әлеуетін дамытуға

мүмкіндік беріп оны өнімді, шығармашыл, өзіндік ойлауға үйретуі тиіс. Баланың қабілеттерін дамыту мәселесі өзінің тамырын адамзат тарихының тереңінен алады. Ежелгі грек ғалымы және философы Сократ өз оқушысының дамуына үнемі қамқорлық жасап отырған.

Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді [1].

Мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да ондағы білім беру ісі – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да қадірлі жұмыс. Мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқыту, қоршаған ортада дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бағалап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Кемеңгер Абай «Адам ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе қайрат, байлаулылық жоқтығынан азады»-деген. Жақсылық пен жамандықты берік ұстанатын- қайрат. Жақсы мен жаманға айла табатын- ақыл, ал соның қажеттісі- жүрек қалауы» дейтін болсақ, оқушыны жақсылыққа тәрбиелеу үшін ақыл мен қайратты тұлға бойына қалыптастыру үшін үнемі ізденісте болуымыз керек. Осы үшеуін оқушы бойынан көре алсақ «Мұғалім» деген мамандықтың ұрпақ тәрбиесіндегі алар орнын тап басып айтқан болар едік. Себебі, қайратты, ақылды, жігерлі оқушы- біздің еңбегіміздің көрсеткіші .

Абай атамыз: «Бір бала туады. «Ішсем, ұйықтасам, жесем»- дейді. Ол- тән құмары. Бір бала туады. «Білсем, көрсем, үйренсем»- дейді. Ол- жан құмары». Бірақ, бүгінгі таңда біз осы екі баланы да бірдей деңгейге жеткізуге толық мүмкіндігіміз бар. Себебі, «тек ұйықтасам» деген бала қасындағы баланың әрекетіне алғашында селт етпеуі мүмкін. Бірақ, үнемі сабаққа енгізген түрлі тәсілдер оны да қызықтыруы мүмкін. Ол осы сабақ барысында өзі байқамайтын қабілеттің бар екенін білуі мүмкін. Ол талантты байқаған біз оған мадақ сөздер айту арқылы сенімділікті қалаптастыруға септігімізді тигізуіміз керек. Бүгінде дамыған елдермен терезесі тең болуы үшін біздің еліміз де аянып отырған жоқ. Ал, іргесі нық қаланған мемлекет тірегі- білімді ұрпақ.

Менің ойымша, 5-6 сынып оқушысы шығармашылық мүмкіндігі зор, шығармашылық жұмыстарымен тұрақты, белсенді айналасуға икемді жас деуге толық болады. Осы арада оқушыларды шығармашылыққа баулу үшін тағы бір қажеттілік – оларды психологиялық дайындықтан өткізу, яғни балалық шабытын оятып, құлшындырып, еліктіріп отырып, «Сенің қолыңнан бәрі келеді екен ғой», «Өзің де бәрін біліп, үйреніп аласың» деп олардың кішкентай жетістіктерін мадақтап, көтермелеп отыру қажет. Алдындағы жетістіктеріне құптаушылық көрсетіп, сезім күйін бақылап, қамқорлық жасау керек. Оқушының қойған сұрақтарына пейілмен дұрыс жауап беріп, алдыға проблема қойып оны шешуге ықпал жасап отырған дұрыс. Сонда оқушы ынталанып, алға ұмтылады, шығармашылық қабілетін дамытады.

Сонымен қатар, сабақ беру процесінде оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулудың маңызы зор. Жазба жұмыстары олардың танымдық белсенділіктерін, ойлау жүйесін арттыруға көмектеседі. Жазба жұмыстарынан әр баланың өзіндік көзқарасын, эстетикалық және адамгершілік танымы, эмоциясы, пікірі, талдау, қорытындылау, салыстыра білу және одан қорытынды жасау қасиеттері байқалып тұруы қажет деп ойлаймын [2].

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды талап етеді.

Ж. Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал, баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын оқыту мен тәрбие. Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді жасы үлкендер жеткілікті бағаламаса, ол «өзгелер сияқты» болып қалып қоюы мүмкін», – дейді.

Психологтар бала қабілетінің екі түрлі деңгейі болатынын дәлелдейді. Соның бірі шығармашылық әдіс – жаңа нәрсені ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Ол үшін оқушыға бағыт-бағдар бере отырып, баланың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беру керек деп ойлаймын.

Оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуі – шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Мысалы, еліктеуіш сөздер тақырыбына орай айналадағы естілген дыбысты, адамдардың, жануарлардың сыртқы пішінін әр түрлі еліктеу сөздер арқылы жаттықтыру, еліктеуіш сөз қатысқан мәтінді оқу, табиғат құбылысына бақылау жасату, еліктеуіш сөз қатысқан сипаттама мәтін құрату, көркем мәтіннен еліктеуіш сөздерді табу, оқушының тілін дамыту ғана емес, шығармашылықпен жұмыс жүргізуге де әсер етеді, яғни оқушы ізденеді, талаптанады, ойланады.

Оқу іс әрекетінде мұғалім мен оқушы тығыз байланыста болуы керек. Ол үшін мұғалім бар күш-жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы қажет. Ал оқушы өз тарапынан белсенділік, дербестілік көрсетуі, өзіне деген сенімділігі арқылы шығармашылық әрекетті қалыптастыра алады. Сонымен бірге, әрбір сабақ үстінде шығармашылық тапсырма беріп отыруы тиіс. Шығармашылық тапсырма түрлерін сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, шығармашылық қабілетінің даралығына қарап, әр сынып бойынша әрі қарай жалғастыра беруге болады [3].

Оқушы шығармашылығы практикалық әрекеттер, ізденімпаздық арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас сақталады. Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Қорыта айтқанда, оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мильруд Р.П., Максимова И.Р. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранному языку. // ИЯШ - 2000 - №4. С.14-19.
2. Ожегов С.И. Толковый словарь //М.,ОНИКС Мир и Образование - 2005-1035С.
3. Рогова Г.В., Верещагина И.Н. Методика обучения английскому языку на начальном этапе в общеобразовательных учреждениях: Пособие для учителей и студентов пед. вузов. - 3-е изд. - М.: Просвещение, 2000. - 232с.

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ТҰЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты

Тұлғаның қабілеттерін дамыту мәселесі өзінің тамырын адамзат тарихының тереңінен алады. Ежелгі грек ғалымы және философы Сократ өз оқушыларының дамуына үнемі қамқорлық жасап отырған. Адамның ақыл - ойын, қабілеттерін дамыту арқылы оны бақыт жолына жеткізу мәселесіне бірнеше күрделі еңбектерін тікелей арнаған шығыстың әйгілі ойшылы Әл - Фараби болды.

Бүкіл бір халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің қара сөздерінде /43 сөзі / тұлға өмірге келгендегі қабілеттері әрі қарай дамытуды, шыңдауды қажет ететін, сонда ғана олар пайдаға асатынын жазған. Ал назардан тыс қалған қабілеттілер бара - бара жойылып, жоқ болатынын айтқан.

М. Жұмабаев өзінің педагогика оқулығында тұлғаның дамуының мәселелерін көтереді. Ол үшін оның танымын, ақылын, еркін, зейінін қалыптастыру керек екенін жазады. Тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесін таңдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алу талап етеді.

Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері, дей келе олар қоғамдық тарихи іс - әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратынын атап көрсетеді [1].

«Қабілеттер» - білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері - дейді А. В. Петровский. «Қабілет іс - әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауға тырысатын адамның жеке қасиеті», - деп жазады Т. Тәжібаев.

«Қабілеттер» - адамның іс - әрекетінің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері» - деген де анықтама бар. Мүмкіндік білім де, дағды да емес. Ол адамның белгілі бір істі орындауға даярлығы», - деп қарастырады Ә. Алдамұратов.

Психологтар қабілеттердің 2 түрлі деңгейі болатындығын дәлелдеген. Репродуктивті /өнімсіз/ - іс - әрекетті, не білімді берілген үлгі бойынша қабылдай, меңгере алу деңгейі. Ал «шығармашылық» сөзінің мәні неде? «Шығармашылық» сөзінің төркіні /этимологиясы/ «шығару», «іздену», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек бұрын тәжірибеде болмаған жаңа нәрсе ойлап, жетістікке қол жеткізу деген сөз. Ал «шығармашылық» мәселесін терең зерттеген Я. Н. Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыдағы тұлғаны жаңа психикалық сапаға көтереді.

Бұдан біз «шығармашылық» ұғымының негізгі белгісі «жаңалық» болғанымен, ондағы тұлғаның, адамзаттың, қоғамның дамуына әсер ететін ерекше күштің бар екенін байқаймыз.

Шығармашылық қабілет деген не? Қабілеттердің шығармашылық деңгейге көтерілуі неге байланысты деген сұрақтар әрбір ұстазды мазалайды деп ойлаймыз. Шығармашылық әрекет өте күрделі процесс және ол адамға ғана тән.

Шығармашылық қабілет әр тұлғаның табиғатында әуел баста салынған. Мұғалімнің міндеті - оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндікті ашып көрсету.

Шығармашылық - бүкіл тіршіліктің көзі. Адам тұлғасының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халық және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс - әрекетіне сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.



Ал бүгінгі күрделі әлеуметтік - экономикалық жаңарулар тұсында шығармашылық қабілеттер басты нысана болып, керісінше оқушыда шығармашылық қабілеттің болмауы үлкен проблема саналып, ойландыруы тиіс деп ойлаймыз. Себебі өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шешу тек шығармашыл адамдардың қолынан келеді. Тек шығармашылық қана қандай түрде, қандай деңгейде болмасын адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік береді [2].

Оқушының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез - келген тұлға оқу әрекетінде адамзат тұлғасының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе, екіншіден, кез - келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы - ол тұлғаның өзін - өзі қалыптастыруына, өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс - тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды.

Екі әрекетте оқушылар екі түрлі мүдделер көзделген әртүрлі мақсаттар шешеді. Мысалы, оқу әрекетінде белгілі бір ережені меңгертетін, дағдыны қалыптастыратын жаттығулар орындалса, шығармашылық әрекетте тұлғаның іздену жұмысы басты нысанада болады. Сондықтан оқу әрекеті тұлғаның жалпы қабілетін дамытса, шығарма - шылық әрекет нақты жағдай шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады.

Тұлғалардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін ашудың және дамытудың көп тәсілі бар:

Оқушылардың жаңа ғана айтылған ертегі немесе нақылға орай қандай да болмасын сурет салуды сұраңыз. Тұлға өзін бейнелеу өнерінің шебері ретінде сезінеді, сонымен бірге әңгіменің мазмұнын есінде жақсы сақтап қалады. Өйткені ол әңгіменің мазмұнын ішкі сезімімен жеткізуді көздейді.

Белгілі бір суретке қарап, соның суретін салғызуға болады. Ол үшін:

1. Суретті мұқият қарауға уақыт беру.
2. Оқушыларға берілетін тірек - схемалар:
  - Сенің ойыңша мына сурет қашан салынған?
  - Суретші қандай көңіл күйде болған?

Осы сияқты тағы басқа да суреттер бойынша әңгіме құрастыруға болады.

Сабақтың тақырыбы бойынша тұлғалардан адамның әлдебір сапасы туралы айтатын бір нәрсені бейнелеуді сұраңыз. Мүмкін бұл оларға алғашқыда қиын тапсырма болып көрінер. Алайда, тұлғалар уақыты келгенде кез - келген шығармашылық ойды қағаз бетінде түсіруге болатынын түсінеді және оны өзіндік пікірмен қоса, әсерлі жеткізуді мақсат етеді.

Тұлғалардың ішінде әлдекімге өзінің сезімдерін суреттер арқылы емес, сөзбен жеткізу жеңіл болады. Бұл қабілет егер оқушылар ән айту немесе музыка тыңдау кезінде өздерінің әсерленушілігі туралы жазуға талаптану кезінде байқалады. Кейбір тұлғалар сезімдерін өзі шығарған өлеңдерінде айқын көрсетуге қабілетті келеді. Соны - мен қатар өзінің ішкі ойын толықтыру мақсатында ақындардың өлеңдерін пайдаланады.

Ішкі дүниенің бейнелері. Бұған дейін айтылғандай, тыныштықта отыру шығармашылыққа кеңістік береді. Егер тұлғалардан өз бойына шолу кезінде олардың нені көргенін қағаз бетіне түсіруді сұраса, тұлғаның ішкі дүниесінің қаншалықты бай екеніне көз жеткізуге болар еді. Тұлғалар ойы ғажайып бейнелерді қамтуға қабілеті жететінін тәжірибе көрсетті. Солардың бірі жарыққа малынған бүкіл әләмді бейнелейді, басқалары өз жүрегіндегі әдемі гүл түрінде өзінің сезімдерін жеткізуге тырысады [3].

Біздің ойымызша бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Ол үшін мына төмендегі шарттар орындалуы тиіс:

Біріншіден, тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін ерте бастан қолға алу. Мысалы, біз тіл үйрету үшін тұлғаның туған сәтінен бастап сөйлесе бастаймыз ғой. Немесе музыканттар жан ұясында үнемі музыка естіп өскен тұлғаның сол өнерге қабілеті ерте ашылады. Осыны басқа қабілеттер дамытуға неге пайдаланбасқа!

Екіншіден, тұлғаның жүйелі, тұрақты ұйымдастырылған шығармашылық әрекеттер жағдайында болуы. Ерекше ойды талап ететін әлеуметтік қарым - қатынастар шығармашылық қабілеттер дамытуға тиімді әсер етеді деп ойлаймыз.

Үшіншіден, шығармашылық жұмыстар тұлғаның ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жетуі керек. Күн асқан сайын ол деңгей биіктей беретіндей болуы қажет. Осындай тынымсыз ой қызметі ғана тұлға дамуына үлкен нәтиже береді.

Төртіншіден, ең негізгі шарт - тұлға әрекеттің әр түрімен айналысуға, тыңдауына деген еркіндігінің болуы. Тұлғаның жұмыспен айналысуға деген қызығушылығы, қанша уақыт айналысамын десе де өз еркі болуы керек. Мұндай қызығушылық, қажеттілік, табысқа жетудің бірден - бір кепілі болып табылады. Бірақ тұлғаға берілетін еркіндік үлкеннің қамқорлығын, көмегін талап етеді. Міне, бұдан шығармашылық қабілеттер дамытудың бесінші шарты шығады. Еркіндік - ойға не келсе соны істеуге, ал қамқорлық, көмек тұлға үшін жұмыс істеуге айналмауы керек. Тұлғаға елеусіз болса да өз күшімен, өз ойымен, қиындықты жеңе отырып «жаңалық» ашуға жағдай жасауымыз керек.

Осы жағдайларды ескере отырып, өз сыныбымының оқушыларын бастауыш сыныптан бастап бақылау жасай отырып, дамыта оқыту технологиясымен жұмыс жасап келемін.

Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Тұлғаның қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкіртіміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұстаздық шығармашылық Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 2007 ж.
2. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 1999 ж.
3. Математикадан қызықты тапсырмалар Ш.Х. Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өміртаева

**Бердыбекова Н.С., Абылханова А.Т.**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ САБАҚ ҮРДІСІНДЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттыратын құрал. Онда екі қызмет: таным және бағдарлық бар. Ойынның танымдық қызметі тануға деген мүдделікті қалыптастыру, ол бағдарлық қызметке араласуға ынтаны арттырады. Жасөспірім шақтағы мейілінше көп тараған ойындар таным сипатындағы спорт және басқа қозғалмалы және шығармашылдық рөлді ойындар балып табылады. Ойынға қызығу ойыншының жасына, жынысына, өмір жағдайына байланысты. Тілдің дамуына да ойын әсер етеді. Ойын ақыл-ой дамуына да әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылауды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды үйренеді [1].

Ойын технологиясын қолданудағы мақсат: Білім, білік дағдылар жайында түсінік бере отырып, оларды қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау немесе тексеру сипатында.

Міндеті: Баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған мазмұнымен айқындалады. Ойынның тәрбиелік мәнін А.С. Макаренко былай түсіндіреді: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады». Еңбек үстінде адамның көптеген ерекшеліктері дамиды, өмір сүру барысында ол түрлі жолдармен жарыққа шығады. Үлкендер өздеріне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, ал мектеп оқушылары сабақ үстінде, ойын үстінде көрсетеді. Ойынды тек балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы деп қарамай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі деп қараған дұрыс. Оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрлерінде ұйымдастыра отырып, баланың ойлануына, тапсырмаларды өз бетінше зерттеп, орындауына, шешім жасауына, өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүниетанымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады.

Мазмұндық, рөлдік, логикалық, дамытушылық, танымдық, қимылды ойындар баланың тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игеруімен бірге ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету, зейін қою қабілеттерімен қоса, танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерін дамытып, қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Өмір тәжірибесін бір жүйеге келтіруге үйретіп, жүйке жүйесін демалдырады. Сондықтан да ойын оқыту мен тәрбиелеуде жетекші рөл атқарады. «Ойын деген менің түсінігімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған», - деп М.Әуезов ойындарға көңіл бөле отырып, осындай пікірін білдірген. Ойын өмірде пайдасыз көрінгенмен аса қажетті әрекет. Оқушы үшін психологиялық жағымды. Ол кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті үлгерімі төмен, тәртібі қиын, өз ойын айтуға жасқанып жүрген оқушының өзі ойын барысында түрленіп, берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Олар өздерінің ойларын, пікірлерін, көзқарастарын таласты түрде дәлелдейді [2].

Ойын түрлері сабақтың, сыныптан және сабақтан тыс шаралардың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдылық маңызы да арта түседі. Мектебімізде дәстүрлі түрде ұйымдастырылып жүрген «Қарсы алу», «Мамандық таңдау», «Жаңа жыл» кештерінде, девиантты балалармен жүргізілетін, ұстаздар күніне арналаған шараларда, интеллектуалдық сайыстарда, сынып және тәрбие сағаттарында «Қызыл табан», «Жарнама», «Балық, құс, аң», «Бір әріпке бес жауап», «Әйнек», «Әріптердің құпиясы», «Тапқыштар», «Мақал жарыс», «Мамандықтар таңдау» ойындарын жүргізу арқылы оқушылардың дене қимылдарын жетілдіре отырып, логикалық ойлауын, зейінін, байқампаздығын дамытуға, сондай-ақ, білімдерін кеңейте отырып, өз мақсаттарына жетуге болатындығын ұғындыруға, ұйымшылдыққа, әдептілікке үйретуге болады. Мысалы:

«Жарнама» ойыны

Берілген сөздерден жарнама құрастыру. Сөздер: лицей, бақыт, бантик ...

(өткізілетін шараның мазмұнына қарай сөздерді өзгертіп отыру керек). Жұмыс уақыты 5 минут.

«Бес әріпке бес жұмбақ» ойыны

Мысалы: «Б»

- . Қыздың аты-Бота
- . Оқулықтың аты-Биология
- . Дала құсы-Бөдене
- . Ата-ананың перзенті-Бала
- . Ағаш жаратын құрал- Балта

«Әйнек» ойыны

Қатысушылардың біреуі паракқа бір мәтінді жасырады (ол-мамандық түрі, іс-әрекет түрі, жануарлар бейнесі... болуы мүмкін), келесі топтың ойыншылары оны әйнек арқылы,

яғни, ым-ишарамен, мимикамен көрермендерге жеткізеді. Олар ұққандарын айтады. Одан әрі ойын жалғаса береді.

«Қызыл табан» ойыны

Ойынның шарты түсіндіріледі. Осы жердегі бір адамның табанына «қызыл табан» белгісі жасырылған. Ол белгі кез-келген адамда болуы мүмкін. Қай топ сол адамды бірінші тауып, әуелі әдепті сөздер көмегімен табанын көрсетуін сұрап, дәл тапса, солар ұтады [3].

«Мақал жарыс» ойыны

I-нұсқа

Оқушыларды топқа бөлу. Алдын ала дайындалып қойылған сөздер топқа беріледі. Қай топ сол сөз кіріктірілген мақалдарды көп тапса солар ұтады. Мысалы: «Ас» деген сөзге- «Ас атасы-нан» деген мақал айту.

II-нұсқа

Қағазға жазылған әр түрлі мақалдар тең етіп екі топқа таратылады. Жүргізуші бір тақырыпты айтады. Сол тақырыпқа қатысы бар мақалы бар бала ортаға шығып, дәлелдер келтіріп, түсіндіруі керек. Қай топтан көбірек, әрі дәлелді жауаптар болса, сол топ ұтады.

«Мамандықтар таңдау» ойыны

Ортаға әр түрлі мамандықтардың аты жазылған қағаздар тасталынады. Әр бала бір-біреуден алады. Әркім өзіне тиесілі мамандық бойынша: шағын көрініс, тақпақ, қысқаша монолог, сипаттама жасап, мамандықты барынша дәріптейді, презентация жасайды. Ойын соңында «Ең жақсы презентация» марапатталады. (барлық қатысушыларды қамту мақсатында әр түрлі марапаттар ұйымдастыруға болады)

Осындай ойындарды тиімді пайдалану оның әсерлігін, тартымдығын күшейтеді. Ойын түрін қолданар алдында мына жағдайларды ескеру қажет:

1. Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық, маңызын алдын ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау.

2. Ойын жүргізетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуы, алдын ала әзірлеу.

3. Оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, сөздік қорына сәйкес келуі.

4. Ойын кезіндегі қозғалысын, техникалық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету.

5. Ойынның оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттыруға бағытталуы.

6. Оқушылардың іс-әрекетінде ойын түрлерімен оқуды байланыстыру және біртіндеп қызықты, жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы оқу-тәрбие мәселесіне көшу [4].

Педагогика, психология ғылымында ойын әрекетінің оқу-тәрбие үрдісінде алатын орны туралы зерттеліп жүрген еңбектер аз емес. Атақты педагогтар В.А. Сухомлинский, Н.К. Крупская, К.Д. Ушинский ойынның балалардың ой-өрісін дамытуда, дүниетанымын қалыптастыруда тәжірибелік маңызы зор екенін айтса, әйгілі психологтар Д.Б. Эльконин мен А.Н. Леонтьев ойынның мінез-құлықтың ырықты дамуының алғашқы баспалдағы, іс-әрекеттегі әдептілікке үйрену мектебі болып табылатынын атап көрсетті. Ойын-оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. Психология ғылымы оқушылардың психикалық қабілеттерін, ой-санасының даму заңдылықтарын, іс-әрекеттерінің объективті заңдарын және қабылдау, түйсіну, ойлау, пайымдау, қиялдау, психикалық құбылыстарының даму жолдарын зерттейді. Ойынды оқу және еңбек секілді адам іс-әрекетінің бір түрі ретінде таниды.

Ойынның маңызды ерекшелігі - оқытушының атқаратын қызметі. Ол ойынды жүргізушінің рөлін атқара отырып, өзі де ұжымдық қызметке араласады, оқушылардың жолдасы болып табылады. Бұл оқушыларды өзін еркін ұстауға және оларды шығармашылыққа жетелейді. «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», - деп В.А. Сухомлинский айтқандай, оны

үйренудің, оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуде пайдасы орасан зор [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: Ғылым. 2016.
2. Даулетбаева Г. Жазғы балалар демалысын қызықты ойындар арқылы тиімді ұйымдастыру. – Алматы: Ұлағат, 2015.
3. Қызықты психология. Республикалық ғылыми-практикалық, танымдық-психологиялық журнал. №10.2012 ж , №12. 2012 ж
4. Нұрмұхамбетова Т.Р. Тәжірибелік психология. IVт. –Алматы: Ұлағат. 2016
5. Ушинский К.Д. Избранные педагогическом развитии ребенка. – Москва: Рассвет. 2019

**Бердыбекова Н.С., Абылханова А.Т.**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ САБАҚ ҮРДІСІНДЕ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

«Бүгінгі таңда ұрпақ алдында «Қазақстан 2030» бағдарламасындағы: «Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеу қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» деген ұзақ мерзімдік міндетті үшінші мың жылдықта іске асыру жауапкершілігі тұр.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Орта білім берудің мақсаты-жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілеттері жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілген.

Ойын - баланың дамып, жетілуіндегі және қажеттіліктерін өтеудегі негізгі іс-әрекеттің бірі болғандықтан, олардың дағдылары, бейімділігі, ептілігі, тіршілікке қажетті әдеттері қалыптасады. Анатомиялық, физиологиялық, педагогикалық, психологиялық жағынан дамып, жетілуде маңызы зор қызметтер атқарады [1].

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты, дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс- әрекетінің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап- талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдылық, шығармашық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын- балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қасиеттерін де қалыптастырады. Ойын – әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Балалардың жан – жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын- жалпы адамзат мәдениетінің бірегей фенонимі, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, көңіл көтереді, дем алдырады , сонымен қатар, ол

сықақтап , күлдіріп, кез- келген әлеуметтік мәртебенің шартты екенін көрсетеді. Ұлы педагог В. Сухомлинский « Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл – ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек балалар мен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында жанды-жансыз табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сананы қалыптастырады [2].

Ойын бала үшін- нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балалараға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Дидактикалық ойын- бваланың қызығушылығына негізделген тәсіл. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын баласы екенін ескере келе, дидактикалық ойындардың жүйелі қолданылуы жақсы нәтиже береді. Дидактикалық ойындарды пайдалану мәселесі педагогикалық теорияда кеңінен қарастырылған.

Заттық дидактикалық ойындарда ойыншықтар мен нақты заттар қолданылады. Олармен ойнап , балалар салыстыруды үйренеді, заттардың ұқсастығымен айырмашылығын белгілейді. Бұл ойындардың құндылығы сонда, балалар олардың көмегімен заттардың қасиеттерімен, олардың белгілерімен: түсі, көлемі, пішіні, сапасымен танысады. Ойындарда салыстыруға, классификациялауға тапсырмаларды шешеді, тапсырмаларды шешуде реттікті белгілейді. Балалар мен заттық орта туралы жаңа білімдіменгеру шамасы бойынша ойындарда тапсырмалар күрделенеді; балалар қандай да бір қасиетімен затты анықтауға жаттығады, дерексіз, логикалық ойды дамыту үшін маңызды, заттарды осы қасиеттері бойынша( түсі, пішіні, сапасы, міндеті, т.б) біріктіреді. Дидактикалық ойындарда әр түрлі ойыншықтар кеңінен қолданылады. Олардың түсі, пішіні, міндеті, көлемі жасалған материалы ашық көрсетіледі. Бұл балаларға білгілі дидактикалық тапсырмаларды шешуге, мысалы ағаштан жасалған заттарды немесе әртүрлі шығармашылық ойындарына қажетті ойыншықтар: отбасы, құрылыс, дүкен және т.б. жинақтауды жаттықтыруға ерік береді. Тәрбиеші табиғи материалдарды (өсімдік тұқымы, жапырақтар, гүлдер, тастар, балшықтар және, т.б) мынадай ойындар: «Бұл не тұқым?», ! Бұл қандай ағаштың жапырағы?», « Күзгі жапырақтардан гүл шоғын жина» және т.б. өткізуде қолдаланылады. Тәрбиеші бұл ойындарды табиғатпен жанасып серуен мезгілінде ұйымдастырады [3].

Үстел үстінде ойнатылатын дидактикалық ойындар- балаларға арналған қызық сабақ. Түрлері бойынша олар әртүрлі: сыңар суреттер, лото, домино. Ойындарды ойнаған кезде шешілетін тапсырмалар да әртүрлі. Суреттер сыңарын табу ойындары. Мұндай ойындағы ең қарапайым тапсырма- алуан түрлі суреттерден бірдей сыңарларын : түстері, үлгілері және т.б. бірдейлерін табу. Содан соң тапсырма күрделенеді: бала суреттерді тек қана суреттерді сыртқы белгілерімен ғана емес, сонымен бірге мағынасы бойынша әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оларды ұқсастып заттардың бір түріне жатқызып, біріктіреді. Мұндай ойындарда жеке тұлғаның осындай құнды қасиеттері: қайта түрленуге қабілеттілігі, қажетті бейнені жасаудағы шығармашылық ізденушілігі қалыптасады.

Сөздік ойындар ойнаушылардың сөздері мен әрекетінен тұрады. Мұндай ойындарда балалар заттар туралы түсініктеріне сүйеніп, олар туралы білімдерін тереңдетіп үйренеді. Балалар өздігінен түрлі ойлау тапсырмаларын шешеді: олардың сипаттамалық қасиеттерін бөліп, заттарды суреттейді; суреттеу бойынша табады; ұқсастық және айырмашылық белгілерін табады; әр түрлі қасиеттерді, белгілері бойынша заттарды топтайды. Бұл дидактикалық ойындар барлық жастағы топтарда өткізіледі, әсіресе балаларда мектепке дайындауға мүмкіндік береді. Сөздік ойындарды педагогикалық үдерісте қолдануға қолайлы болу үшін төрт топқа біріктіруге болады. Олардың біріншісіне заттар мен құбылыстардың маңызды белгілерін бөліп қалыптастыра білуде көмектесетін ойындар: « Тапшы?», « Дүкен?», «Иә-жоқ» және басқалар кіреді [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиұлы Серғазы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздермен тарихы. – Алматы, 2013.
2. Сабилов Т. С. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы, 2019.
3. Кәрімбаев Нұрсұлтан Жастарға жол нұсқайтын кітап // – Егеменді Қазақстан. 2007.26.01
4. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы. 2016.

Навий Л.<sup>1</sup>, Ажданова Р.М.<sup>2</sup>.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС -ӘРЕКЕТІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, МӘНІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында осы ұстанымға педагогикалық көзқарас тұрғысынан ешқандай артықшылық жоқ. Өйткені, мұғалім жолындағы әрбір маман танымдық қызығушылықтың өздігінен көрінбейтінін түсінеді. Тек әсерлі әсер, белгілі бір себептердің нәтижесі кейде ерікті, кейде мәжбүр болады. Іздеу барысында адам ниетке, тәуелсіз түсінуге, сөйлесуге және берілген жұмбақты шешуге қабілетті келеді. Сонымен, танымдық қызығушылықтың халықтық түсінігінде, " ол да өзі де білуі керек", бейнелі тілде, атамыздың даналығына тоқтала отырып, Абай"ұйқыдағы көңілді ән оянады" дейді. Сондықтан" Махаббатсыз Тіл – менікі, ішкі жануды қалай көзбен білуге тырысыңыз " сезімдер, сана дәл өзара әрекеттесуді білдіреді. Бұл көзді сезінуге жол ашады[1].

Адамның ақыл - ой және адамгершілік әдеттерінің дамуы тіл арқылы танымдық қызығушылықпен бірге жүреді. Бүгінгі таңда педагогикалық ғылым кәсіби бағдарлау туралы танымдық ұғым неғұрлым ертерек берілсе, соғұрлым пайдалы болатындығын дәлелдейді. Бұл оқыту жүйесіндегі басты шарт: біріншіден, баланың мамандыққа бейімділігін алдын-ала бақылауды ұсына отырып, екіншіден, мамандық туралы кеңес беру, үшіншіден, кәсіптік білім беру, төртіншіден, Мамандық таңдау мүмкіндігі, бесіншіден, таңдалған мамандық пен дағдыларға қойылатын талаптарды терең түсіну.

Оқушының танымдық түсінігін дамыту тілді меңгерумен байланысты, ал оның тиімділігі таңдалған оқыту әдісіне байланысты. Бұл оқыту технологиясындағы шешуші фактор. Оқытудың тиімді әдісін таңдау, сондықтан мұғалім оқытылатын тілдің ерекшеліктеріне сүйене отырып, оқушының білуге деген ықыласы –мағынасы, оң және ең бастысы-танымдық қызығушылықтарды жетілдірудегі жағдайларды ұстану:

1.Танымдық қызығушылық педагогикалық заңдарға және оқыту заңдылықтары мен принциптеріне сәйкес келуі керек.

2. Мұғалім таңдаған әдіс дидактикалық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келетіндігіне артықшылық беріледі.

3. Оқыту әдісі зерттелетін тақырыптың оқушы басқаратын тілдің дерексіз мазмұнымен сәйкестігін ескереді.

4. Оқыту әдісі оқушының мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктеріне, тәуелсіздігіне сәйкестігін ескереді.

5. Таңдалған әдіс қабілеттерге, білім деңгейіне және мұғалімнің тәжірибесіне сәйкес келуі керек.

6. Егер оқыту әдісі мектептің материалдық жағдайына техникалық жабдықпен үйлесімді болса, онда іс нәтижелі болады.

7. Таңдалған оқыту әдісі әлеуметтік ортамен байланысты және оның ерекшеліктерімен үйлесетінін есте ұстаған жөн.

Талдау, танымдық қызығушылық пен танымдық қызығушылықты қалыптастыру кезінде оқыту әдісін таңдау студенттерге теориялық және практикалық білім беретін жаттығулармен бірлікте шешіледі, сөйлеу проблемасының мәнін және оның сөйлеу қабілетін терең түсінеді. Таңдалған оқыту әдісі тілдік сабақтың белгілі бір тақырыбымен қойылған мақсатқа жетуді, оқушыны шығармашылыққа бағыттауды қамтиды [2].

Мотивация-оқушының назарын зерттелетін проблемаға аударады, оның ақыл-ой белсенділігін оятады және оқушыларды оқу процесіне бағыттайды.

Таным мотивациясы-оқушының зерттелген мақсатына және оның ақыл-ой белсенділігін арттыруға бағытталған.

Психологиялық заң: "баланы белгілі бір іс-әрекетке бейімдеу, оқушылардың алғашқы тілдерді оқыту процесіне қызығушылығын қалыптастыру, өзін-өзі іздеуге бағдарлау, тәуелсіз білімге деген қызығушылықты қолдау, тиісті түр бейнесін болжай білу тек тілдік жеке сөздерді игеруге ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлауды дамытуға ықпал етеді. ойлау, олардың қабілеттерін ашу және ашу. Мұндай дағдыларды қалыптастыру бүгінгі күнге ғана емес, сонымен қатар адамның жарқын және жетілген болуына жол ашатынына күмән жоқ.

Әсіресе, өмірде және оқушылардың білім алудағы романтикалық танымдық қызығушылықтарын, оның негізгі уақытын қамтамасыз етудің физикалық технологиялық негіздерін жинақтауға болмайды, бұл ешқандай міндет емес.

Тілдерді оқытудағы педагогикалық ғылым тілдерді оқытуда оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытудың дидактикалық негіздерін үш салаға бөлуге болатындығына назар аударады.:

1. дидактикадағы дәстүрлі жол.
2. Педагогикалық жол.
3. оқытудағы бүгінгі жаңалық.

Оқыту теориясындағы дидактикалық дәстүрлі тәсілдің негізгі тұжырымы-мұғалімнің іс-әрекеттегі басшылығы. Атап айтқанда, танымдық ұғым, түсіну керек білім – түсіндіру, түсіну, ал оқушы-қайталау, тұжырымдама-жан-жақты даму, ұғымдарды игеру және қолдану[3].

Уақыт өте келе білімнің үйлесімді жетілуіне байланысты, оқытудың заманауи тәсілін қалыптастыру мақсатында студенттердің білімі ғана емес, сонымен бірге олардың шектеулі болуы, сонымен қатар олардың дамуындағы Тәуелсіздік, білімді іздеу және өзін-өзі дамыту процесінде ғылымның жолдарын білу және табу мүмкіндігі дамиды. Осы негізде проблемалық оқыту, бағдарламалық оқыту, дамытушылық оқыту, ынтымақтастық, педагогика, оқыту технологиясындағы жаңартулар және т. б. қағидасы қалыптасты. Сайып келгенде, мұның бәрі студенттердің танымдық қызығушылығын қалыптастыру арқылы тәуелсіздікті, белсенділікті, шығармашылық қабілеттерін, жеке тұлғаның іздеу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. Егер сіз бұл идея іске асырумен, іске асырумен, танымдық тұжырымдамамен тікелей байланысты деп ойласаңыз, онда оның шешуші кілті тілді меңгерумен және оны игеру қабілетімен бірлікте қарастырылады[4].



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Студенттердің өз бетінше білім алу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Диск. ... к. ғ. к. – Алматы, 1998. -156 Б.
2. Жанпейсова м.м. модульдік оқыту технологиясы оқушының даму құралы ретінде. - Алматы: Әлем, 2002. - 180 Б.
3. Бірыңғай педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы. - Алматы, 2003. - 128 б.
4. Лысенкова С.Н. оқушылардың оқу мотивтері сапалы білім берудің негізі. – М.: Жоғары мектеп, 2001.

Навий Л.<sup>1</sup>, Ажданова Р.М.<sup>2</sup>

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ОҚЫТУДЫҢ ТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту. Бұған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше. «Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет - оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді: Ұрпақ тәрбиесі - бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу - тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Сондықтан, ұстаз - мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді.

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады. Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашылууда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік - педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс - әрекеттің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық,

педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, педагогикалық технология деген ұғымды түсіну керек. Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Осыған байланысты ғылым мен тәжірибеде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталған.

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мәнмағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті.

Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді.

Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау.

Жиынтық бағалау оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау. Критериалды бағалау мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналарға да өте тиімді бағалау түрі, өйткені мұғалім үшін — сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға, өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға т.б., оқушылар үшін — табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге, өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсіп, түсінбегенін түзетуге мүмкіндік алады, сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге т.б., ата-аналар үшін — оның оқуындағы табыстылықты бақылауға, оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Мұғалімдер қауымы үшін білім беру ісінде нәтижелікпен сапалы білім беру маңызды болып саналады. Ал нәтижеге қол жеткізуде бағалау нақты, шынайы, сенімді, ынталандырушы сипатта болғаны абзал. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында критериалды бағалауды қолдану тақырыбында жалпы критериалды бағалауға тоқталғым келіп тұр. Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын,

олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан үшін ұсынылып отырған жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады. Егер әр білім алушыға және оның ата-анасына түсінікті болатындай нақты әрі өлшемді бағалау критерийлері белгіленетін болса, бұған жетуге әбден болады. Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;
2. Жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;
3. Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу; атты аймақтық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары
4. Қолжетімді, нақты, үздіксіз: — білім алушыларға олардың оқу сапасы туралы; — мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы; — ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы; — басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

1. Алдын ала ұсынылған бағалау шкаласы;
2. Анық, айқындылығы;
3. Бағаның әділдігі;
4. Өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Критериалды бағалау жүйесінің мүмкіндіктері: Оқу үрдісінің әрбір кезеңінде оқушының дайындық деңгейін анықтау; Оқу бағдарламасына сәйкес оқытудың мақсаты мен нәтижелерінің жетістіктерін оқушылардың өздерінің талдауы; Әрбір оқушының жеке даму траекториясын бақылау; Оқу бағдарламасын меңгерудегі олқылықтарды жою үшін оқушыларды ынталандыру; Оқу бағдарламасының тиімділігін бақылау; Оқу үрдісін ұйымдастырудың және оқу материалын меңгерудің ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, оқушы және ата-ана арасында кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериалды бағалау артықшылықтары: Оқушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады; Оқушының жұмысын бағалау алдын-ала ұсынылған критерийлерге негізделеді; Бағалау алгоритмі оқушыларға алдын-ала белгілі; Оқушы нақты не мақсатта жұмыс істеп отырғанын біледі; Оқушыға өзінің білімділік деңгейі анық көрініп тұрады; Критерий арқылы бағалау мұғалімнің оқушы деңгейін анық біліп отыруына мүмкіндік береді; Білім берудің сапасы артады. Критериалды бағалаудың маңыздылығы, ол үш жақты болмақ: Мұғалімдер үшін: Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға; Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға; Сабақ берудің сапасын арттыруға; -Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға; Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға; Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге Оқушылар үшін: Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға; Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге; -Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге; Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге Ата-аналар үшін: Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға; -Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға; Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

Критериалды бағалаудың қағидаттары Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты. Шынайылық, сенімділік және валидтілік. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі

болады. Ашықтық және қолжетімділік. Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады. Үздіксіздік. Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс. Өз іс-тәжірибемде жаңа технология арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлемін.

Бұл шағымдар ішкі ұстанымның қалыптасуына әкеледі - ерікті мінез-құлық нәтижесінде. Ішкі позицияда А. А. Казорина басқа адамдар немесе олардың өрістерінде әрекет ететін мотивтер жүйесін түсінді және қоршаған шындық контекстінде өзін-өзі тану тұжырымдамасын түсінді. Бастауыш білім берудегі танымдық даму эмоционалды дамумен тығыз байланысты. Бұл жаста ол аффективті тип түріне жауап береді.

Бұл жаста эмоционалды сезімталдық, импрессионизм, мазасыздық және тұрақтылықпен сипатталатын әртүрлі қорқыныш күйлері қалыптасады. Эмоционалды және мінез-құлық реакциялары психологиялық факторлардың нәтижесі болып табылады. Бұл ерекшеліктер 7 және 11 жас аралығындағы дағдарыс кезеңінде көрінеді.

Е. Н. Каменская өз жұмысында кішкентай жас оқушылардың эмоционалды саласының бірқатар сипаттамаларын анықтайды. Сонымен, кіші мектеп оқушылары:

қазіргі оқиғалар мен эмоцияларға жеңіл реакция;

өз тәжірибеңіздің ашықтығы мен мөлдірлігін сезіну (қуаныш, қайғы, қорқыныш, ләззат немесе қанағаттанбау);

жас кіші оқушының жасынан қорқуға назар аударыңыз. Жаттығу кезінде қорқыныш өзін-өзі қамтамасыз етпейді, бірақ сәтсіздік туралы ескерту болып табылады;

үлкен эмоционалды тұрақсыздық, жиі көңіл-күйдің өзгеруі, қысқа мерзімді және драмалық салдар;

бұл тек кіші мектеп оқушыларымен ойын-сауық пен қарым-қатынас қана емес, сонымен қатар мұғалімдер мен сыныптастардың үлгерімі мен бағалауының эмоционалды факторлары ретінде;

эмоцияны, эмоцияны басқара алмайды және олардың сыртқы түрін басқара алмайды. Бастауыш мектеп жасындағы балалар өздерінің азаптарына, қорқыныштарына, ләззаттарына немесе ризашылықтарына қарамастан өте қуанышты.

Кішкентай жас оқушының эмоцияларының жалпы бағыты - бұл хабардарлықты, ұстамдылық пен сезім мен әрекеттің тұрақтылығын арттыру. Бастауыш сынып оқушыларына арналған білім беру іс-шараларының нәтижелері мен нәтижелері, бағалау қажеттілігі және басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас маңызды, сондықтан олар мектепке дейінгі жаста көргендей, құмар ойындар мен қарым-қатынастарға емес, көптеген эмоционалды реакцияларға назар аударады.

Кішкентай мектеп жасында эмоционалды зияткерлікті қалыптастыру-бұл басқа адамдарға жанашырлық, жанашырлық және шабыт беру, басқаларды сезіну және бақылау қабілеті.

Бастауыш мектеп жасындағы эмоционалды даму эмоционалды интеллекттің даму ерекшеліктерімен сипатталады. Осы ғасырда қоршаған әлемге көзқарас эмоционалды түрде бағытталған.

Содан бері бастауыш сынып оқушылары баланың өмірінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, ол оқушыға байланысты өзін-өзі бағалаудың дамуына сезімтал. Бұл кіші мектеп оқушысы шешілуі керек жаңа проблемаларға тап болады. Өзін-өзі бағалау баланың өзін-өзі қабылдауын реттейді, өзінің тәжірибесі мен басқа адамдармен қарым-қатынас сипатын біріктіреді.

1. Грекова В. А. Білім алушылардың оқу мотивациясының психологиясы. Оқу мотивациясы: негізгі теориялар мен тәсілдер // Солтүстік Кавказ психологиялық хабаршысы. - 2010. - № 6-3. - 46-52б.
2. Гринько А.И. Оқушылардың өзіндік оқу-танымдық қызметін ынталандыру мәселелері // Туған мектеп. - 2013. - № 5. - 72-75б.
3. Дубровина И. В. Кіші мектеп оқушысы: танымдық қабілеттерін дамыту. - М.: Білім, 2013. - 148 б.

**Мусақулов К.Т., Альдыбаев А.Ж.**

## **ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗДІ АЛДЫН-АЛУ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01101-«Педагогика және психология»  
білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.

Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының кандидаты PhD докторы, профессор

Балалардың жоғары агрессивтілігі дәрігерлер, педагогтер мен психологтар үшін ғана емес, сонымен бірге тұтас қоғам үшін де негізгі проблемалардың бірі болып отыр. Агрессивтілік (лат. «шабуылдау, қауіп тудыру») – агрессивті мінез-құлыққа апарар ниет, жағдай. Ал агрессиялық әрекеттің өзі – баланың өзгелерге залал келтіруге бағытталған мінез-құлық. Агрессивті жағдай ашу, жаулық, жеккөрушілік, т.б. эмоциялар арқылы көрініс табады. Әрекет міндетті түрде өзге адамға залала келтіру: балағаттау, қорлау, төбелесі, ұрып-соғу, т.б. түрінде көрініс береді. Осындай мінез-құлықты балалар саны тез артып келе жатқандықтан, тақырып өзектігі күмән келтірмейді.

Бұл көптеген жағымсыз факторлар: балалардың әлеуметтік тұрмыс жағдайы нашарлауынан; отбасылық тәрбие дағдарысынан; мектептің балалардың жүйке-психикалық жағдайына көңіл аудармауынан; баланың миына зақым келу түрінде салдары болатын патологиялық босану үлесінің артуынан орын алып отыр.

Зорлық–зомбылықты үздіксіз насихаттаумен айналысатын жалпы ақпарат құралдарды, кино және бейнеиндустрия да өз үлесін қосып отыр. Соңғы жылдары балалар агрессиясы проблемаларына ғылыми мүдделілік те артып отыр, бірақ, өкінішке орай, шынайы түзету мен емшара тәжірибесіне негізделген зерттеулер салыстырмалы түрде аз.

Ең алдымен балалар агрессиясының себептеріне талдау жасап көрелік. Мұның үш негізгі көзі болуы мүмкін.[1]

Біріншіден, *бала өсіп келе жатқан отбасының өзі агрессивті мінез-құлыққа бейім болуы және осындай көріністі бала санасында берік орнықтыруы мүмкін.* Кейбір ата-аналар екіжүзділікке бейім болады, сөз жүзінде олар балаларында агрессияның байқалуына қарсы, оларды қайырымды әрі жуас етіп тәрбиелегісі келеді, сонымен бірге олар төбелеске қорықпай кірісіп кету немесе басқа да жымысқы жолдармен мәжбүрлеу арқылы құрдастарымен арасындағы проблемасын өзі шешуге тырысқан балаларына сүйсініс танытады.

Екіншіден, *балалар агрессияшыл мінез-құлыққа құрдастарымен қарым-қатынасы барысында үйренуі мүмкін.* Мектепке дейінгі жастағы балалардың көпшілігі үшін күш басымдығына табыну үлкен орын алады, әсіресе ұлдар балалар қоғамдастығында демократиялық деп атауға келмейтін қасиетке ие болуды армандайды. Демек, кім күшті болса, ол бәрін де жасай алады – балабақша сәбилерін бақылағанда көруге болатын принцип осындай.[3]

Үшіншіден, *агрессиялыққа үйрететін үлгі шынайы адамдар емес, шығармашылық туындылары да болуы мүмкін*. Теледидар, монитор экрандары мен кітап беттеріндегі агрессия мен зорлық – зомбылық кішкентай көрермендерді кез келген уақытта құрылымсыз, қатал, бірақ жанжалды шешудің өте тиімді тәсіліне бой ұруға жетелейтіні күмәнсіз нәрсе. Сондықтан да балаңыздың не көріп, не оқып, қалай ойнайтынына назар аударған артық болмайды.

Агрессиялықтың сыртқы қабығын қарастырып болғаннан кейін, енді оның ішкі себептеріне тоқтала кеткен жөн. Бұл жерде бастысы өте қарапайым ой, егер адамда бәрі жақсы болса, ол агрессивті болмас еді. Яғни, агрессияшылдық – ең алдымен ішкі қолайсыздықтың сыртқы көрінісі. Әдетте агрессивті балаларға жоғары мазасыздық, өзін ешкімге керексіз сезіну, айнадағыларды әділетсіз санау және өзін тең санамау (көбіне кем санау) тән болады. Кішкентай «агрессордың» айғай-шу ашу шығару арқылы қарсылық көрсету реакциясы оның айналасындағылардың назарын өз проблемаларына, оны жалғыз өзі жеңе алмайтынына аудару тәсілі болып саналады. Демек, *агрессивті балаға көмектескісі келетін ата-анасы ретінде сізге ең бірінші керегі балаға шынайы іштарту, оны жеке тұлға ретінде қабылдау, оның ішкі әлеміне қызығушылық таныту, сезімі мен мінез-құлқы дәлелдеріне түсіністікпен қарау*. Баланың жетістіктеріне және оның қиындықты жеңуіндегі табыстарына көбірек көңілін аударыңыз (сыртқы және ішкі), тағы да сондай болуға үйретіңіз. Қысқасын айтқанда, ұл немесе қыз балаға өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі дұрыс бағалай білуін қайтару үшін қолдан келгеннің барлығын жасау керек. Ата-ана агрессиялық көңіл күй мен әрекеттердің қайдан шыққанын анықтап, оларды түзетудің дұрыс жолдарын табуы тиіс. Агрессияшыл мінез-құлқы түрі көбіне оны тудырушы себептерді де көрсетіп тұрады.[2]

Сіздердің назарларыңызға сынып жетекшісіне және ата-анаға арналған баланың агрессиялық мінез-құлқына диагностика жасау бойынша бірқатар практикалық кеңестерді, сондай-ақ агрессия деңгейін азайту тәсілдерін ұсынып отырмыз.

Алдын алуға арналған сұхбаттар. Сұхбаттың мақсаты – қажетсіз оқиғаның орын алуына жол бермеу. Агрессивті мінез-құлқының салдары қандай болатынын нақты мысал арқылы көрсету. Мысалы, балалар үйінде тәрбиеленуші қыз мектепте бір ұл баланы жекпе-жекке шақырып, ақыры көзінен айырылып тынған.

Әдептілік тәртібі үлгісіне баулу.

Жағымсыз энергиядан арылу әдістері мен тәсілдеріне үйрету. Ата-ана бойға жиналған агрессиядан арылу әдістерін көрсетуі тиіс. Мысалы, табиғат аясына шығып, бар дауыспен айғайлауға болады. Жапон компанияларында адамдар жансыз заттарға ұрысу, ұру арқылы ашуын сыртқа шығарып алатын арнайы бөлмелер болады.

Ата-ана мінез-құлқы. Агрессивті баламен сөйлескен кезде сынып жетекшісі сабырлы, салмақты, жұмсақ, төзімді болып, сыртқы түрімен қамқоршысының жан дүниесін түсінетінін байқатуы тиіс.[1]

Баланың тек жақсы жақтарын ғана көріп, оған сенім білдіру. Бала егер өзін осы тұрған бойында жақсы көріп, қадірлейтінін білсе, өзін ұстамды, қолға ала білетін жан ретінде көргісі келетінін түсінсе, мінез-құлқын өзгертеді. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер баланың егер педагог және ата-ана оны жақсы адам ретінде бағалайтынын түсінген жағдайда өзгеретінін көрсетеді, мұндай кезде ол дамуының жоғары сатысына ұмтылатын болады. Өзіне тапсырылған жауапты істі орындай жүре, бала шығармашылықпен айналысады, ал бұл кезде жаман ойлар мен істерден аулақ жүретін болады. Ерік-жігерін қалыптастыру, ақырында, агрессивтіліктің жағымсыз көріністерімен күресте негізгі фактор болып табылатын нәрсе: сынып жетекшісі, ата-ана мен бала арасында үйлесімді қарым-қатынас орнату – баланың салауатты эмоциялық дамуының басты шарты[2]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бортко Т.Г. Проблемы социализации учащихся общеобразовательных школ Казахстана. - Алматы, 2005. – 45 б.

2. Парсонс Т. Понятие общества: компоненты и их взаимоотношения. / Под. ред. В.И. Добренькова. - М., 2000. – 99 б.
3. melimde.com/bolasha-mamandardi-kesibi-izifushilifin-alipta, 16.01.2019

**Бердыбекова Н.С., Аманжолова С.Ш.**

## **МЕКТЕПТЕГІ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Инклюзивті білім беру - бұл білім беру жүйесін трансформациялау процесінің бірі, ол барлығына сапалы білім беруге қол жеткізу үшін жағдай жасауға бағытталған. Инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды дене, психикалық, зияткерлік, мәдени, этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беру кеңістігіне қосуды, сапалы білім беру жолындағы кедергілерді жоюды, сондай-ақ әлеуметтік ортаға бейімделуді және интеграциялауды көздейді. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне байланысты, отбасының қатысуымен білім беру саласында қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беруге толық енгізу және әлеуметтік ортаға бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру саласында оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат [1].

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006жылдың 13желтоқсанында енгізіл. Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы [2].

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

-мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

-мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді. Қазақстан Республикасының білім берусаясатындағы жоғары міндет - мемлекетіміздің тұрғындарын сапалы білім берумен қамтамасыз ету, білім берусапасын жоғарлату болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011 -2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру жүйелеріне енгізу, инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселесі енгізілген. 2010 жылы Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңына өзгерістер және толықтырулар енгізілді: «Мемлекет, даму жағдайы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың білім алуына, дамуының бұзылуын түзетуге және әлеуметтік бейімделуіне білім берудің барлық деңгейлеріне ерте жастан оның ішінде инклюзивті білім беруді дамыту жолымен қамтамасыз етеді». Бұл өзекті мәселе педагог мамандардың инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу кұзыреттілігін көтеруді басты орынға қояды.

Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы [3].

Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.

Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.

Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды. Яғни ол мына принциптер:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістік кезетуөзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне

енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология. 2004ж
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.

**Бердыбекова Н.С., Аманжолова С.Ш.**

### **МЕКТЕПТЕГІ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Инклюзивті білім беруде отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары – бұл отбасы жүйесінің дамыту, білім беру және тәрбие ресурстарын оңтайландыруға, отбасы қатынастарын ізгілендіруге және отбасы мүшелерін әлеуметтік-психологиялық қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық ықпал ету жүйесі.

Зерттеушілер педагог-психолог отбасымен жұмыс істеуде қолдана алатын отбасына көмек көрсетудің түрлі үлгілерін көрсетеді:

1. Педагогикалық модель ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігінің жетіспеу гипотезасына, балаларды тәрбиелеумен байланысты білім мен іскерліктің тапшылығына негізделеді.

2. Әлеуметтік модель отбасылық қиындықтар қолайсыз сыртқы жағдайлардың нәтижесі болған жағдайларда пайдаланылады. Бұл жағдайларда өмірлік жағдайды талдаудан және ұсынымдардан басқа сыртқы күштердің араласуы талап етіледі.

3. Психологиялық (психотерапиялық) модель баланың қиындықтарының себептері қарым-қатынас, отбасы мүшелерінің жеке ерекшеліктері саласында жатқан кезде қолданылады. Ол отбасылық жағдайды талдауды, тұлғаның психодиагностикасын, отбасының диагностикасын болжайды. Практикалық көмек қарым-қатынас кедергілерін жеңу және оның бұзылу себептерін анықтау болып табылады.

4. Диагностикалық модель ата-аналардың бала немесе өз отбасы туралы арнайы білімінің жетіспеушілігі туралы болжамға негізделеді. Диагностика объектісі-отбасы, сондай-ақ мінез-құлқында ауытқулары бар балалар мен жасөспірімдер. Диагностикалық қорытынды ұйымдық шешім қабылдауға негіз бола алады.

5. Медициналық модель отбасылық қиындықтардың негізінде аурулар жатыр деп болжайды. Психотерапияның міндеті-диагноз, науқастарды емдеу және дені сау отбасы мүшелерін науқасқа бейімдеу [1].

Зерттеу шеңберінде мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасына көмек көрсету жүйесінің психологиялық-педагогикалық бағыты біз әзірлеген «Мүмкіндігі шектеулі

балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары» үлгісімен ұсынылған.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің мақсаты: өмірде туындайтын проблемаларды тиімді шешуге мүмкіндік беретін мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасының жеке-дамыту әлеуетін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау.

Отбасы жұмысының психологиялық-педагогикалық алғышарттарының міндеттері:

1. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

2. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасына психологиялық-педагогикалық және ақпараттық көмек көрсету.

3. Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасының жағымды эмоциялық аяын қалыптастыру үшін жағдай жасау.

4. Мүмкіндіктері шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасының жеке-дамыту әлеуетін іске асыру.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің субъектілері: мүмкіндіктері шектеулі бала, мүмкіндіктері шектеулі балалардың ата-аналары, білім беру мекемесінің педагог-психологы, педагогтар болып табылады.

Еріп жүру пәні – отбасы жүйесінің қызметі және отбасы мүшелерінің өздері, олардың уайымдары, эмоциялары, сезімдері.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің нәтижелілігі:

1. Даму ерекшеліктері бар отбасы мен баланың психологиялық-педагогикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.

2. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілік деңгейін арттыру.

3. Ата-аналардың отбасы ата-анасын түсінуін және оның мүмкіндігі шектеулі баланың жеке тұлғасының дамуына әсерін қалыптастыру.

4. Мүмкіндігі шектеулі баланы эмоционалдық қабылдауды қалыптастыру, отбасында тиімді өзара қарым-қатынас жасау үшін жағдай жасау.

5. Туындайтын қиындықтарды жеңу көзі ретінде отбасының тұлғалық-дамытушылық ресурстарын пайдалану дағдыларын меңгеру.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен психологиялық-педагогикалық алғышарттардың ұсынылған моделі екі бөлімнен тұрады: ұйымдастырушылық және мазмұндық.

1. Ұйымдастыру бөлімі психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру нысанын анықтайды және психологиялық-педагогикалық көмекті жүзеге асырудың бірнеше деңгейін көздейді: жеке жұмыс деңгейі, отбасымен жұмыс деңгейі, «ата-ана-мүмкіндігі шектеулі бала» отбасымен жұмыс деңгейі.

2. Мазмұндық бөлім мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары үдерісін іске асыру ерекшеліктерін білдіреді: әдістер мен тәсілдерді қолдану, жұмыс бағыты, отбасының тұлғалық-дамыту әлеуетіне бағдар беру.

Отбасының тұлғалық-дамытушылық әлеуеті Е. В. Евдокимованың, И. В. Ткаченконың зерттеулері негізінде, отбасы мүшесінің пайда болған қиындықтарды тиімді шешу қабілетіне әсер ететін ерлі-зайыпты және балалар-ата-ана қатынастары элементтерінің құрамдас кешені ретінде қарастырылады [2]. Бұл ретте отбасының тұлғалық-дамытушылық әлеуеті ерлі-зайыптылық ресурстарынан, балалар-ата-ана қатынастарынан, бейімдеу және әлеуметтендіру ресурстарынан тұрады.

Ерлі-зайыптылықтың жеке ресурстары махаббаттың, эмпатияның, өзара қабылдаудың, сенім мен бір-бірін құрметтеудің болуын, сондай-ақ отбасылық өмірді



ұйымдастыру мәселелері бойынша келісімділіктің болуын, отбасылық міндеттерді бірлесіп шешу және отбасының басқа мүшелерінің мүдделерін сақтау қабілетін болжайды.

И. В. Ткаченко отбасының тұлғалық-дамытушылық ресурстары мазмұндық деңгейде бейімделу ресурстары мен әлеуметтендіру ресурстарын камтиды деп есептейді. Отбасылық бейімдеу ресурсы махаббат, қабылдау, Қауіпсіздік ресурстарынан тұрады. Бұл ресурс тұлғаның психикалық денсаулығын сақтауға бағытталған. Әлеуметтендірудің отбасылық ресурсы «жеке тұлғаның өзі мен айналасындағылардың түсініктерін байыту үшін жағдай жасауға, тұлғааралық байланыстар құрудың ықтимал тәсілдері туралы, тұлғаның мінез-құлықтық белсенділігінің ауқымын кеңейтуге» бағытталған [3].

Жұмыс бағыттары мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары педагог-психолог қызметінің негізгі түрлері болып табылады. Осылайша, отбасын зерттеу педагог-психологтың отбасы жағдайы, бала-ата-ана қарым-қатынасының ерекшеліктері, денсаулығы шектеулі баланың дамуына әсер ететін ата-аналардың жеке ерекшеліктері туралы негізгі мәліметтерді алу мақсатында диагностикалық қызметті жүзеге асыруын көздейді.

Ата-аналарды ақпараттандыру және оқыту бағыты ағарту және алдын алу бойынша ұйымдастырылған қызмет болып табылады. Отбасы ішіндегі қарым-қатынастар жүйесін оңтайландыру бағыты Отбасы қызметінің оңтайлы деңгейін қалыптастыру мақсатында психологтың отбасы мүшелерімен түзету-дамыту жұмысын білдіреді.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделін іске асыруға қойылатын талаптар.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің іс-шараларын жүзеге асыратын педагог-психолог баланың психологиялық және физиологиялық проблемаларының ерекшелігі саласындағы білімі болуы тиіс.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің тиімділік критерийлері:

1. Ерлі-зайыптылықтың ресурстарын дамыту.
2. Ата-аналарды қабылдауға, махаббатқа, сенімге, өзара түсіністікке, тәрбиелеудің барабар әдістерін пайдалануға, қауіпсіздікке негізделген балалар мен ата-ана қатынастарын дамыту.
3. Қолайлы отбасылық атмосфераны сақтау және тұлғаның психикалық денсаулығын сақтау мақсатында отбасы мүшелерінің эмоционалдық-тұлғалық ерекшеліктерін дамыту.
4. Тұлғаның мінез-құлықтық белсенділігін және тұлғааралық байланыстарды құру мақсатында отбасы мүшелерінің белсенділігін дамыту.

Жұмыс бағыттары мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары педагог-психолог қызметінің негізгі түрлері болып табылады. Отбасы жағдайы, бала-ата-ана қатынастарының ерекшеліктері, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланың дамуына әсер ететін ата-аналардың жеке ерекшеліктері туралы негізгі мәліметтер алу мақсатында Педагог-психологтың диагностикалық қызметін жүзеге асыруын болжайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Овчарова Р.В. Психологическое сопровождение родительства. М., 2003.
2. Евдокимова Е.В., Ткаченко И.В. Формирование ценностного отношения к родительству: анализ современных трактовок//Социально-психологические проблемы современной семьи. Материалы IV международной научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых ученых, 2014. – С. 52-57.
3. Ткаченко И.В. Личностно-развивающий ресурс семьи: онтология и феноменология: автореферат дис. доктора психологических наук. - Сочи, 2009. - 58 с.

Бердыбекова Н.С., Аманкелді М.

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНА ӘЛЕУМЕТТІК – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАНЫҢ ӘСЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Адам – өз жолын, өмір сүру салтын, тұрғылықты мекен жайы мен жалпы өмірінің заңдылықтарын өзі таңдайды. . Бұл таңдау оның туа біткен және жеке қасиеттеріне, сондай-ақ психологиялық қасиеттеріне байланысты. Жеке тұлғаны қоғамның мүшесі ретінде дамыту әртүрлі материалдық тауарларды тұтыну және өндіру процестерінде қалыптасатын қарым-қатынастарына әсер етеді. Мақалада әлеуметтік-психологиялық ахуалдың жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының мәні мен мазмұны ғалым зерттеушілердің ой-пікірлеріне негізделіп қарастырылады. Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің формалары, типтері, тәсілдері жан-жақты талданады.

Қазіргі әлеуметтік, экономикалық үдерістер тоғысқан күрделі даму кезеңін бастан өткізіп отырған Қазақстан Республикасы қазіргі қоғамның талап-тілектеріне толығымен жауап беретін, жауапкершілік сезімі жоғары, шығармашылық белсенділігі мен адамгершілік болмысы бірдей үндескен, бойындағы дара мүмкіндіктерін, интеллектуалдық қабілеттерін өз іс-әрекетінде қолдана алатын жеке тұлға қалыптастыру мәселесін өзекті етуде.

Тұлғаның өнегелілік, адамгершілік сана-сезімін, түсініктерін, әлеуметке деген қатынасын көрсететін мінез-құлықтары мен әдеттерін дамытудағы психологиялық механизмдерді аша отырып, тұлғаның сана-сезімінің қалыптасуын, әлеуметтік-психологиялық бейімделу шарттарын, ерекшеліктерін қарастырып зерттеу – бүгінгі таңда маңызды [1].

Соңғы жылдары әлеуметтік-психологиялық бейімделуді дамыту өзекті мәселе ретінде түрлі ғылыми зерттеулердің объектісіне айналуға.

Бейімделу әр түрлі факторлардың әсерінен болады – бұған адамға басқа адамдардың мақсатты бағытталған тәрбиелік әсері, қоғамдық институттар және өмірлік жағдайлардың түрлі әсері жатады. Психологияда бұл түсінік ғылымға кейін енді және ол өзіндік мазмұнға ие болуға тырысты. Бірақ бұл түсінік жалғыз ғана тәсіл болған жоқ, өйткені «бейімделу» түсінігі үздіксіз жеке тұлғамен және оның ортамен қарым-қатынасымен байланысты. Осыдан бейімделудің түрлі интерпретациялық үрдісін көреміз. Біреулер үшін – бұл әлеуметтік мінез-құлықты үйрену, басқалар үшін – мәдени саланың талаптарына сай тұлғаның моделін қалыптастыру, үшіншілері үшін – топтағы «әлеуметтік қатысуға» дайындық.

Жеке тұлға және оның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің мәні мен мазмұнын түсінуге байланысты ой-пікірлер тамырын тереңге бойлайды. Оның маңыздылығы жөнінде Э. Роттердамский, К.А. Гельвеций, Д. Дидро, А. Дистервег, З. Фрейд, Д. Дьюи, Э. Торндайк, П.П. Блонский, Л.С. Выготский, Л.И. Божович, С.Л. Рубинштейн, В.В. Давыдов және т.б. қарастырған. С.Д. Артемов, К.М. Хайлов, В.И. Вершинина, В.П. Казначеев, И.А. Милославова, В.А. Ядов, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, А.Г. Спиркин, И.И. Чесноков еңбектерінде әлеуметтік-психологиялық бейімделу тұлға дамуының мәселелері контекстінде жалпы теориялық және әдіснамалық тұрғысынан талданған.

Тұлғаның бейімделуі құндылық бағдарымен тығыз байланысты. Орыс психологы М.Т. Журавлев бейімделу құндылық бағдардың адам өмірінде, қарым-қатынасында, мінез-құлқында қызығушылыққа айналуы деп түсіндіреді.

И.С. Конның еңбектерінде әлеуметтік-психологиялық бейімделудің философиялық, жалпы және әлеуметтік–психологиялық, тарихи–мәдени аспектілері, теориялық мәселелері мен нақты эксперименталды алынған талдаулары ашылған. Сонымен қатар У. Джеймс, К. Роджерс, Р.В. Бернс, Э. Берн еңбектерінде де өзіндік санаға, әлеуметтік бейімделуге қатысы бар әр түрлі көзқарастар жеткілікті [2].

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу - бұл адамдардың анықталған әлеуметтік-психологиялық мәртебесін қалыптастыру үдерісі және әлеуметтік-психологиялық функцияларды қабылдауы. Сонымен қатар іс-әрекет элементі мен функциясын, тұрақты ортадағы шарттарын қолдану.

Әлеуметтік бейімделу әлеуметтік психиканың негізгі функциясы. Әлеуметтік психика адамдардың қабілеттілігін жеңілдетеді және тұлғаның бейімделуі анықталған мінез-құлық шарттарын жасайды.

Сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық бейімделу үдерісінде адам өмірдің ішкі және сыртқы шарттары мен іс-әрекетіне жетуге тырысады. Оны орындау үшін жеке тұлғаның бейімделуі жоғарылайды, яғни оның әлеуметтік өмірге деген қабілеттілік деңгейі көрінеді.

Бейімделудің түрлері: ішкі, сыртқы, аралас. Ішкі - ортаның өзгеруіне байланысты тұлғаның функционалды құрылымы мен жүйесі (мұнда мінез-құлық формасының сырт келбеті және адамның іс-әрекеті өзгереді, қоршаған ортаның шарттарына байланысты тұлғаның бейімделуі толықтай болады), сыртқы (мінез-құлықтық, қабілеттілік) - мұнда тұлғаның ішкі мазмұны өзгермейді, аралас - мұнда тұлға біраз өзгереді, бірақ өзінің мінез-құлқын, «өзіндік Менін» сақтайды.

Сонымен қатар, әлеуметтік-психологиялық бейімделу жеке тұлғаның қорғанысы ретінде де көрінеді, яғни осының көмегімен ішкі психикалық қорғаныс қалыптасады. Психиканың қорғаныс механизмдері адамның психологиялық бейімделуінің тәсілі ретінде қарастырылады. Егер жеке тұлғаның психологиялық қорғаныс механизмдері толықтай болса, бұл бейімделу потенциалын жоғарлатады, әлеуметтік-психологиялық бейімделу қабілеті сәтті болады. Егер адамның қорғаныс механизмдері дұрыс қолданылмаса, олар психиканың дамуында деструктивті рөл атқарады [3].

Әлеуметтік бейімделудің негізгі тәсілдері: жаңа әлеуметтік ортадағы құндылықты (топтар, ұжымдар, ұйымдар) қабылдау, осы жерде қалыптасқан әлеуметтік өзара іс-әрекеттің формасы (формалды және формалды емес байланыс, жанұямен және көршілермен қарым-қатынас тағы басқалары), сонымен қатар заттық іс-әрекет (жұмысты кәсіби орындау қабілеті немесе жанұялық міндет).

Бүгінде әлеуметтік бейімделудің екі формасы бар:

1) Белсенді формасы – тұлға ортаға әсер етуге, оны өзгертуге тырысады (құндылықты форма, өзара әрекет және әрекет)

2) Белсенді емес формасы – еш нәрсеге ұмтылмау.

Әлеуметтік бейімделудің жақсы көрсеткіштері – ортада индивидтің әлеуметтік беделінің жоғары болуы, сонымен қатар оның психологиялық қанағаттандырылуы мен оған деген маңызды элементке ие болуы. (Мысалы, жұмысқа және оның шарттарына қанағаттану).

Осыған байланысты психологтар әлеуметтік-психологиялық бейімделудің екі типін көрсетеді: прогрессивті және регрессивті. Прогрессивті бейімделуде жеке тұлға қызығушылығы мен мақсатына жетеді. Регрессивті бейімделу формалды, не ортаның қызығушылығына, не әлеуметтік топтың дамуына, не жеке тұлғаның дамуына жауап бермейді. Көбінесе регрессивті бейімделу адамның топтық нормасына конформды, ол негізгі формалды қабылдауды көрсетеді. Мұндай жағдайда тұлға өзінің шығармашылық қабілетін көрсете алмайды және өзі толықтай қалыптаса алмайды. Тек қана прогрессивті бейімделу жеке тұлғаның дұрыс әлеуметтенуіне қабілеттілігін арттырады [4].

Механизм бойынша әлеуметтік-психологиялық бейімделу өз қалауынша немесе мәжбүрлі болады. «Бейімделу» терминімен қатар әлеуметтік психологияда қайта бейімделу

термині қолданады. «Қайта бейімделу» тұлғаның бағалы білімін, оның мақсаты мен нормасын, қажеттілік мотивациялық аймағын толығымен жағымды мазмұнға айналдырады.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу — бұл адамның қоғамдық өмірдің тәжірибесін меңгеруінің жан-жақты үдерісі. Сонымен қатар адамның әртүрлі адамдармен өзара тиімді қарым-қатынасқа қажетті адамзаттық қатынастардың мәдениетін, әлеуметтік нормаларды меңгеруін қамтиды. Ол қоршаған әлеуметтік шындықты белсенді танып білуді, дара және топтық жұмыстың дағдыларын меңгеруді, ол үшін қажетті қабілеттіктерді дамытуды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бап – Баба С. Б. Жалпы психология: Жантану негіздері.
2. Андреева Г.М. Социальная психология.-М.:МГУ, 2010.
3. Битянова М.Р. «Социальная психология», Москва, 2014
4. Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика. Оқулық. –А.,2016.-272б.

**Бердыбекова Н.С., Аманкелді М.**

### **ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНА ӘЛЕУМЕТТІК – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ӘСЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Психологияда «жеке тұлға» деген ұғымның әр түрлі түсіндірмелері бар, бірақ олардың көбісі мына түсінікке келіп тіреледі: жеке тұлға дегеніміз әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Жеке тұлғаның ең басты белгісі – оның әлеуметтік мәнінің болуы және оның әлеуметтік функцияларды (қызметтерді) (болмысқа, адамдарға, өзіне, еңбекке, жалпы қоғамға қатысты) атқаруы. Жеке тұлға, сондай-ақ, психологиялық дамудың белгілі бір деңгейіне ие (темперамент, мінез-құлық, қабілеттілік, ақыл-ой дамуының деңгейі, қажеттіліктер, мақсат-мүдделер).

Тәрбиенің негізгі мақсаты – қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, оның жан-жақты үйлесімді дамуы. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасу мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ол көп аспектілі және әртүрлі ғылымдардың тоғысында қарастырылады. Ертедегі грек ғалымдары жеке тұлғаның дамуына биологиялық факторлармен қоса әлеуметтік факторлар да әсер етеді деп есептеген. Жеке тұлғаның қалыптасу факторлары туралы идеялар келесі дәуірлердің прогрессивті философиялық және психологиялық-педагогикалық пікірлерінде өз жалғасын тапқан [1].

Адам өзіне тән биологиялық құрылысы бар тіршілік иесі, сондықтан табиғат заңдары оның дамуына да әсер етеді. Қоршаған ортаға бейімделіп, өз тіршілігі үшін дайын заттарды пайдаланатын жануарларға қарағанда, адам өзіне керектіні өз қолымен жасайды. Адам табиғатының өзгеруі адам өмірінің әлеуметтік жағдайларының әсерінен болады, адамның тектілігі тек биологиялық жағынан ғана емес, сонымен қатар тарихи дамуы нәтижесінде де пайда болады. «Әлеуметтік мұрагерлік» адамның қоғамдық тәжірибеге ие болуы нәтижесінде орын алады. Сонымен, адамның жалпы дамуында өзара байланысты биологиялық және әлеуметтік бағыттар әсер ететіндігі байқалады. Адам биологиялық тіршілік иесі болып туады, алайда өз дамуы барысында ғана ол әлеуметтік тіршілік иесіне айналады [2].

Тұлға ұғымы әр түрлі ғылыми салаларында зерттелініп жатқанымен, дамып келе жатқан әлеуметтік орта мұны жеткіліксіз деп бағалайды. Қазіргі таңда әлеуметтік және психологиялық ғылым аймақтарының негізгі зерттеу мәселелерінің бірі – тұлғаның әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктері. Профессор Е.С.Кузьминнің тұжырымдамасына сүйенсек, адамның енуі, тұлғаның әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуындағы, оның негізгі қатынастарының көтеріліс беруіндегі, дамуындағы, негізгі бастау көзі болып келеді. Бұл қатынастар іс - әрекеттің мінез – құлықтық, танымдық, эмоционалды және ерік – жігерлік қортындыларды қамтиды. Осындай қатынастар адамның жалпы қоғамға, ақын топтарға және өзіне деген мінез – құлқының стратегиялық, тактикалық және жағдайлық бағдарламасының негізін құрайды. Ғалымдардың пайымдауларына сүйенсек, адамдардың әлеуметтік – психологиялық мінездемелеріне байланысты тұлғаның ең негізгі құрылымдық компоненттері ретінде мыналар есептелінеді: сана; мінез; қабілет, интеллект, темперамент, тәжірибе, өзін - өзі бақылау Зерттеу объектісі: Тұлғаның әлеуметтенуі. Зерттеу пәні: Тұлғаның әлеуметтену ерекшелігінің қалыптасуына әсер ететін жағдайлар мен ахуалдар. Зерттеу мақсаты: Тұлғаның әлеуметтену ерекшелігін қарастыру. Зерттеу міндеттер: 1. Жеке тұлғаның ғылыми тұрғыдан қарастырылуын анықтау; 2. Әлеуметтену ұғымының мәнін қарастыру; 3. Тұлғаның қалыптасуына әсер ететін әлеуметтенуді анықтау; 4. Тұлғаның дамуына әлеуметтік ортаның әсері Зерттеу болжамы: Тұлғаның әлеуметтену ерекшелігін қарастыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады [3].

Адам өмірге дайын қабілет, мінез және қызығуларымен келмейді, бұлардың бәрі белгілі табиғи негізде адамның өмір барысында қалыптасады. Адам тәнінің негізгі, яғни генотипті оның анатомиялық – физиологиялық ерекшеліктерін, жүйке жүйесінің қозғалысын белгілейді. Биологиялық құрылым иесі – адам өткен әулеттердің білім, салт, заттай және рухани мәдениеті күйінде топталған өмір тәжірибесін игерумен ғана жеке адам дәрежесіне көтеріледі. Жеке адам дамуы - өз мүмкіндіктерін үздіксіз кеңітіп, қажеттіліктерін арттырып – барумен байланысты. Осы даму деңгейі нақты адамға тән болған қарым- қатынастар аймағымен өлшенеді. Даму дәрежесі мардымсыз тұлғаның адам аралық қатынастары да өте жай, күнделікті тіршілік күйбеңінен аспайды. Ал даму деңгейі жоғары болған адам өзінің рухани мәртебелілігімен, қоғамдық мәнді құндылықтарымен ерекшеленеді. Әрбір дара адам өзінің қлғамдағы өмірлік әдептерін ретттеумен күнделікті тіршілік проблемаларын шешіп береді. Бірдей қиыншылық, кедергілердің шешімін әр адам өз әдіс, тәсілдерімен табуы мүмкін. Осыдан, жеке адамды танып, білу үшін сол адамның алдында тұрған өмірлік міндеттерін, оларды іске асыру жолдары мен өмір барысында ұстанған принциптерін жете білу қажет. Қоғамдық қатынастарға араласып және оларды басшылыққа ала отырып, адам сол қатынастардың ықпалында қалып қоймайды. Әрқандай дара тұлға өз дербестігімен ерекшелігіне ие [4]. Жеке адамның дербестігі оның ең жоғарға психикалық сапасы – рухани дүниесімен ұштасады. Рухани дүние дегеніміз инабат парызды түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет ете алуы. Жеке адамның рухани жетілгендігі – бұл жоғары дәрежедегі саналық жетілу, ізгі мұраттарды басшылыққа алу, сонымен бірге, жаман ниеттер мен мезеттік шен – шекпеннен, жалған белсенділік пен өтірік - өсектен өзін аулақ ұстай алуы. Ал адамның мұндай қасиет, сапаларды бойына дарытуы көбіне қоғамдық салтқа тәуелді. Қоғамның даму дәрежесі неғұрлым төмен болса, ел ішінде баршаны бірдей теңестіру принципі өріс алады да ондай қоғам мүшелерінің көбі құлдық бағыну күйінен арыла алмайды. Дербестігінен айырылып, өз бетінше ой жүгіртпеген адам, өзін тұлғалық дамыту ниетінен ажырап қалады. Жеке адам сапалары сол адамның араласқан қатынастар өрісіне, әртүрлі әлеуметтік өмір аймағында қызмет ете алу қабілетіне байланысты келеді. Шығармашыл тұлға тікелей қоршаған әлеуметтік шеңберінде қалып қоймай өзін ауқымды қоғам аймағы негізінде қалыптастыруға ұмтылыс жасайды. Мұндай адам бойында өзі жасаған қауымның, тіпті бүкіл қоғамның болашақ өркениеті көрініп, ол өз дәуірінің сапалық деңгейінен көш ілгері жүреді. Жеке адамның өз дербестігіне ие болуы оның тұйық

элеуметтік топқа бағынышты еместігін көрсетумен бірге сол адмның жоғарға деңгейде кемелденгенінің дәлелі. Дара адамның жеке адам санатына көтерілуі үшін маңызды факторлар: идентификация, яғни дара адамның өзін басқа адамдармен теңестіре, қоғам талабына сай болу ниетімен қалыптасып бару % - ы; персонализация – қадірі барын түсіне білу; сонымен бірге, нақты элеуметтік топта өзінің кісілік мүмкіндіктерін іске асыра алуы. Басқа элеумет мүшелерімен жеке адам өз «мені» негізінде қатынас түзеді. Ғылымда «жеке адамдық рефлексия» деп аталған бұл «мен» ұғымы өз ішінде әр адамның өз жөніндегі танымын сезе білу сияқты сапаларын қамтиды. Жеке адамның өзіне өзі берген бағасының астам не төмен болуынан сол адамның ішкі жан арпалыстары келіп шығады. Қалай десек те тұлға туралы әркім ә түрлі түсінік берген. Қ. Жарықбаевтың айтуынша, жаңа туған нәресте «адам» деп аталғанымен, «тұлға» деген атқа көпке дейін иебола алмайды. Өйткені, кісі болып, ер жету үшін бала оңы мен солын, өзінің «менін» басқа «мендерден», яғни басқа адамдардан ажырата білуі тиіс [5]. Сондықтан да нәресте, сәби, бөбектерді кісі, тұлға деп айту қиын. Есейіп, ер жетіп, өз бетінше әрекет ете алатын адамды ғана кісі не тұлға дейміз. Қандай да болмасын бір іспен айналысатын, азды – көпті өмір тәжірибесі, білімі мен дағдысы, икемі, дүниетанымы, сенімі мен талғам – мұраты, бағыт – бағдары бар адамды тұлға деуге болады. Мінез, қабілеті бірсыдырғы қалыптасып үлгерген, өзінің іс – йрекетін тізгіндей білетін, өз бойындағы жаман – жақсы қылықтары үшін жауап бере алатын жақсы, озық, ерен, топжарған түрлерімен қатар, жауыз, керітартпа, бұзық, қасқай т.б. толып жатқан өкілдері бар болады[6].

Тұлғаның элеуметтік – психологиялық ерекшеліктерін анықтау жолында негізінен Е. С. Кузьминнің, А. А. Свинецкийдің, К. Роджерстің, А. Маслоудың тағы басқа ғалымдардың тұжырымдаулары бойынша тұлғаның өзін - өзі бағалауы, өзіндік «Менін» бағалауы, өзіндік актуализациялануға талпынысы, қоршаған ортаны субъективті қабылдауы, элеуметтік – психологиялық қасиеттерін қарастырудық маңызы зор! Тұлғаның қоршаған ортамен қарым – қатынасы, жеткен жетістіктері мен ерекшеліктері көптеген жағдайларға тәуелді, оларды тұлғаның элеуметтік есею ұғымымен түсіндіріледі. Шетел психологиясында тұлғаның элеуметтік есеюін «өзіндік аяқталу» терминімен белгілейді және оның мағынасын тұлғаның өз мүмкіндіктерін аңғаруына және дамытуына бағыттылы деп сипаттайды. Өзіндік актуализацияланатын тұлға ең алдымен дербестігімен, өз мәнді іске асыра алуымен, өзіндік тұжырымдауларымен, ақиқатқа талпынысымен сипатталады. Адамдар өз жағдайларын өздері құрайды. Сонда элеуметтік жағдайды қатысушылардың әрекеттері құрайды. Элеуметтік орта өздігінен өгеретін ауа – райынан өзгеше болып келеді. Ол үйі сияқты, біз оны өзіміз құраймыз [7].

Жеке тұлға ретінде дамуындағы ең бастысы-оның бойында болып жатқан өзгерістер. Сондықтан, даму дегеніміз адамның анатомиялық-физиологиялық жетілуіндегі, оның жүйке жүйесі мен психиканың дамуындағы, сондай-ақ танымдық және шығармашылық іс-әрекетіндегі, оның дүниетанымы, өнегелілігі, қоғамдық-саяси көзқарасты мен сенімдерінің кеңеюіндегі орын алатын сандық және сапалық өзгерістердің өзара тығыз байланысты процесі деп түсіну дұрыс.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әтемова, Қ. Т. Элеуметтік педагогика : Оқулық: - Алматы: 2012ж.
2. Битянова М.Р. «Социальная психология» ,Москва, 1994.
3. Дүйсембінова, Р. Қ. Кәсіби педагогика: Оқулық. - Алматы: Қазақстан
4. Маслоу А. Самоактивизация личности.М., 1995
5. Айтбаева, А. Б. Білім берудегі жаңа технологиялар. - Алматы: 2011ж.
6. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. [Мәтін]. Т.7. «XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік ғұламалардың еңбектері мен ой- пікірлері». - Алматы: Таймас, 2011
7. Андреева Г.М. Социальная психология.-М.:МГУ, 1980.

Бердыбекова Н.С.<sup>1</sup>, Аманова Д.Ж.<sup>2</sup>**ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ӘСЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Қазақ халқының патриоттық тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі – ертегі. Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, адамдардың еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанға, туып- өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленген. Т.Барласұлы ертегінің адам баласына тәлім-тәрбиелік, рухани маңызы жөнінде айта келіп: «Ертегі – рухани тәрбиелік мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын, материалдық әлеммен біріге шегі жоқ рухани әлем болмысының бір тұтас түсінікті баян етілген көрінісі», — деп анықтама берген.

Ерлік тәрбиені қалыптастырудағы өзіндік шыншылдығы мен әлеуметтік мәні жағынан қарағанда ертегілер көрнекті көркем құбылыс болып табылады. Оның маңызды ерекшелігі мынада: ертегілерде жекелеген құбылыстар фантастикалық бейнелермен әсірелеп көрсетілгенімен, шын мәнінде олардың мазмұны объективті болмыстың көрінісі болып табылады.

Негізінен ертегілер оқушылардың ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүйуге, халқын қорғауға және өнерді игеруге, ел қорғаны болуға уағыздайды. Мысалы, «Ер-Төстік» ертегісінің мазмұнында Ер Төстік жұт болғанда жоғалып кеткен ағаларын іздеп табу үшін жер астына түсіп, Шойынқұлақпен жекпе-жекке шығып, жыландар патшалығына барып, жолда айнымас достары – Көлтауысар, Таусоғар т.б. жер асты өнерпаздарының көмегімен кездескен қиыншылықтарды жеңіп отырды. Сонымен қатар Темір хан елінде өз мергендігін көрсетеді. Айдаһармен алысады, пері Шойынқұлақты жеңеді. Бұдан басқа біздің түсінетініміз, ертегіде Төстіктің асқан ерлігімен қатар бауырмалдығы, достыққа берік болуы, мақсатына жетудегі қиыншылықтарға төзімділігі әсірелеп беріледі. Және де қазақ халқының өнердің қай түрін болмасын жоғары бағалағанын, оларды қадірлей білуге ұл-қыздарын жастайынан үйреткендерін байқауға болады. «Өнер мұратқа жеткізеді» демекші, ертегілердің кейіпкерлері шығарма соңында мақсат – мұратына жетеді. Осы мақсат-мұратқа жетудің өзі тыңдаушының психологиялық әсерленіуіне ықпал етіп, қызығушылығын тудырады [1].

Ертегілерде батырлардың түр тұлғасын «жауырыны қақпақтай, бұлшық еті бүлкілдеп, алысқанды алып ұрар» т.б. сипаттамалар арқылы суреттеу көптеп кездеседі. Мұны ертегілердің қоғамдық-әлеуметтік жағдайға байланысты өзгерістерінен байқауға болады. Өте ертедегі архаикалық ертегілерде көбіне «батырла» мерген немесе аңшы бейнесінде кездеседі. Мысалы, «Құламерген», «Аламан мен Жолама», «Ағайынды екі жігіт», «Ер Төстік», «Шора батыр», «Керқұла атты Кендебай» т.б. ертегілерде басты кейіпкер – батыр жігіт елін аң аулаумен асырайды, осы жолда ол жын перілермен күресіп жүреді. Өдетте мұндай ертегілер батырдың дүниеге келуімен басталады. Мысалы: «Ер Төстік» ертегісінде : «Ол өзгеше бала болып өседі. Бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жас өспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұра беретін бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат темірден өткізеді» — дейді. Бұл жерде кейіпкердің тұлғасын елін, жерін қорғайтын, ерлік жасайтын батыр кейіпінде көрінеді. Шыныда да, кейін Ер Төстік Темірхан елінде өз мергендігін көрсетеді, айдаһармен алысады, пері Шойынқұлақты жеңеді. Осындай кедергілермен күресе отырып, мұрат-мақсатына

жетеді. Бұл жерде біз халық арманындағы батырлардың күшінің зор екендігі соншалық, олар мистикалық әлемнің дұшпандарына қарсы тұра алатындай қабілеті бар екенін байқаймыз.

Ал «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде Кендебайдың сипаты мен ерлігі былай беріледі: «Ай сайын емес, күн сайын өсіпті. Алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты, сондай күшті болыпты, алысқанда алып ұра беріпті, күрескенді жыға беріпті, күрескенді жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атанды жалғыз тартып шығара беріпті, аң аулап әкесіне жәрдем беріпті, құралайды көзіне атқан мерген болыпты. Жеті басты дәуді жеңеді, азулы арыстанды жеңеді, мыстан кемпірді өлтіреді, алтын құйрықты, күміс жалды сегіз құлынды алып келеді, қалмақтарға қолға түскен Мергенбай батырды босатып шығарады».

Ал классикалық батырлар ертегісінде батыр тылсым күштермен емес, елді, халықты жаулаған дұшпандармен күреседі. Оның астарында ел, жер үшін күрес кек алу жатыр. Ертегінің негізгі құрылымдарында туған-туысқандарға көмек беру үшін, шынайы ғашықтық, батырдың айнымас серігі тұлпардың бейнелеуі байқалады. Мысалы, «Әлдібек батыр», «Делдаш батыр», «Ер Тарғын», «Көрұғлы», «Нарық батыр», Ер Көкше және Орақ», «Қамбар батыр», «Алты жасар Алпамыс» т.б. ертегілерде көбіне ерлік көрсету, қаһармандық рух жоғары тұрады. Ал батырлар ерлігінің сипатталуына келер болсақ, мысалы Әлібек батыр «туғанында алты қарыс селбесімен туылады, ай сайын емес, күн сайын өседі», — деп айтылады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «селбе» сөзіне «ұшы үшкір, үлкен өткір пышақ» деп түсінік берілген [2].

Демек, мұндай сипаттау ертегіге тән қасиет деп ұққанымыз жөн. Себебі халықтың арман – тілегі бойынша осындай батырлар елді, Отанды қорғайтынын ұғынуға болады. Сондай-ақ «Қазанбай баиыр» ертегісінде біз оның бейнесінен байқайтынымыз: «Өзінде алпыс ердің айбаты, алпыс ердің қайраты бар, дұшпанына кекшіл, бағынған дұшпанына кешірімшіл», — десе, ал оның жеке басының қасиеттерін былай сипаттайды: «Қазанбайдың ұрыс кезіндегі тағы бір айласы арқанға ілмекпен, қашып бара жатқан жаудың мойнына дәл лақтырып дәл түсіру және қанша жау болса да сескенбестен қарсы бару. Ол көп, аз демеяді. Өзіне жұмсалған жаудың қаруын бойына дарытпай, екі жігіт эзер көтеріп жүретін найзасын кәдімгі қамшыдай үйіре сілтеп, көзіне көрінгенді шаншып, түйреп тастап отырады. Және бір ерекшелігі жауға оңтайлы күні ғана аттанады. Шабуылға ертеңгі Шолпан жұлдызы туған мезгілде шыққанды қалайды» — деп келтіреді.

Бұл жерде Қазанбайдың айла тәсілдерінен мағлұмат бере отырып, оның тегін батыр еместігін көреміз. Себебі ертегі болса да шынайы өмірге жақындығын байқаймыз [4].

Қазіргі уақытта қазақстандық патриотизмді жастарға қалыптастыру – келелі мәселелердің бірі. Осыны ұстанған бағыт – бағдар да баршылық. Патриоттық сезімнің нысаны мен азаматтық парыздың өтелер өлшемі – Отан. Оны таратып айтсақ, бұл туған жер, оның табиғат байлықтары, ұлттық тілі, дәстүрі, мәдени ерекшеліктері, тарихы жасалған өлкедегі киелі орындары. Олардың адам санасына жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің бастауына айналуы – патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Ә.Қалмырзаев: «Бұл сезім әркімде әр кезеңде (яғни, әр түрлі жаста) оянып, кейін кәмелетке келгенде бірдола буыны қатып, тәжірибемен, жспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық әлеуметтік институттардың (балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар, саяси ұйымдар мен қозғалыстар) әсерімен қалыптасады» деп жазды [5].

Бүгінгі күні жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-бабаларының шежіресі негізінде тәлім берудің маңызы зор. Өйткені, бала тәрбиесінде өз дүниетанымының қоршаған ортасының, ой — өрісінің негізінде ұлттық сипатты зерделеу қажеттігі артып отыр. Оның негізі: «Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың таным-түсінігіндегі ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады» — деп айтылады

Сондай-ақ шежіренің тек қана тарихи тұрғыдан емес, оның ұрпақ тазалығы, тәлімдік сипатының жоғары екенін білеміз. Әдетте, мұндай шежірелік зерделеу, басқа ұлттарда



кездеспейді. Оны біз «Жеті атаға толмайынша қыз алысуға болмайды» — деген халқымыздың қағидаларынан түсінуге болады. Мұны қазіргі кездегі медицина саласындағы зерттеулер дәлелдеп отыр. Демек, ертеден-ақ, аталарымыз туысқан бауырмалдық сезімінің жоғары екенін түсіне білген. Мысалы: «Атасы басқа аттан түс» деген қанатты басқа сөз бар. Оның мәні: Жаугершілік заманда әйел, бала-шағасын жауға қалдырып, өз інісін атына мінгестіріп алып кетеді. Сондықтан, қашып құтылған соң, әлгі батырдан мұның қалай? — деп сұрағанда әйел бала-шаға өмір барысында табылады. Ал аға-іні табылмайды. — деп айтқан екен [3].

Міне, мұның өзі өз баласынан да, бауырларын, туған-туыстарын жоғары қоя біледі. Яғни: «Халық шежіресін халықтың өткен өмірінен хабар беретін, мұралық мәні бар, халықтың тарих беттеріндегі естелігі деп қарауымыз керек» — деп келтіреді.

Бүгінгі ұлт мектебінде шежірелік зерделеу туралы факультативтік немесе арнайы курс дәрістерін оқытудың маңызы зор. Яғни, тарих, қазақ әдебиеті пәндері аясында оқушылар арасында кеңінен оқытудың қажеттілігі артып отыр. Оның негізгі себебі: оқушылардың шежіреге деген көз қарасы төмендеп, жеті атасына дейін білмеуі т.б. мәселелерді айтуға болады. Сондықтан-да: «Жас ұрпақ ағайын-туғанын, ата-тегін, ру-тайпасын, елін білуге міндетті. Одан шыққан батырлар мен билерді, қазақ халқының биіктеуге үлес қосқан батырлардың ісін, жолын, дәстүрін жалғастыру керек», — делінген.

Мұндай талаптардың бәрі қоғамдық — әлеуметтік мәні жоғары — деп түсінгеніміз жөн. Алайда, кейбір кезде қым-қиғаш саяси жағдайларға байланысты «руға бөліну», «Жүзге бөліну» т.б. тар түсінікті сөздер көбейіп кетті. Содан кейінгі кездері шежірені білуге деген ықыласымызды төмендетіп алдық. Міне, осы айланы КСРО кезінде жүзеге асыра отырып, рухани тәлім-тәрбиенің төмендеуіне әсерін тигізгенін білеміз. Ал, «ру-қазақ атты ұлттың керегесі мен уығы» деп түсінген жөн [6].

Қазақ халқының патриоттық тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі — ертегі. Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, адамдардың еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанға, туып- өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленген. Т.Барласұлы ертегінің адам баласына тәлім-тәрбиелік, рухани маңызы жөнінде айта келіп: «Ертегі — рухани тәрбиелік мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын, материалдық әлеммен біріге шегі жоқ рухани әлем болмысының бір тұтас түсінікті баян етілген көрінісі», — деп анықтама берген.

Ерлік тәрбиені қалыптастырудағы өзіндік шыншылдығы мен әлеуметтік мәні жағынан қарағанда ертегілер көрнекті көркем құбылыс болып табылады. Оның маңызды ерекшелігі мынада: ертегілерде жекелеген құбылыстар фантастикалық бейнелермен әсірелеп көрсетілгенімен, шын мәнінде олардың мазмұны объективті болмыстың көрінісі болып табылады.

Негізінен ертегілер оқушылардың ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүйуге, халқын қорғауға және өнерді игеруге, ел қорғаны болуға уағыздайды. Мысалы, «Ер-Төстік» ертегісінің мазмұнында Ер Төстік жұт болғанда жоғалып кеткен ағаларын іздеп табу үшін жер астына түсіп, Шойынқұлақпен жекпе-жекке шығып, жыландар патшалығына барып, жолда айнымас достары — Көлтауысар, Таусоғар т.б. жер асты өнерпаздарының көмегімен кездескен қиыншылықтарды жеңіп отырды. Сонымен қатар Темір хан елінде өз мергендігін көрсетеді. Айдаһармен алысады, пері Шойынқұлақты жеңеді. Бұдан басқа біздің түсінетініміз, ертегіде Төстіктің асқан ерлігімен қатар бауырмалдығы, достыққа берік болуы, мақсатына жетудегі қиыншылықтарға төзімділігі әсірелеп беріледі. Және де қазақ халқының өнердің қай түрін болмасын жоғары бағалағанын, оларды қадірлей білуге ұл-қыздарын жастайынан үйреткендерін байқауға болады. «Өнер мұратқа жеткізеді» демекші, ертегілердің кейіпкерлері шығарма соңында мақсат — мұратына жетеді. Осы мақсат-мұратқа жетудің өзі тыңдаушының психологиялық әсерленуіне ықпал етіп, қызығушылығын тудырады.

Ертегілерде батырлардың түр тұлғасын «жауырыны қақпақтай, бұлшық еті бүлкілдеп, алысқанды алып ұрар» т.б. сипаттамалар арқылы суреттеу көптеп кездеседі. Мұны ертегілердің қоғамдық-әлеуметтік жағдайға байланысты өзгерістерінен байқауға болады. Өте ертедегі архаикалық ертегілерде көбіне «батырла» мерген немесе аңшы бейнесінде кездеседі. Мысалы, «Құламерген», «Аламан мен Жолама», «Ағайынды екі жігіт», «Ер Төстік», «Шора батыр», «Керқұла атты Кендебай» т.б. ертегілерде басты кейіпкер – батыр жігіт елін аң аулаумен асырайды, осы жолда ол жын перілермен күресіп жүреді. Әдетте мұндай ертегілер батырдың дүниеге келуімен басталады. Мысалы: «Ер Төстік» ертегісінде : «Ол өзгеше бала болып өседі. Бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жас өспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұра беретін бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат темірден өткізеді» — дейді. Бұл жерде кейіпкердің тұлғасын елін, жерін қорғайтын, ерлік жасайтын батыр кейіпінде көрінеді. Шыныда да, кейін Ер Төстік Темірхан елінде өз мергендігін көрсетеді, айдаһармен алысады, пері Шойынқұлақты жеңеді. Осындай кедергілермен күресе отырып, мұрат-мақсатына жетеді. Бұл жерде біз халық арманындағы батырлардың күшінің зор екендігі соншалық, олар мистикалық әлемнің дұшпандарына қарсы тұра алатындай қабілеті бар екенін байқаймыз [7].

Ал «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде Кендебайдың сипаты мен ерлігі былай беріледі: «Ай сайын емес, күн сайын өсіпті. Алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты, сондай күшті болыпты, алысқанда алып ұра беріпті, күрескенді жыға беріпті, күрескенді жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атанды жалғыз тартып шығара беріпті, аң аулап әкесіне жәрдем беріпті, құралайды көзіне атқан мерген болыпты. Жеті басты дәуді жеңеді, азулы арыстанды жеңеді, мыстан кемпірді өлтіреді, алтын құйрықты, күміс жалды сегіз құлынды алып келеді, қалмақтарға қолға түскен Мергенбай батырды босатып шығарады».

Ал классикалық батырлар ертегісінде батыр тылсым күштермен емес, елді, халықты жаулаған дұшпандармен күреседі. Оның астарында ел, жер үшін күрес кек алу жатыр. Ертегінің негізгі құрылымдарында туған-туысқандарға көмек беру үшін, шынайы ғашықтық, батырдың айнымас серігі тұлпардың бейнелеуі байқалады. Мысалы, «Әлдібек батыр», «Делдаш батыр», «Ер Тарғын», «Көрұғлы», «Нарық батыр», Ер Көкше және Орақ», «Қамбар батыр», «Алты жасар Алпамыс» т.б. ертегілерде көбіне ерлік көрсету, қаһармандық рух жоғары тұрады. Ал батырлар ерлігінің сипатталуына келер болсақ, мысалы Әлібек батыр «туғанында алты қарыс селбесімен туылады, ай сайын емес, күн сайын өседі», — деп айтылады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «селбе» сөзіне «ұшы үшкір, үлкен өткір пышақ» деп түсінік берілген.

Демек, мұндай сипаттау ертегіге тән қасиет деп ұққанымыз жөн. Себебі халықтың арман – тілегі бойынша осындай батырлар елді, Отанды қорғайтынын ұғынуға болады. Сондай-ақ «Қазанбай баиыр» ертегісінде біз оның бейнесінен байқайтынымыз: «Өзінде алпыс ердің айбаты, алпыс ердің қайраты бар, дұшпанына кекшіл, бағынған дұшпанына кешірімшіл», — десе, ал оның жеке басының қасиеттерін былай сипаттайды: «Қазанбайдың ұрыс кезіндегі тағы бір айласы арқанға ілмекпен, қашып бара жатқан жаудың мойнына дәл лақтырып дәл түсіру және қанша жау болса да сескенбестен қарсы бару. Ол көп, аз демейді. Өзіне жұмсалған жаудың қаруын бойына дарытпай, екі жігіт әзер көтеріп жүретін найзасын кәдімгі қамшыдай үйіре сілтеп, көзіне көрінгенді шаншып, түйреп тастап отырады. Және бір ерекшелігі жауға оңтайлы күні ғана аттанады. Шабуылға ертеңгі Шолпан жұлдызы туған мезгілде шыққанды қалайды» — деп келтіреді [8].

Бұл жерде Қазанбайдың айла тәсілдерінен мағлұмат бере отырып, оның тегін батыр еместігін көреміз. Себебі ертегі болса да шынайы өмірге жақындығын байқаймыз .

Сөзімнің соңын орыс педагогі А.В.Сухомолинскийдің: «Ертегі – халық мәдениетінің рухани байлығы, оны тану арқылы бала туған халқын жүрегімен танып біледі» — деп орынды айтқан сөзімен аяқтағым келеді.. Демек, ертегінің қай түрін алсақ та, онда халықтың отансүйгіштік, елін, жерін сүюге, отбасының, бауырларының амандығын ойлаған арман тілектеріне негізделген патриоттық сезімі жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологиялар. Қазақстан мектебі 4/2005-5 б.
2. Жанатбекова Н. Шығармашылық қабілеттілік-даму негіздері. Қазақстан мектебі 2/2006-156.
3. Нұрманбетқызы Ж. Шығармашылықты қалыптастыру қажеттілігі Қазақстан мектебі 10/2006ж-166.
4. Рахымбек Д., Мұсабеков М., Жетпісбаева Г. Шығармашылық тапсырмалар - оқушыларды зерттеушілікпен жұмыс істеуге тәрбиелеудің жолы ретінде ізденіс 2/2001ж-219б.
5. Сыдықбекова Б. Оқушылардың шығармашылық бастамасын дамыту. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар 8/2006 ж - 26 б
6. Абыраева Б. Ұлттық дәстүрмен ұштастыру. //Бастауыш мектеп, 2002 №2
7. Ғабдуллина А. Ұлттық тәрбиеге ұмтылыс //Қазақстан мектебі, 1991 №4 40б.
8. Табылдиев Ә. Ұлттық тәрбие – ұлағатты іс. //Бастауыш мектеп 1994, №1 – 126

Бердыбекова Н.С.<sup>1</sup>, Аманова Д.Ж.<sup>2</sup>

**ЖАСТАРДЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың асырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз [1].

Ғасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес рухани мұрасы, даналық дариясы оның әдебиетінен көрініс табады. «Туған тілін сүйден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», - дейді аса көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеуқенов. [2, б. 12]

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек. «Ту жанында қисық ағаш жатпайды» дегендей, сом тараулы тәрбие жолының тоғысар тұсы халықтың өзінде, ата –баба салт санасында, дәстүрінде. Жас ұрпақты ұлттық мақтаныш пен ұлттық

патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді [1]. Даналық білімнен нәр алады. Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын. Сондықтан жастарға басты қиындықтарды көре білетін, әлеуметтік ақыл-ойға сәтті кіруге көмектесетін жақсы жолбасшы керек. Ғалымның ісі – ғалымдағы заңдылықтарды ашып, оны сөзбен формулаға айналдыру. Әдіскердің міндеті – ғалымның ашқан жаңалығын білімге айналдырудың құралын табу [2].

Педагогтың міндеті - ғалым мен әдіскердің міндетін кең көлемде қоса отырып, оқушының тұтас ойлау қабілетін қалыптастыру [2]. Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім-болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені [3].

Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым»-дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болуын, сұлу сөз сйқырлы ұн.әдемі өн мен түрлі ләззат ала білетін, һәм байсалды, ойламдышымыр болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған. Ұрпақ тәрбиесіне кешігу дегеніміз мертігумен бірдей. Тәрбие бала тумай тұрып, дүниеге келмей тұрып берілуі тиіс. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: – Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз деген болатын-деген болатын. Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор [5].

**Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:**

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

- индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:
- оқушылардың сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәден етін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

**Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:**

- сыныптағы тәрбие сағаттары;
- баспасөз және қабырға газеттері;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.)
- кітап оқу;
- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- шығармашылық жобалар қорғау;
- қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- саяхат жасау;
- үйірмелерге қатысу.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамидарды сүйе білу қажетілі болып табылады [6].

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш.Елеукенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.
2. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
3. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №7, 2007.

4. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №5, 2002.
5. Сынып жетекшінің анықтамалығы/ №1(01) 2009.
6. Әдеп және жантану/ хрестоматия/ Атамұра Алматы, 1996.

Аубакирова А.А.<sup>1</sup>, Аменова Г.Ә.<sup>2</sup>

## **ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТАНЫСТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІКKE ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Балалар ересектердің арқасында адалдық қасиеттерің қолдана тұрып оны өзің қоршаған әлемге, ондағы табиғат аясындағы барлық құбылыстарын мен тіршілік ортасымен танысу.

Бастауыш сынып балаларына қоршаған ортамен таныстыру сабағының барысында кеңістік, уақыт, ауа райы көлемдер, сапасы, салыстырмалы, түрде биік аласа қатты деген ұғымдармен танысып келеді.

Қоршаған ортамен және оның түрлерімен таныстыра отырып, балалар сабақта бұл үлкен ұғым және ол адам өмірімен байланыста екенің түсінеді.

Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар шапшандықпен құштарланады. Бастауыш сынып балалар мектепке дейінгі мекемелерде ортамен таныстыру барысында әрдайым табиғат құбылыстары сезілетін тәжірибесіне негізделген шындық тұрғысындағы көрсетілген білушілікке жетелейтін талпыныстар қарым-қатынасқа тәрбиелеу деңгейіне көмек береді.

Адами қасиетті бала бойына дарыта білу кез келгеніміздің қолымыздан келе бермейді. Тіршілік қамымен жүріп балаға мүлдем көңіл бөлмейтін де, өз машақатымен айналысып балаға тәрбиенің керек екенін ұғынбайтын да, тәрбиеде ең бастысы тәртіп деп балаға тым қатал қарайтын да, қазіргі балаға қатты айтуға болмайды деп баланың ынғайымен жүретін де, менің жиған- тергенім балама жетеді деп қалтаға сенетін де, басқа жұрт не десе о десін менің балам ең тәуір бала деп баланы жақтап отыратын ата-ана да жоқ емес. Демек, бала мен ата-ана арасында өте тығыз байланыс жүру керек. «Баланы жастан» деген, бала тәрбиесі бесікте жатқаннан басталу керек.

Адам мен қоғам - тіршілік көзі. Адам әрдайым өзіннің әлемінің өкілі ретіндегі табиғатты қоршаған ортаның оны алғашқы түсініктерін қалыптастыру үшін үлкен рол атқарылады. Адам осы ортаның әлеуметтік дағдыларын, өз бойына сіңіре отыра қарапайым және жақындық қоғамдық қарым-қатынастар туралы білімдерін молайтады.

Адамдарның дем алатыны, қозғалысы, тамақты қажет ететін, табиғатта өсіп-өнетін, бір жанмен екінші жан тіл табысатыны жайында нақты мәлімет беру. Балаға ұстазды дұрыс таңдай білу – оның болашағының дұрыс қалыптасуының бастамасы. Сондықтан сөзімді аяқтай келе, айтарым – ешбір ата-ана баласын жаман болсын деп тәрбиелемейді. алмасу.

Әр адамды бір-бірінен ажырата алатын айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар олар (сырт келбеттері, әдеттері, түрлі сезімдер мен көңіл күйлерді сезінеді бір сөзбен айтқанда адам бір индивид тұлға ретінде көрсету). Табиғаттын өзгеруі мен өсуі үшін қажетті шарттар - су, жарық, жылу, күн амалы, қозғалыс пен демалыс, күтім мен осы ортаға деген махаббат. Әр

мекеменің жұмыс талабы бойынша әр маман ата- анамен жұмыс жүргізу қажет. Осындай тығыз байланыс арқылы жұмыс өнімді атқарылады.

Әл-Фарабидің біздің болашағымызға қалдырған баға жетпес байлығының насихаты: «Адамға ең бірінші білім емес – тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» дегендей, Бастауыш сынып балаларының балабақша баспалдағынан өзіне ең құнды рухани азық алып өскен бала, үлкен өмірдің бір кірпіші болып қаланатыны анық.

Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Осы үйіміздің қабырғасы биік болу үшін табиғатқа деген сыйды жоғалту, адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтыратыны анық. Қазіргі уақыттағы әлемдегі болып жатқан экологиялық жағдай адам көзқарасы мен ой өрісін өзгеруін талап етеді. Өсіп-өніп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық дұрыс сезім қарастырылуы керек деп ойлаймыз. Балалардың ең алғашқы даму кезені, оқыту мен тәрбиелеуде таным қабілеттерінің дамуының ең алғашқы сатысы мектепке дейінгі мекеме болып саналады екені.

Ересек жас балаларының ерекшелігі (икемділігі, қызығушылығы оның дамуының кең ауқымы, бала дамуының жылдамдылығы) мектеп жасына дейінгі баладан нақты білім беру нәтижелеріне жету және мақсатты әдістемелік нұсқаулар түрінде білім беру бағдарламасын игеру нәтижелерін анықтауды қажет етеді.

Қазіргі таңда елімізде болашақты жақсарту мақсатында білім әлемінің төнірігінде жүргізіліп жатқан саясаты әлемдік білім беру бағдарымен бірдей қадам. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау.

Бала өзін қоршаған ортадағы заттарға қызығушылық танытады және олармен белсенді түрде әрекет етеді; Ойыншықтармен және басқа заттармен іс-әрекетмен эмоционалды түрде араласады, өзінің іс-әрекетінің нәтижесіне жетуде табандылық танытуға тырысады.

Бүгінде мектепке дейінгі мекемелерде жалпы педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар арқылы мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың қабылдау мүмкіндіктерін тексере отырып қана сол біліктілігіне қарап оқыту процесін бастайды. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процесі тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Бала ойнағанда қандай қылықтар жасайтын болса, есейгенде кезде жұмыста да көп ретте сондай болады», - деп орыс ұлтының ұлы педагогі А.С.Макаренко айтқандай баланың қол ептілігі, байқампаздығы, өнер тапқыштығының алғашқы сатылары осы бала кездегі ойыннан қалыптасады.

Сондай ақ қазақ әдебиетінің жарқын жұлдыздарының, бірі М.Б.Жұмабаев «Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек» деп әр уақытта балаға үлкен демеу беру керектігін айтқан.

Абай атамыз айтқандай «жас бала анасынан туғанда екі мінезбен туады, біріншісі – «ішсем, жесем, ұйықтасам, ойнасам» болса, ал екіншісі, «білсем, көрсем, қарасам, ұстасам, ол немене? Ол кім екен?» деген қызығушылығы тұрады. Әр баланың дамуы ойлан қабілетінің әр түрлі екені көзге көрінер.

Әр сабақта ойын түрлері, ойынның жаңа әдістерін талдап көбірек қолданса балалардың тілдері жетік жаттығады, сөздік қоры молаяды. Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, қиялын жетіктіреді. Баланың дамуы осы ойындар арқылы рөлдік ойындар мектепке дейін балалар өмірінде елеулі орын алады.

Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан – жақты дамуы үшін тілінің алатын орны ерекше, сөз байлығын дамыту үшін және айналадығы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор.

Бала дамытуда қолданылатын жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

Мектепте экологиялық тәрбие беруге байланысты ата - анамен біріккен түрде төмендегідей жұмыс түрлерін жүргізу ата - ананың да экологиялық сауатын ашады.

1. Экологиялық сөздік жүргізу.
2. Экобасылымдар жасау.
3. Экокарточкалар жасау.
4. Экологиялық нұсқалар ұйымдастыру.
5. Экокарта сызу.
6. Экологиялық ертегілер қою. Осы жұмыс түрлеріне қысқаша түсінік береміз.

Тәрбиеші өмір талабына сай жаңа технологияларды қолдану арқылы оқу процесі мен тәрбие барысында жетік қолдануы қажет. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда ойшыл, терең білімді, интеллектуалды деңгейі жоғары, өз деңгейімен ізденуге қабілетті етіп қалыптасырудың бірден – бір жолы – жас ұрпақты мақсатқа жетуге жүйелеу.

Баланың бойына мейірімділік, қайырымдылық, елжандық, еңбексүйгіштік, адамгершілік сынды құнды қасиеттерді жастайынан сіңірудің маңызы зор. Жиырма бірінші ғасыр – жүйелік дамудың дәуірі. Ақпараттық кеңістіктегі жаңашылдық білім беру саласын да өз үлесін кіргізбей қоймайды. Осы тұрғыда барлық білім беру орталықтарында жұмыс атқаратын жандардың еңбектері адал тартатын жүктері өте ауыр. Ұрпақ тәрбиесі жолында өз күштерімен сіңірген еңбектері инновациялық үдерістерге де ілесіп қосып отыр.

Ұлттық педагогика саласындағы тәрбие ұғымына сүйене отырып әр адамның өзін-өзі ұстау мәдениеті дағдыларын меңгерту жөн. Тәрбиеде ең бірінші саты ол әрқашан ізеттілік қасиеттерімен көзге түсіп, амандасу, құрмет көрсету, жауапкершілік таныту осы сияқты адам өміріне маңызды әрекеттер жасауға үйренуіміз керек.

Кез-келген жағдайда қарапайымдылық қасиеттерін көрсете білу. Бір сөзбен айтсақ әр жағдайда біз өзімізді адми тұрғыда ұстауымыз қажет, бұл әр адамға сай қасиет осы қасиеттерді бөбектерге үйрету. Кішіге-ізет, үлкенге-құрмет көрсетуге тәрбиелеу ол отбасының мақсаты. Өзінің тегінің шежіресіне қызығушылығын ояту ата-ананың көрсетер үлгісі.

Ата-ананың, отбасының әрбір мүшесін және өзінің аты-жөнін дұрыс айтуға дағдылау. Әр бір отбасының өз талабы бойынша баланы тәрбиелеу қажет. Қарым-қатынас жасайтын ортамен жақсы байланыс ортану қажет, олардың бір-біріне деген қарым-қатынасын бағалау, кім кімге үлгі, олар не үшін бір-біріне жақын байланыстары арқылы көзқарастарын білу дағдыларын қалыптастыру. Әрқашан, қандай қалыпта болса да өз-өзін мәдениетті ұқыпты ұстау. Өзінің жақындарына, балабақшасына, еліне, жеріне, достарына, елімізді мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне сүйіспеншілігі мен сыйластығын қалыптастыру. Өзін, өзінің қадір-қасиетін бағалауға тәрбиелеу.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының заңы «Білім туралы» 2011 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы – Астана: \\Жазушы\\ 2011Ж. №9-76

2 Казмагамбетов А.Г. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана: \\Жазушы\\ 2012Ж. №9-76

3 Назарбаев Н.А. ҚР Президентінің Қазақстан-2050 стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің Жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Халқына Жолдауы. – Астана: \\Жазушы\\ 2012Ж. №9-76 .

**Бердыбекова Н.С., Асилбекова Ж.Б.**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІ МЕН АҚЫЛ – ОЙЫН ДАМУДА ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ



"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Ертегі тыңдату арқылы баланы жалпы адами құндылықтарға тәрбиелей аламыз. Ертегілер - сан ғасырлар бойы ауыз әдебиетіндегі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келген халықтық тәрбиенің өнеге-үлгілері осы уақытқа дейін өзінің педагогикалық мүмкіндіктерінің мәні зор екендігін дәлелдеп келеді.

Халық ауыз әдебиетінің ішіндегі ең жақыны балаларға ол ертегі болмақ. Алғашқы қауымнан бастап, бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін ертегілерді ойлап шығарған адамзат тарихында ертегілердің тәрбиелік мәні зор. Қазақ ертегілері сан алуан.

«Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді» деп Жүсіппек Аймауытов айтқандай ертегілердің де балалардың да қиялын дамытуда, сөздік қорларын, ұлттық дүниетанымдарын, көзқарастарын байытуда әсері мол.

Ертегілер әр уақытта да қай баланы болмасын қызықтыратын, қиял әлеміне жол ашатын кілт іспеттес. Ол өмірде кездеспейтін кейіпкерлерімен, мүмкін емес жағдаяттарымен ерекшеленеді.

Қазіргі дамыған кезеңде балаларды елітіп, назарын аударатын, көз қызықтарын дүкендер, компьютерлік ойындар өте көп. Одан қалса ұялы телефондарды да ата-ана балаларына еркін ұстауға рұхсат беруде. Бұл бір жағынан дамуымызға, өсіп-өркендеуімізге ашылған жол болғанымен, балалардың көркем шығарманы оқуға деген қызығушылықтарын жоюда. Сондықтан да, әсіресе бастауыш сынып балаларына ертегіні қызықты етіп жеткізе білу және ертегілердің шандыққа жанасымды екенін, ондағы шыншылдық пен адамгершілікті бала бойына сіңіре білу үлкен шеберлікті қажет етеді.

Ертегілерде халық басынан кешкен ғасырлар із жатыр. Оларда еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, елдік тарихы, қилы-қилы қиын асулары халықтың мұң-шері, арман-мұраты бейнеленген. Әрине ертегілерді оқыта отырып тәрбие нәрін бала бойына егу үшін, ең алдымен оқушылардың арттыру қажет. Мысалы «Ер Төстік» ертегісіндегі төстіктің атына «Ер» сөзінің қосылып айтылуының өзі оның ер-жүрек, батыр екендігін көрсетеді. [1]

Ертегі арқылы айнала қоршалған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, халықтың әдемілік және әдептілік жайлы ұғымдарын бойына сіңіреді, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсінік алып, адамгершілік тәрбиесінің бастауларына ден қояды.

Мектеп табалдырығынан жаңа ғана аттаған балалар, мектеп тартып тұрады, өйткені олар ертегіден ескен теңдесі жоқ сезімдерді ұжымымен бірге сезінгісі келеді. Оларды мұғалім де тартып тұрады, өйткені олар ертегіні содан естиді, ертегіні ұйып тыңдайды. Мұғалім өмір бойы естерінде қалады, ол баланың рухани дүниесінен ең алдымен ертегі ретінде орын алады. Ертегі – бұл кішкентай дән, баланың өмірлік құбылыстарға эмоцияның баға беруі осы дәннен өсіп жетіледі.

Ертегі – бұл ой бесігі, бала тәрбиесін жолға қойғанда, ол осы бесік жөніндегі толғанулық естеліктерді өмір бойы сақтайтындай ету керек.

Ертегі – бұл ойлау ләззаты, ал ертегі шығара отырып, баланың ойлауға өз қабілетін орнықтырады, сол арқылы өзінің ар-намыс сезімін орнықтырады.

Қазақ ертегілерінің не үшін қажет екенін әдебиет зерттеушісі ғалым А. Байтұрсынов «Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары:

1. Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе.

2. Бала әдебиеті жоқ жерде баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор кедергі бар нәрсе. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді.

3. Бұрынғылардың сана – саңлау, қалып-салты жағынан дерек беруші үшін керегі бар нәрсе”- деп айтқан болатын. Қазақ халық ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттікке, еңбек сүйгіштікке, тазалыққа, достыққа, әдептілікке үйретеді. Жамандықтан, қулықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелеу жолын алға қояды. Әрдайым татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді» [2].

Батырлар ертегілер мен батырлар жыры ел қорғау жолындағы батырлардың ерлік істерін дәріптей отырып, ел бірлігі мен жұрт тыныштығын сақтап қорғау азаматтық парыз екенін нықтап, жас ұрпақты елжандылыққа, Отан сүйгіштікке тәрбиелейді.

Бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты жетілдіре тәрбиелеуде ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық жанр түрлерін қолданудың білімдікте, тәрбиелікте мәнінің зор екені сөзсіз. Ертегілерде ерте заманнан бастап соңғы кезге дейінгі халық өмірінің әр алуан жақтары қамтылады. Халықтың қоғамдық өмірі, тұрмыс-тіршілігі, дүние танудағы көзқарасы, таптық сана-сезімі, арман-мүддесі суреттеледі де ертегінің оқығасы реалистік болмыстан алынады. Егер қиял-ғажайып немесе хайуанаттар жайындағы ертегілерде фантастика басым келіп отырса, тұрмыс-салт ертегілерінде ол өте аз кездеседі. Мұнда адамның қиялдарынан туған әңгімелерден гөрі өмірде болған, не болуға тиісті оқиғалар басты орын алады. Сондықтан тұрмыс-салт ертегілерінің кейіпкерлері жалғыз көзді дәу, мыстан, жеті басты жалмауыз, жезтырнақ т.б. бейнесінде емес, нақты адам бейнесінде болады және сол қарапайым адамдар жайла айтылады [3].

Сан ғасырлар бойы халық ауыз әдебиетіндегі ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келген халықтық тәрбиенің өнеге үлгелері осы уақытта дейін өзінің педагогикалық мүмкіндіктерінің мәні зор екендігін дәлелдеп келеді.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің білім беру мазмұнындағы орнының маңыздылығымен ерекшелігі, бір жағынан, ана тілінің оқыту үдерісінде әдеби тұрғыдан бағыт беруінде болса, екінші жағынан, баланы сөз өнеріне, адамгершілікке баули отырып, төлтума, көркем шығармаларды оқуға қызығушылықтарын тудыруында. Сондықтан да, бастауыш білім мазмұнында халық ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемдік, жанрлық, мазмұндық жағынан алатын орнын анықтаудың мәні зор болмақ.

Жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеу – жоғарыда айтылған мінез- құлықтың дағдыларын ережелеріне үйретеді. Адамгершілікке үйретудің негізгі жолы — оқу процесі мен оқушылардың күнделікті өмірін, іс-әрекетін тиімді тәрбие шараларын ұйымдастыру. Оқушылардың адамгершілік туралы түсінігі мол болғанымен тәжірибеде іс-әрекеті, тәртібі біліміне сәйкес келмейтін жағдайлар кездеседі. Олар жақсы, жаман әдеттерді білгенімен, оны өз өміріне сәйкестендіре, тәртібінде іске асыра алмайды. Өйткені, ережені есте сақтау оңай да, оны іске асыру қиын. [4]

Сондықтан адамгершілік жайында түсінік білім берумен қатар дұрыс тәртібін, іс-әрекетін ұйымдастыруды көздейді. Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына үлкенді сыйлау, беделін мойындау, еңбек адамдарын құрметтеу, қамқорлық жасау, адалдыққа, шыншылдыққа, қарапайымдылыққа, мақсаттылыққа, шешімділікке, табандылыққа, белсенділікке, батылдыққа, ұстамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу де жатады.

Ертегілер өз кейіпкерлерін өмір мұратына, адам бақытының ең биік шыңына жетумен аяқталады. Ертегі балалардың ой-өрісін дамытып, тіл байлығын арттырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Халық ауыз әдебиетінің бір түрі ертегілер арқылы балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу/ Б.Қ.Ахметова// Ұлттық тәрбие -2013. №4. С 41-43
2. Ертегілер мен аңыздар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу/Б.Қабатай// Қазақстан мектебі-2008ж; №3 С. 64-67
3. Бастауыш сынып оқушыларын ертегілер арқылы тәрбиелеу/ Э. Уайдуллақызы// Педагогика мәселелері -2011ж; №2. С. 45-47
4. Ертегілер оқыту арқылы баланың танымдық қабілетін арттыру/ А.Р.Жакитова// Қазақстан педагогтар хабаршысы – 2015; №2 С. 67-72

**Бердыбекова Н.С., Асилбекова Ж.Б.**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІ МЕН АҚЫЛ – ОЙЫН ДАМЫТУДА ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Ертегілер әрқашанда қазақ халқының өмірінде маңызды роль атқарып келген. Себебі, ертегілердің мазмұнында халықтың тұрмыс тіршілігі салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, бүкіл болмысы, адамдардың өзара қарым-қатынасы, мінез-кұлқы т.б. бейнеленген. Ұрпақ тәрбиесінде ең тиімді тәрбие құралы ретінде ертегілер тілі жеңіл, түсінуі оңай болғандықтан, ертегілердің балаларға отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, т.б. тәрбиелер беруде ғана емес, олардың тілін дамытуда да атқарар қызметінің маңызы өте зор. Ертегілер бастауыш мектеп оқушыларының ой-өрісін жетілдіріп, ақыл – ойын дамытады. Ертегілерді баланың тыңдауы, естіген ертегі мазмұнын қайталап айтып беруі, баланың сөздік қоры молайтып, байланыстырып сөйлеу тілін дамытып, тілдің грамматикалық құрылымын меңгеруде ғана емес, ерлікке, достыққа, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге, эстетикалық талғамын, қиялын дамытуға мүмкіндіктер беріп түрлі жауыздық, зұлымдық иелері арқылы жамандықтан жирендіреді. Бастауыш сыныпта ертегілерді оқытудың маңызы зор [1].

Ертегі – халық шығармасы, халық мұрасы. Онда халықтың ертеңге деген сенімі мен үміт-арманы, әділдік пен шындық, бақыт туралы ойлары тоғысып жатады. Қай халық болсын өзінің даму жолында қилы-қилы тарихи кезеңдерден өтеді. Жақсылық пен жамандықтың бітіспес тайталасын бастан кешіреді. Ертегі қаһармандарының үнемі күрес үстінде көрінетіні және осы жолда жеңіске жететіні, әділдіктің әркез үстем болатыны – халықтың осынау көкейтесті ой-арманының көрінісі. Халық ойының аса бай құнарынан жаратылғандықтан да ертегі әрбір оқушы үшін ерекше маңызға ие. Әр алуан ертегілермен танысу оқушыны қиялдай білуге үйретеді. Халықтық тәрбиенің қасиетті бұлағынан сусындауға мүмкіндік жасайды. Ел мен жерге деген сүйіспеншілігін оятады, азаматтық көзқарасының алғашқы негізінің қалыптасуына септігін тигізеді. Жалпы алғанда ертегі бастауыш сынып оқушыларын оқуға ынталандыратын шығармалардың бірі. Қазақ халқы педагогикалық қағидаларды «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің». «Беске дейін піріңдей күт, он беске дейін құлыңдай күт», «баланы жастан...» т.б. сияқты түсініктермен толықтай дәлелденген, теориялық ұғымдар. Халық балаға жастай тәрбие беруде баланың қалыптасып жетілуіне тікелей ықпал ететін тәрбиелік дүниелерді, ертегілер, батырлар жыры, ұлттық ойындар т.б. пайдаланған. Ертегіден халықтың әр кездегі тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, ой-арманы, дүниетанымы мен көзқарасы, тағы басқа көрініп отырады. Сондықтан да Белинский мұны «Халық жанының айнасы» деген болатын [2].

Қазақ халқының ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттікке, еңбексүйгіштікке, тазалыққа, достыққа, ерлікке, әдептілікке үйретеді. Жамандықтан, қулықтан, өтіріктен, зұлымдықтан аулақ болуға тәрбиелейді. Әрдайым татулық, бірлік, ынтымақ жеңетінін көрсетеді. Сондықтан ертегі – балалардың рухани өмірінің айырылмас досы. Халықтың ауыз

әдебиетінің тәрбиелік мәні күшті болуы да сонда. Ол баланы алған ісінің аяғына дейін табыспен аяқтауға, қиял шалқытып, ой-өрісін кеңейтуге себепші болады.

Ертегі әлемінің түрі мен кейіпкерлеріне мағлұмат беру. Халық ауыз әдебиетінің ішіндегі ең жақыны балаларға ол ертегі болмақ. Алғашқы қауымнан бастап, бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін ертегілерді ойлап шығарған адамзат тарихында ертегілердің тәрбиелік мәні зор. Қазақ ертегілері сан алуан. К.Д. Ушинский: «... шығармада келтірілген адамгершілік іс-әрекеті, адамгершілік сезімді, адамгершілік ойды сүюге баланы итермелейтін әдеби шығарма өнегелі шығарма», — деп жазған. Сонымен адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халық ертегілеріндегі кейіпкерлер бейнесі көбіне қарапайым адамдар болып келеді. Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманнан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда», «Баяғы өткен заманда», «Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде» деп басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес. Қазақ ертегілерін академик М. Әуезов үш жанрға бөледі; қиял-ғажайып ертегілері, хайуанаттар жайлы ертегілер, шыншыл ертегілер. Солардың ішіндегі ең көнесі, әрі ертегілердің мол саласы – қиял-ғажайып ертегілері.

Бұл ертегілерде табиғаттың немен тұңғыық сырларын әлі танымаған адам ойының сәбилік шақтары, соны білсем деген халық арманы, әлемді шарласам, жеті қат жер асты құпиясына үңілсем, тіршілік өмірін жеңілдетсем деп армандаған халық қиялы бейнеленген. Сол дүниеде жаңалық пен жамандық, әділдік пен жауыздық, адалдық пен қаскөйлік бітіспес арпалыста болады. Ертегілерде тартыс осы қарама-қарсы күштер арасында әділдік пен жауыздық, арасында өрбиді. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі қаскөйде аса үрейлі, жауыздығында шек жоқ жалмауыз кемпір жойқын күш иесі болып бейнеленеді. «Алтын сақа» ертегісіндегі кейіпкерлер жалмауыз кемпір бойында қандай ерен қуат бар, күнәсіз балаға деген қаскөйлігі қандай. Сақасын іліп ала қашқан балаға жете алмасын білген соң, ол бір тісін жұлып түсіреді тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы бір аяғы жұлынып түседі.

Қиял-ғажайып ертегілердегі мекен жайлар да сиқырлы, жұмбақ әлемі. Адам тек түсінде ғана көрерлік қиял сарайлары. Олар таңғажайып жиһазға толы. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі кейіпкерлердің ішіндегі адамға жағымсыз, сұм кейіпкерлер – мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дию сияқты талай басқа да сиқырлы күштер бар.

Мыстан кемпір. Ол – айлакер әйел, қулықпен күн кешкен. Алдап-арбаудың небір түрлерін, амал-айласын білген. Өзімізге жақсы таныс «Алпамыс батыр» жырында батырдың алдын орап, майда тілмен оны дегеніне көндіріп, шырмауына түсіретіні белгілі. Мыстан бейнесінің жырларда берілуі жөнінде зерттеуші Ш.Ыбыраев мынадай пікір айтады: «Мифтік ұғымдардан қазақтың көне эпостарында көптеген белгілер сақталған. Жалпы, көне эпостарда ерекше жинақталып, тұтас көрінетін жауыздық бейне – мыстан кемпір. Ол бірде айлакер, барлық жағдайды күні бұрын болжап отыратын, сөйтіп, батырдың жолына алдын ала тор құратын жауыз кемпірдің кейпінде суреттелсе, бірде жеті басты жалмауыз, нағыз дүлей күштің иесі ретінде суреттеледі». Яғни, мұндай сырт кейпі ұсқынсыз бейне жыр сюжетін ерекше қызықты, шытырманды ете түседі [3].

Албасты – мифологиялық көне кейіпкер. Бұл ретте ғалым С.Қасқабасов мынадай ой айтады: «көне мифологиядағы рух-иелер алғашқы қауым мифінде дүниені жаратушы өрі күллі өлемнің иесі болып көрсетіледі. Мұндай кейіпкерлердің қалдығы кейінгі заманда қалыптасқан жанрларда да, мысалы ертегі, эпостарда да көрініс береді». Пері – көбіне салқын жерде, көбіне су жағасын мекендейді. Ол сұлу қыз түрінде көрінеді. Перінің мұсылман және кәпір перісі болады. Мұсылман перісі көбіне адам үшін зиянсыз болады. Бұл бейне де ертегі-аңыздарда әйел бейнесінде беріледі де – адамға тән. Міне, бұл кейіпкерлер адамның көне ойлаудағы танымынан хабар бере отырып, халықтың байырғы ұғымдардың менін ашады.

Қазіргі қазақ ертегілерінің ішкі мазмұнына қарай отырып, бұл сұраққа, менің ойымша екі түрлі жауап беруге болады. Біріншіден ертегіні жасаушы – халық даналығы өмір мұратына жетудің басты жолы ақылдылық екенін бірінші кезекте, сол ақылдылықтың өзін

еңбекпен байланысты екенін қысқа болса да ертегіде дәлелді міндетті түрде берілуі, ертегінің сол кездегі өмір жағдайын толық көрсете білуі. Екіншіден, ертегіде өмір мұратына жетудегі еңбектің мәнінің жеткілікті, толық көрінбеуі, керісінше, ақылдылыққа үлкен орын берілуі, ертегі жасаушының өзі, бұл мәселеге толық жауап беруге әзір емес сияқты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Халық ауыз әдебиетінің бір түрі ертегілер арқылы балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу/ Б.Қ.Ахметова// Ұлттық тәрбие -2013. №4. С 41-43
2. Ертегілер мен аңыздар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу/Б.Қабатай// Қазақстан мектебі-2008ж; №3 С. 64-67
3. Бастауыш сынып оқушыларын ертегілер арқылы тәрбиелеу/ Э. Уайдуллақызы// Педагогика мәселелері -2011ж; №2. С. 45-47
4. Ертегілер оқыту арқылы баланың танымдық қабілетін арттыру/ А.Р.Жакитова// Қазақстан педагогтар хабаршысы – 2015; №2 С. 67-72

Аубакирова А.А.<sup>1</sup>, Аубакиров Қ.Е.<sup>2</sup>

### АТА-АНА МЕН ЖЕТКІНШЕК АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Отбасы әлеуметтенудің алғашқы сатысы, мұнда пікірлер, көзқарастар, құндылықтар мен мінез-құлықтарды меңгере бастайды. Дәстүрлі отбасылар сияқты кеңейтілген отбасылар да әлеуметтік жүйе болып табылады, онда әрбір отбасы мүшесі басқа мүшелеріне тікелей және жанама түрде ықпал ете алады. Отбасы жағымды ата-аналар бірлестігін, бір-бірін қолдаушы ата-аналар күшін құрай алатын болса, балалар неғұрлым жақсы тұрады.

Отбасы сонымен қатар дамушы әлеуметтік жүйе болып табылады. Қоғамдық және мәдени ортаға енетіндіктен, барлық болып жатқан жағдайлар отбасының қызмет атқаруына ықпал етіп отырады. Отбасына әсер ететін әлеуметтік өзгерістерге, жалғызбасты ересектердің көпшілігі, неғұрлым кеш некеге тұру; туылудың азаюы; әйел адамдардың жұмысқа араласуы; толымсыз отбасылар және аралас отбасылар және де кедейлік жағдайда өмір сүріп жатқан отбасылар баршылық.

Отбасы-нақты өмірлік құндылықтарды, түсініктерді, қоғаммен өзара қатынаста бағыттар бірлігін білдіретін адамдар бірлестігі, мәдени бірлестік. Дәл осы қызметтердің сипаты бірлестігі,мәдени бірлестік. Дәл осы қызметтердің сипаты некенің мазмұны, формалары және тұрақтылық критерийлерін болжайды. Отбасы психологиялық ерекшеліктерден тұратын шағын топ ретінде әлеуметтік психологияның зерттеу нысаны болып табылады.

Отбасы әлеуметтенудің алғашқы сатысы, мұнда пікірлер, көзқарастар, құндылықтар мен мінез-құлықтарды меңгере бастайды. Дәстүрлі отбасылар сияқты кеңейтілген отбасылар да әлеуметтік жүйе болып табылады, онда әрбір отбасы мүшесі басқа мүшелеріне тікелей және жанама түрде ықпал ете алады. Отбасы жағымды ата-аналар бірлестігін, бір-бірін қолдаушы ата-аналар күшін құрай алатын болса, балалар неғұрлым жақсы тұрады.

Отбасы сонымен қатар дамушы әлеуметтік жүйе болып табылады. Қоғамдық және мәдени ортаға енетіндіктен, барлық болып жатқан жағдайлар отбасының қызмет атқаруына

ықпал етіп отырады. Отбасына әсер ететін әлеуметтік өзгерістерге, жалғызбасты ересектердің көпшілігі, неғұрлым кеш некеге тұру; туылудың азаюы; әйел адамдардың жұмысқа араласуы; толымсыз отбасылар және аралас отбасылар және де кедейлік жағдайда өмір сүріп жатқан отбасылар баршылық.

Отбасы-нақты өмірлік құндылықтарды, түсініктерді, қоғаммен өзара қатынаста бағыттар бірлігін білдіретін адамдар бірлестігі, мәдени бірлестік. Дәл осы қызметтердің сипаты бірлестігі, мәдени бірлестік. Дәл осы қызметтердің сипаты некенің мазмұны, формалары және тұрақтылық критерийлерін болжайды. Отбасы психологиялық ерекшеліктерден тұратын шағын топ ретінде әлеуметтік психологияның зерттеу нысаны болып табылады.

Шындықтың бейнеленуінің әлеуметтік психологиялық заңдылықтары адам мінез-құлқына ғылыми негізделген түрде етудің жаңа мүмкіндіктеріне қоғам алдында аша алады. Отбасын әлеуметтік-психологиялық зерттеу тұлғаның әлеуметтену процесінің негізінде жатқан дәне де отбасылық бірлестіктің мүшелеріне күшті әсер ететін заңдылықтарды білуге мүмкіндік береді.

Отбасындағы ең басты іс-әрекет ол ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас.

Қарым-қатынас – адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлға аралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым-қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу сенімді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды. Қарым-қатынас барысында екі не бірнеше психологиялық жүйе, рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, қылық-жорықтар арасында келісім, не өзара түсіністік тұрғысында, не болмаса қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдіс іске асады.

Отбасы қарым-қатынасында, олардың ішінен келісім, өзара түсіністік, бірінің екіншісіне бойсынуы, бірінің екіншісін құптауы сенімді қарым-қатынасының қазіргі кездегі басты ерекшелігі әр тұлғаның мейлі балалары, мейлі ересектері болсын, мағлұмат байлығы (информационное богатство) болып, өзара қарым-қатынас осы мағлұмат алмасу кезінде өте тығыз орнығыуы ықтимал. Өзара мағлұмат алмасу отбасы мүшелерінің рухани кемелденуіне алып келсе, мұндай отбасының болашағы бар. Отбасы мүшелеріне қарым-қатынас арқылы біріктіретін, өзара туысқандық байланыстарын нығайта түсетін аса маңызды сфера мақсаты. Отбасын материалдық қамсыздандыру мақсатындағы бірлесіп еңбек ету, нәтижесіне ортақтасу, бөлісу. Мұндай қарым-қатынас алдымен, отбасы иелері әке мен шеше ортасында түсіністікпен орнаса, соның өзі балаларға өнеге болатыны өмірден белгілі. Бұдан басқа әке мен ұл анасы мен қызы, бір туғандардың бірлесіп, бір мақсатта еңбектенуі өзара түсіністікті нығайтатын аса маңызды қарым-қатынас екені педагог, психолог ғалымдар тарапынан дәлелденген.

Қарым-қатынас барысындағы біреудің екінші бір адамға әсерін, не болмаса өзара қарым-қатынас нәтижесіндегі сипатта болғанымен, ішкі тетіктері (механизмдері) адамның психикалық ахуалына, сезімі, ой-санасына, қылық жорығы, жүріс-тұрысына тікелей, жанама, сөз арқылы әсер ету болып саналады.

Жоғарыда айтылып кеткендей отбасындағы, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас түрін қарастырамыз. Яғни жас ерекшелік жағынан жеткіншек пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас.

Жеткіншек жас кезеңі адам тұлғасының қалыптасуында маңызды кезең болып табылады. Дәстүрлі түрде бұл кезең тәрбиелік қатынасқа қиындықтар тудырытын кезең болып табылады. Ғылыми білімдер жүйесінде жеткіншектерді зерттеумен байланысты мәселелер кешеніне көп көңіл бөлінеді, мәселелер әртүрлі деңгейде және мазмұнда болады. Осы жас кезеңдегі даму көздері, жағдайлары және механизмдерін танып білу тұтастай дамудағы онтогенетикалық заңдылықтарды ашуға негіз бола алады. Қазіргі кездегі зерттеулер жеткіншектік жастың ерекшеліктері мен қасиеттері жайлы үлкен материалдар жинақталды, ол өз кезегінде осы маңызды психикалық кезеңнің ерекшеліктерін қазіргі қоғамның жағдайларында зерттеуге қажетті базаның пайда болуына ықпал етті. Мәдениеттің

нақты-элеуметтік шарттарына, дәстүрлеріне сәйкес бұл өтпелі кезең әртүрлі мазмұнда әрі, әртүрлі ұзақтықта орындалуы мүмкін. Қазіргі таңдағы қоғам жағдайларына сәйкес бұл кезең шамамен 10-11 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Жалпы, балалардың мектептегі орта буында оқуымен сәйкес келеді.

Жеткіншектік жас кезеңнің психологиясы тақырыбы әрдайым өзекті болып табылады. Бірақ жеткіншектердің әрбір ұрпағы осы кезеңді басынан өткізеді және де қоғам дамуының тарихи жағдайларына сәйкес өз мәселелерін өз бетінше орындауға тырысады.

Жеткіншектік кезеңді М. Мұқанов баланың дамуындағы ерекше орны бар «өтпелі», «бетбұрыс», «қиын», «сыналатын» кезең деген атауларында бейнеленген деп көрсетті. Бұл атауларда осы жастарда болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтумен байланысты даму процестерінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған.

Біз жеткіншектің «мен» деген қасиетін жете түсіну үшін оның үлкендермен қарым-қатынастарына, әсіресе екі ортада кездесетін қайшылықтарына тоқталсақ. Қайшылық жеткіншектің есейіп қалуы мен үлкендердің оған бала деп қарауының келіспеушілігінен болған. Ал қайшылықтың нәтижесінде сол жағдайдан қалай құтылуды білмеуді дағдарыс дейміз. Дағдарыстың жеткіншек жасындағы бұл түрі бөбектердің дағдарыс кезеңінен әлдеқайда басым болады. Дағдарыс дегеннің мағынасы қиын жағдайда тап болған кезді одан қалай шығуын білмеуді білдіреді.

А.Г.Ковалев дағдарыс кезі жеткіншектің жасына орай келмейді, онымен үлкендер арасындағы қатынастың бұзылуынан пайда болды дейді. Осылай деу дағдарыс кезі жеткіншекте тіпті кездеспей, ол сергелдеңге ұшырамауы мүмкін. Демек, жеткіншектің үлкендермен қатынасы жақсы болып келсе, онда дағдарыс кезі кездеспейді. Осы пікірге түгелдей қосылу қиын: біріншіден, дағдарысқа ұшырайтын үлкендер емес, жеткіншектің өзі. Екіншіден дағдарыс үлкендердің оған қатынасына риза болмаудан кездесе де, мұның өзі тек 11-16 жас арасында болып отыр. Егер А.Г.Ковалевтың айтқаны дұрыс болса, дағдарысқа ұшырау 7-10 немесе 16-18 жастарда да кездесуі ықтимал болар еді.

Жеткіншек үлкендерден өзінің есейгенімен, өзбетілігімен санасуын әр сала бойынша талап етеді. Қыздар киім киюде, не өзін күтуде, ұл бала тиісті міндеттерді өз еркімен, орындағысы келеді. Осыған әуелгі кезде туған-туысқандары қарсы шығады. Бұлардың қарсы шығатын себебі, баласына сенім білдіргісі келмегенен емес, оны «бала» деп бәлендей істі не тапсырманы бүлдіріп алады ғой деуінен. Бірақ жеткіншек осыған түсінбей «мені бала деп сенбей отыр», - дейді. Егер осындай қатынас көп созылса, жеткіншек пен үлкен адамдар арасында түсінбеушілік туып, бала ызаланып, ерегесуге, не негативті халде болып, үлкендер не айтса да соны орындамауға тырысады.

Екі арадағы қайшылықты кім жеңеді деугенде, жеткіншектің талабы жаңа болғандықтан, сол жеңеді деуге болады. Осындай екі арадағы түсінбеушілікті неміс психологы К. Левин «ойлық бөгет» деп атаған. Мұны солай деуінің себебі жеткіншек пен үлкендер арасында түсінбеушілік болып, бөгет салынған соң, енді үлкендердің сөзіне құлақ аспайды. Сондықтан жеткіншекке тіл алдыру үшін алдымен сол бөгетті жою керек, ал бөгетті жою оңай емес.

Жеткіншектің үлкендерді түсінбеуі, кейін оны жан-жалға, не сергелдеңге апарып соғады. Мұндай оқиғалар, әсіресе қалалық жерлердегі семьяларда жиі кездеседі. Көпшілік жұрттың мақсатта үлкендердің абыройын төкпей, тіпті осылардың өзі жауапты болғанда да, қайткенде де арашалау болып табылады.

Жалпы алғанда жеткіншектің үлкендерге қоятын талабын түгел қате деуге болмайды: біріншіден, үлкендер өзінің өмір баяанын мысал ретінде келтіріп, «біз жас кезімізде мынадай болып едік...» деп, өзі сол кезде қандай болса, баласы да сондай болуы тиіс десе, қателескен болар еді. Себебі үлкендердің жас кезі мен жеткіншектің қазіргі жас кезіндегі жағдайлар мен талаптар бір емес. Екіншіден, бір кісінің үйренген, не қиыншылықты жеңуге қолданған тәсілдерді өзгелердің игілігіне барлық жағдайда сіңе бермейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдракова А.Б. Роль общения в воспитании трудных подростков. Автореф.дис. канд. Алматы, 2004ж.
2. Айдарбеков Қ.А. Развитие диалогической структуры самосознания у подростков в системе внутрисемейных взаимодействиях. Автореф.дис. канд. Алматы, 2003ж.
3. Атоян А.Д. Конфликтология. М.: Смысл, 2006ж.
4. Әбдумүтәліп К.Д. Тәртібі қиын жасөспірімдерді арнайы мектеп жағдайында тәрбиелеудің және қайта тәрбиелеудің педагогикалық жолдары. Автореф. канд.дис. Алматы, 2004ж.

Аубакирова А.А.<sup>1</sup>, Аубакиров Қ.Е.<sup>2</sup>

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘЛЕУМЕТТІК – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ӘСЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Адам – өз жолын, өмір сүру салтын, тұрғылықты мекен жайы мен жалпы өмірінің заңдылықтарын өзі таңдайды. . Бұл таңдау оның туа біткен және жеке қасиеттеріне, сондай-ақ психологиялық қасиеттеріне байланысты. Жеке тұлғаны қоғамның мүшесі ретінде дамыту әртүрлі материалдық тауарларды тұтыну және өндіру процестерінде қалыптасатын қарым-қатынастарына әсер етеді. Мақалада әлеуметтік-психологиялық ахуалдың жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының мәні мен мазмұны ғалым зерттеушілердің ой-пікірлеріне негізделіп қарастырылады. Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің формалары, типтері, тәсілдері жан-жақты талданады.

Қазіргі әлеуметтік, экономикалық үдерістер тоғысқан күрделі даму кезеңін бастан өткізіп отырған Қазақстан Республикасы қазіргі қоғамның талап-тілектеріне толығымен жауап беретін, жауапкершілік сезімі жоғары, шығармашылық белсенділігі мен адамгершілік болмысы бірдей үндескен, бойындағы дара мүмкіндіктерін, интеллектуалдық қабілеттерін өз іс-әрекетінде қолдана алатын жеке тұлға қалыптастыру мәселесін өзекті етуде.

Тұлғаның өнегелілік, адамгершілік сана-сезімін, түсініктерін, әлеуметке деген қатынасын көрсететін мінез-құлықтары мен әдеттерін дамытудағы психологиялық механизмдерді аша отырып, тұлғаның сана-сезімінің қалыптасуын, әлеуметтік-психологиялық бейімделу шарттарын, ерекшеліктерін қарастырып зерттеу – бүгінгі таңда маңызды [1].

Соңғы жылдары әлеуметтік-психологиялық бейімделуді дамыту өзекті мәселе ретінде түрлі ғылыми зерттеулердің объектісіне айналуда.

Бейімделу әр түрлі факторлардың әсерінен болады – бұған адамға басқа адамдардың мақсатты бағытталған тәрбиелік әсері, қоғамдық институттар және өмірлік жағдайлардың түрлі әсері жатады. Психологияда бұл түсінік ғылымға кейін енді және ол өзіндік мазмұнға ие болуға тырысты. Бірақ бұл түсінік жалғыз ғана тәсіл болған жоқ, өйткені «бейімделу» түсінігі үздіксіз жеке тұлғамен және оның ортамен қарым-қатынасымен байланысты. Осыдан бейімделудің түрлі интерпретациялық үрдісін көреміз. Біреулер үшін – бұл әлеуметтік мінез-құлықты үйрену, басқалар үшін – мәдени саланың талаптарына сай тұлғаның моделін қалыптастыру, үшіншілері үшін – топтағы «әлеуметтік қатысуға» дайындық.

Жеке тұлға және оның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің мәні мен мазмұнын түсінуге байланысты ой-пікірлер тамырын тереңге бойлайды. Оның маңыздылығы жөнінде



Э. Роттердамский, К.А. Гельвеций, Д. Дидро, А. Дистервег, З. Фрейд, Д. Дьюи, Э. Торндайк, П.П. Блонский, Л.С. Выготский, Л.И. Божович, С.Л. Рубинштейн, В.В. Давыдов және т.б. қарастырған.

С.Д. Артемов, К.М. Хайлов, В.И. Вершинина, В.П. Казначеев, И.А. Милославова, В.А. Ядов, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, А.Г. Спиркин, И.И. Чесноков еңбектерінде әлеуметтік-психологиялық бейімделу тұлға дамуының мәселелері контекстінде жалпы теориялық және әдіснамалық тұрғысынан талданған.

Тұлғаның бейімделуі құндылық бағдарымен тығыз байланысты. Орыс психологы М.Т. Журавлев бейімделу құндылық бағдардың адам өмірінде, қарым-қатынасында, мінез-құлқында қызығушылыққа айналуы деп түсіндіреді.

И.С. Конның еңбектерінде әлеуметтік-психологиялық бейімделудің философиялық, жалпы және әлеуметтік-психологиялық, тарихи-мәдени аспектілері, теориялық мәселелері мен нақты эксперименталды алынған талдаулары ашылған. Сонымен қатар У. Джеймс, К. Роджерс, Р.В. Бернс, Э. Берн еңбектерінде де өзіндік санаға, әлеуметтік бейімделуге қатысы бар әр түрлі көзқарастар жеткілікті [2].

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу - бұл адамдардың анықталған әлеуметтік-психологиялық мәртебесін қалыптастыру үдерісі және әлеуметтік-психологиялық функцияларды қабылдауы. Сонымен қатар іс-әрекет элементі мен функциясын, тұрақты ортадағы шарттарын қолдану.

Әлеуметтік бейімделу әлеуметтік психиканың негізгі функциясы. Әлеуметтік психика адамдардың қабілеттілігін жеңілдетеді және тұлғаның бейімделуі анықталған мінез-құлқ шарттарын жасайды.

Сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық бейімделу үдерісінде адам өмірдің ішкі және сыртқы шарттары мен іс-әрекетіне жетуге тырысады. Оны орындау үшін жеке тұлғаның бейімделуі жоғарылайды, яғни оның әлеуметтік өмірге деген қабілеттілік деңгейі көрінеді.

Бейімделудің түрлері: ішкі, сыртқы, аралас. Ішкі - ортаның өзгеруіне байланысты тұлғаның функционалды құрылымы мен жүйесі (мұнда мінез-құлқ формасының сырт келбеті және адамның іс-әрекеті өзгереді, қоршаған ортаның шарттарына байланысты тұлғаның бейімделуі толықтай болады), сыртқы (мінез-құлқтық, қабілеттілік) - мұнда тұлғаның ішкі мазмұны өзгермейді, аралас - мұнда тұлға біраз өзгереді, бірақ өзінің мінез-құлқын, «өзіндік Менін» сақтайды.

Сонымен қатар, әлеуметтік-психологиялық бейімделу жеке тұлғаның қорғанысы ретінде де көрінеді, яғни осының көмегімен ішкі психикалық қорғаныс қалыптасады. Психиканың қорғаныс механизмдері адамның психологиялық бейімделуінің тәсілі ретінде қарастырылады. Егер жеке тұлғаның психологиялық қорғаныс механизмдері толықтай болса, бұл бейімделу потенциалын жоғарлатады, әлеуметтік-психологиялық бейімделу қабілеті сәтті болады. Егер адамның қорғаныс механизмдері дұрыс қолданылмаса, олар психиканың дамуында деструктивті рөл атқарады [3].

Әлеуметтік бейімделудің негізгі тәсілдері: жаңа әлеуметтік ортадағы құндылықты (топтар, ұжымдар, ұйымдар) қабылдау, осы жерде қалыптасқан әлеуметтік өзара іс-әрекеттің формасы (формалды және формалды емес байланыс, жанұямен және көршілермен қарым-қатынас тағы басқалары), сонымен қатар заттық іс-әрекет (жұмысты кәсіби орындау қабілеті немесе жанұялық міндет).

Бүгінде әлеуметтік бейімделудің екі формасы бар:

1) Белсенді формасы – тұлға ортаға әсер етуге, оны өзгертуге тырысады (құндылықты форма, өзара әрекет және әрекет)

2) Белсенді емес формасы – еш нәрсеге ұмтылмау.

Әлеуметтік бейімделудің жақсы көрсеткіштері – ортада индивидтің әлеуметтік беделінің жоғары болуы, сонымен қатар оның психологиялық қанағаттандырылуы мен оған деген маңызды элементке ие болуы. (Мысалы, жұмысқа және оның шарттарына қанағаттану).

Осыған байланысты психологтар әлеуметтік-психологиялық бейімделудің екі типін көрсетеді: прогрессивті және регрессивті. Прогрессивті бейімделуде жеке тұлға қызығушылығы мен мақсатына жетеді. Регрессивті бейімделу формалды, не ортаның қызығушылығына, не әлеуметтік топтың дамуына, не жеке тұлғаның дамуына жауап бермейді. Көбінесе регрессивті бейімделу адамның топтық нормасына конформды, ол негізгі формалды қабылдауды көрсетеді. Мұндай жағдайда тұлға өзінің шығармашылық қабілетін көрсете алмайды және өзі толықтай қалыптаса алмайды. Тек қана прогрессивті бейімделу жеке тұлғаның дұрыс әлеуметтенуіне қабілеттілігін арттырады [4].

Механизм бойынша әлеуметтік-психологиялық бейімделу өз қалауынша немесе мәжбүрлі болады. «Бейімделу» терминімен қатар әлеуметтік психологияда қайта бейімделу термині қолданады. «Қайта бейімделу» тұлғаның бағалы білімін, оның мақсаты мен нормасын, қажеттілік мотивациялық аймағын толығымен жағымды мазмұнға айналдырады.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу — бұл адамның қоғамдық өмірдің тәжірибесін меңгеруінің жан-жақты үдерісі. Сонымен қатар адамның әртүрлі адамдармен өзара тиімді қарым-қатынасқа қажетті адамзаттық қатынастардың мәдениетін, әлеуметтік нормаларды меңгеруін қамтиды. Ол қоршаған әлеуметтік шындықты белсенді танып білуді, дара және топтық жұмыстың дағдыларын меңгеруді, ол үшін қажетті қабілеттіктерді дамытуды қажет етеді.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу үдерісі жеке тұлғаның қоғам мүшесі ретінде өмір сүруіне мүмкіндік тудыратын құндылықтар мен нормалар жүйелерін игеруіне қажет бүкіл әлеуметтік үдерістерінің жиынтығы. Оның мәнісі, ол – екі жақты үдеріс екендігінде, біріншіден, әлеуметтік ортаға кірудің арқасында индивидтің әлеуметтік тәжірибиені игеруі, екіншіден, индивидтің осы әлеуметтік байланыстар негізінде әлеуметтік ортаға белсенді араласуының арқасында, сол әлеуметтік байланыстар жүйесін белсенді түрде қайта жасау процесі. Біріншісі - әлеуметтік тәжірибиені игеру негізіндегі ортаның адамға әсерін сипаттаса, екіншісі, адамның өз іс-әрекетінің арқасында ортаға әсер етуін көрсетеді.

Бейімделу процесінің мазмұны жеке тұлғаның қалыптасуы тұрғысынан қарағанда үш аймақта: іс-әрекетте, қарым-қатынаста, өзіндік сананың қалыптасуында іске асырылады [5].

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу даралықты дамыту жағдайларының бірі. Даралылықтың тұрақты қырының болуы бейімделу үдерісінің жетістігінің бір көрсеткіші. Бірақ кейбір жағдайларда нақты осы даралық сол немесе басқа топта тұлғаның бейімделуіне кедергі келтіруі мүмкін. Бейімделу механизмінің құрылу деңгейі даралықты дамыту жағдайын қамтамасыз етеді. Өмір әрекеті үдерісінде бейімделу механизмінің құрылуы автоматтандырылған әдет, дағды, мінез-құлық, бейсаналы аймаққа өтеді. Бұл даралықтың дамуы үшін шексіз мүмкіншілікті ашады. Тұлғаның әлеуметтену үдерісінің жетістігінің алғы шарты адамның дара ерекшеліктері мен әлеуметтік-психологиялық бейімделудің жанама түрде болуы [6].

Қорыта келгенде, жеке тұлғаның қалыптасуының жағдайы, жеке адам созылмалы емес ішкі және сыртқы қақтығыстарсыз басты әрекетке сәтті қосылуы, негізгі социогенді қажеттіліктерді қанағаттандыруы, оның топ ұсынатын ролдік күтілімдеріне қарсы шығуы, өзінің ісін көрсету және шығармашылық қабілеттерін еркін көрсету жағдайы - әлеуметтік-психологиялық бейімделу болып табылады. Сонымен жеке тұлғаның әлеуметтік психологиялық бейімделуі – толық әлеуметтенудің бір жолы болып табылады. Л.Д. Столяренко тұлғаның әлеуметтену сатысын қарастырғанда, бірінші сатыны біріншілік әлеуметтену немесе бейімделу сатысы деп көрсетеді. Адамның әлеуметтік бейімделуі жеке позициясын, әлеуметтік мәртебесін түсінуден, сондай-ақ онымен байланысты рөлдік мінез-құлық ретінде жалпы топтық міндеттерді шешу үдерісінде тұлғаның дара ерекшеліктерін жүзеге асырудан басталады.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу үдерісінде әлеуметтік ортаның шарттары өзгеріске түседі және тұлғаның функционалды құрылымындағы психикасына түзету жасалынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бап – Баба С. Б. Жалпы психология: Жантану негіздері.
2. Андреева Г.М. Социальная психология.-М.:МГУ, 1980.
3. Битянова М.Р. «Социальная психология» ,Москва, 1994
4. Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика. Оқулық. –А.,2012,-272б.
5. Маслоу А. Самоактивизация личности.М., 1995
6. Айтбаева А. Әлеуметтік педагогика негіздері. Оқу құрал.-А.,2011.
7. Социально-педагогический словарь. /Под ред. Т.Н.Черняева, А.С.Иргалиев, Ж.Ж. Жароллаева. Эл. Издание. – Уральск,2010

Навий Л.<sup>1</sup>, Ахметова А.Е.<sup>2</sup>

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Ұлттық психологияның ерекшеліктері мәдениетте, тұрмыста, сондай-ақ ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерде де айқын көрінеді. Осы мәселелерге арналған әдебиеттерде ұлттық әдет-ғұрыптардың, дәстүрлердің саяси-әлеуметтік өмірдегі орны мен рөлі, оның таптық сипаты, прогресивтік рухани маңызы ұлттық қатынастардың жетілу процесіндегі әдептілік мәдени құндылықтарына талдау жасалынады.

Әрбір халық өздерінің әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін, салт-жораларын ұрпақтан ұрпаққа қалдырып отырады, әрі сақтайды. Олардың ұлттық мәдениетінде, тұрмысында бөлінбейтіндей болып қалыптасады. Ұлттық әдептілік, мәдени құндылық олардың өмір ерекшеліктеріне сәйкес сол ұлттық көпшілік өкілдеріне тиісті болатын қоғамдық дему мен табиғат құбылыстарының қайталану заңдылықтарының нәтижесі.

Қазақ құндылығының ғасырлар қойнауынан сүрінбей өтіп, өзінің үрдіс дәстүрін сақтаған айрықша саласы балалар ойындары. Рухани мұрамыздың өзге түрлері сияқты оның да даму тарихы, толымды арнасы, әркез қоғамда атқарып келе жатқан қызметі бар.

Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп-өну, ілгерілеу жоқ. Қазақ ойындарының өміршең қызметі де оның жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу ісімен байланыстыболуында. Демек, халықтың этикасы мен эстетикасының, педагогикасы мен психологиясының, әдет-ғұрпы мен наным-сенімдерінің, шаруашылығы мен кәсінің шоғырланған көрінісі балалардың ойын-сауық түрлерінде жатыр десек асыра айтқандық емес.

Әрбір қоғамның балаларға жасап отырған қамқорлығына, жеткіншек ұрпаққа деген көзқарасына қарап, сол қоғамның болмыс – бағдарын байқауға болады. Түптеп келгенде, ұлттық қасиет пен дәстүрдің қалайша жалғастық табуы да сол қоғамның ұрпаққа деген мәмілісіне байланысты. Сондықтан болар, қазір көптеген дүние жүзі халықтарының педагогика мен психология ғылымында «Халықтық педагогика мен ұлттық психология» деген арнайы ғылыми бағыттар қалыптасты. Олар халықтың дәстүрлі тәрбиелеу салтын, мәдени құндылықтарын балаларға қатысты әдет-ғұрпын, өлең-жырларын, ойын-сауықтарын жан-жақты қарастырады. Мұндай игілікті істердің нәтижесінде әрбір халықтың мәдениетін кеңірек тануға, психологиясын терең түсінуге, этникалық мәдениет, дәстүрін ұрпақтар бойына сіңіру жолдарын нықтылы білуге, балалардың психикалық дамуын тиімді етуге, сөйтіп халықтық педагогиканың тиімді жақтарын бүгінгі күннің қажеттілігіне жаратуға болатындығы анықталып отыр [1].

Әр халықтың өз ұлт ойындары және әр ұлт ойынының өз ерекшеліктері бар. Ұлт ойындарының қалыптасуы тек балаларға ғана керектігімен дамып қойған жоқ, ересектердің күнделіктегі тіршіліктің қозғалысы мен көңіл көтеріп, демалыс уақытын өткізудегі қолданылған еңбектің бір түрі ретінде дамыды.

Мәселен, әртүрлі қозғалмалы ойындар мен асық ойындары тайпалық одақтарда ересектер арасында дамиды да, кейін келе жасөспірімдерде қалды. Себебі үлкендерден көргенін балаларда да, үй ауласында, далада ермек етеді: түйе құмалағынан қой бағып, қой құмалағынан қозы бағып, бір жерден, екінші бір жерден, екінші бір жерге көшіп-қонумен тағысын тағы сәбилер уақытын өткізеді. Бұдан өзі ертеңгі ортаның азаматы болғанда басынан өткізетін өмірін, болашақтағы еңбегін қазір ермек етіп отырғандығы байқалады.

Қазақ халқының тарихи көне жырларының, эпостары мен лиро-эпостарының қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың өнбойынан халықтың ұлттық ойындарының алуан түрлерін кездестіреміз.

Жырлардың негізгі кейіпкерлері де ойын үстінде көрінеді. Ол негізгі кейіпкерлер: болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткері т.т.

Ойын арқылы қазақ балалары өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түскен. Ойынды қазақ халқы тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қарамаған. Ең бастысы-ел қорғауға қабілетті болашақ қайраткер, өзінің осы қабілетін шаршы топтың алдында, баршаға тең еркін бәсекеде жеңіп алуға тиіс болған [2].

Ойын тек жас адамның дене күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне пайдасын тигізеді.

Манаш ұлы Тұяқбай жырында: «Балалармен ойнайды, ойнап жүріп ол бала, кеудеге ақыл ойлайды», - деп, ойынның ойлауға да көп маңызы барын айтады.

Ойындар арқылы балалардың тәні де, жан дүниесі де ойдағыдай жетіліп отырған; көпшілік ортасында өзін-өзі ұстаудың, қысылғанда жол табудың қоғамда өз орнын сезінудің алғашқы мектебі де осы ойындар болды десек асыра айтқандық емес.

Қазақ халқының ойын түрлері, балалар психикасын дамуында атқаратын қызметі, шығу тарихы, құндылық жақтары және тақырыптары бойынша жан-жақты зерттеу – болашақтың ісі. Алайда, қазір қазақ ойындарының балалардың қарым-қатынасын зерттеуде тиімді қолдану мүмкіндіктерін анықтау, көрсету тәжірибелік іс қажеттігінен туып отыр.

Ұлт ойындары – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын балалардың алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчестволық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да. Жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті. Ол арқылы балалардың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құмарлықпен еліктеудің маздап жанар оты». Міне ойын дегеніміз тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адам қиялына қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы демекпіз. Қазақ халқының арғы тарихына байланысты жеткен жазбаша деректердегі Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов еңбектеріндегі оқу, білім, адамгершілік, тәлімдік ой-пікірлер және жазықсыз жапа шеккен зиялылар А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтардың халықтық тәрбиенің ұлттық негіздері жөніндегі пікірлері, олардың мектеп жасына дейінгі балалар өмірінде атқаратын мәні жөніндегі Н.Құлжанованың еңбегі өзінің құнын жоймайтын еңбектер [3].

Жас ұрпақтың қалыптасып өсіп өнуіне әсер ететін факторлардың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтық ұлттық ойындары болып табылады.

Мектепке жасына дейінгі балаларды ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу-мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттердің бірі, өйткені, біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамалардың ролі барған сайын артып, згілік, имандылық, мейірімділік сияқты адамгершілік құндылықтардың аясы кеңейіп келеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» жолдауында оқушыларды қазақстандық патриотизм шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет...ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тектілік, білімділік,биік талғам,ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек дегені мәлім». Жас ұрпаққа саналы тәлім-тәрбие беру оларды заман талабына сай, жан-жақты дамып жетілген, жаңашыл көзқарастағы азамат етіп қалыптастыру, кең көлемді және сан тармақты іс дейтін болмақ, осыған жету баспалдағының алғашқы қадамы оның отбасындағы алатын тәрбиесіне байланысты болады. Ал бұл жас ұрпақты әріқарай мектеп табалдырығына жетектеп әкелетін екінші қадам мектепке деінгі мекеме мен ұйымдарда алатын білім мен тәрбие. Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз [4].

Қазақ халқының сонау, көне заманнан бергі негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан, мал өсіру, мал басын көбейтуі өндіріс процесінің негізгі мақсаты, сондықтан да «халықтың бар байлығы малда болды». Қазақ халқының тіршілігінде төрт түлік (қой, сиыр, жылқы, түйе) мал шешуші орын алған. Бүкіл өмірі мал өсірумен өткен қазақ халқының этнографиялық даму ерекшеліктері, той-думан, қуанышы мен реніші де осы малмен байланысты болды.

Амандасқанда да жан амандығын сұрамай, мал-жан амандығын сұрауы, қазақтың тіршілігінің тірегі, көзі малға деген көзқарасының ерекше бір сезіммен қалыптасуы болды. Оларды халық ауыз әдебиетінде мақұлықтар дүниесінің өкілі деп ұқпай, адамның өмір сүруінің негізгі тірегі мен жан серігі екендігін шабыттана жырлаған.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез - құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Қазір бізге жеткен ойындарымыз: тоғызқұмалық, қуыршақ, асық ойындары. Қазақтың көне жыр- дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Балаларды тәрбиелеуде де ұлттық ойындардың берері мол. «Санамақ», «Жылдам айт», т.б. тартымды ойындарды үйрету,тіл өнеріне негіз салады деп есептелген. Балалар негізінен ойын үстінде бір-бірімен тез тіл табысады. Ойынына қарап баланың психологиясын аңғаруға болады. Бес саусақ бірдей емес дегендей, әр отбасынан шыққан балалардың мінез-құлқы бірдей емес [5].

Дана халқымыз, данышпан халқымыз бала тәрбиесіне үлкен мән берген. Елдің, халықтың болашағы бала тәрбиесін өте маңызды екенін түсіне отыра, балаға жан-жақты рухани жан-дүниесі таза болсын деп адамдыққа үйреткен. Жас бала жас шыбық секілді, қалай исең солай майысады, қалай айтсаң солай көнеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев Ә., Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, - Алматы: Жазушы
2. Жалпы білім беретін мектептерде патриоттық тәрбие беру.-Тәрбие құралы, 2007
3. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Авторы: Сейіт Кенжеахметұлы. Алматы 2006 ж.
4. Ф. Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика, Астана. Фолиант-2008.
5. Отбасы және балабақша. Ғылыми – әдістемелік , педагогикалық журнал.

Навий Л.<sup>1</sup>, Ахметова А.Е.<sup>2</sup>

**САДАҚ АТУ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

Бағзы заманнан бері көшпелілердің иығынан түспеген, қазақтың дәстүрімен біте қайнасқан қымбат мұра бар. Ол – садақ. Қазақ тарихында оқ пен жебені жанына серік етіп, құралайды көзге атқан мергендер әр заманда болған. Бірі адырнасын сайлап, аңға шықса, екіншісі соғыста жаудың бетін қайтарған. Кейін заман, адам дами келе көптеген дүниелер қолданыстан шыға бастады. Алайда ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртып, оның ішінде садақ ату спортына ерекше мән беріп, сәнге айналдыруды мақсат еткен жандар жоқ емес.

Садақ ату спорты әлем халықтарына ортақ мұра десек те, осы бір жауынгерлік өнердің ұшар басында түркілер тұрғаны ежелгі тарихтан белгілі. Зерттеушілердің пікірінше, адамзат тарихында алғаш рет мергендер қосынын дүниеге әкелген ғұндар дейді. Біздің ата-бабаларымыз ғұндардың тікелей мұрагері екенін ескерсек, садақ ату өнері қазіргі түрік халықтарын түп-тамырымен табыстыратын идеологиялық үрдіс.

Жалпы дәстүрлі садақ ату спорты Қазақстанда қарқынды дамып келеді. Мамандардың айтуынша, садақ атудың пайдасы өте мол. Ол адамға рух беріп, көздің көру қабілетін жақсартады. Сонымен қатар адамдарды сабырлы болуға, өзін-өзін тәрбиелеуге, адам бойына сенімділік ұялатуға көмектеседі [1].

Қадым заманынан бері көшпелілердің иығынан түспеген, қазақтың дәстүр-салтымен біте қайнасқан қымбат мұра бар. Ол – садақ. Қазақ тарихында оқ пен жебені жанына серік етіп, құралайды көзге атқан мергендер әр заманда болған. Бірі адырнасын сайлап, аңға шықса, екіншілері соғыста жаудың бетін қайтарған. Алайда ХХІ ғасырда садақ атудан қазақ оғландарының айы оңынан туар емес.

Оңтүстік корейліктер техниканы сапалы жасаудан ғана емес, жебені желмен жарыстырып, нысанаға дәл көздеуден ешкімге дес бермейтін түрі бар. Оңтүстік Корея техникалық құралдарды сапалы құрастыратынын әлдеқашан дәлелдеп үлгерсе, мергендері дүбірлі додаларда жиі-жиі олжа салып жүр. Корейлердің әлемдік бәсекеде салған жүлделеріне қарап, Төлеген Тоқтаров, Әлия Молдағұлова сияқты мергендеріміздің избасарлары Оңтүстік Кореяға ауған ба деп қаласың.

Садақ ату спорты 1900 жылы Франция астанасы Парижде өткен ІІ Олимпиада ойындарынан бастап бүгінге дейін байрақты бәсекенің дәстүрінен еш түскен жоқ. Тек өзгерістер енгізіліп отырған. 1900-1920 жылдарға дейін төрт рет өзгеріске ұшырап, спортшылар түрлі санатта жарысқа түскен. Ал қазіргі ереже 1972 жылы енгізілген және сол уақыттан бері еш өзгеріс енгізілмеген.

Халықаралық бәсекелердің ішіндегі ең абыройлысы да дәл осы – Олимпия ойындары. Аталған төрт жылдықтың басты додасында корей мергендерінің бәсі жоғары. Оңтүстік Корея 1972 жылдан бастап жарыстарға дербес қатыса бастаған-тұғын. Өздері өнер көрсеткен Олимпия ойындарында корей елі садақ ату спортынан 23 алтын, 9 күміс және 7 қола жүлдеге қол жеткізген. Осылайша оңтүстіккорейлік спортшылар Олимпиададағы жетістіктері жөнінен ешкімді маңына жуытпайды. Садақ ату спортындағы медаль саны бойынша екінші орында тұрған АҚШ-тың қанжығасында 17 алтын жүлде бар екенін ескерсек, әзірге корей мергендерін тоқтату өте қиын.

Мысалы, оңтүстіккорейлік мергендер соңғы өткен Рио Олимпиадасында төрт қашықтық бойынша сынға түсіп, спортшылары барлық алтын жүлдені өз елдеріне алып кеткен. Сондай-ақ бір қола жүлде иеленген. Ал АҚШ бір күміс және бір қоланы қанағат тұтса, Германия, Ресей мен Франция бір күміс медаль олжалаған. Аустралия мен Тайвань мемлекеті бір-бірден қола жүлде алған.

Садақ атудан әлем чемпионаты негізінен 1931 жылдан бастау алады. Содан бері әр екі жыл сайын әлемнің ең үздік мергендері өзара кім мықтыны анықтайды. Олимпия ойындарында Оңтүстік Корея спортшылары мықтылық танытса, АҚШ спортшыларының

әлем чемпионаттарындағы қол жеткізген табыстары қомақты. Құралайды көзге атқан америкалық мергендер 61 мәрте тұғырдың биік сатысынан көрінген. Бұдан бөлек АҚШ-тың қоржынында 35 күміс және 32 қола жүлде бар.

Ал оңтүстіккореялық мергендер медаль жиынтығы бойынша екінші орында келеді. Олардың еншісінде жалпы саны 101 жүлде бар. Оның 56-сы алтын, 24-ті күміс және 21 қола жүлде.

Олимпиадада алған жүлделері жағынан Ким Су Неннің бағы жанып тұр. Садақ ату спортынан ешкім дәл корей аруы секілді жетістігімен мақтана алмайды. Оғы үнемі түзу ұшатын Нен – 6 дүркін Олимпиада чемпионы, бір мәрте күміс және бір қола жүлдегері атанған. Мерген әлем чемпионатында 4 мәрте алтын тұғырға қонақтаған. Ким Су Неннің жетістігін жерлестері әлі күнге ауыздарының суы құрып әңгімелейді.

Ян Чанг Хонденің корейлер үшін орны бөлек. Нысананы дәл көздеуден алдына қара салмайтын Хонде әлем чемпионатында 6 мәрте жеңіс тұғырының биігінен табылды. Тек 1986 жылғы сайыста күміс медаль алды демесеңіз, өзі қатысқан додаларда Хонде әрдайым үздік атанды.

Сонымен қатар Пак Сон Хен пен Юн Ми Джин де Олимпиадада алтын медальді үш-үштен жеңіп алған мергендер. Хен Афины Олимпиадасында жекелей және командалық бәсекеде алтын жүлде иеленсе, 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасында командалық сайыста үздік шыққан. Ал Ми Джин 2000 жылы Сиднейде өткен долада жекелей және командалық сайыста үздік шықса, 2004 жылғы Афины Олимпиадасында командалық сайыста алтын жүлде иеленген.

Республикалық «Ана тілі» газетіне берген пікірінде қазақ тіліндегі тұңғыш спорт комментаторы Сұлтанғали Қаратайұлы садақ ату спортында қазақ спортшыларының қатары көбейіп келе жатқанын, дегенмен бұрынғы мергендерімізді ешкім танымайтынын, лайықты дәріптелмей жүргенін айтады.

Қазір нысана көздеу мен садақ ату спортында халықаралық жарыстарда көзге түсіп, шебер дәрежесін қорғаған қаракөз қандастарымыз өте аз. Бұның басты себебі, бұл спортта федерация басшыларының көбі өзге ұлттар. Олар жергілікті жастарды маңайына жолатқысы келмейді. Кезінде 60-шы жылдардың басында елімізде Гүлшат Майлыбаеваның аты шыққан еді. Ол өз кезінде винтовкадан ату бойынша 600 мүмкіндіктен 600 ұпай, яғни 100 пайыз жинаған болатын. Алайда КСРО кезінде бұл спортшыны талай рет аяғынан шалған еді. Сөз жоқ, Гүлшат КСРО-дағы 50 миллион мұсылман халқының ішінде ең алғашқы мерген қыз болған-ды. Өкінішке орай, қазір Гүлшаттың атын көбісі білмейді. Тіпті, мергендікпен айналысып жүрген В.Вохмянин, С.Беляев, О.Довгун сынды елімізге танымал спортшыларымыз да ол жайында хабарсыз. Мен бұл жағынан қатты таңғаламын. Кез келген спортшы жұлдыздарға қарап еліктейтіні бар. Мәселен, жүзгіштердің барлығы Майкл Фелпс, ал футболшылар Лионель Месси мен Криштиану Рональдуны өте жақсы біледі. Сондықтан мен елімізде Гүлшат Майлыбаеваның атын білмеген мергенді мерген емес деп айтар едім [2].

Мергендік өнері қазаққа да жат емес. Тарихқа көз жүгіртсек, сақ пен ғұнның бірден-бір мұрагері саналатын ата-бабаларымыздың садақ атудағы шеберлігін бүгінгі ұрпақтың тек кітаптан оқып, аңыз-әңгімеге айналдырып, таңырқап жүргені өкінішті жайт. Көшпенді өмір салтын ХХ ғасырға дейін, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп сақтап келген біздің қазақтың садақ жасау технологиясы мен оған қатысты төлтума атаулары мен ұлттық ойындары да әзірге ғылыми-зерттеу нысанына толық айнала қойған жоқ. Ердің бес қаруының бірі саналатын садақты қазіргі ұрпақ тек музейден ғана көруде. Сондықтан да Олимпиялық ойындардың бағдарламасындағы бұл спорт түрінен елімізде есімін бүкіл ел білетін бірде-бір спортшы жоқ.

Жалпы, садақ пен қазақ егіз ұғым. Бұлай деп кесіп айтуымыздың себебі бар. Садақ ата-бабаларымыз үшін ерте кезде аң аулауда, кейін соғыс ісінде қару ретінде қолданған. Қазанат мінген жаужүрек батыр бабаларымыз шапқан жауының әзірейіліне айналғанын тарихтан

жақсы білеміз. Қару ретіндегі қызметін тарих қойнауына тапсырған садақ ату өткен ғасырдан бастап спорттың мергендікті сынайтын бір түріне айналды [3].

Садақ ату мен қазақтың арасындағы біте байланысқан деректерге қарамастан, қазіргі таңда еліміздің мергендері садақ ату спортынан дүбірлі додаларда жүлде салмағаны біраз ойға жетелейді. Садақтың баптауын келтіре алмай жүрміз бе, әлде садақ ату спорты бізге бейтаныс па? Садақтың бабын келтіре алмаймыз деу әбестік болар. Өйткені мергендік өнері бұрыннан бар дүние ғой. Оның үстіне қазақ пен садақтың тарихи деректер байланыстырады. Садақ ату спорты да бізге бөтен емес. Әйтпесе жарты әлемді мергендігімен тәнті еткен садақшыларымыздың қазақ жерінен шығуын қалай түсіндіреміз?!

Төктерін айтқанда, төрткүл дүниенің бәсекелерінде қоржынымызға уыстап олжа салмауымыздың басты себебі – садақ ату спортына жеткілікті көңіл бөлмей келе жатқанын көрсететіндей.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев Ә., Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, - Алматы: Жазушы
2. Жалпы білім беретін мектептерде патриоттық тәрбие беру.-Тәрбие құралы, 2007
3. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Авторы: Сейіт Кенжеахметұлы. Алматы 2006 ж.
4. Ф. Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика, Астана. Фолиант-2008.
5. Отбасы және балабақша. Ғылыми – әдістемелік , педагогикалық журнал.

**Бердыбекова Н.С., Байқуанышева А.Б.**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА БІЛІМ БЕРУДЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Мектеп оқушыларының денсаулығын қалыптастыру мен нығайтуда бастауыш сыныпта оқу кезеңі маңызды орын алады. Соңғы жылдары байқалып отырған мектеп оқушыларының денсаулығының нашарлауы көбірек көңіл бөлуді және оны қалыптастыру мен нығайтудың нақты шараларын қабылдауды талап етеді. Жас ұрпақтың денсаулығына қатысты көптеген зерттеулердің нәтижелері елеулі алаңдаушылық тудырады. Экологиялық жағдайдың теріс өзгерістері, әлеуметтік-экономикалық проблемалар, тар медициналық мамандандыру аясында білім беру ұйымдарында денсаулығы әлсіреген балалардың өсу динамикасын анық байқауға болады. Олар оқу әрекетіне бейімделуде, зейінін жинақтауда және оқу тапсырмаларын орындауда қиналады. Ағзаның мұндай күйі ең озық педагогикалық технологиялардың тиімділігін төмендетіп, тұлғаны дамыту бағдарламасын жүзеге асыруды айтарлықтай қиындатады. Жылдан жылға дені сау балалардың саны азайып, олардың жалпы сырқаттанушылық деңгейі артып келеді. Балалардың денсаулығына тұқым қуалаушылықпен және экологиямен бірдей әсер ететін шешуші фактор мектеп ортасы болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие процесінде салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында денсаулықты сақтайтын технологияларды жобалау және енгізу арқылы бастауыш сынып оқушыларының денсаулығының сапасын арттыру Бастауыш сыныпта салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған білім берудің құрылымын



негіздеу және мазмұнын анықтау, бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін қалыптастыру үшін педагогикалық жағдайлар жасау бойынша негізгі бағыттарды анықтау; – салауатты өмір салтын қалыптастыру критерийлерін анықтау және әзірлеу, денсаулық сақтау технологияларының әзірленген жүйесінің тиімділігіне эксперименттік сынақ жүргізу [1].

Мектептегі оқу үдерісіндегі жүктеменің артуы бастауыш сынып оқушыларының денсаулығына едәуір зиян келтіруде. Зерттеулер бойынша мектеп оқушыларының денсаулығына ең жағымсыз әсерлері: физикалық белсенділік, оқу жүктемесінің жоғарылауы, дұрыс тамақтанбау, гигиеналық нормаларды сақтамау, жиһазға, жарықтандыруға және т. б. қойылатын талаптар, сондай-ақ балалар, педагогтар мен ата-аналар арасында денсаулық пен салауатты өмір салты туралы ақпараттың жеткіліксіздігі, денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы мектептің қанағаттанарлықсыз көрсеткіштері. Денсаулық адамның әлауқатының, бақытының ең маңызды құрамдас бөлігі, адамның негізгі құқықтарының, еліміздің табысты әлеуметтік-экономикалық дамуының шарттарының бірі екені белгілі. Халықтың денсаулығы елдің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, экологиялық, санитарлық-гигиеналық жағдайын көрсетеді және оның прогрессивті дамуының қарқындылығына әсер етеді. Сондықтан денсаулық — кез келген қоғамның сапалық қасиеті. Дамыған елдерде халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін білім беру және экономикалық тетіктер қолданылады және бұл денсаулық мәселесін шешудің іргелі бағыты болып табылады. Қазақстанда 80-жылдардың ортасынан бастап халық денсаулығының сапасы мен деңгейінің төмендеуі тіркелді және бұл дәрігерлердің, психологтардың, мұғалімдердің, әлеуметтік қызметкерлердің және барлық азаматтардың белсенді, түбегейлі және келісілген әрекеттерін талап ететін өзекті мәселе. Қазақстандағы халық денсаулығының теріс динамикасы білімнің әртүрлі салаларындағы ғылыми зерттеулердің дамуына ықпал етті, бұл мәселені шешудің тиісті бағыттары мен технологияларын әзірлеумен тығыз байланысты [2].

Адам денсаулығын сақтау және дамыту мәселесін шешу үшін мектеп оқушыларының денсаулық мәдениеті мәселелері бойынша сауаттылығын арттыру қажет. Соңғы жылдары педагогика ғылымында салауатты өмір салтын үлгілеу, денсаулықты сақтау және нығайту саласында жеткілікті тәжірибе жинақталды. Денсаулықтың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар ашылды. Осыған қарамастан, мектеп оқушыларының денсаулықты сақтау туралы білімдері төмен, салауатты өмір салтын жүргізу үшін олардың дағдылары мен дағдылары жеткіліксіз, қоршаған орта факторларының адам денсаулығына және болашақ ұрпақтың гендік қорына әсерін тиісті түрде бағалай алмайды. Психологиялық-педагогикалық дереккөздер денсаулыққа құндылық ретінде қатысты белсенді өмірлік ұстанымды белгілейтін оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін, «денсаулық мәдениеті» ұғымының мазмұнын мен оның қалыптасу кезеңдерін жалпылама және жеткіліксіз талдамайды студенттер толық ашылмаған. Зерттеу әдістемесі. Денсаулық сақтау технологияларын жобалауда салауатты өмір салтын қалыптастыру мен қолдауға ықпал ететін жағдайларға сәйкес түзетілген оқу-тәрбие және сабақтан тыс процестерді ұйымдастыру маңызды рөл атқарады.

Денсаулыққа бағдарланған тәсіл — бұл қазіргі мектептің маңызды міндетін шешуге арналған құралдар, әдістер мен жұмыс нысандары — білім беру процесіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу, дені сау адамның әдеті мен қажеттілігін қалыптастыратын тәсіл және өмір салты. Денсаулыққа бағытталған көзқарас формаларды, әдістерді және құралдарды біріктіреді. Мектептерде денсаулықты сақтайтын технологияларды енгізу мәселесі когнитивті экономикаға тікелей қатысты. Бұл ғылымда адамдардың еңбек қызметі және оны жүзеге асыру процесі денсаулықты қорғауға және нығайтуға арналған жағдайларды жобалау кезінде барлық экономикалық талаптар сақталуы керек. Сонымен қатар, оқытылатын материалдың көлемі мен қарқындылығын қалыптастыруға, оқу процесінде артық жүктемелерге жол бермеуге әсер ететін санитарлық-гигиеналық және

медициналық талаптар бар. Дизайн талаптарға сай болса, оқу процесін сапалы деп атауға болады және мектеп оқушыларының денсаулығына жақсы әсер етеді.

В. М. Монахов әдістемелік технологияның дамуының келесі кезеңдерін атап өтті: – тандалған технологияны теориялық негіздеу; – дидактикалық модуль мен техникалық процедураны әзірлеу; – әдістемелік құралдарды таңдау; – диагностикалық әдістерді таңдау. Жұмыстың бастапқы кезеңінде әзірленген технологияның теориялық негіздемесі мыналарды қамтиды: – диагностика мақсатын қою, оқушылардың іс-әрекетін талдау, міндеттер қою, мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін зерттеу; – мақсат пен қалыптасқан жағдайларға сәйкес келетін педагогикалық технологияны таңдау, тұжырымдама мен гипотезаны әзірлеу; – осы бағыт аясында оқу процесінің мазмұнын пысықтау, оқытудың мазмұнын, элементтерін қалыптастыру; – белгілі бір даму аймағындағы оқу үрдісі өнімінің нұсқасын зерттеу [3].

Денсаулықты сақтайтын технологиялардың барлық спектрін жүйелі түрде пайдалану, баланың салауатты өмір салтына деген тұрақты мотивациясын қалыптастырады. Аталған денсаулық сақтау педагогикалық технологияларын қолдану оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттырады, белгілі бір шарттар орындалған кезде педагогтар мен ата-аналарда денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған құндылық бағдарларын қалыптастырады. Сонымен, білім беру мекемесінде мыналар болуы керек: – технологияларды реттеу мүмкіндігі үшін жағдайлар жасалады; – бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын тұрақты бақылау негізінде технологиялық әсерлердің қарқындылығына қажетті өзгерістер енгізілді: – әр оқушыға жеке көзқарас қарастырылған; – мұғалімдер мен балалардың ата-аналары арасында жағымды мотивациялар қалыптастырылады. Оқушының психологиялық денсаулығы үшін сыныптағы достық атмосфера да маңызды рөл атқарады. Позитивті эмоционалды фон тиімді жаттығулардың да маңызды шарты болып табылады. Дене тәрбиесі әртүрлі элементтерді қосу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: музыкалық сүйемелдеу, өлеңдер, ойындар, көзге арналған гимнастика, эмоционалды жеңілдік. Бастауыш сынып мұғалімі ақыл-ой мен дене белсенділігін шебер үйлестіруді, шаршауды, шамадан тыс жұмысты болдырмауды білуі керек. Сонымен қатар, сабақ барысында дене шынықтыру да бастауыш сынып оқушысының денсаулығына жақсы әсер етеді. Дене шынықтыру балаларға демалуға, эмоционалдық жүктемені босатуға, демалуға, зейінін бір әрекет түрінен екіншісіне ауыстыруға көмектеседі. Дене шынықтыру сабағынан кейін мектеп оқушылары белсенділік көрсетуге дайын, олардың зейінін шоғырландыру оңайырақ болады және одан әрі оқу процесіне қызығушылық пайда болады. Сонымен, дене шынықтыру — бастауыш сыныптағы денсаулық сақтау технологияларының маңызды бөлігі. Қорытынды. Бастауыш сыныптардағы салауатты өмір салтын қалыптастыратын білім беру технологиялары — бұл ең алдымен бастауыш сынып жасындағы балалардың валеологиялық мәдениетін немесе денсаулық мәдениетін тәрбиелеу технологиялары. Бұл технологиялардың мақсаты — баланың адам денсаулығы мен өміріне саналы қатынасын қалыптастыру, денсаулығы туралы білімдерін жинақтау және оны қорғау және сақтау қабілетін дамыту, өз бетінше және тиімді мүмкіндік беретін валеологиялық құзыреттіліктерді меңгеру, салауатты өмір салты мен қауіпсіз мінез-құлық мәселелерін шешу, қарапайым медициналық, психологиялық өзіндік көмек пен көмек көрсетуге байланысты тапсырмалар. Бастауыш сынып педагогикасында технологияның маңызды түрлеріне оқушыға бағытталған білім беру мен оқыту технологиялары жатады. Мұндай технологиялардың жетекші қағидасы — баланың жеке ерекшеліктерін, оның дамуының жеке логикасын есепке алу, тәрбие мен оқыту барысындағы іс-әрекеттің мазмұны мен түрлеріне балалардың қызығушылықтары мен бейімділігін есепке алу. Жалпы педагогикалық процестерді баланың жеке басына бағыттай отырып құру оның денсаулығына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баладанов О. Ю., Козловский И. З., Бахтинов О. П. Актуальные проблемы сохранения, укрепления и приумножения здоровья школьников. // Проблемы здоровья человека. Развитие физической культуры и спорта в современных условиях: Материалы

межрегиональной научно-практической конференции, посвященной 55-летию ФФК СГУ. — Ставрополь: Изд-во СГУ, 2012

2. Айтпаева А. К. Программа «Использование казахских народных детских игр в детском саду» - Алматы, 2016

3. Қыстаубаев Е. И. Дене тәрбиесі ғылымының даму ерекшеліктері. Монография, Алматы: 2019

**Бердыбекова Н.С., Байкуанышева А.Б.**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА БІЛІМ БЕРУДЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Салауатты өмір салтын балаларға дәріптеу бүгінгі күнгі білім беру ұйымдарының алдында тұрған көкейкесті мәселенің бірі. Бүгінгі таңда егеменді еліміз осы бағытта мектепке дейінгі білім беретін ұйымдарда жан-жақты, дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған. Барша азаматтардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына бағытталған.

Салауатты өмір салты мәселесін анықтау проблемасындағы негізгі категория болып «денсаулық» ұғымы болатынын айта кету керек. Бұл ұғымды анықтауда адамның өзінің, оның жаратылу табиғатының көрінісі басты роль атқарады. Адамның тек сыртқы түрі ғана емес, сонымен бірге ішкі жан – дүниесі де, яғни мінез-құлық, қабылдауы, ойлауы, іс-әрекеттері, сол немесе басқа әсерлерге бейімі бір келкі бола бермейді. Әртүрлі адамдар болып жатқан нәрсені әртүрлі жасайды. Бірақ, ең бастысы бір адам сол немесе басқа әсерлерді өмірдің әртүрлі кезеңінде әр түрлі қабылдайды. Сонымен, адамның денсаулығы – бұл жалпы адамзаттық және жеке болмыстың күрделі феномені болып саналады. Бүгінгі күні ол кешенді немесе дене, психологиялық, әлеуметтік және жеке тәртіптің көптеген күрделі факторларының, кейде философиялық қасиеттердің өзара әсеріне қатысты болады [1]

Ғылыми және педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау барысында адамзатта салауатты өмір салтын тәрбиелеу терең мағыналы мәселе екендігін айқындай түсуге болады. Дене мәдениеті, дене пішіні, психикалық күй, жансаулық, тамақтану, тұрмыстық ерекшеліктер, киім кию – салауатты өмір салтының көрінісін білдіреді.

«Денсаулық» мәнінің тарихи талдамасын жүргізген И. Г. Сигерист былай деп жазды: «ежелгі ойшылдар мен дәрігерлердің көптеген деректеріне қарағанда, сонымен бірге заманауи көзқарастар бойынша денсаулық – бұл жасалған тепе – теңдік жағдайы болып саналады. Адам денесін құрайтын қозғалыстық күш пен сұйықтық толық тепе – теңдікте болған кезде – адамның дені сау болады. Тап осы анықтама келтірілген жалпы түсіндірмелердің ең үздігі болып табылады. Сұйықтықтар, өмірлік күш физика және химия терминдері бола тұра медицинаны толғандыра ма, толғандырмайды ма – бұл ең бастысы емес. Ең негізгісі денсаулық тепе – теңдік жағдайы болып саналады ».

Педагогикада «денсаулық» түсінігінің өз анықтамасы бар. Педагогикалық ғылымда жеке тұлғаның психофизикалық сапаларының туындау сипатының әсері мен оның әлеуметтік бейімделу дәрежесі адам денсаулығына игі әсер етеді немесе керісінше ықпал етеді. Және де бұл денсаулыққа деген бүтін көзқарастар төмендегі суретте келтірілген үлгі ретінде көруге болады.

Рухани компонент жеке тұлғаның бір мақсатқа және өмір құндылығына адамгершілік бағдармен, өзіне қатысты менталитетіне, табиғат пен қоғамға байланысты ұмтылу деңгейімен анықталады. Дене компонент дененің даму деңгейімен, дене мүшелері мен жүйелердің өзін - өзі реттеу дәрежесімен, организмдегі резервтік мүмкіндіктердің болуымен сипатталады. Психологиялық компонент психикалық процесстердің даму деңгейімен, қызметі мен эмоционалды – еріктік саласының реттелу деңгейімен анықталады.

Әлеуметтік компонент жеке тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік бейімделу дәрежесімен және жеке тұлға сапасының социумдағы толыққанды және ұзақ мерзімді белсенділігі үшін маңызды қалыптасуымен сипатталады.

Денсаулықтың бұл компоненттерінің өзара байланысын балалардың жастық ерекшеліктерімен қоса қарастыра отырып, денсаулықтың уақыт өте өзара әсері мен түрлі иерархиясының өзгермелігін бақылауға болады. Осылайша, салауатты өмір салты түсінігін білу мен оны қалыптастыру негізінде жоғарыда көрсетілген тұқымқуалау және қоршаған орта факторларының да есепке алынатынын байқаймыз [2].

«Салауатты өмір салты» сонау замандардағы Гиппократтың трактаттарында бірқатар денсаулық сақтау іс-шаралары ретінде философиялық ой-санасы құрылымның жалғасы түрінде мазмұндалады. Трактат денсаулық және салауатты өмір салты жайындағы ілімнің дамуына негіз болды. Көне грекиялық философтардың еңбектерінен балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі теңдесіз ой өрістерін дәлірек кездестіруге болады.

Көне Грекиядағы алғашқы философтардың бірі Сократ, табиғи жаратылысты ерекшеліктерге аса назар аудара отырып, адамның өзін-өзі тану мүмкіншіліктері арқылы салауатты өмір салтының терең жағын көре білді «өзөзін білетін тұлға, өзіне тиімділікті таниды, шамасы келмейтін істі түсінеді». Яғни, ол адамның сана-сезімі арқылы өзін-өзі танып білуін, іс-әрекеттенуін мазмұнды түрде көрсетті. Платон салауатты өмір салтын тәрбиелеу ерте кезеңнен бастау қажеттігін атап көрсетті, себебі «кез-келген істегі ең бастысы – оның ерекшелене бастауы».

Аристотель «Этика, саясат, поэтика» деп аталатын еңбегінде адамның жекелей көрегендігі мен салауатты өмір салтын қоғамдық мазмұндағы мәселе ретінде ашып көрсетеді. Оның айтуынша, тәрбиені «денеге қамқорлықтан» бастап, сонан соң, «Рухани тәрбиеге» ұштастыру қажет, себебі дене тәрбиесі, рухани тәрбиемен қатарласа орындалуы тиіс. Яғни, Аристотель салауатты өмір салтының тәрбиесін адамның белсенді өмір салтымен, шынығумен, жаттығулармен байланыстырады. Демек, ерте кезде де салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі дене жаттығу мәселесі қарастырылған. Осы кезеңде «өз-өзінді тани біл», «өзіңе қамқорлық жаса» деп аталатын алғашқы тұжырымдамалар шыға бастады. Салауатты өмір салтын тәрбиелеу мәселелерін Шығыс елдерінде де қолдау тапқан. Мысалы, Ибн Сина денсаулықты сақтау және нығайтуға бағытталған гигиеналық талаптардың кодексін құрады. Тамақтану, ұйықтау, оқу мерзімдерін сақтау қажеттілігін Ибн-Сина атап көрсетті. Салауатты психологиялық ортаның болуына аса назар аударды. «Дәрігерлік ғылымның баспалдағы» еңбегінде Ибн-Сина тәрбиешілердің баланы өз эмоциялары мен үрейлерін басқару қажеттілігін мазмұндайды. Яғни, ойшының пікірінше, жас буынның санасы мен денсаулығы тәрбиеге байланысты. Шынайы мемлекет концепциясында Ибн-Сина қоғамдық еңбек пен ұзақ өмір сүру қоғамдық құрылымның басты критериясы екендігін атап көрсетті. Шынайы таза мемлекетте ереже мен тәрбиенің жетелеуі арқасында адамзаттың саналы табиғатын өзгерте отырып ұзақ өмір сүретіндеріне сенеді.

Орта ғасырда өмір сүрген Өтей Бойдақ Тілеуқабылұлы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Асан Қайғының қазақша жазба мұраларынан жас буынды салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі терең ойлы мұрағаттарды кездестіруге болады.

Ө. Тілеуқабылұлы дене мен рухани дүние тұрғысында жас буынның сұлулықты түсіне білулеріне ерекше көңіл бөлді. Сонымен ойшылдар «сұлулығымен» қатар «рухани сұлулықты» дамытуды ұсынды.

Ө. Тілеуқабылұлы адамның сыртқы пішініне, көрінісіне аса назар аударған, егер адамның сырт киімі таза, тартымды, сұлу, келбетті болса онда ол оның көңіл-күйін

жақсартып, жүрек жылуын оятады. Ойшыл-данышпан арақшараптан, нашақорлықтан алшақ болуға шақырады. Ойшылдың ой-саналауы бойынша бала дені сау болуы үшін жас кезінен бастап оны шынықтыру қажет, дене еңбегімен шұғылдандыру қажет.

XV ғ. белгілі оқымыстысы М. Х. Дулатидің өсиетінде тәрбиелеудегі зиянды әдеттерге қатынасты негіздемелер қаланған (шарап ішу, нашақорлық заттармен шұғылдану, темекі тартуға үйір болу). Зиянды әдеттерді мәдениеттілік пен еңбекке тарту арқылы жою керек дейді [3].

Белгілі қазақ жырауы, философы Асан Қайғы өзінің поэтикалық шығармаларында, өмірде адам баласы қандай болуы қажет, неге талпыну қажеттігі жайында қызықты ой-өрісті дүниелерді көрсете білген. Философтың пікірінше, әрбір адамзат өзіндік жетілуге талпынуы қажет. Нағыз адам саналы сапа иесі болуы тиісті, адамгершілік, шынайылық, шыншылдық, қарапайымдылық, намысқойлық, тұрақтылық Асан Қайғының пікірінше, қоғамдық шарттар тұлғаның қалыптасуына, оның саналы ерекшеліктерінің қалыптасуына басты фактор болып табылады. Осы аталған салалар мен шарттар салауатты өмір салтына тиісті, қажетті мінез-құлық нормаларын таңдап алуға мүмкіншілік жасайды. Қазақ халқының педагогикалық мәдениеті халықтық ертегілерде, эпостық жырларда, мақал-мәтелдерде, ойындарда және дәстүрлерде бейнеленетін сипаттала көрсетілген.

Қ. Ж. Қожахметова «Қазақ этнопедагогикасы: әдістемесі, теория және практика» деп аталатын монографиясында «қазақ халқы әрқашанда мақсатты, саналы адамзатты тәрбиелеуде тәжірибелерге бай»-екендігін атап көрсетті.

Жанұялық тәрбиені мазмұндай отырып авторлар қазақ халқының жанұясы көп балалы, шаруашылықты болғанына назар аудартады. Сондықтан балалар еңбекпен жас шақтарынан айналысқан. Баланың шынығуына аса назар бөлген. Ауа мен суға байланысты іс-шаралар қолданылып отырған [3].

Ат жарыстары, спорттық ойындар аса дәстүрлі болған: аламан бәйге – үлкен қашықтықтарға жарысу, күміс алу – атпенен шауып келе жатып жерден тиынды іліп алу, көкпар, жамбы ату- садақпен оқ ату, сайыс-ат үстінде аударыспақ, қыз қуу және т. б. Осы ойындарда қазақ халқының азаматтарының ептіліктері, жігерліліктері, іс-қимылдары сипаттала көрсетілген.

Салауатты өмір сүру, жалпы оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы осылайша тарихи сипаттамалар айта келіп, бұл бағытта арнайы педагогикалық аспектілерді талқылап, нәтижеде белгілі бір технологиялар түрінде әсер етіп, тәлім-тәрбие беру керек екендігін айқындай түстік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Курамшин, Ю.Ф. Теория и методика физической культуры / Ю.Ф. Курамшин. – 3– М.: Советский спорт, 2017
- 2 Ланда Б. Х. Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности / Б.Х. Ланда. – М.: Советский спорт, 2016
- 3 В. А. Караковский. Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности / Б.Х. Ланда. – М.: Советский спорт, 2016

Аубакирова А.А.<sup>1</sup>, Бакеева Ж.М.<sup>2</sup>

## БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МУЗЫКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Тәрбиенің аса маңызды құрамы - өнер. Оның ішінде өте кең, сан қырлы ұғымды қамтитын-музыкалық өнер.

Жасөспірімдерді музыка әлемін түсініп қабылдауға, талғампаздығын тәрбиелеуге, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруға, білімді, мәдениетті болып өсуіне әсер етуде музыка тәрбиесінің алатын орны ерекше.

Қазіргі кезде музыкадан теориялық және практикалық білім беру жүйесінен біраз тәжірибе бар, солай бола тұрса да, музыка сабағын жүйелі түрде оқыту, әсіресе қазақ мектептерінде ұлттық бай музыкалық мұрамызды мол пайдаланудың жолдары аз қамтылған. Міне, музыка тәрбиесі әдістемесі жүргізілетін түрлі музыкалық тәрбие жұмыстарының мазмұнын, даму заңдылықтарын, әдіс-тәсілдерін игеруге арналған. Музыка тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі түрі – музыка сабағы. Сондықтан да, музыка сабағына жан-жақты талдау жасап, сабақ түрлерінің әртүрлі жобасын жасап, оларды өткізудің әдіс-тәсілдерін қолданған жөн.

Музыка тәрбиесі әдістемесі, педагогика ғылымының бір саласы ретінде оның заңдылықтарына, дидактикалық принциптеріне сүйенеді. Оқыту процесінің заңдылықтарын ашу, білімнің мазмұнын анықтау, оқытудың барынша тиімді әдіс-тәсілдері мен ұйымдастыру түрлерін, тәрбиелеу міндеттерінің оқыту процесінде қалай шешілетіндігін көрсету керек. Тәрбиенің басты саласының бірі – эстетикалық тәрбие. Эстетика мен музыка тәрбиесінің ортақ мәселелері, зерттеу салалары-адамды табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап, бағалауға және түсінуге тәрбиелеп оқыту.

Музыканы оқыту дегеніміз - оқытудың, оқу процесінің межелеген мақсатының жүзеге асу дәрежесі. Музыка оқыту процесінің өзіне тән функциялары бар. Олар: музыканы оқытудың білімділік, музыканы оқытудың тәрбиелік, музыканы оқытудың дамыту функциялары. Музыканы оқытудың білімділік функциясы - бұл оқушыларды музыкалық ғылыми білім, іскерлік, дағдылар жүйесімен қаруландыру. Оның түпкі нәтижесі берілген білімнің іс-жүзінде саналы түрде қолданыла білуі болып саналады.

Жалпыға білім беретін мектептердегі музыка пән тәрбие және оқытудың мақсаты-оқушылардың рухани өмірін байыту, музыкалық мәдениетті қалыптасмыту, адамгершілік қасиеттерін жоғарғы дәрежеге, музыкалық өмірдегі құбылыстарды бақылауға дұрыс бағыт беру болып табылады. мектептегі музыка сабағы тек қана музыка жөнінде мағлұмат беріп қоймай, ең бастысы – біздің өсіп келе жатқан жас ұрпақты жоғарғы идеялық-адамгершілікке және адамзаттық қасиеттерге дағдыландыру болып табылады.

Музыкалық тәрбие беру педагогика ғылымының бір саласы ретінде оның заңдылықтарына дидактикалық принциптеріне сүйенеді. Дидактикалық негізгі мәселелер оқыту процесінің заңдылығын ашу, білімнің мазмұнын анықтау, оқытудың барынша тиімді әдіс тәсілдерімен ұйымдастыру түрлерін тәрбиелеу міндеттерінің оқыту процесінде қалай шешілетіндігін көрсету. “Музыка” сабағы қазіргі кезде педагогика ғылымның жетістігіне сай, түрлі методикалық жайттарымен өткізіліп, оқу сапасы артуда.

Баланың музыкалық творчествоға қызығушылығын күшейту үшін музыка тексін қабылдауға ғана емес, студенттердің дүние танымының қалыптасуына барынша толық ықпал жасайтын, олардың ең алдымен шығармалардың музыкалық бейнелі мазмұнша және идеялық бағытына бағдарлайтын оқыту формаларын, тәсілдері мен құралдарын таңдап алуға тырысқан.

Оқыту мен тәрбиелеу біртұтас педагогикалық процес болып табылады. Оқу тәрбие процесінің жекелеген проблемасын нақтылау мақсатымен шартты түрде үш салаға бөлген.

1. Музыкалық теориялық білімді игеру, мұнсыз музыкалық іс- әрекетпен айналысуға болмайды.

2.Вокалдық-аспаптық орындаушылық ойнаумен, эмоциямен қабылдаумен т.б. байланысты психикалық- физиологиялық процесс екенін еске ала отырып, ансамбльде, аспапта ойнау дағдыларымен шеберліктерін , басқа да маңғызды қасиеттерді қалыптастыру.

3.Баланың бойындағы қоғамдық белсенділігін арттыру және олардың бойында жоғары идеялық саяси, эстетикалық, адамгершілік мұраттарын тәрбиелеу.

Көркемдік тәрбиелеу бір компоненті музыкалық тәрбие. Музыкалық тәрбие –адамның музыкалық мәдениетін, музыкалық ынта қабілетін нысаны және жүйелеп дамыту, оның бойына музыкаға тебреніп-толғана білуді, оны түсінуді сіңіру. Ол музыкалық қызметінің қоғамдық тарихи тәжірибесін, музыкалық оқу мен білім элементтерін жаңа ұрпаққа табыс ету процесін қамтиды. Ал әр бір халықтың рухани мәдениетінің қалыптасу және даму процесі музыкалық-эстетикалық тәрбиенің даму процесі өзінше жүретіні мәлім.

Музыканы оқыту педагогикалық процесте жүзеге асырылады. Процесс - prozessus - латын тілінде алдыға қарай жылжу, өзгеру деген ұғымды білдіреді. Осыған байланысты ол музыкалық білім берудің, тәрбиелеудің және жеке тұлғаның жалпы дамуы міндеттерін шешуге бағытталған тәрбиенің субъектілері мен объектілерінің даму үстіндегі өзара әрекеттестігі болып табылады.

Музыканы оқыту процесінде оқушылардың музыкалық ойлау қабілеттері, дүниетанымы, практикалық іскерлігі және дағдысы қалыптастады. Оқушы тек музыкалық білімдерді меңгеріп қана қоймайды, оның дүниені тануға, түрлі музыкалық құбылыстарды пайымдауға, өз бетімен білім толықтыруға, меңгерген білімдерін практикада қолдануға талпынысы, қажеттіктері дамиды. Оқытушы болса, ол тек жалаң білім берумен шектелмейді, оқыта отырып тәрбиелейді, оқушылардың білім алуға деген қажеттіліктерін, музыкалық қабілеттерін дамытады, жаттығулар мен тапсырмалар беріп, білімділік деңгейлерін бақылайды. Бір сөзбен айтқанда, музыкалық-педагогикалық процеске басшылық жасайды.

Музыканы оқыту процесі өзіне тән компоненттерімен сипатталады. Олар: музыканы оқыту (музыкалық білім, музыкалық іскерлік, музыкалық дағдылар), музыканы оқыту мақсаты, музыкалық білім мазмұны, музыканы оқытудың әдістері және құралдары, музыканы оқытуды ұйымдастыру, музыканы оқытудың нәтижелері.

Музыканы оқыту тар мағынасында оқушылардың музыкалық білім, іскерлік, дағдыларын меңгерту деп анықталса, кең мағынада музыкалық білім, іскерлік, дағдыларды меңгертумен бірге, олардың музыкаға деген эмоционалды-құндылықты тәжірибесі мен музыкалық шығармашылық іс-әрекеттері тәжірибесің қалыптасуын айтамыз.

Бүгінгі таңда музыкалық білім берудің мақсаты оқушылардың рухани, адамгершілік, эстетикалық, көркемдік мәдениетінің қалыптасуы деп түсіндіріледі. Бұл мақсат музыкалық білім берудің келесі негізгі міндеттерінің жүзеге асырылуын көздейді:

-балалардың музыкаға деген сезімін, сүйіспеншілігін ояту өнер туындыларына эмоционалды-эстетикалық сипатта баға беруін сезім мәдениетін дамыту;

- оқушыларды халықтық, классикалық, жаңа кезеңі музыкасымен, әсіресе аса бай форма мен жанрдағы музыка өнері туындыларымен таныстыру;

- өмірмен рухани байланыстағы музыка туралы білімдерді меңгерту;

- музыкалық қабілеттерін, дағды, іскерліктерін дамыту, музыкамен шұғылдану процесінде өздерінің жеке тұлға екендігін саналы түрде ұғындыру;

- тыңдаушылық және орындаушылық, музыка шығару, импровизациялау іс-әрекеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- музыкалық-эстетикалық талғамын тәрбиелеу;

- көркемдігі жоғары музыкамен шұғылдануға деген қажеттіктерін дамыту;

- өз бетімен музыкалық білімін толықтыруға қабілеттілігін дамыту.

Оқушылардың білім, іскерлік, дағды деңгейлерін тексеру оқыту процесінің құрамдас бөлігі бола отырып, оқушылардың оқу жұмысын тек қана тексеру емес, тәрбиелік,

дамытушылық қызметтер де атқарады. Ол үшін мына төмендегі элементтер есепке алынуы тиіс:

білімді қабылдау, ой қорыту, есте сақтау, яғни оқушыға сабақта мұғалімнің берген білімі мен оқулықтардағы теориялық материалдарды өз бетімен меңгеруі деңгейіндегі тексеріс;

Бақылау, тексеру әдістері де әр түрлі. Бақылау әдістерін оқу жетістіктері және процесінің тиімділігі жөнінде кері байланысты қамтамасыз ететін мұғалім мен оқушының бірізділіктегі, өзара байланысқан әрекеттерінің жүйесі деп түсінеміз. Олар оқу процесі жөнінде жүйелі, толымды және нақты жедел ақпарат алуды қамтамасыз етуі тиіс.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Музыкальное образование в Казахстане: Хрестоматия Вып.1/сост. Р.Р. Джердималиева, А.А. Момбек, З.Р. Ахметова. – Алматы, 2007. – 360 с.
- 2.Музыкальное образование в Казахстане: Хрестоматия / Вып.2/сост. Р.Р. Джердималиева, А.А. Момбек, З.Р. Ахметова. – Алматы, 2006. – 380 с.
3. Музыкальное образование в современном мире: учебное пособие /сост. Р.Р. Джердималиева, Т.Ш. Ахметова, Ж.А. Абенова. – Алматы, 2008. – Вып.1. - 460 с.



Аубакирова А.А.<sup>1</sup>, Бакеева Ж.М.<sup>2</sup>

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕР ОРНЫ.

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Музыкалық білім берудің әдістемелік негіздерін меңгерудің көрсеткіші педагогикалық практикада жүзеге асыру болып табылады.

«Музыка пәнін оқыту әдістемесі» курсының барысында студенттер барлық материалдың теория мен практикаға байланысты салынғанын түсінуі тиіс. Бұл заңдылықтарды ұғыну теориялық ережелер оларды практикада қолдану нәтижесінде, талдау және сабақтарда ұжымдық талқылау процесінде органикалық меңгерілуі тиіс деген бағдар болуы мүмкін.

Өнер жүйесінде музыка ерекше орын алады. Қазіргі уақытта оған қызығушылық өте жоғары. Көрнекті педагог В. А. Сухомлинский музыканы эстетикалық тәрбиенің күшті құралы деп атады. "Музыканы тыңдау және түсіну-эстетикалық мәдениеттің қарапайым белгілерінің бірі, онсыз тәрбиелеуді елестету мүмкін емес" – деп жазды ол. А. А. Мелик-Пашаевтың пікірінше, музыканың ерекшелігі-оның мәнерлілігі өмірдің құбылыстары мен оқиғаларының бейнесі үшін өшпейтін тыңдаушыдан жасырынбайды, ал оның жанына тікелей әсер етеді. Сондықтан музыка балаға көркем шығарманың мәні оның мәнерлігінде екенін сезінуге және түсінуге көмектеседі.

Педагогика философиясында қоғамдағы музыкалық білімнің мақсаты туралы көптеген пікірлер мен көзқарас қалыптасты, музыка индивидке, оның көркемдік, эстетикалық, адамгершілік дамуына әсер ету құралы болып табылады.

Музыкалық тәрбие ой-өрісін, сезімнің эмоционалдық мәдениетін, адамгершілікті қалыптастыру құралы болып табылады және музыканың өнер түрі ретіндегі ерекшелігіне, оның мазмұнының ерекшелігіне негізделеді.

Музыка қозғалыстағы, даму динамикасындағы шындықты көрсетеді.

Ал бұл қозғалыстың орталығы-оның ойлауы, қабылдауы бар адам.

Музыкалық өнерді талдау кезінде ассоциативті ойлау мәселелеріне ерекше орын беріледі. Ассоциативті ойлау композиторлық және орындаушылық өнердің бейнелілігін, мәнерлілігін анықтауға көмектеседі. Музыкалық шығарманың мазмұны музыканың идеялық және эмоциялық түсінігі біздің ойымызға түрткі болады.

Өнер бізді өз идеяларымен еліктіре алады, бірақ тек эмоционалды түрде ғана. Өнерден туындаған эмоциялар-бұл сезімнің ерекше түрі-көркемдік эмоциялар.

Олар психиканың жоғары қызметін, ойлау қызметін талап етеді. Музыкамен қарым-қатынас жеке тұлғаның рухани қалыптасуына, оның өзін-өзі танытуына мүмкіндік береді, музыкалық қызметтің ұжымдық түрлері (хор, аспаптық) музыкалық-шығармашылық қызметке қатысу сезімін тууға және дамытуға, музыкамен қарым-қатынас барысында олардың бірігуіне ықпал етеді.

Музыкалық білім эстетикалық сезімнің, талғамның, көркемдік қажеттіліктің, сұлулықты сезінудің, өнердегі және қоршаған өмірдегі үйлесімділіктің қалыптасуына ықпал етеді. Осыған байланысты, музыка пәнінің мұғалімі алдында оқушыларды отандық және әлемдік музыка мәдениетінің жауһарларына тарту, онымен қарым-қатынас жасауға деген мұқтаждықты қалыптастыру, музыкалық ой-өрісін кеңейту, музыкадағы сезімге, ой-өрісіне эмоциялық және эстетикалық тұрғыдан қарауға тәрбиелеу міндеті тұр.

Д. Б. Кабалевский «Музыка мектеп маңызы, – деп атап өтті. Сондай-ақ, әдебиет, бейнелеу өнері, музыка біздің мектеп оқушыларын тәрбиелеу мен білім берудің барлық салаларында кеңінен қолданылады, олар рухани әлемнің қалыптастыруындағы мықты және ешнәрсе алмастырмайтын құрал болып табылады». Музыка адамға шынайы әсер етеді, эмоционалдық стресстерді алып тастау, жалпы психикалық жағдайды реттеу, тұлғаның эмоциялық-интеллектуалдық дамуын, оның ерік-жігерін үйлестіру.

Соңғы уақытта музыкалық бағдарлы арттерапияның әр түрлі түрлері белсенді жүргізіліп, практикаға енгізілуде. Музыка емдеу немесе түзету мақсатында қолданылады.

Музыка – күшті эмоционалдық әсерге ие, ол адамның жақсы сезімін оятады, оны жоғары және таза етеді. Ол өнердің бір түрі бола отырып, оқушыларға жалпы музыка өнерінің ерекшелігін тануға мүмкіндік береді. Бір өнер түрінің табиғатын көріп, оны басқа түрлермен салыстыра отырып, балалар олардың ортақ және ерекше екенін анықтай алады.

Музыка мәдениетінің жолсерігі бола отырып, музыка пәнінің мұғалімі оқушылардың музыкалық тәрбиесіне жауапты екенін сезінуі тиіс. Бүгінгі таңда музыка пәнінің мұғалімі тек педагогикалық функцияны ғана емес, ағартушылық қызметті орындауға арналған, өйткені қазіргі оқушыға сана – сезімді емдейтін, талғамды дамытатын және барлығына қарсы тұратын псевдокультураның қуатты ағыны-мектептегі музыка сабағының басты міндеті. Ағартушылық қызмет тәрбиелік міндеттерді іске асыру үшін іргетасқа айналады.

«Мұғалім мамандықтың күрделілігі, «мұғалім» ұғымына және «музыкант» ұғымына кіретін элементтердің тығыз өзара байланысы қажеттілікпен анықталады, оның әрқайсысы көп қырлы» – деп жазған, белгілі педагог О. А. Апраксина.

Музыка пәнін мұғалімі оқу-педагогикалық қызметін жүргізеді, көзқарастарды, сенімдерді, қажеттіліктерді, талғамдар мен идеалдарды қалыптастыруға қатысады. Ол өз пәнін жақсы білетін кең білімді адам ғана емес, осы сөздің жоғары қоғамдық мағынасында жеке тұлға болуы керек. Балаларды музыкалық өнер құралдарымен тәрбиелеуде, оның көзқарастары, нанымдары, дүниетанымы бірінші дәрежелі мәңгі ие".

Мұғалімдерде көптеген рөлдер бар, бірақ олардың барлығы бір-біріне сәйкес келеді: балаларды үйлесімді ұстауға және дамытуға, шығармашылық тұлғаны дайындауға бағыттайды. Музыкант-педагогтың кәсіби қызметі көбінесе өзіндік жұмыстың сапасы мен әртүрлілігіне байланысты болады, өйткені онда өзінің жеке қасиеттеріне, жеке табиғи мүмкіндіктері мен қабілеттеріне, мақсаттары мен қондырғыларына сәйкес алынған білім, білік пен дағды кеңейтіледі, бекітіледі, жетілдіріледі және түзетіледі.

Педагогикалық мамандық кез келген мамандық мұғаліміне көптеген талаптар қояды. Өзінің педагогикалық қызметінде мұғалім әдіскер, тәрбиеші және психолог ретінде бір мезгілде әрекет етеді және бұл оданарнайы дағдыларды, білім мен іскерлікті меңгеруді талап етеді. Әр кезде сұрақ туындайды, біз түсінеміз астында даярлаудың сапасын учителя музыкасы, онда біздің ойымызша, ақылға қонымды бөлу ғана емес, оны меңгеру кешені кәсіби білім, білік және дағдыларын арнайы пәндік облыстарында, педагогика, музыкалық психология, эстетика, бірақ құрайтын, олар оң әсер етеді, кәсіби даярлық сапасына тұтастай алғанда.

Музыка мұғалімі тамаша музыкант, музыкалық аспапты, дауысты жақсы меңгеруі, жұқа музыкалық есту қабілеті болуы, парақтан оқу дағдыларын меңгеруі, импровизациялауы тиіс. Бұл қасиеттердің барлығы оның қызметінің сапасы мен табысын анықтайды.

Балаларды тәрбиелеуде музыкалық-теориялық дайындық маңызды. Музыка тарихын білу, музыкалық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарын білуге мүмкіндік береді. Жан-жақты музыкалық дайындық болашақ педагогқа өз пәнін білуін береді. Мұғалім қарым-қатынас өнерін меңгеруі керек, өз сөзін басқара білуі керек.

Музыка сабағы жағдайында әндерді орындау, музыкалық шығармаларды тыңдау және оқушылардың басқа да іс-әрекеттері мұғалімнің әңгімесімен сүйемелденуі тиіс. Осы мәселе бойынша Г. Л. Арчажникова былай дейді: "оқушылардың орындауы үшін бейнелі ассоциациялардың пайда болуын ынталандырады, тыңдалғанды логикалық пайымдауға

ықпал етеді, оларды белсенді тыңдауға апарып, музыкада өмір сүруге үйрету қажет. Бұл міндетті орындау үшін ауызша пікір қолданылады".

Музыканы қабылдау кезінде оқушылардың уайымдарына сезімтал-дық, көңіл аудару, сенім мен құрмет сезімін тудырады.

Мұғалімнің беделі оның талапшылдығына және оқушыларға қамқор-лық жасауға байланысты. Олар әрдайым мұғалімнің көмегі мен қолдауын, оның көңілін және жылы қарым-қатынасын қажет етеді, онсыз сабақты сапалы әрі табысты өткізу мүмкін емес.

Мұғалімнің шығармашылығы, оның педагогикалық табыстары мек-тептегі алғашқы дербес қадамдардан басталады. Педагогикалық шебер-лікті меңгеру одан өзінің артықшылықтары мен кемшіліктерін, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі жетілдіру қабілетін білуді талап етеді. Мұғалімдердің жан-жақты байлығы, ақыл-ойы, ақыл-ойы, ақыл-ойы, ақыл-ойы, ақыл-ойы, ақыл-ойы, ақыл-ойы, білімі, жұмыс істеуге деген ынтасының қа-лыптасуына әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдуллин Е. Б., Николаева Е. В. "Музыкалық білім теориясы" М., 2004 ж.
2. Әлиев Ю. Б. "мектептегі Хор: мүмкіндіктер, міндеттер, перспективалар немесе мектеп хор ұжымы неге керек?" Әлиев Ю. Б., "музыкант - оқытушының үстел кітабы" М., 2002 ж.
3. Безбородова Л.А. "сабақтан тыс уақытта музыкалық сабақтарды ұйымдастыру". Безбородова Л. А., Әлиев Ю. Б. "жалпы білім беру мекемелерінде оқушыларды оқыту әдістемесі: педагогикалық жоғары оқу орындарының музыкалық факультетінің студенттеріне арналған оқу құралы" М., 1977 ж.
4. О. А. Апраксина "Мектептегі музыкалық тәрбие әдістемесі" М., 1983 ж.

**Мусакулов К.Т., Бақыт Н.А..**

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК-БАСҚАРУ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ДАМЫТУ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01101-«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.

Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының кандидаты PhD докторы, профессор

Елімізді мекендеген өзге ұлт өкіл-дерінің мемлекеттік тілді меңгеруі - бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігі баршамызға белгілі. Бұл іс біріншіден, әлеуметтік сұранысқа негізделген мемлекеттік қажеттілікті нысана еткен жағдайда, екіншіден, бүгінгі оқыту жүйесіндегі қазақ тілінен берілетін білім нәтиже берген жағдайда ғана алға басады.

Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің мақсаты – мұғалімдерді қазақ тілін оқытудың ғылыми негізімен қаруландыру, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың өзіндік ерекшелігін меңгерту, қазақ тілін орыс мектебінде оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері мен тиімді жолдарымен таныстыру, оқушыларды қазақша сөйлеуге дағдыландыруда қолдана білуге бейімдеу, бағыттау. Заман ағымына сай, білім беруді дамыту, білім сапасын әлемдік деңгейге көтеру – кез-келген оқу орнының және ұстаздың басты міндеті. Әр ұстаз өз оқушысының білікті, білімді азамат болғанын қалайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында»: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» делінсе, басым міндеттерінің бірі ретінде – «жеке

адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектінің байыту», - деп көрсеткен.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңында»: «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырамас белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген.

Осы алған тәжірибелі – эксперименттік жұмысының (ТЭЖ) «Білім беру үрдісінде субъектінің коммуникативтік құзыретін және жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру» атты тақырыбы өткен ізденіс тақырыбының жалғасы іспетті. 2008-2009 оқу жылынан бастап, жаңа ТЭЖ тақырыбы бойынша жұмыс істеуге кірістік. Біз қала, гимназия және мектепшілік әдістемелік бірлестігінің (МӘБ) тақырыптарына сай өзіміздің жеке тақырыбымызды таңдап алдық. Осы тақырыпты алудың себебі, қазіргі таңда білім беру үрдісіндегі құзыреттілік мәселесі. Қазіргі заманға сай мектептерге оқытудың тиімділігін арттырып, оң нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін бәсекеге қабілетті, құзыретті мұғалім аса қажет. Қазіргі білім беру үдерісі дара тұлғаға бағытталып, оқушының қатысымдық, зияткерлік, ақпараттық, сөйлеу құзыреттіліктерін, әлеуметтенуге бейімділігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, білім мазмұны жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталуы тиіс. Ғалым Ф. Оразбаева: «Қазақ тілін оқытуда әр түрлі амалдар мен жолдар қолданылғанымен, әр оқытушы үшін ең ұтымды, ең пайдалысы – оқушының қоғамдық ортада пікір алмасуын, адамдардың түсінісу қажеттілігін өтейтін, басқа ұлт өкілдері үшін, қазақ тілінде сөйлесе білуді қамтамасыз ететін түрі», - деп жазады

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде тұлғалық-бағдарлы білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқыту формалары бар. Олар түрлі деңгейлі оқу бағдарламаларының бірнеше нұсқасын қолдануға, оларды білім алушылардың таңдап, ең жақын даму аймағына сәйкес жеке жылдамдықпен ұйымдастырылуына, әрбір тұлғаның дер кезінде кәсіби көмек алуына, оқытудың шығармашылық сипатта болуына, материалды проблемді ұсынуға мүмкіндік береді. Ол мүмкіндікті қазіргі ІТ технологиялар мен бағдарламаларды қолдана отырып жүзеге асыруға болады. Қарым-қатынасты дамыту негізінде білім беру білім алушының жеке тұлға ретінде және ақыл-ой зердесін дамытуда үлкен роль атқарады.

Әр білім алушының еңбегі пайдалы болуы керек. Өзінің ғана емес, өзгенің де еңбегі жауапкершілікпен қаралуы керек. Өзі оқи отырып, өзгені оқытуға үйрену – басты ұстаным. Мұндағы диалогтық оқытудың негізгі мақсаты: әр тұлғаның қабілетін дамыту, еңбек етуге баулу, коммуникативтік қабілетін ояту, ынтымақтастыққа тәрбиелеу, өзін-өзі басқаруға, бақылауға, байқампаздыққа жетелеу. Бұл коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөлігі болып табылады.

Диалог пен шағын топқа негізделген сабақты ұйымдастырудың тәжірибесін талдай отырып, мына ережелерді ұсынайын:

Бірінші ереже. Сабаққа барлық қатысушылар қандай да бір деңгейде тартылуы қажет. Бұл мақсатта сабаққа қатысушыларды талқылау үрдісіне қатысуға мүмкіндік беретін технологияны қолдану пайдалы.

Екінші ереже. Оқушылардың психологиялық даярлығына қамқор болу қажет. Сабаққа келушілердің барлығы бірдей жұмыстың қандай да бір түріне тікелей қатысуға психологиялық даяр болмауы мүмкін. Осыған байланысты, сергіту, қатысушыларды жұмысқа белсенді қатысуымен мадақтап отыру, білім алушының өзіндік жетілуіне мүмкіндік беру пайдалы.

Үшінші ереже. Қатысушылардың саны мен оқыту сапасы бір-біріне тікелей қатысты. Мәселен, шағын топпен жұмыс өнімді болады. Өйткені сабақ барысында әрбіреуін тыңдау маңызды. Сондықтан да шағын топтың құрамы – 5-7 адамнан тұруы тиімді болып табылады.

Төртінші ереже. Жұмысқа арналған орынды даярлауға көңіл бөлу керек. Бұл алғаш көрінгендегідей жай мәселе емес.

Бесінші ереже. Жүру барысы мен тәртібіне аса мән беру қажет. Топта жұмыс жасау ережелерін алдын-ала келісіп алып, оны бұзбауға тырысу қажет. Мысалы, барлық қатысушылардың кез-келген көзқарасқа шыдамдылық танытуын, әр адамның сөз бостандығына деген, өзіне деген құқын сыйлауға келісу пайдалы.

Алтыншы ереже. Сабаққа қатысушылардың топқа бөлінуіне үлкен көңіл бөлу қажет. Алдымен оны еріктілік негізде жүргізген жақсы. Кейін кездейсоқтық таңдау принципін қолданған дұрыс.

Шағын топта оқыту бір мезгілде бірнеше міндетті шешуге мүмкіндік береді. Бастысы – ол коммуникативтік білік пен дағдыны дамытады, оқушылардың арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі, тәрбиелік міндетті қамтамасыз етеді, өйткені топта жұмыс жасауға, жолдастарының пікірін ескеруді үйретеді. Сонымен қатар, сабақ барысында шағын топты қолдану, практика көрсетіп отырғандай білім алушылардың жүйкесіне түсірер салмақты шешеді, олардың іс-әрекет түрін алмастыруға, сабақтың негізгі сұрақтарына зейін аударуға мүмкіндік береді.

Топтық жұмыстың мәні – адам арнайы жасалған ортасында алынған тәжірибесін сыртқы әлемге ауыстырып, оны сәтті қолдана алуы. Алайда шағын топта оқыту технологиясын ұйымдастырушылары үшін таза оқу мақсатынан басқа, топта жүріп жатқан өзара әрекет үрдісінде өзге адамдардың құндылығы есепке алынып, олармен қатынасқа, олардың қолдауына деген қажеттілік қалыптасуы маңызды. Сондықтан да тұлғалық-бағдарлы оқыту тобында сәтті нәтиже үшін қажетті екі негізгі қызмет жүзеге асуы қажет: бірлескен жұмыс барысында қойылған міндетті шешу (оқу, т.б.), топ мүшелеріне қолдау көрсету.

Педагогикалық мақсатқа жету үшін оқу үрдісінде барынша белсенді қолданылатын әлеуметтік-психологиялық тренингтер мен психотехникалық жаттығулар да үлкен құралдар арсеналын құрайды. Зерттеу контексінде бұл әдістер тобын қарастыру маңызды, өйткені мұндағы оқу өзара әрекеттесудің дидактикалық шарты ретінде және білім алушының тұлғалық өсуі мен әлеуметтік бейімделуін қарастырады.

Құзыреттілік ең алдымен орта буын оқушыларының ақпараттық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Сыртқы ортадан ақпарат алу, оны өңдеу оқушы мінезін қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Ақпараттарды өз бетімен алуға, талдауға, қайта өңдеуге үйрету ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады. Мұнда оқушылардың өз бетімен орындаған жұмысына көп мән беріледі. Мектеп оқушылары өз беттерінше жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан, түсіндірме сөздіктерден, түрлі тарихи ақпараттар алып, сабақ барысында пайдаланады. Бұл құзыреттілік оқушының оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етсе, ал мұғалімнің мақсаты – оқушыға білімді өздігінен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына жағдай жасау, кеңестер және бағыт-бағдар беру.

Қорыта айтқанда, орта буын оқушыларының құзыреттілік тұрғысынан оқыту мәселесін оқу-тәрбие процесі барысында басшылыққа алып, шығармашылық тұрғыда оқушылармен жұмыс жасап, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолдану оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызды зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі, ОБД, АҚББ нормативті құжаттары; ҚР заңдары мен құқықтық – нормативті актілер;
2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы;
3. Карманова Н.А. Формирование вторичной языковой личности в условиях использования новых информационных технологий в преподавании иностранных языков / АКД. – М., 2005. – 28 б.
4. Кубаева И. Казахский язык / Просто о невероятно сложном. - Алматы: Маркет, 2005. – 104 б.
5. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдіс-төмесі. - Астана: Атамұра, 2006. – 240 б.

Мусакулов К.Т., Бақыт Н.А.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІЛІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ  
ЖОЛДАРЫН САРАПТАУ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01101-«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.

Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының кандидаты PhD докторы, профессор

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

Білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуға. Ғылым мен жаңа технологияларды, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері:

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.
2. Ақпараттық мәдениет орталығы.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық почта, радионы жатқызуға болады. Мұғалім ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады. Мультимедия кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі көп:

1. Мұғалім оқушы білімін бағалауды компьютерге жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.
2. Оқушы жеке жұмыс жасайды.
3. Мұғалім сыныптағы оқушылардың жағдайын толық көріп, әрбір оқушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады.

Сонымен қатар пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу сапалы білімнің қайнар көзі болар еді. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкін етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық ұлғайтып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын әрине, мұғалім екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде мұғалім тек басшылық жасайды әрі ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады.

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелер. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Отбасы тақырыбында жазылған шығарма беріледі. Берілген шығармадан қазақ халқына тән туыстық қарым-қатынастағы ерекшеліктерді сипаттаңы Жақын арада сіз оқыған шығармаңыздан өзіңізге қатарлас баланың сол шығарманың басты кейіпкері болғанын білдіңіз. Оның сізден немесе сыныптас достарыңыздан қандай айырмашылығы бар немесе қандай ұқсас жақтары бар. Соны сараптап айтып беріңіз! Шығармада кездесетін әндерді қазіргі кездегі әндермен салыстыра отырып, өз ойыңызды айтыңыз;

2. Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі бойынша тапсырмалар:

— «Менің атым Қожа» шығармасын немесе басқа да көркем шығармаларды оқу барысында кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне өз бағаңызды беріңіз;

— Экология тақырыбында берілген шығармалар бойынша оқушының өз ойын тыңдай отырып, « Қазіргі экологиялық мәселелерді қалай шешуге болады?» деген тақырыпта сұхбат жүргізіңіз;

— Топтық жұмыс. Әр топ өзіне ұнаған кейіпкерінің отбасына, Отанына әкелетін жақсылықтары мен зияндықтарын атап, оларға сипаттама береді. Зияндықтарды болдырмаудың себептерін анықтаңыз және т.б;

3. Ақпараттық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

— Шығарманы оқып шығып, жалпы идеясын анықтаңыз;

— Берілген шығарма бойынша жоспар ( жай, күрделі) құрыңыз;

- Баспасөз беттерінен осы автор туралы мәлімет жинаңыз.
- Сол автордың шығармашылығы бойынша тезис дайындаңыз;
- Көркем шығармада берілген аймақты сипаттаңыз;

4. Мәдени-танымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

- Шығармадан қазақ халқына тән туыстық атауларға байланысты этнолингвистикалық сөздерді теріп, жазып, сөздік құрастырыңыз;
- Белгілі бір тақырып бойынша аңыз, ертегілерді жинақтап, жобалар жасаңыз;
- Шығармада кездесетін ұлттық тағамдар атауларын атаңыз және олардың адам денсаулығына пайдасын дәлелдеңіз;
- Шығарманы оқу барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы өз ойыңызды айтыңыз. Басқа сынып оқушыларымен қазіргі салт-дәстүрлер туралы сұхбат жүргізіп, диктафонға жазыңыз және сараптама жасаңыз;

Оқушыны іздендіру үшін сұрақ қоя білуге үйрету арқылы оның саналы ойлауы, жан-жақтылығы, білімі мен біліктілігі қалыптасады. Сонымен қатар, жоспарлы түрде жұмыс істеуге машықтану үшін мәтін бойынша жоспар құру әдетін қолдануға болады. Нәтижесінде оқушы мәтін бөлімдеріне қысқаша тұжырымдама жасап, әрбір оқиғаға ат қойып, өзіндік іздену мен білім дағдысын берік қалыптастырады. Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасау, поэзиялық шығармаларды прозаға айналдыру тәсілдері де оқушының жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетін құзыреттілік тұрғысынан оқыту мәселесін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігіне талқылап, оқу-тәрбие процесі барысында басшылыққа алып, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызды зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы-2008
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
3. Б.А. Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2005
4. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі»
5. «Қазақстан мектебі» журналдары, 2010 жыл

Мусакулов К.Т., Бақыт Н.А..

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІЛІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ  
ЖОЛДАРЫН САРАПТАУ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01101-«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.

Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының кандидаты PhD докторы, профессор

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі



кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

Білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуға. Ғылым мен жаңа технологияларды, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері:

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.
2. Ақпараттық мәдениет орталығы.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық почта, радионы жатқызуға болады. Мұғалім ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады. Мультимедия кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі көп:

1. Мұғалім оқушы білімін бағалауды компьютерге жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.

2. Оқушы жеке жұмыс жасайды.

3. Мұғалім сыныптағы оқушылардың жағдайын толық көріп, әрбір оқушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады.

Сонымен қатар пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу сапалы білімнің қайнар көзі болар еді. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкін етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық ұлғайтып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын әрине, мұғалім екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде мұғалім тек басшылық жасайды әрі ұйымдастырушы, бағыттаушы ролінде болады.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелер. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі

жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Отбасы тақырыбында жазылған шығарма беріледі. Берілген шығармадан қазақ халқына тән туыстық қарым-қатынастағы ерекшеліктерді сипаттаңы Жақын арада сіз оқыған шығармаңыздан өзіңізге қатарлас баланың сол шығарманың басты кейіпкері болғанын білдіңіз. Оның сізден немесе сыныптас достарыңыздан қандай айырмашылығы бар немесе қандай ұқсас жақтары бар. Соны сараптап айтып беріңіз. Шығармада кездесетін әндерді қазіргі кездегі әндермен салыстыра отырып, өз ойыңызды айтыңыз;

3. Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі бойынша тапсырмалар:

— «Менің атым Қожа» шығармасын немесе басқа да көркем шығармаларды оқу барысында кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне өз бағаңызды беріңіз;

— Экология тақырыбында берілген шығармалар бойынша оқушының өз ойын тыңдай отырып, «Қазіргі экологиялық мәселелерді қалай шешуге болады?» деген тақырыпта сұхбат жүргізіңіз;

— Топтық жұмыс. Әр топ өзіне ұнаған кейіпкерінің отбасына, Отанына әкелетін жақсылықтары мен зияндықтарын атап, оларға сипаттама береді. Зияндықтарды болдырмаудың себептерін анықтаңыз және т.б.;

4. Ақпараттық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

— Шығарманы оқып шығып, жалпы идеясын анықтаңыз;

— Берілген шығарма бойынша жоспар ( жай, күрделі) құрыңыз;

— Баспасөз беттерінен осы автор туралы мәлімет жинаңыз.

— Сол автордың шығармашылығы бойынша тезис дайындаңыз;

— Көркем шығармада берілген аймақты сипаттаңыз;

5. Мәдени-танымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

— Шығармадан қазақ халқына тән туыстық атауларға байланысты этнолингвистикалық сөздерді теріп, жазып, сөздік құрастырыңыз;

— Белгілі бір тақырып бойынша аңыз, ертегілерді жинақтап, жобалар жасаңыз;

— Шығармада кездесетін ұлттық тағамдар атауларын атаңыз және олардың адам денсаулығына пайдасын дәлелдеңіз;

— Шығарманы оқу барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы өз ойыңызды айтыңыз. Басқа сынып оқушыларымен қазіргі салт-дәстүрлер туралы сұхбат жүргізіп, диктафонға жазыңыз және сараптама жасаңыз;

Оқушыны іздендіру үшін сұрақ қоя білуге үйрету арқылы оның саналы ойлауы, жан-жақтылығы, білімі мен біліктілігі қалыптасады. Сонымен қатар, жоспарлы түрде жұмыс істеуге машықтану үшін мәтін бойынша жоспар құру әдетін қолдануға болады. Нәтижесінде оқушы мәтін бөлімдеріне қысқаша тұжырымдама жасап, әрбір оқиғаға ат қойып, өзіндік іздену мен білім дағдысын берік қалыптастырады. Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасау, поэзиялық шығармаларды прозаға айналдыру тәсілдері де оқушының жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетін құзыреттілік тұрғысынан оқыту мәселесін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігіне талқылап, оқу-тәрбие процесі барысында басшылыққа алып, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызды зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы-2008

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
Тапсырмалар, мысалы, » тақырыптың негізгі түсініктерін меңгеруге бір топтарды диагностикалаңыз... (оқытушының нұсқауы бойынша пән тақырыбы)» және «тірек конспект құру және оны есепті шешу кезінде пайдалану» өздік жұмыс түрін жүргізу үшін білімді бекіту және нақтылау үшін пайдаланылуы мүмкін. Өзіндік жұмыстың осы түріне ұсынылған тапсырмалар студенттерде элементтердің (объектілердің) арасындағы себеп-салдарлық байланысты талдау, қорыту, анықтау, гипотезаны ұсыну, мақсатқа жету моделін құрастыру, құралдар мен мазмұнды іріктеу, іс-әрекеттің үдерісі мен нәтижесін бақылауды жүзеге асыру білігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өзіндік жұмыстың түрі практикалық сипаттағы іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру тапсырманы пайдалану кезінде жүзеге асырылуы мүмкін «диаграмма түрінде (бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып) бір топ оқушының үлгерімін әр түрлі тәсілдермен елестетіңіз. Ең ұтымды әдісті негіздеңіз және пайдаланылатын тәсілдердің тиімділігін бағалаңыз». Берілген тапсырма өзіндік жұмыстың көрсетілген түрін жүзеге асыру үшін болашақ мұғалімдердің келесі іскерліктерін қалыптастыруға ықпал етеді: себеп-салдарлық байланыстарды бөлу, мақсаттарға жету құралдары мен тәсілдерін таңдау, мақсатқа жету моделін құрастыру және оның кезеңдері, қызмет нәтижелерін салыстыру.

Тапсырма «коллаж жасау (бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, оқылатын пән аясында тақырыпты өз бетінше анықтай отырып), коллаж элементтері арасындағы байланыстардың заңдылықтарын негіздеңіз» өзіндік жұмыс түрін жүзеге асыру үшін қолданылуы мүмкін шығармашылық сипаттағы іскерлікті қалыптастыру, күрделі жағдайда білімді қолдана білу. Бұл тапсырма студенттердің оқу материалын жүйелендіру, себеп-

салдарлық байланыстарды бөлу, іс-әрекеттің үдерісі мен нәтижесін жоспарлау, іске асыру және талдау іскерлігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Біз үш кезеңнен тұратын зерттеу біліктерін қалыптастырудың кезеңдік моделін ұсынамыз: мотивациялық, мазмұнды-операциялық, бағалау-рефлексивті. Модель кезеңдеріндегі студенттердің өзіндік жұмысы құрал ретінде әрекет етеді және зерттеу іскерліктерін қалыптастыру функцияларын орындайды. Әр кезеңде белгілі бір тапсырмалармен сипатталатын және болашақ мұғалімдердің зерттеу іскерліктерін қалыптастыру функцияларын орындайтын дербес жұмыстардың басым түрлерін анықтады. Өз бетінше жұмыс түрлері, жаңа білім алу, өз бетінше білім алу; білімді бекіту және нақтылау; білімді оқу және практикалық тапсырмаларды шешуде қолдана білу дағдысын қалыптастыру мотивациялық кезеңде қолданған жөн. Зерттеу іскерліктерін қалыптастырудың мазмұнды-операциялық кезеңінде біз практикалық және шығармашылық сипаттағы іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру, күрделі жағдайда білімді қолдана білу сияқты студенттердің өзіндік жұмыстарын қолдануды ұсынамыз. Болашақ мұғалімдерді оқыту процесінде бағалау-рефлексивті дербес жұмыс түрлерін пайдалану орынды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вяткин Л.Г. Уровни познавательной самостоятельности студентов педагогических вузов [Текст] / Л.Г. Вяткин, А.Б. Ольнева, Г.Д. Турчин // Актуальные вопросы региональной педагогики: Сб. науч. тр. – Саратов, 2002. – С. 35.
2. Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроках. – М.: Учпедгиз, 1961. – С. 152.
3. Загвязинский В.И. Теория обучения: Современная интерпретация [Текст]: учеб. пособие для студ. высш. учеб. Заведений / В.И. Загвязинский. – М.: Академия, 2007. – 192 с. – С. 155.
4. Зимняя И.А. Основы педагогической психологии. – М., 1980. – С. 335.
5. Малкин И.И. Рационально организовать самостоятельную работу учащихся // Приложение к журналу «Народное образование». – 1966. – № 10. – С. 13-23.
6. Соловьева В.В., Горбузова М.С., Коробкова С.А. Методические аспекты организации самостоятельной работы при подготовке специалистов в медицинском вузе [Текст] / В.В. Соловьева, М.С. Горбузова, С.А. Коробкова // Фундаментальные исследования. – 2014. – Вып. № 9/7. – С. 1614-16178.
7. Стрекозин В.П. Организация процесса обучения в школе. – М., 1968.

Садыкова А.К<sup>1</sup>., Ғұмыр А.С.<sup>2</sup>.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының  
магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2030» Қазақстан халқына жолдауында қазақстандықтардың өмір сапасының артуындағы міндеттердің бірі осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған ролі атап көрсетілген: «педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, жеке шығармашылық қабілеттерінің көрініп, дамуы үшін жағдай жасауға міндетті»- делінген.

Мемлекетімізді дамыған өркениетті елдер деңгейіне көтеру үшін болашақ ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап жан-жақты білімді, кәсіпкерлік ортаға бейімді етіп тәрбиелеу басты бағытымыз. Біздің міндетіміз дүниежүзіндегі жаңалықтармен, жауапкершілік, ерік күш сезімдерін сіңіру, яғни олардың дамуына үлкен мән беру. Ал дамудың негізі-білімде.

Білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар мектеп оқушыларының дербестігін, іздемпаздығын, белсенділігін мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді. Сондықтан оқушылардың оқып жүрген кезінде олардың ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктіліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге қажеттілігі туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін оңтайлы ұйымдастыруға тікелей байланысты. Оқушыс жаңаша өмір сүріп қоймай, қоғамның әлеуметтік, құқықтық, экономикалық нормаларын меңгере отырып, қоғам мен тығыз байланыста болуын дамыту.

Осы аталған мақсатқа жетудің міндеттеріне тоқтала кетейік :

- 1) оқушылардың теориялық білімдерін шыңдау
- 2) оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін ескеру
- 3) шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Физиканы оқыту процесін жетілдіру оқушылардың танымдық белсенділігі мен іздемпаздығын арттыруға негізделген. Оқу танымдық қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауы да дамытылады. Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға арналған зерттеулердің нәтижелері оқушылардың танымдық қызығушылығының көрсеткіштері ретінде төменде берілген:

таным үрдісіндегі белсенділігі, білімге қызығушылығы;  
өздігінен ізденушілік әрекет жасауға ынтасы;  
оқу-танымдық қызметтегі негізгі түйінді анықтау білігі;  
игерілген білімді тасымалдай білуі;  
өз іс- әрекетін бақылауы, бағалауы;

Оқушылардың танымдық қызығушылығының ең жоғары деңгейі танымдық міндеттерді өздігінен шешуге ұтымды жолдарды қолдана білуімен, жаңаны білуге деген қызығушылығының жоғары болуымен және өз іс- әрекетін бақылап, бағалай білумен

сипатталады. Орта деңгейде оқушы танымдық іс-әрекет деңгейін өздігінен орындауды оқытушының көмегін қажет етуімен сипатталады, төменгі деңгейде оқушы тапсырманы қайталаумен шектеліп, оқытушының көмегімен орындалады.

Ізденіс жұмысының және оқушының ойлау қабілеттінің даму жолдарының алғы шарттарының бірі – баланың пәнге деген қызығушылығын анықтау, тәрбиелеу, жетілдіру, бойындағы ерекше қасиеттерін көрсетуге, дамытуға мүмкіндік көрсету. Осы қағиданың негізінде ерекше қабілеті бар балалар ізденіс жұмыстарына белсенді қатысып тартылады.

Іздену жұмыстары арқылы оқушының ойлау қабілетін анықтап және олардың жетілуіне тиімді жағдай жасау. Балалардың ізденіс жұмысқа бейімделуі – терең білімнің негізі болып ғана емес, оқушының ойлау қабілетінің даму кепілі болып табылады.

Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдермен иық тіресіп тұруы үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс-әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.

Оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі (ізденушілік) – оқушының ғылыми қоғамын ұйымдастыру. Биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан ізденушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы керек. Ендеше мектепте оқушыны ізденіс жұмысына қатыстыра отырып ғылыми мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілетін ашуларын көмектесуіміз қажет. Оған қол жеткізетін тиімді ізденіс жұмыс түрінің бірі – оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру.

Зерттеушілік процесс барысында оқушылар белгілі фактілер мен құбылыстарға берілетін түсініктемелер мен дәлелдеулерді өз бетінше іздестіріп, түсінуіне тура келеді. Ол - есеп шығарудан рухани қанағаттануы мен эстетикалық ләззат алуы және зерттеу мақсатына жету мүмкіншілігіне сенімді болуы. Оқушыларды математикалық зерттеу әдісіне үйрету, оларға зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру арқылы математикалық танымдық қабілетін дамытуға мүмкіндік тудырады.

Физиканы оқыту үрдісінде оқушылардың оқу- танымдық іс-әрекетін көтеру оқу уақытын көп жұмсауды қажет етеді. Осыған байланысты физика сабағында құрал жабдықтардың, физикалық есептерді шығаруда дайын сызбалар мен жазулардың, қолдан жасалған дидактикалық материалдардың тиімділігі зор.

Оқыту процесі шығармашылықпен ұйымдастырылса, онда оқушылардың білім дәрежесі оқытушы айтқан сөздерден емес, өздерінің ізденуі және есеп шығару әдістерін іздеу арқылы қалыптасады.

Қай елде болсын балаға білім беру ісі елеулі орын алып, ұрпағының білімділігі мен біліктілігін шындауға бет бұрды. Шынында да оқушылардың жалпы білімін көтеру үлкен мәселе екені сөзсіз. Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу – біздің басты борышымыз.

Зерттеушілік әдісте қолдану дағдысы тұлға дамуының негізі: керекті ақпарат, фактіні жинау, түрлі көзқараста сараптау дағдысы, қорытынды жасап, пайымдау.

Ғылыми жобалау әдісіндегі іс-әрекеттестіруші тұлға, зерттеушілік шығармашылық, ролде ойнаушы, іздеуші тұлға.

Жобалаудың жалпы құрылымы :

- 1) алдымен жобаның тақырыбын типін таңдау ;
- 2) зерттеудің маңыздылығы;
- 3) міндеттерді топтарға бөлу, зерттеу әдістерін талқылау, ақпарат іздеу, шығармашылық шешімдер қабылдау
- 4) зерттеулердің, шығармашылық міндеттері бойынша өздік жұмысы, бақылау
- 5) алған ақпараттары бойынша талқыға салу

б) қорғау

Жобалау әдісіне қойылатын талаптар

-зерттеудегі шығармашылық жоспардың проблемалары мен міндеттерін кіріктірілген білімді, оны шешу үшін ізденушілігін талап ету.

-практикалық , теориялық , танымдық нәтижелердің көрсеткіштері

-оқушылардың өздігінен іс-әрекет етуі.

-жобалаудың мазмұнының құрылымы.

Жобалау әдісінің алгоритмі

1.Проблема

2.Жобалау

3.Ақпарат көздерін іздестіру

4.Нәтижені қорытындылау

5.Презентация.

Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өндіруге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Қазіргі кезде зерттеу ісі бүгінгі заман адамының өмір сүру тәсіліне енген кәсіби шеберлігін танытуда өзіндік көзқарасына сәйкес қызмет болып табылады. Бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті баланы өзіндік ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін үйрету. Әр оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін оның танаымдық қабілетін түрлі әрекетке көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет .

Қорытынды:

Оқу тапсырмаларының үлгі кезеңдеріне бағытталуы (дидактикалық аспект);

Әр түрлі деңгейлілікті және әрбір оқушының жеке ерекшелігін ескеру (педагогикалық аспект)

Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудағы жүйелікті сақтауды төмендегі негізгі жағдайлар қажет етеді;

Оқушылардың парасаттылығын қалыптастыруда, ойлау әрекетінде шығармашылық, ақпараттық мәдениет және сауаттылық қызмет байқалады;

Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың түйінді мәселелерін шешу мұғалімінің кәсіптілігімен байланысты шеберлігінде дамитыны сөзсіз.

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші.Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді.Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету.

«Шәкірт – нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау мектептің басты мақсаттарының бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012.

2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы –Астана ,2004.

3. Әбілқасымова А.Е. « Студенттердің іздемпаздығын қалыптастыру» Алматы ,1994

4. «Математика және Физика» журналы 2010,№5

Садыкова А.К<sup>1</sup>., Ғұмыр А.С. <sup>2</sup>.

## ОҚУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАР

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының  
магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» – деп ұлы шығыс ғалымы, ғұлама – философ әбу Насыр әл – Фараби бекерден айтпаған болса керек.

Адам баласының жарқын болашағы толығымен жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне тәуелді. Мектепте тәрбиенің басты міндеттері- теориялық білімді еңбекпен, өмірімен байланыстыра жүргізу, оқушыларды еңбек тәрбиесіне баулу, оларды политехникалық, экономикалық, экологиялық біліммен қаруландыру, кәсіптік бағдар беруге тәрбиелеу. Олай болса, әрбір азамат тәрбиеге тікелей қатысы бар адамдар, ұйымдар мен мекемелер тәрбиенің мәніне, міндеттері мен мақсатын жете түсінуі қажет [2].

Тәрбие – күрделі әрі ұзақ процесс. Оған белгілі бір дәрежеде білім, тәжірибе, шеберлік қажет. Ондай болмаған жағдайда тәрбие саласында белгілі бір нәтижеге қол жеткізу қиындыққа түседі. Сондықтан да біз тәрбиені шығармашылық жұмыстарының жемісі деп білеміз. Тәрбие, сонымен бірге педагогикалық әрекетте:

- Мәдени құбылыс;
- Педагогикалық ықпал ету;
- Балалардың әрекетін ұйымдастыру;
- Қарым – қатынас құралы ретінде жан – жақты қарастырылады.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні, этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын, тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет деп түсіндіріледі. Көрнекті психолог Л.С.Выготский «шығармашылық» деп жаңалық ашатын әрекетті атаған. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтардың бірі Я.А.Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейде көтереді деп есептейді. Бұл пікір бүгінгі күнгі педагогиканың талаптарына сәйкес келуімен көңілге қонымды. Зерттеушілер шығармашылық әрекеттерге әртүрлі анықтамалар береді. Мысалы: И.Я.Лернер шығармашылық әрекет деп білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, объектінің жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім табуды белгілейді. Шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы қалыптасады. Ал шығармашылық ойлау деп ойдың жылдамдығы, икемділігі, тапқырлығы, дәлдігі алынады.

Шебер педагог болмай тұрып, әдепті педагог болмақ жоқ. Педагогтық әдеп болмай тұрып, әдепті педагог болмақ жоқ. Педагогтық әдеп жаттау, еске сақтау және жаттығу жолымен жасалмайды. Ол мұғалім ізденісінің нәтижесі, ол оның ақыл-ойының көрінісі болып табылады. Мұғалімнің педагогтық әдебінде еліктеу деген болмайды.

Педагогтық әдеп әр мұғалімде әр түрлі және әр қалай көрініс беруі мүмкін. Бұл оның жас мөлшеріне, темпераментіне, мінез-құлқына, тағы басқа да ерекшеліктеріне байланысты. Педагогтық әдеп, әр мұғалімнің дара қасиеті. Нақты математикалық есеп бір тәсілмен шығарылады, бірнеше тәсілмен шығатыны сирек, ал оқушының жүрегіне жол табудың тәсілдері екібастан сан алуан. Әр мұғалімнің педагогтық әдебі бірқатар ұқсас жайттарды шешуге жарамды белгілі бір схемаға және формулаға сыйыспайды. Мұғалімнің оқушылармен тіл табысуы көбіне оның жағдайға ой көзімен қарай білуіне, оған басқа

жағдайлардан да гөрі айрықша маңыз беруіне байланысты. Әрбір нақты жағдайда оқушылардың қалай қарайтынын аңғара білу де мұғалімнің біраз білігін танытады. Ал, оқушылардың нақты жағдайға қалай қарайтыны көбінесе олардың мұғалімдермен ара қатынасына байланысты.

Қорыта келе, барлық нәрсенің өлшемі – адам, оның жан – жақты тәрбиесі қайта құру процесінің бұлжымас заңына айналып отырған қазіргі кезеңде тәрбие әдісі теориясын және практикасын одан әрі жетілдіру актуалды мәселе екені айқын.

Қазіргі кездегі тәрбие әдісінің негізгі мәні – жеке адамды жан – жақты қалыптастырудағы әлеуметтік міндетті жүзеге асырудың басты құралы болып табылатын тәрбиенің әдістерін жетілдіру.

Жалпы мақалада оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудағы педагогтың ролін толығымен ашып, тәжірибелер қосымша ұсындым. Яғни, оқу үрдісінде оқушылардың шығармашылық іс-әректін ұйымдастыру жолдарын қоса ұсындым. Сонымен қатар әсіресе сыныптан тыс тәрбие жұмысы барысында оқушылардың шығармашылығын дамытуға көптеп жұмыстар жүргізілсе деп ойлаймын.

Елбасының халыққа жолдған «Қазақстан-2030» стратегиялық жолдауында басты фактор білімді ұрпақ, жастар болашағы екенін баса айтты. Өйткені ХХІ ғасырдағы болашақ қоғамның білімділігі, сол қоғамды алып жүретін болашақ жастардың білімділігіне байланысты. Сондықтан болашақ жас ұрпағымыздың білімді, дарынды, жан-жақты болу үшін әрине «Оқу-тәрбие үрдісі барысында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін тереңдету қажет» [1].

Бұдан шығатын қорытынды, тәрбие әдістері деп тәрбиенің мақсат – міндеттеріне сай оқушылардың санасы мен ерік – күшіне ықпал ету, жағымды мінез – құлық нормаларын қалыптастыру және осы бағытта олардың іс – әрекеттерін ұйымдастыру, ынталандырудағы тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара бірлескен әрекеттерінде қолданатын амал – тәсілдер мен құралдарының жиынтығы.

Мысалы, жаттығу әдісі: бұйыру, нұсқау, көрсету, үйрету, жаттықтыру, тапсырма, ақыл – кеңес беру тәсілдерінің жиынтығын құраса, мадақтау немесе жазалау, алғыс немесе сөгіс жариялау, сыйлық беру, қабырға газетіне шығару, талап қою, теріс қылықтарды тежеу, жолдама беру, т.б. ынталандыру амалдарынан тұрады.

Тәрбие тәсілі тәрбие әдісіне тәуелді бола тұрып, оның әрекетін, тәрбиелік мәнін анықтайды. Тәрбие ықпалдың нәтижелі болуы тәрбие құралдарын дұрыс қолдану, таңдай білуге де байланысты.

Қазіргі замандағы ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс — әрекетіне қабілетті, еркін және жан — жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл адамның бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек [3].

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалу тиіс. Олар:

Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;

Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;

Ойлау мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жету;

Оқушының шығармашылық іс — әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз — оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, оны соған үйреткен жөн. Оқушының зейінін, есін қиялын, интеллектісін дамыта отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық іс — әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Битянова М. Р. Психология в школе: содержание и организация работы. М., 2000г.
2. Навайтис, Г. Профессиональная психологическая помощь подростку. М.: Изд-во Модек, 2007 г.
3. Организация диагностической и психокоррекционной работы с детьми, оказавшимися в кризисных ситуациях. Авторы- составители: Осипова А. А, Чаусова Л. К., Мясникова М. Н., Гейденрих Л. А., Солтовец А. В.- Ростов-на – Дону, 2001.
4. Насилие в семье: Особенности психологической реабилитации: учебное пособие / под ред. Н.М, Платоновой и Ю.П. Платонова. – СПб.: Речь, 2004.

Аубакирова А.А.<sup>1</sup>, Даулет А.<sup>2</sup>

## КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ПАТРИОТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МЕКТЕП ПЕН АТА –АНАНЫҢ РӨЛІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының  
магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

«Мың жылдығын ойлаған ұрпақ тәрбиелейді» дейді дана халқымыз. Яғни ұрпақ тәрбиесі қазіргі уақытта өзекті мәселелердің біріне айналды. Ал бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі қандай десек әрине маңызды деп айта аламыз. Қазақ даналығында: «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген қағида бар. Міне осының өзі ұлттық тәрбиеміздегі ата-ананың бала тәрбиесіндегі маңызын аңғартса керек. Сол секілді: «Ұяда не көрсен ұшқанда соні ілесің» деген даналық сөздің де бала тәрбиесіндегі ата-ананың орнын меңзесе керек.

Қазір қазақ қоғамы отбасы тәрбиесінде ең бір құлдырау кезеңін бастан кешіп отыр. Оның бірнеше себептері бар. Соның бірегейі кешегі советтік кезеңде жүргізілді. Яғни кеңестік жүйенің басты саясаты қазақтың дәстүрлі құндылықтарының тамырына балта шапты. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге «ескіліктің сарқыншағы» ретінде қарап, ескішіл элементтерді жою үрдісі сол заманда кең етек алып, ұлттық тәрбие мен дәстүрлі мәдениетімізден айырып тастады. Міне осылайша өткен тарихымызда халқымыз өзінің рухани тереңіне бойлай алмай, дәстүрлі құндылықтары мен ұлттық тәрбиесінен қол үзіп қалған болатын [1].

Ұлттық тәрбие мен дәстүрлі отбасы құндылықтарымыз осылайша жойылған болатын. Яғни советтік саясаттың сол кездегі екен «дәні» қазір өз «жемісін» беруде... «Бүгінгі күн кешегі күннің жемісі, ертеңінің болмысы» дейді дана халқымыз.

Халқымыздың біртуар ұлы Мұстафа Шоқай: «Батыс тәрбиесін алған зиялылардың аянышты жері – рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы еді. Батыс тәрбиесі көптеген туыстарымызды халқымыздың жан дүниесіне сіңген, ұлттық тарихымыздың өн бойында жатқан «Шығыс зердесінен» айырды» деп, сол уақытта-ақ сол жүйенің зардаптарына қынжылған болатын.

Енді қазіргі қоғамдағы ата-ананың бала тәрбиесіндегі орны қандай деген сұраққа келсек. Және бала тәрбиесіндегі көптеген проблемаларға тоқталып, проблемадан шығу және шешу жолдарын айтсақ.

Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әлеуметтік зерттеулер деректеріне қарасақ ата-аналардың 62%-ы өз балаларына жеткілікті уақыт бөлмейді, 43 %-ы балаларының проблемаларына аз мән береді екен.



Бұл деген сөз қазіргі қоғамдағы ата-аналардың бала тәрбиесіне терең мән бермеуін көрсетеді. Сондықтан да қазіргі қоғамдағы бала тәрбиесіндегі көп проблеманың пайда болуына әкелді.

Оны көп ата-аналар қазіргі нарықтық замандағы «сананы тұрмыс билеген» жүйенің проблемасымен түсіндіреді. Мысалы: қазіргі қоғамда ата-ана өз баласының тәрбиесіне қарауға мұршасы жоқ, өйткені, көптеген алған несиелерін төлеу үшін күндіз-түні жұмыс істеп жүріп, бала тәрбиесіне мән бермейді. Сананы тұрмыс билеген. Бұл да шындық әрі қоғамның бір проблемасы екендігі анық [3].

Дегенмен, ұрпақ тәрбиесін де назардан шығармауымыз қажет. Өйткені ұрпағымыз ол ертеңгі болашағымыз. Тірнектеп жиғанымыздан не пайда ертең ұрпағымыз ынжық болып, ұлымыз имансыз, қызымыз ибасыз боп өссе?!

Сондықтан да қазіргі ата-ана бала алдындағы басты міндетін білуі тиіс, және сезінуі тиіс. Ол міндет балаға дұрыс тәрбие беру. Әсіресе баланы қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптары негізінде тәрбиелеуіміз қажет.

Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде: «әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылуы туралы ескіден қалып келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»- деп, ұлттық тәрбиенің маңызын ерекше атап өтеді.

Сондықтан да балаға ең бірінші қазақи тәрбие берген дұрыс. Өскелең ұрпақты қазақтың салт-дәстүрлері негізінде халықтық ертегілерімен, мақал-мәтелдерімен, аңыз-әңгімелерімен, жыр-дастандарымен тәрбиелеу қажет. Оны қазақ: «Салтым-санам, дәстүрым-дәулетім» дейді.

**Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» романында: «Ертегісіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларға әжелері, не шешелері ертегі айтып бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керек боп қалмаса деп қорқамын»...», – деп, өз қорқынышын білдірген.**

«Жақсымен жолдас болсаң-жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң-қаларсың ұятқа», — деген даналық сөз бар қазақта. Міне, қазақ даналығы айтқандай, ұрпағымызды жақсымен дос болып, мұратқа жеткізетін жолдың бірі ол – ұрпаққа ертегі айту арқылы тәрбие беру [2].

Ертегі тындап өскен баланың ақыл-ойы, пайым-парасаты, таным-түсінігі дамиды, жақсыға асық болып, жаманнан қашық болып жүреді. Өйткені ұлттық қиял-ғажайып ертегілеріміздің негізгі, әрі жағымды кейіпкерлері әділдік үшін күресу арқылы соңында мақсатында жетеді. Міне ертегі тындап өскен бала рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, жаманнан жиреніп өседі.

«Батыр туса – ел ырысы, Жаңбыр жауса – жер ырысы» — дейді дана халқымыз. Ұрпағымызды елдің ырысы болып туған батыр, отансүйгіш, патриот болып өссін десек, онда батырлық жыр-дастандар – «Алпамыс батыр», «Кенесары-Наурызбай» т.б. жырларын жаттату арқылы бала тәрбиелеуіміз керек.

Мысалы, «Алпамыс», «Кенесары-Наурызбай», «Қобыланды» т.б. батырлық жырларда жырдағы негізгі кейіпкерлер Кенесары мен Наурызбай батырлар өз елін жаудан қорғаушы, өз жерінің Тәуелсіздігін сақтаушы болып суреттеледі. Міне осындай қаһармандық рухтағы жырларды жаттағанда өскелең ұрпақтың бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілік ұялайды, ұл бала бойында ұлттық намыс, өршіл рух пен қайсарлық, ерлік пен қазақы мінез пайда болады [4].

Ал, қазіргі қоғамдағы құлағына сырға тағып, шашын қызыл-жасылға бояған, не шаш өсірген, өз тілінде сөйлей алмайтын, бірақ өзге тілде сайрайтын қазақ балаларын

**көргенде қан жылайсың! Абылай ханның түсінде көрген «өз қағынан жеріген» ұрпақ осы ма деп қорқасың кейде...**

**Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы:**

**Баласы кейін туған, қайта қонса,**

**Атаның, отын қылған, мұрасы бар» — дейді.**

**«Бабалар сөзі – даналық көзі» дейді дана халқымыз.**

**«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі де есті болады» дейді дана Абай.**

**Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің негізгі қадамдарының бірі ол – жас ұрпақты бабалардың даналық мұрасымен тәрбиелеу қажет.**

**Сонда ғылым мен білімге ынтасы оянады, өмірлік даналықты терең ұғынады.**

**Ахмет Байтұрсынұлының 40 мысалын, Міржақып Дулатұлының шығармаларын, Шәкәрім Құдайбердіұлының даналық өлеңдерін, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мұраларын т.б. ұлттық даналарымыздың мұрасын жас ұрпаққа оқытып, санасына тоқытсақ, сонда ғана ұрпағымыз жат қылықтардан аулақ болады, өткен тарихтағы қаһармандарды өздеріне үлгі тұтады, еліне деген, жеріне деген сүйіспеншілігі оянады.**

**Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлды ұлша тәрбиелесең ұл, құлша тәрбиелесең құл болады» дейді. Яғни біз қазір балаға қандай тәрбие берсек, келер ұрпақ та сондай тәрбиемен, сондай рухпен өседі [5].**

**«Бүгін империализмнің орнына қазіргі заманғы отарлаудың жаңа түрі глобализм келді. Бүгінгі глобализм кешегі колониализмнің шөбересі, империализмнің немересі, кешегі орыс глобализмінің руласы екендігі анық» — дейді, профессор Досай Кенжетай.**

**Яғни, қазір жаһандану дәуірі. Сондықтан да бұл біздің қоғамға жығылған үстіне жұдырық болып тұр. Ол дегеніміз кешегі кеңестік жүйеде санасы әбден отарланған ұлт енді глобализмнің «ұлтыздану ұранының» жалынына шарпылды.**

**Міне сондықтан да қазіргі ғаламдану заманында балаға патриоттық тәрбие берудің маңызы зор. Патриотизм неге керек деген сұраққа қазақ даналығы: «Бір үйдің атасы болма, көп елдің данасы бол» деп, жауап береді. Яғни патриот адам ол Сіз бен Бізді ойлайтын, қоғамның тыныштығы мен әділдігі үшін, ұлттың жарқын болашағы үшін жанын қиятын тұлға. Сондай тұлғалардың арқасында даран даласы бар қазақ халқы осы күнге жетті.**

**«Ұлым дейтін ел болмаса, елім дейтін ұл қайдан туады?» дейді Ахмет Байтұрсынұлы.**

**Егер жастарымыздың бойында еліне, жеріне деген үйіспеншілік болса онда Тәуелсіз еліміздің тұғыры берік болатындығы анық. Ол үшін өскелең жас ұрпақты алаш қайраткерлерінің ұлттық-патриоттық рухтағы шығармаларымен сусындатып, отаншылдық сезімін қалыптастыру керек. Жастарымыздың бойына ана тіліне деген құрметті оятуымыз керек. Ол үшін әрбір қазақ азаматы отбасында өз ана тілінде сөйлеп, ана тілінде тәрбие алуы тиіс. Қазақтың барлық жақсы қасиеттерінің барлығы өз ана тілінде, өз болмысында, ұлттық мәдениеті мен әдет-ғұрпы, салт-санасында жатыр. Міне осының өзі ұлттық тәрбиеміз бен әдебіміздің негізін айшықтайды.**

**Сонда ғана «Малым жанымның, жаным арымның садақасы», «қарнымның ашқанынан емес, қадірімнің қашқанынан қорқамын» дейтін, «өлімен ұятты артық санайтын» ар-ұжданды, обал-сауапты жоғары қоя білетін, елінің Тәуелсіздігі жолында қызмет ететін көкірек көзі ояу, көңілі сергек ұрпақ тәрбиелей аламыз.**

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 С.Дүйсенбиева. Қиын балалармен жұмыс түрлері. - Семей: Болашақ, 2012. Б. 99 – 101.
- 2 Е.Оңалбай. Психолог – тәрбие жұмысындағы жетекші тұлға. – Семей: Болашақ, 2011. - Б. 127 – 129.

3 Ә.Марғұлан. Психология және социология. - Алматы: Хабаршы, 2014. – 211 б.

4 С.М.Жақыпов, Т.К.Күнсләмова. Жетекшідегі «мен» бейнесі және агрессивті мінез-құлық пен өзіндік бағалаудың байланысы. - Алматы: Алматы кітап, 2011. – 98 б.

5 Выготский Л.С. Педология подростка. - М.: Наука, 2010. – 100 с.

Аубакирова А.А.<sup>1</sup>, Даулет А.<sup>2</sup>

## ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ, ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының  
магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасында: «Қазақстандық патриотизм — әрбір азаматтың өз Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезіну. Туған жерге деген махаббаты, Қазақстанды барлық азаматтардың бірыңғай Отаны ретінде түсінуі», — нақты көрсетілген. Бұл құжаттың негізгі идеясы Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерінің өзінің еліне, жеріне, салт-дәстүрі, мәдениетіне құрметпен бірге, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін құрметтеуге басымдық берілуімен сипатталады. Егемендік алғаннан бастап жаңа идеология қалыптастыру негізінде «париотизм», «қазақстандық патриотизм», «ұлттық патриотизм» деген ұғым туындады. Яғни, бірінші кезекте осы ұғымдардың мәнін аша отырып, негізгі идеяға жол ашамыз. Патриотизм грек сөзі («*patris*» — отан, «*patriotes*» — отандас, жерлес) — отанға, туған жерге, халқына деген шынайы махаббат ұғымын білдіреді. Адамзаттың даму тарихында көптеген жағдайларға байланысты сан алуан сипат пен мағынаға ие болған. Бұл сөз алғаш рет Ұлы француз революциясында 1789–1793 жылдары қолданылды. «Патриот» деп сол кезеңде өз елі, халқы мен мемлекеті игілігі үшін күрескен тұлғаларды атаған. Қазақстан Энциклопедиясында: «Патриотизм (грек сөзі *Patriotes* — отандас, *Patris* — отан, туған жер) — Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жер, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастайды», [1, с. 82]- деп көрсетілген өзінің ізгілікті мәнін сақтайды.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі — Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың оқушы көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы отансүйгіштікке тәрбиелеудің арқауы. Жоғарыда аталып өткен анықтамаларға сүйене келіп, отансүйгіштікке тәрбиелеу тал бесіктен басталатындығы айқындалады.

Бала тілі былдырлап шыққан сәттен бастап рухани тұрғысынан отансүйгіштікке баулу негізгі тәрбие көзі болып табылады. Қай елдің болмасын өсіп — өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның білім беру жүйесіне, даму бағытына тікелей байланысты екені белгілі. Осы тұрғыдан алып қарағанда жеке тұлғаны дамытуға қызмет ететін білім мен тәрбие негізі — бастауышта, барша білімнің іргетасы да осында қаланады. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Туған жер» бағдарламасын ұсына отырып, бұл идея «жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады» — деді. Бағдарламада мектептің алатын орны туралы «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі» [2] — дей отырып, мектептерге үлкен үміт

артатындығын жеткізді. Бүгінгі қоғам талаптарына байланысты жас ұрпақ еліміздің ерен батырларының ұл есімдерінің орнына заманауи қиял — ғажайып кейіпкерлерге еліктеп бара жатқандығында айдан анық.

Ұлттық құндылықтарымыз арқылы мектеп оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеуде халық даналығының берері тәлім- тәрбие екені бесенеден белгілі. Елдің елдігін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп қалдыратын құндылықтарына деген жан — ашырлық танытуда отансүйгіштің рөлі ерекше. Айтылған ойларды негізге ала отырып, бастауыш сыныптары үшін отансүйгіштікке тәрбиелеудің бірнеше көздерін ұсынуға болады.

Бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі көздерінің бірі мақал — мәтелдер. Мақал — мәтелдер дегеніміз айналада болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды ықшамдап, қысқа түрде бірақ үлкен мағынаға ие ой ұсынатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі. Бала ес білгеннен бастап мақал — мәтелдерді біліп, оларды естіп өссе, бүлдіршін бойына мақал — мәтелдердің терең мағынасы сіңіп тәрбиеленеді. Қазақ халқының мұраларының бірі мақал — мәтелдердің тәрбиелік мәні терең, әр түрлі тақырыптарға бағытталған. Соның ішінде отансүйгіштікке арналған мақалдар терең мағынаға ие. Мысалы: «Орағың өткір болса, қарың талмайды, Отаның берік болса, жауың алмайды», «Отан — отбасынан басталады», «Отан оттан да ыстық», «Отансыз адам — ормансыз бұлбұл». Әрбір айтылған мақал — мәтелдердің түпкі мағынасында Отанның қаншалықты қымбат екені жеткізіліп тұр. Осылайша, мақал — мәтелдеріміздің қаншалықты маңызды екенін біле отырып, оның құндылықтарын әрқашан естен шығармай, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырудың алғашқы шарттары жас ұрпақтан бастау алады.

Бала бойындағы отанға деген махаббатын оятудың тағы бір жолы қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы. Отансүйгіштік тәрбиенің озық үлгісі сонау Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк есімдерінен бастау алып, елі- халқы үшін жанын беруге әзер Жәнібек, Керей, Қасым, Тәуекел, Есім, Тәуке, Абылай сынды қазақ хандарының ерліктерімен жалғасын табады. XVI –XVIII ғасырларда найзаның ұшымен, білектің күшімен елін, жерін сақтап қалу мақсатында күрескен Қарасай, Қабанбай, Райымбек, Бөгенбай, Наурызбай, т.б. батырлар ісінен отансүйгіштік тәрбиенің лебі сезілді. Ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда жеңімпаз сарбаздарымыздың қайсарлықтары айтарлықтай үлес қоса алады. Осы батырларымыз ұмыт болмас үшін қазақ халқы бесік жырына қосып кішкентай сәби кезінен бойына сіңірткен:

Айыр қалпақ киісіп,

Ақырып жауға тиісіп,

Батыр болар ма екенсің? — дей отырып, батырларымызды әндетіп отырған.

Сонымен қатар, батырларымздың ұлы істерінің негізінде пайда болған ертегілерді бастауыш сынып оқулықтарынан міндетті түрде кездестіре аламыз.

Кіші мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің тағы бір көзі — ұлы тұлғаларымыздың еңбектері арқылы. Бірінші кезекте ұлы тұлғалар дегеніміз кімдер деген сұрақ туындайды. Қазақ халқының ұлы тұлғаларына Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин т. б. жатқыза аламыз. Қазақтың бір туар азаматтары өмір жолдарында бос қалдырмай, үлкен еңбектерін келешек ұрпаққа тәрбие, үлгі ретінде тастап кеткендей. Жоғары айтылған ел азаматтарының кез- келгенінің еңбектерінің кішкентай бөлігі болсын Отанын сүйуге, қастерлеуге арналған. Келер ұрпаққа берер тәлім — тәрбиесі көп екені шексіз. Мысалы, А.Байтұрсынов көптеген мақалалар жазған, бірақта сол кезеңдердің кедергілеріне байланысты, мақалаларының көбі дер кезінде жарық көрмей қалған. Солардың бірі — «Баулу мектебі». Бұл мақалада көрсетілгендей, мектептің міндеті — берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығару [3, с. 17].

Аталған міндет негізінде түбінде мемлекетінің мүддесін ойлайтын, нағыз отаншыл ұрпақ тәрбиеленіп шығатыны айдан анық. Қазақ азаматтарының, жастарының, тіптен

кішкене балаларының бойында Отанына, ұлтына деген патриоттық сезімін оята білген М.Дулатовтың:

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,

Қарағым, енді жату жарамас-ты — деп, ішіндегі күйзелісінен туындаған өлеңі ұйықтап жатқан қара қазақтың ішкі жан-дүниесін оятқандай.

Осындай артынан өшпес із — қалдырған тұлғаларымыздың еңбектерін мәңгі ұмыт қылмай, білім мен тәрбиенің көзі бастауышта екенін ескере отырып, бүлдіршіндеріміз мектеп табалдырығынан аттаған сәттен бастап Отанның қаншалықты құнды екенін бойларына сіңіртіп тәрбиелегенде ғана, жасалған жұмыстар өз жемісін көрсетеді. Бастауыш сыныпта Отан туралы ұғым тілі, діні туралы, қазақ тарихы, мәдениеті, елдің жырын жырлайтын жыршылары мен сазгерлері, әдет — ғұрып, салт — дәстүрін туған — туыстарын сыйлау қазақ батырлары, сөзге шешен, ел ішіндегі көсем адамдарды білу арқылы қалыптасқан. Жоғарыда айтылған ойларды құр айтылған жерде қалдырмай сенімді түрде қолға алып қарастыра болсақ, білімнің бастауы бастауыш сынып оқушылары елін, жерін сүйетін, қастерлейтін нағыз азамат болып өсері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. — 5-т. — Алматы: Қазақ энцикл. — 1998.
2. [stud.kz/prezentatsiya/id/24176](http://stud.kz/prezentatsiya/id/24176) Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Ел-шежіре», — 2013. 17-б.
3. Алсеитова, М. Д. Кіші мектеп оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу көздері / М. Д. Алсеитова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2020. — № 51 (341). — С. 477-480.

**Рақымжан Ә.Қ., Еликбаева М. К.**

## **АРТ-ТЕРАПИЯ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01303-«Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.  
Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының магистры

Бүгінгі ақпараттық индустрияның қарқынды даму жағдайында маңызды әлеуеттің бірі білім ресурсының беріктігі болып табылады. Сондықтан да білім беру жүйесінің жаңа парадигмаға ауысуы заңды. Себебі, мемлекетіміздің әлем қауымдастығынан орын алуы, әрине білім индустриясының көрсеткіштерімен өлшенбек. Бұл мәселе еліміздің көптеген нормативті құжаттарында белгіленген.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту құралы ретінде сурет салу терапиясын қарастырып көрейік. Суреттердің тақырыбы әртүрлі болуы мүмкін. Балалар өздері қызыққан суреттерді салады. Қоршаған ортаны, жекелеген заттарды, әдеби кейіпкерлерді және т.б.

Педагогикалық процесте балаларды сурет салуға үйретудің әртүрлі әдістері қалыптасқан. Олар былай топтастырылады: Құммен сурет салу, бастарма, бір бастырма, нүкте арқылы сурет салу, әртүрлі заттарды пайдалану арқылы далаппен сурет салу, сия тамшысымен сурет салу, жіппен сурет салу т.б. Мысалы: сәбилер тобында балалар алақанмен, бастырмамен, саусақпен сурет салуды үйренсе, ересек топтарда қағазды екіге бүктеу арқылы, түтікшемен үрлеу, шашырату әдісімен, далаппен салуды және жіпті,

жапырақтарды қолданып сурет салуды үйренеді. Бұл арт-терапияны жан-жақты қолданудың ерекшелігі болып табылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп көрсетілген болатын.

Білім беру саласында болып жатқан өзгерістер білім беру стандарттарын, оқытудың қызметін, педагогикалық процесті ұйымдастырудың жолдарын жаңаша құруға ықпал етті. Сондықтан да білім саласында қызмет ететін педагогтер өздерінің педагогикалық шеберханаларын үнемі жаңартып, толықтырып отырулары қажет. Тәжірибе жинақтау, әдістеме негіздерін меңгеру, технологияны жетілдіру маңызды мәселелердің біріне айналды.

Сондықтан адам капиталына инвестиция салу – балалар мен жастардың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту, оларды өз-өздерін табысты жүзеге асыруға тарту және тиімді технологияны пайдалану мектепке дейінгі білім беру ұйымдары стратегиясының негізгі элементі болып табылады. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев үздіксіз білім беру аясында айтқан: «Жас ұрпақ өкілдері шығармашылықпен айналысулары қажет. Қазіргі уақыт балалар үшін соншалықты қауіпті, сондықтан олардың энергиясы мен қызығушылығы дұрыс бағытқа бағытталуы керек» — деген болатын. Президенттің бұл сөзі ойымызды терендете түседі. Сондықтан да жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру балабақшадан бастау алуы кездейсоқ емес.

Балабақша — балаларды қоғамда өмір сүруге үйрететін алғашқы әлеуметтік институт болып табылады. Дәл осы жерде баланың қоршаған адамдармен дербес байланысы жүзеге асады, ол қарым-қатынас жасауды және өзара әрекеттесуді үйренеді. Осы орайда балабақшада заманауи технологияларды қолданудың маңызы ерекше.

Қазақстанда жаңа технологияларды мазмұны мен сипатына қарай жіктеген бірнеше ғалымдар бар. Оқушылардың шығармашылық дағдысын қалыптастырудағы технологиялардың мүмкіндіктері (*Ж.А.Қараев, Б.А.Тұрғынбаева, Ә.Жүнісбек*), педагогикалық технологиялардың ерекшеліктері мен қолдану аспектісі (*Қ.Қ.Қабдықайыров, Қ.М.Нағымжанова, М.М.Жанпейісова және т.б.*).

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Сондықтан да мектепке дейінгі білім беру ұйымында арт-терапияны қолданудың маңызы зор. Арт-терапия жаттығулары балаға өзінің шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Арт-терапия бейнелеу, мүсіндеу, музыка өнерінің элементтерін қолдану арқылы ұйымдастырылады.

Арт-терапия әдісін британ дәрігері Анриан Хилл өзінің тәжірибесінде қолданған. Бұл әдіс Еуропа елдерінде медицина саласында жиі пайдаланылған. Баланың шығармашылық дағдысын дамыту барысында қолданылады. Арт-терапия – бұл өнер мен шығармашылыққа негізделген психотерапиялық және психологиялық түзету түрі. Өнермен емдеу деген мағынаны береді.

Осы орайда мектепке дейінгі білім беру ұйымында арт-терапияны қолданудың маңызы зор. Арт-терапия жаттығулары балаға өзінің шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Арт — терапия бейнелеу, мүсіндеу, музыка өнерінің элементтерін қолдану арқылы ұйымдастырылады

Арт-терапия баланың бойында төмендегі құзыреттіліктерді қалыптастырады:

1. Шығармашылық
2. Танымдық
3. Интеллектуалдық
4. Коммуникативтілік

Арт-терапияның көптеген түрлері қолданылады. Атап айтсақ, музыка терапиясы, құм терапиясы т.б. Бұл технологиялар баланың релаксациялық қасиеттерін дамытады. Мысалы, құм терапиясы арқылы бала өзінің қиялын, қол моторикасын дамытады. Құммен сурет салу бүгінгі білім беру жүйесінің инновациялық технологияларының бірі болып табылады. Құмды алақанымен ұстаған кезде бала белгілі бір шексіздікті сезінеді. Р.В. Паранюшкиннің айтуы бойынша, құм адам бойындағы жағымсыз энергияны тазартады, адамға позитивті психологиялық ахуал сыйлайды. Креативті ойлау дағдысы арқылы баланың өзіне деген сенімі артады. Сурет салу бала қиялын дамытуға мүмкіндік береді.

Музыка терапиясы баланың зейінін бір нысанаға шоғырландыру үшін қолданылады. Музыка тыңдаған баланың әсемдікке, сұлулыққа деген сүйіспеншілігі оянады. Ырғақпен айтылған музыка әуені баланың ми қатпарларының дұрыс жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Баланың көңіл күйін көтереді, мотивациясын оятады. Бейнелеу өнері немесе сурет терапиясы. Баланың шығармашылық дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.

Баланың қоршаған ортадағы шынайылықты суреттеуі, мүсіндеуі, құрастыруы бейнелеу өнері арқылы жүзеге асады.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту құралы ретінде сурет салу терапиясын қарастырып көрейік. Суреттердің тақырыбы әртүрлі болуы мүмкін. Балалар өздері қызыққан суреттерді салады. Қоршаған ортаны, жекелеген заттарды, әдеби кейіпкерлерді және т.б.

Педагогикалық процесте балаларды сурет салуға үйретудің әртүрлі әдістері қалыптасқан. Олар былай топтастырылады: Құммен сурет салу, бастарма, бір бастырма, нүкте арқылы сурет салу, әртүрлі заттарды пайдалану арқылы далаппен сурет салу, сия тамшысымен сурет салу, жіппен сурет салу т.б. Мысалы: сәбилер тобында балалар алақанмен, бастырмамен, саусақпен сурет салуды үйренсе, ересек топтарда қағазды екіге бүктеу арқылы, түтікшемен үрлеу, шашырату әдісімен, далаппен салуды және жіпті, жапырақтарды қолданып сурет салуды үйренеді. Бұл арт-терапияны жан-жақты қолданудың ерекшелігі болып табылады.

Балабақшада педагогикалық процесті ұйымдастыруда ұлттық құндылықтар және баланың тұлғалық құзыреттілігін дамыту мәселесі негізге алынады. «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» атты білім беру бағыттарында инновациялық технологиялар мен ұлттық тәрбие үлгілері кіріктіріліп, заманауи талаптарға сай пайдаланылады. Мысалы, «Шығармашылық» білім беру бағыты бойынша балалардың шығармашылық әрекетін ұйымдастыру барысында арт-терапияның мүмкіндіктері жүзеге асады. Шығармашылық дағдысын қалыптастыру барысында сурет салу терапиясы, құм терапиясы, музыка терапиясы қолданылады.

Осындай арт-терапияның заманауи түрлері баланың ойлауына, шығармашылық дамуына, қабілетін жетілдіруге көмектеседі.

Сонымен қатар арт-терапия топта эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады. Балалар бұл технологияны қолдану шеберлігін дамытады. Бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Арт-терапия әдістері арқылы бала табиғаттың түрлі құбылыстары туралы білімдерін жетілдіреді, оның сырын ұғынуға тырысады. Эмоциясы мен сезім моторикасын психологиялық тұрғыда басқаруға үйренеді. Арт-терапия өз ойын еркін білдіру және өзін-өзі тану құралы болып табылады. Яғни адам өзінің ішкі жан дүниесіне көңіл аударады және жоғары төзімділікті қажет ететін сенімді тудырады. Сонымен қатар балабақшада жиі қолданылатын арт-терапияның түрі ертегі терапиясы. Ертегі әлеміне саяхат жасау арқылы кейіпкерлердің образдарын мүсіндеу. Ертегі кейіпкерлерін сипаттай отырып, балалар адам бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерді салыстыруға үйренеді. Ертегі бала қиялын дамытады.

Арт-терапия арқылы баланың шығармашылығы шыңдалады. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Демек тұлға шығармашылығын дамытуда арт-терапиялық әдістемелерді қолдану маңызды.

Монтессори әдістемесі балабақшаның педагогикалық процесінің маңызды бөлігіне айналды.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру мазмұны аясында белсенді әдістерді, дидактикалық принциптерді, инновациялық технологияларды жүйелі қолдану педагог жұмысының жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Копытин А. И. Основы арттерапии. СПб., 1999. 4. Психотерапия / Под ред. Б. Д. Карвасарского. СПб., 2000
2. Сидоренко М.Н. Возможности арт-терапии в развитии и коррекции эмоционально-поведенческой сферы детей дошкольного возраста // Интернет ресурс: <http://sibac.info/index.php>.
3. Мардер Л.Д. Цветной мир. Групповая арт-терапевтическая работа с детьми дошкольного и младшего школьного возраста. – М.: Генезис, 2007. – 143 с.

**Корягина О.В., Жанабекова А. Б.**

## **ПРУДЕПРЕЖДЕНИЕ ПРОЯВЛЕНИЯ ПРИЗНАКОВ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ**

Научный руководитель: к. п. н., доцент, преподаватель кафедры «социально-педагогических дисциплин», Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова, г. Кокшетау

Магистрант кафедры "социально-педагогических дисциплин «по образовательной программе 7М01101 - «педагогика и психология»

Кокшетауский университет имени А. Мырзахметова, г. Кокшетау

Понятие девиантного поведения в современной отечественной психологии  
болашағымыз» деп санайтын әрбір ата-ана үшін дұрыс жол болып саналады. Ол дұрыс ұрпақ қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады [3].

Бүгінгі ХХІ ғасырдың басты мәселесі болып дұрыс ұрпақ қалыптастыру, болашаққа нық сенімді болу табылады. Ұрпақтың мәдениетті, ұлттық санасының жоғары болуын қалыптастыру мақсат етіледі. Осынау заманның сан-қилы мәселелерімен ата-ананың бала тәрбиелеудегі үлкен қиындықтарға тап болатыныны да белгілі. Негізінен, барлық мәселе ата-аналар тарапынан баланың бос уақытын дұрыс, орынды пайдаланбаудан, тұрмыстың нашарлығы мен отбасындағы келеңсіз жағдайлардан бастау алатындығы да болады. Бала тәрбиесін жас ерекшеліктеріне қарай жүргізсе, баланың ынтасын дамыту арқылы әдіс-тәсілдерді жаңартып отырса, заман талабына сай мектеп пен ата-аналар дұрыс жолға қойылған тәрбиелік мазмұны жоғары жұмыстар атқарса іс нәтижелі болып жемісін беретіндігі сөзсіз [4].

Қазіргі көп мәдениетті қоғамда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына ауқымды әсерін тигізеді. Ст. Холл «бала толыққанды дамуы үшін өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет» деп санайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Керімов Л.К. «Қиын» оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1991. 25-б.
2. Қоянбаев Ж.Б. Отбасы балалар және жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 1990. – 234-б.
3. Ахметжанова Н. Мінез-құлқы қиын балалар // Ұлағат. № 1. 29-б.
4. Өтеген Қ. Қазақстан мектебі. № 7. 59, 60-б.

Сенкубаев С.Т., Исмагулова Ж.Т.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ҮРДІСІНДЕГІ ОЙЫННЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады.

Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақыл, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады.) Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүнгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегіндей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Балаға таңдалған білім баланың ақылына лайықтап, талабын шабыттандыратындай, ойын оятарлық іскерлігін дамытарлықтай, бастаған істің нәтижесіне жетуге тырысарлықтай нәрлі болуы керек [1].

Халық өзінің қоршаған дүниенің қыры мен сыры егжей-тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы жастайынан сіңіре білуді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес. Мектепалды даярлық тобында балаларға ойын арқылы сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар.

Ойын арқылы бала түрлі логикалық жаттығуларды орындауға төселеді. Бұл жөнінде белгілі психолог – ғалым А.А. Люблинская **«Зейін баланың белсенді әрекетінде туындап қана қоймай, олардың жақсы ұйымдастырылған іс – әрекетінде. Бәрінен бұрын олардың ой еңбегінде де қолдау табатынын айтады».**

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді [2].

Арнайы ойын ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір – бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Заттармен ойналатын ойындар: «Ғажайып қапшық», «Қай ағаштың жапырағы?» т.б.

Үстел үсті ойындарды ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды», «Бір сөзбен ата», «4-не артық?» т.б.

Ойындарды қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру сабағында пайдалану балалардың алған білімін күнделікті өмірімен ұштастыруға қолайлы. Ойын сабақтың мазмұнын байыта балалардың қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі. «Санамак», «Он саусақ» өлеңдерін жаттатып, мазмұнын түсіндіру арқылы балалардың тілін ұстартып, логикалық ой – жүйелерін қалыптастыруға болады. Балалардың белсенділігін арттыра түсу мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу орынды [3].

Ойындарды үнемі пайдалану арқылы балалардың ауызша есептеуге жаттығуына логикалық ой-жүйелерін жетілдіруге, түсінуге толық мүмкіншілік бар. Олардың қатарына халық ойындарын жатқызуға болады. Атап айтқанда, «Қай қолымда?», «Қанша тұяқ?», «Неше жапырақ?» т.б.

Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Сонымен қатар, ойын – тынысы кең, ойдан-ойға жетелейтін қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Балалардың ой-өрісін дамытатын «Санамак» ойыны. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру. Атау ұйқастарын санау арқылы бала сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі.

Бір дегенім – білеу, Екі дегенім – егеу, Үш дегенім – үкі, Төрт дегенім – төсек, т.б.

Балалардың ой белсенділігін, саналы ойлана білуін дамыту, жетілдіру – тәрбиешінің негізі міндеті. Ойын баланың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытуға, дағды мен шеберлікті меңгеруге, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды.

Балалардың ойлау қабілетін дамытуға сөзжұмбақ, ребус, «Ұйқасын тап» ойындарының әсері мол. Мысалы, «Ұйқасын тап» ойыны арқылы баланың білсем деген ұтымы артып, қызығып, белсенділігі танылады.

1. Өзінше ноян, Қорқақ кім? (қоян)



2. Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді ... (шымшық)

3. Бата алмас түлкі, Үсті тікен .... (кірпі)

4. Өңеші кең таңдайын, Дөнге тосты ... (қомбайын)

Қазақтың ұлттық ойындарын қолдану. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» т.б. Ребустар шешудің баланың ой ұшқырлығын дамытуға әсері мол. Баланы ұшқыр ойға, тапқырлыққа жетелейтін жұмбақтарды әр сабақ сайын жүйелі пайдалану керек. Сабақта балаларға жұмбақтарды жатқа айтқызудың өзі тілін жаттықтырады.

Қызығушылықты туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді қолданылатын ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбие мен білім берудің шешуші шарты болып табылады. Бала өзін қоршаған ортаны, адамдар арасындағы қарым – қатынасты білуі мен сезінуі ойын негізінде жүзеге асады.

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күнілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек.

2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн.

Ойынға топтағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету керек.

Ойынның барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Ойын түрлерінің ұйымдастырылған тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, балалардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады [4].

**Ғұлама ғалым ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»** деген екен. Білім беру ісіндегі бүгінгі күннің өзекті мәселесі ел ертеңін ойлайтын білімді де, білікті зейінді дезерделі ұрпақ тәрбиелеу. Балаларды мейірімділікке, әділеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қалиұлы Серғазы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздермен тарихы. – Алматы, 2013.

2. Сабиров Т. С. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы, 2019.

3. Кәрімбаев Нұрсұлтан Жастарға жол нұсқайтын кітап // – Егеменді Қазақстан. 2007.26.01

4. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы. 2016.

Сенкубаев С.Т., Исмагулова Ж.Т.

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ҮРДСІНДЕГІ ОЙЫННЫҢ РӨЛІ

Ғылыми жетекші: п.ғ.к, профессор «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ. «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01101 - «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді- адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Ойын қызметінің тағы бір ерекшелігі- оның өз әрекеттік сипаты. Ойынды басқара жүріп, тәрбиеші баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды, ойынды ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесінің мақсаттары үшін пайдаланады. Ойын үстінде және ойын арқылы тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балалардың батылдық, адалдық, инициативалық, ұстамдылық секілді сапалық қасиеттерін дамытады. Ойынды ұйымдастырып, оны басқара жүріп, тәрбиеші балалар коллективіне және коллектив арқылы әр балаларға ықпал жасайды. Ойынға қатысушы бала өзінің ниеті мен әрекетін басқалармен үйлестіруге, ойында қалыптасқан ережелерге бағынуға тиісті болады.

Ойын эстетикалық тәрбие құралы ретінде де кеңінен пайдаланылады, өйткені балалар өздерін қоршаған дүниені роль, бейне арқылы көрсетеді. Ойында қиялдың – бұрын алған әсер негізінде бейне жасаудың зор маңызы бар . Көптеген ойындардың мазмұнына таныс әндер, тақпақтар, жұмбақтар енгізіледі. Осының бәрі тәрбиешіге балалардың эстетикалық әсерленуін тереңдете түсуге мүмкіндік береді.

Таңертеңгі тамақ пен сабақ арасында (8-10 минут) балалар әдетте басталған ойынды жалғастырады немесе ойыншықтармен, стол үстіндегі ойындармен ойнайды мен ойнайды.

Ересек балалар үшін программада оқу аралығындағы ойындар көзделген. Олардың мақсаты-балалардың қысқа ғана ( 8-10мин ) тынығуы, бірақ ол ойындар тым көп қимыл белсенділігін талап етпеуге, ақыл – ойға айтарлықтай салмақ түсірмеуге тиіс.

Сонымен бірге ойын да балалардың танымдық дамуына әсер етеді, білімдерін кеңейту қажеттігін туғызады. Ойын білімдерді мақсат қоя және дәйектілікпен қайталауға, оларды ойын әрекеттерінде, ережелерде іске асыруға үйретеді. Ойындар мазмұнына, өзіне тән ерекшеліктеріне, олардың балалар өмірінде, тәрбиесі мен оқуында қандай орын алатынына қарай ажыратылады. Тәрбие практикасында балалар үшін ересектер белгілеп берген ережесі бар ойындар да пайдаланылады. Ережесі бар ойындарға дидактикалық, қимыл, ермек ойындар жатады. Олар айқын тұжырымдалған программалық мазмұнға, дидактикалық есептерге, мақсат қойып үйретуге негізделген. Мұнда балалардың өнерпаздығы болуы мүмкін, бірақ ол тәрбиешінің басшылығымен көбірек ұштастырылады. Ойын тәжірибесін игерген, ұйымдастыру қабілеті дамыған кезде балалар бұл ойындарды да өздері жүргізе алатын болады.

Ойын баланың ақыл – ойы дамуы үшін ғана маңызды емес, ол оның тұтасымен тұлғасының дамуында маңызды.

Ойын баланың ақыл – ойы дамуы үшін ғана маңызды емес, ол оның тұтасымен тұлғасының дамуында маңызды.

Ойын балалардың басқа адамдармен өзара әрекетінің дамуына да айтарлықтай ықпал етеді. Бұдан басқа бала ойында үлкендердің өзара әрекеттері мен өзара әрекеттердің ережелерін, тәсілдерін меңгереді, құрбы – құрдастарымен біріккен ойындарда ол өзара түсіну тәжірибесін жинақтайды, басқа балалармен келісімге келуге, өз әрекеттері мен ниетін түсінуге үйренді.

Бала айналадағы өмірден алған әсерлерін ойындарында бейнелейді. Ойын арқылы баланың еліктеу, қиялдау, ойлау, қабылдау, таным қабілеттері дамиды. Сондықтан ата-аналар ойыншықты баланың жасына лайықты әперу керек. Ойыншықтың шамадан тыс көп болуы баланы қызықтырмайды. 6-7 жастағы балаларға құрылыс жасай ойнайтын текшелер (тақтай қиындыларын) алғанда ірілі-ұсақты аралас болсын. Сол сияқты «Жас конструктор», «Өзің жасап үйрен» деген сияқты ойын бұйымдарын әпергенде әуелі ойынның тәртібін айтқан жөн. Бұл жастағы балаларға үйде ойнайтын кішкене бильярд ойындары да пайдалы. Оған қажетті киім, бұйымдарды бірден алуды ұмытпау керек. Өйткені 6-7 жасар қыз балалар қуыршақтарына бөлме жасайды. Бөлме ішіне қажетті бұйымдарды тиісті орнына қойып, керегіне қарай пайдалана білуге үйренеді. Қуыршақтың киім-кешегін жуып, үтіктейді. Оған киім тігеді.

Балалардың қызығып ойнайтын ойындарының бірі – «Дәрігер», «Шаштараз», «Автобус» тағы басқалар. Ата – аналар «Шаштараз», «Дәрігер Айболит», «Кішкентай кожайын», «Тіге біл» деген ойындарға керекті бұйымдарын әперіп, дұрыс пайдалана білуге үйрету қажет. Дайын жабдықтар болмаса, ондай заттарды қолдан жасап берген жөн.

Ата-аналар бала ойынына басшылық жасап ойынның мақсатты әрекетке бағытталар жүргізілуіне ақыл-кеңес беріп отырған жөн. Балалар ата-анасының ойынға көңіл бөліп, жәрдем көрсеткеніне әрқашан қуанады. Мысалы; «Үйінде ойыншықтарың бар ма?, Қуыршағыңа ат қойдыңба?, Оның аты кім?, Бұл ойыншықтармен қандай ойын ойнайсың?» деген сұрақтарға балалар әрқашан жауап береді. Біреуі: «Менің қуыршағым бар, екеуі үлкен, біреуі кішкене. Мен оларға Дана, Болат, Алма деп ат қойдым. Қуыршақтарымды серуенге шығарамын, ойнатамын, тамақтандырамын, содан киін ұйықтайды, мамам оларға көйлек, пальто тігіп берді» десе, екінші біреулер: «Менің мамам жұмыста, қолы тимейді, қуыршағымның киімі жоқ» дегенді айтады. Осы мысалдардан ата-аналардың балалар ойынына қаншалықты дәрежеде көңіл бөлетіні белгілі.

Әлемдік педагогикада ойын нақты мақсатқа жетуге бағытталған және белгілі шарттары (ережесі) бар әрекеттерден тұратын, ойынға қатысушылар арасындағы жарыс немесе сайыс ретінде құрастырылады.

Ең бастысы, ойынның қарым-қатынас, оқыту және өмір тәжірибесін жинақтаудың құралы ретінде аса күрделі әлуметтік- мәдени құбылыс екендігін ұмытпаған жөн.

Ойынның күрделілігі оның формаларының көптүрлілігімен, өткізу ережесімен және оған қатысу жолдарымен анықталмақ. Ойынның әлуметтік мәдени табиғатының өзі –ақ,, оны білім берудің басқа ешнәрсе ауыстыра алмайтын элементі етіп көрсетеді. Ойын барысында:

- мінез –құлық ережелері және келешек өмірге қажет әлуметтік топтардың (қоғамдық формация түрі ) рольдері меңгерілді;
- олардың мүмкіндіктері қарастырылады;
- біріккен ұжымдық іс-әрекет дағдылары жинақталады, ойын мақсатына жетуге қажетті балалардың жеке ерекшеліктері қалыптасады;
- мәдени дәстүрлер жинақталады.

Сюжетті рольді ойындар мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті - рольді ойындарының ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақта қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті – рольді ойында бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеттері болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Аурухана» ойынын ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттеріне еліктейді. Драматизациялық ойындарда мазмұн, рольдер, ойын әрекеттері қандай да бір, әдеби шығарманың, ертегінің т.б. сюжеті мен мазмұнына сәйкес болады. Ол сюжетті- рольді ойынға ұқсас. Драматизация ойынында балаға қандай болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек ол үшін ойынның шын мәнінде ойын болғаны дұрыс.

Құрылыс ойыны – балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрлі құрылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті- рольді ойынға ұқсас келеді, және соның бір түрі деп қоралады, олардың қайнар көзі біреу- қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде көпілер, стадиондар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрылыстар салады. Құрылыс ойындарында олар қоршаған заттардың, құрылыстардың көшірмесін жасап, құр бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге сөздерінің шығармашылық ойын, жобалық-міндеттерінің өзіндік шешімін енгізіледі.

Үстел үсті ойындарға лато, домино, тақырыптық ойындар («Қайда не өседі?», «Бұл кімге?» т.б.) пазылдар, леголар, қимыл белсенділігін, ептілікті талап ететін ойындар («Ұшатын қақпақтар», «Қаздың балапаны», «Нысанға тигіз » т.б.) мозайка типтес ойындар жатады. Ересек топтағы балалар шін қағазға басылған стол үстінде ойналатын ойын қызықты келеді. Оларға табиғат құбылыстары, көліктің алуан түрлері ( кім не біледі?, немен жүреді?, немен жүзеді?, немен ұшады? )бейнелеген, ертегілердің кейіпкерлердің кейіпкерлері қимыл көрсетеді.

Қимыл ойындары балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке басының аса маңызды салаларының қалаптасуына да үлкен әсер етеді. Қимыл ойында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез құлқын анықтайды. Қимыл ойындары үйдің ішінде және серуен кезінде бірнеше баламен немесе бүкіл топпен өткізіледі. Олар сондай-ақ дене шынықтыру сабақтарының құрамына енеді. Балалар ойынды игерген соң өздерінен ойнай алады. Қимылды ойындарды ұлттық желісінде ұйымдастыруға болады. Мысалы: «Соқыр теке», «Көкпар», «Асық», «Бәйге», «Тақия тастамақ» т.б. ойындар жатады. Балалар өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі.

Сонымен, ойын балаларды жан-жақты тәрбиелеу және дамыту құралы болып табылады. Ойын бала үшін-нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол баларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А. П. Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру-оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді ».

Балаларға ойнататын ойынды таңдап алудың елеулі маңызы бар. Оған күнбе-күн басышылық жасай отырып, тәрбиеші әрбір баланы зерттейді, балалар бірлестіктерін қалыптаса бастаған ойын коллективтерін ашады. Оның қайсы бір топтанудың пайдалы немесе зиянды екенін бағалауға, балаларға, белгілі дәрежеде ықпал жасау қажеттігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндігі болады.

Әдебиеттер тізімі:

Алдамұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: Ғылым. 2016.

2. Даулетбаева Г. Жазғы балалар демалысын қызықты ойындар арқылы тиімді ұйымдастыру. – Алматы: Ұлағат, 2015.

3. Қызықты психология. Республикалық ғылыми-практикалық, танымдық-психологиялық журнал. №10.2012 ж, №12. 2012 ж

4. Нұрмұхамбетова Т.Р. Тәжірибелік психология. IVт. –Алматы: Ұлағат. 2016

5.Ушинский К.Д. Избранные педагогическом развитие ребенка. – Москва: Рассвет.

Мусакулов К.Т., Кабакова А.М.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7M01303-«Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.  
Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының магистры

Жаңа бағалау жүйесі білім алушыда өз әрекетін бақылау мен бағалау, туындаған қиындықтардың себептерін анықтау мен қалпына келтіру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту процесі білім алушылардың бойында функционалдық сауаттылықты және кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бұл оқыту процесінде оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан алшақтап, білім берудің 6 саласы бойынша айқындалып күтілетін нәтижелерге негізделеді және білім алушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды», яғни іс-әрекеттік аспектіні болжайтынын ескеру маңызды.

Оқыту мақсаттары күтілетін нәтижелер түрінде ұсынылып отыр. Әрбір бөлімшелерге дәйекті түрде енгізілген оқыту мақсаттары, мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқыту мақсаттарымен жоспарланған, қол жеткізген нәтижелері дәрежесіне сай алдын ала белгіленген нақты критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, білім алушының жеке тұлғасы емес, оның жұмысы ғана бағаланады; білім алушының жұмысы басқа білім алушылардың жұмыстарымен емес, оларға алдын ала белгілі (өте жақсы орындалған жұмыс түрінде) эталонымен салыстырылады. Не нәрсеге үйретеді, соны ғана бағалауға болады, сондықтан бағалау критерийі – оқу мақсаттарының нақты көрсетілуі.

Мұғалімге критериалды бағалауды оқу процесін барынша тиімді ұйымдастыруға болатындай түрде пайдалану, білім алушыларға дер кезінде қолдау көрсету және олардың оқудағы алға жылжуын қамтамасыз ету, мүдделі тараптарға оқу нәтижелері туралы ақпаратты беріп отыру ұсынылады. Мұндай бағалау жүйесі алдымен білім алушыларды табысты оқуға ынталандыруға, білімдегі олқылықтарын анықтауға және олардың өсуін көрнекі түрде көрсетіп отыруға бағытталған.

Әрбір сабақ оқыту мақсаттары мен оларға жету критерийлерін айту/көрсетуден басталуы керек. Білім алушы қойылған оқу мақсатын түсінуі, ұғынуы және оған қалай қол жеткізуге болатынын білуі тиіс.

Критериалды бағалау технологиясын пайдалану қандай да бір практикалық дағдының қалыптастырылғанын, оқу материалының қаншалықты табысты меңгерілгенін анықтауға мүмкіндік беретін анық айқындалған, алдын ала белгілі критерийлермен білім алушылардың жетістіктерін салыстыру. Осыған сәйкес, әрбір білім алушының жалпы дайындық деңгейінің өзгерістері сияқты, оның алдыңғы жетістіктерімен салыстырғандағы табыстарының динамикасын да тіркеуге мүмкіндік бар.

Мұғалімге критериалды бағалауды оқу процесін неғұрлым тиімді ұымдастыру, білім алушыларға уақытылы қолдау көрсету және олардың оқудағы жетістіктерін қамтамасыз ету, мүдделі тараптарға оқытудың нәтижелері туралы ақпарат ұсыну үшін қолдану ұсынылады. Бағалаудың бұндай жүйесі біріншіден балаларды табысты оқуға ынталандыруға, біліміндегі олқылықтарды анықтауға және олардың өсуін көрнекті түрде көрсетуге бағытталған

Критериалды бағалау жүйесінің үлкен артықшылығы білім алушыға түсетін күйзеліс жүктемесінің төмендеуі болып табылады. Бірлескен ынтымақтастықта өзіндік, жұптық, топтық жұмыс дағдыларын иелену процесі белгісінен, маңызды әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға өзгереді.

Мұғалім ата-аналар жиналысын критерийлері алдын-ала белгілі тапсырмалар тарату, дескрипторларды талқылау және ата-аналармен топтық немесе жұптық жұмыс жүргізу арқылы, сабақ түрінде өткізуіне болады. Сабақта ата-аналарға да олардың балаларына берілген сияқты өзін-өзі бағалауға, өзара бағалауға, нәтижелерді талқылауға мүмкіндіктер беріледі. Мұндай жағдайда, ата-аналар жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқу процесімен танысады, бағалау механизмдерін түсінеді, өз балаларының жетістіктерімен бөліседі, жаңартылған бағдарлама туралы практикаға бағытталған нақты ақпарат алады. Бұл тәжірибе жаңа білім стандартын ата-аналардың түсінуі мен қанағаттануын қамтамасыз етудің үлгісі болып табылады.

Ата-аналарға бағалаудың жаңа жүйесі білім алушылар үшін қолайлы білім ортасын құруға ықпал ететінін түсіндірудің маңызы зор.

Мұғалім бағалауды өткізу кезінде тек мұғалімдерге ғана емес, сонымен қатар ата-аналар мен білім алушыларға да көмек ретінде әзірленген кешенді әдістемелік материалдарды міндетті түрде пайдалануы керек:

Оқытудағы ілгерілік туралы деректер жинау үшін әр сабақ барысында қалыптастырушы бағалау жүзеге асырылады. Оны ағымдағы немесе қалыптастырушы бағалау деп те атауға болады.

Қалыптастырушы бағалау оқу процесінде білім алушылардың білімді меңгеруі мен дағдылары қалыптасуы деңгейін анықтау үшін қызмет атқарады, білім беру процесін түзетуге мүмкіндік береді, мұғаліммен кері байланысты жүзеге асыру үшін жүргізіледі. Кері байланыстың формаларын, түрлерін мұғалім өзінің жинақтаған тәжірибесін пайдаланып өз қалауы бойынша таңдайды. Осыған байланысты, кері байланыс ұсынуда тиімді және дұрыс түрлеріне көңіл аударған жөн.

Қалыптастырушы бағалауды өткізер алдында білім алушыларды оқыту мақсаттары және бағалау критерийлерімен таныстыру маңызды. Тапсырманы орындау кезінде неге назар аудару қажет екенін білім алушыларға түсінікті болу үшін бағалау критерийлерінің мағынасын түсіндіру қажет.

Оқыту процесінде білім алушының қойылған оқыту мақсаттарын түсінгендігін растау ретінде басқа да оқу міндеттері қойылып және тиімді сыныптық пікірталас қалыптасқаны маңызды. Мұғалімнің тұрақты түрде кері байланыс жасауы білім алушыларды алға қарай жылжуға, жақсы нәтижеге жетуге ынталандыратын болады.

Ойлау дағдыларының деңгейін дәл бағалай білу критериалды бағалаудың маңызды аспектісі болып табылады. Кестеде оқу бағдарламасына енгізілген ойлау дағдыларының деңгейлері және қалыптастырушы және жиынтық бағалау барысында қарастырылған даму немесе қалыптасу дәрежесі берілген.

Білім алушылардың дайындық деңгейі әрбір білім беру саласы бойынша жобаланған оқытудың күтілетін нәтижелері арқылы анықталады.

Төмендегі кестеде ойлау дағдыларының барлық деңгейлері бойынша күтілетін нәтижелерді анықтауға арналған етістіктерді қолдану үлгілері берілген (3-кесте).

Мұғалім білім алушылармен бірлесе отырып оқу мақсатына жетудің табыс критерийлерін талқылай алады және қажет болған жағдайда оларды толықтырады.

Қалыптастырушы бағалау барысында мұғалім белгілі дағдыларды бағалаудың тиімді тәсілі ретінде топтық жұмыстарды қолдана алады.

Сонымен қатар мұғалім тілдік пәндер бойынша сөйлеу әрекетінің 4 түрін бағалауы тиіс екенін есте сақтауы қажет: тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым. Кестеде оқыту процесінде білім алушылардың жетуі тиіс тілдік дағдылар сипатталған.

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырманы мұғалім өздігінен құрастыра алады немесе қалыптастырушы бағалау бойынша ұсынылған тапсырмалар жинағын қолданады.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары тоқсандық жиынтық бағалаудың ерекшеліктері негізінде әзірленеді. Ерекшеліктер барлық орта білім беру ұйымдары үшін тоқсандық жиынтық бағалаудың құрылымы мен мазмұнына және оны өткізуге қойылатын бірыңғай талаптар түрінде беріледі.

Ерекшеліктерде тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты, шолу, өткізу бойынша нұсқаулық, тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері, тапсырмалардың орындалуына қойылатын балдардың кестесі қамтылады.

Жиынтық бағалаудың тапсырмаларын мұғалім өз бетінше дайындайды немесе «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ әзірлеген Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдамаларда ұсынылған тапсырмаларды пайдаланады. Мұғалім жиынтық жұмыстардың бірнеше нұсқаларын пайдалана алады.

Тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша өткізіледі. Тыңдалым мен айтылымды бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған апта ішінде сабақ барысында жүргізіледі.

Модерацияны бағалауды стандарттау мақсатында бір пән және параллель сыныптар бойынша білім алушылардың жиынтық жұмысының нәтижелерін талқылау үшін мұғалімдер жүргізеді.

Модерация процесін пән мұғалімдері бір пәннің және бір сыныптың ішінде бағаны стандарттау мақсатында жартыжылдықтың соңында және жылдық қорытынды баға қоюдың алдында өткізеді. Жиынтық бағалауды өткізу мен модерацияны өткізудің арасындағы уақыт 3 жұмыс күнінен артық болмауы тиіс.

Модерация нәтиже мен білім беру процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Модерация бойынша өткізілетін отырыста мұғалімдер балл қою кестесіне сәйкес жиынтық жұмыстарды талқылайды, қажет болған жағдайда балл қою кестесіне ұжымдық түрде өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді. Модерация аяқталған соң хаттама толтырылады.

Модерация қорытындысы бойынша балдарын өзгертуге жататын білім алушылардың жиынтық жұмыстары қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша жиынтық жұмысқа қойылған балл жоғары балға, сондай-ақ, төмен балға да өзгертілуі мүмкін.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жиынтық бағалауды өткізу күні белгілі себептермен (ауыруына, жақын туыстарының қайтыс болуына, конференцияға, олимпиадаға және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты) келмеген білім алушы мектепке келген соң екі апта ішінде жиынтық бағалаудан өтуі тиіс.

Білім берудің барлық деңгейлері бойынша әрбір оқу пәні үшін әр тоқсандағы бөлімдер бойынша жиынтық жұмыстардың саны көрсетілген электронды журналдың өзіндік форматы әзірленген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Копытин А. И. Основы арттерапии. СПб., 1999. 4. Психотерапия / Под ред. Б. Д. Карвасарского. СПб., 2000
2. Сидоренко М.Н. Возможности арт-терапии в развитии и коррекции эмоционально-поведенческой сферы детей дошкольного возраста // Интернет ресурс: <http://sibac.info/index.php>.
3. Мардер Л.Д. Цветной мир. Групповая арт-терапевтическая работа с детьми дошкольного и младшего школьного возраста. – М.: Генезис, 2007. – 143 с.

Сенкубаев С.Т., Кабыш Д.

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «ПЕДАГОГИКА» ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Белгілі болғандай, барша ғылым салаларының пайда болуындағы алғы шарт — өмір қажеттігі. Кейін тәрбие идеялары адамдар өмірінде аса маңызды рөл атқара бастады. Себебі әр түрлі қоғамда өсіп келе жатқан әлуетке берген тәрбиесіне орай өмір қажеттігі де жылдам немесе шабан дамидыны белгілі. Осыдан тәрбие тәжірибесін топтастыру және қорытындылау, арнайы оқу – тәрбие мекемелерін ұйымдастырып, жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындады.

Ежелгі дүниенің Қытай, Индия, Египет, Греция сынды аса дамыған елдерінде сол заманның өзінде тәрбие тәжірибесі бір арнаға келтірілді, одан теория түзу қадамдары жасалды. Ол кезде табиғат, адам, қоғам жөніндегі барша білімдер философия шеңберінде жинақталатын, алғашқы педагогикалық тұжырымдар да сол ғылыми аумақта дүниеге келді.

Барша замандарда адамдардың рухани және тән-дене дамуында шешуші рөл атқарған қуаты мол күшті халық педагогикасы беріп келген. Инабаттылық, еңбектік, тән-дене тәрбиесі бойынша халық қайталанбас ғажайып өміршең жүйе түзді. [1, 125]

Еуропалық тәрбие жүйесінің бесігі – ежелгі Греция философиясында қалыптасқан. Оның көрнекті өкілі Демокрит балалар тәрбиесі бойынша алғашқы нұсқаулар кітабын жазған. Сол уақыттың өзінде ол: «Табиғат және тәрбие мезгес. Дәлірек айтсақ, тәрбие адамды қайта жасайды және оны өзгерте отырып, болмыс табиғатын түзеді... Жақсы адам болу табиғат ықпалынан гөрі тәрбиеге көбірек тәуелді».

Адам тәрбиесіне және тұлға қалыптастыруға байланысты идеялар мен тұжырымдар ежелгі грек ойшылдары Сократ, Платон, Аристотель Тертуллиана еңбектерінде жарияланған.

Орыс педагогикасын әлемдік даңққа бөлеген Константин Дмитриевич Ушинский оқу-тәрбие теориясын түбегейлі өзгеріске келтіріп, педагогикалық практикада төңкеріс жасады. К. Д. Ушинскийдің есімі шын мәнінде ХІХ ғ. екінші жартысындағы орыстың оқу-ағарту қайраткерлерінің ең алдыңғы тобында саналады. Оның «Балалар әлемі», «Ана тілі», «Педагогикалық антропология» атты тамаша еңбектері, балалар мен мұғалімдерге арналған басқа да кітаптары орыс педагогикалық әдебиетінің баға жетпес классикалық шығармалары болып есептеледі, бұл еңбектер педагогика ғылымына алтын қор ретінде қосылды және дүние жүзіне әйгілі де болды. Ұлы педагог өзінің бүкіл өмірін халық ағарту ісіне және балалар тәрбиесіне арнады.

«Отаныма неғұрлым көбірек пайда келтіру – менің өмірімнің бірден-бір мақсаты», - деп жазды К.Д. Ушинский. Оның өмір жолының бүкіл мәнісі осы сөздерінде еді. [2, 158]

Мағжан Жұмабаевтың педагогикасының мақсаты: 1. Ақыл тәрбиесі, 2. Құлық тәрбиесі, 3. Сұлулық тәрбиесі, 4. Дене тәрбиесі.

Ақыл тәрбиесі – түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын болса. Құлық тәрбиесі – жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын болса. Сұлулық тәрбиесі – сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жан толқытатын болса. Дене тәрбиесі – ыстық – суық, аштық-жалаңаштық, тұрмыста жиі ұшырайтын [3].

Тәрбиенің бұдан басқа да бірнеше түрлері бар. Автордың төрт тәрбиеге баса көңіл бөлуі сол заманның талабынан туған көзқараспен астасып жатыр. Бүгінгідей экономикалық, экологиялық және құқықтық тәрбие ол жылдарды онша актуальды мәселе болмаса керек. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: “Егер де адам



баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...”– деу арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап береді.

Педагогика пәнін М.Жұмабаев 5-ке бөледі: 1. Жалпы педагогика. Адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді. 2. Дидактика. Оқытудың негізгі жолдарын көрсетеді. 3. Методика. Оқытудың негізгі жолдарына негіздеп, белгілі бір пәнді қалай оқыту жолдарын көрсетеді. Мысалы, мектепте қазақ тілі пәнін қалай оқыту керек екендігін үйрететін пән — қазақ тілінің методикасы деп аталады. 4. Мектепті басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай басқарылуға тиісті, сынақтарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу уақытын қалай белгілеу керек. Міне осылар сықылды мектеп құрлысы жолдарын көрсетеді. 5. Педагогика тарихы. Түрлі заманда түрлі тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Педагогика тарихы осыларды баяндайды. [4, 187]

М. Жұмабаев өзінің қамшының сабындай қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған,оның асқар асуларынан өлшеусіз нәр алған біртуар зиялы қайраткер бола білген. Мағжан алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған жоқ.Мағжан жүректің қобзын шерте білген ақын.

Мағжан не жазса да сырлы көркем сәнді жазды.Мағжан - елдің патриоты, қазақ баласы. Мағжан Жұмабаев өзінің мәдениет, сұлулық, ізгілік туралы ойларын « Құлық сезімдері» деген бөлімде одан әрі дамыта түседі.Ол қазақ халқына басқа халықтың жақсысын үйрен, сөйтіп көтеріл дейді. « Басқа халықты, жалпы адамзатты сүйе біл деген өсиет айтады. « Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халыққа пайдасы жолында құрбан бола білсін»,- дейді. Ол қазақ халқын өнер - білімге тек өзінің педагогикалық еңбектерімен шақырған жоқ.Ең алдымен өзінің өлеңдерінде халықты сауаттылыққа, оқу оқып, білім алуға үндеді.

Мағжанның «Педагогика» оқулығын оқи отырып мынандай ой түйіндейміз: ғылым ұлттық болмысымыз бен сана - сезімге жақын этнопедагогика, психология принциптерін негізге ала отырып жазған. Аталған еңбекті сараптай келе өткен ғасырдың 20 – шы жылдарда педагогикалық – психологиялық трактата айтылған ойлар бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізді дамытуда, әсіресе ұлттық байлығымызды пайдаланып, оны қажетімізге жаратауға таптырылмас мұра болып отыр. Ұлы М. Жұмабаевтың еңбектеріндегі ұстаздық –тәлімгерлік идеялары біз үшін өте құнды дүние.Өз өлеңдерінде қазақ арасындағы әр түрлі келеңсіз мінез-құлықты,әрекетсіздік пен жалқаулықты, сауатсыздықты сынайды.

Кілтін өнер-білім ашып жатыр ,-дей келіп, қазақ арасында мұндай ұмтылыстың әлі де жоқ екеніне өзегі өртенді.Мағжанның азаматтық парасатынан туындаған арман-мақсаттары бұдан әлдеқайда биік.Туған халқы туралы айтқанд, оның кешегі өткен жолын еске алады,оны бүгінгі жағдайымен салыстырады.Оныменде шектелмей,ақын жалпы түріктік идея көтереді.Түрік тектес халықтардың бәрінің болашағынан үміт күтеді,жалпы Шығысты пір тұтады.

Автордың туған халқының тәлім – тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық. «Ұлт тәрбиесі-деп жазды ол,-баяғыдан бері сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесі мен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті» деген.

Мағжан орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинскийше, педагогиканың жан сырын терең зерттейтін психология ғылымы мен байланыстыра қарастырып,қазақтың халық

педагогикасын ғылыми тұрғыда зерделеп, болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне қажетті құнды дүниелер қалдырып кеткен.

Қазақстан бүгінгі демократиясы дамыған, өркениетті елдер қатарынан бағыт ұстап отыр. Еліміздің Президенті ұсынған «Қазақстан -2030» жолдауында еліміздің болашағы жастар, бүгінгі мектеп оқушылары. Бүгіннен бастап олардың бойына ұлттық рухты сіңіре отырып, Отанымызға шынайы патриоттарын, мәдениетті, білімді, парасатты, бауырмал, ізгі ниетті адал азаматтарын тәрбиелеп шығу қоғамның басты парызы. Мағжан педагогикасы қазіргі заман білім беруінің кілті, негізі. Жаңа ғасыр мектебін қалыптастыру үлкен ойлылықпен, іскерлікпен шешілетін мәселе. Тәуелсіз ел мектебін құруда Мағжанның тәрбиелік идеяларын қолдағанмыз жөн.

Қорытындылай келгенде мына рухани азғындаған заманда Алашордашылардың, оның ішінде Мағжан Жұмабаев еңбектері ұлт тәрбиесін қалыптастыруда бірден бір көмекші құрал болары сөзсіз.

Ұлы М.Жұмабаевтың еңбектеріндегі ұстаздық-тәлімгерлік идеялары біз үшін өте құнды дүниелер болып табылады.

Автордың туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық. «Ұлт тәрбиесі – деп жазды ол, – баяғыдан бері сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесі мен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті» деген.

Мағжан орыс педагогикасының атасы К.Д. Ушинскийше, педагогиканың жан сырын терең зерттейтін психология ғылымы мен байланыстыра қарастырып, қазақтың халық педагогикасын ғылыми тұрғыда зерделеп, болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне қажетті құнды дүниелер қалдырып кеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 2012
2. С.Сеңкібаев. М.Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі – ғасырлар тоғысында
3. Байменова. М.Жұмабайұлының педагогикалық мұрасы // Ұлт тағылымы.
4. С.Сеңкібаев. Мағжанның ұстаздық-тәлімгерлік идеялары және олардың дамуы

Жауен А.Б.<sup>1</sup>, Кажиева К.Б.<sup>2</sup>

## **БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының  
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Бастауыш мектеп – өскелең ұрпаққа білім берудің бастамасы. Қазіргі қоғам талаптарының өзгеруіне байланысты, еліміздің көркейіп-өрендеуіне, ел талап-тілектерінің бетбұрыстарына байланысты жаңа ұрпақтың психологиясы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, оны неғұрлым өмір талабына қарай өзгерту міндеттері қойылды.

Еліміздің егемендігі мен тіліміздің тәуелсіздігі де өскелең ұрпаққа жаңа талаптар қояды. Бала психологиясын жан-жақты зерттеп, оны терең білу, оның даралық ерекшеліктерімен үнемі санасып отыру мектеп пен мұғалімдерге жауапты да құрметті міндеттер жүктейді.

Бастауыш мектеп кезеңіне 7-10 жас аралығындағы балалар жатады. Бұл кезеңде баланың денесі едәуір дамып, бұлшықеттері мен шеміршектері, сүйектері нығайып, табаны сүйектенеді, омыртқасы, барлық мойын, арқа бел бүгілістері дамиды. Мидың маңдай бөліктерінің жетілуі баланың психикалық іс-әрекеті мен жүйкесінің қалыптасуына үлкен рөл атқарады.

Жекелеген психикалық үрдістердің қарқынды дамуы баланың бастауыш мектеп шағында жүзеге асады. Бұл кезде балада қабылдау қабілеті жетіледі. Көру мен есту қабілеті дамып, түстерді айқын ажырата алады. Қабылдаған заттардың қасиеттері мен сапаларын меңгереді. Қоғам өміріндегі жаңа негіздерге бақылампаздығы артып, қабылдауын басқарып, оны қажетті мақсатқа бағыттай алады [1].

Бастауыш мектеп кезеңінде негізгі іс-әрекет оқу болғандықтан, баланың барлық психикалық үрдісіне өзгеріс енеді. Іс-әрекетке белсенділігін көрсете отырып, ақыл-ой еңбегін зейін арқылы жүзеге асырады.

Оқу іс-әрекеті балаға өзінің есте сақтау үрдісін басқаруды талап етеді. Мектептегі оқу үрдісінің талаптары мен өзіне тән мазмұны бұл үрдісті едәуір дамытады, есте сақтау мықтылығы беки түседі. Есте сақтау деңгейі – есте сақталатын материалдың мазмұнына, іс-әрекет сипатына, материалды есте сақтау және қайта жаңғырту тәсілдері мен әдістерін меңгеру деңгейіне байланысты болады.

Бастауыш мектеп кезеңінде сөздік материалды есте сақтау мүмкіншілігі бірден жоғарылайды, меңгерілетін оқу материалы үнемі оқушыдан елестету үрдісін талап етіп отырады. Есте сақтау мен елестету баланың күш-жігерді керек ететін мотивтерге байланысты өзгеріп отырады.

Оқу үрдісінде ой операциялары да іске асады. Елестету бойынша заттарды дұрыс әрі оңай салыстыра алады. Логикалық ойлауының даму ерекшелігіне ой қорытындысын жасай алу, себеп-салдарды анықтау, түсінік беру деген сияқты түрлері анық көріне бастайды. Оқушыларда жоғары дәрежеде, жүйелі түрде нәтижелі ақыл-ой әрекеті дамып жетіледі. Бұл өзін қоршаған орта туралы, қоғамға еніп жатқан жаңа техника туралы, танымдық қатынастарды меңгере алуынан көрінеді. Осы арқылы баланың ақылы және оның танымдық қызығушылықтары қалыптасады. Сонымен қатар бастауыш мектеп жасындағы балалардың тіл дамуы – ана тілін терең әрі ұлттық ерекшелікте меңгерілгендігі байқалады. Оқушы енді өз ойын, өз қалауын, өз сезімін ана тіліндегі сөз байлығын қолдана отырып, грамматикалық түрде өте дәйекті тұрғыда түсіндіре алады.

Тіл – ойдың жемісі. Бала тілінің таза, ойының жеткілікті болуына баса назар аудару қажет. Л.С.Выгодскийдің пікірінше, мектепте оқытудың басталуымен ойлау баланың саналы әрекетінің орталығына ығысады. Ғылыми білімді меңгеру барысында жүзеге асатын сөздік-логикалық, пайымдап ойлаудың дамуы басқа да танымдық процестерді құрайды.

Ғұлама ғалым Х.Досмұхамедұлы тіл, сөйлеу – адам психологиясының басты белгілерінің бірі екендігін айтады. «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Мектеп пен баланың тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтп, байытып гүлдендіреді, мектеп пен баспада қолданудан қалған тіл – шатасқан тіл» -дейді.

Баланың алғаш мектеп табалдырығын аттауы – оның бойында күрделі сезімдер туғызады. Бұл балалар арасындағы, әрі үйдегі, әрі мектептегі жаңа талаптарға негізделеді. Бұл жастағылардың негізгі әрекеті ойын болса, оқуға кіргеннен кейін оқу психикалық дамуын билейтін болады. Осыған орай бала психикасы елеулі өзгерістерге ұшырайды. Мұның себебі, ойынға қарағанда оқу талабының бала үшін қиындығында. Әуелгі уақытта мектептегі жаңа жағдайға бала әлі бейімделе алмағандықтан, оқу үстінде мынандай қиындықтарға кезігеді:

1-ші: баланың мектеп жағдайына бейімделуі;

2-ші: мұғаліммен, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы;

3-ші: 1-сынып оқушыларына берілетін тапсырмалар тым жеңіл болып, баланың оқуға деген қызығушылығы жоғалып кетуі мүмкін. Алайда, барлық қиындықтар бала психикасы дамуына байланысты шешіледі, жаман-жақсыны ажырата бастайды. Мектепке алғаш келген оқушының негізгі таным процестері мектепке кіргеннен кейін едәуір өзгерістерге ұшырайды. Бұл кезеңде балаға мұғалім мен ата-ана тарапынан көп көмек қажет болып табылады.

Өкінішке орай, жақсы оқуға мүмкіншілігі толық жететін оқушыны, оның кейбір ақыл-ой еңбегіне қарап, қабілетсіз деп есептейтін жағдайлар да кездеседі. Бұл баланың оқуға қызығушылығының жоқтығынан, ақыл-ой жұмсаудан қашу ниетінен, онда қалыптасқан сенімнен, яғни ілім – баланың қабілеті жетпейтін, өте қиын нәрсе дегеннен келіп пайда болады. Мұндай балаларға қозғау салып, оны белсенділікке бастап, бейімділік көрсеткен нәрселерінен мағлұматтар беріп қызықтыру қажет. Оған қосымша қызықтыратын материалдар беріп, білім алудың қуанышын бастан кешіруге (мысалы, бұрын оған қиын болған есепті дұрыс шығару кезі) жағдай туғызған пайдалы. Бұл мектеп оқушысының өз күшіне деген сенімін туғызады, сөйтіп басқалардан қалыспай тәуір оқи алатындығына көзін жеткізеді [2].

Мұғалімнің ойлы, қабілетті балаларға төнген қауіпті де ұмытуына болмайды. Олар оқуды жеңіл меңгереді, сондықтан да олар еңбектенуге дағдыланбаған және қажетті ықыласы жоқ болады. Ақыл-ой күшін жұмсаудың болмауы мынандай жағдайға әкелуі мүмкін: мұндай балалардың бірте-бірте қабілеттіліктері жойылады, талантты мектеп оқушысынан еңбекке жарамсыз, орта, тіпті нашар жұмыскерлерге де айналып кетеді.

Бастауыш сынып оқушылары көпке дейін тапсырманы қалай орындаудың тәсілдерін білмейді. Олар берілген тапсырманы жаттап алғысы келіп тұрады. Осылай болуы олардың жаттауға икемділігінің молдығынан емес, оқуға әлі төселмегендігінен, қалай жұмыс істеуге ешкім оны үйретпегендігінен кездеседі. М.М. Мұқанов өзінің «Жас және педагогикалық психология» атты еңбегінде бастауыш мектепте тапсырманың балаларға екі түрлі жолмен берілетіндігін көрсетті: біріншіден, берілген тапсырманы орындау үшін жауапты бала өздігінен іздестіреді. Екіншіден, тапсырма жауап іздестіру ретінде берілмейді. Оны орындау үшін соның үлгісі беріледі, мысалы, тақпақты жаттау үшін соның тексті беріледі.

Қазіргі балалар психологиясының негізгі мәселелерінің бірі – бастауыш сынып оқушыларының психикасын дамыту болып табылады. Бала психикасының дамуын зерттеудің міндеттері төмендегідей болып келеді:

- Проблемалы жағдайларды шешуді талап ететін тапсырмаларды жасау.
- Оқытуға дейінгі сақталу принципінің деңгейін анықтау.
- Көрнекті көріністің алдында заттарды бағалау мен сөздік ой-пікірлердің байланысын зерттеу.

Әл-Фараби өз еңбектерінде осы пікірді былай деп қолдайды. «Қандайда бір ғылым болмасын көңілге дербес ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды. Бізге осы ерекше мәндердің кейбіреулерін ғана жеткілікті, ал қалған көпшілігін сезінудің өзі тиімді». Осы жағдайда біздің сезіміміз қабылдап, ұғынуымыз жинақталғаннан кейін ғана барып, біздің санамыз өзіне тән рольді атқара бастайды. Бастауыш мектептегі оқыту процесінде мұғалім баланың танымдық іс-әрекетін дамытуға әсер ете отырып, біріккен іс-әрекет барысында олардың ойлауы күрделеніп, есте сақтауы мен зейіні тұрақталып шоғырланады.

К.Д. Ушинский: «... ең кіші сыныптан бастап оқушылардың жасына қолайлы өзінің жинақталған көзқарасы болуы керек... Әрбір жыл сайын бұл көзқарастың тереңдетілуі, кеңеюі, толықтырылуы тиіс», -деп жазған. Яғни, оқушының танымдық әрекеті оның дамуындағы басты шарт болатынын анықтады. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде білімнің ролы, білімнің сенімге айналуы, оқу-танымдық міндеттерді шешуге қажетті оқушылар көзқарасының мәні, жас ерекшелік және орта әсері оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыруға қажетті және жеткілікті шарттар ретінде беріледі.

Бұл мәселе педагог-психологтар Н.Ф.Талызина, В.В.Давыдов, П.Я.Галперин, Ю.К.Бабанский, А.В.Усова, Д.Б.Эльконин, Л.Е.Шубина, Б.П.Есипов, М.А. Данилов,

И.Я.Лернер, Л.В.Занков, М.И. Махмудов, А.А.Люблинская, А.Н.Леонтьев еңбектерінде қарастырылған.

Даму үздіксіз жүреді, ойлау, қорытынды шығару үрдістері қалып-тастырылады. Мектепте оқыту баланың жан-жақты оқуын қамтамасыз етеді және ол бала дамуының негізі болып табылады. Сондықтан оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс болады. Бұл ретте көрнекті психолог Л.С. Выготский дамуды өзекті және іргелі деп екіге бөлді. Өзекті дамуда – оқушы мұғалімнің түсіндіргенін ары қарай өзі жалғастырып меңгерсе, іргелі дамуда – оқушы өз бетімен білімді меңгере алмайды.

Психологтардың, педагогтардың (Н.Лейтес, А.Люблинская, Я.Пономарев, Ж.Пиже, А.Зак т.б.) зерттеулерінше оқушының мектептегі кезеңдерінің ішінде, әсіресе, бірінші сынып кезеңінде оқушылардың танымдық әрекеттерінің психологиялық негізі және елестету, армандау, шығармашылық ойлау және ойлау операциялары: талдау, жинақтау, жалпылау, салыстыру және т.б. қалыптасады. Сонымен қатар әрекетті бағалау, қорытынды шығару және өз пікірін айту сияқты керекті негізгі қабілеттер де көріне бастайды. Бастауыш сынып оқушыларының маңызды тағы бір ерекшелігі – олардың эмоционалдық көңіл-күйінің көтеріңкілігі [3].

Ш.А. Амонашвили мен педагог Ю.К.Бабанский былай дейді, педагогика бағаны оқушының білім көлемі мен тәртібіне қойылатын тұрақты өлшем деп түсінеді. Баға туралы психологиядағы мынандай жағдайларды анықтайды:

- біріншіден, психикалық дамуды басқару механизмі және адамның өзін-өзі басқарумен бірге бейнелеудің түрлері мен әдістері теориялық тұрғыдан нендей екендігі анықталады;
- екіншіден, баға шәкірттердің арнаулы пәндерді меңгеру дәрежесіне сәйкес қойылады;
- үшіншіден, бағалау техникасын оқып-үйренукезінде тәжірибелік міндеттерді қалай алу мәселесі іздестіріліп, оның мән-жайы анықталады;
- төртіншіден, психология ғылымының өзіндік әдістемелік сұрақтарына жауап беруде айтарлықтай кедергілерге ұшырайды.

• Қорыта келгенде, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы

Ы.Алтынсарин мұғалімнің жадына мына жәйітті мықтап шегелейді: «Мұғалім кіммен істес болып отырғанын еш уақытта ұмытпауы тиіс. Егерде, балалар бір нәрсені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәламауы тиіс. Балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі және шыдамдылық танытқаны абзал, екі ұшты, астарлы сөз, орынсыз терминдерді қолданбаған жөн болады», - дейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абульханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности. М. 1980 г.
2. Асылханова М.А. Танымдық іс-әрекет мектепке бейімдеудің басты факторы. Канд.дисс. Автореферат – Алматы, 1999 ж.
3. Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы, Алматы, 1995ж.

## ОҚУШЫНЫ ОРТАҒА БЕЙІМДЕУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының  
магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Адам өзінің даму кезеңінде оның мінез-құлқына, өмірлік мақсаттарына, құндылықтарына, өмір сүруіне бағыт-бағдар беріп отыратын белгілі әлеуметтік ортада өмір сүріп, іс-әрекет жасайды. Сондықтан да оқушыны тұлға ретінде қалыптастыру, жеке басын жан-жақты дамыту және әлеуметтік ортаға, өмірге бейімдеу білім беру саласының қазіргі таңдағы басты мақсаты болып отыр.

Әлеуметтік орта ретінде білім беру мекемелерінің барлық деңгейлері өскелең ұрпақ бойына ғылым негіздерін сіңіре отырып, әрбір жеке тұлғаны әлеуметтік ортаға бейімдеуге, оларды қоғамды ізгілікті-адамгершілік тұрғыда жаңартудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін іс-жүзіне асыруға қабілетті, өзін-өзі қоғамдық талаптар мен сұраныстарға сай іскерлік пен шығармашыл әрекеттерге бейімдеуге икемді, әлеуметтік қатынастарға тән мінез-құлықты қалыптастыра алатын, рухани-адамгершілігі жоғары, саналы азамат етіп қалыптастыруға жағдай жасауы керек. Жеке адам тек білімділігімен ғана емес, жан-жақтылығымен, бүкіл адами қасиеттерінің жиынтығымен ерекшеленеді. Мектепке оқуға келген бала өзіне тән даралық сапаларымен таныла отырып, бір ортаға бейімделіп, төселу кезеңін бастан кешіреді. Бұл қиындықтар барлық бейімделу сатыларындағы қиындықтармен пара-пар, яғни баланың өз қатарымен қарым-қатынасы, мұғаліммен қарым-қатынасы, сыныбымен қатынасы, сабаққа қатынасы, өзіндік сана-сезімі, тіл табысуы, сөйлеу ерекшелігі, түсіну, ұғыну деңгейі – осының бәрі оқушы психикасына күш түсіреді. Оқушының өзіне деген сенімін қалыптастыру, өзіндік «Менін» ашу, сол «Менді» шығармашыл тұлғаға жетелеу, өмірден лайықты өз орнын тапқыза білу, бір сөзбен айтқанда әлеуметтендіру өте күрделі мәселе болып отыр. Өзін-өзі таба алмай, өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана алмау, өмір бойы өкінішпен өзін-өзі тұншықтырып өмір сүру, немесе басқа жолға түсіп адасушылықтың басты себебі – бір кездегі ұстаздарының, білім беру мекемелерінің әлеуметтік бейімделуде жіберген қателігі екені анық. Сондықтан да тұлғаны әлеуметтік бейімдеу үрдісінің педагогикалық-психологиялық мәнін және қазіргі таңдағы ерекшеліктерін зерделеу білім беру жүйесі қызметкерлерінің басты міндеті [1].

Әлеуметтену – өмір бойы жүретін үздіксіз үрдіс. Әлеуметтену арқылы қоғам әлеуметтік жүйесін жаңғыртады, орнықтырады, өзінің әлеуметтік құрылымын құрайды, сақтайды, әлеуметтік эталондарды, стереотиптерді және стандарттарды, рөлдік үлгілерді қалыптастырады. Әлеуметтену жеке тұлғаның әлеуметтік типін жүзеге асырады, адамды қоғамға тұтастай, сонымен қатар жеке топтарға тән әлеуметтік тәжірибені, құндылықтарды, нормаларын, белгіленген тәртіптерін меңгерте отырып ортаға бейімдейді және кіріктіреді. Әлеуметтік бейімделу – тұлғаның қоғамда қабылданған мақсаттарды, құндылық нормаларын және тәртіп стилін қабылдау және меңгеру жолымен әлеуметтік орта жағдайына белсенді түрде икемделу үдерісі.

Жалпы «бейімделу» ұғымы XIX ғасырда пайда болған және биология ғылымында кең тараған, яғни тірі ағзаның қоршаған ортамен қарым-қатынасы нәтижесінде олардың өмірге және іс-әрекетке оңтайлану үдерісі ретінде қарастырылған. Бейімделу ұғымы кейіннен тек тірі ағзаларға ғана емес, сонымен бірге жеке адам мен ұжымның тәртібіне қатысты да қолданыла бастады. Психология ғылымының бейімделу теориялық сипаттамасында адам кез-келген жағдайда өзін жақсы сезіну үшін әр түрлі жағдайларға икемделе, бейімделе алуы өте маңызды екендігі көрсетілген. Латын тілінен аударғанда «бейімделу» — икемделу,

үйлесу деген мағынаны білдіреді. Бейімделу үдерісі динамикалы және оның жетістігі объективті, субъективті оқиғаларға, әлеуметтік тәжірибеге, жағдайларға, өмірлік бағдарға т.б. байланысты бола тұра, осы бейімделу үдерісінің нәтижесінде «адам-орта» деген жүйеде адам ағзасы қалыпты қызметін атқара алады.

Тірі ағзаны тұтастық жүйе ретінде алғаш рет француз физиологы К.Бернар қарастырды. Ол өзінің ішкі ортаның тұрақтылық гипотезасында-кез-келген тірі ағза сонымен қоса адам өзінің өмірін ішкі ағзасындағы тепе-теңдіктің сақталуының арқасында жалғайды, яғни ағзадағы тепе-теңдік сақталғанға дейін адам өмір сүреді, тіршілігін сақтайды, -деп көрсетті.

Қазіргі заманғы бейімделу түсінігі И.П.Павлов, И.М.Сеченов, П.К.Онохин, Г.Селье және т.б.ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді.

Бейімделу үдерісіне зерттеушілер нәтижелеріне байланысты әртүрлі анықтама-түсінік береді. Солардың ішінен мына анықтама-түсініктерді атап айтуға болады:

-бейімделу – ағза ерекшелігі;

-ағза мен ортаның тепе-теңдігін сақтау мақсатындағы адам ағзасының қоршаған орта өзгерістеріне бейімделу ерекшелігі;

-адам–орта жүйесінің өзара қатынасы;

-адам ағзасы ұмтылатын мақсат;

-бейімделу екі жақтың да объективті және субъективті сипаты, өзгертін субъектінің жаңа әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу үдерісі;

-тиімді қоғамдықдамуды қамтамасыз ететін және жеке тұлға қажеттіліктері мен қабілеттерін жүзеге асыратын жеке адамның жаңа ортаға белсенді ену үдерісі;

Қазіргі кезде бейімделудің екі түрі белгілі:

-биофизиологиялық

-әлеуметтік-психологиялық [2].

Биофизиологиялық бейімделу деп қоршаған ортаның тұрақты және өзгермелі жағдайларына (температура, атмосфералық қысым, ылғалдылық, жарық, т.б.) және өзінде жүретін өзгерістерге ағзаның икемделуін айтады.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу – бұл жеке адамның белгілі бір жаңа ортаның жағдайына, ұжымның қатынас жүйесіне белсенді үйлесу үрдісі және соның нәтижесі.

Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселесі психология ғылымындағы күрделі мәселенің бірі болып есептеледі. Әлеуметтік–психологиялық бейімделу мәселелерімен М.Андреев, А.Бозалев, Б.Грумен, В.Поршнев, А.Мудрик, М.Рожков, А.Реан т.б. айналысып, әлеуметтендіруді адамның әлеуметтік қатынастар жүйесіне, әлеуметтік қауымдастықтың түрлі типтеріне кірігуі деп түсіндіреді. Осы жағдайда ғалымдар әлеуметтенуді жеке тұлғаның қалыптасуына негіз болатын мәдени, әлеуметтік нормалар мен құндылықтардың элементтерін игеру ретінде қарастырып:

-әлеуметтену мәні адамның нақты қоғам жағдайында үйлесуі мен ерекшеленуінің үндесуі ;

-бұл үрдіс және индивидтің әлеуметтік тәжірибені меңгеруінің және ары қарай белсенді жаңғыртуының нәтижесі деп көрсетеді.

Әлеуметтік–психологиялық бейімделуді зерттеуші А.А.Налчаджян төмендегідей жіктейді:

1. Қалыпты

2. Девиантты

3. Патологиялық

Тұлғаның белсенділігі жүретін әлеуметтік ортаның қалыптасқан нормаларын өзгертпей және проблемалық жағдайда патологиялық өзгеріссіз тұлғаның тұрақты бейімделуіне әкелетін үрдісті қалыпты бейімделу деп атайды.

Девиантты (ауытқушылық) бейімделу деп белгілі бір әлеуметтік ортада тұлға қажеттіліктерінің қанағаттандырылуын, бірақ бұл қарым-қатынас, тәртіптің әлеуметтік үрдістің басқа мүшелері күтетін нәтижеге сай келмеуін айтады.

Патологиялық бейімделу деп құрамына невротикалық және психопатиялық синдромдар кіретін патологиялық мінез-құлық жиынтығының пайда болуына әкелетін толық немесе жекелеген патологиялық механизмдер мен тәртіп түрлері арқылы жүретін бейімделу үрдісін айтады [3].

Сонымен, бейімделу үдерісінің түрлері – адамның ақыл-ойында, оның психофизиологиялық жүйесінің тепе-теңдігінде өзгерістер болатындығын дәлелдейді. Адам ортаға тек бейімделіп қана қоймайды, ол өзі бейімделетін жағдайды құруға белсенді қатысушы да болады. Жаңа әлеуметтік жағдай бейімделушінің жеке басына көптеген талаптар қояды, соған байланысты ортаға сәтті, жекелеген түрде сәтті және сәтсіз ену мүмкіндігі туындайды. Адамның жаңа орта нормаларын, дәстүрлерін, тәртіптерін меңгеру қабілетінің болмауы «бейімделу синдромы» деп аталады.

Зерттеуші А. Реан «бейімделу синдромының» даму негізінде кез-келген бейімделу үдерісіне тән үш сатыны бөліп көрсетеді:

- «Мазасыздану» сатысы – бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке созылып, ағзаның қорғаныс реакциясын жұмылдыру жүреді;
- «Қарсыласу» сатысы – ағзаның түрлі әсерлерге тұрақтылығының жоғарылауы жүзеге асады;
- «Әлсіреу» сатысы – титықтау немесе ағзаның тіршілігін тоқтатуына әкелуі мүмкін саты деп есептеледі.

Жаңа әлеуметтік ортаға тұлғаның төмендегідей бейімделу деңгейлерін анықтауға болады:

-мақсатты бағытталған конформизм, бейімделетін адам қалай әрекет ететінін, өзін-өзі қалай ұстайтынын нақты біледі, бірақ әлеуметтік орта талабымен келісе отырып өз құндылықтарының жүйесін ұстануын жалғастыра береді;

-өзара төзімділік, өзара әрекеттесуші субъектілер бір-бірінің құндылықтарына және тәртіп нормаларына, оның түрлеріне шыдамдылық танытады;

-аккомодация – әлеуметтік бейімделудің кең тараған түрі, төзімділік негізінде пайда болады және өзара келісушілікке әкеледі, яғни адамның жеке қабілетін ортаның қабылдауы деп түсінуге болады;

-ассимиляция немесе толығымен бейімделу, адам толықтай бұрынғы құндылықтарынан бас тартады және жаңа ортаның құндылықтар жүйесін қабылдайды.

Сонымен, оқушының жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуі мектептегі мақсатты бағытталған педагогикалық-психологиялық оқу-тәрбие іс-шараларының ата-анамен тығыз байланысы арқылы немесе бей-берекет жүзеге асуы да мүмкін екен.

Бейімделу үдерісін жетілдіру жолы ретінде, бала-мұғалім-орта-қоғам жүйесіндегі қатынасты жетілдіруді және баланы мектептің немесе келген ортасының ерекшеліктерімен, ережелерімен таныстыра отырып, бейімделіп отырған жеке тұлғаның жақсы жаққа өзгеруін бақылау жұмыстарын жолға қоюды айтуға болады [4].

Мектеп – оқушының әлеуметтік бейімделу ортасы. Педагог кадрлар мен психологтар оқушы жай-күйін бағдарлап, жаңа ортаға абайлап бейімдеу үшін, алдындағы баланың психологиялық ерекшеліктері туралы деректер жинақтауы қажет. Оқушының оқуға қажетті психологиялық даярлық деңгейін психолог маманмен бірлесе отырып өткізілген әртүрлі іс-шаралар негізінде жинақтауға болады. Психолог баланың іс-әрекетін меңгеру арқылы барлық тәжірибені меңгеруіне және балаға әлемді, қоршаған ортаны қабылдауын сезінуі кезінде өзіндік концепциясын құруға көмектеседі. Бұл жерде психологтың мақсаты — оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, олардың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына, қабілеттері мен бейімділіктерінің дамуына көмектесу. Психолог баланың ортаға бейімделуін, бала бойындағы үлгермеушілік, кері тартпалық, агрессиялық мінез-құлықтың болу себептерін анықтай отырып, оқушының ата-анасымен де жұмыс жүргізеді. Мұғалім, ата-ана, психолог бірлесе отырып, табысты түзету жұмыстарының нәтижесінде баланың ортаға бейімделуіне, өзін-өзі ұстауына, сабақ үлгеріміне оң әсерін тигізеді. Мектептегі осы бағыттағы психологиялық қызметтің ойдағыдай нәтиже беруі төмендегі мәселелерге:



-мектеп психологы мен педагогикалық ұжымның бірлесіп әрекет жасай білуіне, оқушылармен қарым-қатынас жасауда, оқу- тәрбиеудерісінің күрделі мәселесін шешуде бірлесіп жұмыс жасау мүмкіндіктеріне;

-психологиялық қызмет өз жұмысын ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен, балаларды қамқорлыққа алған мекемелермен, жасы толмағандар мен жеткіншектер инспекциясы және дәрігерлік мекемелермен бірлесіп жүргізгенде;

-психологиялық қызметті арнаулы психолог мамандар немесе қайтадан психологиялық даярлықтан өткен адамдар жүргізгенде;

-мектеп психологының психология ғылымдарының барлық салалары бойынша теориялық білім түрлерін меңгеріп, оны күнделікті өз тәжірибесінде дұрыс қолдана алған жағдайында;

-мектептегі психологиялық қызметтің өз деңгейіне сай жүргізілуі үшін психологтар өз міндеттері мен құқықтарын жақсы білуіне тікелей байланысты болады.

Адамның іс-әрекетінің өнімділігі, өмірден рахат алу қабілеті және оның психикалық теңдігі бұзылыссыз болған жағдайдағы бейімделу үдерісін — адамның әлеуметтік ортаға жақсы бейімделгендігі деп айтуға болады [5].

Сонымен оқушыны әлеуметтік-психологиялық тұрғыда ортаға сәтті бейімдеу тұлғаның өзіндік танымын, өзін-өзі жетілдіруін, өмірден өз орнын қателеспей табуын және жан-жақты табысты дамуын жүзеге асыратын күрделі үдеріс болғандықтан осы бағыттағы педагогикалық-психологиялық жұмыстарды жүйелі жүргізу және жағдай жасау – бүгінгі таңдағы білім беру саласының маңызды мәселесі болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан мектебі» республикалық ғылыми-практикалық журнал 2008-2013 ж.
2. «Оқушы тәрбиесі» республикалық ғылыми- әдістемелік журнал 2010-2013 ж.
3. Бабаев С.Б. «Жантану негіздері» Алматы. 2007 ж.
4. Абрамова Г.С. Возрастная психология. М. Просвещение, 2008
5. Социальная психология: учебное пособие для вузов /Под ред.Журавлева А.Л./М.

2002

**Мусакулов К.Т., Каиржанова Ж.Б.**

## **КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ТҮЛҒАҒА ӘСЕРІ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01101-«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.

Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының кандидаты PhD докторы, профессор

Бүгінгі білім берудің басты нысаны әлемдік білім кеңістігіне кіру. Алғы шарт бүгінгі қоғамға лайықты білікті де білгір азамат тәрбиелеу. Мұндай тұлға өз ұлтының және өзге ұлт өкілдерінің мәдени құндылықтарын қастерлейтін, саналы деңгейде пікірлесе алатын дәрежеде болуы керек.

Оқушы біліктілігін арттыру қазіргі оқыту үрдісі мазмұнының басты нысанасы. Түрлі пәндер бойынша берілетін білім мазмұнының меңгерілуі, сол білімді пайдалану арқылы оқушының өмірлік дағдысы мен іскерлігі өлшенеді, ендігі жерде білімнің сапасы нәтижеге бағытталады. Іскерлік қатынасты көтеру мақсат етіледі [1]. Осыдан қазіргі білім беру жүйесіндегі құзыреттілік (біліктілік) ұғымы туындайды.

Коммуникативтік құзыреттілік – әртүрлі әлеуметтік топтардағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін өзінің ана тілі мен өзге тілдерді меңгеруге, өмірлік жағдаяттарды шешу

мақсатында әртүрлі коммуникация нышандарын қолдана білуге, мемлекеттік тіл – қазақ тілінде ұлтаралық, шет ел тілдерін меңгеруге үйретеді [3].

Нәтижеге бағытталған білімді пәндік құзыреттілік тұрғысынан зерделесек, біз адамға тыңдау, түсіну, ойлау, пайымдау, тұжырымдау, пікірлесу сияқты тілдік коммуникативтік біліктіліктерді оқушының өмірлік қажеттілігіне айналдыруы үшін әдебиеттің маңызы зор екеніне көз жеткіземіз. Әдеби білім алған оқушы әдебиетті пән ретінде ғана біліп қоймайды, сол пәндік білім негізінде болмысты танып біледі, одан ақпараттық мағлұматтар алады, эмоциялық құндылық болып табылатын адами қасиеттерді бойына сіңіре отырып, мәдениетті, салауатты қарым-қатынасқа түседі, әдебиеттің жетекші қызметінің жүзеге асырылуына жол ашады [2]. Бұл ретте көркем шығарманы дүниетанымдық, әлеуметтік, тәрбиелік бірлікте қарастырудың мәні артады, әдебиетті ұлттық құндылық ретінде оқыту қажеттілігі туындайды.

Сөз өнерінің негізінде оқушының дербес шығармалық қабілетін, ұшқыр, шешен сөйлеу шеберлігін дамыту үшін әдеби білім мазмұны көркемдік сипатқа құрылып, оқушы біліктілігін арттыруға негіз болады, сол себепті нәтижеге бағытталған білім моделі бойынша әр пәннен берілетін білім мазмұны мектептің барлық сатыларында нақты көрініс тауып, оқушылардың білімдік құзыреттілікті меңгеруін қадағалайды. Құзыреттілік ұғымы – оқушының белгілі бір кешенді іс-әрекетті орындай алу қабілетін жетілдіруге бағыттала отырып, оқыту жүйесіне қызмет етеді [2].

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында бала бойында жалпы білім дағдысы мен білігін қалыптастыру мәселесі қаралады. Жалпы оқудың білігі мен дағдысын жан-жақты қалыптастырудың маңызы зор екені белгілі. Оқушы бойында білім негіздерін қалыптастыру үшін оның біліктілігін, дағдысын тұрақтандырып, белгілі арнаға түсірмейінше, нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.

Оқушы белгілі мәліметті қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге терең ой иесі. Ол дербес ойланып, дәлелдер келтіруіне сабақ барысында түрлі әдістер арқылы қолайлы жағдай жасауға тырысамын. Айталық, «Атаулар көмегімен болжау жасау», «Елеспен жетелеу», стратегиялары оқушының шығармашылық қабілетін ұштауға өте тиімді. «Ой қозғау», «Болжау» әдістерін оқушының ой ұшқырлығын бақылауда, стандартты емес шешім жасауда тиімді пайдалану жөн. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазіргі оқушыларды кең ауқымды көркем әдебиетті қазақ тілінде оқытуға баулу оңай іс емес. Бұл жолдағы қиындықты шешуге «ЖИГСО» әдісі көп көмегін тигізеді. Оқушы өзіне жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен қарап, басқа топ мүшелеріне түсіндіру үшін сурет те салады, сахналық көрініс те қояды, сабақтың осы кезеңі оқушыларды бей-жай қалдырмайды.

Оқушылардың ойлау деңгейіне сай әр сабақта сұрақ қою үшін Б.Блумның сұрақ қою өлшемін пайдаланамын. Сұрақтар қарапайымнан терең ойлауға дейін жалғасады [3]. Мұндағы мақсат – оқушы ойын ең төменгі деңгейден терең ойлауға дейін жеткізу. Топтық тапсырмалар сыныпта ынтымақтастықты қарым-қатынас орнатуға, шығармашылықпен жұмыс жасауға, тақырыпты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік туғызады.

Сабақта интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жеткен нәтижелерім мынадай: оқушының білім деңгейі түсінуден басталады да алған білімін қолданып, қорытындылауға дейін жоғарылайды. Қабылдаған жаңа ақпаратты саралап, мәселені өзі шеше алуға мүмкіндік болады [3].

Әдебиет сабағында оқушының тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында жиі қолданылып жүрген «Оқырман семинары» тәсілі бойынша сызба түрінде талдау жасадым. Сабақта меңгерілетін көркем шығарма мынадай топтардың көмегімен жүзеге асады:

Қазақ әдебиеті сабағында оқушының құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды 4 бағытқа бөлуге болады:

- Ақпараттық құзыреттілік
- Қатысымдық құзыреттілік
- Мәдени-танымдық құзыреттілік
- Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі

Қатысымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

Отбасы тақырыбында жазылған шығарма беріледі. Берілген шығармадан қазақ халқына тән туыстық қарым-қатынастағы ерекшеліктерді сипаттаңы Жақын арада сіз оқыған шығармаңыздан өзіңізге қатарлас баланың сол шығарманың басты кейіпкері болғанын білдіңіз. Оның сізден немесе сыныптас достарыңыздан қандай айырмашылығы бар немесе қандай ұқсас жақтары бар. Соны сараптап айтып беріңіз. Шығармада кездесетін әндерді қазіргі кездегі әндермен салыстыра отырып, өз ойыңызды айтыңыз;

Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі бойынша тапсырмалар:

— «Менің атым Қожа» шығармасын немесе басқа да көркем шығармаларды оқу барысында кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне өз бағаңызды беріңіз;

— Экология тақырыбында берілген шығармалар бойынша оқушының өз ойын тыңдай отырып, « Қазіргі экологиялық мәселелерді қалай шешуге болады?» деген тақырыпта сұхбат жүргізіңіз;

— Топтық жұмыс. Әр топ өзіне ұнаған кейіпкерінің отбасына, Отанына әкелетін жақсылықтары мен зияндықтарын атап, оларға сипаттама береді. Зияндықтарды болдырмаудың себептерін анықтаңыз және т.б;

Ақпараттық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

— Шығарманы оқып шығып, жалпы идеясын анықтаңыз;

— Берілген шығарма бойынша жоспар ( жай, күрделі) құрыңыз;

— Баспасөз беттерінен осы автор туралы мәлімет жинаңыз.

— Сол автордың шығармашылығы бойынша тезис дайындаңыз;

— Көркем шығармада берілген аймақты сипаттаңыз;

Мәдени-танымдық құзыреттілік бойынша тапсырмалар:

— Шығармадан қазақ халқына тән туыстық атауларға байланысты этнолингвистикалық сөздерді теріп, жазып, сөздік құрастырыңыз;

— Белгілі бір тақырып бойынша аңыз, ертегілерді жинақтап, жобалар жасаңыз;

— Шығармада кездесетін ұлттық тағамдар атауларын атаңыз және олардың адам денсаулығына пайдасын дәлелдеңіз;

— Шығарманы оқу барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы өз ойыңызды айтыңыз. Басқа сынып оқушыларымен қазіргі салт-дәстүрлер туралы сұхбат жүргізіп, диктафонға жазыңыз және сараптама жасаңыз;[4]

Оқушыны іздендіру үшін сұрақ қоя білуге үйрету арқылы оның саналы ойлауы, жан-жақтылығы, білімі мен біліктілігі қалыптасады. Сонымен қатар, жоспарлы түрде жұмыс істеуге машықтану үшін мәтін бойынша жоспар құру әдетін қолдануға болады. Нәтижесінде оқушы мәтін бөлімдеріне қысқаша тұжырымдама жасап, әрбір оқиғаға ат қойып, өзіндік іздену мен білім дағдысын берік қалыптастырады. Мәтін бойынша түсініксіз сөздер тізбегін жасау, поэзиялық шығармаларды прозаға айналдыру тәсілдері де оқушының жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетін құзыреттілік тұрғысынан оқыту мәселесін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігіне талқылап, оқу-тәрбие процесі барысында басшылыққа алып, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызды зор.[5]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы-2008
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
3. Б.А. Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2005

4. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі»
5. «Қазақстан мектебі» журналдары, 2010 жыл

**Мусакулов К.Т., Каиржанова А.Т.**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01303-«Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.  
Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының магистры

Еліміздегі білім беруді реформалау жағдайында туындап жатқан әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар педагогтерді дайындау қажеттілігін жоғары оқу орындары да дер кезінде түсініп, туындаған мәселені шешуге жан-жақты кірісіп жатқаны белгілі. Инклюзивті білім беру саласындағы тәжірибе мен зерттеулерді жинақтап талдау, қоғамның мүгедек балаларды қалыпты дамып жатқан қатарластарымен бірге оқытуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу орындарының өздеріне де маңызды орын беріледі, себебі олардың оқытудың жаңа үлгісіне дайындығы табыс өлшемдерінің бірі болып табылады. Қазақстанның білім беру жүйесіне ендігі ретте тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, әлеуметтену ерекшеліктерін есепке ала отырып, дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға да білім беріп, тәрбиелейтін жоғары білікті мектеп мұғалімдері ауадай қажет. Бұл мәселенің маңыздылығы сонша, бұл туралы халықаралық және отандық құқықтық құжаттарда ашық та айқын анықталған. «Дүниежүзілік мүгедектік туралы баяндамада» инклюзивті білім беруді дамытуда жалпы білім беретін педагогтің арнайы даярлығы шешуші мәнге ие екендігі айтылған [1].

Аталған құжатта: «Мемлекеттік жалпы мектеп мұғалімдерінің арнайы оқытылуы олардың сенімділігін нығайтып, мүгедек балаларды оқыту дағдыларын жақсартуы мүмкін. Инклюзия қағидалары мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына ендірілуі және мұғалімдерге инклюзивті білім беру саласында кәсіби білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін басқа да бастамалармен қосылуы керек», – деп көрсетілген. Біздің еліміздегі білім беру саясатының өзекті мәселелеріне: кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту мен жетілдіру, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның маңыздылығын арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу тағы басқа мәселелер енеді [3].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «...ерекше білім беру қажеттіліктері (мұқтаждықтар) – дене бітімінде және ақыл-есінде кемістігі бар балаларды қоса алғанда, білім алуда қандай да бір себептермен тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап 20 болатын балалардың қажеттіліктері», - делінсе, «инклюзивті білім беру – білім беру бағдарламаларына сәйкес басқа да санаттардағы білім алушылардың тең қолжетімділігін көздейтін даму мүмкіндіктері шектеулі адамдарды бірге оқыту мен тәрбиелеу, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы түзету педагогикалық және әлеуметтік қолдау», - деп көрсетілген болатын. Дамуында ерекшелігі бар балалардың білім алу бағдарламасының тиімділігі адамның жасы мен денсаулығындағы қиындықтардың бастапқы нүктесін анықтаудан басталады. Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға

арналған білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру жүзеге асырылуда [3]. Бүгінге дейін орта білім беру ұйымдарындағы балалардың 32%-ы инклюзивті оқытумен қамтылған. Бұл мекемелерде арнайы жағдайлар жасалып, мүмкіндігі шектеулі 25 985 бала (28%) дені сау қатарластарымен тең дәрежеде білім алуға. 2019 жылға дейін мектептердің 70%-ы инклюзивті білім беруге лайықталынуы көзделіп отыр. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсетуге арналған нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау барысында олардың инклюзивті білім беруді дамытудың негізін қалаған құқықтық реформалар болып табылатыны анықталды. Дүние жүзіне белгілі арнайы мекемелерде әлемге танымал инклюзивті білім беру формалары қолданылып келеді. Ондай білім беру формалары әрбір жекелеген баланың өзінің тұрғылықты мекен-жайында білім алуына мүмкіндік туғызады.

Инклюзивті оқытуды бастауыш мектептерге енгізу ісі осы жүйенің тетіктерін анықтау үшін нақты және жан-жақты тәсілдеме қолдану керектігін дәлелдеп келеді. Нақты және айқын ашып айтатын болсақ, инклюзияның күрделілігі ерекше қажеттіліктері бар балалардың табиғи мектеп кеңістігіне бейімделуінен емес, білім беру мекемелерінің өздерінің осындай оқушыларға «икемделуінің» қиындықпен өтуінде болып отыр. Дамуында ерекшеліктері бар балаға жаңа білім беру жүйесінде табиғи үдерістерге бейімделуге тура келсе, қалыпты дамып келе жатқан оқушылар мен мұғалімдерге де «ерекше» оқушы оқытынына түсіністікпен қарауға қалыптасып, соған тәрбиеленуі керек болады. Инклюзивті білім беруге сәйкес енгізілетін өзгерістер мектептің ішкі үдерісіне тұтастай әсер ететіні белгілі. Нақтырақ айтқанда, білім беру мекемесіндегі барлық оқушылар мен мұғалімдер, мектептің басқа да қызметкерлері өзара қарым-қатынас жасауда ендігі ретте жаңа формаларын 29 құруы тиіс болады. Түпкі нәтижесінде ондай өзгерістер оқыту үдерісінің барлық салаларына, соның ішінде оқушылардың өзара тұлғааралық байланысына да әсер етеді.

«Ерекше» балаларға арналған білім беру жүйесінің пәндік-дамытушы, материалдық-техникалық және білім берушілік деп аталатын құраушы компоненттері және олардың өзара байланысы назарда ұсталынып қалыптасуы тиіс екендігін Е.А.Екжанова атап көрсетеді [115]. Әрбір мектепте әр оқушының зияткерлік, әлеуметтік және рухани дамуын қамтамасыз ететін бірыңғай білім беру кеңістігі құрылуы қажеттігіне М.В.Кларин маңыздылықпен назар аударады. Ғалым мектеп - мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ең маңызды әлеуметтік жүйенің құрамдас бөлігі екенін атап көрсетіп, сол ортада балалардың тұлғааралық қарым-қатынастарын құруға мүмкіндік беретін еш кедергісіз ынтымақ кеңістігін құру қажет деп ұсынады [116]. Әлеуметтік орта – мүмкіндігі шектеулі балалар үшін маңызды орын алады. Осыны ескере отырып, мектепте балалардың тұлғааралық өзара әрекеттесе отырып байланыс құруына арналған кедергісіз орта қалыптастыру керек. А.В.Жигайло мұндай орта баланың тұлғалық қалыптасуының негізі болып табылады деп атап көрсетеді.

Инклюзивті білім беруге арналған кеңістік ресурстарына мынадай маңызды құраушылар жатады: турникеттер, шектеуші сызықтар, жеделсатылардың болуы, оқу сыныптарының жарықтандырылу деңгейі, сыныптардағы және жалпы мектеп бойынша дыбыстық белгі беру тіректері. Инклюзивті білім беруде тұлғаны тәрбиелеу мен дамытуға арналған дидактикалық және түзетуші жабдықтарға айрықша маңыз беріледі. Оқушыларға берілетін сыныптағы деген түйін жасауға болады. Баланың жеке басының психофизиологиялық ерекшеліктері ортаның мазмұндық құрамына да біршама әсер ететінін жоққа шығаруға және сыныптан тыс жүктемені дұрыс есептеу аса маңызды. Өйткені оқудан бөлек, толыққанды тұлға қалыптастыру үшін және олардың қабілеттерін ашу үшін оқушыларды денсаулық жағдайы мен дамуына қарамастан, сабақтан тыс іс-әрекеттерге де қатыстыру керек. Инклюзивті білім беру үдерісінің әлеуметтік-психологиялық ресурстары әр оқушының бойында мынадай маңызды қасиеттердің қалыптасуына тірек болады: - ынтымақтастықта жұмыс жасауға қабілетті болуы; 31 - білім беру үдерісіне және сабақтан тыс іс-шараларға белсенді қатысуы; - жетекшілік етуге және жетекшіге еруге ынтымақ болуы;

- сыртқы келбетінің қанағаттанарлық болуы; - қолайлы әлеуметтік мәртебеге ие болуы; - дене белсенділігі өсуі т.б. Мектептерде бірыңғай білім беру кеңістігін құру үшін әлеуметтікпсихологиялық ресурстар пайдаланылады. Мектепте дамуында ерекшелігі бар балалардың әлеуетін ашуға басты назар аударылуы тиіс. Мұндай бағыт жанжақты дамуға ұмтылған үйлесімді тұлғаны қалыптастыру мақсатында оның әлі де ашылмай, жасырын қалған ішкі қабілеттерін ашу үшін жеке тұлғаның болмысын белсенділікке негіздеп қайта құруға арналады. Осы айтылғандарға сүйене келе, инклюзивті білім беру ортасын – бұл дамуында ерекшелігі бар балалардың әлеуметтенуге және білім, біліктер мен дағдыларды игеруге деген дербес қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылатын құндылықты-бағдарланған орта деп танымыз. Инклюзияның әлеуметтік құраушысы педагогика саласына қарағанда, басым артықшылыққа ие. Білім беру инклюзиясының тиімділігі көп жағдайда мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуінің нәтижелілігімен айқындалатын болады. Бұл – ерекшеліктері бар тұлғалардың әрбір санаты үшін белгілі бір орталар санымен жеке білім беру кеңістігі құрылуы қажет деген сөз. Қазақстан Республикасының адам құқықтары бойынша заңдылықтары еліміздің басты құндылығы болып табылатын балалардың барлығының да білім алуға тең құқылы екендігіне негізделген. Қазақстан Республикасында өмір сүретін әрбір бала мектепте білім берудің талаптарына сай болуы немесе болмауына қарамастан, оның жеке басын сыйлау және оның даралығын гуманистік тұрғыдан түсініп қабылдауын қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру идеясы педагогтердің құзыреттілігіне заман дамуына сай жаңа талаптар қойып отыр. Ендігі кезекте педагогтарға, ұстаздарға, мұғалімдерге қойылатын талаптардың орындалуы міндетті болатын көптеген жаңа жұмыс түрлері туындап келеді. Мұғалімдер дене дамуы жағынан, зияткерлік дамуы жағынан зақымданған балалармен, қалада не ауылда тұратын түрлі әлеуметтік топтағы балалармен, балалардың басқа түрлі білім беру топтарымен жұмыс істейтін педагогикалық технологияларды игеріп, өзінің жеке тәжірибесіне сай, ұстаздық кәсібінде шығармашылық түрде таңдай алатын және шебер де орынды, нәтижелі етіп қолдана алатын қабілетін жетілдіруі тиіс болып отыр.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан газеті –Алматы, 2017. - №10(78). - Б. 1-2.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 2010 жылғы 7 желтоқсан№1118// [www.nkaoko.kz/documents/law\\_of\\_education/](http://www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/)
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//<http://edu.gov.kz>
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ , 17 қаңтар 2014ж.

Бердыбекова Н.С., Кайтаева М.Б.

## **Ы. АЛТЫНСАРИННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІН ДАМУЫ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайреткері, азатшыл Алаш мұрағаттарына ұласқан ұстанымдардың негізін салушы ұлт тұлғасының бірі - Ыбырай Алтынсарин туралы толық мәліметтер жазылған. Қазіргі мектептерде оқытылып жатқан жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнынан кешегі Ыбырай салған жолмен ілгері жылжуды бақылауға болады. Бүгінгі заман талабына сай білім беруде мұғалімнің алдына қойған басты мақсаты, өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншек тәрбиелеу. Оқушылардың санасына туған халқына деген патриоттық сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру. Сондай – ақ, ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт дәстүрін меңгерту. Әр оқушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, оларға өздігінен білімдерін толықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту Ыбырай еңбегімен үндесіп жалғасын тауып отырған іс деп қарауымызға болады.

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайреткері, азатшыл Алаш мұрағаттарына ұласқан ұстанымдардың негізін салушы ұлт тұлғасының бірі - Ыбырай Алтынсарин [1].

Ұлттың рухани-экономикалық, әлеуметтік тұрғыда өсіп- жетілуі білімнің мазмұндылығы мен маңызына, оған деген көзқарасқа тікелей қатысты. Ал жеке тұлға мен қоғам құндылықтарын қалыптастыру барлық кезеңдерде өзекті мәселе болып келгені мәлім. Олай дейтініміз, осы рухани-адамгершілік құндылықтардың мәні, тәрбиелік маңызы туралы ұлы ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин өз еңбектерінде құнды ой-пікірлерін кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған.

Қазақ халқының ұлы перзенті Ыбырай Алтынсарин қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырып, тұңғыш халық ағартушысы атанып қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресіп, халық игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсетті, бүгінгі күнде білім беру мазмұны Ыбырай Алтынсариннің жасаған игі істерімен жалғасын тауып жатыр десек қателеспейміз. XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы-демократ - Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Іргесі қаланбақшы алғашқы мектеп құрылысын, тұңғыш берілетін білімнің бағыт-бағдарын айқындады, қалың бұқараға оның мазмұны мен маңызын түсіндірді, бастауыш мектепке қажетті оқу-құралдарын дайындады.

Мұғалімнің бүгінгі таңдағы ұстанымы қалай жалғасуда? Мектептегі оқушыларға сапалы білім беру нәтижесі мұғалімнің ұстанымына байланысты. Ұстаным дегеніміз не? Психологтар «ұстаным» ұғымын адамның іс-әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Социологтар оны жеке тұлғаның негізгі құндылығы есебінде атап көрсетеді. Оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді. Мұғалімнің ұстанымы-оның көзқарасы, қабылдаған шешімі мен іс-әрекетінің негізі. Педагогикалық ұстаным – бұл педагогтың өзінің тәжірибелік іс-әрекетінде және мінез –

құлқында басшылыққа алатын негізгі, бастапқы жағдайлары. Оқыту ұстанымдары – оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін анықтайтын негізгі жағдайлар [2].

Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және ой еңбегіне үйретуге тиіс, олардың білімге деген ынтасын мейлінше арттыруға тиіс.

Қазіргі мектептерде оқытылып жатқан жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнынан кешегі Ыбырай салған жолмен ілгері жылжуды бақылауға болады. Бүгінгі заман талабына сай білім беруде мұғалімнің алдына қойған басты мақсаты, өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншек тәрбиелеу. Оқушылардың санасына туған халқына деген патриоттық сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру. Сондай – ақ, ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт дәстүрін меңгерту. Әр оқушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, оларға өздігінен білімдерін толықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту Ыбырай еңбегімен үндесіп жалғасын тауып отырған іс деп қарауымызға болады.

Алтынсариннің міндеттері мұғалім туралы нұсқаулары- олардың қалай оқу керектігі-оның өз заманындағы методиканы терең және жан- жақты білгенін көрсетеді. Ауызша әңгіменің ойлау мен жазбаша жаттығулардың көптеген әдістері туралы түсіндірмесінде ол балалардың әрбір еңбегінің құр босқа ойсыз жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек екенін жазды. Әрі қарай ол балаларды тәрбиелеуде үстіртін және мардымсыз түсініктердің, шалағайлықтың болмауы керектігін ескертті. Ол нашар оқыту мен нашар қарым- қатынас балалардың басын қатырып, шатастыратын ал, керісінше балалар сергек, олармен қарым- қатынас неғұрлым жақсы оқушылардың көңіл- күйіне әсер неғұрлым көп болса, сабақ соғұрлым табысты болатынын нақтылы мысалдар арқылы түсіндірді [3].

Білім беру саласында мұғалімнің алдына қойған қазіргі мақсаты- Ыбырай Алтынсарин атамыздың салып кеткен сара жолымен, оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті, сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру-әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын.«Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға-мұғалім» деп Стронг айтқандай, ұстаздық білімділікпен қоса ізденпаздықты, дарындылық, ұйымдастырушылық, тағы да көптеген құндылықтарды талап ететін маман иесі. Шығармашылық қабілет баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз-оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету. Ол үшін мұғалім ғылымда болып жатқан жаңалықтармен үнемі танысып,өз біліктілігін үнемі арттырып, толықтырып отыруы керек.

Ыбырай Алтынсаринның педагогикалық идеясы мен қазіргі білім берудегі сабақтасып келеді. Ол жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл аударды, сол жолды біз жалғастырып келеміз. Қазақ даласындағы аумалы-төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлаған ғалым еңбегі өлшеусіз, қазіргі білім беру саласына үлкен өзгерістердің негізін Ыбырай сол кезде болжап кеткендей. Жас ұландарға айтарым, халқымыздың жақсы қасиеттерін, өнегелерін өзімізге үлгі тұтайық, себебі, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді, салт-дәстүрлерімізді құрметтеу –ұрпақтың борышы.



1. «Алтынсарин Ы. тағлымы». Алматы, Жазушы, 2015. -15 б.
2. Асқаров А. «Ұлы Тұранның ұлдары», Алматы, 2018. 51-58 б.
3. Алтынсарин Ы. «Таза бұлақ» жин. Алматы, Жазушы. 2018. -35 б.

**Бердыбекова Н.С., Кайтаева М.Б.**

## **Ы. АЛТЫНСАРИННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазақстанның тарихында жарық жұлдыз болып білім шырағын жаққан, қазақ даласының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен, жаңа үн – балаларды білімге шақырған қонырау үнін әкелген сахараның бір данышпан перзенті, тұңғыш ағартушы, педагог-жазушы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің ізденіске, күреске, толы өшпес өмірі мен шығармашылық ілімі бүгінгі таңда жалғасын тауып, заманауи білімнің нақ ұстар тұтқасы екені анық. Бүгін республикадағы заманауи білім беру парадигмасы туралы айта отырып, оның педагогикалық мұрасын айтпай кетуге болмайды. Алтынсарин бүкіл өмірін туған халқын ағартуға арнады.

Ы. Алтынсариннің басты арманы – халқының оқып, білім алуы, өнер-білімді игеріп, терезесі тең елдер қатарынан көру еді. Оған нақты дәлел ұстаздың педагогтік мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелері, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілері, аудармалары. Бұл шығармалардың тақырыптық-идеялық мазмұнынан біз Ыбырайдың ұстаз-тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз. Олар: жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді, ата-ананы қадірлеу, өнер-білімді байлық дәулеттен жоғары қою. Ол мектептің адамгершілік-тәрбиелік рөліне үлкен мән берді, «алғашқы тәрбие баланың шенеулік емес, ақын емес, қолөнерші емес, ең бастысы адам болуы керек»,- деп жазды.[1]

«Білім адамның ақыл-ойын дамытып, оған белгілі бір ақпарат беріп қана қоймай, оның өміріне лайықты да, бақытты да бола алатын еңбекке деген құлшынысты тудыру керек». Алтынсариннің пікірінше, еңбекке деген сүйіспеншілік адам бойындағы адамгершілігін күшейтеді.

Оның басты тілегі – қазақ балаларын өз халқына пайдалы болатындай етіп, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің жетістіктеріне қосыла алатындай етіп оқыту.

Ұстаз бүкіл өмірін далаға ғылым мен білімді әкелген демократиялық интеллигенцияның алғашқы кадрларын даярлауға арнады. Оның тәрбиелеген алғашқы қазақ халық мұғалімдері Ы. Алтынсарин бастаған прогрессивті істің ізбасарлары болды. Педагогикалық жұмыста, Алтынсариннің айтуынша, мұның бәрі мұғалімнің оқытудың ең жақсы әдістерін таба білуінде және балаларға дұрыс қарауында, «Маған жақсы мұғалім бәрінен қымбат, өйткені, ол – мектептің жүрегі» [2] .

Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе де –білім беру мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру және оларды жүзеге асыратын болашақ мамандарды даярлау. Заманауи педагогиканың негізгі мақсаты – білімді сапалы ету, оқушының

толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз қалау. Сонымен бірге, ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге құлшындырып, оқудың жалпы пайдасын жете ұғындырады. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Ыбырай «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудың мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету. Ыбырай жастардың оқыған адам болғандағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарау, оны «тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзінді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызатын» елдердің қатарына жеткізу деп білді. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмір көркі, болашақтың иесі – жастар деп ұқты. Қазіргі заманда ғылымның дамып, адам өмірін жеңілдететін құралдар ойлап табылған. Бұл ойлап табылған жаңа технологиялар адам өмірін жақсартуда. Осының барлығын озық, дамыған елдердің білімді, ойшыл адамдары жасады емес пе? Мұндай адамды қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Мұғалім еңбегінің бүгінгі нәтижесі қандай болса, елдің, қоғамның ертеңі, болашағы сондай болмақ. Демек, Елбасының «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деген қағидасына сүйенсек, қазіргі қоғамдағы дамудың басты факторлары: білім, ғылым, саяси тұрақтылық екенін, яғни заман өзгергенімен, мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының көтерілуі білім-ілімсіз әсте мүмкін емес екеніне көз жеткіземіз.[3]

Ы. Алтынсариннің жеке тұлғаны қалыптастырудағы айырықша атап айтар тарихи еңбегі — «Қазақ хрестоматиясы». Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беру үшін олардың дүниетанушылық көзқарасын кеңейту үшін «Қазақ хрестоматиясының» тек өз кезі ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор. Сондықтан да ол талай жылдар талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келеді. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелер: еңбек, оқу, өнер, отансүйгіштік, талаптылық, жігерлілік, іздепаздық, кішіпейілділік, қайырымдылық, адамгершілік, т.б. осылар тәрізді жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге қатысты мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып, жастардың мұндай әрекеттерден аулақ болуына жол көрсетті. Басты жетістігі мен нәтижеге бағытталуы:

Біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабар беру принципін көздей отырып, тұлғаны өмір сүрген қоғамына қатысты халықаралық қатынасқа бейімдеу. Екіншіден, жеке тұлғаны адалдыққа, еңбекке, ұқыптылыққа, талаптылыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді олардың бойына дарыту арқылы адами мінез-құлықтарын өздері игере алулары; Үшіншіден, жастардың, әсіресе, мектеп оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беруімен бала түйсігін жүйелілікпен қалыптастыруға бағытталуы.

Ұлт тұлғасының төл әңгімелері мен аударған шағармаларының тәрбиелік мәні мен құндылығына, негізгі идеясына тоқталатын болсақ:

Қазіргі заманғы білім мен тәрбие үрдісінде әрбір парадигма «не үшін тәрбиелеу керек, оқушыларды қандай мақсатқа дайындау керек, не үшін өмір сүреміз» деген сұрақтарға жауап береді.

«Адам тәрбиенің нәтижесі. Ол өмірге пешенесіне не жазылса, сонымен келмейді, оның тағдыры туысынан белгіленбейді. Адамдық қасиетінің қалыптасатын жері – өмір талқысы, әрекет етуі, тәрбиесі. Күн мен Ай бәрімізге ортақ, бәріміз де адамның баласымыз, ешкімді біріңнен бірің артықсын деп айыруға болмайды», — дейді Ыбырай.

Ы. Алтынсарин шығармаларында көтерілген екінші бір өзекті мәселе: жастарды түрлі жақсы қасиеттерге баулу, жаман қасиеттерден жирендіру мәселесі. Бүгінгі таңда «Әдебиеттік оқу» кітабында балаларды оқуға, өнерге, ұқыптылыққа, тазалыққа, мейірімділікке шақырған әңгімелері мен өлеңдері жиі кездеседі. Сондықтан да Ы. Алтынсарин жазба әдебиетіміздің төрінен заңды түрде орын алып отыр. Қорыта айтқанда, «Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Сондықтан қазіргі кездегі мектеп оған жүйелі жәрдем беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттайтын

қабілет-қасиеттерін дамытатын, білім беретін шаңырақ болуы тиіс. Ы.Алтынсарин ілімі – мағынасы кең, мәні терең, ескірмеген жанданған ілім. Заманауи білім беру парадигмасының басты бағыты – оқушының дамуы, оның жеке мұқтажықтары, тұлғааралық қарым-қатынастар қалыптастыру. Түйіні: ізгілікті амал, тұлғалық өсуге көмек беру, өмірге дайындығына назар аудару.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2013 ж. – 18 б.
2. Тажибаев Т. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX в. - Алма-Ата, 2008. – 127 с.
3. Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане. – Алма Ата: Казучпедгиз, 2012. – 366 с.

Аубакирова А.А.<sup>1</sup>, Молдасын Е.М.<sup>2</sup>

## САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қоғамда болып жатқан елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру саласына да өз ықпалын тигізуде. Сондықтан қазіргі кезеңде білім беру шартында өмір талабына сай мектеп оқушыларына сапалы білім беру, өнегелі де өнерлі ұрпақ тәрбиелеу, жетілдірілген оқыту технологияларын меңгеру, сабақты ғылыми негізде ұйымдастыру – өзекті мәселелердің бірі. Көтеріліп отырған өзекті мәселені қазіргі сабақтарға қойылатын талаптарды күшейту, талдау жасай отырып оларды орынды пайдалана білу арқылы жүзеге асыру. Ол үшін мектептерде оқушыларды нақты біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландыратын мақсатты, нәтижелі оқу жүйесі құрылуы керек. Кез келген мектеп оқушылары меңгеруге тиісті білім мен іскерлік шеңбері анық та дұрыс сызылып алынғаны жөн, ал негізгі алынатын білім анықталғаннан кейін, күтілетін нәтижелер сабақтың жүргізілу шеберлігі мен мұғалімге байланысты. Себебі сабақ – оқыту жүйесінің негізгі құрам бөлігі, мұғалім мен оқушылардың білімі және іскерлігі белгілі бір деңгейде тек сабақта ғана байқалады. Сабақта алынатын барлық бақылау мен өздік жұмыстарда білімі орташа оқушыларға қиыны, мықтыларға қызығушылығын жоғалтып алмайтындай түрлі деңгейдегі тапсырмалардың берілуін ойластыру ұсынылады. Ал қосымша сабақтарда оқушылардың өздерін қызықтыратын немесе жоғары оқу орындарына түсуге ниеттеніп дайындалатын пәндер бойынша шығармашылық күшті талап ететін күрделі, жүйелі тапсырмалар түрі берілуі керек. Оқушының дайындық сапасы оқу пәндеріне, яғни оның мазмұны мен әдістемелік шеберлігіне, сабақта білім алуға жасалынған жағдайларға, яғни қазіргі сабақтарға қойылатын талаптарға тығыз байланысты.

Бүгінгі таңда сабақтарды жүргізу, өткізу барысы заман талабына сай үнемі өзгеріс үстінде. Ең алдымен осы уақытқа дейінгі сабақтар қандай болды деген сияқты сұрақтарды қарастырып өтсем деймін.

XX ғасырдың 80 жылдары «заманауи сабақ» мәселесі қарастырылған болатын. Бұл дегеніміз, осы уақыттардың өзінде заманауи сабақтар қалай өтуі керек, несімен ерекшеленуі керек деген сияқты сұрақтарға жауаптар іздестірілген болатын. Дегенмен де заманауи

сабақтар қатарының өзіндік тарихи маңызы бар. Оның нақты күнтізбелік бағыттар бойынша бағдарлап көруге болады.

1986 жылы «Советская педагогика» кеңес журналында заманауи сабақ бойынша мәселе толығымен атлқылған болатын. Мұндай мәселе барысы талқыға салуы бұл реттегі білім беру үрдісіне деген қызығушылықтың бөлінуінің бір себебі деп ойлаймын. Ерте кездің өзінен бастап қатты назар болғанының негізгі дәлелі болып табылады.

Белгілі ғалым Т.А.Ильина ұйымдастырылған конференциялардың бірінде «заманауи немесе заманауи емес сабақ?» деген сұрақтар қозғалған болатын. Бұл сұраққа ғалым «Сабақ барысының заманауи не болмаса заманауи болмауының барлығы оның қалай ұйымдастырылғанымен тікелей байланысты» деп жауап берген.

Көпшілік заманауи сабақ ұғымын көбінесе тек сабақ барысында жаңа технологияларды қолдануымен байланыстырады. Яғни сабақ барысында компьютерді қолдану, интерактивті тақтаны қолданумен шектеледі. Бұл үрдіс еліміз жаңартылған оқу бағдарламасына көшкенге дейінгі үрдіс болатын. Сабақ барысында компьютерді қолданса сол сабақ заманауи сабақ деңгейімен теңестірілген болатын.

80 жылдардың соңы мен 90 жылдардың басында алдыңғы қатарлы ұстаздар заманауи сабақтың мәнін ашуға тырысты.

Бүгінгі таңда заманауи сабақтарға қандай талаптар қойылу керек, заманауи сабақтар қандай болуы керек деген сияқты сұрақтар көпшілікті мазалайды.

И.П.Подласый пікіріне сәйкес заманауи талаптарға сай сабақтар келесідей талаптарға сәйкес болуы керек деп, қажетті нақты талаптар қатарын белгілеген:

1.оқу –тәрбие үрдістерінің заңнамаларының негізінде сабақтарды құру, педагогикалық тәжірибенің ғылымдағы жаңаша бағыттағы тәсілдерді қолдану. Бұл өз кезегінде тиімді білім беру үрдісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2.сабақ барысын ұйымдастыру барысында әдіснамалық қағидалар мен ережелерді жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады.

3.оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділігі мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың нәтижелі танымдық іс-әрекеті үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз ету.

4.білім алушылармен пәнаралық байланысты орнату маңызы.

5. бұрын зерттелген білім мен дағдылармен байланыс орната отырып, оқушылардың қол жеткізген даму деңгейіне сүйену.

6.тұлғаның жеке дамуындағы белсенділік пен мотивация болып табылады.

7.оқу тәрбие саласының барлық кезеңдерінің логикалық байланысы мен үйлесімділігі. Яғни сабақ барысында барлық үрдіс бір бірімен тығыз байланысты болуы өте маңызды.

8.педагогикалық құралдарды қолдану тиімділігі.

9.білім алушылардың жеке тәжірибесі, педагогикалық қызметтерімен байланысы болып табылады.

10.білім алушыларды тәжірибелік білімдерге бағдар беріп тәрбиелеу. Мұнда білім алушылардың білімі, біліктілігі көмектеседі.

11.оқу қабілетін қалыптастыру, білім көлемін үнемі толықтыру қажеттілігі.

12.әр сабақты мұқият диагностикалау, болжау, жобалау және жоспарлау.

Ғұламаның жоғарыда берілген барлық пікірлерімен толығымен келісуге болады. Өйткені сабақты жоспарлау барысында барлық негізгі ережелерді, нақтылықты, жаңашылдықты қолдану болып табылады.

И.П.Прокопьев жоғарыда берілген мәселе бойынша қызықты көзқарас қалыптастырған. Оның пайымдауынша, егер біз «мақсат-нәтиже» қатынасын негізге алсақ, онда ХХІ ғасырдың басындағы қазіргі сабақтың белгілерін бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады:

1.Сабақта оқыту әдістемесі мен технологиясын сипаттайтын өзара байланыстағы үш мәселе шешіледі: оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту. Оқу сабақтары барлық сыныппен оңтайлы үйлесімде, топтарда, жұптық, фронтальды және жеке ұйымдастырылады. Оқу уақыты үнемді жұмсалады. Сынып жұмысы мұғаліммен және оқушылардың өзіндік

жұмысымен оңтайлы түрде ауысады. Оқу процесінде оқушылардың белсенділігіне қол жеткізіледі. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен эмоцияларына арналған әдістер қолданылады. Олар оқу іс-әрекетінің әлеуметтік маңызды мотивтерін қалыптастырады. Оқу жұмысындағы мақсаттардың диагностикасы, болжамдылығы және кепілдігі қамтамасыз етіледі.

2. Мұғалім мен оқушының сабақта өзара әрекеттесуі, байланыс ортануын қарастырады. Жетекші рөлімен мұғалім білім алушылармен қарым-қатынасты гуманистік негізде және толық түсіністік пен сеніммен қалыптастырады. Оқытушының оқу процесін басқаруы оқу қызметінің объектісі өзі субъект болған кезде оқушылармен іскерлік ынтымақтастыққа ұласады. Мұғалім мен оқушылар, оқушылар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті жоғары болуын да қарастырады. Сабақта қауырт іскерлік жағдай орнатылған.

Жалпы жоғарыда берілген реттілікпен келісуге болады. Дегенмен де бұл талаптар дәстүрлі оқыту түрлеріне қойылған талаптар ретінде қарастыруға болады.

Барлығына белгілі оқытудың негізгі формасы – сабақ. Білім беру үрдісінің негізгі бастамасы да осы сабақ және оның барысы болып табылады. Өйткені сабақты ұйымдастыру барысы бұл үлкен негізгі үрдіс болып табылады.

Сабақты ұйымдастыру формасы – оқу процесінің міндетін іске асырудағы оқытушы мен оқушылардың іс-әрекеттерінің сыртқы көрнісі болып табылады. Ұйымдастыру формасында оқытудың мақсаты, мазмұны мен әдістері бірыңғай жүзеге асады. Өйткені оқытуды жүзеге асыру барысында сол сабақтың барысы үлкен маңыздылыққа ие. Соның ішінде сабақтың мазмұны, мақсаты мен міндеттерін ең алдымен анықтап алу өте маңызды. Сабақта оқушыларға білім берумен қатар, олардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен ақыл-ой қабілеттерін дамыту мақсаттары көзделеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кусаинов Г.М. Педагогическая технология современной школы (Заманауи мектептегі педагогикалық технология). – Астана: РНПЦ «Учебник», 2012. – 355 б.

2. Ермекбаев М. Бастауыш мектеп оқушыларының қазақша сөздік қорын молайту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2003.

3. Ж. Аяпова "Білім беру технологиясының жетілдірудің психологиялық және педагогикалық сипаттары". Бастауыш мектеп, 5-2003 ж.

4. Д. Малдыбаева. "Оқу мен жазу арқылы ойлауды дамыту". Бастауыш мектеп журналы, 12-2002 ж.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮШТІЛДІ БІЛІМ САЛАСЫНДА ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Үштілді білім, көпқырлығы мен көпәспектiлiгiне байланысты түрлi ғылыми мектептер ғалымдарының назары көрiнiс табатындығын қажет етедi. Үштілділіктің маңызды даму факторы ретінде этнолингвистика саласындағы зерттеулер болып табылады. Бұл ғылымның пәндік саласында тілдердің әсер етуі, қолдануы мен даму мәселелерінің рационалды тіркесу мәселелері бойынша білім беру практикасы үшін ғылыми тұрғыдан негізделген ұсыныстар мен нұсқамалары жасалуы тиіс. Сонымен қатар, лингводидактика саласында мақсатқа бағытталған зерттеулер қажет. Тілдерді оқытуға байланысты мәселелерді ғылыми зерттеу арсеналы толық жиынтығымен қоса зерделеу қажет, сонымен қатар теориялық көзқарастар мен ғылыми гипотезаларды эксперименталды түрде тексеру қажет. Үштілді білімнің теориясы мен практикасы ғылыми-педагогикалық цикл логикасында жасалуы қажет: үштілді білім алуды ұйымдастырудың педагогикалық жағдайларын қалыптастыратын жалпы педагогикалық заңдары мен заңнамаларын, теориялық көзқарастары мен қағидаларын анықтау. Бұл мақсаты мен міндеттерін қалыптастыруға, мазмұнын таңдауды негіздеуге, сонымен қатар үштілді білімнің әдістері, нысандары, құралдарын анықтауға мүмкіндік береді. Ғылыми-зерттеу жұмысы, Қазақстан Республикасындағы тілдік білім практикасы ана және мемлекеттік (қазақ) тілдерінің, ана және орыс тілдерінің, ана және шетел тілдерінің, мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдерінің, мемлекеттік (қазақ) және шетел тілдерінің, орыс және шетел тілдерінің балансын орнатуға бағдарлану қажет кезде, көптілді тұлға категориясын зерделеуді көздейді. Осы салада практикалық іске асырудың негізгі механизмі ретінде «білімді екі рет қабылдау» қағидасы болып табылады: нақты тілдік пәндерді зерделеу арқылы тілдік білім алу (қазақ, орыс, ағылшын) және жеке пәндерді оқыту, мысалы, ағылшын тілінде, ғылыми жаратылыстану пәндерін (физика, информатика, химия, биология), әлеуметтік гуманитарлық пәндерді – қазақ немесе орыс тілдерінде. Үштілді білім педагогикалық инноватика ретінде жаңалықтарды енгізу үдерістеріне объективті түрде тән қателер мен қате есептеулер тәуекелін максималды түрде төмендетуге мүмкіндік беретін өзгертілген жаңа жағдайда білім субъектілерінің толыққанды әрекетін қамтамасыз ететін арнайы жүйені жасауды қажет етеді. Жалпы, үштілді білім саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу енгізілетін білім инноватикасының теориялық-әдістемелік негіздеріне 24 бағытталуы қажет. Сондықтан, тілдік жағдаятты талдау, тілдерді ертеден оқыту мәселелерін зерделеу, үштілді білім аясында функционалды сауаттылықты дамыту, тілдік пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен оқулықтардың коммуникативтік бағытталуы, үштілді білім дидактикасының, көптілді оқыту және көптілді тұлғаны қалыптастыру позитивті отандық және шетел тәжірибесін зерделеу және жалпылау мақсатымен педагогикалық әлеуметтік-лингвистикалық, лингводидактикалық зерттеулерді жүргізуді қамтамасыз ету қажет. Теориялық-әдістемелік ережелердің жүйелі жиынтығы ретінде үштілді білім аясында ғылыми зерттеулер жүргізу мақсаты үштілді білім жүйесін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстарды жасау болып табылады. Үштілді білім аясында ғылыми зерттеулер жүргізу міндеттері: - үштілді білімді іске асырудың қазіргі жағдайлары мен мүмкіндіктерін талдау; - дидактикалық жаңалықтарды енгізуді объективті түрде бағалау, олардың қажеттілігін, шынайылығы мен сенімділігін негіздеу; - мәдениетаралық, кәсіби-бағдарланған құзыреттерге ие, мәдениеттер диалогы аясында өзіңіз көрсетуге қабілетті көптілді тұлғаны

қалыптастыруға бағытталған үштілді білім теориясы мен практикасын байыту. Этнолингводидактикалық көзқарас көптілді білімнің өзекті мәселелерін ғылыми зерттеу негізінде алу орынды, өйткенді бұл жағдай көптілді білім практикасы үшін бірыңғай тұтыс жүйеде және бірыңғай тұжырымдамалық негізде ғылыми тұрғыдан негізделген ұсынстарды жасауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, педагогикалық ғылымда көптілді білім контексінде тілдер қатынасына нақты жауап беру керек. Осылай, Қазақстандық білім алудың нақты практикасында «бірінші тіл», «екінші тіл», «үшінші тіл» ұғымдары жиі кездеседі. Бұл жағдай жағымсыз терминологиялық бостандыққа әкеп соғады, өз кезегінде ол әлеуметтік және мемлекеттік құндылық ретінде тілдің бейтараптығына әкеледі, ал сонымен қатар «ана тілі», «басқа тіл», «шетел тілі» жалпы қабылданған ұғымдар бар. Сондықтан, «қазақ тілі ана тілі ретінде», «қазақ тілі басқа тіл ретінде», «орыс тілі ана тілі ретінде», «орыс тілі бөтен тіл ретінде» ұғымдарды қолдану керек. Сонда «ана тілі» және «мектепте оқыту тілі» ұғымдардың араласуы болмайды, өйткені көпұлтты Қазақстан мектептерінде оқыту тілі ана тілімен сәйкес келмейтін көптеген этнос балалары оқиды. Сондықтан терминдер мен ұғымдардың екі түсінуіне жол бермейтін үштілді білім бірыңғай тезаурусын жасау маңызды болып табылады. Бұл мәселе бағдарламалық құжаттарды қабылдауда өте маңызды. Сонымен қатар, тілдерді осы аспектіде зерделеу қазақ/орыс тілдерін бөтен тіл ретінде оқыту дидактикасын» жасауды талап етеді. Көптілді білім аясында «Көптілді білім жағдайында пәндер мен дисциплиналады ағылшын тілінде оқыту дидактикасын» жасау қажеттілігі өзектендіріледі. Қазақстанның педагогикалық ғылымы үштілді білім ұлттық контентті есепке алу арқылы тілдерді ертеден оқыту және қоса оқытудың ғылыми негіздерін жасауы тиіс. Осған байланысты балалардың жас, психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін қатал есепке алатын тілді ертеден оқыту әдістемесін жасау қажет. Шетел тілдерін ертеден оқыту үшін бірыңғай әдіснамалық платформасының жоқтығы мектепке дейінгі және мектеп білім ұйымдарымен ағылшын тілін оқытудың ұлттық жағдайларына сәйкес келмейтін, білімалушылар әрекеті жоспарланған нәтижелері туралы нақты көзқарасының жоқ және шетел тілдерін ертеден оқыту бойынша білім беру қызметтерінің жүйеленбеген нарығын дамытусыз шетел оқыту бағдарламалары мен оқу материалдарын еркін таңдауға әкелді. Бұл жағдай үштілді білім алу аясында ертеден оқытуды толық қамтамасыз етуге қабілетті кадрлар құрамы тапшылығымен күрделенеді, бұл ағылшын тілін мектепке дейінгі және бастауыш мектепте оқыту сапасына жағымсыз әсер етеді. Сондықтан, оқу үдерісіне жеке, жекешелендірілген тәсілдерді енгізу емес, жаңа әдіснамалық шешім, шетел тілдерін ертеден оқытудың ғылыминегізделген технологиясын жасауға және оны әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осған байланысты үзіліссіз үштілді білім алу аясында тілдерді ертеден оқыту жүйесін жасау және оның қызмет көрсетуін ғылыми негіздеуді, сонымен қатар, қазақстандық үш тілді білім алу жағдайында шетел тілдерін ертеден оқыту технологиясын жасауды қажет етеді. Сонымен қатар, ағылшын тілін ертеден оқыту бағдарламасын іске асырудың теориялық негізделуі және әдістемелік қамтамасыз етуі шетел тәжірибесін зерделеу және жалпылауды есепке алу арқылы шетел тілдерін ертеден оқытудың фрагментарлы түрде қалыптасқан бірыңғай жүйеге келтіруді қамтамасыз етеді, бұл жағдай, екі бағытта: құрылымдық және мазмұндық бағытта іске асырылатын, көптілді тұлғаны қалыптастырудың жоғары сапасы мен тиімділігін көздейтін үзіліссіз шетел тілінде білім алуды және білім алу бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта қазақстанда жүргізілетін ғылыми зерттеулерді талдау үш тілді білім алу қазақстандық контентін есепке алу арқылы шетел тілдерін ертеден оқытудың ғылымиәдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін зерделеуді көрсетеді. 2011-2020 жылдарға арналған тілдерді дамыту және қолдану мемлекеттік бағдарламасы стратегиялық міндет ретінде мемлекетті тілді оқытуды ынталандыруды қарастырады. Мотивацияның аталған мәселесі мақсатқа бағытталған ғылыми жасалу мен негізделуді талап етеді. Нәтижесі мемлекеттік және орыс тіліндегі «Білім беру саласындағы тілдердің үштұғырлығы тұжырымдамасы» жобасы болып табылады. Нәтижелердің жаңалығы қазіргі Қазақстан жағдайында мемлекеттік тіл(қазақ),

ұлттаралық (орыс) тілінің әлеуметтік 20 рөлінің өзекті мәселелерінің лингвистикалық әзірлемесіне арналуымен анықталады. Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кешенді ғылыми лингвистикалық негіздеу және тұжырымдама жобасын әзірлеу ұсынылады. «ҚР білім беру саласындағы үштілділік», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы үштілділік», «Орта білім беру саласындағы үштілділік», «ҚР жоғары білім беру және басқа мемлекеттік органдар саласындағы үштілділік» зерттеулер нәтижелерін Мәдениет және спорт министрлігінде, Ақпарат және байланыс министрлігінде, Білім және ғылым министрлігінде еліміздегі мемлекеттік тілдік саясатты жүзеге асыру үшін тілдік құрылым және елді дамыту бойынша ұзақ мерзімді жобалар әзірлеуде, елдегі ұлттық тілдік саясатты қалыптасқан жағдайды бағалау мақсатында қолдану ұсынылады. Білім мазмұнын, тілдік білім алудың жаңа парадигмасын жаңартуға байланысты жаңа формациядағы педагогтарды даярлау мәселесі маңызды мәселе болып табылады да, көптілді білім жағдайында жұмыс жасай алатын педагогтың тұжырымдамалық жобасын қалыптастыруды көздейді. Қазіргі педагог инновациялық-педагогикалық әрекеті үшін, өз біліктілігін үнемі жетілдіру және арттыру үшін тұлғалық және кәсіби құзыреттері кең спектріне ие болу керек. Көптілді білім саласында ғылыми зерттеулердің өзекті бағыты болып инженерлік мамандықтарда білімалатындардың тілдік дайындығы мәселесі болып табылады, бұл мәселе жаңа формациядағы инженерлерді даярлаудағы ұлттық экономиканы дамыту үшін маңыздылығы анықталатын Қазақстанның тездетілген инновациялық-индустриалды дамыту, «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыру, «100 нақты қадам» ұлт жоспары мәселелерін шешу қажеттілігін көздейді. Әлем практикасындағы үздік тәжірибе бүгінгі таңда евроинженерді инженерлік білім еуропалық стандарттарына сәйкес қарастырады. Қазақстан үшін осы стандарттар анықтаған деңгейге шығу үзіліссіз және мақсатты түрде шетел тілдерін, бірінші кезекте, ағылшын тілін игеру арқылы мүмкін, ағылшын тілін білу инженерлік кадрлардың қажетті құзыреттерін еңбек халықаралық нарығы талаптарына сәйкес қалыптастыруға мүмкіндік береді. Отандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерін талдау көрсеткендей қазіргі уақытта іске асырылатын жобалар аясында: – инженерлік кадрларды үзіліссіз тілдік даярлау құрылымы теория жағынан үштілді білімге ауысу арқылы негізделген, бұл мәселе зерттеудің келесі кезеңінде оның жаңа мазмұнын жобалауға мүмкіндік береді; – интеграцияланған масатты, міндеттерді, қағидаларды, мазмұнын және деңгейлер бойынша жекешелендірілген инженерлік кадрларды үзіліссіз тілдік даярлау нәтижелерді көрсететін, инженерлік кадрларды «колледж – жоо жүйесінде үзіліссіз тілдік даярлау мәселелерін әрі қарай зерттеу үшін бастапқы позициясын анықтауға мүмкіндік беретін инженерлік кадрларды үзіліссіз тілдік даярлаудың теориялық жобасы жасалды; – Қазақстан Республикасында аталған дайындықтың құрылымы мен мазмұнын тұжырымдамалық негіздеуге, сонымен қатар халықаралық стандарттарға сәйкес инженерлік білім алуды диверсификациялау механизмін қамтамасыз етуге бағытталған инженерлік кадрларды үзіліссіз тілдік даярлау тұжырымдамасы жасалды. Осылай, қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулер аясында үштілді білімнің қолданбалы, сонымен қатар теориялық-әдіснамалық аспектілері жасалуда.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хасанович Б. тілдік қарым-қатынас негіздері. - Алматы, 2006. - Б.89-102.
2. Педагогика: Оқу құралы / Құраст. Шайхислямова Қ.О., Нұрышева Ж.Н.- Көкшетау: РИО КУАМ, 2014.- 63 б.
3. Бузаубакова К.Ж Инновациялық педагогика негіздері. - Алматы: Білім, 2009. - 192 б.



## КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ КЕЛЕШЕГІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Халық бұрыннан бері тіл мәселесіне көп көңіл бөліп «Өнер алды —қызыл тілі» деп атайды, сөзді бар өнердің алдына қойып, оны жоғары бағалайды. Әдетте тілге қатысты. Тіл - адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы қарапайым анықтама берілген, іс жүзінде тіл-бұл адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, ең бастысы, бұл белгілі бір ұлттың санасын, халықтың қасиеттерін, оның жалпы тарихын, әдет-ғұрпын, мәдениетін қамтитын күрделі ұғым. Сондықтан тіл баға жетпес қазына, кез келген ұлттың тарихы мен тағдырының, тәрбиенің, бүкілхалықтық болмыстың сарқылмас қазынасы болды.

Ана тілін жақсы білетін адам басқа ұлттың тілін жетік меңгеріп, сол ұлттың азаматтарымен қарым-қатынас жасай алады деп айта аламыз. Өмірде басқа ұлттың тілін білетін адам осы халықтың ішкі әлемін түсініп, барлық мәдени ерекшеліктерімен таныса алады. Екі тілділік қана емес, көптілділік біздің азаматтарымыздың ай сайын алға қадам басуы, күн сайын жаңаруы және қарқынды дамып келе жатқан өзгерістерге толы өмірге сәтті енуі үшін басты қажеттілікке айналуда. Бұл бизнес әрбір азаматқа, өзіне де, басқасына да пайдалы. Сондықтан қазіргі қоғамда көптілділікті меңгеру-кез келген адамның жарқын болашағына апаратын жол. Бір кездері «жеті халықтың тілін біл, жеті түрлі білімді біл» деген атау біздің дамыған дәуірімізге сәйкес айтылды [1].

Қазіргі заманның талабы-көптілділік. Адамның рухани байлығы, тәрбиесі, білімі-бәрі де тіл арқылы жетілдіріледі. Яғни, тілден жақсылық, тілден жамандық. Бай лексикаға ие болу үшін әр адам өз тілін, көкжиегін жан-жақты дамытуы керек. Сондықтан мұғалімнің басты міндеті біздің болашақ ұрпағымызға қажет үштілділікті ұғыну болып табылады.

Қазіргі уақытта біздің басты міндетіміз-үштілділікті еркін меңгерген, өз білімін әр түрлі салалардағы қарым-қатынас жағдайында одан әрі пайдалана алатын, елдің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы өсіп келе жатқан адамды мектептен шығару. Көптілділік мәселесі-Қазақстан алдында ғана емес, әлем алдында да шешілмеген мәселелердің бірі. ХХІ ғасырдан бастап Қазақстанның білім беру саласында әлемдік білім беру кеңістігіндегідей үрдістер байқалады. Бұл үрдістердің қатарына, біріншіден, қарқынды реформаларды жатқызуға болады, яғни. білім беру саласының барлық деңгейлерін қамтитын және білім беру саласының өзгеруін бақылайтын жүйелі сараптама (талдау); екіншіден, білім беру саласын әртараптандырудың (әртараптандырудың) осы үрдістерінің қатарына қосу; үшіншіден, білімді халықаралық деңгейге жеткізу, яғни дамыған мемлекеттердің өзара саяси-экономикалық интеграциясының арқасында ұлттық білім беру дәстүрлерін сақтай отырып, жалпы тұжырымдама жасау. Жоғары мектептердегі реформалау процесі көптеген жаңалықтарға әкеледі. Айта кету керек, Қазақстандағы бірқатар мектептердің деңгейі Еуропаның көптеген елдеріндегідей жаңғырту тұрғысынан да қиындықтарды бастан кешуде.

ҚР «Білім туралы» Заңының қазіргі заман талаптарына сәйкес 5-бапта: «барлық оқу орындары мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуді және дамытуды, орыс тілін және бір шет тілін үйренуді қамтамасыз етуі тиіс» деп көрсетілген. [2].

Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде оқытылады.

Көптілділікке ие адам-бұл өз өмірін өткізетін маңызды адам. Бүгінгі таңда "көптілділік" проблемасы еліміздегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ол үшін Мемлекет басшысы тілдердің үштұғырлығын да міндеттейді. Үштілділікті меңгеру деңгейі тілдік орта, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмір, адам немесе жалпы халық өмір сүретін өмір сияқты көптеген факторларға байланысты. Бір этноспен қоныстанған Біртұтас ұлттық құрамы бар мемлекетте көптілділік сирек кездеседі.

Кем дегенде үш тілді меңгеру — біздің заманымыздың ең қажетті қажеттіліктерінің бірі. Қазіргі уақытта білім беру саласында адам қызметінің барлық салаларында қайта ойлау жүріп жатыр, өйткені жаһандану үрдісі бар. Сондықтан, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікпен қатар, полимәдениет қазіргі уақытта білім беру құзыреттілігінің негізгі бағыттарының бірі ретінде анықталған.

Көптілді білім беру-көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көптілді оқыту-бұл жас ұрпаққа білім беру кеңістігінде еркін жүруге, әлемдік ғылымның құпияларын ашуға және өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беретін қажеттілік. Үштілді оқыту-бұл уақыт талабы, оның негізгі мақсаты-бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдар алуға қабілетті мәдени тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі-бұл мемлекеттік тіл, ал орыс тілін және шет тілдерінің бірін білу адамның ой-өрісін кеңейтеді, оның "сегіз қырлы, бір жұмбақ" тұлға ретінде дамуына ықпал етеді, ұлтаралық қарым-қатынас, толеранттылық және планетарлық ойлау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Шет тілін меңгеру маманға кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстауға және жаңа ақпараттық планетаға бейімделуге мүмкіндік береді. Әр адамның әр түрлі әлеуметтік қызметтердегі жетістіктерінің нәтижелері әртүрлі, сондықтан шет тілін оқытудың мақсаты нақты білімді білу ғана емес, сонымен қатар "өмір заңдылықтарында" және "нақты жағдайларда қарым-қатынас жасау үшін" шет тілін қажет ететін тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі уақытта студенттерге ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес ақпараттық және компьютерлік жүйелерді, оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, іздеу жұмыстарын жандандыруға барлық мүмкіндіктер жасалған. Шет тілін оқытуда оқушылардың ауызша және жазбаша аудармадағы білімін жетілдіру, сөздік қорын байыту, жаңа сөздермен толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында лингафондық жабдық, аудио -, бейнекешен қолданылады. Сондай-ақ, оқу процесінде мультимедиялық бағдарламаның көмегімен интернеттен алынған Әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың әртүрлі әдістері мен әдістері, коммуникативті бағыттағы оқыту элементтері кеңінен қолданылады. Тілге байланысты оқу процесінде тілді жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі, оның ішінде ашық сабақтар, дебаттар, семинарлар, конференциялар, практикалық сабақтар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, өзара іс-қимылды талдау, оқушылардың зерттеу жұмысына қатысуы, сондай-ақ студенттердің өзіндік іздестіру жұмысына басшылық жасау. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің жыл сайынғы дәстүрлі жолдауында "Тілдердің үштұғырлығы" мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуге ерекше мән береді. Бұдан басқа, қазақ тілін бүкіл қоғамды топтастыратын мемлекеттік тіл ретінде оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударылады. Сондықтан қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сондай — ақ көптілділікті меңгеру-бүгінгі таңда орта білім беру жүйесіндегі педагогикалық үдерістің негізгі бағыттарының бірі. "Үштілділік" жобасы аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге жағдай жасалуда. Бұл жоба бізге әлемнің бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына кіруге зор мүмкіндік берері сөзсіз. Бұл ретте халықтың басым бөлігі елдің мемлекеттік тілі — Қазақ тілі екенін білу қажет. Көптілділік ретінде біз өз тілімізді солардың бірі ретінде пайдаланбаймыз деп болжауға болады. Көптілді оқыту-жас ұрпаққа білім беру кеңістігінде еркін жүруге, әлемдік ғылымның құпияларына терең бойлауға және өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беретін қазіргі әлемдегі маңызды қажеттілік. Әр адамның рухани - адамгершілігін арттыру, қазіргі тез өзгеретін әлемде өмір сүру және жұмыс істеу үшін жан-жақты болу керек. Осыған байланысты, бүгінде Қазақстанға әлемдік аренаға шығу, халықаралық байланыстарды нығайту, ақпараттық-

технологиялық, ғылыми, медициналық, оқу-әдістемелік және т. б. жаңалықтарды ілгерілету үшін көп тілді мамандар қажет. әлемдік тәжірибені беру, осы жаңалықтарды өз халқының игілігі үшін ана тілінде пайдалану. Оқу орындарының барлық салаларына жаңа талаптар, жаңа міндеттер, жаңа мақсаттар қояды. Осыған байланысты білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі мәдени тұлғаны, өмірде өз орнын таңдауға, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстауға, кез келген ортаға тез бейімделуге, ғылымның белгілі бір салаларынан білімі мен іскерлігін көрсетуге, өз ойлары мен пікірлерін білдіруге қабілетті бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыру болып табылады. Көптілді мемлекеттер арасында Әлеуметтік-мәдени қатынастар құруға, әртүрлі елдердің мәдениетімен, әдебиетімен, тарихымен танысуға, қажет болған жағдайда басқа біреудің мәдениетіне енбестен, өз елін және мәдениетін басқаларға ұсынуға қабілетті категориялық саналы тұлғаны қалыптастыру — өмір талабы. Бүгінде Қазақстанға өз халқының игілігі үшін ана тілінде технологиялық ғылыми, медициналық және басқа да салалардағы жаңалықтарды пайдалану мақсатында халықаралық байланыстарды нығайту және әлемдік аренаға шығу үшін көптілді мамандарды даярлау қажет. Біздің алдымызда тұрған, қазіргі заманға лайықты міндет-халқымыздың ұлттық дербестігін сақтай отырып, еліміздің өркениетті елдер қатарына кіруі. Еліміздің өркениетті елдер санатына енуіне ықпал ететін болашағы - жастарға білім мен тәрбие беретін мектеп. Болашақ Қазақстанның азаматтары рухани бай, білімді, білікті, ескілері сияқты әлемдік мәдениетті танитын, өзіндік төл мәдениетін құрметтейтін, өзін таныта алатын және өзін өзгеге сыйлай алатын болуға тиіс. Әлемдік білім беру практикасында көптілді және билингвалды білім беру жаңалық емес, атап айтқанда АҚШ-та және көптеген Еуропа елдерінде, әсіресе соңғы жылдары ол осы бағытта жетістіктерге жетті. Бірақ халықаралық практикада қолданыс тапқан қазақстандық білім беру жүйесіне көптілді және билингвалды білім беру модельдерін енгізу-жаңа педагогикалық проблема, өйткені ол жаңа жағдайларда шығармашылықпен іске асырылуы тиіс [3].

Бұл мәселе бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім беру реформалары аясында қаралып жатқаны бізді қуантады. Көптілді оқыту-бүгінгі күннің аса маңызды қажеттілігі, ол жас ұрпаққа білім беру кеңістігінде еркін қарым-қатынас жасауға, әлемнің түрлі ғылыми құпияларын ашуға және өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру, бүгінде тез өзгеретін әлемде өмір сүру және жұмыс істеу үшін жан-жақты болу керек. Осыған байланысты бүгінгі күні Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, оқу-әдістемелік және т. б. кіреді. осы жаңалықтарды өз ана тілінде өз халқының игілігі үшін пайдалану, халықаралық байланыстарды нығайту және әлемдік аренаға шығу үшін көптілді мамандар қажет. Бұл бағытта қазіргі уақытта балабақшалар, мектептер, ЖОО-лар өз үлестерін қосуда. Бүгінгі мұғалімнің басты мақсаты-оған шындықты білуге деген ұмтылысына көмектесу, терең тілектері мен қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін білім беру мазмұнын жаңарту, әр оқушының қасиеттерін, қабілеттерін, шығармашылығын, талантын дамыту үшін ұйымдастырылуы керек озық тәсілді енгізу қажет.

Солардың бірі-тілдік коммуникация. Ол үшін жастарды халықаралық қарым-қатынас тілі болып табылатын ағылшын тілін үйренуге дағдыландыру қажет. Уақыт өте келе оның қажеттілігі қатты сезіледі. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге кедергі келтірмейді. Тек түсіну керек. Себебі ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелеспейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хасанович Б. тілдік қарым-қатынас негіздері. - Алматы, 2006. - Б.73-77.
2. "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" ҚР Заңы: ресми басылым. 06.01.2011 ж. №378-IV ҚР Заңы. - [[ЭР].Қатынау режимі: <http://kapshagay.gov.kz.news>.
- 4.Бузаубакова к. ж. инновациялық педагогика негіздері. - Алматы: Білім, 2009. - 190 б.

**Иманова А.Н., Нурлан Б.**

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА КӨРКЕМДІК ТӘРБИЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Ғылыми жетекші: Өлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Мектептегі оқу-тәрбие процесінің жақсы жолға қойылуы, жоспарлы жүргізілуі де балалардың мінез ерекшеліктеріне әсер етеді. Шәкіртке ғылымның негізін үйретумен бірге біз олардың дүние танымын, ақыл-ой әрекетін, шығармашылық ізденуін, қабілеті мен дарындылығын дамытамыз. Әрине, бұл жәйттерді оқушыларға толық жеткізу әрбір мұғалімнің сабақ беру шеберлігіне, материалды жан-жақты толық қамтуына, көрнекі және техникалық құралдарды дұрыс пайдалануы мен оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыруына байланысты. Міне, сондықтан біз мұғалімнің педагогикалық процестің негізгі тұлғасы деп санаймыз. Мұғалім әрекеті мазмұны жағынан оқушылар әрекетімен органикалық байланысқанда ғана тәрбие тиімді де нәтижелі болады. Бір сыныптың өзінде мұғалімдердің сабақ беру тәжірибесіне қарай сабақ үстіндегі шәкірттердің мінез ерекшеліктері кейде олай, кейде бұлай болып құбылып отыратыны педагогикалық тәжірибеден белгілі. Дегенмен сабақ қызықты, шеберлікпен өткен жағдайда оқушылардың зейіні басқа нәрсеге аууға мүмкіндік тумады. Осындай кезеңде шыдамсыз, ұшқалақ оқушылардың қимыл-әрекетінде де байсалдылық байқалады. Егер сабақ тартымсыз, нәтижесіз болса, оқушылар қанша зейін қоюға әрекеттенгенімен шаршап, жалыға бастайды. Мұндай жағдайда жеңіл мінезді балалар өздері ғана тәртіп бұзбастан, басқаларға да теріс әсер етеді.

Оқу-тәрбие барысында ғылымның дидактикалық өңдеуден өткен зерттеу әдістерін пайдалану – оқыту мен білім берудің, тәрбиелеудің әдістерін ұштастыра түсуге, олардың тиімділігін арттыруға көмектеседі [1].

Инновация ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі.

Нәтижелік инновацияның критерий ретінде мұғалім қызметіндегі оң нәтижелелердің барынша тұрақтылығын білдіреді. Өлшемдегі технологиялық, нәтижені бақылау мен белгілеудегі, түсіну мен баяндаудағы тұтастық бұл критерийді, жаңа әдістің маңыздылығын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдерін бағалаудың басты құралына айналады.

Инновациялық бұқаралық тәжірибеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі педагогикалық инновацияны бағалаудың критерий ретінде қарастырылады.

Инновацияның негізгі критерий ғылыми педагогикалық тәжірибеге де баға беруде басшылыққа алынатын жанашылдық деп білеміз.

Мектеп оқушыларының тәрбиелеуде инновациялық ұжым арқылы тәрбиелеу бойынша оның дамуына С.Т.Шацкий, А.С.Макаренко, И.П.Ивановтар үлкен үлес қосты. Мектеп оқушыларын тәрбиелеудегі инновациялық технологияның ерекшелігі оқушының рухани және дене күшін, әрекеттері мен ой-сезімін тануы, өзінің қоғам мүшесі екенін, айнала қоршаған ортамен басқа адамдармен мәдениетті қарым-қатынас жасау. Бұл оқушының өз бойындағы қасиеттері мен қабілетін жан-жақты ашып, адамгершіліктің биігіне көтеретін тәлім- тәрбие екені даусыз. Мұндай тәрбиенің бастауы бұрын да болған, біздің ата-бабаларымыздан келе жатқан әдемі дәстүрі бар.

Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың инновациялық технологиясы бұл оқушының ұжымдық іс-әрекетке қатысуы, ондағы оқушының санасының оянуы, мәдениеттілікті сақтау, өз бетінше

дұрыс әрекет етуі, мінез-құлқындағы дөрекі мінезден арылуға әрекет жасап, қарым-қатынаста мәдениеттілік көрсету мен өзін-өзі тәрбиелеу болып табылады.

Өзін — өзі тәрбиелеу оқушыны жан-жақты тәрбиелеу мен дамытуға ықпал етеді. «Жеке адамның өзін-өзі тәрбиелеуі» тақырыбы бойынша өтетін тәрбие жұмыстарында бала өзін объекті ретінде ғана санамай, субъекті ретінде де даму жолдарын талпынады. Баланың ойын, пікірін терең ұғынып логикалық бірізділікпен дәлелдей білуге үйрету — әр ұстаздың төлісі. «Мен кімін?», «Менің кемшіліктерім неде?», «Мен неге әдепсізбін?» және т.б. сұрақтар арқылы өзін-өзі тәрбиелеудің басты құралдарымен таныстырған жөн.

Өзін-өзі тәрбиелеу қоғамға пайдалы болу ұжымның лайықты мүшесі болу тілегінен тууға тиіс. Өзін-өзі тәрбиелеу үшін өзіне сын көзбен қарап, өз қателерін мойындауға батылы жетуі қажет. Мінездегі кемшіліктерді жойып, жақсы сипаттарды жетілдірмейінше өзін-өзі тәрбиелеу мүмкін емес .

Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі үшін, оқушыларды өздерін қолға алуға үйрету керек. Өзін-өзі тәрбиелеуге кірісе отырып, оқушы ең алдымен өзін-өзі қолға алудың жалпы мақсатын ұғынуы тиіс [2].

Ұжымдық шығармашылық әрекет формасы басқалардан тәрбиелік міндеттерді қою және оқушылардың тәжірибе жинақтау сипатымен ерекшеленеді. Оның негізін ұжымның барлық мүшелерінің өзара бірлескен әрекеттері ынтымақтастығы жағдайы құрайды. Мұндай жағдайда олар сыныптағы оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты жоспар құруды, тәрбие шараларын дайындау және өткізуді бірлесе атқарады.

Оқушылар ұжымын тәрбиелеудің маңыздылығы мектеп қабырғасынан шыққаннан кейін олар әртүрлі ұжымға тап келеді. Сондықтанда олардың сынып және мектеп ұжымдарында жеке бастарының қаншалықты үйлесіп, қалыптасуына байланысты оның кейінгі уақыттағы психологиялық жағдайы сәйкестенеді, қайсібірі әрекет нәтижелі болады. Сыныптағы оқушылардың өзара дұрыс қарым-қатынасы тұрақты көңіл-күйді, бір-біріне сенім мен сыйласымдылықты қалыптастырады. Дұрыс қарым-қатынас — өмір құбылыстарын бағалау өлшемін және ақиқат, жақсылық әсемдік туралы көзқарасты тәрбиелейді.

Ұжымдық қатынас — тұлғалық ерекшеліктерді басады, оның пікірін көпшіліктің пікіріне бағындырады. Бұл баланың жаман іс-әрекеттері мен мінез-құлқындағы теріс қылықтарды болдырмауға ықпал етеді. Жақсы ұйымдасқан ұжымда өзара көмек және өзара жауапкершілік, бір-біріне тілектестік және адал ниеттілік, сын және өзара сын орнығады. Сонымен қатар, еңбекке, қоғамдық пайдалы жұмыстарға, жолдастарына тіпті өзінің міндетіне жауапкершілігі мұқият қалыптасады. Татулық пен достығы жарасқан ұжымдағы өзара қарым-қатынас жеке басының мүддесін қоғамдық мүддеге бағындырады. Балаларды ұжымдық қызмет тәсілдеріне үйрету — мұғалімнің ерекше және арнайы міндеті болып табылады. Оқушылар арасында ұжымдық жұмыс үстінде пайда болатын іскерлік қарым-қатынастарды үлкендер көбіне реттеп отыруға тиіс. Мұғалім жұмыс сапасына, ойын процесіне, жиындар өткізуге ғана емес, сонымен бірге осы ұжымдық қызметке қатысушылар арасында туындайтын қарым-қатынастарға да айқын талаптар қойып отырады. Бұл талаптарды балалар жақсы білуге және жете түсінуге тиіс. Өйткені баланың мінез-құлқы көп жағдайда ұжымдағы атмосфераға байланысты өзгеріп мінезі қалыптасып отырады.

Ұжымның шығармашылық әрекеті жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеудің маңызды түрткісі ретінде көрініс береді. Соның нәтижесінде ол өзара тәрбиемен мектеп оқушысының жеке басына оның жолдастарының ықпал етуімен толықтырыла түседі.

Мектеп оқушыларының қоғамдық белсенділігін ұйымдастырушылық қабілеттері мен құралдар мен әдістерінің бірі оқушылардың өзін-өзі басқару болып табылады. Ол барлық оқушының өз сыныбының және мектеп ұжымының іс-әрекеттерін басқаруға қатысуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың бойына саналы тәртіп пен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда оқушылар ұжымы мен педагогикалық ұжым, ата-аналар ұжымы

көмектеседі. Сондай-ақ олар оқу сабақтарына қатысуды есепке алуды ұйымдастырады, сабақтарға келмеушілікке және кешігушілікке қарсы күреседі, оқушылардың күн тәртібін қадағалайды.

Бастауыш мектеп оқушысының бейнесін қалыптастырып, эмоционалдық – еріктік, танымдық, мәдени адамгершілік мүмкіндіктерін жетілдіруде олардың құрылымы көп қырлы психологиясын танудың маңызы зор. Баланың мектепке келген күнінен бастап өздері іс-әрекет ететін, қарым-қатынасы, киім тазылығы, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздеріне назар аударып, қызығады. Дегенмен кейбір дәрекі мінездердің дұрыстығына қарамастан, іс-әрекеттермен сөздерге мән бермейді.

Бастауыш сынып оқушыларының сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмысы оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуге, шығармашылық, зерттеушілік, танымдық қабілеттерін дамытуға, ықпал етуге, адамның жаңаша қалыптасуына көмектесуге негізделген. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда пән үйірмелерінің маңызды принципі – танымдық қызметті белсендіру, мүмкіндігі, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, қиыншылықтарды жеңу және материалды сапалы қабылдауды үйретудің болуы.

Ұжымдық істерді ұйымдастырудың нәтижелі формасы – жеке тұлғаның әрекет етуін жатқызамыз. Ол барлық балаларды ұжымдық істерге қатысуға, олардың жеке мүмкіншілігін қажеттілігін ескеруге жағдай тудырады [3].

Жұмыс тұлғаның қажеттілігін және қызығушылығын жүзеге асыру барысында оның дамуына мүмкіншілік тудырып қана қоймайды, сонымен бірге қабілетінде шыңдап, мінез-құлықтағы кемшіліктерін, басқа да қарым-қатынастарда өзара әрекеттесуі барысында жалпы сынып ұжымынан әсер алып оның дамуына ықпал етеді. Қалыптасып келе жатқан оқушы педагогикалық талаптарды орынды қабылдайды және өзінің сапалық қасиеттерін өзі жетілдіруге тырысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рувинский Л.И., Хохлов С.И. Ерік пен мінезді қалай тәрбиелеу керек. Алматы, 1989.
2. Сабилов Г. Балаларға ақыл ой тәрбиесін берудің кейбір мәселелері. Алматы. 1977.
3. Богданова О.С. Воспитание культуры поведения учащихся 1-3 классов. М, 1978.

**Корягина О.В., Нурпеисов К.С.**

## **ФОРМИРОВАНИЕ КОМПЕТЕНЦИИ СОЦИАЛЬНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ У УЧАЩИХСЯ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

Научный руководитель: к. п. н., доцент, преподаватель кафедры «социально-педагогических дисциплин», Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова, г. Кокшетау

Магистрант кафедры "социально-педагогических дисциплин «по образовательной программе 7М01101 – «педагогика и психология»

Кокшетауский университет имени А. Мырзахметова, г. Кокшетау

Одним из требований новых федеральных государственных образовательных стандартов начального общего образования к личностным результатам освоения основной образовательной программы выступает формирование навыков конструктивного взаимодействия со сверстниками и окружающими, готовность выстраивать свое поведение в согласовании с общепринятыми нормами и правилами, самостоятельно работать и отвечать за собственные поступки. В модели выпускника сформированность социальной компетентности младших школьников проявляется в таких характеристиках, как «способный к организации собственной деятельности», «готовый самостоятельно действовать и отвечать за свои поступки перед семьей и обществом», «умеющий слушать и слышать собеседника, обосновывать свою позицию, высказывать свое мнение». Цель статьи: раскрыть процесс

формирования социальной компетентности младших школьников. Компетентность есть результат овладения знаниями, умениями, навыками, опытом, проявляющийся в готовности и способности принимать адекватные и ответственные решения в проблемных ситуациях. Понятие «социальный» раскрывает связь с обществом и социальное взаимодействие с ним. Следовательно, социальная компетентность рассматривается как взаимосвязь процессов социализации и индивидуализации, обеспечивающих развитие и саморазвитие личности. В младшем школьном возрасте процесс становления идентичности (личностной, социальной) совпадает с процессом социализации в целом. Социальная компетентность — сложное понятие, основой которого выступает саморегуляция поведения. Так в статье Е. Б. Каменской представлен анализ подходов к рассмотрению социальной компетентности: уровень социальной действительности; морально-правовая и социальная зрелость личности; соотношение «Я — общество». Проведенный теоретический анализ позволил утверждать, что социальная компетентность выступает интегративной личностной характеристикой. Е. В. Прямикова под социальной компетентностью понимает способность человека выстраивать стратегии взаимодействия с другими людьми в окружающей его изменяющейся социальной реальности. Н. В. Калинина утверждает, что основу социальной компетентности составляют знания об обществе и особенностях взаимодействия людей, знания о традициях, нормах и правилах поведения людей [2]. Согласно исследованиям РГПУ им. А. И. Герцена социальная компетентность представляет собой комплекс умений: ориентация в ситуации и использование ее для собственного образования; включение в деятельность; организация сообщества для овладения опытом взаимодействия при решении круга конкретных задач. Социальная компетентность младшего школьника, по мнению О. В. Галаковой, включает в себя следующие характеристики: признание ценности себя и другого, значимости сотрудничества со сверстниками и взрослыми, знание правил поведения и взаимодействия, способов разрешения конфликтных ситуаций, ответственность за свои поступки и результаты деятельности на основе рефлексии. Анализ различных определений позволил выделить такие аспекты социальной компетентности, как: – сложное личностное образование, состоящее из компонентов (мотивационный, когнитивный, деятельностный); – отражение взаимодействия человека и социального окружения; – соотношение собственных целей с целями и потребностями других, группы людей, социума в целом; – оптимизация эмоционального состояния. В исследовании под социальной компетентностью младших школьников понимается способность ребенка выстраивать взаимодействия с другими людьми в окружающей его социальной действительности, связывая воедино знания, ценности и поведение. Проведенный теоретический анализ позволил выделить следующие компоненты социальной компетентности младших школьников: – когнитивный — наличие знаний об особенностях взаимодействия с окружающими людьми, знаний правил и норм поведения, правил работы в паре и группе, способов разрешения конфликтных ситуаций, знание вербальных/невербальных средств общения; – мотивационный — потребности взаимодействовать, сотрудничать и общаться с другими людьми, проявлять себя в социально одобряемой деятельности, признание ценности сотрудничества со взрослыми и сверстниками; – деятельностный — умение понимать других, умение не создавать конфликтных ситуаций и находить компромиссные решения конфликтов, проявление ответственности за свои поступки и результат деятельности, выполнение правил здорового и безопасного для себя и окружающих образа жизни. Социальная компетентность младших школьников может быть сформирована на уровнях: низкий, средний, высокий. Систематизация структурных компонентов и уровней сформированностей делает возможным диагностировать социальную компетентность младших школьников в эмпирическом исследовании. Младший школьный возраст — первый период приобщения ребенка к общественной жизни в социально значимой деятельности. При этом считаем актуальным мнение А. М. Прихожан: социальная позиция школьников 3–4 классов «дремлет» до подросткового возраста, момента появления стремления к овладению новой

социальной позицией — представителя подросткового сообщества. Принимая во внимание исследования Н. В. Калининой, отметим, что социальная компетентность младшего школьника основывается на таких психологических новообразованиях возраста, как: – овладение произвольной регуляцией поведения в процессе интенсивного развития познавательной сферы и активного включения в учебную деятельность; – сензитивность младшего школьника к влиянию взрослых; – развитие мотивации успеха и достижения; – способность к адекватной самооценке. Учет данных возрастных новообразований способствует усвоению необходимых социальных норм. Актуальна для исследования позиция ряда ученых: говорить о компетентности до достижения определенного возраста представляется недостаточно корректным в смысловом отношении, поскольку возможность самостоятельно взаимодействовать с достаточно широким социальным окружением, становясь в определенной мере субъектом саморазвития, появляется не ранее, чем в подростковый период. Поэтому применительно к младшему школьному возрасту правомерно говорить об обретении необходимо-достаточной социальной компетентности. У младшего школьника появляется способность воспринимать и переживать свою некомпетентность в определенных ситуациях как возможность научиться чему-либо, а не как дефект личности или признак неудачи. Предпосылками возможности формирования социальной компетентности обучающихся начальной школы выступают – активность и желание ребенка включиться в коллективную творческую, практическую деятельность; – интенсивность взаимодействия со сверстниками, педагогом, взрослыми. Младший школьник начинает активно включаться в социальную деятельность, понимать и принимать действия окружающих, соотносить свои действия и поведение с социально значимой оценкой окружающих. Ребенку необходима педагогическая поддержка и помощь в выработке определенных, социально принимаемых способов поведения и взаимодействия. Начальная школа призвана создать оптимальные условия для формирования социальной компетентности младших школьников в различных видах деятельности (учебной, внеурочной, социальной, воспитательной и др.). Проявление конструктивной социальной компетентности целенаправленно формируется в специально организованной образовательной среде. В ходе учебной деятельности в парной и групповой работе младших школьников учиться устанавливать контакты и организовывать взаимодействие со сверстниками посредством предметного содержания учебных дисциплин. Для выполнения парной и групповой деятельности создаются алгоритмы выполнения заданий, обсуждаются правила и результаты работы, анализируется выполнение учебных задач.

#### Список использованной литературы

1. Александровская Э.М. Типологические варианты формирования личности младшего школьника. – М.: Формула, 1993.
2. Битянова М.Р. Адаптация ребенка в школе: диагностика, коррекция, педагогическая поддержка. – М., 2017
3. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - М., 1968.
4. Голицын Г.А. Информационный подход в психологии творчества. Исследование проблем психологии творчества под ред. Я.А. Пономарева. – М.: Наука, 1983. С. 210 – 231.
5. Коломинский Я.Л. Психология взаимоотношений в малых группах. - М.: Педагогика, 2021.



Жауен А.Б.<sup>1</sup>, Нысанбаева А.С.<sup>2</sup>

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАҢА ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Көптеген елдерде білім беру жүйесі қоғамдық әлеуметтік дамудың жетекші рөлін атқарады. Сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Қазіргі мамандар алған білімдерін жадында сақтап қана қоймай, сонымен бірге шығармашылық қызметке де, кеңінен ойлауға да қабілетті болуы тиіс. Сондықтан жоғары оқу орнындағы оқу процесі студенттердің әлеуметтік жан-жақты дамуына жол ашуы тиіс.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесінде бірінші кезектегі міндеті ретінде, жоғары, білікті мамандарды оздыра даярлау болып табылады. Қазақстан Республикасының 50 алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына қосылуы, ең алдымен, сапалы мамандардың болуымен анықталады, яғни біздің мамандарымыз бәсекеге қабілетті болуы тиіс, сонда ғана еліміз алдына қойған мақсаттарына ойдағыдай жете алады. Бүгінгі студент ол ертеңгі маман, сондықтан қазіргі студент жастарды болашақта бәсекеге қабілетті маман етіп тәрбиелеу, дамыту жоғары оқу орнының алдында тұрған аса маңызды міндет болуы, тақырыбымыздың өзектілігін анықтайды.

Жаңа ортада, жаңа жағдайда жас маманның қалыптасуы жоғары оқу орнында қандай білім алғанына, қандай іскерлік пен дағдыларды меңгергеніне ғана тәуелді емес. Ең маңыздысы, өндірісте, жаңа ортада болашақ маманның бейімделуіне байланысты.

Студенттердің психологиясының қалыптасуы, алдымен, олардың басты еңбегі — оқуына, болашақ мамандығына деген ниеті мен ықыласына, микроортасына, қоғамдық белсенділігіне байланысты болады [1].

Осыған орай, бұл жұмыстың барысында жоғары оқу орнына түскен студенттердің, жаңа оқу жағдайына бейімделуінің ерекшеліктерін зерттеуді мақсат ретінде қойдық.

Бүгінгі маман — ілімнің негіздерін жетік игерген, еліміздің саяси мақсаттарын айқын көретін, ғылыми және практикалық мол даярлығы-тәжірибесі бар, өз мамандығын жақсы, жоғары деңгейде меңгерген адам [2].

Қазіргі таңда жоғары оқу орнында студенттің, алдымен, мамандықты игеру іс-әрекетінің ерекшеліктеріне, оның қалыптасуында оқу-тәрбие процесінің атқаратын рөліне баса назар аударады. Өйткені жоғарғы оқу орнында оқу кезінде студенттердің ғылыми көзқарас негіздерінің, кәсіптік білімі мен дағдыларының, идеялық саяси сенімдерінің, адамгершілік және эстетикалық идеяларының қалыптасу процесі шапшаң жүріп жатады [3].

Э.Эльконин бойынша, студенттік жастың бастапқы нүктесі, ерте жастық шақтан бастау алады. Автордың көрсетуінше, бұл кезеңнің негізгі іс-әрекеті ретінде, кәсіби оқу іс-әрекеті жатады және жастар тұлғалық қарым-қатынасқа да ерекше мән бере отырып, болашаққа бағдар жасап, нақтылы мақсаттар қоя бастайды. Студенттік кезең, Э.Эльконин бойынша, адамның дүниетанымының кеңеюін, кәсіби қызығушылықтың пайда болып және де өзіндік санасының қалыптасуымен сипатталады [4].

Студенттік кезеңде оқу процесінің ең басты қызметі бұл оқыту процесінің субъектілерінің танымдық өрісін арттыру мен дамыту болып табылады.

Оқу іс-әрекеті дегеніміз - оқытушылық және тәрбиелік қызметтерді атқаратын, оқытушы мен студент арасындағы өзара тығыз қарым-қатынас. Жоғары оқу орнындағы оқу іс-әрекеті оқу материалын және жаңа ғылыми түсініктерді игеруге бағытталады. Кез келген

әрекет сияқты оқу іс- әрекетінде субъективтілікпен, белсенділікпен, пәнділікпен, мақсаттылықпен, саналылықпен сипатталады.

Адам іс-әрекеттің субъектісі ретінде жоспарлайды, ұйымдастырады, бағыттайды, оған түзетулер жасайды. Сол мезгілдің өзінде іс-әрекеттің өзі адамды субъект, тұлға ретінде қалыптастырады. Субъект пен оның іс-әрекетінің байланысын осылайша түсіну, С.Л. Рубинштейн бойынша, сана мен іс-әрекеттің біртұтастығы қағидасын айқындайды. іс-әрекеттің субъектілігі (В.И. Слободчиковтың, В. Петровскийдің түсініктемесіндегі субъект феноменінің ортақ контекстінде) оның негізгі сипаттамасының бірі ретінде қарастырылады (С.Л. Рубинштейн, К.А. Абульханова, А.В. Брушлинский, А. Лекторский, В.В. Давыдов және т.б.). А.Г. Асмоловтың анықтамасы бойынша, «іс-әрекет дегеніміз субъектінің қоршаған ортамен қарқынды түрде, өзін-өзі айқындаушы өзара әрекеттесуінің иерархиялық жүйесі болып табылады, бұл процесс барысында психикалық бейне туып, оның объекте көрініс табуы, субъектінің өзін қоршаған заттық ортамен психикалық бейнелер арқылы көрініс тапқан қатынастарының жүзеге асырылуы және қайта жаңғыртылуы жүреді» [5].

Білім беру процесінде басқарудың, бағдарламалаудың басымдылығы ой-еңбегі әрекеттерін сатылап қалыптастырудың психологиялық теориясына негізделген. П.Я.Гальперин «психикалық процестің пайда болу құпиясын ашу» міндетін қойып, яғни, материалдық, заттық идеалды, психикалыққа қалай өзгертетінінің құпиясын ашу үшін, осы қайта өзгерудің тұтас схемасын әзірледі. Н.Ф. Талызинамен бірлесіп, бұл теория оқыту процесінде іс жүзінде жүзеге асырылды [6].

Студенттердің оқу іс-әрекетінің қалыптасуында П.Я.Гальпериннің ақыл-ойдың кезеңдік қалыптасу теориясында негізге алуға болады. П.Я.Гальпериннің көрсетуінше, оқу іс-әрекетінде ақпаратты материалды меңгеру, тікелей ақыл-ойдық операциялардың кезеңдік қалыптасуына негізделеді. Нақтырақ айтқанда, әуелі арнайы білімдер, сосын дағдылар және ептіліктердің қалыптасатындығын көрсеткен.

С.М. Джакуповтың теориясына сәйкес, адамның өмір іс-әрекетінің басым бөлігін қамтитын іс- әрекеті ретінде, адамның танымдық іс-әрекетін қарастырады. Танымдық іс-әрекет адам өмірінің әр кезеңінде әртүрлі сипатта көрініс береді. Дегенмен де танымдық іс-әрекеттің мазмұны көбінесе, оқу іс-әрекетінің барысында жан-жақты ашыла түсіп, біріккен диалогтық танымдық іс-әрекеттің әртүрлі формаларында айқын көрініс береді [7].

Әлеуметтік тәжірибені меңгерген жас маман тұлғасын қалыптастыру автоматты түрде жүзеге аспайды, барлық тәжірибелік әсерлер, ішкі ұстанымның, ішкі әлемнің өзгеруі жолымен жүреді.

Студенттік кезеңнің ерекшеліктерін ерекше әлеуметтік-психологиялық және жас ерекшелік категориялар ретінде қою еңбегі Б.Г. Ананьевтің психологиялық мектебінің. Б.Г. Ананьевтің өзінің, Н.В. Кузьминаның, Ю.Н. Кулюткинның, А.А. Реанның, Е.И. Степанованың зерттеулерінде, сондай-ақ П.А. Просецкий, Е.М. Никиреев, В.А. Слостенин, В.А. Якунин және т.б. еңбектерінде осы мәселе бойынша бақылаулардың үлкен эмпирикалық материалдары жинақталған, эксперименттер мен теоретикалық жалпылаудың нәтижелері келтіріледі. Осы көптеген зерттеулердің мәліметтері студентті әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық позициялы оқу іс- әрекетінің ерекше субъектісі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді [8].

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу — бұл жас адамның студенттік өмір нормасын меңгеру, оның топтың тұлғааралық қатынастар жүйесіне қосылуы, қоғамдағы рөлдік функцияларды игеру процесі. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесінде тұлға өмір мен іс-әрекеттің ішкі және сыртқы жағдайлары арасында үйлесімге қолжеткізуге ұмтылады. Оның жүзеге асуына қарай тұлға бейімделуі жоғарылайды. Толық бейімделу барысында адамның психикалық іс-әрекетінің орта шарттарына адекваттылығы жүзеге асады.

Әдебиеттерді талдау барысында психоәлеуметтік бейімделуді зерттеу мәселесіне жазылған жұмыстар аз емес, солардың ішінде В.Г. Чайка, В.А. Ядов, Г. Селье, А.Г. Маклаков және т.б. авторлар қарастырған. Студенттердің жоғары оқу орнындағы, жаңа оқу жағдайына бейімделу процестері олардың тікелей оқу мотивациясымен, тұлғалық ерекшеліктерімен

байланысты болады. Жоғарғы оқу орнында студенттің психоәлеуметтік аспектілер базасын зерттеу толық емес. Қазіргі таңда теориялық талдаудың нәтижесінде студенттер бейімделуінің әлі күнге дейін өзекті мәселе болғанымен, бұл құбылысты түсіндіретін бір ғана теориялық ұғым жоқтың қасы.

А.Г. Маклаковтың көрсетуінше, әлеуметтік-психологиялық бейімделуді келесідей көрсеткіштер арқылы бағалауға болады: жүйке-психикалық тұрақтылығы, қарым-қатынасындық, адамгершіліктік бағдары, топтық біртектілену [9].

В.Г. Чайка студенттердің жоғарғы оқу орнына бейімделуінің критерийлері ретінде келесілерді есептейді:

1. оқу іс-әрекетінші объективті нәтижелері;
2. студенттердің топтағы мәртебесі және қоғамдық белсенділігі;
3. ішкі тұлғалық потенциалды жүзеге асыру деңгейі;
4. эмоционалдық өрістің көрініс беруі.

Психологияда В.А. Ядов бейімделудің әлеуметтік-психологиялық теориясын, тұлғаның әлеуметтік жүріс-тұрысын диспозициялық реттеу теориясының негізінде түсіндірген. Бұл теорияға сәйкес, адамның қажеттіліктерінің және орта талаптарының арасындағы күрделі сәйкессіздік ретінде қарастырылады [10].

Студенттің жаңа оқу жағдайына бейімделіп, белсенді оқуына, әлеуметтік дамуына бірге оқитын тобы ерекше әсер етеді. Адамның оқуға деген ықыласына, ғылымға, қоғамдық мәселелерге қызығушылығының дамуына ұжымда қалыптасқан атмосфера, оның рухани байлығы, топтағы қарым-қатынастың қағидалары да ықпал жасайды.

Тұлғаның әлеуметтік жаңа орта мен оның жағдайларына бейімделуі оның өзіндік функциялар және психикалық механизмдерінің арқасында жүзеге асырылады. Т.Шибутани: «Әрбір жеке адамның бойында қиыншылықтарды жеңуге мүмкіндік беретін тәсілдер жиынтығымен сипатталады, бұл тәсілдерді бейімделу формалары ретінде қарастыруға болады», — деп жазады [11].

Студенттердің жоғарғы оқу орнындағы жаңа оқу жағдайына бейімделуінің ерекшеліктерін анықтауға байланысты зерттеу жұмысының барысында Ч.Д. Спилбергер мен Ю.Л. Ханиннің үрейленуді анықтауға арналған сұрақнамасы жүргізілді. Бұл әдістеменің мақсаты адамның бойындағы тұлғалық және жағдайлық үрейленулерді анықтауға негізделеді. Бұл әдістеме біздің зерттеуімізге студенттердің жоғары оқу орнындағы жаңа орта жағдайына бейімделу процесінде туындайтын сезімді, яғни, үрейленуді анықтау мақсатында қолданылды. Зерттеу жұмысына барлығы қазақ бөлімінің I-курсының студенттерінен 40 адам қатысты.

Адамның бейімделуі қоршаған ортаның жағдайларына, биологиялық тірі ағза ретінде, түрлі реакциялар арқылы көрініс береді. Себебі бұл процестің барысында туындайтын реакциялар, адамның өмір сүруінің динамикасын білдіреді. Осыған орай, бейімделудің барысында, адамның бойында пайда болатын сезімдердің бірі, бұл үрейлену сезімі. Адамның бойында үрей сезімі қандай да бір қауіпті сезіну, оның себебі мен туындау уақытын нақты іштей анықтай алмаушылықтың болуы арқылы көрініс береді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте / Л.И. Божович. — М.: Просвещение, 1988. — 464 с.
2. Антропов В.А. Интеграция академической науки, высшей школы и производства как фактор совершенствования качества подготовки специалистов: сб. науч. ст. / В.А. Антропов, С.Ю. Юрпалов, О.Е. Петренко. — Омск: ОмГУПС, 2000. — С. 333.
3. Тодер Г.Б. Проблема психологической адаптации студентов-первокурсников к учебному процессу в вузе: сб. науч. ст. / Г.Б. Тодер. — Омск: ОмГУПС, 2000. — С. 608.
4. Эльконин Д. Б. Избранные психологические труды / Д. Б. Эльконин. — М.: Педагогика, 1989. — 215 с.

5. Асмолов А.Г. Психология личности / А.Г. Асмолов. — М., 1990. — 302 с.
6. Гальперин П.Я. Актуальные проблемы возрастной психологии / П.Я. Гальперин, А.В. Запорожец, С.Н. Карпова. — М.: Изд-во Моск. ун-та, 1978. — 414 с.
7. Джакупов С. М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения / С. М. Джакупов. — Алматы, 2002. — 98 с.
8. Хрестоматия по возрастной и педагогической психологии / под ред. И.И. Ильясова, В.Я. Ляудис. — М., 1986. — 256 с.
9. Маклаков А.Г. Личностный адаптационный потенциал: его мобилизация и прогнозирование в экстремальных условиях / А. Г. Маклаков // Психологический журнал. — 2001. — Т. 22. — № 1. — С. 16–24.
10. Селье Г. Очерки об адаптационном синдроме / Г. Селье. — М.: Медгиз, 1960. — 254 с.
11. Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни / К.А. Абульханова-Славская. — М.: Мысль, 1991. — 198 с.

Жауен А.Б.<sup>1</sup>, Нысанбаева А.С.<sup>2</sup>

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

ЖОО оқыту кезеңі – бұл студентке білімнің, іскерлік және дағды жүйелерінің қалыптасу уақыты. Дәл осы уақытта тұлғалық қасиеттердің белсенді дамуы, даралықтың, ақыл-ойдың және адамгершілік қасиеттері жүзеге асады, адамның маман ретінде қалыптасуы жүреді. Студенттердің кәсіби әрекетті игеруі оқыту үдерісінде жүзеге асады. Оқу іс-әрекетінің толығырақ анықтамасын, Д. Б. Эльконин берген: «оқу іс-әрекеті алдымен сол оқушының өзіндегі өзгерістердің жүзеге асатын әрекеттік нәтижесі. Бұл іс-әрекеттің өзгеруі бойынша оның жемісі болып субъектінің өзінің орындау барысы болып табылады». Мұндай түсінікте оқу іс-әрекетінің пәні болып сол студенттің әлеуметтік тәжірибенің элементтерін игеру жолында құрылатын тәжірибесі анықталынады, ал жемісі – студенттің өзі және оның дамуы. Жоғары оқу орындарындағы оқу барысында студент бойында болашақ маман ретінде тұлғалық қалыптасуы бірнеше бағыттар бойынша дамиды [1]:

- Рухани-идеялық сенімін және моральдық беталысы, кәсіби бағыттылығы бағыттылығы қалыптасып өркендейді, мамандыққа қажетті қабілеттілігі жетіледі;
- өзіндік даму мүмкіндігі пайда болады, психикалық таным үдерістерінің жүйесі нығаяды, кәсіпке сай эмоциялық қалыптар жетіледі, жалпы кәсіби тәжірибенің алғышарттары қалыптасады;
- кәсіби жауапкершіліктің бастамалары пайда болады, әрекеттің нәтижелігіне сай жауапкершілік туындайды, студенттің индивидуалдылық жүйесі тұлға өрісінде белгіленеді;
- студенттің болашақ мамандыққа сай талаптану деңгейі тұлғалық сипат ретінде өсе бастайды;
- әлеуметтік-мәдени және кәсіби мамандық тәжірибені өсіру мен қажетті сапаны қалыптастыру негізінде студенттің тұлғалық жақтары мен оның тұрақтылығы өркендейді;
- студенттің болашақ маман ретінде қажетті қасиеттер мен кәсіби тәжірибенің қалыптасуында өзіндік тәрбиелеудің рөлі артады;
- болашақ практикалық еңбекке сай кәсіби дербестілігі мен арнайы дайындығы нығаяды [2].

Жоғары мектептегі оқу үдерісі – мақсат мотивтерден ақпаратты қабылдаудан басталып, күрделі шығармашылық үдерістерді іске асырумен аяқталатыны мәлім. Таным үдерістері әртүрлі эмоциялық көріністерді және т.б. сипаттарды саналы түрде жүзеге асыратын ақыл-ой әрекеті болып табылады. Студенттердің оқу іс-әрекеті – белгілі білім көлемін меңгерумен ғана шектелмей, олар оқу үдерісінде өз бетімен еңбектеніп білім қорын дамытуға, сөйтіп еңбекке деген шығармашылық көзқарастарын қалыптастыруда да ықпал етеді.

Оқыту үдерінде бірлескен іс-әрекеттің студенттің тұлғалық белсенділігін дамытудағы маңызы

Оқытушының студенттермен қарым-қатынасы басқарушылықәсеретеді, оқу үдерісінің мүшелері, яғни оқытушы мен студент қатынасқа түсетін барлық оқу жағдаяттының жүйелі ұйымдастырылуының заңдылықтарымен жанамаланған, сондықтан оқу жағдаятының құрылымын оны құраушылардың өзара белгілі бір байланысы деп қарау қажет.

Психология пәнінің оқытушысына оқыту барысындағы басқарушылық әсерлер затын анықтап алу қажет және өз пәні немесе өзінің тұлғасы арқылы дәрісханаға тікелей «психологиялық әсер» ету мүмкіндігі алданышынан аулақ болу керек.

Қазіргі біздің қоғамымыздың дамуы мен өзгерістерінің барысында білім беретін жоғарғы оқу орындарында болашақ мамандарды дайындау, тәрбиелеуде, оларға білім беруді қайта құру жолында жаңа заманымыздың мұрат – мүддесіне орай психологиялық – педагогикалық ғылым алдында аса жауапты да маңызды міндеттер тұр. Мұндай міндеттерді шешу үшін, мектептердегі, жоғарғы оқу орындарындағы тәрбие жұмыстарының сапасын жақсарту мәселелерін түбегейлі зерттеуді қажет етеді. Осыған орай істің мәніне ықпал етуші факторларды жан – жақты ескерудің маңызы айрықша [3].

Жоғарғы оқу орындарында нағыз маманның қалыптасып, оның тұлғасының дамуындағы күрделі процесте оқытушының атқаратын рөлі ерекше. Бұл мәселені зерттеушілерге (А.А.Бодалев, З.Ф.Есарева, Н.Ф.Кузьмина) жоғарғы оқу орындарындағы оқытушылардың кәсіптік іс — әрекетінің көзі тәрбиелік қарым – қатынас болып табылады. Оқытушылардың студенттермен тәрбиелік қарым – қатынасы нәтижесі студенттің тұтас, жан – жақты әлеуметтік – белсенді тұлға ретінде қалыптасуы, жоғарғы оқу орнын жетістікпен аяқтау мақсатының орындалу дәрежесін анықтайды.

Сонымен студент тұлғасының қалыптасуында оқытушымен өзара дұрыс қарым – қатынас үлкен рөл атқарады. Бірақ кейде осы күрделі қарым – қатынаста қарама — қайшылықтар, кедергілер нәтижесіндегі конфликтілер, тұлғааралық түсініспеушіліктер жиі туындайды. Осы мәселені анықтау барысында арнайы жүргізілген психологиялық зерттеулер студенттер мен оқытушылар өзара қатынасында эмоционалды және тұлғааралық түсініспеушілік тұрғысында әрқилы кедергілердің болатындығын анықтады. әрине, мұндай мәселенің түпкі себептерін психологиялық жағынан тереңірек зерттеу тәлім – тәрбие ісіндегі маңызды мәселе болып саналады.

Жастық әлеуметтік қажеттілікпен ерекшеленеді. Бұл жас кезінде қарым – қатынаста үлкен белсенділік танытады. Студент кезеңінде тұлға санасыз түрде топ арасында достық қарым – қатынас басқа тұлғамен орнатуға тырысады. Он сегіз – жиырма үш жас аралығында тұлғалық жетілудің ең шыңы болып табылады.

Э.Эриксон бойынша бұл жас кезеңіндегі негізгі мақсат – сәйкестілікке жету. Сәйкестілік ол толығыменен өз принциптері мен приоритет. әр әрекеті мен түрлі қарым – қатынаста өзіне сенімді болатын, өзіне не қажетті екенін және соған жету үшін, қандай әрекет жасау керек екенін білетін – студент тұлғасы. Жастық шақ – үлкен махаббатпен, тығыз достық және отбасы құруға жар іздеу уақыты. Жастық шақ аралығы уақыты тұлғаның бағалы бағдары саналанған және әлеуметтік тәуелсіздікте болады.

Американ психологы Вайленттің зерттеуі бойынша, жас кезеңіндегі ерекшелігі, қарым – қатынаста ашықтық және ұйымдастыру қабілетінің болуы. В.И.Слободчикова мен Е.И.Исаев бойынша жастық кезеңді «өз өмірінің авторы» атап кетеді. Яғни, өз өмірінді ойластыру, өзінің қабілетіне байланысты шынайы өмірлік жоспар құру, жасыңның

үлкендігін саналы меңгеру, отбасы құру үшін жар таңдау, мұның барлығы қоғамдағы негізгі іс — әрекет. Студенттік жас бұл жастық жас кезеңің қамтиды. Бұл жаста мамандық және ғылыми мамандық негізгі жүргізуші іс — әрекет. Б.Г.Ананьев бойынша, осы жас кезеңі белсенді психика дамуы мен өзін оқыту маманы ретінде ерекше кезеңі.

Студенттік жас – қоғамның ішінде ерекше категория болып табылады, оларды біріктіретін ортақ белгі – жоғарғы білім институттары. Олардың жоғарғы интеллектуалдық деңгейі мен танымдық мотивацаясы мамандыққа бағыттылығы мен ерекшеленеді. Дүние жүзінде студент жастарының қоғам өміріне белсенді араласатыны, бұл жастардың тұлғалақ ерекшеліктерінің айқындылығында. Студент жастар қазіргі заман талабына сай болуына тырысуда. Үлкен мемлекет, университет деңгейіндегі іс – шараларға студенттер араласуда, бұл тұлғалақ ерекшеліктің бірден – бір қасиеті. Бұдан студенттердің ұйымдастыруға, басқаруға және сонымен қатар бағынуға қабілетінің бар екенін аңғаруға болады. Студенттің жоғарғы курста негізгі бағыты – мамндықты игеру, теориялық және практикалық қызығушылығы артады. Осы жас кезінде жастар қаншалықты ортада өз қабілеттерін қолдана алса, соншалықты өзіндік тұлғалық дамуы артады. Ал, бұл адамға интеллектуалды, моральды және рухани дамуына мүмкіндік береді. Студентке маңызды болып келетіні – оқу ордасы. Сонымен қатар сол оқу одасындағы құрдастарымен, ұстаздармен және басқа тұлғалармен достық, кішіпейілділік қарым – қатынас орната алудың маңызы өте зор [4].

И.Ф.Исаевтың айтуы бойынша «көптеген студенттерге жоғарғы белсенділікпен қоса, кейбіреулеріне инфантильдік, жауапкершіліктің жоқ болуы көрініс табады. Сонымен қатар кейбіреулерінде өзіндік бағалаудың жоғарылап кетуі, ал ол өз алдына тұлғаның жаңа ортаға енуіне, құрдастарымен және оқытушылармен тіл табысуына кері ықпалын тигізеді.

В.Д. Шадриков студент тұлғасының қалыптасуында екі ерекшелікті бөліп көрсетеді. Біріншісі, жылдамдық, өзгергіштік, өз көзқарастарының үнемі өзгеріп, жаңарып отыруы; екіншісі: ойлары мен мотивтерінің күресі қате және жаңа көзқарастардың туындауы [5].

Қорыта айтқанда еліміздің болашақ азаматы – қазіргі студент жастар. Яғни, егеменді елімізді дамытып, гүлдендіре түсетін санасы таза және дені сау ұрпақ. Сондықтан, көпшілік болып студенттердің тәрбиесіне кері әсерін тигізетін келеңсіз жағдайларға қарсы күресіп, рухани-адамгершілігін қалыптастыратын салауатты өмір салтын құруға көңіл бөлуіміз қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бодалев А.А. Вершина в развитии человека: характеристики и условия достижения. М.: Изд-во МГУ, 1998. – 127 с.
2. Кудрявцев Т.В. Психолого-педагогические проблемы высшей школы//Вопросы психологии. - 1981. - № 2. – С. 12-16.
3. Климов Е.А. Психолого-педагогические проблемы профессиональной консультации. - М.: Просвещение, 1983. – 154 с.
4. Маркова А.К. Психология профессионализма. - М.: Педагогика-Пресс, 1996. – 132 с.
5. Шадриков В.Д. Деятельность и способности. - М.: Изд-во МГУ, 1994. – 245 с.

Аубакирова А.А.<sup>1</sup>, Ольжин Р.Е.<sup>2</sup>.

## БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖӘНЕ ЖАҢА БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЫСАНДАРЫНЫҢ ТҮСІНІГІ, МӘНІ ЖӘНЕ ЖІКТЕЛУІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудегі мемлекеттік жалпы білім беру стандарты бастауыш сыныптардағы білім беру үрдісіне үлкен талаптар қоюда. Олардың ішінде аса маңыздысы болып, оқу дағдысын қалыптастыру және ұйымдастыра білуі болып табылады.

Білім беру үрдісінде бастауыш мектептің алатын орны ерекше. Өйткені кіші жастағы білім алушылар жаңа ғана мектеп табалдырығын аттап, білім алу жолдарына алғаш қадам жасай бастайды. Олар үшін барлығы жат болмақ, сондықтан да осы уақытта яғни бастауыш сынып оқушыларына ары қарай білім алуға деген құлшыныстарын оятып, арттыру мақсатында көмектесіп, тұрақты мотивация бағдарламасын әзірлеу өте маңызды.

Оқу үрдісі – тұлғаның тәрбиелену және даму міндеттері шешілетін, оқытудың үзіліссіз белгілі реттіліктермен жүзеге асырылатын білім беру тәртібі. Оқу үрдісі барысында оның субъектілері өзара тығыз байланыста болады, бұл тұрғыда, оқу үрдісінің субъектілері – мұғалым және оқушы. Білім беру мен білім алу үрдісі жүзеге асырылады.

Білім беру педагогикалық үрдістерді ұйымдастыру барысында білімнің әртүрлі формаларын жүзеге асыруды талап етеді. Осы негізде білім беруді ұйымдастырудың формалары дегеніміз не? Оның мәні қандай? деген сұрақтар туындауы мүмкін.

Заманауи әдістемеді әдеттен тыс жағдайлар қалыптасты.

В.К.

Дьяченко, И.М. Чередов сияқты зерттеушілердің өзі әдіснама саласында оқу жұмыстарын ұйымдастыру формасы дегеніміз не және оқыту әдістерінен несімен ерекшеленді деген сияқты сұрақтарға жауап беруге қиынсынатынын атап өткен.

Дәстүрлі әдіснамада форма не болмаса оқыту түрі өз мазмұнынан ерекшеленіп, көбінесе білімі беру сипаттарының сыртқы қатынастарына сәйкес анықталады. Белгілі бір оқулықтардың бірінде оқыту формалары білім алушылардың саны мен ұйымдастыру жұмыстарының әдістеріне байланысты ерекшеленетіні аталып өтілген.

Латынның «форма» сөзі сыртқы түр, сыртқы сипаттау деген мағынаны білдіреді. Сәйкесінше, оқыту формалары әдіснама категориясы ретінде білім алушылардың саны мен уақыты, білім бері орны мен реттіліктерімен байланысты оқу үрдісін ұйымдастырудың сыртқы жақтарын білдіретін әдіснаманың категориясы ретімен сипатталады.

И.М.Чередовтың пікірі бойынша оқу ұйымдарының формалары – бұл ерекше конструкциялық бөлім немесе оқу үрдісі буындарының кешені болып табылады.

Оқыту формасы білім алушы мен білім берушінің арасындағы өзара танымдық бағыттағы әдістемелік сипатты жүйені, мақсатты бағытталған, тәрбиелік мәні бар қарым-қатынасты білдіреді. Оқу формасы оқыту құралдары мен әдістері, мақсатты бағытталған ұйымдардың мазмұны ретінде жүзеге асырылады және меншікті білім беру, тәрбиелік мағынасы бар. Яғни ол балаларға нақты фактілерді меңгеруін қамтамасыз етеді, белгілі ақпараттарды біріктіру, қорытынды шығару, ой қорыту сынды іс-әрекеттерді де қарастырады. Оқытудың түрленген формалық жүйесі өз кезегінде жалпы бөлім, тақырып, теория, концепцияның мәнін ашуға мүмкіндік бере отырып, оқушылардың бойында тұлғалық сипаттар мен білім жүйелерінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Оқыту

формаларының әртүрлілігі мен жүйелік тәуелділігінің қажеттілігі өз кезегінде әртүрле жастағы балалар тобымен білім берудің мазмұны мен ерекшелігі, оқу материалдарының қабылдануымен негізделеді. Ғылымның мазмұны және білім алушылардың жас ерекшеліктері сәйкесінше нақты оқыту формаларын талап етеді, соның ішінде келесі мәліметтерді ескеріп кетуге болады: оқыту үрдісіндегі орны, уақытша ұзақтылығы, құрылымы және т.б. Оқыту үрдісіндегі түрлі компоненттердің бір-бірімен үйлесімділік табуы өз кезегінде оқу формаларының әртүрлерінің қалыптасуына негіз бола алады.

Форма – бұл ішкі құрылым, байланыс. Бұл тұрғыда біздер оқыту формалары туралы сөз қозғаған сәтте, оқу сабақтарының құрылымы, білім алушы мен білім берушінің білім беру үрдісін ұйымдастыру мәні туралы тоқталатынымыз анық. Қоғамның дамуы оқып-тоқыған, көзі ашық адамдарға деген сұраныстың артуымен сипатталады. Бұл жүйеге деген қажеттілігі оқу үрдісіндегі сынып жетекшілік-сабақ жүйесінің туындауына мүмкіндік береді. Бұл жерде сынып жетекшісі белгілі бір сыныптағы, белгілі бір жас категориясындағы білім алушылар тобының ортасында білім беретін, олардың қосымша сұрақтарын шешумен айналысатын тұлға, ұстаз. Ал сабақ – белгілі бір уақыт аралығында өткізілетін оқу үрдісі болып табылады. Әрбір сабақтан кейін үзілістер беріліп отырады.

Бастауыш мектептерде оқуды ұйымдастыру формаларын таңдау әртүрлі болуы керек. Көбінесе фронтальді жұмыстар қолданылады. Мұндай сипаттағы жұмыстарды ұйымдастыру барысында сыныптағы білім алушылардың саны 26-30 жетеді және әрбір оқушыға өз ойларын жеке білдіру мүмкіншіліктері қарастырылмаған, ал мұғалім берілген материалдардың әрбір оқушының қандай деңгейде меңгергенін бақылай алмайды, әр оқушының оқу үрдісіндегі проблемаларын анықтап оларды түзету мүмкіншілігі де қарастырылмаған. Бұл көбінесе оқу мақсаттарын құрастыруда және рефлексия өткізуде көбіне өзекті болып табылмақ. Фронтальді жұмыстар тапсырмалардың шешімін бірігіп табу, күрделі сұрақтарға жауаптарды іздеу алгоритмін көрсету үрдістеріне мүмкіндік береді. Яғни фронтальді жұмыстар топпен бірігіп жұмыс жасауға бағытталған.

Американдық психолог Д.Гудлэдтің жүргізген зерттеуі, дәстүрлі мектептердегі сабақта орташа белсенділікті иеленетін оқушы күніне тақырып бойынша тек 7 минут ғана сөйлестінін анықтаған. Бұл әрине әрбір мектеп оқушысының белсенді білім беру позициясын қалыптастыру үшін жеткіліксіз. Бұл тұрғыда жұп болып жасаған жұмыстар нәтижесінде жақсы көрсеткішке жетуге болады. Мұндай әдіс әрбір оқушы тұрғысынан білім алу үрдісінің белсенді жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Көбінесе жұп болып жұмыс жасау әдістері бір партада отырған оқушылар арасында жиі жүзеге асырылады. Сондықтан да балаларды орындарға отырғызу барысында олардың дайындық деңгейлеріне үлкен назар аудару қажет, яғни олар бір-біріне тиімді әсер етулері тиіс.

Білім беру саласында серіктес болу, бірігіп жұмыс жасау мәселесі негізгі сұрақтардың бірі болып табылады. Бұл мәселе аясында Г.А. Цукерман, Бочавер А.Л., Павленко К.П., Поливанова К.Н. көп еңбек етіп, өздерінің қорытындыларын шығарған:

1.Егер мұғалім бір ғана баламен жұмыс жасамай, толығымен балалар тобымен жұмыс жасайтын болса көптеген оқу міндеттері мен тәртіптері шешіледі;

2.Балаға толық білім алып, дамуы үшін үлкендердің көмегі мен байланысы емес сонымен қатар өзімен қатарлас балалармен қарым-қатынас орнатуы маңызды;

3.Педагогтердің ең негізгі міндеттерінің бірі – мектептегі барлық балалармен өзара байланыс орнатуды ұйымдастыру. Бұл өз кезегінде балалардың бір-біріне ашылып, ақпараттар базаларының кеңеюіне, коммуникабельді дамуына мүмкіндік береді.

Ұзақ уақыт бойы педагогикалық әдебиеттерде барлық ұйымдастырушылық формалардың бөлінуі жалпыға ортақ дәстүрлі үрдіс болды:

1. Жалпы сынып немесе фронтальді оқу сабақтары;
2. Топтық (бригадалық немесе буындық);
3. Жеке.

Оқу сабақтарының бұлай бөлініп берілуі бүгінгі таңда да үлкен сұранысқа ие үрдіс.



Бірінші жағдайда мұғалім сыныптың барлық оқушыларымен бір уақытта жұмыс істейді, екіншісінде – сыныпта бірнеше оқушы тобы жұмыс істейді, ал әрбір шағын топты оқушылардың біреуі оқытады, үшіншісінде-әр оқушы жұмысты жеке-жеке ешкімнің көмегінсіз орындайды. Жіктеудің мұндай түрлері толық емес болып есептеледі. Біріншіден, жұптық және ұжымдық оқу сабақтары жоқ. Екіншіден, жіктеуде бөлім мүшелері бір-бірін жоққа шығармайды, яғни қателіктерін түземейді, сондықтан фронтальды сабақтар топтық жұмыстың ерекше жағдайы болып табылады. Егер сыныпта барлық оқушылар бірдей жұмыс жасаса, онда мұндай сабақтарды фронтальды деп санау дұрыс болады, бірақ іс жүзінде бұл сабақтардағы әр оқушы жеке, бір-бірінен бөлек, тіпті мұғалімнің көмегінсіз жұмыс істейді. Бақылау жұмысы жүргізілетін сабақтар туралы да айтып кетуге болады. Егер сабақта карточкалар бойынша өзіндік жұмыс болса-кейбір оқушылардың тапсырмалары бірдей, ал басқалары әртүрлі болса? Сыныпта топтық жұмыс жасалады, іс жүзінде барлық оқушылар жеке жұмыс істейді (оқушылар бір-бірінен оқшауланған). Егер оқушылар топтарда жұмыс істесе, бірақ барлық топтарда бірдей тапсырмалар болса? Бұл фронтальды жұмыс емес, топтық жұмыс. Демек, оқыту формаларының мұндай бөлінуі дұрыс емес, толық емес. Көп жағдайда олар В.К. Дьяченконың жіктелуін ұстануға тырысады және ол өз кезегінде кемшіліктерді жоюға көмектеседі.

И.И.Прокопьев дидактикада оқыту формаларын негізгі және негізгі емес яғни қосымшаға бөлінудің бекітілгенін айқындайды. Сабақ оқудың негізгі формасы болып қала береді, өйткені ол бүкіл оқу жылдарында басым уақытты алады. Бірақ сабақтан басқа оқу үрдісінде басқа да формалар қолданылады: оқу экскурсиясы, мектеп дәрісі, семинар сабағы, кеңес беру, оқу конференциясы, зертханалық сабақтар мен практикумдар, іскерлік ойын, нұсқама, сынақ, емтихан, үйдегі оқу жұмысы, еңбекке баулу және сыныптан тыс жұмыс түрлері.

Сонымен, оқыту формасы оның мазмұнына байланысты. Ол осы немесе оқыту формасының мазмұнын жақсы немесе керісінше түрде ашуы мүмкін. Осылайша, оқушы шағын топтарда сабақтарды ұйымдастыруда шет тіліндегі сөйлеуді сәтті меңгереді; музыкалық аспаптарда (аккордеон, фортепиано және т.б.) ойнауды ол топқа қарағанда жеке оқытуда жақсы және тез үйренеді. Бақылау диктантын жеке өзі ғана емес, жалпы сыныппен жазу «көңілді» болып есептеледі.

Оқыту формалары нақты жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Атап айтқанда, бұл қазіргі уақытта мұғалім айналысатын оқушылардың құрамы не болмаса санына байланысты. Сонымен қатар олар оқу жұмысының фронтальды, топтық, жұптық, жеке формасына да қатысты. Әрі қарай, уақыт яғни сабақтың ұзақтылығы, сынып және сыныптан тыс формалар. Сабақ өтетін жерде мектеп формалары (сыныптағы сабақ, зертханада, мектеп жанындағы учаскеде, спорт алаңында, шеберханаларда) және мектептен тыс (экскурсия, үй сабақтары, оқу-өндірістік комбинат) іс-шаралар болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Тиімді оқыту мен оқу» ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. «НЗМ» ДББҰ. ПШО. 2016-133 б
2. Тренерге арналған үлестірмелі материалдар. «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Астана. 2017-85 б
3. В.К. Дьяченко. Общие формы организации процесса обучения /Монография – М: Педагогика, 1989 – 160 б.
4. Чередов, Иван Михеевич. Формы учебной работы в средней школе : Кн. для учителя / И. М. Чередов. - М. : Просвещение, 1988. - 157,[2] с.; 21 см.; ISBN 5-09-000245-2 : 25 к.
5. Формативті бағалау бойынша дәлелдемелерді жүйелі ұсынуына арналған әдістемелік ұсыныстар. НЗМ «ПӨО». Астана. 2015

## ҚАЗІРГІ КЕЗЕНДЕ САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қоғамда болып жатқан елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру саласына да өз ықпалын тигізуде. Сондықтан қазіргі кезеңде білім беру шартында өмір талабына сай мектеп оқушыларына сапалы білім беру, өнегелі де өнерлі ұрпақ тәрбиелеу, жетілдірілген оқыту технологияларын меңгеру, сабақты ғылыми негізде ұйымдастыру – өзекті мәселелердің бірі. Көтеріліп отырған өзекті мәселені қазіргі сабақтарға қойылатын талаптарды күшейту, талдау жасай отырып оларды орынды пайдалана білу арқылы жүзеге асыру. Ол үшін мектептерде оқушыларды нақты біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландыратын мақсатты, нәтижелі оқу жүйесі құрылуы керек. Кез келген мектеп оқушылары меңгеруге тиісті білім мен іскерлік шеңбері анық та дұрыс сызылып алынғаны жөн, ал негізгі алынатын білім анықталғаннан кейін, күтілетін нәтижелер сабақтың жүргізілу шеберлігі мен мұғалімге байланысты. Себебі сабақ – оқыту жүйесінің негізгі құрам бөлігі, мұғалім мен оқушылардың білімі және іскерлігі белгілі бір деңгейде тек сабақта ғана байқалады. Сабақта алынатын барлық бақылау мен өздік жұмыстарда білімі орташа оқушыларға қиыны, мықтыларға қызығушылығын жоғалтып алмайтындай түрлі деңгейдегі тапсырмалардың берілуін ойластыру ұсынылады. Ал қосымша сабақтарда оқушылардың өздерін қызықтыратын немесе жоғары оқу орындарына түсуге ниеттеніп дайындалатын пәндер бойынша шығармашылық күшті талап ететін күрделі, жүйелі тапсырмалар түрі берілуі керек. Оқушының дайындық сапасы оқу пәндеріне, яғни оның мазмұны мен әдістемелік шеберлігіне, сабақта білім алуға жасалынған жағдайларға, яғни қазіргі сабақтарға қойылатын талаптарға тығыз байланысты.

Бүгінгі таңда сабақтарды жүргізу, өткізу барысы заман талабына сай үнемі өзгеріс үстінде. Ең алдымен осы уақытқа дейінгі сабақтар қандай болды деген сияқты сұрақтарды қарастырып өтсем деймін.

XX ғасырдың 80 жылдары «заманауи сабақ» мәселесі қарастырылған болатын. Бұл дегеніміз, осы уақыттардың өзінде заманауи сабақтар қалай өтуі керек, несімен ерекшеленуі керек деген сияқты сұрақтарға жауаптар іздестірілген болатын. Дегенмен де заманауи сабақтар қатарының өзіндік тарихи маңызы бар. Оның нақты күнтізбелік бағыттар бойынша бағдарлап көруге болады.

1986 жылы «Советская педагогика» кеңес журналында заманауи сабақ бойынша мәселе толығымен атлқылған болатын. Мұндай мәселе барысы талқыға салуы бұл реттегі білім беру үрдісіне деген қызығушылықтың бөлінуінің бір себебі деп ойлаймын. Ерте кездің өзінен бастап қатты назар болғанының негізгі дәлелі болып табылады.

Белгілі ғалым Т.А.Ильина ұйымдастырылған конференциялардың бірінде «заманауи немесе заманауи емес сабақ?» деген сұрақтар қозғалған болатын. Бұл сұраққа ғалым «Сабақ барысының заманауи не болмаса заманауи болмауының барлығы оның қалай ұйымдастырылғанымен тікелей байланысты» деп жауап берген.

Көпшілік заманауи сабақ ұғымын көбінесе тек сабақ барысында жаңа технологияларды қолдануымен байланыстырады. Яғни сабақ барысында компьютерді қолдану, интерактивті тақтаны қолданумен шектеледі. Бұл үрдіс еліміз жаңартылған оқу бағдарламасына көшкенге дейінгі үрдіс болатын. Сабақ барысында компьютерді қолданса сол сабақ заманауи сабақ деңгейімен теңестірілген болатын.

80 жылдардың соңы мен 90 жылдардың басында алдыңғы қатарлы ұстаздар заманауи сабақтың мәнін ашуға тырысты.

Бүгінгі таңда заманауи сабақтарға қандай талаптар қойылу керек, заманауи сабақтар қандай болуы керек деген сияқты сұрақтар көпшілікті мазалайды.

И.П.Подласый пікіріне сәйкес заманауи талаптарға сай сабақтар келесідей талаптарға сәйкес болуы керек деп, қажетті нақты талаптар қатарын белгілеген:

1.оқу –тәрбие үрдістерінің заңнамаларының негізінде сабақтарды құру, педагогикалық тәжірибенің ғылымдағы жаңаша бағыттағы тәсілдерді қолдану. Бұл өз кезегінде тиімді білім беру үрдісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2.сабақ барысын ұйымдастыру барысында әдіснамалық қағидалар мен ережелерді жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады.

3.оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділігі мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың нәтижелі танымдық іс-әрекеті үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз ету.

4.білім алушылармен пәнаралық байланысты орнату маңызы.

5. бұрын зерттелген білім мен дағдылармен байланыс орната отырып, оқушылардың қол жеткізген даму деңгейіне сүйену.

6.тұлғаның жеке дамуындағы белсенділік пен мотивация болып табылады.

7.оқу тәрбие саласының барлық кезеңдерінің логикалық байланысы мен үйлесімділігі. Яғни сабақ барысында барлық үрдіс бір бірімен тығыз байланысты болуы өте маңызды.

8.педагогикалық құралдарды қолдану тиімділігі.

9.білім алушылардың жеке тәжірибесі, педагогикалық қызметтерімен байланысы болып табылады.

10.білім алушыларды тәжірибелік білімдерге бағдар беріп тәрбиелеу. Мұнда білім алушылардың білімі, біліктілігі көмектеседі.

11.оқу қабілетін қалыптастыру, білім көлемін үнемі толықтыру қажеттілігі.

12.әр сабақты мұқият диагностикалау, болжау, жобалау және жоспарлау.

Ғұламаның жоғарыда берілген барлық пікірлерімен толығымен келісуге болады. Өйткені сабақты жоспарлау барысында барлық негізгі ережелерді, нақтылықты, жаңашылдықты қолдану болып табылады.

И.П.Прокопьев жоғарыда берілген мәселе бойынша қызықты көзқарас қалыптастырған. Оның пайымдауынша, егер біз «мақсат-нәтиже» қатынасын негізге алсақ, онда ХХІ ғасырдың басындағы қазіргі сабақтың белгілерін бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады:

1.Сабақта оқыту әдістемесі мен технологиясын сипаттайтын өзара байланыстағы үш мәселе шешіледі: оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту. Оқу сабақтары барлық сыныппен оңтайлы үйлесімде, топтарда, жұптық, фронтальды және жеке ұйымдастырылады. Оқу уақыты үнемді жұмсалады. Сынып жұмысы мұғаліммен және оқушылардың өзіндік жұмысымен оңтайлы түрде ауысады. Оқу процесінде оқушылардың белсенділігіне қол жеткізіледі. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен эмоцияларына арналған әдістер қолданылады. Олар оқу іс-әрекетінің әлеуметтік маңызды мотивтерін қалыптастырады. Оқу жұмысындағы мақсаттардың диагностикасы, болжамдылығы және кепілдігі қамтамасыз етіледі.

2.Мұғалім мен оқушының сабақта өзара әрекеттесуі, байланыс ортануын қарастырады. Жетекші рөлімен мұғалім білім алушылармен қарым-қатынасты гуманистік негізде және толық түсіністік пен сеніммен қалыптастырады. Оқытушының оқу процесін басқаруы оқу қызметінің объектісі өзі субъект болған кезде оқушылармен іскерлік ынтымақтастыққа ұласады. Мұғалім мен оқушылар, оқушылар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті жоғары болуын да қарастырады. Сабақта қауырт іскерлік жағдай орнатылған.

Жалпы жоғарыда берілген реттілікпен келісуге болады. Дегенмен де бұл талаптар дәстүрлі оқыту түрлеріне қойылған талаптар ретінде қарастыруға болады.

Барлығына белгілі оқытудың негізгі формасы – сабақ. Білім беру үрдісінің негізгі бастамасы да осы сабақ және оның барысы болып табылады. Өйткені сабақты ұйымдастыру барысы бұл үлкен негізгі үрдіс болып табылады.

Сабақты ұйымдастыру формасы – оқу процесінің міндетін іске асырудағы оқытушы мен оқушылардың іс-әрекеттерінің сыртқы көрнісі болып табылады. Ұйымдастыру формасында оқытудың мақсаты, мазмұны мен әдістері бірыңғай жүзеге асады. Өйткені оқытуды жүзеге асыру барысында сол сабақтың барысы үлкен маңыздылыққа ие. Соның ішінде сабақтың мазмұны, мақсаты мен міндеттерін ең алдымен анықтап алу өте маңызды. Сабақта оқушыларға білім берумен қатар, олардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен ақыл-ой қабілеттерін дамыту мақсаттары көзделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Кусаинов Г.М. Педагогическая технология современной школы (Заманауи мектептегі педагогикалық технология). – Астана: РНПЦ «Учебник», 2012. – 355 б.

2..Ермекбаев М. Бастауыш мектеп оқушыларының қазақша сөздік қорын молайту әдістемесі: пед.ғыл.канд. ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2003.

3. Ж.Аяпова "Білім беру технологиясының жетілдірудің психологиялық және педагогикалық сипаттары". Бастауыш мектеп, 5-2003 ж.

4. Д.Малдыбаева. "Оқу мен жазу арқылы ойлауды дамыту". Бастауыш мектеп журналы, 12-2002ж.

**Иманова А.Н., Омарова Ж.Д.**

## **АКТ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Жаһандық ғаламданудың кеңеюі, ақпараттық технологиялардың өріс алуына, білім беру нәтижесіне, қоғам өмірінің ақпараттануы және компьютерлік техника құралдарының кеңінен таралуы білім берудің мазмұнына ғана үлкен әсерін тигізіп қоймайды, ол оқу-тәрбие үрдісінің нысандары мен әдістеріне де ықпал етеді. Мұндай оқыту әдістері мен нысандары «білім берудегі АКТ» (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) деген атау алды.

Қазіргі ғасыр-жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамыту ғасыры. Білім берудің қазіргі кездегі негізгі мақсаты: білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, олардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану. Олай болса, мұғалімдердің алдында тұрған бірден-бір мақсат-оқушылар алған білімдерін пайдаға асырып, өздігінен әрекет ете алатын, оларды түрлі өмірлік жағдайда қолдана білетін, жалпы адамзаттың және ұлттық құндылықтарды қатар меңгерген, өзіндік көзқарасы бар Отанын шын сүйетін азамат болып жетілуіне көмектесу.

Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымы, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет [1].

Білім негізі – бастауышта демекші, қазіргі кезде бастауыш мектептің оқу – үрдісіне, тәрбиесіне қойылатын талаптар даму үстінде сонымен қатар мұғалімдердің дайындығына,

кәсіптік шеберлігіне қойылатын талаптар да өзгеруде. Осыған байланысты мұғалім оқу-тәрбие үрдісін интерактивті технологияға негіздеп ұйымдастырған жөн.

Базалық білім мазмұнының дәстүрлі әдістеме бойынша оқытылуы қазір біртіндеп жаңа технологияларға ауыстырылуда. Сондықтан, оқытудың ақпараттық технологиясы мектеп оқушыларының оқу ақпараттарын меңгеру қабілеттерін күшейтуге әсер етеді. Ақпаратты қабылдаушымен оны өңдеу, сақтау блоктары мен ақпарат ағынының өзі арнайы бір жүйені құрайды.

Оқушының ақпараттық сауаттылығы компьютердің қолданылу сферасын білуден басталады. Олар компьютерді іске қосып бағдарламалар кітапханасынан керегін алып пайдалана білуге, онымен мәтін жазуға, талдауға, сурет салуда пайдалануға үйренеді.

Бұл әр оқушының дербес компьютердің және мұғалімнің көмегімен өзара түсінісу ортасында жаңа білімдерді алуына, танымдық іс-әрекетін айтарлықтай септігін тигізеді және оқушының танымын қалыптастыруда бірігіп жұмыс жасаудың жоғары түрлеріне көтереді.

Интерактивті тақтамен оқытудың әдеттегі оқыту әдісінен айырмашылығы көп емес. Ең алдымен, кез келген сабақтың белгілі бір мақсатқа және нәтижеге жететін нақты жоспары, құрылымы болуы керек. Мұның бәрі де оқушыға материалды жақсы меңгерулеріне көмектеседі және өз білетіндерімен сәйкестендіруге септігін тигізеді. Қалыпты мектеп сабағын, қазіргі педагогикалық және оқытудың ақпараттық технологияларын ескере отырып, өткізгендегі ақпараттық технологияның міндеттері:

1. Сабақта модельді жасау және көрсету, презентациялау.

Қажетті бағдарламаны қамтамасыз етіп, тақтаға үйлестіріп қолдану жаңа идеяларды түсінуді анағұрлым жақсартады. Оқытудың компьютерлік технологиялары педагогтар мен оқушылардың шығармашылық қасиеттерін дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді.

2. Оқушыларды сабаққа белсенді түрде қатыстыру.

Әр сабаққа қатыстырып, қызықтыру интерактивті тақта қолдану есебінен ұлғаяды.

3. Сабақтың қарқыны мен барысын жақсарту.

Интерактивті тақтаны қолдану әр сабақтың жоспарын, қарқыны мен барысын жақсартады. Интерактивті тақта-сыныптағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл мұғалімдерге сабақта жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін \визуалды\ ресурс.

Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы таныстыруға мүмкіндігі зор. Оқытушылар мен оқушылар материалды барынша жетік түсініп оқи алады.

Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады.

Оқытушылар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада оқушылармен жаңа материалды бірігіп талдауға мүмкіндік зор. Сондай-ақ оқытушылар үшін абстракты ойлар мен концепцияларды түсіндіруде құнды құрал болып табылатыны анық.

Тақтада оп-оңай ақпаратты өзгертуге болады немесе жаңа объектілерді жасауға, жылжытуға да тиімді. Оқытушылар өз қимылдарын түсіндіре отырып ойларын ауызша жеткізуге болады. Осылайша бірте-бірте оқушыларды қатыстыру арқылы идеяларды тақтаға жаздыруға ұласады [2].

Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де интерактивті тақта сабақты қызықты ететіні анықталды. Тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқытушылар оқушылардың білімдерін де тексере алады. Кейбір идеяларды түсіну үшін қойылған дұрыс сұрақтар дискуссияны өрбітіп, оқушылардың материалды жақсы түсінулеріне мүмкіндік туғызады.

Талдау жүргізуді басқара отырып, оқытушы оқушылардың шағын топтарда жұмыс жасауларына жол сілтейді. Интерактивті тақта сыныптағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.

Интерактивті тақтада жұмыс жасау материалды қарапайым, бірақ шығармашылық түспен қолдануды қарастырады. Файлдар мен беттерді алдын ала дайындап, қолданылатын басқа ресурстарға бекітуге болады. Құрылымы сол бұрынғы-интерактивті тақтаны қолдану, қолданбауы маңызды емес. Соңғы уақытта біз білімді ақпараттандыру туралы жиі естиміз. Мұның астарында компьютеризациялау-бұл әдетте техникалық пәндерді оқытатын компьютерлік оқу бөлмелерін құру десек болады. Бірақ «ақпараттандыру» термині анағұрлым кең түсінілуі қажет. Интернетке шығатын информатика оқу бөлмесіне қарағанда, ақпараттандыру нәтижесі айтарлықтай үлкен мүмкіндіктер туғызуы мүмкін. Білім берудің озық технологияларын меңгеру қазіргі заманның басты талабы. Шығармашылықпен жұмыс істеу, үздіксіз іздену арқылы мұғалім өз шеберлігін арттырып отыруы қажет.

Мұғалімнің шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені меңгеру, игеру. Сапалы, тиімді, нәтижелі жүргізілген әрбір сабақ – ұстаздың еңбегінің айғағы. Оқытудың негізгі формасы, оқыту, білім беру үрдісінің негізгі мақсаты – оқушыда білім, дағды, іскерлікті қалыптастыру. Кез келген теориялық білімнің практикасы да сабақта талқыланып, түсіндіріліп, пысықталып, балаға білім негіздері қалыптастырылады [3].

Шығармашылық адам санасының жасампаздығын және іс-әрекетінің биік белсенділігін көрсетеді. Адам қабілетінің дәрежесі, оның кәсіби іскерлік шеберлігі, жаңалық ашуы тұлғаның шығармашылық ойлауына қатысты анықталады. Ұстаздың шығармашылық жұмысы ең алдымен сабаққа даярлықтан басталады. Сабақтың өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілеттілігіне, яғни шеберлігіне байланысты. Сабақты жүргізудің ыңғайлы жүйесін жасау. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдері жаңару процесін қызу қолдап, жаңалықтарды жылдам қабылдап, оларды тәжірибеде пайдалануда үлкен белсенділік танытуда. Білім – әрбір оқушының бағындыратын шыңы. Шың биігіне жету жолында қандай қиыншылықтар кездесе, оқу, білімді меңгеруде де сондай қиыншылықтар кездеседі. Оны жеңілдету – ұстаздардың міндеті. Осы мақсатта педагогикалық технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалануға тырысу қажет. Әрбір жеке тұлғалардың білімділігі, кеңінен ойлауы, талдай білуі тұрғысында тікелей жұмыстар жүргіземін.

Қазіргі кезде оқытудың басты мақсаты – өз бетінше дами алатын, жеке шығармашыл тұлғаларды қалыптастыру болғандықтан оқушыларға өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістері мен дағдыларын үйрету керек. Осы бағытта оқушылардың ғылыми жобалар жарысына қатысып шығармашылық жұмыспен айналысуына көп көңіл бөлеген дұрыс. Сондықтан жаңартылған технологиялардың элементтерін пайдалану – әр мұғалім үшін жауапкершілікті қажет ететін іс.

Сонымен қазіргі кезеңде Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Бұл бағыт оқу – тәрбие үрдісінің педагогикалық теориясы мен іс-тәжірибесін мәнді өзгерістермен халықаралық білім беру деңгейіне көтеруді көздейді.

АҚТ технологияны қолдану мұғалімге және оқушыға не береді? – деген сұрақ туындайды. Болашақта мұғалімдердің еңбектері өз сабақтарында АҚТ пайдалану арқылы жеңілдейді, өйткені сабақты өткізу ақпараттандыру арқылы жүргізіледі. Олар: интерактивті сабақтар, сабақ презентациясы және басқа түрлері.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. А. Иманбаева, Оқу – тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2010.
3. Ағылшын тілі мектепте. 2009 №5. 2010 №1. 3.

4. Загвязинский В.И. Теория обучения: современная интерпретация: Учеб.пособие для студ.высш.пед.учеб.заведений/ В.И.Загвязинский.- М.: Изд.центр "Академия", 2011.- 192 с.

5. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл.

**Сенкубаев С.Т, Онгарбаева Д.Б.**

## **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Жан-жақты тәрбие беру адам өмірінің балғын шағынан басталуы тиіс.Бұл ретте мектеп жасына дейінгі мекемелер және бастауыш сынып мұғалімдері жетекші роль атқарады.Мектепке дейінгі кезең –қоршаған дүниені белсенді түрде тани бастайтын уақыт.Бала біртіндеп бөлмедегі,үйдегі , балабақшадағы,көшедегі заттармен танысады.Анықтап көріп олардың қасиеттері мен сипаттарын таниды,тану,ойлау қабілеттері қалыптасады.Сондықтан олардың ойлау белсенділігін тудыратын ойыншықтарды,ойын түрлерін тәрбие беру процесінде кеңінен қолданамыз.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс [1].

Бала өмірінің алғашқы жылдарынан –ақ адамгершілік сезімдерін қалыптастыру үлкен орын алады.Үлкендермен қарым- қатынас жасау процесінде балалардың оларды жақсы көру сезімі оянады.Үлкендердің талап –тілектерін орындауға сол арқылы қуантуға ,жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға ұмтылады.үлкендердің ризалығы баланы ізгілікке талпындырады.Мектепке дейін балар жан дүниесінде біртіндеп қайырымдылық,жанашырлық,қуанышқа ортақтасу сезімдері қалыптасады. Балаға берілетін тапсырмалар да нақты болуы керек.Мысалы,достарына , ұстазына сәлем беру,досына көмектесу,көрсеткен көмек үшін рахмет айту,үлкенге жол беру т.с.с әдеттерге жалықпай үйрету қажет .Тек сонда ғана баланың мәдени мінез құлық нормалары мен ережелеріне сәйкес келетін адамгершілік қасиеттер қалыптасады.Бұл адамгершілік тәрбиенің бірінші баспалдақтары.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді:

ізгілік бастамасымен тәрбиелеу;

балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас/ тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау;

кеңпейілдік;

қайырымдылық;

жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б./

Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды [2].

Мектепке бару бала өміріндегі маңызды оқиға, Мектепте оқу баладан дайындықты талап ететін қиын еңбек. Өз мінез-құлқын ба қару, оны негізгі мектеп ережелерге бағындыру, өзін қоршағандардың ойымен келісу, кездескен қиындықтарды жеңу-міне, бұл мектептің болашақ бірінші сынып оқушысына қойылатын талаптың кейбіреуі. Осы талаптарды орындау үшін ол ұйымшылдық, өз бетімен жұмыс істей алу, табандылық, тәртіптілік сияқты адамгершілік-еріктік қасиеттерінің кемдеуі қажет. Осы орайда ата-аналарға мынадай бақылау жүргізу ұсынылады.

1. Ұйымдасқандық:

Өзіне –өзі немесе үлкендер қойған мақсатқа жете білуі, оған өз іс әрекетінде бағынуы;

Үлкендер ақылын басшылыққа ала отырып, өзін –өзі ұстай білуі, өз істерін бақылауы;

Өз жолдастарын және жолдастарының жұмысын әділетті бағалай алуы, жетіспеушілікті таба білуі;

2. Жауапкершілік:

Жеке өз басы үшін ғана емес, өзгелер үшін де маңызы бар іс-әрекеттерді міндетті түрде орындаудың қажеттілігі мен мәнін түсіне білуі, тапсырылған іске жауап беруге дайындығы;

3. Өз бетімен жұмыс жасау:

Өзіне пайдалы істер таба алуы, ойын ойнау, еңбек ету, бір нәрсені орындау туралы тапсырманы қуана құптауы, жұмыс істеу үшін жағдай туғызу;

4. Тәртіптілік:

Үлкендердің талаптарын, тапсырмаларын және міндеттерін орындау, тәртіп талаптарына қайшы келетін қадам жасамауда өзін-өзі ұстауы;

5. Табандылық:

Алға қойған мақсатқа жету үшін, ұзақ уақыт бойы күш –жігерін жұмсай алу, мақсатқа жету;

Мақсатқа жетер жолдағы қиындықтар мен кедергілерді жеңе білуі;

Бастаған істі аяқтау;

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады [3].

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы- мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың



өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс — тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Жас ұрпақты адамгершілік рухани қасиеттерге тәрбиелеуде халық ауыз әдебиетінің (ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақ, өтірік өлең, күнделікті қолданатын тыйым сөздердің) маңызы өте зор. Ұстаз осы құралдарды үнемі тәрбие үрдісінде пайдаланып отыруы қажет.

Мысалы, ғұлама ғалым, кемеңгер ақын- Ахмет Игүнекидің бірғана тіл өнері жайында жіне тіл мен сөздің зардабы жайында айтылған ойларын барлап көрейік: Әдеп басы – тіл. Тілдің көркі-әділ сөз. Жалған сөз - ауру, шаншудай, әділ сөз-шипа, жанға жай. Тілді тый-тісің сынбайды, тілін тыймағанның тісі сынады т.т.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С. Қабдиева Ұрпақ тәрбиесіндегі адамгершілік мәселелері. А, 2015.
2. Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мәселелері // Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. - 2014. - №4(36). - Б.160-163.
3. Қазақ мемлекетінің идеологиясында жастарға патриоттық тәрбие беру // Білім саласындағы инновациялық технологиялар. Қазіргі кездегі дамуы және келешегі: Республикалық ғылыми-методикалық конференция материалдары. - Қарағанды, 2005. - Б.226-229.

Сенкубаев С.Т., Оразова Г.К.

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ОҚУ-ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Ғылыми жетекші: п.ғ.к, профессор «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ. «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01101 - «Педагогика және психология» мамандығының магистранты А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Жаңа формацияда білім беру саласындағы барлық процесте, пән оқушылары мен топ тәлімгерлеріне кәсіби дайындықтарын өзгертіп, толықтыру онда білімдердің жекелік ерекшелігін ескеру, қабілетіне және тұлғалық бағыттылық ықпалына қарай жағдай туғызуды қажет етеді. Осындай психологиялық міндеттерді шешуде теориялық және практикалық негізде педагогикалық-психологиялық қызмет көрсету қажеттілігі туындады. Педагогика-психология мамандығы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім беру мекемелеріне педагог-психолог мамандығын енгізу туралы нұсқау хаты негізінде, еңбекақы қорынан жалақысы бекітілген, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасы үкіметінің бұйрықтары мен қаулыларына сүйеніп жұмыс атқарады. Қазақстанда тоғыз мыңнан аса мектепте үш миллиондай оқушы бар десек, ол саладағы педагог-психолог мамандар аса қажет екені өз-өзінен белгілі. Келешекте Қазақстанның әр ұлттық мектебінде педагог-психолог маманы болуға тиісті. Әзірге тоғыз мыңдай педагог-психологты қажет ететін, елімізде оның үштен біріндей ғана болатын маман бар. Кез – келген білім беру жүйесінде білім алушы адам үйренуші болып табылады. Осы түсінікте адамның өзі басқалардың көмегімен оқитыны атап көрсетіледі, яғни, ол білім беру процесінің белсенді субъектісі бола тұрып, барлық қарастырылған субъектілік сапалармен, қырлармен сипатталады.

Сонымен бірге барлық үйренушілер білім беру жүйесінің белгілі бір сатысында бастапқы, жалпы және тек оларға тән ерекшеліктермен, қырлармен сипатталады. Бұл, әр

білім беру сатысы, әдетте, адам өмірінің белгілі бір кезеңімен теңестірілуімен түсіндіріледі. Мысалы, дүние жүзінде бастауыш мектепте 10 жасқа дейінгі балалар оқиды ( алайда, экстремалды әлеуметтік ситуацияларда, мысалы, сауатсыздықты жоюда бұл сатыға үлкендерде кіреді ).

Жас ерекшелік кезендерге бөлу психологиядағы күрделі және бір жақты шешілмейтін проблемалардың бірі болып келеді (А. Валон, Ж.Пиаже, В.Штерн, П.П. Блонский, Л.С. Выготский және т.б.).

Яғни педагог-психологтардың басты міндеті оқушылардың жас ерекшелігіне қарай білім беріп қалыптастыру болып табылатын болса, оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты Л.С.Выготский бастауыш мектеп, кіші мектеп және жоғарғы мектеп оқушылары деп үш топқа бөліп қарастырды.

Бастауыш мектеп оқушысы – бұл адамның іс-әрекет берілген жағдайда оқу іс-әрекетінің субъекті ретіндегі қоғамдық болмысының бастауы. Осы сапада бастауыш мектеп оқушысы, ең алдымен, оған дайындығымен сипатталады. Бұл оқу мүмкіндігін қамтамасыз ететін физиологиялық және психикалық, ең алдымен интеллектуалдық даму деңгейімен анықталады. Мектепке оқуға дайындық мектепке, оқуға, танымға деген жаңаны ашуға қуану, жаңа дүниеге, үлкендер дүниесіне ену ретіндегі қатынасын білдіреді. Бұл жаңа міндеттерге: мектеп, мұғалімдер, сынып алдындағы жауапкершілікке дайындық. Жаңаны тосу оған қызығу бастауыш мектеп оқушысының мотивациясының негізінде жатыр.

Бұл дайындық бүкіл алдыңғы психикалық дамудың қорытындысы ретінде, отбасындағы және бала бақшадағы тәрбиелеу мен оқытудың бүкіл жүйесінің нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Оларға жататындар: Баланың жалпы физикалық дамуы, жеткілікті білімдер көлемінің болуы, өзін-өзі күтудің, мінез-құлық мәдениетінің, қарым-қатынастың, қарапайым еңбектің, «тұрмыстық» дағдылардың болуы; тілдің дамуы; жазудың алғышарттарының болуы; оқуға ниеттену.

Бастауыш мектепте, кіші мектеп оқушысында, осы кезеңдегі жетекші іс-әрекеттің негізгі элементтері, қажетті оқу дағдылары мен іскерліктері қалыптасады. Осы кезеңде ойлау формалары дамиды, олар ары қарайғы ғылыми білімдер жүйесін меңгеруді, ғылыми, теоретикалық ойлаудың дамуын қамтамасыз етеді. Мұндай оқуда, күнделікті өмірде өз бетінше бағдарланудың алғышарттары қалыптасады. Осы кезеңде «баладан тек елеулі ақыл-ой жұмсауды ғана емес, сондай-ақ үлкен физикалық төзімділікті талап ететін» психологиялық қайта құру жүреді.

Өмір жағдайының өзгеруімен, отбасынан немесе бала бақшадан мектепке ауысуымен байланысты бастауыш мектеп оқушысында үстем беделдер біршама өзгереді. Ата-ана беделімен қатар мұғалім беделі де пайда болады. «Ал мұғалім былай айтты,» - деп бала шешесінің айтқанына қарсы шығады. Осындай балалардың жаңа кезеңге келіп түсініспейтін жағдайлардың пайда болу едәуірде педагог-психологтардың қолдау беріп көмектесуі, кеңестер беруінің пайдасы өте зор. Бастауыш мектептің соңына қарай, дамудың макрофазасы ретінде негізгі бейімделу кезеңі аяқталғанда, оқушы тек қана оқу іс-әрекетінің ғана емес, сондай-ақ, белсенді тұлға аралық өзара әрекеттесудің де субъекті бола бастайды,оның өзі өте маңызды. Кіші мектеп оқушысы жеткіншек бола бастайды.

Орта мектеп жасында (10-11-ден 14-15 дейін) жеткіншек өз іс-әрекеті контекстінде құрдастармен қарым-қатынасқа түсу жетекші рөл ойнайды. Осы жастағы балаларға тән іс-әрекет оның оқу, қоғамдық-ұйымдастырушылық, спорттық, көркемдік, еңбек сияқты түрлерін қамтиды. Пайдалы іс-әрекеттің осы түрлерін орындауда жеткіншекте қоғамдық қажетті жұмысқа қатысуға, қоғамдық мәнді болуға саналы ұмтылу пайда болады. Ол түрлі ұжымдарда қабылданған нормаларды есепке ала отырып, қарым-қатынас орнатуды, өз «Менінің» мүмкіндіктерін бағалау іскерліктерін үйренеді. Бұл балалықтан ересектікке өтудің неғұрлым күрделі жасы, бұл кезде адамның орталық психикалық, тұлғалық жаңа құрылымдары - «ересектік сезімі» пайда болады.

Егер кіші мектеп жасы үшін оқу іс-әрекеті жетекші болса, онда орта жас оқушысы үшін жетекші ретінде сан алуан формалардағы қоғамдық пайдалы іс-әрекет болады, оның

арнасында құрдастарымен интимдік – тұлғалық қарым-қатынаста, басқа жыныс өкілімен өте маңызды қарым-қатынас та жатыр. Бұл жерде оқу іс-әрекеті іске асырылып жатқан белсенділік бола бастайды – ол жасөспірімнің даралануын «қамтамасыз» етеді. Әсіресе, оқу іс-әрекетінің құралдарын, тәсілдерін таңдауда ол өзін мақұлдап, бекітеді.

Жеткіншек жас үшін беделге деген қатынас та тән. Егер кіші мектеп жасында мұғалім беделі отбасы беделінен кем болмаса, жеткіншек үшін үлкен адам беделі проблемасы білімбейді. Бір жағынан, жеткіншектің «мен – ересек адам» позициясы оны үлкендерге қарама-қарсы қоятындай, ал келесі жағынан - олардың беделі жеткіншек өмірінің маңызды факторы болып қалады. Үлкен адам беделінің сақталуына ықпал ететін жағдайлар: « 1. жеткіншек қоғамдық жағдайының өзгеріссіздігі, ол оқушы болды және болып қалады; 2. оның ата-анадан толықтай материалдық тәуелсіздігі, олар мұғаліммен қатар тәрбиелеуші рөлінде болады; 3. жеткіншекте өз бетімен әрекеттену іскерлігінің болмауы ».

Жеткіншек оқу іс-әрекетінің субъекті ретінде тек қана өз мотивациясымен, позициясымен, қатынастарымен, «Мен» - тұжырымдамасымен өзгеше емес, сондай-ақ үздіксіз, көп сатылы білім беру қиындысындағы өмірдегі орнымен өзгеше. Ол өзі үшін осы білім беруді жалғастыру формасын болжайды, шешеді және осыған байланысты не оқудың, не еңбек іс-әрекетінің, қоғамдық айналысу, тұлға аралық өзара әрекеттесу құндылығына бағдарланады , осы уақыттарда педагог-психологтардың кеңесі ауадай қажет. Оқуға бағдарлануда жеткіншек жоғары мектеп оқушысы мәртебесіне өтеді. Жоғары мектеп оқушысы оқу іс-әрекеті субъектісі ретінде - бұл оқуды жалғастыруды таңдаған адам. Жоғары сынып оқушысы (ерте жастық шақ кезеңі 14-15-тен 17 жасқа дейін) орта буынан жоғары сыныпқа немесе жаңа оқу орындарына – гимназияларға, колледждерге, училищелерге өткен кезде бірден дамудың жаңа әлеуметтік ситуациясын атайды. Таңдау жасауға өмірлік ситуациялар мәжбүр етеді, ата-аналар тарапынан ынталандырады және оқу орны бағыттайды. Осы кезеңде құндылық бағдар белсенділігі негізгі мәнге ие болады. Бұл автономия, өзі болуға ұмтылу мен байланыстырылады. И.С.Кон атап көрсеткендей, « қазіргі күнгі психология нақты, мінез-құлықтық автономияны (жас өспірімнің тек өзіне ғана қатысты мәселелерді өз бетінше шешу қажеттілігі мен құқығы ), эмоционалдық автономия (ата-аналарынан тәелсіз таңдалған , өзінің соған деген қызығушылығының, қажеттілігі мен құқығының болуы ), мораль және құндылықтық автономияны (іс жүзінде өз көзқарасының болуы қажеттілігі мен құқығы ), ажырата отырып, ер жеткен балаларды автономиялау мәселесін қояды ». Осы жаста достық сенімді қатынастар өте маңызды. « Жоғары сыныпта оқушылардың формалды емес өзара қатынастары біртіндеп құндылыққа ие болад », - дейді М.Ю.Кондратьев, олар «қандай да бір зерттеу «полигонының» рөлін атқарады, онда бозбалалар мен бойжеткендер болашақ «үлкендер» өмірінің стратегиялары мен тактикаларына жаттықтырылып, сынақтан өткізіліп, сенімділікке тексеріледі. Осы кезеңде жоғары сынып оқушылары өмірлік жоспарлар құрып, мамандық таңдау жайлы саналы түрде ойлана бастайды. Бұл таңдау тек, адам өзін дәрігер, педагог, зерттеуші ретінде басқалар үшін максималды пайдалы сезінетін іс-әрекет саласында бейімділікке , өмірлік талаптарға бағдарланудан ғана емес, сондай-ақ берілген мамандықтың елдің қоғамдық дамуының нақты ситуациясындағы конъюктурасынан, пайдасынан, практикалық құндылығынан туындайды. Тек қана мақсатқа ұмтылған және шынымен де әуестенген 15-17 жасар адамдар ғана ары қарайғы кәсіби қалыптасуы, тұлғалық өзін-өзі анықталу жолында табиғи бейімділікке адалдығын сақтап қалады. Жеткіншектік және жас өспірімдік жас шебінде пайда болатын өзін-өзі анықтау қажеттілігі жоғарғы сынып оқушысының оқу іс-әрекетінің сипатына ғана әсер етіп қоймай, кейде оны анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Сеңкібаев. М. Жұмабаевтың тәлімгерлік тағылымдары (мектеп мұғалімдері мен оқушыларына арналған әдістемелік-хабарлама құрал) Петропавл, 2001, – 110 б.

2. В.В. Голубков Методика преподавания литературы. – Москва: Учпедгизд., 2012, - 464 с.
3. Ж. Аймауытов, М. Әуезов. Абайдан соңғы ақындар. // «Абай» журналы. 2018, №5, Б. 38.
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Ғашықтық дастандар. 26-том. – Астана: Фолиант, 2014, 352 б.

Оспанова Л.Е.

## **АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУ ТӘРБИЕ ҮРДСІНЕ ЕНГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. [1]

Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс.

Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелер. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.[2]

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау,

өндеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін - ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда [3] Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі: • оқушының өз бетімен жұмысы; • аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу; • білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру; • шығармашылық тапсырмалар орындау; қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; • қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі; • іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену; • қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі; • оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту құралы: Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу траекторияларын өзінің таңдай білуі есептеледі. Менің ойымша, ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады.

Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі - пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты-оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, диктант, тест тапсырмаларын, қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, оқушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады [4].

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
- 2.“Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл
- 3.Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
- 4.Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

**Молдабекова С.К.<sup>1</sup>, Рабкен Г.А.<sup>2</sup>**

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
PhD докторы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының  
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Егер біз шығармашылық қызмет туралы айтатын болсақ, онда ол адамның мақсатқа, тілек пен азапқа, тілек пен тілекке, қиялға жетуге деген ұмтылысы мен ұмтылысынан тұрады, ол ақыл, сезім, қиялдың өзіндік білімінде көрінеді. Мұғалімнің шығармашылығы-мектеп дамуының бастауы.

"Шығармашылық" мәселені белгілі бір жолмен шешу мүмкін болмаған кезде пайда болады, бірақ бұл күрделі әрекет емес. Әр деңгейде бірнеше тармақтардан тұратын, жаңа тапқыр шешімдер қабылдауға қабілетті күрделі психологиялық процесс. Бұл мәселені зерттеген ғалымдар педагогикалық Шығармашылық келесі кезеңдерден тұратынын анықтады:

Мысалы:

- 1) педагогикалық ойдың пайда болуы;
- 2) түбегейлі ойлауды талдау;
- 3) педагогикалық ойдың іс-әрекетке айналуы;
- 4) шығармашылық нәтижелерін талдау және бағалау.

Бұл кезеңдерде қызығушылық, интеллект, қажетті білімді тез игеру қабілеті, байқаушы ойлау операцияларымен жұмыс істеу қабілеті, тапқырлық, ынта, табандылық және өзіне деген сенімділік сияқты негізгі қасиеттер көрінеді. [1]

Мұғалімнің жұмысы-бұл ғылым, педагогикалық өнер, талант сияқты элементтерден тұратын жан-жақты қызмет. Әр түрлі жастағы, әр түрлі дайындықтағы және табиғат

,балалардың білімі мен тәрбиесінің белгісін өзгертіп, жаңадан пайда болған көркем шығармашылықтың белгісі ретінде. Жаңашыл мұғалімнің күнделігі кәсіби жағдай.Шығармашылық мұғалім-бүкіл реформаның басты кейіпкері. [2]

Жаңашылдықты тануда Заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану процесінде мұғалімнің жоғары қасиеттері енгізілуде.Өйткені, кез-келген технология ғылым мен практика арасындағы аралық құрылым болып саналды.Оқыту теориясы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті түрінде жобалауды,нақты мақсаттарға сәйкес оқу процесін тиімді құруды және жүзеге асыруды қамтиды.Нәтижені интуитивті түрде жобалау, дұрыс мақсат қою, оқушының даму аймағына сәйкес қызықты жұмысқа әкелуі мүмкін сабақ жоспарын құру мүмкіндігі. , ұйымға қою, әрине, шығармашылықтың нәтижесі. [3]

Мұғалімнің шығармашылық белсенділігін арттырудың негізі оның кәсіби дайындық деңгейіне байланысты және өнертапқыштық , сыни ойлау сияқты жаңа қызмет түрлерін таңдауда көрінеді. Бұл жағдайда педагогикалық импровизация орын алады. "Өз ойлауын тиімді және толық жүзеге асыру үшін,сабақта жаңа шешімдер табу үшін мұғалім импровизацияға ғана емес,сонымен қатар үнемі импровизация жағдайында болуы керек", В.И. Загвязинский мұғалімнің ішкі күштерінің қабілеті мен табандылығының маңыздылығын көрсетеді.

Шығармашылық - бұл үміт пен үміт ,жеңіс пен жеңіліс жолы.Мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі дамытудың стратегиялық бағыттары-осы жолдан сабақ ала білу, биіктігін анықтай білу, жетістіктері мен кемшіліктерін талдай білу.

Қоғамдық санада және жаңаша педагогикалықмойлауды басымдық ретінде тану шығармашылық қызметтің негізі болып табылады, білім беру деңгейінде мұғалім өзінің барлық энергиясын жүзеге асыруға бағытталған Өзін-өзі тәрбиелеуді дамыту үшін жағдай жасауды талап етеді. Мұғалімнің кәсіби шығармашылығына қол жеткізу үшін арнайы дайындық қажет екені даусыз.Сондықтан әр деңгейдегі әдістемелік жұмыстың басты мақсаты-мұғалімнің қажеттіліктерін қанағаттандыру,тиісті ғылыми-педагогикалық қолдау арқылы жаңа жұмысқа ұмтылу,өзінің философиясына, кәсіби бағытына сәйкес технологияларды таңдауға ықпал ету. Демек, әдістемелік, біліктілікті арттыру, шаруалардағы кезек күттірмейтін жұмыстардың сапасын арттыру. [4]

Сапаны арттыру бойынша мамандар даярлауды жетілдіруге бағытталған тұрақты қызмет. Біліктілікті арттыру саласындағы сапа мәселелерін екі тұрғыдан қарастыруға болады. Біріншіден, білім беру ұйымдарының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған оқу бағдарламаларының сапасы. Екіншіден, оқу үдерісін ұйымдастырудағы жаңалық. Соңғысы ересектерді оқыту технологиясымен тікелей байланысты. Мұғалімнің технологиялық мәдениетін дамыту, оған өз қызметін жоғары деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әдістер кешенін дамытуға жағдай жасау. Соңғы уақытта инновациялық бағытта жұмыс істей алатын мұғалімдерді даярлау бойынша бірнеше курстық жұмыстар өтті.Олардың ішінде педагогикалық технологияларды зерттеу курстары ерекше орын алады. Кафедра оқытушылары технологияларға маманданған, тірек мектептердің оқу-тәрбие процесіне теорияны енгізумен белсенді жұмыс істейді. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту тақырыбында зерттеулер жүргізіледі .Кафедра жұмысындағы өзекті мәселелердің бірі білім беру саласында өз бетінше білім алуды технологияландыру,сондай-ақ тыңдаушының шығармашылық көздерін ашу, әдіснамалық және зерттеу мәдениетін дамыту болып табылады.[5]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.В. А. Кан-Калик,н. Д. Никандров "Педагогикалық шығармашылық" М., 1991ж.
- 2.В. И. Завинский "мұғалімнің педагогикалық шығармашылығы" М., 1987ж.
3. Бірыңғай педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы. - Алматы, 2003. - 128 б.

4.Лысенкова С.Н. оқушылардың оқу мотивтері сапалы білім берудің негізі. – М.: Жоғары мектеп, 2001.

5.Тәжібаев т. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның педагогикалық ойы. – Алматы: Қазақстан, 1965. - 164 б.

**Молдабекова С.К.<sup>1</sup>, Рабкен Г.А.<sup>2</sup>**

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

PhD докторы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының

магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі - Стандарт) орта білім берудің базалық мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне, білім алушының даярлық деңгейі мен сапасына қойылатын талаптарды белгілейді; білім беру салалары бойынша білім, іскерлік және дағдыларды, түйінді құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелерді нақтылайды; білім алушының табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Бастауыш мектепте жалпы оқытудың базалық бағдарламасын меңгеруде оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескереді. Бастауыш мектепте математиканы оқыту жалпы білімнің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл пән бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қабілеттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Бастапқы математика білімінің негізгі міндеттеріне бастауыш сынып оқушыларының математикалық дамуы, негізгі математикалық білім жүйесін қалыптастыру және математикаға, сондай-ақ, ақыл-ой әрекетіне деген қызығушылық жатады. Бастауыш мектепте математиканы оқыту арқылы мектеп оқушылары ақыл-ой қызметін қалыптастыруға, яғни, объектілерді талдауға, салыстыруға, классификациялауға, себеп-салдарлық байланыстарды, заңдылықтарды құруға, ойлаудың логикалық тізбегін құруға үйренеді. Математиканы оқи отырып, олар белгілі бір жалпыланған білім мен іс-қимыл әдістерін үйренеді. Әмбебап математикалық қабілеттер арқылы әлемді біртұтас қабылдауға, оның жекелеген процестері мен құбылыстарының модельдерін құруға, сонымен қатар жалпыға бірдей білім беру іс-әрекетін қалыптастыруда негіз болып табылады. Қазіргі кездегі жаңартылған білім беру үрдісі пәндік білімді игеруді және оқушылардың зияткерлік дамуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар оқушының өз бетінше ізденуіне, жаңа ақпараттар мен тың ойларды игеруде қабілетін шыңдауға мүмкіндігін молайтады. Математика пәні бойынша бастауыш кезеңде қаланған білім нәрі мен іс-әрекет жиынтығы тек математиканы немесе мектептегі өзге де пәндерді әрі қарай сауатты оқып-үйрену үшін ғана емес, сонымен бірге ересектердегі көптеген практикалық мәселелерді шешу үшін де қажет болып табылады[1].

1-4 сыныптарда математикадан білім беру арқылы айнала қоршаған әлемді танудың қарапайым математикалық әдістерін игерумен қатар, оқушы бойында танымдық қабілеттерін, математикалық сөйлеуін, қиялын дамытуға, зияткерлік қабілетін шыңдауға, математикалық білімді кеңейтуге деген ұмтылысын оятуға, сыни ойлауды қалыптастыруға, оқу, ақпараттарды іздеу және онымен жұмыс істей алу қабілетін қалыптастыруға, танымдық және практикалық, логикалық есептерді шеше білуге қалыптастыруға, бастапқы компьютерлік сауаттылық туралы білімін қалыптастыруға, берілген пікірлерді негіздей білуге, өзгелердің пікірлерін бағалау және қабылдау дағдыларын дамытуға міндеттелген.



Бастауыш мектептегі қазіргі жаңартылған білім тұжырымдамасына сәйкес математика курсы біріктірілген курс болып табылады: ол арифметикалық, логикалық, геометриялық және алгебралық материалдарды біріктіреді.

Бастауышта математиканы оқытудың маңызды шарты - бұл әр оқушының жас ерекшеліктеріне және мүмкіндіктеріне орай түрлі деңгейдегі толық интеллектуалды дамуына қолайлы жағдай туғызу және оқушының әрі қарай білім алуға қажетті және жеткілікті математикалық дайындығын қамтамасыз ету[2].

Бастауыш мектептегі математика оқушыларды одан әрі сатылай математикалық білім беруге жақсы дайындауы керек, бұл оқушыларға математикалық пәндерді одан әрі күрделі деңгейде ойдағыдай оқуға мүмкіндік беретін белгілі бір математикалық білім мен дағдыларды қалыптастыруға себепші болады. Әйтсе де мақсат қою арқылы білім шыңындағы дiттеген нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бастауышта математиканы оқытудың ерекшелігі - дәл осы бастапқы кезеңінде оқушылар оқу іс-әрекетінің элементтерін бойына асқан ыждаһаттылықпен сіңіре білуі керек. Мақсатты әрекеттің негізінде бала теориялық сана мен ойлауды дамытады, соған сәйкес бойындағы барша қабілеттері шындала түсіп, жеке тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Соған сай бастауыш мектепте математикалық білім мазмұнын жетілдіруде маңызды әдістемелік қағидалар негізделеді:

- оқу материалының тәрбиелік мәні және бастауыш мектепте оқу қажеттілігі тұрғысынан талдау;

- зерттелетін материалды практикада кеңінен қолдану мүмкіндігі;

- кіріспе материалдардың бұрын зерттелгендермен байланысы;

- мектепке дейінгі математикалық дайындықпен сабақтастықты және ары қарай орта мектепте де келесі білім деңгейінің мазмұнын қамтамасыз ету;

- бастауыш сынып оқушыларының математикалық тәжірибесін бастауыш мектепте бұрын зерттелмеген сабаққа жаңа сұрақтар енгізу арқылы байыту;

- математикаға қызығушылығын арттыра отырып сауаттылық деңгейін көтеру.

Жас ұрпақтың математикалық сауаттылығы оқу үрдісі барысында білімнің жоғары болуының негізін құрайды. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын қамтамасыз ету мектептегі математикалық білімінің сапасын қамтамасыз етудегі басымдық болып табылады. Математикалық сауаттылық туралы түсінік ХХІ ғасырдың аяғында Халықаралық оқушылардың білім жетістіктерін бағалау қауымдастығы (IEA) зерттеулерінен кейін пайда бола бастады. Бұл зерттеулерде математикалық сауаттылық «орта мектеп түлектерінің өмірлік мәселелерді шешуге дайындығы» деп түсіндірілді, яғни, оны шешу үшін кейбір математикалық білімдерді қолдану қажет[3].

Мұндағы математикалық сауаттылық дегенімізге «адам өз өміріндегі математиканың рөлін айқындау және түсіну, негізді математикалық пайымдаулар жасай білу және математикаға қызығушылық танытатын шығармашыл және ойлы азамат ретінде қазіргі және болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындай пайдалану қабілеті» деп түсініктеме берілді.

Сарапшылар бұл тұжырымдаманың мазмұнын төменде нақтырақ атап көрсетті, яғни, математикалық сауаттылық арқылы оқушылардың қабілет қарымын ажыратуға болады:

- Күнделікті өмірде туындайтын мәселелерді математика көмегімен шеше білу;

- осы мәселелерді математика тілінде тұжырымдай алу;

- осы мәселелерді математикалық фактілер мен әдістерді қолдана отырып шешу;

- мәселелерді шешудегі математикалық әдістерді талдау және қолдану;

- нақты проблеманы ескере отырып, нәтижелерді түсіне алу;

- мәселенің шешімнің нәтижелерін тұжырымдай білу.

Жоғарыда айтылғандардың ішінде функционалды математикалық сауаттылық термині туындайды, ол оқушының мектепте алған математикалық білімдерін қолдана білу, пәнаралық және практикалық бағыттағы түрлі мәселелерді шешуге, әрі қарай білім алуға және қоғамда өз орнын тауып сіңісуіне мүмкіндік береді.

Осы зерттеулердегі математикалық сауаттылық деңгейін нақтылаудағы басты тұжырым дағдылар мен қабілеттер арасындағы айырмашылық. Бұл айырмашылыққа қарамастан, математикалық сауаттылық тұжырымдамасын түсіндірудің басты ерекшелігі - адам өміріндегі әр түрлі жағдайларда математиканы қолдануға дайын екендігі[4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қараев Ж.А. Мектепте оқытудың педагогикалық жүйесін Жетілдірудің әдіснамалық негіздері // Бастауыш мектеп. – Алматы: Радиал. №7 1996 , №3. –146
- 2.Ушинский. К. Д. Избранные педагогические произведения. - Москва: Знание, 2014, №4 –856
- 3.Құрмғаналина Ш.Қ. Мұқанова Б.Ж., алымов Ә.У., Ильясова, Р.К. Педагогика. - Астана: Фолиант, 2007. №7. —136б
- 4.Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. - Ярославль.: ЯГПИ, 2011. №2. —416

**Сенкубаев С.Т, Салтанбаева А.К.**

### **ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МУЛЬТИМЕДИА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті. ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты субъективті деңгейде көтерудегі демократиялық бастамалардың барлығы мұғалімдер арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі мұғалімге тек пән мұғалімі ретінде қабылдау олқылық көрсетеді. Мұғалім қоғам айнасы.

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгертуге кепілдік бермейтіндігін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асу үшін оны технологияландыру қажеттілігі туады. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлату көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «ХХІ ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді [1].

Мультимедия – бұл нысандар мен үрдістерді дәстүрлі мәтінмен сипаттау емес, фото, бейне (видео), графика, анимация, дыбыс,яғни бүгінгі күні бәрімізге таныс формаларда беру. Бұл жағдайда біз екі негізгі сапалық және сандық басымдылыққа ие боламыз. Егер сөзбен сипаттауды аудиовизуалдық ұсыныммен салыстырсақ, сапалық артықшылықты бірден көреміз. Сандық басымдылық мультимедиялық орта ақпараттық тығыздығымен жо,ары екендігімен көрінеді. Шындығында, мәтіннің бір парағы 2 Кбайтқа жуық ақпарат сыйғыза

алады. Оқытушы бұл мәтінді 1-2 минутта айтып шығады. Ал осы уақытта толықэкранды видео 1,2 Гбайтқа бере алады. Міне, сондақтан да «мың рет естігеннен, бір рет көрген жақсы».

Мультимедиа технологияны қолдану әдістемесі:

Оқытуды басқару жүйесін сабақтың әр түрлі кезеңдерінде жетілдіріп отырады. Оқытудың мотивациясын күшейтеді; Оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамытатын оқыту және тәрбиенің сапасын арттырады, оқушылардың дайындық деңгейін арттырады; Компьютер тек ойын ойнайтын құрылғы емес, басқа да мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді.

Қазіргі уақытта мультимедиа технологиялары – бұл оқу үрдісінде жаңа ақпаратты технологиялардың кеңінен дамып жатқан бағытының болуы. Мультимедиа технологиялары оқу үрдісін байытады, оқуды тиімді етуге мүмкіндік береді. Бағдарламалы және әдістемелі қамтамасыздандырулардың жақсартылуы, сонымен қатар, оқытушылар құрамының квалификациясының жоғарылатуында, білім беруде қазіргі ақпаратты технологиялардың қолданылуы көрінеді. Мәтіндік ақпаратпен, графикалы бейнемен, дыбыспен, анимациялы компьютерлік графикамен бір кешенде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы техникалы орталар мультимедиа-ортасы деп аталады. Мультимедиа технологиялары, іске асырудың негізгі ортасы, бейнелеудің компьютерлік және бейнекомпьютерлік ортасы болып табылады [2].

Мультимедиа және гипермедиа-технологияларында күшті орналастырылған бөлімдік ресурстар бар, олар кілттік компетенциялардық қалыптасу және шығу орталарын қамтамасыздандыруы мүмкін. Оларға ақпаратты және коммуникативтік технологиялар жатады. Мультимедиа және телекоммуникационды технологиялар жалпы білім жүйесінде жаңа әдістемелік жолдарды ашады. Мультимедиа (multimedia-көп орталы) бұл әртүрлі физикалық көрсетілімі бар (мәтін, графика, сурет, дыбыс, анимация, видео) және әр түрлі тасушыларда орналасқан (магниттік және оптикалық дискілер, аудио және видеоленталар) ақпаратты өңдеумен байланысқан компьютерлік технологиялар ауданы. Мультимедиа құралдары – бұл әр түрлі орталарды қолданып (дыбысты, видео, графиканы, мәтінді, анимацияны) адамға компьютермен араласуына мүмкіндік беретін ақпаратты және программалы құралдар комплексі. Мультимедиа пайдаланушыға фантастикалық әлемде болуға (виртуальды шындық), осы әлеммен интерактивті араласуына (пайдаланушы қатысады, мысалы, ойындар ойнайды, т.б.) мүмкіндік береді. Виртуальды шындық – бұл иллюзиялы дүние, адам оған кіріп(еніп), сонымен ара қатынас жасайды. Мультимедиа-бұл қазіргі техникалық және бағдарламалық құралдарды қолдану арқылы интерактивті бағдарламалық қамтамасыздандыруды басқарумен орындалатын визуальды және аудиозффектілердің өзара әрекеті. Олар бір цифрлік көрсетілімде мәтінді, дыбысты, графиканы, фотосуретті және бейнені біріктіреді. Бар бағдарламалық құралдар, соның ішінде дайын электронды оқулықтар мен кітаптар, сонымен қатар, өзіндік деп шығарылған құралдар оқытушыға тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда оқытушының ақпаратты өңдеу және алуда көмекшісі Интернет болып табылады.

Оқу орындарында ақпаратты экранды түрде беруді жаңа әдістер немесе бөлек оқыту әдісі ретіндегі бейнені айтуға болады. Бейне әдісі білімді беру үшін бақылауды, қайталауды, бекітуді талдап қорытуды ұйымдастыру үшін қолдануға болады. Ол барлық дидактикалық функцияларды орындайды. Берілген әдісті оқыту және үйрету функциясы көрнекті түрде жоғары тиімділікпен ықпал етеді. Көрнекі түрде берілетін ақпарат оңай және тез меңгеріледі. Оқу үрдісінде бейне әдісін қолдану мынандай мүмкіндіктерді қамтамасыздандырады: • Оқушыларға үйретілетін болмыстар мен процестер туралы толық ақпаратты беру; • Оқу үрдісінде көрнекілік рөлін жоғарылату; • Оқушылардың сұраныстарын және қызығушылықтарын қанағаттандыру; • Оқытушыны білімді бақылау және түзетумен байланысты техникалық жұмыс бөлігінен босату; • Үлгерімінің толық және жүйелік бақылауын ұйымдастыру. Бейне әдісімен көптеген дидактикалық және тәрбиелік есептер тиімді шешіледі. Ол мына жағдайларды қажет болады: 1. Жаңа білімді беру; 2. Күрделі

механизмдер, процестер, графикалық модельдердің әрекеттерін түсіндіру; 3. Бейне жаттарды көрсету; 4. Зерттеу жұмыстары үшін мәліметтер қорын құру; 5. Оқу үрдісін жоғарылату, оқытудың басқару сапасын жоғарылату жолымен ғылыми ақпаратты беру және меңгерудің үйлесімді көлемін қамтамасыздандыру. Берілген құралдың тиімділігі бейне құрал және қолданылатын техникалық құралдардың сапасына тікелей байланысты. Бейне әдісі оқу үрдісін ұйымдастыруында үлкен талаптары бар, оған нақтылы ойластырылғандығы, маусатына лайықтылығы жатады. Бейне әдісі қолданатын оқытушы талаптарына мыналар жатады: • Оқушылардың үйретілетін проблемалар ортасына ене алуы; • Олардың әрекеттерін бағыттап отыру; • Ортада жалпы шәтижелер шығару; • Жеке көмек көрсету. Информатиканы оқытуда қазіргі мультимедиа технологияларын қолдану үйретілетін бағдарламалық қамтамасыздандыру мүмкіндіктерін көрнекі көрсетуіне мүмкіндігін береді, соның ішінде , слайд-презентациялармен көрсету оқытуды тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Оқушыларды оқытуда қазіргі ақпаратты технологияларды қолдануды негізгі шарттары мыналар болып табылады: • Компьютерді оқытудың негізгі құрал ретінде қолдану; • Жаңа ақпаратты технологияларды пайдалану қабілеттерін қалыптастыру; • Ақпаратты технологияларды қолданғанда оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу рөлін жоғарылату. Сонымен , мультимедиалық технологияларды оқу үрдісінде қолдану оқу ақпаратын көрнекті етеді, оны оңай және тез қабылдап меңгерілуіне жол береді [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік. Білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. № 2. 34-б.
2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. 2011. № 4. 25-б.
3. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық технология. – Алматы, - 2009. – 75 б.

Сенкубаев С.Т., Салтанбаева А.К.

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МУЛЬТИМЕДИА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Ғылыми жетекші: п.ғ.к, профессор «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ. «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01303 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының магистранты А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Білім берудегі мұғалімдер алдындағы басты мақсат жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі- оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкей тәсті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Қоғам индустриялық кезеңнен кейінгі дамудың ақпараттық кезеңіне аяқ басты. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен – күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр.

Болашақ білім ошағы – бұл «ақпараттық ғасыр ордасы». Оның негізі – өз бетінше жетіле алуға қабілетті, жалпы және кәсіби мәдениетті меңгерген кәсіби білікті, бәсекеге қабілетті және ынталы маман.

Жаңа ақпараттық технологиялар, мультимедиялық өнімдер – оқытудың сапасын көтеруге жауапты, білімді, жаңа шешімдер таба алатын, қажетті білімді тез және тиімді қолдаға алатын жаңа тұлғаны тәрбиелеудің – бірден бір жолы.

Мультимедия түсінігін тар мағынада дыбысты шығаратын (дыбыс картасы арқылы) және лазерлік компакт дисктермен (CD – ROM) жұмыс істейтін аппараттарды айтады.

Әрбір оқытушы өзінің педагогикалық қызметін жоғары деңгейде көрсету үшін мультимедиялық технологияларды пайдалана білумен қатар, сол аталған технологияларды тікелей оқыту процесінде қолданудың қажеттіліктерін анықтай білуі керек.

Бірінші қажеттілік – дәстүрлі оқыту әдісінде тәжірибелік дәлелдеулерді жүзеге асырылуы мүмкін емес заңдылықтар мен теорияларды, ұғымдарды, макро және микроөлем жөніндегі түсініктерді, пәнаралық байланыс сипатындағы күрделі оқу материалдарын оқыту үшін студенттер мен оқушыларда қажетті білімдер жүйесінің болуы.

Екінші қажеттілік – студенттер мен оқушыларда репродуктивті дағдының қалыптасуы. Мұндай қажеттілік оқу экспериментін жобалау, мазмұнына қатысты мәліметтерді жинақтау, жүйелеу, жіктеу, талдау секілді іс-әрекеттер кезінде байқалады.

Үшінші қажеттілік – студенттерде, оқушыларда шығармашылық (креативтілік) дағдының қалыптасуы. Бұл қажеттілік күрделі экономикалық есептерді шешу, зертханалық эксперименттерді жүргізу, объектіні модельдеу, қандай да бір процестің өтуіне әсер етуші факторларды анықтау кезінде байқалады.

Төртінші қажеттілік – студенттер мен оқушыларда белгілі бір тұлғалық сапаның қалыптасуы. Бұл қажеттілік әлеуметтік мәселелерді шешу арқылы жас жеткіншектерді адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу кезінде көрініс береді. Жастарда тұлғалық сапаның болуы оның қоғам алдында жауапкершілігін күшейтеді.

Осы аталған қажеттіліктерге байланысты мультимедиялық технологияларды пайдалану оқытудың мазмұнын өзгертіп, формасын жаңаша қалыптастыруға негіз болады.

Мультимедиялық технологияларды білім беруде қолдану мынадай педагогикалық мақсаттарға бағытталған:

1. Ақпараттық қоғамда студенттің, оқушының тұлғалық іс-әрекетін дамыту:

- Жеке тұлғаның ойлау деңгейін жоғарылату, оның бойында білім қорын қалыптастыру мақсатында психологиялық- педагогикалық әрекеттер қарқынын арттыру;

- Қабылдау, есте сақтау секілді іс-әрекеттерді жүзеге асыру іскерлігін қалыптастыру және дамыту;

- Имитациялау, модельдеу процестерін ұйымдастыру негізінде студенттер мен оқушылардың экспериментті – зерттеушілік қызметтерді орындау деңгейін қалыптастыру

2. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқыту процесінің барлық деңгейін жандандыру:

- Мультимедиялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану есебінен оқыту процесінің тиімділігін, сапасын арттыру;

- Түрлі пәндік ортада ақпарат өңдеу құралдарын пайдалану арқылы пәнаралық байланысты тереңдету;

- Мультимедиа-ресурстарды тиімді пайдалану негізінде ашық білім беру идеясын дамыту;

Қазіргі таңда өзіндік іс-әрекетті қалыптастыруда мультимедиялық технологиялар:

Макро және микро әлемдегі күрделі құбылыстар мен процестерді модельдеу арқылы оқытуды жүзеге асыру;

Әртүрлі физикалық, химиялық, биологиялық, әлеуметтік т.б. өте жылдам немесе жай өтетін құбылыстарды кез – келген уақытта оқып үйренуге мүмкіндік беру мәселелерін шешуге бағытталуы керек.

Осы ұстаным бойынша мультимедиялық технологиялық оқыту процесінде тиімді пайдаланудың мынадай алғышарттарын анықтауға болады:

дидактикалық, психологиялық – педагогикалық, экономикалық, эргономикалық, техникалық.

1. Дидактикалық шарттар:

- Сабақтың мазмұн мен формасына байланысты мультимедиялық технологияларды мүмкіндіктеріне қарай алдын ала дайындаудың, кешендеудің перспективалы жоспарын жасау;

- Оқу материалдарына әдістемелік талдау жасау. Айталық кейбір пәндерге қатысты оқу материалдары бірнеше ондаған жылдар бұрын дайындалған. Міне сол материалдарды жаңа мәліметтермен үйлестірудің жолдарын қарастыру, пәнге қатысты негізгі мәліметті қосымша мәліметпен толықтыру, мультимедиялық технологияларды ұсынатын оқу материалдары көрнекілік ұстанымына негізделген. Сондықтан да оны оқытудың ажырамас бөлігі деп қарастыруымыз қажет.

Мультимедиялық технологияны қолданып оқытудың басты міндеттерінің бірі мотивацияны көтеретін, білімді тереңдетуге оқушылардың практикалық қызметтерінде психофизикалық қасиеттерін дамытуға әсер ететін, ойындық компьютерлік ортаны құру болып табылады. Ақырғы мақсатты компьютерді жан-жақты қолдану арқылы, жалпы білім беру міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін сабақтар жүйесін құру.

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр

Компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Сабақ кезінде слайд – фильмдерді (Power Point) пайдалану дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, сабақтың динамикасын, көрнекілігін, ақпараттың өте жоғары деңгейін қамтамсыз етеді экономикаға деген қызығушылығын арттырады. Сабаққа дайындық барысында электрондық оқулықтар, Internet желісінің ақпараттары қолданылады. Экономикадан оқушы ол үшін электрондық оқулықты қолдану тиімді.

Электронды оқулықты қолдана отырып оқушылар төмендегідей жұмыс жасауға мүмкіншілігі болады:

- Өтілетін материалдарды дұрыс әрі жеңіл түрде түсінуге;

- Оқшының өздігімен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін-өзі тексеруге;

- Жұмысты тиянақты түрде орындап, мұғалімге файл түрінде тапсыруға;

- Түсінбеген тақырыпты шексіз қайталауға;

- Оқулықты сабақтарда қолданып, оқушының өз деңгейінде тапсырмаларды таңдауға;
- Қажетті материалдарды жылдам іздеп табуға мүмкіндік туғызады.

Ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері пайдаланып жасалынған электрондық баспа оқулығын пайдалану арқылы мұғалімдер мен оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алады. Әсіресе аталған электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың сабаққа деген ынтасын жоғарылатып, өздігінен мұғалімнің нұсқауынсыз тақырыптарды игеруіне

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (баптары бойынша түсіндірмелері) оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. – Астана, 2013 ж.
2. Ә.С.Бейсенова, Ж.Б. Шілдебаев, Г.З.Сауытбаев Экология Алматы «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2014. -555б.
3. Бозжанова К.Б. Оқушылармен жүргізілетін кластан және мектептен тыс жұмыстар жүйесі. А., 214 ж.

Навий Л.<sup>1</sup>, Салықбаева С.Т.<sup>2</sup>

## БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІН АҚПАРАТТАНДЫРУ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар білім беру жүйесінің сапасына әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Жоғары оқу орындарындағы студенттердің сапасы мен дайындық деңгейі басты басымдық болып табылады, бұл білім беру жүйесінің табысты жұмыс істеуінің кепілі болып табылады. Оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолдану студенттердің оқу процесінде шығармашылық қабілеттерін ашады. Мақалада отандық ғалымдардың көзқарасы бойынша ақпараттық технологиялар ұғымы ашылады және осы анықтама ұғымына біздің бағалауымыз беріледі. Қашықтықтан оқыту технологиясы IT-технология ретінде ерекшеленеді, ол оқыту ағындарының өзара әрекеттесуін және қашықтағы компьютер (сервер) арқылы оқу ақпараттық процесін ұйымдастыруды білдіреді. Мақаланың соңында білім беру процесінде ақпараттық технологияларды қолданудың жағымды да, жағымсыз да жақтары бар екенін атап өткен жөн. Алайда, тұтастай алғанда, ақпараттық технологиялар ақпараттың көрнекі көрсетілуіне және оны іздеуге уақытты үнемдеуге ықпал етеді.

Оқытудағы ақпараттық және ақпараттық-әрекеттік модельдерді іске асырудағы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар. Бұл ұғымдар білімді игеру проблемасымен тікелей байланысты. Адамның өмірдегі кез-келген іс-әрекеті, тек зерттеу ғана емес, белгілі бір білімді, сол немесе басқа ақпаратты игеру және өңдеу қажеттілігімен байланысты. Білімді игеру дегеніміз не? Егер оқушы оқу материалын керемет түрде айтып берсе, бұл оның оны игергендігін білдіре ме? Соңғы уақытқа дейін білім негізінен сөзді дәл осындай түсінуге бағытталды, бұл Ожеговтың түсіндірме сөздігінде көрсетілген: «үйрену-түсініп, оны дұрыс есте сақтаңыз» [1].

Ақпараттың логикасына бағытталған білім беру процесін ұйымдастырудың бұл тәсілі оқытудың ақпараттық тәсілі деп аталады. Бұл жағдайда білім өзін-өзі бағалау және өзін-өзі қамтамасыз ету ретінде түсіндіріледі; жеке сананың белсенділік құрылымында қандай рөл атқаратындығына қарамастан, ол өздігінен жақсы. Осы қатынастан білім беру процесі

неғұрлым жақсы болса, соғұрлым ол оқушыға көп білімді енгізе алады деген қорытынды шығады. Білім оқушының ойында болады, ал онда жұмыс істемейді деп болжануда.

Қоғамның қазіргі жағдайы және функционалдық сауатсыздықтың өсуі бұл жеткіліксіз екенін көрсетеді. Сондықтан қазіргі заманғы білім оқушылардың мүмкіндігіне қарай білімді осылайша игеруге бағытталған тәжірибеде алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдану немесе қолдану.

Сондықтан білім беру процесін ұйымдастырудың екінші тәсілі білімді оның жеке сананың белсенділік құрылымында алатын рөлімен байланыстыруға мәжбүр етеді. Білім өзі үшін құнды нәрсе емес. Білім белсенділік сипатына ие болған кезде ғана құндылыққа ие болады. Сондықтан білім беру процесінің әр фрагментінде ақпараттың логикасы да, әрекет қисыны да болуы керек. Оқытудың бұл тәсілі ақпараттық-белсенділік тәсілі деп аталады.

Демек, кез-келген білімді игеру әр түрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, білімді өздігінен игере алатын оқушының оқу әрекеттерін игеруіне негізделуі керек. Сондықтан, білуге, яғни ақпаратты игеру мен дұрыс өңдеуге үйрету - бұл оқытуға ақпараттық-белсенділік тәсілінің негізгі тезісі.

Оқытудағы желілік технологиялар. Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың ақпарат беру технологиялары ретінде қарастырылатын ақпараттық, желілік ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталғандықтан, білім беруде маңызды рөл атқарады. Байланыс желісі (байланыс желісі) деп сымды, радиотехникалық, оптикалық және басқа байланыс арналарының, мамандандырылған жабдықтардың, байланыс орталықтары мен желінің жұмысын қамтамасыз ететін түйіндердің жиынтығы түсініледі.

Желілік ақпараттық технологиялар байланыс арналарын дамытумен қатар дамыды. Осылайша, микроэлектрониканың дамуымен сандық талшықты-оптикалық байланыс желілері 20 ғасырдың басында телеграф және телефон желілерінің негізін қалаған аналогты сым және радиотелекоммуникация арналарын көбірек алмастыра бастады. Телекоммуникациялық технологиялар ұғымы пайда болды - телекоммуникация жүйелерінің жұмысын ұтымды ұйымдастыру әдістері [2].

Компьютерлік телекоммуникация - бұл телекоммуникация, оның соңғы құрылғылары компьютерлер. Желідегі компьютерлердің үйлесуі кеңістіктегі ақпараттарды беруге және адамдар арасындағы байланысты ұйымдастыруға қызмет ететіндіктен, оларды телекоммуникациялық желілер деп атай бастады. Ғаламдық желілерде кеңістіктік шектеулер жоқ. Әлемдік телекоммуникация желісінің ең танымал мысалы - Интернет. FIDO немесе SPRINT сияқты басқалары бар. Бірақ қазіргі кезде Интернет іс жүзінде білім беру жүйесінде барлық жерде болатын жалғыз әлемдік телекоммуникация желісі болып табылады.

Интернеттің негізгі функциялары оның хабар тарату, интерактивті және іздеу қызметтерімен, сонымен қатар білім беру процесінде пайдалы болуы мүмкін желінің ақпараттық ресурстарымен байланысты. Тарату қызметі: кітаптар, әдістемелік әдебиеттер, газеттер, электронды журналдар, білім беру бағдарламалары, электронды кітапханалар, мәліметтер базасы, сөздіктер, анықтамалықтар.

Интернеттің ақпараттық ресурстары. Интернетте жарияланған білім берудің ақпараттық ресурстары (оларды таратылған ақпараттық ресурстар деп те атайды) білім беруді ақпараттандыру құралы болып табылатындықтан, оларды пайдалану мамандарды даярлау тиімділігінің кепілі болып саналады. Электрондық білім беру ресурсы дегеніміз - білім алушылардың білім, білік дағдыларын шығармашылық және белсенді игеруін қамтамасыз ететін, білімнің тиісті ғылыми-практикалық саласында жүйеленген материалдарды (мәтіндік, графикалық, дыбыстық, бейнежазбадағы ақпарат және т.б.) қамтитын электрондық ресурс деп түсінеміз. және осы саладағы қабілеттер [3].

Білім беру мекемелерінің ақпараттық ресурстарын бүкіл білім беру жүйесінің бірыңғай біртұтас кешеніне біріктіру ақпараттық-білім беру кеңістігінің қалыптасуына алып келеді. Ақпараттық-білім беру кеңістігінің қалыптасуы жағдайында дәстүрлі педагогикалық технологиялар педагогикалық ақпараттық технологиялар деп аталады - өңдеу, беру үшін білім беру қызметінің барлық салаларында қолданылатын материалдық, технологиялық және



ақпараттықмазмұндық құралдар мен ресурстардың жүйелеріне айналады және ақпаратты тарату және оны ұсыну тәсілдерін өзгерту.

Педагогикалық ақпараттық технологияларды құру және дамыту мемлекеттің ақпараттық-білім беру кеңістігінің жұмыс істеуінің қажетті шарты болып табылады, өйткені бұл технологиялар, бір жағынан, педагогика, психология, информатика, басқару теориясының негіздеріне негізделген, екінші жағынан, қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың кең мүмкіндіктерін пайдаланады. Әрі қарай, әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігін қалыптастыру туралы айтуға болады.

АКТ-ның педагогикалық технологияларға әсері. АКТ-ның педагогикалық технологияларға әсері оларды АКТ мүмкіндіктерін пайдалану арқылы байыту арқылы көрінеді. Олар тәрбиешілерді тиімді көмекші құралдармен қамтамасыз етеді, егер олар мағыналы және үйлесімді түрде біріктірілген болса, тәрбиешілерге де, оқушыларға да жаңа мүмкіндіктер береді.

Сонымен, АКТ-ны білім беру үдерісіне қосу:

- сыныптағы оқу-танымдық іс-әрекеттің әр түрлі формаларын ұйымдастыруға;
- студенттердің өзіндік жұмысын белсенді және мақсатты ету;
- Интернеттегі және интранеттегі ақпараттарды іздеу, қол жетімділік, таңдау және құрылымдаудың компьютерлік технологияларының арқасында білім беру ақпаратына кеңірек қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- ақпараттың жеткізілуін және сақталуын қамтамасыз етеді;
- өз кезегінде оқу процесін ұйымдастыруда тұлғалықбағдарланған тәсілді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жеке білім траекториясын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- білім беру және ғылыми орталықтардың ақпараттық ресурстарын біріктіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді;
- жетекші оқытушылар мен мамандарды оқу үдерісіне тартуға;
- үлестірілген ғылыми зертхананың құрылуын қамтамасыз ету (жабдық әртүрлі бөлмелерде ғана емес, сонымен қатар әртүрлі ғимараттарда, қалаларда және тіпті елдерде болған кезде);
- бірлескен ғылыми тәжірибелер мен білім беру бағдарламаларын ұйымдастырады;
- білімді бақылау мен бағалаудың жаңа түрлерін ұсынады.

Жоғарыда айтылғандарды қорта келе бүгінгі таңда түлектерді даярлау сапасына қойылатын талаптар жоғарылаған кезде жаһандық ақпараттандыру, жаңа ақпараттық технологияларды дамыту жүреді, бұл болашақ маманның дайындығын жақсартады.

Қазіргі білім беру жүйесі үшін оқыту, ең алдымен, білім мен дағдыларды алуға ғана емес, танымдық іс – әрекетке бағытталған. Өзгеріс оқушының жеке басына да енеді: бірінші кезекте интеллект жоғарылайды және негізгі бағыт өзін-өзі дамытуға бағытталған. Жоғары оқу орны студент алдымен оқып, содан кейін басқа адамдар мен өндірістік құрылымдарды басқаруға бағытталған қадам жасайтын етіп салынған. Кәсіби құзыреттілік, ғылыми біліктілік, кадрларды даярлау мәселені шешуге шығармашылық көзқарас табатын маманның жаңа түрін қалыптастыруға әкеледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Батоврин В.К., Васютович В.В. Ашық ақпараттық жүйелер ортасының бейіндерін жобалау. // Ақпараттық технологиялар және есептеу жүйелері, №3, 2008. - С. 19-27.
2. Таненбаум, Э.С. Компьютерлік желілер / Э.С. Таненбаум, Д. Уэзеролл. - СПб.: Петр, 2018. - 512 с.
3. Киселев Г.М. педагогикалық білім берудегі ақпараттық технологиялар: оқулық / Г.М. Киселев, Р.В. Бочкова. - М.: Дашков және К, 2013. - 308 с.

Навий Л.<sup>1</sup>, Салыкбаева С.Т.<sup>2</sup>

## ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ӘРЕКЕТТІК МОДЕЛЬДЕРДІ ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Педагогикалық іс-әрекеттер, кез-келген әрекет сияқты мақсат, құрал және нәтижемен анықталады. Құралдар мәселесі мақсатты іс-әрекетке байланысты негізгі мәселе болып табылады. Оқу іс-әрекетінің құралдары мен педагогикалық іс-әрекеттің құралдарын ақпараттандыру жағдайында анықтау бүгінгі күннің мәселесі болып табылады. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында мұғалімдердің іс-әрекетіне жаңа талаптар қойылады. Кәсіби іс-әрекетті жаңалау талабын орындаудың бірден бір жолы ақпараттық технологияларды пайдалану.

Бүгінгі күні ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы заманауи жетістіктер негізінде білім беруді ақпараттандырудың алдыңғы қатарлы үрдістері байқалуда. Ақпараттандыру мәселелері ашық білім берудің объективті заңды тұжырымдамасы болып табылады. Бастауыш білім беруді ақпараттандырудың қазіргі кезеңінің негізгі шарты қоғамның өз дамуының жаңа өркениетті сатысына көшуі болып табылады.

Білім беруді ақпараттандырудың қазіргі жағдайын сипаттайтын ғылыми еңбектер мен әдебиеттерді талдау шетелдік және отандық ғалымдардың білім беру ортасын қалыптастырудың келесі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді:

- 1) Оқушылар мен мұғалімдерді жан-жақты бірлесіп дамыту;
- 2) Білім беру процесінің барлық қатысушыларының даму деңгейі мен жылдамдығын үйлестіру;
- 3) Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен жалпы білім беретін сабақтардың пәнаралық моделі;
- 4) Оқушылар мен мұғалімдерде үнемі өзгеріп отыратын еңбек жағдайларына жас ұрпақты дайындау үшін АКТ қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- 5) «Білім траекториясын» таңдауды қамтамасыз ету.

Қоғамның күрделі өмірлік қызметі компьютерлік ақпараттық технологиялардың пайда болуына ықпал етті және "Интернет" ұғымын өмірге енгізілді. Интернет сөзі тікелей мағынада халықаралық желісі (INTERnational NETwork) білдіреді. Интернет-бұл әлемдегі компьютерлер мен серверлердің жиынтығы, ал қол жетімді ақпараттың көлемін бағалау тіпті қиын. Бір немесе бірнеше мемлекеттің аумағында орналасқан желілер жаһандық деп аталады. Интернет-миллиондаған компьютерлерді біртұтас желіге бірігуін, ақпаратқа шектеусіз қол жеткізу және әр түрлі тәсілдермен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін беретін әлемді ең үлкен және ең танымал желі.

Мұнда ақпараттық қарым-қатынас мүмкіндігі бар білім беру порталдары мен сайттарының басым бөлігі ресейліктерге тиесілі екенін көріп отырмыз. Ресейлік Тілді меңгертудегі компьютерлік бағдарламаларды талдау кезінде біз олардың Интернет пайдаланушылармен өзара іс-қимыл жасайтынын анықтадық.

Ал қазақ тіліндегі сайттардың жағдайы тиісті деңгейде емес. Тұтынушының Интернет желісінде қазақ тілінде толық ақпарат алуға мүмкіндігі жоқ болуына байланысты. Сұраныстың болмауы ұсыныстың сапасын қажетті деңгейге көтере алмайтынын көрсетеді. Ояту тәсілдерінің бірі ретінде біз елде білім беру порталдарын құру, пайдалану саласын кеңейтуге назар аударуымыз керек. XX ғасырдың соңы жалпы білім беретін мектептердің оқу үрдісінде қолданылатын оқытудың техникалық құралдары түрлерінің көбеюі мен ауқымынан

тұрады. Білім беру саласы жаңа ақпараттық ресурстармен толық қамтамасыз етілген. Оқу процесінде компьютерлік ЭЕМ-ді пайдалану, ғылыми- техникалық ақпарат көлемінің қарқынды өсуі және ақпараттың көп санының тез "ескіруі", ақпаратты басқарудың және машинамен өңдеудің тиімді тәсілдерін әзірлеу қажеттілігі туындады. Оқу үрдісінде электронды есептеу машиналарын пайдалануды зерттеумен Қазақстан Республикасының белгілі ғалымдары және жоғары мектептің көптеген мамандары айналысады.

Ақпараттандырудың тиімді түрлеріне тыңдау (тыңдау), бейнелекция сияқты бейне техникасын пайдалану жатады. Оқу барысында ақпараттық технологиялар мен жаңа ақпараттық желілер пайда болды, теледидар орталықтарының оқытушылары мен мамандарының басшылығымен оқу телебағдарламалары дайындалды. Бұл ретте қашықтықтан оқыту құралдары мен Қашықтықтан оқытудың жерсеріктік арнасы ерекше маңызға ие. Бұл жүйе оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігін және білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін жаңалыққа айналды. Компьютерлік бейнеконференциялар техникалық жабдық арқылы алынған деректерді өңдеу мен беруді қамтамасыз етудің жоғары деңгейімен сипатталады. Демек, әрбір білім алушы компьютерлік желі арқылы қосылатын әртүрлі электрондық мұрағаттар мен Тілді меңгертудегі компьютерлік бағдарламаларды жан-жақты зерттеу негізінде көптеген ақпаратқа қол жеткізеді. Электрондық кітапхана, электрондық оқу басылымдары, электрондық оқулықтар және т. б. мүмкіндіктер пайда болды. Бұл, әрине, оқу үдерісін ақпараттандырудағы үлкен жетістіктер. Ғылыми әдебиетті талдау көрсеткендей, ғалымдар жеке тұлға мен Ақпарат арасындағы байланысқа көп көңіл бөледі. Олар, егер бұл адамда тұлғаның ақпараттық мәдениетін сипаттайтын белгілі бір білім, дағды табылған жағдайда ғана ақпаратты меңгеруге болады деп санайды. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың ерекшеліктері. Бұл еңбектерде Педагогикалық қызметті ақпараттандырудың негізгі бағыттары, мұғалімдерді ақпараттық қамтамасыз етудің жедел жүйелері, ақпараттық ресурстарды құрудың, сақтаудың және пайдаланудың теориялық аспектілері сипатталған.

Ақпараттандыру жағдайында мұғалімдердің ақпараттық технологияларды құрал ретінде пайдалану көптеген ірі ғылыми жұмыстарда қарастырылған және т.б.

Ақпараттық қоғамның критерийлері ретінде келесі үш жағдайды алуға болады:

- компьютерлердің болуы;
- компьютерлік желінің даму деңгейі;
- күнделікті өмірінде іс-әрекетінде ақпараттық технологияны пайдаланатын және ақпараттық салада еңбек ететін тұрғындардың саны.

Ақпараттандыру үрдісі келесі өзара байланысқан үш үрдісті біріктіреді:

- 4) Интеллектуалдандыру – адамдардың (қоғам мүшелерінің) ақпаратты қабылдау және жасау қабілеттерін дамыту, тудыру;
- 5) Компьютерлендіру – ақпаратты іздеу және өңдеу құралдарын жетілдіру үрдісі;
- б) Медиостизациялау – ақпаратты жинау, сақтау және тарату құралдарын жетілдіру үрдісі.

Е.С. Полаттың пікірінше жаңа технологиялардың оқыту тәжірибесіндегі ролін, оның оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық және адамгершілік даму үрдісі ретінде қарастыру қажет. Даму педагогикалық үрдісте оқыту ұғымының альтернативасындай кілттік сөз ретінде қалыптасты.

Д.М.Жүсібадиеваның іргелі зерттеуінде ара қашықтықта оқыту мәселелері ұсынылған. Педагогикалық технологияларға сәйкес ара қашықтықта оқытуды жүзеге асырудың негізгі құралы болып «Интернет – қиындылар» түрінде жинақталған оқу фильмдері, электрондық оқулықтар және ақпараттар саналады. Ара қашықтықта оқытудың қатысушылары үшін белгілі ғалымдар мен тәжірибешілердің еңбектері, мұражайлардың, кітапханалардың, мұрағаттардың қорлары қол жетерлік дүние болып табылады. Ара қашықтықта оқытудың сипатты жағы болып иілгіштік, модульдік және экономикалық

тиімділігі табылады. Ара қашықтықта білім алу жүйесінде оқушы лекция, семинар түрінде өтетін сабақтарға күнделікті қатыспайды, өзіне ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде жұмыс істейді. Ара қашықтықта оқыту бағдарламасының негізіне модульдік принцип жатқызылған. Әрбір жекелеген курс белгілі пәндік сала туралы бүтін бір түсінік береді. Бұл тәуелсіз курс – модульдердің ішінен жекелеген немесе топтық қажеттілікке сай оқу бағдарламасын құрастыруға мүмкіндік береді. Оған танымдық процесін үйлестіру, оқытылып отырған курсты дұрыстау, жекелеген оқу жоспарын құру барысында кеңес беру, оқу жобаларына басшылық жасау сияқты функциялар жүктеледі. Ол оқу топтары арасындағы өзара қолдау көрсетуді басқарады, оқушыларға олардың кәсіби өзін-өзі анықтау жолында көмектеседі.

Қашықтықтан оқыту оқушы мен мұғалімнен алғашқы кезекте компьютерді пайдаланушының дағдыларын қажет ететін болғандықтан зерттеуші Интернет пен компьютерлік локальды жүйелерді пайдалану жөніндегі әдістемеліктер жасаған.

А.Л. Мухавиковтың «Интернет қазақстандық сегменті мысалында телекоммуникациялық жүйелерді ақпараттық толтырумен жұмыс істеуге үйрету әдістемесі» тақырыбындағы зерттеу жұмысында телекоммуникациялық жүйелерді мағыналы толтыру ерекшелігін зерттеу есебінен орта білім беру мектебінде информатикаға оқытудың әдістемелік жүйесін кеңейтудің мақсаттылығы негізделген. Интернет қазақстан сегменті ресурстарының болуы мысалында телекоммуникациялық жүйелерді мағыналы толтырудың пайдаланыстағы оқу моделі жасалған.

Интернет оқушыларға ақпараттық кеңістікте еркін қозғалуға және ақпаратты іздеу және өңдеу жолдарын таңдау еркіндігіне мүмкіндік береді. Мұндай оқыту барысында оқушылардың экрандық ақпаратты қабылдау, көрнекі бейнелерді ауызша жүйеге түрлендіру, сапаны бағалау және ақпаратты тұтытуда тапқырлық көрсету, сондай – ақ кең мағынадағы хабарламаларды талдау- ақпараттың жасырын мәнін түсіну қабілеті дамиды.

Жаңа ақпараттық технологияларды білім беру үрдісінде пайдаланудың негізгі артықшылықтарын төмендегідей атап көрсетті. Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиісті мәліметтер көлемін ұлғайтады. Бір-бірінен үлкен ара-қашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орнында отырып білім алуға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқыту жүйесін көп деңгейлі жетілдірілуі олардың таралымдалуы мен оқу материалының сапасын арттырады. Компьютердің көмегімен оқушы өз бетінше, сондай-ақ өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Ақпараттық технологияны білім беруге ендіру барысында оқу орнының мәдениеті мен оқу үрдісіндегі мұғалімнің рөлі өзгереді. Оқушыларға берілген ғылыми және оқу ақпаратының көп болған жағдайында мұғалімнің пән аумағында және пәнаралық аумағында кәсіби дайындығына қойылатын талаптар көбейе түседі. Сонымен қатар, мұғалімнің жеке тұлғалық, жалпы мәдени, коммуникативтік білім, білік, дағды және құзыретіне талаптар көбейе түседі.

Қазіргі кезде осы айтылған талаптар, ерекшеліктер ескерусіз қалып, оқу үрдісінде ақпараттық технологиясын ендіру мен ақпараттық ресурстармен жұмыс істеуге байланысты мәселелерді шешу қазіргі ірі педагогикалық мәселелердің бірі болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.Ы.Бидайбеков. Информатиканы оқыту әдістемесі Оқулық. Алматы 2014.
2. Информатиканы оқыту әдістемесі: – Алматы: Дастан, 2014. – 113 б.
3. Ш.Шекербекова. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы жоғары сынып оқушыларына «Ақпараттық технологиялар» -Қызылорда: ҚМУ. 2008. – 145 б.

Кукубаева А.Х.<sup>1</sup>, Сармекенова А.Д.<sup>2</sup>

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Психология ғылымдарының докторы, доцент, профессор  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының  
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің негізгі міндеті баланың рухани және тәндік мүмкіндігін дамыту, оны оқыту, тәрбиелеу мен өзіндік қабілетінің дамуына жағдай жасау.

Қоғам алдындағы тұрған негізгі мақсаттардың бірі - білім беру жүйесін түбегейлі жаңарту және білім берудің жаңа үлгісін таңдау. Қазіргі кезеңдегі мектеп әрбір балаға және адам ретінде қарап, өзіне тән ой өрісі, еркі, әрекет жасайтын қабілеті бар, батыл пікір айта алатын тұлға екенін ескере отырып тәрбиелеуге бет бұрды. Демек, мектептегі оқу үрдісі оқушылардың ізденімпаздығын, танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әлеуметтік дамытуға жол ашуы қажет.

Қазіргі ғылым мен техниканың қарқынды дамуы мұғалімдердің шығармашылықпен, ғылыми зерттеу бағыттарында жұмыс жүргізу керектігін көрсетіп отыр. Тәуелсіздік туы желбіреген мемлекетіміздің ертеңгі, ел тізгінін ұстар азаматы – бүгінгі білімді шәкірт екендігіне еш күмән жоқ. Ал білімді шәкірт - білімді ұстаздың жемісі. Білім берудің озық технологияларын меңгеру қазіргі заманның басты талабы. Шығармашылықпен жұмыс істеу, үздіксіз іздену арқылы мұғалім өз шеберлігін арттырып отыруы қажет. Мұғалімнің шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі - әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені меңгеру, игеру.

Сапалы, тиімді, нәтижелі жүргізілген әрбір сабақ – ұстаздың еңбегінің айғағы. Оқытудың негізгі формасы, оқыту, білім беру үрдісінің негізгі мақсаты – оқушыда білім, дағды, іскерлікті қалыптастыру. Кез келген теориялық білімнің практикасы да сабақта талқыланып, түсіндіріліп, пысықталып, балаға білім негіздері қалыптастырылады. Сабақ баланың өмірінің бір кезеңі, оның өмір сүріп жатқан ортасы. Сабақ оның адамгершілік қасиетін, қызығушылығын, танымдылығын қалыптастырады. Мұғалім оқушыны қорқыту арқылы білім бермей, олардың жан дүниесіне кіре отырып сабақ өткізуі тиіс [1].

Заман талабы сабақта мұғалім мен оқушы арасында, бір-біріне деген сенімділік, сыйластық, достық қарым-қатынас қалыптастыру. Ол үшін оқытудың жаңа технологияларын жете меңгеріп қана қоймай, оқушы білімін бағалауда да тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланған жөн.

Бүгінде ұстаздар қауымына оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми негізін жете түсінуді, жаңа әдіс-тәсілдердің тиімділігін, ғылыми - теориялық білімділігімен тәжірибелік қабілеттері арқылы күрделі әлемдік, өмірлік әрі әлеуметтік кеңістікке еркін ене алатын қасиеттерге ие дарынды тұлға тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Әдіс пен жұмыс тәсілдері - оқушының ойлау қабілетіндегі сапа, жүйелік, әрбір оқушының өмірге даярлығын, диалектикалық дүние танымының қалыптасуының маңызды компоненті. Білім берудегі ең басты қағида - оқушыларды үнемі шығармашылық әрекетке шындай отырып, өзін-өзі дамытуға жетелеу.

Білім беру саласындағы инновациялық процестердің күрделілігі мен қайшылықтары жаңа құбылыстармен әрекеттесу және жалпы орта білімді ізгілендірудің сапалы кезеңінде оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың мәселесін өзекті етуде. Соңғы жылдары оқу-тәрбие процесіндегі жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқытуға үлкен мән берудің өзі еліміздегі өзгерістердің маңыздылығын көрсетеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығын қалыптастыру - оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты. Шығармашылық қызығушылық – тұлғаның ізденімпаздық қабілет

сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Себебі, өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс-әрекетке тұрақты шығармашылық қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта өміршең дамуына мүмкіндік алады. Сондықтан шығармашылық қызығушылықты жеке тұлғаның дамуына, оның рухани жетілуінде мәні терең, мотивациялық, білімділік бағдар құндылығы ретінде танылуының маңызы зор.

Шығармашылық іс-әрекет – мәселелі қою, ойды тұжырымдап айту, идеяның пайда болуы, оны шешу, оның логикалық дамуы, аталған мәселені шешуде тиімді әдістерді қолдану, негіздеу, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу барысында нәтиженің нақты көрінуі.

XXI ғасыр білімін адамның шығармашылық қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің жеке тұлғалық дамуы деп түсіну қажет. Бұл - әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, жеке тұлғасы қалыптасады. Шығармашылық қызығушылық әлеуеттің дамуы жаңашылдықтың қажеттілігін сезіну арқылы, оған деген өзінің сенімдерін қалыптастыру арқылы көрінеді де, өз білімін, танымын кеңейтуге негіз болады [2].

«Шығармашылық қызығушылық» ұғымының мазмұнын психологтар мен педагогтар төмендегідей сипаттайды:

- жаңалықты сезінуге деген тұлғаның сезімдері, жаңалыққа ұмтылу, ойлаудың жоғары деңгейі, жаңа жағдайға қарай әрекет түрлерін тез арада өзгерте алу қабілеті (Ю.Н. Кулюткин);

- тұлғаның шығармашылыққа бағытталған позициясы, бағыттылықтары (А.М. Матюшкин);

- индивидтің шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін көрсететін қасиет (Л.В.Занков).

Жалпы орта білім беретін мектептерде жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың басты міндеттері мынадай мәселелерді анықтауды қамтыды: жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыруда пән сабақтарының дидактикалық мүмкіндіктерін; оқу процесінде оқушылардың шығармашылық қызығушылығының қалыптасуына әсер етіші факторлар мен дидактикалық шарттарын; оқушылардың шығармашылық іс-әрекетке қызығушылық деңгейлерін; жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың мазмұнын, әдістемелік бағыттарын; шығармашылық оқыту технологияларының мәні мен маңызын анықтау.

Сонымен, білім берудегі инновациялық процестерді жүзеге асырып, дамыту – бұл білім беру жүйесінің дамуы, оны жаңарту мен тиімділігін арттырудың шарттары. Сондықтан да қазіргі таңда балаға деген көзқарас пен қарым-қатынаста баланы объект деп қарамай, оны дамушы тұлға ретінде қабылдап, оқу-тәрбие жұмысын осыған лайық өзгерістерге сай, қазіргі педагогикадағы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияны енгізудің қажеттілігі туындап отыр. Ал жаңа технологияны пайдаланудың мақсаты – міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, шығармашылық деңгейге жету.

Білім берудің адамға, тұлғаға бағытталуы, білім мазмұнының жариялылығы заман талабына сай білім беру мен ұлттық оқу-тәрбие процесінің гуманистік сипаты жаңаша оқытудың әдіснамалық негізі ретінде қызмет ете алады. Оқытудың мазмұнын, өзіндік ерекшеліктерін, одан туындайтын ұстанымдары мен шарттарын жүйелеу арқылы қазіргі ұлттық білім берудің философиялық тұғырнамасын, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін жасауға болады, мұны ескермей мектептер мен білім беру мекемелеріндегі ұлттық идеяны көздейтін тұжырымдамалық тұтастықты қамтамасыз ету мүмкін емес.

Бүгінгі білім жүйесінде, Д. Дьюи атап өткендей, “Үлкен өзгерістер басталуда. Ол маңызы жағынан Н. Коперниктің жаңалығына (күн астрономиялық орталық, басқа планеталар оның айналасына шоғарланады, оны айнала қозғалады) тең болып отыр, яғни,

оқушы тұлғасы орталыққа айналып, барлық педагогикалық әрекеттер оның айналасына шоғырландыра жүргізіледі” [3].

Шығармашылық іс-әрекетке деген ынта-ықыласты оятуда мынадай оқыту қызметтерінің маңызы зор: оқудағы жетістікті қамтамасыз ету; оқыту формаларының түрлерін жетілдіру, оқу материалының мазмұнын оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес құру, білімді меңгерудің әдіс-тәсілдерін оңтайландыру, жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану, мұғалім мен оқушының жағымды ықпалды әрекеттерін жетілдіру, шығармашылық оқытуды кеңінен пайдалану т.б.

XXI ғасыр қоғам өмірінің әр түрлі саласында үнемі өзгеріп отырған маңызды ғаламдық процестермен сипатталады. Ол білім беру саласына да әсер етіп, оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың жаңа жолдарын іздестіруді талап етеді. Осыған орай, бүгінгі ақпараттық қоғам жағдайының өркениетті, прогресшіл бағытына сай, терең білімді, өзгермелі жағдайға тез бейімделгіш, өзін-өзі саналы игеретін, бәсекелестік жағдайда өресі биік, азаматтық-тұлғалық бет-бейнесі қалыптасқан, рухани жан дүниесі бай, шығармашыл тұлға тәрбиелеу қоғамның басты мақсаттарының біріне айналды. Бұл мақсат-міндеттердің жүзеге асуы адам бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашып, оқыту мен тәрбиені сабақтастықта, шығармашылық мақсат қоя отырып, арнайы оқыту процесін жүргізгенде мүмкін болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 12 жылдық мектепте оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру. Оқу құралы. –Ақтөбе, 2006. –146 б.
2. Дарынды тұлға ілімі - өшпес мұра. Оқу құралы. –Ақтөбе, 2007. –180 б. (бірлестікте: Есекешова М.Д.).
3. Оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Оқу құралы. –Ақтөбе, 2007. –191 б. (бірлестікте: Нұрмұханова Г.Е.).

Кукубаева А.Х.<sup>1</sup>, Сармекенова А.Д.<sup>2</sup>

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,

Психология ғылымдарының докторы, доцент, профессор

«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Қазіргі ғалымдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс.

Бастауыш мектеп- бұл оқушы тұлғасымен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім-үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Оқу тәрбие процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерек.

Менің ұстаздық тәжірибемде, оқыту-тәрбиелеу барысында алдыма қойған мақсатым – әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Оқу тәрбие процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерекше. Педагогикалық психология бастауыш сатыда оқушының эмпирикалық (көрнекі-бейнелі және көрнекі әрекеттің) ойлау түрлерінің деңгейі жоғары болса, осыны тірек ете отырып логикалық (теориялық) ойлауы да тиімді дамиды деп есептейді. Осы саладан түйгенім-оқушылардың оқу материалымен белсенді түрде жұмыс істеуі, өздігінен жасайтын жұмыстары олардың белсенділігін арттырады, оқу мен ойлау әрекетінің тиімді амалдарын қалыптастырады [1].

Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда жаңа технологияны тиімді пайдалана білу үлкен рөл атқарады. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру-әр ұстаздың негізгі міндеті.

Мұғалім бұрын жаңалықтың жаршысы, білім нәрін өзі айтып қана жеткізуші, ал оқушы тыңдаушы, дайын білімді тыңдап қайталаушы болды. Қазір бәрі өзгерді. Оқушы – өздігінен ізденетін, шығармашылық әрекеттер жасайтын жеке тұлға. Мұғалім – нақты бағыт сілтеп, оқушы еңбегін ұйымдастырушы, бақылаушы. Қай технологияны қолдансақ та естен шығармайтын нәрсе – оқушының өзіне деген құштарлығын, қызығушылығын жоғалтып алмау.

В.Сухомлинский «Бала бойындағы білімге деген құштарлық, талап, ынта отын сөндіріп алмаңдар... Партадағы жұмыссыздық – аса қатерлі қауіп» деген екен.

Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білемін.

Жүйенің басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, басшылыққа алу, әрі қарай ұшқырлау, тұлғалыққа бағыттау.

Ойын сабақтар. Қазіргі оқыту технологиясының ең қажетті әдістерінің бірі-ойын. Ойын теориясы өте ертеден-ақ дидактиканың саласы.

Көрнекті педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес» деген. Ойын формасын қолдануда 2 жақты дидактика байқалады: біріншіден-ойнау үшін білу, үйрену қажеттілігі; екіншіден-адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтау қажеттілігі.

Ойын кезінде бала көңілі көтеріледі, өзіне сенімділігі артады, білімге деген ынта-ықыласын жетілдіреді. Ойынды ойнағанда мұғалімнің мақсаты айқын болу керек, оқушылардың ерекшелігіне сай таңдап алынуы тиіс. Оқушының сабақты жақсы меңгеруінің бір айқын кепілі оның сөйлеу тілінің дамуына байланысты. Халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлі жұмбақ, жаңылтпаш сияқты ойындары-тіл дамытудың әсерлі құралы [2].

Ойын түрлері сан алуан. Оларды қайталап ойната беру де жалықтырады. Әр ойынның өз жаңалығы болуы қажет. Сонда ғана оның дамытушылық маңызы болады. Ж.Аймауытов: «Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседен бір жаңалық болу керек», -дейді. Ендеше, оқытумен қатар тексерудің де түрлерін ауыстырса, бала ізденісі арта түседі.

Әрбір қоғамның әлеуметтік – экономикалық даму деңгейі, сол қоғамдағы жеке адамның шығармашылық потенциалына байланысты. Олай болса, егеменді еліміз Қазақстанда шығармашылық жеке адамды дайындау қажеттігі туындап отыр. Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Осыған орай, қоғамның жаңа талап-тілектері мен әлеуметтік сұранысын қамтамасыз ету мақсатында творчестволық тұрғыда ойлаушы, тәуелсіз жеке адамды, дербес шешім қабылдауға бейім ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі күнде аса маңызды мәселе болып отыр. Шығармашылық жеке адамды қалыптастыру педагогикалық психология ғылымының кейбір жақтарын жаңаша қарауды талап етеді.



Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған ролі атап көрсетілсе, осы заңның 41-бабында: «педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көздеген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, жеке шығармашылық қабілеттерінің көрінісін, дамуы үшін жағдай жасауға міндетті», - делінген.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің дамуында жағымды өзгерістер және оқыту мен тәрбиелеу ісінің ұтымды жақтары ашылып жатқанымен, оқушылардың жеке басының шығармашылық жақтарына терең үңіле бермейміз.

Бастауыш мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс уақытындағы іс-әрекетінде шығармашылық қабілетін дамыту - өскелең буынға тәлім-тәрбие берудегі күрделі психологиялық әрекет болып табылады. Шығармашылық қабілеттің дамуы оқушылардың интеллектісін дамытумен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекеттің субъектісінің творчестволық сапалық ерекшеліктерінің, сабақ кезінде және сабақтан тыс кездерінде диагностикалық және творчестволық тапсырмаларды ұтымды қолданудың мәні зор.

Қазіргі кезде мектептердегі білімдер жүйесінен бір дағдарыс кезеңдерін көруге болады. Мұның мәні – оқыту әдіс-тәсілдерінің жеткіліксіздігі емес немесе мектеп өмірін басқаша ұйымдастыру емес. Бүгінгі күннің негізгі талабы – білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын жаңаша ойлай алатын шығармашылық адамға айналдыру.

Балаларға әлемнің көп бейнелі жақтарын шығармашылық таным негізінде қабылдай алу қабілетін дамыту қажет. Осының негізінде интеллектуалды, креативті (творчестволық қабілетті) ұрпақты тәрбиелеп оқыту, педагогикалық психологияның маңызды мәселелерінің бірі деп білеміз. Педагогикалық психология тұрғысынан шығармашылық іс-әрекетті зерттеу, соның бір тарауы шығармашылық қабілет мәселесі аса маңызды сұрақтардың бірі.

Әрбір жеке адамның шығармашылық қабілетінің дамуының жоғары жетістігі, тек сол адамның ғана жеке басының даму көрсеткіші емес, бұл қоғам дамуында да, өркендеуіне де едәуір әсер етеді.

Біз зерттеу жұмысымызда бастауыш мектеп кезеңін алып отырған себебіміз, шығармашылықты жеке адам ретінде дамуына бұл кезеңнің мәні зор. Сондай-ақ қабілетті балалардың шығармашылық потенциалын дамытуда оқыту жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізу, оқыту үрдісін біршама жаңаша ұйымдастыруды да негізге алу қажет.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетінің дамуы оқу барысын дұрыс ұйымдастырумен байланысты. Мектеп мұғалімдері көп жағдайда оқушылардың пәнге байланысты жаңа материалды дұрыс меңгеріп, сабақ үлгерімінің жақсы көрсеткіштеріне қанағаттанып қояды да, олардың айрықша, стандартты емес шешім қабылдауына, творчестволық белсенділігіне жағдай жасай бермейді.

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: “...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұпарды есекке айналдырып құртып тынады”. Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Қорыта келгенде, О.Бальзактың “ұдай еңбек ету - өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артырудамұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Әрине, артқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олар – білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми-ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, т.с.с. Өйткені, ХХІ ғасыр- білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Психология. Қызылорда-Ташкент. 1926.
2. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. Алматы, 1996.
3. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды. М., 1980.
4. Әбенбаев С.Ш. Сынып жетекшісі. Алматы, 2004.

**Рақымжан Ә.Қ., Саулебекова Л.**

### **МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАР СЕЗІМІ МЕН ЭМОЦИЯСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.**

Ғылыми жетекші: п.ғ.м, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.  
«Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01303 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Эмоциялық-еріктік аумақтың қалыптасуы бала тұлғасының қалыптасуындағы маңызды шарттардың бірі болып саналады. Эмоциялық аумақтың дамуына отбасы, мектеп, баланы қоршап тұратын және оған үнемі әсер ететін өмір жағдайлары ықпал етеді.

Ақыл-ойы кем балалардың эмоциялық-еріктік аумағын мақсатты түрде зерттеу мінез-құлық бұзылысының негізгі себебі баланың өз кемістігін сезіну, қолайсыз орта және басқа да жағдайлар болатынын анықтауға мүмкіндік берді.

Эмоциялық –еріктік аумақ білім, білік, дағдыларды игеруде, сондай-ақ, айналадағылармен қарым-қатынас орнатуда, баланың мектепте және мектептен тыс жерлерде әлеуметтік бейімделуінде үлкен рөл ойнайды.

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан күрделі жаңалықтар, өзгерістердің кемтар балалар мәселесіне де байланысты екендігі айқын. Атап айтқанда, ақыл-ойы кем балалардың дұрыс тәрбиеленіп, жан-жақты дамуына көп көңіл бөлініп, олардың іс-әрекеттеріне және барлық қасиеттерінің ерекшеліктеріне зерттеулер жүргізіліп, өзекті мәселе ретінде қарастырылған. Сонымен қатар мұндай балалардың біліміне, іскерлігіне, қабілетіне, эмоциялық ерік жігеріне ден қойылып, арнайы мектептер, үйірмелер, бала бақшалар ашылды.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу, ойын, еңбек үстіндегі қоршаған ортасымен эмоционалды қатынасы бақыланып, жағымсыз эмоциялардың жойылуы үшін әдістемелер пайдаланып, қолға алынған тиімді шара. Түрлі ауытқушылығы бар балалардың эмоционалды күйлерін бір-бірімен және қалыпты күйдегі балалармен салыстыру қандайда бір қорытындының шығуына себепші бола алады. Өмірге келген әр кемтар баланың қыр-сырын білу үшін жан-жақты бақылаулар жүргізіледі.

Мінез-құлқы, эмоциясына байланысты бұл балаларды мектеп жасына жеткеннен ақ қоғамдық өмірмен, жаңа ортадағы өз міндеттерімен таныстырамыз. Осы кездерде кемтар

балалардың өздерінің ішінен қабілетті, эмоциялық ахуалын қалыпты меңгере алатындарын көре аламыз.

Дене кемістігінің қай түрі болса да, мейлі ол соқыр, не саңырау, не туғаннан кем ақыл болса да оның өмірге деген көзқарасы өзгеріп қана қоймай, айналасындағы адамдармен де қарым-қатынас жасауын қиындатады. Дене кемістігімен ауру адамның әлеуметтік өміріндегі мінез-құлқының ауытқуына әкеп соқтырады. Әулеттегі кеміс балаға көбірек қамқорлық көрсетіп, оған басқа балаларға қарағанда ерекше көңіл бөлінеді. Бала басындағы бақытсыздық бәрінен бұрын оның маңындағы жақын адамдардың жан ашырлық сезімін оятып, оған деген көзқарасты өзгертеді.

Олигофрен баланың психологиясы ақылы кешеуленген бала психологиясының өзіндік дамуын зерттеумен айналысып, олардың жекелік тұлғасын қалыптастыруға, оқу және тәрбиедегі тез өзгеру мінезінің даму жолдарына ыпал жасайды. Олигофрен баланың тұлғалық негізгі мінездемесіне оның эмоционалды ахуалының пісіп жетілмегендігі жатады.

Эмоция және сезім тұлға дамуында негізгі рольге ие. Олигофрен балада эмоциялық ахуалдың алғашқы дәрежі өзгерулері психопатологиялық өзіндік бейненің құрылу мінезіне, оның жаңа қарсылық сапасына, негізгі психологиялық ахауды күрт ауырлататын түзетуіне байланысты. Міне сондықтан да ақылы кешеуленген баланың эмоциясы мен сезімін, қалыптасуын және тәрбиеленуін оқып-білу өте маңызды.

Уайымдау мәселесі қазіргі заманғы психологиялық ғылымның приоритетті бағыттарының бірі болып табылады.

Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи концепциясы шеңберіндегі теоретикалық өңдеулерді біз ақыл-ойы кем балалар тұлғасының эмоционалды-ерік сферасын зерттеу кезіндегі приоритеттік әдістемелік негіз ретінде қарастырамыз.

Бұл теоретикалық жағдайларға байланысты биологиялық факторлар баланың психикалық дамуының шарттары болып табылады, оның әлеуметтік қайнар көзі, ал қоршаған ортамен белсенді қатынаста болу-оның әрекет ету күшін білдіреді. Бала қоршаған ортамен қатынас процесіндегі қоғамдық тәжірибені белсенді түрде меңгеретін дербес субъект болып табылады.

Ақыл-ес кем балалардың эмоция мәселелерін өңдеулер 30-жылдарға жатады, ол кезде Л.С.Выготский ақыл-есі кемдіктің жаңа сұрақтарын теориялық түрде өңдеген. Ақыл-есі кем баланың жоғарғы психикалық қызметтерінің интеллектуалдық әрекетін дамыту және түзету процесінде интеллект пен аффект қатынасының өзгерісі жайлы жағдайлары негізгі болып табылады, ол кезде өзінің мінез-құлқы мен әрекетіндегі интеллектуалдық саналы регуляция қабілеті өседі, онда сезім мен аффект алғашқы жетекші рольді алады.

Л.С.Выготский «дамудың әлеуметтік жағдайы» түсінігін қалыптастырып және балаға қоршаған ортаның ықпал етуі тек ортаның сипатымен анықталмай, сондай-ақ балада көрінетін жеке ерекшеліктер, уайымдармен болатындығын айтқан. Сонымен қатар ғалым бала оған әсерлер ықпал ететіндігін қалай түсінетіндігімен уайымдау сипаты анықталатындығын айтты. Эмоционалды ортаның ықпалы олигофрен-оқушының кемістігін түзеуге әсер етуі мүмкін. Алайда егер де пайда болған эмоциялар балада өлшеммен талқыланбаса, онда жалған талқылау пайда болады. Кейде реттелмеген сыртқы аффект балалардың тұлғасын қайта бағалауға, ұжымдағы дұрыс емес көзқарастарға, жағдайларға әкеледі.

Уайымдау мәселесі қазіргі заманғы психологиялық ғылымның приоритетті бағыттарының бірі болып табылады.

Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи концепциясы шеңберіндегі теоретикалық өңдеулерді біз ақыл-ойы кем балалар тұлғасының эмоционалды-ерік сферасын зерттеу кезіндегі приоритеттік әдістемелік негіз ретінде қарастырамыз.

Бұл теоретикалық жағдайларға байланысты биологиялық факторлар баланың психикалық дамуының шарттары болып табылады, оның әлеуметтік қайнар көзі, ал

қоршаған ортамен белсенді қатынаста болу-оның әрекет ету күшін білдіреді. Бала қоршаған ортамен қатынас процесіндегі қоғамдық тәжірибені белсенді түрде меңгеретін дербес субъект болып табылады.

Ақыл-ес кем балалардың эмоция мәселелерін өңдеулер 30-жылдарға жатады, ол кезде Л.С.Выготский ақыл-есі кемдіктің жаңа сұрақтарын теориялық түрде өңдеген. Ақыл-есі кем баланың жоғарғы психикалық қызметтерінің интеллектуалдық әрекетін дамыту және түзету процесінде интеллект пен аффект қатынасының өзгерісі жайлы жағдайлары негізгі болып табылады, ол кезде өзінің мінез-құлқы мен әрекетіндегі интеллектуалдық саналы регуляция қабілеті өседі, онда сезім мен аффект алғашқы жетекші рольді алады.

Алғаш рет көмекші мектеп оқушыларының эмоционалды-ерік аймағының динамикасын М.С.Певзнер мен В.И.Лубовский (1963) зерттеген. Олигофрен балаларды алғашқы оқу жылынан бастап бітіргенге дейінгі уақытта кешенді түрде зерттеу арнайы түзете ықпал студия әсерінен психикалық процестер, соның ішінде эмоционалды аймақ пен мінез-құлық қалай өзгертіндігін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудегі ерекше бағалы олигофрен-балалардың түрлі клиникалық нұсқасындағы тұлғасының даму динамикасы болып табылады. Егер де оқытудың алғашқы кезінде қозғыш олигофрендердің психологиялық ерекшеліктері психопатологиялыққа ұқсас болса, онда жоғарғы сыныпта олардың эмоционалды-ерік аймағында жағымды жылжу байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Платон. Философское наследие. – М.: 2009. 468 б.
- 2 Керимов Л. Психокоррекционная работас тревожными детьми. - М.: Наука, 2010. - 90 б.
- 3 Мырзалиев.К. Психология. - Алматы: Мектеп, 2014. - 97 б

Навий Л.<sup>1</sup>, Сейтқали Д.<sup>2</sup>

## **ЖОО БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНДЕ СТУДЕНТТЕРІНІҢ БЕЙІМДЕЛУІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Білім алушылардың ЖОО-да психологиялық бейімделуі деп оқу орнында қалыптасқан талаптардың орындалуы, тәртіптілік, бағалау критерийлерін түсіну, құндылықтар мен нормаларды меңгеру, бір сөзбен айтқанда, білім алушының осы оқу орнына бейімделу қабілеті түсініледі. Оқушылардың оқу орнына оңтайлы бейімділігін қамтамасыз ететін тактика мен жоспарларды жасау үшін студенттердің өмірлік жоспарлары мен мүдделерінің жүйесін, басым мотивтерді, тартымдылық деңгейін, өзін-өзі бағалауды, мінез-құлықты саналы түрде реттеу қабілетін және т. б. құру қажет. Ол үшін ЖОО білім алушыларымен әр түрлі тестілер, тренингтер және жаттығулар, сауалнама жүргізіледі. ЖОО-да оқу бағдарламасы кез келген оқытушыдан білім алушылардың колледжге бейімделуін қалыптастырудың дұрыс және тиімді жолдарын білуді талап етеді. Қалыптасқан студенттер арасында да айтарлықтай жұмыс жүргізу қажет. Колледждегі оқу процесі бірнеше жүйелерді біріктіретін әртүрлі, динамикалық жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жүйенің түпкі мақсаты-мамандарды жалпы және кәсіби даярлаудың жоғары сапасына қол жеткізу.

Сондықтан оқушылардың бейімделу ерекшеліктерін анықтау үшін терминді психологиялық-педагогикалық ғылымда түсіну қажет.

Бұл бағытта зерттеушілер оқушылардың бейімделу процесінің үш түрін ажыратады:

1) бейімделу-білім алушылардың жаңа ортаға бейімделуіне қатысты формалды;

2) әлеуметтік бейімделу, яғни бірінші курс білім алушыларының ішкі интеграциясы және жалпы студенттік ортаға интеграциялану;

3) білім алушыларды тәрбие жұмысының жаңа түрлері мен әдістеріне дайындау бойынша дидактикалық бейімдеу. Осылайша, бейімделу-бұл қоршаған ортадағы өзгерістерге сәйкес келетін мінез-құлық модельдері мен стратегияларын тудыратын адаммен қоршаған ортаға өзара әрекеттесу процесі.

Бірінші курс-оқушының бейімделу жағдайынан тиімді шығуы, оның жеке қабілеттері оның мүмкіндіктері мен туындаған қиындықтарға байланысты.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте бірінші курс білім алушыларының білім беру үдерісінде табысты психологиялық-педагогикалық бейімделуіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар көрсетілген.

Бірінші кезекте бейімделу бірінші курс студенттерінің арасындағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Білім алушының табысты үлгерімі үшін қажетті шарт - бұл колледжде оқыту мен тәрбиелеудің жаңа қағидаларын меңгеру. Бірінші оқу жылында бірінші курс студенттерінің студенттік топтарға бейімделуі, психикалық белсенділікті ұтымды ұйымдастырудың қалыптасқан дағдылары, таңдалған мамандықтар туралы бағдарлау, оңтайлы жұмыс режимін, оңтайлы демалыс пен күнделікті режимді дамыту, тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту және тәрбиелеу. Бірінші курсқа бейімделу процесі келесі деңгейлер бойынша жүреді:

1. оқытудың жаңа жүйесіне бейімделу.

2. өзгертілген білім беру режиміне бейімделу.

3. жаңа топқа кіріспе.

ЖОО-на түсумен қатар, жаңа қарым-қатынас жүйелері мен оқытудың нақты процесі бірінші курс студенттері үшін ерекше қиындық тудырады. Ұзақ мерзімді таныс мектеп стереотипінің күрт бұзылуы, мұғаліммен өзара әрекеттесу сипатының өзгеруі, жаңа әлеуметтік қауымдастыққа кіру, сондай-ақ осы қарым-қатынас жүйесінде орын алуға тырысу нәтижесінде қарым-қатынастағы қиындықтар, оқу мотивациясының төмендеуі, көзқарастардың сәйкес келмеуі сияқты жағымсыз жағдайлар туындауы мүмкін.

Осыған байланысты мен диссертациям үшін студенттердің педагогикалық және психологиялық бейімделуіне зерттеу жүргіздім.

Жалпы педагогикада экспериментальды жұмыс табиғи және зертханалық экспериментке бөлінеді.

Олармен арнайы әңгімелер жүргізілді, жеке және топтық оқытылды, олардың тиімділігін қадағалады.

Осы оқу орнында мен Арнайы пәндер оқытушысымын, сондықтан жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді оқу бойынша осы топтарға зерттеу жүргізуге мүмкіндік алдым.

Жұмыс уақыты ішінде екі топта жұмыс істеу үлкен мүмкіндіктер берді, республикалық бюджет және жергілікті бюджет бойынша білім алушылардың қандай айырмашылықтары, олардың білім деңгейі, бейімделу деңгейі туралы білді.

Академиялық ұтқырлық бойынша оқитын студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделуін зерттеу нәтижелерін талдау үшін жоғарыда аталған мақсаттарды іске асыру үшін педагог-психологпен бірлесіп жылдық жоспар жасалды.

Жоспарда көрсетілгендей:

\* Қолдау көрсету кезеңінде студенттердің әрбір тұлғалық дамуының толыққанды зияткерлік дамуы және;

\* Психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде әр баламен жеке жұмысты қамтамасыз ету;

\* Баланың зияткерлік және жеке дамуындағы ауытқулардың алдын алу және жою ерекшеліктері;

\* Жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуі;

\* Миссиясы тұлғааралық қарым-қатынастарды оңтайлы жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

Өз кезегінде, жұмыс тұлғааралық қақтығыстардың оң нәтижеге жетуіне ықпал етеді.

Студенттермен тығыз байланыста оқитын студенттердің психологиялық-педагогикалық бейімделуін зерделеу барысында келесі жұмыстар жүргізілді:

\* студенттерін топқа және оқу қызметіне бейімдеу;

\* Студенттердің темпераментін анықтау;

\* Оқу мотивациясын анықтау;

\* Жатақхана студенттер көзімен;

\* Сіздің мінез-құлқыңызды бағалау, стресс кезінде тәрбиелеу;

\* Тақырыптық тренингтер.

\* Оқу процесінің студенттердің бейімделуіне әсері

Сондықтан ЖОО білім беру жүйесінің басты мақсаты жеке тұлғаның өсуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және әрбір студенттің кәсіби қалыптасуына жағдай жасау болып табылады және ЖОО жұмысы осы мақсатты іске асыруға бағытталған. Сабактан тыс жұмыс Қосымша өзін-өзі көрсетуді қамтамасыз етеді.

ЖОО оқу-тәрбие жұмысының басты мақсаты - орта кәсіптік білімі бар, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, қазақстандық патриотизмді, азаматтықты, толеранттылықты қалыптастыру үшін кепілдендірілген әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар жасау, Қазақстан Республикасының рухани бай, дені сау, дені сау азаматтарын тәрбиелеу, дарынды жастарды әлеуметтік қолдау, оларға жағдай жасау жастардың адамгершілік мәдениетін жан-жақты дамыту үшін.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұратова Е.И. студенттердің кәсіби ортаға бейімделу моделі
2. Антипова Л.А университетте Оқу процесінде студент тұлғасының сәтті бейімделуінің педагогикалық технологиялары // қазан педагогикалық журналы. -2008. -№ 2. -Б.52-56.
3. Архипова А.А. жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру шарттарының бірі ретінде студенттерді бейімдеу // педагогикалық ғылымдар. -2007. -№ 3. -Б.173-177.
4. Свиридова Н.А жастар ортасындағы бейімделу процестері / Н. Свиридова // әлеуметтік. ис. № 1. 2012.

## БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазақстан Республикасы білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында «Білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты – мемлекеттің әлеуметтік және кәсіптік проблемаларын өз бетінше тұжырымдай отырып, іс жүзінде шеше алатын жоғары білімді әрі бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға неғұрлым қолайлы жағдай жасау болып табылады» делінген [1]

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталып, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашатын білім деңгейімен қамтамасыз етуді» қарастырады [2].

Еліміздегі педагог кадрларды кәсіби дамытудың жаңа тетіктері енгізіледі. Негізгі аспект мұғалімнің зерттеу қызметі болуда. Педагогтерге қойылатын талаптарды күшейту шаралары қарастырылуда. Өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру педагог портфолиясында көрінетін педагог қызметінің ажырамас бөлігіне айналады.

Бірінші және жоғары санаттарды алу үшін жағдай жасау мақсатында педагогтердің біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар қайта қаралатын болады. 2019 жылдан бастап педагог кадрларды тәуелсіз сертификаттауға дайындық және оған көшу мәселесі пысықталатын болады. Қазақстандық мұғалімдер TALIS зерттеулеріне қатысады, оның нәтижелері бойынша еліміздегі мұғалімдер корпусының сапалық құрамын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленетін болады.

Педагогтің кәсіптік стандарты әзірленеді және педагогикалық мамандықтарға қабылдаудың тетіктері қайта қаралатын болады. Елімізде 2007 жылы қабылданған «Білім туралы» заңында алғашқы рет «Педагог қызметкердің мәртебесі» атты 7 – тарау енгізілді. 50 – бапта педагог қызметкердің мәртебесі, ал 51 – бапта педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі көрсетілді [3].

Еліміздің білім беру стратегиясының негізгі мақсаты – бүгінгі қоғамдағы саяси ахуалды, нарықтық қатынасты түсінетін, жаңаша ойлайтын жеке тұлғаны қалыптастыру. Білім берудегі негізгі мақсат – тек білімді, кәсіби маманданған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және әлеуметтік адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды түсінуге және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Бүгінгі таңда мұғалімдердің кәсіби даярлығының теориялық негіздерін ашып көрсететін маңызды зерттеулер баршылық О.А.Абдуллина, Ю.П.Азаров, А.Н.Алексюк, Ш.А.Амонашвили, Н.В.Кузьмина, В.А.Кан-Калик, В.А.Сластенин, Н.Д.Хмель, А.И.Щербаков және т.б. оларда болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесі қарастырылып, кәсіби қабілетін анықтау бойынша жұмыстар жүйеленген. Ал, Н.Д.Хмель, Б.Р.Айтмамбетова, Ш.Әбенова, А.А.Иванова, Н.И.Ильсов, К.Т.Каргин, В.И.Коркина, К.С.Оспанов, С.І.Әбілдина, Қ.А.Сарбасова және т.б. зерттеулерінде жоғары оқу орынында мамандарды даярлауға аса мән беріліп, жас педагог тұлғасын қалыптастыру мәселесі өз шешімін тапқан.

Отандық психолог Г.А.Цукерманның сөзімен айтқанда: «Өзін-өзі дамыту мәселесі қазіргі педагогикалық санаға иесіне бағынбайтын, бөтелкеден шыққан жын тәрізді және де

өзінің жаңа әміршісінің ойын одан әрі дамытып, бұрынғы иесінің тас-талқанын шығарғандай...». Бұл алғы шарттар сол үшін пісіпжетілген болар. Ескі көзқараспен тұлғаны дамыту мен қалыптастыру – дамуды объективті үрдіс деп қарауға жеткіліксіз болуы мүмкін. Оқыту мен тәрбиелеу процесін жүзеге асыру үшін, белгілі отандық психолог С.Л.Рубенштейннің «Сыртқы себеп – ішкі тәртіп арқылы» деген формуласымен де мүмкін емес болды. Сол себепті, өзін-өзі дамыту идеясы тек психолог пен педагог мамандардың ғана емес, жай адамдардың арасында кеңінен таралған. Соңғы онжылдықта адамның психологиясы мен жеке басына қызығушылығы өскені белгілі. Бұған себеп өте көп

Өзін-өзі дамытудың не екенін анықтап көрейік. Отандық психологияда бірінші анықтама беріп және оның ерекше белгілерін дәлелдеген В.И.Слободчиков пен Е.И.Исаев: «Өзін өзі дамыту – адамның өз өмірінің субъектісі болуға қабілеттілігі, өмірлік іс-әрекетін қайта құрастыра алуы» деген. Өзін-өзі дамытудың белгілері қандай? Ең алдымен мынаған көңіл бөлу керек, өзін-өзі дамытуды талдау үшін, өмірлік іс-әрекет деген жалпы түсінікті адамның іс әрекеті мен мінезінің негізгі нысанасы етіп алу керек.

Ғалымдар педагогтің өзіндік дамуын анықтауға 3 түрлі мүмкіндігі мен жолы барын көрсетеді: бейімделу жолы, өзіндік өсу жолы, тоқырау жолы (тұлғаның құлдырауы, кері кетуі, азғындауы, ісәрекеттің жоғалуы). Бейімделу – білім беру саласының барлық талаптарына бейімделіп, оқып-үйрену, рөлдік ұстанымдарды қолға алу. Өзіндік өсу – кәсіби маман болу үшін үнемі ізденісте болу, өзін толығымен көрсету, өзгеру.

Кәсіптік деңгейде өзін-өзі дамыту мына бағыттарда жүруі мүмкін: өзін-өзі бекіту, өзін-өзі жетілдіру, өзіндік өзектілік. Педагогтің кәсіптік салада бекуіне әр түрлі жағдай түрткі болуы мүмкін: мұғалім деген бейнеге сай болуға ұмтылуы; басқалардан кем болмауы; басшы мен әкімшілік талаптарының деңгейінде болуы; директордың «жақсы» көретін адамдарына деген қызғанышты және т.б. Бұл мұғалімнің өзінің жұмыс деңгейін жоғарылатуына түрткі болуы мүмкін, бірақ ол көп жағдайда әр түрлі айлалы әрекет жасауды қанағат тұтады. Айлалы әрекеттерді пайдаланып, жасырын жолмен өзінің мақсатына жету жолында тек біржақты пайдаға жетеді, қарсыласы оны сезбейді де, сонымен қатар тәуелсіздік елесі туындайды.

Педагогтің өзін-өзі жетілдіру үрдісі мына деңгейлерден тұрады:

- Жеке тұлғаның өзінің іс-әрекетіне және қарымқатынастарына талдау жасауы. Өзін-өзі тану кезінде өзі туралы көзқарас қалыптасады, өзінің күшті және әлсіз жақтарын байқайды, өзін-өзі тұлға ретінде қабылдау механизмі жүзеге асады. Өзін-өзі жетілдіру стратегиясын таңдауына байланысты, өзін тұлға ретінде қабылдай ала ма, әлде жоқ па (тұлғаның жеке қасиеттерін қабылдай ма, қабылдамай ма?).

- Мінсіз «Мен» бейнесінің қалыптасуы – өзін-өзі болжау механизмінің қатысуымен жүзеге асады. Бұл бейненің өзі жалпылама немесе нақтыланған, уақытпен жақындастырылған және т.б. болуы мүмкін;

- Өзін-өзі дамыту бағдарламасын тұжырымдауда педагогтік кемелдену әрекетінің реті мен білімділігі анықталады, уақытын, жағдайын нәтижесін болжайды, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі оқытудың амал-тәсілі айқындалады; • Бағдарламаны жүзеге асыру;

- Жасалған жұмыстың тиімділігіне баға беріп, өзінің кәсіби тұрғыдан дамуына байланысты жасайтын жұмысына түзетулер енгізіп, бақылау жасауы.

Мәтінді қарастырып жатқанда, педагогтың өзін-өзі кәсіби жағынан дамыту деңгейінің кезеңдерімен байланысты негізгі өзекті сұрақ туындайды. Психолог Л.М.Митина мұғалімнің өзін-өзі дамытудағы кәсібилігін екі түрге бөледі: бейімделушілік және кәсіби даму.

Бейімделушілік үлгі жалпы өмірлік стратегияны жүзеге асырады: Адам өзі ғана өмір сүріп жатқандай, әр нәрсеге қарым-қатынасы бүкіл өміріне қатысы жоқтай. Бұл жерде ішкі рефлексия ғана қолданылады.

Мұғалімнің мінезіне негізгі әсер етуші күш – ішкі жағдай мен талаптар, сондықтан оның өзін-өзі дамытуы осы талаптар жолындағы құрал ретінде жүреді және төмендегі деңгейлерден өтеді:



**Кәсіби бейімделу.** Өскен қоғамдық талаптар, педагогикалық ұжымның жоғарғы оқу орнында қалыптасқан кәсіби білімімен, іскерлігімен, жеке ерекшеліктерімен қарама-қайшылыққа тап болады. Жас мұғалім кәсіби қоғамдастыққа бейімделуге тырысып, басқалардан тәжірибені қабылдап, сіңіріп, меңгереді. Сол ортаның талаптарын қанағаттандыруға тырысады.

**Кәсібилікке жетуі.** Осы уақытқа дейінгі дағдыланған жеке іс-әрекетімен, қарым-қатынастың стилімен, кәсіби білімділігімен, өзінің амалтәсілдерімен толыққанды мұғалімнің басшылық пен кәсіби қоғамдастықтың талаптарына қосылу қажеттілігі азаяды.

Кәсіби тұралауда мұғалім өзінің жеке ерекшеліктері мен мүмкіншілігін кәсіби ортаның талаптарына қосып және өткеннің нәтижесі арқылы өмір сүреді, пайдаланады. Бұлардың барлығы белсенділіктің төмендеуіне, кәсіби деңгейінің төмендеуіне, жаңалықты қабылдамай, өзінің жағдайын пайдаланып оқушыларды басуға әкеліп соғады.

Кәсіби дамудың үлгісі ішкі рефлексияның көрінуімен сипатталады, ал ол өмірдің ағысын тоқтатады, адамның өзін, оның құндылықтарын жарыққа шығарады. Мұндай стратегияда өзін-өзі танудың 3 деңгейі болады:

1) өзінің «Менін» «Басқа» адаммен салыстыру жүреді;

2) салыстыру «Мен» мен тағы бір «Меннің» арасында жүреді;

3) салыстыру «Мен» мен Жоғары «Меннің» арасында (Мінсіз «Мен», Шығармашылық «Мен») » арасында жүреді.

Бұл жерде өзін-өзі дамыту үзіліссіз үрдіс ретінде мұғалімнің өзін-өзі қалыптастыруымен, өз ойындамыту деңгейімен тығыз байланысты.

Л.М.Митина да бұл үлгінің 3 деңгейін көрсетеді:

өзін-өзі анықтау – өзінің «Менін» «Басқа» адаммен (мұғалім, оқушы, ата-ана) салыстыру. Бастапқыда белгілі бір қасиет басқа адамдікі деп қабылданады, ал кейінірек саналы таңдау әрекеті жасалып, өзіне ауыстырылады. Басқа адамның тәжірибесін қабылдай отырып, өзінің де қабілеттерін сақтау маңызды, кәсіби көзқарасын және педагогикалық ортаның кері әсеріне көнбеу қажет;

өзін-өзі көрсету «Мен» және «Мен» жүйесі арқылы жүреді. Мұғалім өзінің дайын біліміне сүйенеді. Бұл кезеңде ол өзінің мінезін жүзеге асырған сол уәжбен сәйкестендіреді, түрткі болған жағдайды әлеуметтік және ішкі талаптармен бағалайды. Негізгі түрткі – мұғалімнің өзінің мүмкіндіктерін жан-жақты көрсетуге ұмтылуы. Өзін іс жүзінде көрсету – өзін «Мен» және Жоғарғы «Мен» деңгейінде көрсету (Мінсіз «Мен», Шығармашылық «Мен»). Бұл кезеңде мұғалімнің өмірлік философиясы жан-жақты қалыптасады, өмірдің мәнін, өзінің қоғамдық құндылығын түсінеді.

Өзін-өзі түсіну аясын кеңейту, өмірдегі орнына кәсіби деңгейде өзін көрсету мүмкіндігі сай келмейді. Кәсіби деңгейде дамуының біржақтылығын сезініп, мұғалім оны толықтырып және өзінің жан-жақты дамуына мүмкіндік беріп, қажеттілігін қанағаттандырады.

Осылайша, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудың кәсібилігі бір-бірімен тығыз байланысты екен, ол педагогтың кәсіби маман ретіндегі дамуын, стратегиясы мен векторын анықтайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасы білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы. // Егемен Қазақстан.
- 2.«Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы». А., 2007ж.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан. 15 тамыз 2007.

Молдабекова С.К., Дюсенова А.Б.

## КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Ғылыми жетекші: PhD докторы «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.  
«Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01303- «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпақтың бойына -ұлттық мәдениетті тәрбие қалыптастыру. Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақталған ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым- қатынасын, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру. Ал тәрбиенің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, ар – ождан мол, іскер, бойында игі қасиеттер қалыптасқан адам тәрбиелеу. Тәрбиешінің міндеті тек білім беру ғана емес, сонымен қатар әрбір баланың жүрегіне жол тауып, оларды ұлттық тәлім – тәрбиемен сусындату болып табылады.

Белгілі жазушыларымыз былай деген: «Қазақ әйелдері бұрын баласын тербетіп отырып, бесік жырын неге айтқан?! Ал бала соны құлағына сіңірген. Әрине, түсінбеген. Бірақ ұлттық негіз, сана, тіл, әуен, әуес сол бесіктегі кезден қалыптасқан» [1].

Тәрбиелеу негізінде көне көз әжелер тәрбиесі, ақылшы өсиетті аталар тәрбиесі, яғни халықтық педагогика негіздері басшылыққа алынуға тиіс. Ұлттың болашағы ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі ұстаз қолында.

Ал жалпы педагог мұраты мен мақсаты – жетілген , толыққанды азамат тәрбиелеу. Тәрбиеші балалармен қандай жұмыс істесе де, олардың мінез- құлқының, тәртібінің, сана – сезімінің қалыптасуына ықпал етеді.

Қазақтың халықтық педагогикасы- бұл ұлан – ғайыр , шалқып жатқан мұхит сияқты кең дүние. Халықтық педагогиканың негізгі мақсаты – балалардың бойына көргенділік , әдептілік, еңбек сүйгіштік, қарапайымдылық сияқты жақсы қасиеттерді дамыту.

Халықтық педагогика – ол халық поэзиясының бөлінбес бөлшегі іспеттес. Жас нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял- ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері ұлттық мәдениеттілікке баулитын басты нысандар болып табылады. Олай болса, ұлттық мәдениеттілікке тәрбиелеу кілті — халық педагогикасында деуге болады.

Жан сезімімізді толқытып, ойымызға ой қосатын, қиялымыза қанат бітіретін халқымыздың рухани байлығы мен болмысы – сұлу әндері мен сыршыл күйлері, ұлттық ойындары, осы кезге дейін тәлім – тәрбиелік, қадір- қасиетін жоймаған салт – дәстүрі, әдет – ғұрыптары, адалдыққа , тазалыққа баулитын ырым – тыйымдар [2].

Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады. Демек, балаға жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне ұлттық мәдениеттіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Халықтық педагогика – қанша уақыт өтсе де тот баспайтын адалдығы айнадай ұлттық қазына. Халқымыздың өз ұрпағын ізгілікке, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуді ең басты мақсат санаған.

Халқымызда «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп айтуының да негізі бар. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Жалпы ұлттық мәдениетті тұлға қалыптастыруда мына бағыттарды ұстану керек деп ойлаймын.

- патриоттық және азаматтық;
- рухани адамгершілік мәдениеті;
- салауатты өмір салты;
- жанұялық өмір мәдениеті;

Балалардың бойында осындай игі қасиеттерді тұтандыруда тәрбиешінің рөлі зор. Бүгінгі кезде тәрбиеші - кәсіпкер педагог, ол бала мен қоғамның арасындағы рухани жалғастырушы, түрлі іс - шаралар барысында балалар арасында ынтымақтастық қарым - қатынасын қалыптастырушы, олардың жеке тұлға ретінде дамуын бақылаушы, тәрбие жүйесін жан – жақты ұйымдастырушы, балаға күнделікті өмірде кеңес берер көмекші, топта қолайлы ахуал тудыратын үйлестіруші.

Халқымыздың ғасырдан ғасырға қастерлап келген құнды дәстүрлері өте көп. Оны бүгінгі ұрпақ қаншалықты біледі, қастерлейді, білмесе білуге ұмтыла ма, « Халқын сүйген салтын да сүйеді » дегендей ата - салтын мақтаныш тұта ма деген сұрақтар төңірегінде ойланып отырғанымыз абзал.

Қай елде, қай заманда болсын бала тәрбиесіне ерекше мән берілген. Өйткені бала ата – ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңі, келер тарихқа аманат. « Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы » деп халық қаһарманы Б. Момышұлы айтқандай, ұрпақ – саналы өмірдің ең басты кепілі. Сол себепті балаларды барынша жан – жақты тәрбиелеу – ең өзекті мәселе екенін үнемі ойлап отыруымыз керек. Балаларды жан – жақты жетілген, ақыл – парасаты, өресі биік азамат етіп тәрбиелеу- қоғам алдындағы борыш.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің » дейді қазақ. Бала жасында қалай тәрбиеленсе, есейгенде де соны істейді. Жастайынан орнығып қалыптасқан тәрбие орынсыз көріністерге баланы сын көзбен қарауға үйретеді. Халықтық тәрбиенің туын биік ұстап, жас ұрпақты қасиетті халқымыздың тәлімгерлік үлгісімен тәрбиелеу – ең маңызды міндет.

Қорыта келе, қазақ халқының халықтық педагогикалық құнарынан нәр алып, ата тәрбиесі мен бүгінгі тандағы педагогикалық жаңашыл іс – тәжірибелерді ұштастыра отырып, тәрбие жұмысын жүргізгенде ғана жас ұрпағымыз бойына ұлттық мәдениетті, ізгі салт - дәстүрлерді сіңіріп, рухани бай, парасаты биік, жігер – қайраты мол тәуелсіз Қазақстанның азаматы және 2030-дың нағыз барыстары болып шығарына сенім мол. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сеніммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу - ұлттық тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды [3].

«Еліміздің күші - патшада, сәбидің күші- жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз- ұлттық мәдениетімізде болуы керек. « Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі».

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Р. Төлеубекова «Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика» А-2014ж.
2. А.Меңжанова А. «Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу», Алматы, Мектеп 2013 ж.
3. «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабы авторы: Базарбек Төтенаев. Алматы 2014 ж.

Сенкубаев С.Т., Жанайдарова Б.Д.

## ОҚУШЫЛАРҒА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекші: п.ғ.к, профессор «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ. «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01303- «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының магистранты А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық технология. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту қажет. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі - тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады» делінген. Сонымен қатар бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу, On-line тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру, оқу жоспарларына жаратылыстану ғылымдары бойынша, бірінші кезекте, математика мен ақпараттандырудан қосымша сағаттар немесе пәндер енгізу қажеттігін баса айтты. Бүгінгі күннің басты талабы еңбек нарығы мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруда кәсіптік білім берудің беделі артып отыр. Оның мақсаты - техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін қайта ұйымдастыру, бәсекеге қабілетті дағдылары бар және білім алуды жалғастыру үшін жеткілікті әлеуеті бар экономика салалары мен жұмыс берушілерді техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарымен қамтамасыз ету [1].

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдері іздестірілуде. Кәсіптік білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану мен оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. «Инновациялық» деген сөз — латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «Жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т. б, тіркестермен тығыз байланысты. Қазіргі білім саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық

технологияларды меңгермейінше сауатты, жан — жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту Оқытушылар зейін – зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани т. б, көптеген ұстаздық қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытушылар алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден меңгереді, үшіншіден тәжірибеде қолданады, төртіншіден оны дамытып нәтижесін көрсетеді. «Ақпараттық компьютерлік технологиялар» - бұл термин бүгінде баспасөз беттерінде, теледидар мен радиода жиі кездеседі. Ақпарат алудың қазіргі кезде көптеген көздері мен құралдары бар. Соның ішінде компьютерлік технологияны қолданудың жеке тұлғаны қалыптастырудағы оның шығармашылық мүмкіндіктерін арттырудағы атқарар ролін қазіргі заман талаптары өзі анықтап отыр. Компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құрамына айналды.

Ақпараттық технология тақырып көлемінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасы артады, сабақ өткізген кезде сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, студенттің қызығушылығы арта түсері анық. Студенттің қызметін активтендіру негізінде педагогикалық технологияларының бірі — оқытудың компьютерлік технологиясы. Оқытудың компьютерлік технологиясын пайдалану оқу процесін жаңа оқу - әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге және студенттің шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Шығармашылық іс - әрекет зейін, есте сақтауы, интеллектісі, ойлауы. Компьютерлік оқыту технологиясы - педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол оқытушыны алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Дидактиканың негізгі принципі - білім беру кезінде көрнекіліктерді пайдалану, осы себепті компьютерлік технологияны пайдалану оқу барысында қойған мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қорытынды диагностика: тестілеу, жобаны қорғау. Оқытушы араласпай - ақ, студенттер өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық - анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар оқу материалдарын иллюстрация жасау кезінде (мысалы анимациялы слайд — фильмдер) қолданылады. Бұл оқу үрдісін қозғалыста бейнелеуге мүмкіндік береді. Компьютердің көмегімен дыбыстық және бейнефрагменттерді де демонстрация жасауға болады. Компьютердің көмегімен студент өз бетінше, сондай - ақ өзге студенттермен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады. «Компьютер көрнекі - бейнелі ойлауды, қозғалыстық және ауызша қарым — қатынас машықтарын, мақсатты әрекеттерді және әлеуметтенуді дамыту үшін мүмкіндіктер туғызады». Бүгінгі шәкірт ертеңгі күнгі әр түрлі саланың маман иесі. Мұндай сабақтарда оқушылардың тапсырылған жұмыстарға іскерлігі қалыптасады. Болашақ өмірінде белгілі бір кәсіби мамандықты таңдап алуға септігін тигізеді. Оқытушы- ақпараттанушы емес, жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл оқытушыдан ақпараттық құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді. Компьютерді пайдалану пәндер бойынша терең танып білуіне ғана емес сондай - ақ, есептеуіш техникамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру - уақыт талабы екенін сезінуіне жағдай жасайды. Кез келген сабақтарда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану студенттің қызығушылығын ғана тудырып қоймай, басты білім сапасының артуына әсер етеді [2].

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін одан әрі дамыту бағытындағы басты екі мәселе ретінде оның, біріншіден, мазмұны жағынан және екіншіден, құрылымдық жағынан жетілдірілулерін айтуға болады. Білім берудің бүгінгі таңдағы басты мақсаты – әрбір адамның практикалық қызметіне ауадай қажетті болатын басты (маңызды) күзиреттіліктерді қалыптастыру. Бүгінгі таңда еліміздің оқу орындарының деңгейін әлемдік деңгейге көтерудің бірден-бір тиімді жолы білім беру саласын толықтай ақпараттандыру екендігі еш күмән туғызбайды. Ақпараттандыру дегеніміз жеке адамдардың және заңды тұлғалардың ақпараттарға қойып отырған талаптарын қанағаттандыру мақсатында ақпараттық мәселелерді шешу құзыреттілігін коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде ақпараттық қорларды және жүйелерді қалыптастыруға, сонымен қатар, дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтілік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды математика сабағында қолдану, біріншіден, студенттің танымдық ұмтылыстарын күшейтеді, екіншіден, олардың ойлау қабілеттерін, математикалық логикаларын дамытады, үшіншіден, студенттің ойлау қызметтерін ізденіс және зерттеушілік салаларға бағыттайды. , студенттің есте сақтау қабілеттерін әлемдік деңгейдегі зерттеулердің нәтижелері естіген материалдың 25 %-ы, көрген материалдың 33 %-ы, көрген және естіген материалдың 50 %-ы, ал оқу процесіне тікелей қатысқан жағдайда материалдың 75 %-ы оқушының есінде қалады деген мәліметтерді беріп отыр [3].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың құралдарын пән бойынша оқытуда қолдану баяндап отырған материалдың оқушыларға қолжетімді болуын, көрнекі болуын, осы құралдарды басқарып отырған оқытушының қызметін, компьютердің интерактивті қасиеттері арқылы оқушылардың бойында пайда болатын оқуға деген құлшыныстары мен белсенділіктеріне жағдай жасау үшін компьютердің мүмкіндіктерін пайдалануға негізделеді. Компьютерлік графика оқушыларға компьютер дисплейінің экранындағы әртүрлі нысандарға әртүрлі әрекеттерді қолдану арқылы, мысалы, олардың өлшемдерін, түстерін, қозғалыс жылдамдықтарын, орналасқан жерлерін және т.с.с. өзгертулер арқылы қарастырылып отырған оқу материалдарын «байқаусыз» меңгеруге мүмкіндік береді. Компьютерді оқытудың барлық сатысында қолдануға болады: жаңа материалды түсіндіргенде, материалды бекітуде, өтілген материалдарды қайталауда, білім деңгейін қадағалау мен тексеруде; және осылардың барлығында оқушы әртүрлі қызметтерді атқара алады: зерттеу нысанының қызметі, оқытушының қызметі, жұмыс құралының қызметі, ұжым мүшесінің қызметі. Математика сабағында компьютерді қолданудың пайдасы зор. Қазіргі заманда математика сабағында классикалық тәсілмен қатар компьютерлік технологияның жетістіктерін қолдану өз жемісін беретіндігі сөзсіз. Белсенді диалог арқылы, ақпараттың әртүрлілігі мен әдемілігі (мәтін, сурет, дыбыс, түс, бейнематериал) арқылы, жетістікке бағыттау арқылы (қажетті көмекті бере отырып, кез келген мәселені шешуді аяғына дейін жеткізуге мүмкіндік береді), электронды-есептегіш машинаның адаммен байланысын ойын бағытына аудару арқылы және машина мен студенттің бірқалыпты тыныш және достық қарым-қатынасы арқылы компьютер оқуға, білімге деген құлшыныстарын арттырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2013
2. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2014
3. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2014 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы

**Сенкубаев С.Т., Иманғали Ф.Қ.**

## ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ – ҚҰЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР

Ғылыми жетекші: п.ғ.к, профессор «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ. «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01101 - «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында білім беру жүйесінің жеке адамды дамытуды жетілдіруге және кәсіби шыңдауға бағытталған рөлі атап көрсетілген.

XXI ғасырда әлемдегі өркениет жаңа даму сатысына көтерілді. Қазақстан Республикасының қазіргі білім жүйесінің стратегиялық мақсаты жоғары білімді, бәсекелестік қабілеті мол, шығармашыл тұлға дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Мұндай тұлға дамыту үшін қазіргі кезде білім ордаларындағы болашақ әлеуметтік педагогтердің тәрбиесіне, оқу іс-әрекетіне тереңірек көңіл бөліп қарау – болашағымыздың кепілі.

Біз адамдардың іс-әрекеттерінің іздерін байқаймыз, бұл іс-әрекеттері қазіргі қоғамдық ғылым тілінде девиантты мінез-құлық деп аталады. Негізгі алынатын дерек ретінде, біз девиантты мінез-құлық – бұл жүйелі немесе анықтаушы көпжақты құбылыс деп қарастырамыз. Аталған құбылыс пайда болғанда, тарихи, макроәлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және жеке тұлғалық факторлар бірлесе әрекет етеді. Сондықтан да девиантты құбылыстардың себептерінің жиынтығын зерттеу пәнаралық ғылыми міндетті қамтиды.

Тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан ұрпақтарын тәрбиелеу мен оларға білім берудегі маңызды бағыт – балалармен және оқушылармен жүргізілетін психологиялық және педагогикалық жұмыс. Оқушылардың қылмыстық істерінің өршуі, әлеуметтік жетімдік пен жасөспірімдердің назардан тыс қалуының етек алуы барлық азаматтық институттарға бірнеше міндеттер жүктейді: кәмелетке жетпеген азаматтардың құқықтық әлеуметтенуі мен мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерге бейімделуін жетілдіру мақсатында кешендік және кәсіби шаралар дайындау [1].

Мінез-құлықтың бұзылуы немесе әлеуметтік бейімделмеушілік деп, мінез-құлықтың әлеуметтік тұрғыдан мақұлданбаған формаларының пайда болуын атайды. Бұл формалар соншалықты әр алуан болғанымен, олар басқа оқушылармен және жаман қарым – қатынастармен сипатталады. Бұл төбелестер мен ұрсысуларда, немесе агрессивтілікте, бағынбаушылықта, бұзақылық әрекеттерде немесе өтірік айтуда көрініс табады. Сонымен қатар, бұлардың қатарына мектептегі сабақтан қашу, қаңғыру, өрт қою және т.б. сол секілді қоғамдық тәртіпке қарсы және құқыққа қарсы қылықтар кіреді. Көбінесе қылмысты «девиантты мінез – құлықты» жастар жасайды. «Девиантты» оқушылардың мінез – құлықтың бәріне ортақ негізгі кемшіліктері: адамдар арасындағы өзара қарым – қатынастың өнегелі нормаларына жағымсыз көзқарас (дәрекілік, қыңырлық, өтірік айту, қатыгездік, тәртіпсіздік және т.б.), оқу жұмысындағы жағымсыз қылықтар (жалқаулық, көңіл қоймаушылық, интеллектуалды енжарлық, зейіннің бөлінуі, ниеттің жоғалуы, танымдық қызығушылықтың болмауы және т.б.), сонымен қатар екі түрдің жағымсыз қасиеттерінің бір мезгілде көрініс табуы.

Қазақстандық психологтары «Психологические основы профессиональный подготовки педагогов и психологов дошкольного образования» еңбегінде «қарым-қатынас - баланың қалыпты психикалық дамуының маңызды факторы және ажырамайтын шарты ретінде қаралады. Ол қоршаған адамдармен қарым - қатынас қажеттілігін бастапқы мәні», - деп маңызды табыстылық ретінде зерттеген. Қарым-қатынастағы қажеттіліктер басқа адамды бағалауға талпынудан тұрады, ол өзінің тұлғасын және өзін бағалауға, сол адамның бағасынан өзін анықтауға, қарым-қатынас мотиві басқа адам немесе дәлірек айтқанда,

адамның сол қасиеттері туралы түсінігі үшін баланың үлкендермен өзара әрекетке түсуі болып табылады. Сондықтан да «Девиантты» жастарға психологиялық және педагогикалық түзету жұмыстары дер кезінде жүргізілмесе, олар тұрақты асоциалды мінез-құлықпен және заң бұзушылыққа бейімділікпен сипатталатын санатқа өтіп кетуі мүмкін [2].

Заң бұзушы оқушылардың типологиялары олардың асоциалды топтар мен мінез-құлықтағы кемшіліктерінің құрылымындағы рөлдерін бөлуге негізделіп құрылған:

1. Асоциалды топтарды ұйымдастырушылар, бойында тұрақты асоциалды мінез-құлық жиынтығы бар ұятсыздар (қатыгездік, агрессивтілік, деспотизм, арамтамақтық, пайдакүнемдік, кез келген жолмен көшбасшылыққа ұмтылу және т.б.);

2. Қарапайым, анайы мұқтаждықтардың (тағамдық, жыныстық, ішімдік, нашақорлық және т.б.) үстемдігіне бағынушылар;

3. Бейморальдық және позитивті ниеттердің арасындағы қақтығысты сезінетін тұрақсыздар. Олар өздерінің мінез - құлықтарының құқыққа қарсы екендігін жете түсінуге қабілетті, бірақ өзімізділікпен болған жағдайға тойтарыс бере білмеу, қоғамға қарсы қылықтарға баруға мәжбүрлейді;

4. Өздеріне тән өнегелі сезімдер мен ұстанымдары жоқ және конформист, өзгенің қалауын орындаушылар ретінде жүретін еріксіздер;

5. Үнемі реніш, фрустрация сезімінде болатын, өздерін тым жоғары бағалайтын және әрдайым кекіреюшілік, қоғамнан бөлек жүріп өздерін батыл сезіну, менсінбеушілік, айналасындағыларға агрессивтілік қарым-қатынас көрсететін аффективтілер; Типологиялардың әртүрлі жоспарлығы мен көп болуы «девиантты» оқушыларды қайта тәрбиелеудің жекелеген міндеттерін шешумен және олардың құқық бұзушы іс-әрекеттеріне баға берудің бірыңғай кешенді психологиялық өлшемдерінің болмауымен байланысты. Сондықтан да заң бұзушы оқушылардың жеке тұлғасының жекелеген қасиеттерін анықтаудың тар прагматикалық әдістерінен бас тартқан жөн. Отбасылық сәтсіздіктер мен мектептегі жолы болмаушылық нәтижесінде жойылатын эмоционалды ыңғайлылық орнын толтыруды қажет етеді, өйткені «ешқандай адам өз жақындары мен өзі араласатын адамдардың оны үнемі ұнатпауы себеп болып, оған деген жағымсыз көзқарасы кезінде, қоғамда өмір сүре алмайды. Бұл жағдай, бала үшін өте ауыр».

Девиантты мінез құлықтың мәнін түсінудің басты шарты ретінде «норма» ұғымы енгізіледі. Әлеуметтік норма-нақты қоғамда тарихи қалыптасқан жеке адамның, әлеуметтік топтың не ұйымдардың рұқсат етілен мінез-құлық шаралары. Әлеуметтік нормалардың негізі құқықтық заңдарда, мораль мен этикетте жатыр. Көптеген жағдайларда ауытқыған мінез-құлық әлеуметтік санкцияға жатқызылады. Тәртіп бұзуға, адамдар арасындағы қатынасқа (өтірік, дөрекілік) байланысты түзетулер девиацияның әлсіз және кездейсоқ формаларын қоғамдық пікір тіркейді және қатысушылардың өз арасында жағдайға байланысты түзетулер енгізіледі. Девиацияның тұрақты формаларын жазалау әдістері мен құралдары ауытқулардың қауіптілік деңгейіне байланысты анықталады. Мұнда девиация дегеніміз кең мағынадағы әлеуметтік құбылыс екендігі ескеріледі (қоғамдық орын мен отбасындағы дөрекіліктен бастап, адам өлтіруге дейінгі) Сондықтан мінез құлықты кең және шағын мағынада алып қарастырады. Тар мағынада алғандағы девиантты мінез-құлық қылмыстық жазалауға жатпайтын, яғни құқық бұзушылық болып есептелмейтін ауытқулар ретінде түсініледі. Кең мағынада алғанда девиантты мінез-құлық құлыққа қарсы барлық формалар ретінде түсініледі. Осылайша, адамның өзін-өзі өлтіру-девиация, ал біреуді өлтіру қылмыс болып есептеледі. Құқыққа қарсы әрекеттердің жиынтығы немесе қылмыстар делинквентті мінез құлық деген атқа ие болады. Бұл екі мән де социологияда да, құқық социологиясында да қолданылады. Маңызды қылмыстардың барлығы саналы түрде жасалған-жасалмағанына қарамастан, құқыққа қарсы әрекет санатына жататын болса, делинквентті мінез – құлыққа жатады. Мұндай мінез құлыққа ұрлық, алаяқтық, тонау, пара, құжаттарды қолдан жасау, өндірістік шпионаж жатады. Заңды социологияда халықтың мінез-құлыққа жақын санатын, яғни қатерлі тобы бөліп көрсете алады. Оларға, мысалы қаңғыбастар, маргиналды топтасулар жатады [3].



Патология – әлеуметтік ауытқулардың келеңсіз формалары болып саналады, оған: қылмыс, маскүнемдік, нашакорлық, жезөкшелік жатады. Бұл формалар дисфункционалды, оларға қоғамға бүтіндей және нақты жеке тұлғаға зиян әкеледі. Құқық бұзу мен оның неғұрлым ауыр формасы-қылмыс өзінің әркелкілігімен, сондай-ақ қоғамдағы келеңсіз көрінісімен тіпті қауіптілімен ерекшеленеді. Бұл құбылыстарға социологиялық тұрғыда қарау дегеніміз олардың табиғатын, себебін және қайта өндіру мен қызмет ету механизмін, тарихи шарттасқан қоғамдық құбылыстармен байланысын, сондай-ақ оларды жеңу жодарын айқындау. Девиантты мінез-құлықтың себебі, негізгі көзі неде? Бұл сұраққа әр қаладағы ғалымдар, соның ішінде социологтар мен заңгерлер басын қатырды. Кеңестік тұжырымдамада таптық тамырдың мәнін ашуға басты назар аударылды: таптық қоғамда қылмыс қоғамдық қатынастардың өз құрылысынан туындап жатты. Таптық себептерге ерекше мән беру социализмде қылмыс жасауға арнайы себептер жоқ деген тұжырым жасауға итермеледі. Идеологияның жалаң қағидаларын жеңе отырып, біздің ғалымдар аймақтық, жастық, кәсіптік, әлеуметтік-таптық т.б сияқты әр түрлі заңдылықтарды ашып берді. Бүгінде мәселені зерттеушілердің көпшілігі әлеуметтік бастама кез-келген саналы мінез-құлыққа басым болатынына, оның жеке тұлға құрылымындағы биологиялық элементтермен терең өріліп жатқанына келіседі. Мінез құлықтың ауытқуы девиацияның әр түрлі формалары арасындағы байланыстың заңдылығы сияқты қаралады. Мысалы, суицидті – мінез-құлық пен әлеуметтік ауытқулардың басқа формаларымен, мысалы, маскүнемдікпен байланысына сөз жоқ. Сот экспертизасы көрсеткендей, 68 пайыз ерлер мен 31 пайыз әйелдер алкогольді масаю салдарына өз өмірлерін қиған. Асқынған маскүнем ретінде есепте тұрған ерлердің 12 пайызы өмірің қиса, 20,2 пайызы өз өміріне қауіп төндірген. Девиацияның барлық формаларының көрінуі экономикалық, демографиялық, мәдени және де басқа да көптеген факторларға да байланысты болады. Бүгінде бұл мәселе ТМД елдерінде аса шиеленісіп тұр, өйткені мұнда қоғамдық өмірдің барлық салаларында айтарлықтай өзгерістер болып, бұрынғы мінез-құлық нормалары құнсызданып отыр. Әрекеттің бұрынғы тәсілдері тиісті нәтиже бермеуде. Күтілетін нәтиже мен шын нәтиженің арасындағы айырмашылық қоғамда шиеленіс туғызып, адамдардың өз мінез-құлқының моделін өзгертуге дайын болуын, сөйтіп қалыптасқан нормадан шығуына иетрмелеп отыр. Әлеуметтік экономикалық шиеленіскен жағдайда нормалардың өзі де өзгеріске түсуде. Кейде мәдени шектеулер іске аспай, әлеуметтік бақылаудың жүйесі бәсеңдеуде. Осылайша, құқық бұзушылық-бұл қоғамдық өмір туғызып отырған өмірлік кикілжіңдер, сәтсіздіктер, әлеуметтік драмалар мен трагедиялардың бейнесі. Қылмыс – адам кеселінің бейнесі. Оны бүгінге дейін бір де бір қоғам құрта алмай келеді. Жеке тұлға аймағына жататын делинквентті мінез-құлықтың себептеріне, оны қалыптастырып, қылмысқа итермелейтін сыртқы жағдайлар сияқты, аз көңіл бөлініп отырған жоқ. Заң бұзушының ішкі әлемі қандай? Қылмыскердің ішкі әлемінде «қажеттілік қысым» сипатындағы өзіндік психологиялық жүйе іске асады. Осы қажеттілік қылмыскердің белгілі бір мақсатқа бағытталған мінезін қалыптастырады [10, 98].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нурмагамбетова Д. Коррекция агрессивного поведения у детей младшего школьного возраста // Психология в школе. 2018. - №4 (118). - с.9.
2. Бериккызы А. Девиантное поведение школьника как следствие неблагополучия в семье // Психология в школе. 2018. - №5. - с. 22 .
3. Кукубаева А.Х. Психология агрессивного и делинквентного поведения. Учебно-метод. пособие. Кокшетау, 2015 г. – 103с.

**Сенкубаев С.Т., Калиева А.А.**

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғылыми жетекші: п.ғ.к, профессор «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.  
«Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01101 - «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті (франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.

*Инклюзивті білім беру*- мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы дені сау балалар сыныбында/тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің бір бөлігін арнайы топтарда, ал екінші қарапайым топтарда өткізеді), уақытша (арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі), толық (дамуда ауытқулары бар 1-2 бала бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді) болады.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім

үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, үйренеді.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Жалпы білім беретін мектептер мен бала бақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп- интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді; адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді.

#### **Инклюзивті оқыту- негізгі принциптері:**

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. **Инклюзивті білім берудің мазмұны:** Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

\* жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары:

\* мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленген оқытудың жеке бағдарламасы

Қазіргі уақытта мен инклюзивті оқушылармен жұмыс жасаймын. Сол сыныппен жұмыс жасау барысында инклюзивті білім беру керек екендігін түсіндім. Әр оқушының білім алуға өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек. Жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық - түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады.

Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Қорыта айтқанда, **қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.**

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зайцев Д.В. Инклюзивті білім беру. - М.: "Мектеп кітабы" орталығы, 2013, - 16 б.
2. Лошакова И.И. Дені сау балалар қоғамында мүмкіндіктері шектеулі балаларды кешенді оқыт. . – М.: Гуманитар. бас. ВЛАДОС орталығы, 2016, - 26 б.
3. Білім беру бойынша Халықаралық конференцияның 48-ші сессиясының қорытындысы. Инклюзивті білім беру: Болашаққа жол/халықаралық конференциялар орталығы. - Женева: 2018. – 18 б.

Сенкубаев С.Т., Мейрамова Р.С.

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Ғылыми жетекші: п.ғ.к, профессор «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ. «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01101 - «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Бүгінде әрбір білім алушыны тұлға ретінде жан-жақты қалыптастырып, дамыту мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыты. Мектеп – отбасы ынтымақтастық жүйесінде МШБ-ға инклюзивті білім беру осы саясатқа негізделген бірден-бір үдеріс. Инклюзияның негізгі функциялары баланы әлеуметтік бейімдеу, түзету және оңалту, сондай-ақ отбасын мектептің білім беру кеңістігіне тарту болып табылады.

Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының маңызды шарттарының негізі - қалыпты дамудағы және мүмкіндігі шектеулі балаларға және олардың ата - аналарына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету арқылы, олармен жағымды қарым-қатынас құру.

Мектеп - отбасы ынтымақтастық жүйесінде инклюзивті білім берудің мынадай психологиялық-педагогикалық шарттары нақтыланды:

- инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының мақсатты және жүйелі сипатта болуы.

- мұғалімнің инклюзивті білім беруде «мектеп – отбасы» ынтымақтастық бағытындағы кәсіби-педагогикалық күзінеттіліктерін дамыту.

- мектеп – отбасы ынтымақтастығын құруда отбасы ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық диагностикалау.

- ата-аналардың инклюзивті білім беру мәселесіндегі функционалды сауаттылығын қалыптастыру.

- ата-аналардың инклюзивті білім беруге оң қатынасы мен саналы қолдауын қамтамасыз ету.

- мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін серіктестік пен одақтастық қатынасында жүзеге асыру.

- мектеп пен отбасы МШБ-дың дамуындағы өзгерістерді бірлесіп бақылау және бағалау.

Ал енді, осы аталған педагогикалық шарттардың инклюзивті білім беру үдерісінде жүзеге асырылу мазмұнына тоқталатын болсақ:

Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының мақсатты және жүйелі сипатта болуы. Білім беру саласында кез-келген мәселенің оң нәтижесіне жету, сол үдерістің мақсатты әрі жүйелі жүзеге асырылуына байланысты екені айқын. Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының мақсаты төмендегі міндеттерді жүзеге асыруды көздейді:

- ата-аналармен қарым-қатынаста қолайлы байланыс орнату. Ата-аналардың инклюзивті білімге оң қатынасын қалыптастыру;

- отбасылардың тәрбиелік мүмкіндіктерін зерттеу. Ата - аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі мен мектеп және сыныптың оқу-тәрбие үрдісіне қатысу қажеттілігі туралы дұрыс түсініктерін қалыптастыру;

- ата-аналардың белсенді педагогикалық ұстанымын қалыптастыру, отбасының тәрбиелік әлеуетін арттыру;

- ата-аналарды бала тәрбиелеуде қажетті психологиялық-педагогикалық білімдермен және дағдылармен, педагогикалық мәдениеттің негіздерімен қаруландыру;

- ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жиі кездесетін қателіктерінің алдын алу.

Мектепте инклюзивті білім беруді жетілдіруде осы үдеріске қатысты субъектілердің бір мақсатқа бағытталған бірлескен іс-әрекетінің саналы ұйымдастырылуы қажет. Инклюзивті білім беру жүйесінде жоғары мақсатқа ұмтылып, оң нәтиже мен жетістікке жету үшін мектеп – отбасы ынтымақтастық субъектілерінің инклюзивті білім беруде өз қызметтері мен міндеттерін жауапкершілікпен атқаруы маңызды болып табылады.

Мұғалімнің инклюзивті білім беруде «мектеп – отбасы» ынтымақтастық бағытындағы кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктерін дамыту. Кәсіби құзыреттілік - кәсіби міндеттерді шешуде практикалық тәжірибе, білік және білім негізінде табысты әрекет ету қабілеті. Кәсіби құзыреттілік тұжырымдамасы - маманның динамикалық жылдам өзгеретін қоғамда, өзінің кәсіби қызметін орындауда, өз мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, қоғамның сұранысына бейімделуге мүмкіндік беретін жеке қасиеттерінің жиынтығынан тұрады.

Бұған дейін білім беру жүйесі бір-бірімен байланыспайтын, екі түрлі функцияны орындайтын, екі бөлек – жалпы білім беру және арнайы білім беру жүйесінен тұрды. Жалпы білім беру – дені сау балаларға жалпы білім беруді ұйымдастырса, арнайы білім беру - мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жасайтын арнайы білім беру жүйесіне бағытталған болатын. Қоғамда білім берудің инклюзивті моделінің пайда болуы, мұғалімдердің осы жүйені жүзеге асырудағы кәсіби құзіреттілік талаптары да өзгерді.

Мұғалімнің инклюзивті құзыреттілігі арнайы кәсіби құзыреттілік деңгейіне жатады. Бұл оқушылардың әртүрлі білім беру қажеттіліктерін ескере отырып және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланы білім беру ұйымының ортасына қосуды және оның дамуы мен өзін-өзі дамытуына жағдай жасауды қамтамасыз ете отырып, мұғалімдердің инклюзивті білім беру үдерісінде кәсіби функцияларды жүзеге асыру қабілетін негіздейтін интегративтік жеке білім болып табылады. Мұнда педагог әртүрлі психологиялық-педагогикалық іскерліктерді меңгеріп қана қоймай, шынайы білімді, қалыптасқан мәдени жағдайды түсіне алатын, адамгершілік мәдениеттің жоғары деңгейіне ие болуға, балаға қызмет етуге, адамдарға өз өмірінің шынайы мақсатын айқындауға бағыт көрсете алатын қабілетті тұлға болуға тиіс.

Инклюзивті білім беру процесінің нәтижелілігі мұғалімнің жеке педагогикалық ұстанымына, оқыту мен тәрбиелеудің гуманистік құндылықтарына жеке тұлғаға бағытталуына байланысты. Мектеп педагогтарының инклюзивті білім беру принциптерін жүзеге асырудың эмоциялық орнықтылығын, төзімділігін, рефлексия, эмпатияны және жалпы психологиялық дайындығын жетілдіру маңызы.

Мұғалімнің инклюзивті білім беру жағдайына дайындығы төмендегідей кәсіби құзіреттіктер немесе кәсіби дайындық критерийлерін қамтиды:

- ерекше қажеттілігі бар балаларды позитивті қабылдау;
- психологиялық-педагогикалық дайындық. Мұғалімдерге, ата-аналарға, әріптестеріне психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- кәсіби-педагогикалық қызметін ұйымдастыруда инновациялық технология мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану;
- оқу-тәрбие үрдісін болжау, талдау және мониторинг жасау;
- кәсіби қызметте өзін-өзі реттеу, басқару, дамытуды ұйымдастыру;

Ал мектеп пен отбасы ынтымақтастық үрдісін ұйымдастырудағы басты жауапты субъект – тағы да мұғалім. Сондықтан, мұғалімнің отбасымен қарым-қатынас құру құзіреттілігін қалыптастыру, инклюзивті білім беруді жетілдірудің тиімділігін арттырады.

Мектеп – отбасы ынтымақтастығын құруда отбасы ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық диагностикалау. Отбасылар бір-бірінен түрлі сипаттармен ерекшеленеді, олардың әрқайсысының отбасылық проблемалары мен қиындықтары бар, тұрмыс-тіршілік жағдайы әр түрлі. Сол себепті, отбасымен қарым-қатынас құрудың дайын формуласы жоқ деуге болады. Әр отбасымен ынтымақтастық орнатуда жеке әдістерді қолдану ұтымды. Оны жүзеге асыру мұғалімнің шеберлігіне, құзіреттілігіне тәуелді, ол ата-аналармен және баламен

өзара әрекеттесудің жолдары мен құралдарын таңдауда дұрыс шешім қабылдау үшін әртүрлі жағдайлардың жиынтығын талдау қажет.

Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының тиімді жүзеге асыру үшін барлық оқушылардың ата-аналарын, отбасын зерттеп, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеуші отбасыларды жан-жақты танып білу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлеуметтік педагогика, №3, 2013 ж.
2. Ә. Ермағамбет «Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы», Дефектология, 2014, №4
3. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін түзету және дамыту жаттығулары» әдістемелік құрал, Шымкент, 2015 ж.

Сенкубаев С.Т., Таипова К.С.

### **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМДА АРТ-ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ**

Ғылыми жетекші: п.ғ.к, профессор «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ. «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01101 - «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Ұжымда танымдық белсенділік құрылымын: танымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық және шығармашылық іс- әрекеттен тұрады. Ұжым қоғам өмірінде маңызды іс - әрекетке дайындалып жатқандықтан, оның танымдық белсенділік әрекеті болашақ кәсіби әрекетінің дидактикалық бейнесі болуы керек. Сондықтан ұжымның іс - әрекеті бағытталған, ал оның әлеуметтік және танымдық белсенділігі оның өмірлік жолын анықтаудағы ұмтылысы болып табылады. Сонымен қатар, ұжымбелсенділіккерекшелігіне: өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (білім, білік және дағдыны игеру, жеке қасиеттерінің дамуы); оқу нысанының ерекше сипаты (ғылыми білім, болашақ қызметі туралы ақпарат және т.б.); ұжым белсенділікті арттыруінің жоспарлы жағдайда өтуі (бағдарлама, оқыту мерзімі); оқыту құралдарының болуы – кітаптар, лабораториялық құрал – жабдықтар, болашақ кәсіптік еңбектегі модельдер, техникалық құралдар, т.б. жоғары интеллектуалды жүктеме (емтихан, сынақ тапсыру, ғылыми жұмыс қорғау, т.б.) жатады [1].

Белсенді танымдық белсенділікті арттырудың көздейтін мүддесі, қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі ұжымтердің алған білімдерін өмірде пайдалана білу болып табылады. Демек, ұжымның танымдық белсенділігін қалыптастыру – оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды.

Ұжымның белсенділігі, негізінен, екі түрлі сипатта болатындығын айтты. Олар: сыртқы және ішкі белсенділік. Сыртқы белсенділік дегеніміз – ұжым әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл-қозғалыстары, практикалық әрекеттері, оқытушыға зейін қойып қарауы, т.б.). Ұжымның ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Белсенділік жеке басқа тән, маңызды бір қасиет болып саналады. Бұл қасиетсіз адамның қандай да болсын жұмысы нәтижелі болуы мүмкін емес.

Педагогикалық ұжымның белсенділігіне жасалған талдау негізінде белсенділікті жеке тұлғаның сипаты деп айқындауға негіз беретінін атап өтеміз, ол адамның әрекетке

қатынасынан көрініс табады, бұл әрекет етуге дайын болушылық, ұмтылушылық, оны жүзеге асыру сапасы, алға қойылған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдау. Жеке адамды білім алуға қол жеткізген білімін тереңдетуді, қоғамдық рухани мәдениетін ұғынуды, өз қабілетін көрсетуді қажетсінуі танымдық белсенділіктің қайнар көзі болып табылады.

Белсенділікте пайда болған мәселеге, міндетке тұрақты ынтаның пайда болуымен, назар мен ой-сана операциясының бағыттылығымен (талдау мен синтез, салыстыру мен салмақтау, т.б.) оқып жатқан материалды түсінумен бейімделінеді [2].

Белсенділік адамның әрекетке қатынасын өз бетінше әрекет етуге дайын болудан ұмтылысынан, алға қойған мақсаттарға жету үшін оңтайлы жолдарды таңдай білуден көрініс табатын жеке тұлғаның сипаты ретінде айқындалады.

Танымдық белсенділігі өз кезегінде қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау үрдістері мен зейіннің тұрақты күйін қажет етеді. Танымдық белсенділігін арттыруда олардың өз бетінше танымдық ықылас-ынтасын, шығармашылық әрекетін дамытатындай етіп ұйымдастыру қажет.

Педагогикалық ұжымның танымдық белсенділік қызметін арттыру дұрыс әрі нақты әрекеттер негізінде іске асады. Өзіндік сезімдік танымы (қалауы, ынтасы, құштарлығы, әсерленуі) негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады.

Сөйтіп, танымдық белсенділік – іс-қимыл жағдайы ғана емес, осы іс-қимылдық сапасы, қызмет мазмұны мен сипатына қатынасымен, өзінің рухани ерік, күш-жігерін, танымдық мақсаттарға жетуге жұмылдыруға деген ұмтылысымен айқындалатын тұлғасы көрінеді.

Танымдық белсенділік пен жалпы танымдық белсенділікті арттыру проблемасына арналған көптеген еңбектерді зерттеу мынадай қорытынды жасауға әкелді: белсенділік – алуан қырлы болмыс-бітімі болып табылады, ол сезімталдық, танымдық және еріктік үрдіс нәтижесі, танымдық мотив пен өзбеттілік әрекет-тәсілдерінің жиынтығы, танымға деген тұрақты құлшыныс болып табылатын танымдық әрекетке бейімделуімен сипатталады.

Көптеген ғалымдар мазмұнына, қолданылуы мен белсенділікті арттыру түрлеріне, мақсатына, мәніне қарай түрліше топтайды. Жалпы талдап, жүйелей отырып, танымдық белсенділігін арттыруды жетілдіру әдістері тобын мынадай негіз бойынша топтауға болады:

3. Белсенділікті арттыру компоненті бойынша әдістер жүйесі, бұл оқыту әдісіне 3 үлкен топ әдістер кіреді.

а) танымдық белсенділікті арттыру үйымдастыру және жүзеге асыру (сөздік, көрнекілік, практикалық, репродуктивті және проблемалық индуктивті, өзіндік жұмыс).

б) танымдық белсенділікті арттырудағы мотивация және реттеу әдісі (қызығушылықты қалыптастыру әдісі: танымдық ойындар, өмірдегі жағдайларды талдау, т.б.; оқытуда жауапкершілік пен міндетті қалыптастыру: оқытудың қоғамдық және жеке тұлғалық маңызын түсіндіру, педагогикалық шарттарды ұсыну).

в) бақылау және өзіндік бақылау әдістері (ауызша және жазбаша бақылау, лабораториялық және практикалық жұмыс, бағдарламаланған бақылау, т.б.)

4. Ұжыммен ішкі және сыртқы белсенділікті арттырудың сабақтастығы бойынша әдістер жүйесі проблемалы дамыта отырып, танымдық белсенділігін қалыптастыруда тиімділігі тәжірибе жүзінде анықталды. Әдісті нақты жағдайда қолдану үшін оны төмендегідей жоспар бойынша талданды: белгілері анықтамасы, негізгі қызметі, ережесі, қолданылуы, басқа әдістерден айырмашылығы [58].

Танымдық белсенділігін арттырудың қазіргі жағдайын анықтау үшін аталған қасиеттің даму деңгейлері және оны бағалау туралы мәлімет қажет.

Зерттеушілер бұл мәселе бойынша түрліше пікірлер айтады. Мысалы: танымдық әрекетінің мынадай деңгейлерін көрсетті:

- бірінші деңгей – (көшірмелі әрекет) – танымдық әрекеттің негізгі формасы үлгілерінің көшірмесін жасай білуі;



- екінші деңгей – (өндіру-таңдау) – танымдық әрекеттің негізгі тәсілдерін игеру, оларды таңдау және алғашқы шығармашылық тұрғыда қолдану;  
- үшінші деңгей (шығармашылық) – танымдық әрекеттің барлық тәсілдерін таңдап, оларды шығармашылық деңгейде қолдану.

Танымдық дербестіктің даму деңгейлерін былай сипаттайды.

- репродуктивті деңгей (неғұрлым төменгі) – танымдық тапсырманы тек қана үлгі бойынша орындайды;

- қайта жаңғыртушы деңгейі – ұжым белгілі үлгілер, нұсқаулар бойынша әрекет етеді;

- вариантты (ішінара іздену) – жаңа тапсырмаларды өздігінен орындайды, бірақ кейбір тұстарын оқытушының көмегімен орынайды;

- шығармашылық (жоғары) – мәселені ұжым өзі талқылап, өзі шешеді.

Ұжымның танымдық белсенділігін арттыруды жетілдіруде материалының маңыздылығы дәрежесіне қарай, оның құндылығын анықтай білу, сабақ беру мен оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқытудың мазмұнына да фактілерден, әрекет тәсілдерінен басқа оқытудың шын мазмұнымен бірге оқу үрдісінде қатысушылардың арасында ақпарат алмасу қорын құратын және ұжымтердің осы мазмұнды игеруіне және оны практикада қолдануына қызмет ететін мәліметтер қамтылады [3].

Қазіргі кезеңгі қоғам талабына сай жаңа технологияны пайдалана отырып, танымдық белсенділігін арттырудың шығармашылық әлеуетін көтерудің маңызы зор.

Танымдық белсенділік пен жалпы танымдық белсенділікті арттыру проблемасына арналған көптеген еңбектерді зерттеу мынадай қорытынды жасауға әкелді. Танымдық ізденімпаздық пен белсенділік жеке тұлғаның алуан қырлы болмыс-бітімі болып табылады, ол сезімталдық, танымдық және еріктік үрдіс нәтижесі, танымдық мотив пен өзбеттілік әрекет тәсілдерінің жиынтығы, танымға деген тұрақты құлшыныс болып табылатын танымдық әрекетке бейімделуімен сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сарыбаева И.С. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиясы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 105 б.
2. Ковтунович М. Г. Музыканы қабылдаудың психоакустикалық және психоэмоционалды сипаттамаларының байланысы // Психология әлемі, 2013. - №4. - 184-195 ББ.
3. Сусанина И. В. Арт-терапияға кіріспе: оқу құралы. – М.: Коги-Орталық, 2017. - Б. 95

Сенкубаев С.Т , Батаева Г.У.

## **5-6 ЖАСАР БАЛАЛАРДЫ ДАМУ ОРТАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУҒА БЕЙІМДЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндетіне ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау үшін білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген [1]. Себебі қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білімді, ғылым мен өндірісті ұштастыра

алатын, оқытудың белсенді әдістерін меңгерген, жаңа ақпараттық-инновациялық технологияларды қолдана білетін мамандар дайындау міндеті тұр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы білім алушылардың шығармашылық даралығын, интеллектуалдық және практикалық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу талабы қойылған [2]. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында жүйелі бірізділікпен тарқатылады. Онда қазіргі қазақстандықтардың, соның ішінде білім алушы жастардың заман талабына сай іс-әрекеті олардың ұлттық тұрпатты сақтай отырып, бәсекеге қабілетті, прагматистік тұрғыдан ойланып, іс-әрекет жасай алатын тұлға болуының маңызы дәйектелген.

Психодиагностиканы мектеп жасына дейінгілерге қатысты қолданатын болсақ, оған балалар өз отбасында және балалардың білім беру мекемелерінің білім беру, дамыту ортасында (жағдайында) өсті деген мағынада бүкіл мектепке дейінгі шағын психологиялық зерттеу бойынша қызмет деп анықтама берсек болады. Яғни, мектепке дейінгі мекемелер жағдайында психологиялық диагностиканың зерттейтін ауқымына балалардың жас шамасына байланысты жеке ерекшеліктері, олардың психикалық дамуындағы ауытқулар мен бұзылымдардың себептерін анықтау жатады. Алға қойылған психологиялық түйткілді шешу үшін балалар психологы психодиагностикалық қызметтің мағынасын белгілеп алуы керек болады. Ең алдымен, бұл мәселеде психологиялық әсер еткіміз келіп отырған бағыттар бойынша жігін ажыратып алу қажет: балалар, ата-аналар, тәрбиешілер және педагогтар. Ал, сәл ересек, яғни 3-4 жастан 5-6 жас аралығындағы мектеп жасына дейінгілерге келсек, өздерінің танымдық әрекеттерін басқаруда дербестік элементтері көзге шалынып қалады. Сонымен қатар, осы жастағы көптеген жастағы балалардың танымдық дамуында әлі де тәуелді танымдық үрдістер басым, және қоршаған әлеммен жаңадан танысу кезінде бүлдіршін дәл осындай амалдарға арқа сүйегісі келіп тұрады. Біз мектеп жасына дейінгілердің сана сезімінің салыстырмалы түрде айтқанда төмен деңгейде дамуы туралы сөз қозғағанда, мынадай мағынаға сүйенеміз:

Балалар – еліміздің болашағы. Қоғамымыздың өркендеуі, келешек ұрпағымызды рухани – адамгершілікке тәрбиелеуімізге, сана – сезімдерін, білімдерін заман талабына сай дамытуымызға байланысты. Балаларды мектепке дайындау білім беру жүйесіндегі педагогика ғылымы мен практикасындағы келелі мәселелердің бірі. Баланы мектепке дайындау-біртұтас құрылым. Бұл кезең ата-аналарға, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне жауапты міндеттерді жүктейді. Мектепке келу-бала өміріндегі маңызды өткел, ол жаңалықтарға толы өзгеше өмір, жаңа іс-әрекеттер, қоғамдық ортадағы жаңа орын, ересектермен жаңа қарым-қатынасқа көшу. Мектепке дейінгі баланың әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен денсаулығын, дене бітімі дамуын, ақыл — ойын тұлғалық жағдайының қалыптасуын жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкес дамыту.

Баланы мектепке қалай дайындаған жөн? Баланың жеке тұлғасының даму мәселесін ойдағыдай шешу, оқытудың тиімділігін арттыру үшін балалардың мектепте оқуының дайындық деңгейін нақты ескере отырып, дұрыс бағытта жұмыс жасай білу керек. Мектепке дейінгі мекемеде мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жыл бойында жүрзілегін балалардың құзыреттілік қалыптасу деңгейін бағалау мониторингі көрсеткіштер (бастапқы, аралық, қорытынды) мәліметтеріне назар аудара отырып психологиялық дайындық деңгейін анықтауды жоспарлау тиімді. Балалардың мектепке даярлығы төмендегі көрсеткіштер бойынша анықталады:

1. Жоспарлау — бұл мақсатқа сәйкес өз іс — әрекетін ұйымдастыра білу іскерлігі.

- баланың әрекеті мақсатпен сәйкес келмеуі — төменгі деңгей; баланың әрекеті мақсаттың мазмұнына жартылай сәйкес келуі-орта деңгей; мақсаттың мазмұнына баланың әрекеті толығымен сәйкес келуі — жоғары деңгей;

2. Бақылау- қойылған мақсатпен өз әрекетінің нәтижесін салыстыру іскерлігі.

- бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа мүлдем сәйкес келмеуі — төменгі деңгей (баланың өзі бұл сәйкессіздікті көрмейді); бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа жартылай сәйкес келуі — орта деңгей (жартылай сәйкессіздікті бала өз бетінше көре алмайды); бала әрекетінің нәтижесі қойылған мақсатқа толық сәйкес келуі, бала өз бетінше алған нәтижесі мен қойылған мақсатты салыстыра алуы — жоғары деңгей;

3. Оқу мотивациясы-бұл заттардың және қоршаған әлем заңдылықтарының жасырын қасиеттерін табуға, қолдануға ұмтылу.

- бала тек қана заттардың сезім мүшелеріне мүмкін болатын қасиеттеріне ғана бағытталса, онда ол — төменгі деңгей; бала қоршаған әлемнің кейбір жалпыланған қасиеттеріне бағытталуға және жалпылауларды табуға қолдануға тырысады; қоршаған әлемнің заңдылық қасиеттерін қабылдаудағы құпияны табуға тырысудың айқын көрінуі және осы білімді өз іс — әрекетінде қолдануға деген құштарлық — жоғары деңгей;

4. Ақыл-ой дамуының деңгейі.

- өзге адамды тыңдай білмеуі, талдау, салыстыру, жалпылау, абстракциялау және нақтылау сияқты логикалық операцияларды сөздік түсінік түрінде орындауы — төменгі деңгей; өзгені тыңдай алмауы және сөздік түсінік түрінде орындалған логикалық операциялардағы қателіктер — бұл орташадан төмен көрсеткіш; өзгені тыңдай алмауы және сөздік түсінік түрінде берілген салыстыру, жалпылау сияқты қарапайым логикалық операциялардың қатесіз орындалуы, күрделірек логикалық операцияларды, яғни абстракциялаудағы, нақтылаудағы, талдаудағы, жинақтаудағы жіберілген қателіктердің болуы — орта деңгей; өзгені түсінудегі және барлық логикалық операцияларды орындаудағы кейбір қателіктерді, бала ересектің көмегінсіз өзі түзетуі — бұл жоғары деңгей; өзге адамды тыңдай алу мүмкіндігінің болуы және сөздік түсінік түріндегі барлық логикалық операцияларды орындауы — бұл өте жоғары деңгей. Осы аталған көрсеткіштер бойынша мектепке келген баланы былайша бөліп көрсетуге болады:

1. Мектепке даярлық деңгейі төмен бала — өз әрекетін жоспарлай және бақылай алмауы, оқу мотивациясы төмен (тек сезім мүшелеріне ғана бағытталған), өзгені тыңдайды және түріндегі логикалық орындауды білмейді.

2. Мектепке даярлық деңгейі орта немесе жоғары бала — өз әрекетін басқарып бақылай алады (немесе осыған қарай ұмтылады), қоршаған ортадағы заңдылықтармен, заттардың жасырын қасиеттеріне бағытталған, өзгені тыңдай алады және сөздік түсінік түрінде логикалық операцияны орындай біледі (немесе тырысады) [3].

Олай болса, балада өзі меңгерген әдеп нормаларына сәйкес басқалардың іс-әрекетіне, басқаларға эмоциялық қатынас болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың жоғарғы тобы әрекеттің нәтижесіне ғана емес барысына да баға бере алалды. Олар мадақтаудың әділдігіне, жамандыққа кек қайтару сияқты күрделі этикалық мәселелерге де өзіндік ұстаным танытады [5].

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Баланы мектепке дайындаймыз». Әдістемелік құрал. Қарағанды ҚРУ-ң баспасы.2018.

2. Выготский Л.С. «Психология»-М.,2015.

3. Кравцова Е.Е. «Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе»- М. 2015.

Сенкубаев С.Т., Хамзина С.С.

## **БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Еліміздегі қазіргі саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындары үлкен жауапкершілікті сезініп, білімді және өз ісінің шебері, жан-жақты дамыған, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды даярлауды көздеп отыр. Яғни, қоғам талабына сай шебер мұғалім болу заман талабы болып тұрғаны анық. Сонда қазіргі заман мұғалімі қандай болуы қажет? Қазіргі заман мұғалімі — рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Олар жоғары білімді және шығармашыл тұлғаларды қалыптастырып, дамыту үшін жауапты. ХХІ ғасыр мұғаліміне қойылатын басты талаптар: мұғалім жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және маман болуы қажет. Өз ісін жетік біліп, сабағын креативті жүргізетін мұғалім ғана түпкі нәтижеге қол жеткізе алады. педагогтік және психологиялық білімін жетілдірумен қатар, сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білуі керек. Мұғалім қай пәннен сабақ бермесін, ол баланы өмірдің әр саласына, әр жағдайына қатысты кез - келген сұрағына жауап беруге дайын болуы керек. Және қазіргі заман талабының бірі — «Интернет» жүйесін меңгеру қажеттігі. ақпарат құралдарының, мультимедиялардың көбеюі мұғалімнің еңбегінде оқулықтарды пайдалануды артқа тастады. Енді білім негіздерін өз бетінше оқып үйренуге оқушыны баулу міндеті тұр. Өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйрете алмаған мұғалім қазір түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайды.

Білім беруде кәсіби құзырлы маман деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, тек отандық емес, шетелдік тәжірибелерді де білім беруде қолдана білетін педагогты атаймыз. Әрбір елдің оқыту жүйесі әр түрлі болып келеді, алайда жаңа заман мұғалімдері, өзге дамыған елдердің білім беру жүйесінен жақсыларын қолданысқа енгізуді жоспарлауда. Мысалы, Жапон елінің оқыту тәсілі барлық елдермен салыстырғанда басқаша болып келеді. Оларда бастауыш мектепте оқу өте жеңіл және үй тапсырмалары берілмейді, қиын емтихандар жоқ, себебі бастауыш мектептің басты мақсаты — баланың бойына мәдениетті, тәрбиелі адам қасиеттерін қалыптастыру, жалпы білім негіздерімен таныстыру болып табылады. Яғни, оқушылар кішкентайынан адамды құрметтеуге, табиғатты аялауға, ортаға зиян келтіретін әрекеттен аулақ болуға тәрбиеленеді. Өзін-өзі ұстай білу, қанағатшылдық, қоғам үшін, елі үшін еңбек ету — басты тәрбие негізі. Оқушылар сабақтан соң кезекшілер сайланып сыныпты, дәлізді жуып, тазалайды. Демалыс кезінде мұғалім көптеген ізденіс жұмыстарын оқушыға үй жұмысы ретінде береді. Ал емтихандар мен қиын пәндер орта мектепте басталады, тіпті жылына екі-үш рет тапсырады. Емтихан тапсыру кез келген жапон үшін қиын әрі жауапкершілікті талап ететін маңызды іс болып есептеледі [1]. Ал АҚШ-та оқыту тәсілі мүлдем бөлек. Оқушыларға бастауыш сыныпта бір ғана мұғалімнің көмегімен оқыту жүргізіледі. Бастауыш мектебінің оқыту әдісі арнайы жасалған жоспар бойынша жүзеге асады. Оған оқу, хат жазу, орфография, ана тілі, ән, өнер, арифметика, тарих, география, өзін-өзі тану, гигиена, дене шынықтыру және еңбек пәндері жатады. Кейін орта мектепте оқушылар негізгі пәндерді оқып, қалған уақыттарын өздері қалаған пәндерді таңдап оқиды.

Қытайда болса бастауыш сыныбында ана тілі, математика, адамгершілік пен этика, музыка, шет тілі сынды пәндерге баса назар аударылады. Ал 3 сыныптан бастап ағылшын тілін үйрену басталады. 4 сынып оқушылары жылына екі апта фермаларға, шеберханаларға барып жұмыс жасайды. Барған жерлерінің тыныс-тіршілігімен танысады [2]. Бізде мұғалімдер оқушыларды қызықтырып, күнделікті оқу жоспарын жаңа қызық айдарлармен, суреттермен, видео сабақтармен дайындап келулері қажет. Оған қоса театрларға, музейлерге, кинотеатрларға, көрмелерге және т. б. мәдени орталарға оқушыларды апарып, өнерге деген қызығушылықтарын ояту қажет. Мысалы, әр айда бір рет балалармен мәдениет орталарына барып тұру қажет. Қазақ мектебінің бастауыш сыныптарға арналған бағдарламалар педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Түрлі ойындар арқылы оқушыны қызықтыра білу, себебі, сол ойындар арқылы баланың өзін-өзі тануға көмектесу. Оқытудағы негізгі мақсат — өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгерудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыруда мұғалімнің көмегі [3].

Қазіргі заман мұғалімінің тек білімі емес, сыртқы келбетінде назар аударылады. «Имидж» түсінігі ХХ ғасырдың соңында қоғам назарының және ғылыми талдаудың пәні болды. Педагог имиджінің қалыптасуы, бұл оқушының, студенттің, ата-аналардың ол туралы ойынан туған бейнесі. Өз имиджін жасауға талпынған педагог, жақсы көрініп қана қоймай, өзін жақсы сезінеді, өзіне көбірек сенімді болады. Яғни, осы айтып жатқан педагог имиджін құраушылар: дауыс күші мен тембрі, киімі, іс-қимылы, сөйлеу манерасы жатады. Қорытынды Қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі өзгерістер — олардың талаптарына жылдам жауап бере алатындай икемді, өз ісінде ұқыпты, шығармашыл мұғалімнің ролін көтеруде. Қазіргі заман мұғалімдеріне қойылатын талап-мұғалім өз пәнінің терең білгірі ғана емес, педагогикалық-психологиялық сауаттылығы, саяси –экономикалық білімділігі жоғары болу керек. Заманауи мұғалімдер оқушының қызығушылығын анықтап, оқуға жұмылдырады, оқушыларға зерттеу құралдарын беріп, оны қолдануды үйретеді. Сыныптағы әрбір оқушының қабілеттерін ескере отырып, сараланған тапсырма беру арқылы олардың әрқайсысының шығармашылық дамуын, білімін жетілдірудің жеке жүйесін жасайды. Заманға сай мектептің оқушылары үздіксіз ізденісте жүріп, материалды өз бетінше түсініп, зерттеу дағдысын үйренулері керек. Ақпаратты іздеу, оны талдау, жүйелеу ең бастысы сауатты түрде мазмұндай білу қажет.

Өз ойымды қорытындылай келе, ұлттық тәрбие алған ұрпақ-дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл боп өседі. Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» жолдауында «Біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономикаға өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады.», - деп нақты көрсеткен болатын. Бүгінде елімізде қатар жүріп жатқан екі процесс; саяси және экономикалық жаңғыру қарқынды іске асуда. Әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену үшін саяси экономикалық реформалардан бөлек біртұтас ұлт ретінде сақталу үшін, ұлттық рухани жаңғыру қажет болды. Жаһандану дәуірі бәсекеге қабілетсіз, ұлттық болмысынан тамырын үзген мемлекеттерді артқа қалдырды. Бұған тарих куә. Демек, ұлт боламыз десек ұрпағымыздың тәрбиесіне қазірден көңіл бөліп, дұрыс тәрбие түрін таңдау керек. М. Жұмабаев айтқандай «Әрбір ұлттың бала тәрбиесінде ескіден келе жатырған жеке-жеке жолы бар. Тәрбиеші, баланы сол ұлт тәрбиесімен жетелеуге міндетті», - делінген. Адамға ең бірінші білім емес тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білімнің еш құндылығы болмайды. Сондықтан да саналы ұрпақ іргетасының мықты қалануы тәрбиешілердің мойнында. Бүгін ақылды ұрпақ тәрбиелеп, ертеңге сенімді ұрпақ табыс ету біздің еншімізде десе де болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адильбаев.Е «Ұлттық тәрбие берудің маңызы» Бастауыш-2010.№2.-47-48б

2. Әбілмажанова. Г. «Жеке тұлғаны қалыптастырудағы ұлттық тәрбиенің маңызы». Алматы: Білім. 2015.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015.

**Сенкубаев С.Т., Шахаева Г.Б.**

## **ОҚУШЫЛАРҒА МЕКТЕПТЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫНА ДАЙЫНДАУДЫҢ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ**

Ғылыми жетекші: п.ғ.к, профессор «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ. «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01303 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының магистранты А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Қазіргі таңда экологиялық проблемалардың зардаптық көлемі ұлғаюына байланысты жас ұрпақтың экологиялық көзқарасын қалыптастыру деп отырмын. Ол үшін оқушылардың экологиялық білімді игеруі мектептегі оқу-тәрбие жұмысында екі түрлі бағытта жүргізілетіні анықталып отыр. Біріншіден сабақ оқытудың барысында экологиялық мәселелердің бір-бірімен байланыстырылған ғылыми негізінде қабылдаса, екіншіден сыныптан тыс уақытта жүргізілетін тәрбие жұмыстары нәтижесінде, олар табиғат пен қайта түлеген ортаға тиімді ету жөніндегі нақты білім мен практикалық тәжірибені, іскерлік пен дағдыны меңгереді. Сондықтан экологиялық білім беруге әр түрлі әдістерді пайдаланамыз: олар табиғатқа экскурсия, экологиялық үйірме, факультативтік сабақтар және сыныптан тыс тәрбие жұмыстары: экологиялық білім беру және тәрбиелеудің мақсаты мектеп оқушыларының қоршаған ортаның жай күйі үшін азаматтық борышын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ғылыми білім, шеберлік, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады [1].

Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың экологиялық білімдері мен біліктерін қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, оның жалпы кәсіби білімі мен сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру қабілетіне байланысты. Осының бәрі бір-бірімен үйлесімді жүруі оқушылардың экологиялық білімдерінің дамуына жол ашады. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, сыныптан тыс жүргізілетін экологиялық жұмыстардың басты міндеттері:

1. Оқушылардың экологиялық білімдерін дамытып, оқу іс-әрекетінде белсенділіктерін арттыру, яғни, бағдарлама бойынша берілген экологиялық материалдарды тең меңгеруіне көмектеседі.

2. Сыныптан тыс экологиялық жұмыстар өткізу және оған дайындық барысында оқушылардың бақылау жүргізуіне, қарапайым тәжірибелер қоя білуіне, белгіленген әдебиеттерді оқуына мүмкіндік берді.

3. Сыныптан тыс жұмыстар практикалық процесте оқушылардың іскерлігін арттыру бағытында жүргізілетіндіктен экологиялық білім мен тәрбие беруде олардың табиғатты аялауға, қорғауға, имандылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.

Сыныптан тыс экологиялық жұмыстардың алуан түрлері бар, бірақ олардың әрқайсысының өзінің ерекшеліктері бола тұрса да, бір мақсаттылыққа жұптасып ортақ талаптарды іске асырады.

1. Сыныптан тыс жұмыстардың түрлеріне қарай оқушыларды қалыптастыру тек қана ерікті болуы тиіс.

2. Қандай да жұмыстың түрі болса да, оның қоғамдық және қолданбалы бағыты болуы керек.

3. Сыныптан тыс және мектептен тыс жүргізілетін экологиялық жұмыс түрлерін анықтағанда оқушылардың ынта-ықыласына, талабына, бейім-кабілеттеріне мен құштарлығына сүйенген жөн.

4. Ұйымдастырылған қандай да бір экологиялық жұмыс түрі болмасын оқушылардың белсене қатысуына, ізденушілікке бағыттайтындай болу керек.

5. Балалармен жүргізілетін жұмыстардың әр түрінде жүргізілетін жұмыстардың әр түрінде экологиялық бағыт-бағдар басым болғандығы дұрыс.

6. Бұл жұмыстар нәтижелі болу үшін нақты белгіленген күні, мерзімі және айқын белгіленген кестесі болуы қажет.

7. Сыныптан тыс және мектептен тыс экологиялық жұмыстарға оқушыларды түгел қатыстыру жағын ойластыру қажет.

8. Экологиялық жұмыс жүргізгенде оқушылардың жас ерекшеліктерін, өмір тәжірибелерін, бейім-икемділіктерін ескеру қажет. Менің ойымызша экология курсының жүргізілетін экологиялық мазмұндағы сыныптан тыс жұмыстардың рөлін арттыруына мынадай жағдайлар әсер етеді:

1. Сыныптан тыс жұмыстардың жан-жақты болуы, білім және тәрбие беру әдістемесінің сапасын көтеруге әсерін тигізді.

2. Мектеп бағдарламасында оқу материалын экологиялық жұмыстармен байланыстыру барысында, оқушылардың білімін жан-жақты жетілдіруге мүмкіндік береді. Сабақ мазмұндары мектеп бағдарламасында шектеулі болуына байланысты күнделікті өмірде болып жатқан ғалми техникалық, экологиялық өзгерістерді кеңінен қамти алмайды. Сондықтан тек қана іскерлікпен ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстарды жаңа материалдардағы өзгерістерді кең түрде қолдануға болады. Осыған байланысты сыныптан тыс оқушыларға экологиялық білім беру факультатив сабақтар мен табиғи ортадағы жұмыстар жүргізілуі керек[2].

Қазақ халқында табиғат пен адам арасындағы байланыс өте ертеректен келе жатқаны бәрімізге мәлім. Табиғаттың сансыз сыры мен құбылыстарын түсіндіруге ұмтылу, халықтың бойында ақыл санасында табиғат жайындағы танымды табиғатты аялаудың қажеттілігі жайында ұғымдарды белгілі жүйемен жинақтауға талпынған. Халқымызда «табиғатым-тағдырым» деген нақыл сөз бар. Ежелгі дүниеде халқымыз табиғатқа, туған жерге, суға, өзі өмір сүріп отырған ортасына көп көңіл бөле білген.

Табиғат пен адам арасындағы тепе-теңдік бұзылмаған, халқымыздың ауыз әдебиетінде де осы табиғат, жер, су, өсімдік, жануарлары бар дүниесіне де өте мән берілген. Ата-бабамыздың өмірлік тәжірибесінен жинақталған, аңыз, әңгіме, нақыл сөз, мақал-мәтелдернен халық даналығын танып білуімізге болады. Сондықтан да, мектепте экологиялық мәселелер бойынша оқу-тәрбие процесін белгілі бір жүйеге келтіріп, этноэкологиялық бағытта дұрыс жолға қойып, салт-дәстүрге жетелейтін бағытта бағдарламалар құру қажет.

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру мақсатында жүргізілген жұмыстың нәтижесі мынадай қорытында жасауға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталып көрсетілгендей еліміздегі экологиялық жағдайлар кейбір жерлеріміздің экологиялық апат аймағына айналуы, экологиялық тәрбиеге байланысты, философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге, әр түрлі табиғат қорғау туралы заңдарға талдау жасау, бұл мәселенің бірден пайда болмағанын, оның қоғам дамуы барысында адам мен табиғаттың қатынасы негізінде пайда болып, қазіргі кезеңде аса маңызды, дүние жүзіндегі мәселеге айналып отыр. Экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесі мүмкіндіктерін шешуде жалпы орта білім беретін пәндердің алатын орны ерекше [3]. Барлық пәндерді экологиямен байланыстырып, пәнаралық байланыста жүргізілуі керек. Солардың ішіндегі экологиялық білім мен тәрбие беруде биология пәнінің орны ерекше. Тақырып бойынша жүргізілген тәжірибелік зерттеу жұмысымызда жалпы орта білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие берудің жәй күйі зерттеліп мына міндеттерді шешуге бағытталды:

- жоғары сыныптың бағдарламалары, оқулықтары, әдістемелік құралдардың оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудегі қазіргі жағдайын қарастыру;
- мұғалімдермен экологиялық тәрбие жұмыстарын жүргізу;
- экологиялық білім мен тәрбие үлгерімінің көрсеткіштерінің бастапқы және соңғы деңгейін анықтау.

Жоғары аталған міндеттерді шешу үшін биология пәнінен өткізілген сабақтардың, сыныптан тыс өткізілген жұмыстар негізінде, оқушыларға және мұғалімдерге сауалнама, КВН, оқушылардың шығармалары арқылы жүзеге асты. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы экологиялық білім мен тәрбие беру жұмысы мына бағыттарда жүргізілді: Экологиялық апталық, факультатив сабақтар, экологиялық тақырыптағы әңгімелер. Табиғи ортадағы жұмыстар: қоғамдық пайдалы еңбектер және «Жасыл ел» бағдарламасын іске асыру. Осы бағытта жүргізілген жұмыстар оқушылардың табиғатқа жауапкершілік сезімдерін, экологиялық тәрбиелігін қалыптасытыруға мүмкіндік беретініне зерттеу жұмысымының барысында көз жеткіздім. Оқушылардың экологиялық тәрбиелілігін қалыптастыруға бағытталған сыныптан тыс жұмыстардың ішінде экологиялық апталықтың орны ерекше, себебі экологиялық білім беру жүйесінде апталықтар ерекше міндеттерді атқарады да оқушылар ат салысып қатысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (баптары бойынша түсіндірмелері) оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. – Астана, 2013 ж.
2. Ә.С.Бейсенова, Ж.Б. Шілдебаев, Г.З.Сауытбаев Экология Алматы «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2014. -555б.
3. Бозжанова К.Б. Оқушылармен жүргізілетін кластан және мектептен тыс жұмыстар жүйесі. А., 214 ж.

**Сенкубаев С.Т., Джумабекова Ф.М.**

## **МЕКТЕПТІҢ ОҚУ – ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ САЛТ – ДӘСТҮРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.**

Ғылыми жетекші: п.ғ.к, профессор «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ. «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01101 - «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой-санасын дамытып, қалыптастыру барысында білім берудің ұлттық, педагогикалық, психологиялық негізін айқындау керек. Елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу-тәрбие процесін ұлттық сипатта ұйымдастыру - өмір талабы. Әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, оның азаматтық білім берудегі мәдениеті мен дидактикалық білімі осы оқу-тәрбие процесіне тікелей байланысты.

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді»-деген екен бабаларымыз. Этностың өз ішіндегі ала-құлалық ұлттың, мемлекеттіліктің болашағына қатер туғызбай қоймайды. Алғашқыда ұлттық тұтастықтан, сонсоң мемлекетінен айрылудың әкелер қасіретін–бек ұлдардың құл болатынын, пәк қыздардың күң болатынын осыдан 13 ғасыр бұрын Күлтегін тасына қашап жазған байырғы түркілердің даналығынан көруге болады. Ұлттық «МЕНДІ» қалыптастырудың жолдары мен әдіс-тәсілдері сан алуан екендігі белгілі. Соның ішінде жетекші орынды тәрбие алатынына ешкім күмән тудырмайды. Себебі, тәрбие - халықтың



ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жеке тұлғаның бойына сіңіру, оның қоршаған ортаға қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыру болып табылып, дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу мақсатын көздейді. Қазіргі мектептерде ұлттық тәрбие беру мәселесі өз шешімін таппаса, білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар түпкі нәтижеге қол жеткізуі мүмкін емес. Ол үшін ұлттық тәрбие беру барысында басшылыққа алынатын талаптарды анықтап алудың да маңызы зор:

-біріншіден, ұлттық тәрбие беру Ата Заңымызға, «Білім туралы» Заңына қайшы келмеуі керек, яғни нәсілдік, ұлттық, діни, жыныстық кемсіту немесе дәріштеуден алыс тұрған абзал;

-екіншіден, ұлттық тәрбие бір ұлттың мұратын ұлықтаумен қоса, басқа ұлттардың тарихын, дәстүрін, этникалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, оларға қуат беретін факторға айналуын қамтамасыз ету қажет;

-үшіншіден, ұлттық тәрбие үздіксіз болу керек.

Мәселен, қазірдің өзінде тарихи отанында отырған қазақтар мен диаспора санатында шетте жүрген қазақтардың ұлттық мұраты бірдей дей алмаймыз. Біріншілері үшін қазақстанның бүгіні мен ертеңі басты мәселе болса, екіншілері жүрген ортасында қазақ болып қалу қамын көбірек ойлайды. Уақыт өткен сайын ұлт мұратындағы осынау айырмашылық ұлғаймаса, қабыспайтыны ақиқат. [1]

Қазақстан Респубилкасы өз алдына дербес мемлекет ретінде егемендігін алғаннан кейін елімізде ұлттық рухани мұраларымызға бет бұрып, соның негізінде тәрбие беруге көңіл қойыла бастады. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбие атауын өздерінің докторлық диссертацияларында Қ.Бөлеев пен К.Оразбекова пайдаланып, жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері мен оқушыларға ұлттық тәрбие беруге мұғалімдерді дайындаудың теориясы мен тәжірибесін зерттеді.

«Ұлттық тәрбие терминін ендіру педагогика ғылымында өз шешімін тапқан жоқ. Ол этнопедагогика ғылымында ендірілуі тиіс. Өйткені этнопедагогика ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориясымен сипатталатын ғылым саласы. Ұлттық тәрбие - жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізінде қалыптасқан этнопедагогиканың саласы», - деп, анықталады.

Ғалымның ойынша, ұлттық тәлім-тәрбиенің мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың тиімділігі—болашақ мұғалімдерді, білікті тәрбиешілерді даярлау және қайта даярлау мен жетілдіру жұмыстарына арналған арнайы бағдарламалар мен нақты шараларды қолға алу арқылы іске асырылады. Қазақ халқы—елін, жерін, оның табиғи, мәдени байлығын, өнері мен тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қорғап, рухани-адамгершілік тағлымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан, оқу-тәрбие процесінде қолданылатын бағдарламалар, оқулықтар, дидактикалық материалдардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерге сай жасалуын өмірдің өзі талап етеді. Халықтық педагогика мындаған жылдар бұрын пайда болып, қазіргі кезеңнің өзінде педагогика ғылымының басты мәселелерінің бірі болып табылады. Халық педагогикасындағы озық идеялар қай халықтың болсын тіршілік тынысымен, ұлттық тәрбие дәстүрімен тығыз байланысты туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетіп отырған. Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Ғасырлар бойы әдет-ғұрып дәстүрге айналып, ұрпаққа ақыл-сана беретін, атадан—балаға тұрмыс-тіршілігіне өнеге болып, ауызша жалғасып келе жатқан қазақтың қанына сіңген тәрбиелік қағидасын халықтық педагогика дейміз. Халықтық педагогика жас ұрпаққа өмір тәжірибесінен халықтың сенім, наным-танымынан жинақтап, әдеп пен өнеге беру үшін атадан-балаға ауызша жалғасып келе жатқан қағида, оны жасаушы—халық. Қазақ халқының

тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен мақал-мәтелдерде, аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс термелерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні—адамгершілік—имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі [2].

Халық мұрасының танымдық мәні — ұлан - ғайыр дүние. Ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңінде мәнді, адамзаттың рухани—эстетикалық қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне байланысты, баланың жан-дүниесінің қалыптасуына негіз болатын дәстүрлер көп-ақ. Халық өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін жеткіншек ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бала бойына сіңіріп отырған. Халықтың тілін, салтын, дәстүрін бойына дарытқан ұрпақ тәрбиелеу үшін халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмысына негіз етіп алуға болады. Халық педагогикасын келер ұрпаққа айтар ақылы, ұсынар үлгісі, берер тәлім-тәрбиесі сол елдің күй, би, музыкасы, фольклорлық шығармалар арқылы ежелгі ойын-той думанында салт-саналық дәстүрлерінде насихатталған. Яғни, әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіне тән дәстүрі ұлттық мұра арқылы көрініс береді.

Ұлттық тәрбиеге ықпал жасайтын әлеуметтік факторлар сан қырлы. Оған ұлт тарихы, ұлттық материалдық және рухани мәдениет, халық фольклоры, дәстүрлер мен салт-жоралғылар, ұлттық психологияның элементтері, саясат пен қоғам идеологиясы әсер етеді. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбиені қалыптастыратын мәселелердің өрісі жайлы айтылып жүр. Мұның арасынан тек мектеп оқушылары ғана емес, жоғары білімді мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасының қолға алынуы құптарлық нәрсе. Дегенмен, осы кешенді құбылыстардың арасынан ұлттық тәрбие процесінде ұлттық психология үлесінің қомақты екендігі дау тудырмаса керек. Мұның өзі—қазіргі егеменді тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайында ерекшеленіп отыр. Оған нарықтық қатынастар дәуірінің өмір салтының психологиялық, дәстүрлік өзіндік қасиеттері қосылады. Соған орай көптеген тарихи-дәстүрлік белгілер жаңа рухымызға, ұлттық тәрбиеге үйлесімді жүзеге асуы қажет.

Ұлттық тәрбие мен ұлттық психологияның арақатынасында біздің пікірімізше мынадай әдіснамалық талаптар орын алғаны дұрыс сияқты. Ұлттық тәрбие жалпыазаматтық өнегенің құрамдас бөлігі ретінде өрбуі тиіс. Ұлттық тәрбие өз ерекшелігін шешумен қатар ұлттық шектеушілік пен басқа да тар өрісті белгілерден аулақ болғаны жөн. Ұлттық психологияның ұлттық тәрбиеге ықпалының барысында ескі мен жаңа қасиеттер үйлесімділікті қажет етеді. Ескінің барлығы қазіргі заманға толық сіңісе алмайды. Тарихи мәдениет, оның өрістері ұлттық рухтың көзі болғандықтан тәрбие процесіне әсері жүйелі әрбір әлеуметтік топтың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізілгені дұрыс. Сондықтан бала бақшалардағы, мектептің әрбір сыныптарындағы ұлттық тәрбиенің барысы ерекшеленіп тұруы қажет. Мұндағы ескерілетін жағдай-еліміздің көп ұлттылығында. Әсіресе, мектептердегі қазақ және орыс сыныптарына арналған міндетті оқу құралдарының ұлттық тәрбиеге байланысы мен мазмұны негізгі жатса пайдалы болар еді. Осы мәселенің ара жігін дәл анықтап тәрбиенің құралына айналдыра білу де әдіснамалық міндеттердің бірінен саналады. Басты бағдар—барлық ұлт балаларының елімізге деген ортақ сүйіспеншілік сезімін, мүдделерін қалыптастыру. Тек оқу процесі емес, мәдени-көпшілік шаралары да оқушыларға ұлттық тәрбие беруде түрлі тәсілдердің шебер әрі ұтымды пайдаланылуын іздестіруді талап етеді.

Этнопедагогика халықтық педагогикадан жүйеленген ғылыми педагогикаға өтетін аралық көпір, өткел іспеттес феномен. Ал қазірде «халық педагогикасы» дейтін термин басым рөл атқарады. Себебі, этнопедагогика ғылымы өзінің ілкі бастауын халықтық педагогикадан алады. Ал халықтық педагогиканың өзі ауыз әдебиетінің, фольклордың сан алуан жанрларынан, сондай-ақ салт-дәстүрлерден нәр алып отырады. Әрине, біз фольклорлық бай мұрамыздың жарыққа шығуын күтіп жүрмей—ақ архивтердің шаң-тозаңдарында көмулі жатқан рухани асылдарымызды халық игілігіне айналдыру жағынан ерекше көңіл бөлуіміз қажет—ақ. Біз бұл жерде қазақ этнопедагогикасының теориялық

аспектілерін жандандыруда бір ғана мақал–мәтелдердің өзі ерекше маңызды десек артық айтпаймыз. Өйткені, қысқа болса да нұсқа тұжырымдамаланған халық даналығында тәлім–тәрбиелік мол мұра жинақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов Ш. Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрі, //Мектеп. №7, 2014 ж. – 205 б.
2. Лутовинов В.И. Жастарға патриоттық тәрбие беру: тұжырымдама, бағдарлама, ұйымдастыру-әдістемелік негіздері: педагогтарға, білім беру мекемелерінің басшыларына және жастармен жұмысты ұйымдастырушыларға арналған құрал. – Мәскеу., 2013 ж. – 74б.
3. Бабанский Ю.К Педагогика. Мәскеу, - 2014 ж. -74 б.

**Рақымжан Ә.Қ., Султанова Г.К.**

### **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ — ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01303-«Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.  
Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының магистры

«Адам табиғаттың қызық қасиеттерінің бірі оның айналадағы адамдар көзқарасындағы өз бейнесін ойлауға ұмтылғандығы. Кейбіреулер қиналса да соңына дейін ойнап шығады» — деп Ф. Искандер тұжырымдағанындай әлеуметтік – психологиялық тренингтің басты жоспары – ұйымдастырылған іс-әрекетті соңына дейін жеткізу болып табылатынында. Тренинг – білімді дамыту немесе адамды оқытуда жоспарланған жағдайға жүйелі күш салу арқылы орындау. Жұмыс жағдайында тренинг адамның бір немесе бірнеше әрекет түрлерін нәтижелі орындауынан білім мен дағдыны меңгеру мүмкіншілігіне бағытталады. Тренингтік жаттығулар кейбір жағдайларда тұлғалық өзгеруге түрткі қызметін атқарады. Өзіндік сана тұлғаның даму процесін жанама түрде және мазмұндау арқылы қарым-қатынас үйлесімділігін орнатып және қарым-қатынастағы қиындықтардың себебін ұғыну динамикасына ықпал жасайды. Тренинг барысында мынандай жағдайларға да дайын болуы тиіс, олар: ыза, қатты дауыс, дөрекілік, өзімшілдік, қатыспаушылық, қажетсіз күлкі, ынтасыздық, шыдамсыздық немесе «сөзге керісу», қажетсіз сөзге араласу; тыныштық, селсоқтық; қылжақтық және т.б.[1]

Психологиялық тренингті ұйымдастыру ерекшеліктері туралы тоқталып өтейік. Кез-келген практик психолог өз қызмет жолында психологиялық тренингтерді өткізуге міндетті. Бұл тренингтер әр түрлі тақырыптарды қамтиды. Психологиялық тренинг қалай ұйымдастырылады және жүргізілу барысы туралы сөз алдында, «тренинг» ұғымын толық ашып алу қажет. Тренингтің үйрену, білім беру және дамыту ұғымдарына сәйкестігін анықтау.[2]

Бұл жастағы тұлғалармен осы тектес жұмыстар аптасына 1-2 рет өтеді. Тренинг ұзақтығы – 1 сағаттан 3 сағатқа дейін.

Қасытушылармен жүргізілетін дамыту-түзету жұмыстарының құрылымында келесі бөлімдер ерекшеленеді:

Тренинг барысында жеке бастың дамуы туралы мәселелер нәтижелі шешіледі және коммуникативті дағдылар жемісті қалыптастырылады. Сабақ, оқу процесінде ұйымдастырылған әлеуметтік – психологиялық тренингтер білімгерлердің қарым-қатынастары жақсарайды, өздерін белсенді қатысушы және басқаларға әсер етуші жағдайда

сезінеді, топтың толық сеніміне кіреді. Әр бір бастаған іс-әрекеттің толық аяқталуын қадағалайды. Ең бастысы – басқаларға өзінің ойы мен сезімін, уайымы мен күдіктенуін сенуге қорықпайды. Кейбір тренингтерді арнайы жоспарланған адамдарға ғана емес, отбасы мүшелеріне, достары және жолдастарға да жүргізуге болады. Тренинг арқылы жақын адамдардың адамдық қасиеттерін ашып, бағалауға көмек беріледі, сөйлеу мәдениетін, тұлғаның қоғамда өзін ұстау іскерлігін және әдептілік ережелерін сақтауды енгізеді. Дұрыс ұйымдастырылып, жүргізген тренинг жеке тұлға қалыптасуының жетекші құралы екендігіне толық сенімдеміз.[3]

Әлеуметтік психологиялық тренинг арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас формасы. Тренингтің бұл түрін тек психология маманының қызметкерлері ғана емес арнайы психологиялық білімі жоқ мұғалімдер де сабақ беру барысында қолдана алады. Оқу және тәрбие жұмысына жағымды өзгерістер енгізуге, оқу процесін белсендіруге тренингтердің ықпалы жоғары.

Кез келген тұлғаның жаңа ортаға бейімделуі, құрбылар арасында үйлесімді қарым-қатынас орнатуы, өзін дұрыс таныстыра білуі және т.б. жағдайлары кейде айналасындағылар тарапынан ұйымдастырылған әрекеттерге да байланысты әсер етеді. Сондықтан ең алғашқы кездесуде адамның белсенділігі айналыны қайта құру мен өзгертуге бағытталады. Әлеуметтік белсенділік дегеніміз осы. Жеке тұлғаның белгісіне айналып, бұл белсенділік қоғамдық өмірдің барлық саласындағы ғылыми жаңалық, шығармашылық, жаңашылдықтың бастауы мен қозғаушы күшіне айналады. [4]

Жеке тұлғаның белсенділігі оқушының әр алуан іс-әрекеттерінде көрініс табады: білім алу - танымдық, еңбек, қоғамдық-пайдалы жҒмыстар, ойын, эстетикалық, спорттық-сауықтыру. Оқушының іс-әрекетін педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру, оның белсенділігінің барлық бағытта дамуына әсер етеді. Белсенділік баланың барлық күшін жұмсауға, іс-әрекетіндегі өзгешелігін анықтауға, жеке тұлғаның барлық мүмкіндіктерінің ашылуына барынша көмектесуге мүмкіндік туғызатын іс-әрекет түрлерімен және әдіс-тәсілдерімен қаруландыру, баланың дамуының нәтижелілігін қамтамасыз ететін тәрбиенің басты құралы болады. [5]

Жеке тұлғаның белсенділігін жан-жақты қалыптастыра отырып, тәрбиеші сол баланы өзіне пікірлес етіп алады. Оқушының қажеттіліктеріне негізделген тәрбие мен өзіндік тәрбие процестері – ең жағымсыз деген сыртқы жағдайларды жеңе алатын күшке айналады.

Жеке тұлғаның дамуы үшін баланың белсенді іс-әрекеті қажет. Алайда кез-келген іс-әрекет баланың қабілетін, дарынын, мінез-құлық белгілерін, білік пен дағдыларын дамыта алмайтыны да белгілі.

Қабілеттіліктің дамуы үшін баланың бойында жағымды сезімдер туғызатын іс-әрекет қажет (В. Е. Чудновский, В. С. Юркевич). Ал мұндай көңіл-күйге түсу, жұмыстан пайда болған сүйсіну сезімімен сипатталатын танымдық қажеттіліктермен байланысты. Дарынды бала белгілі бір жұмыспен міндет үшін емес, баға үшін емес, жарыста немесе олимпиадада жеңу үшін емес, сол жұмыспен айналысқысы келетін болғандықтан жетістікке ұмтылады, яғни ол балада жағымды сезімдермен байланысты қажеттілік бар. Осыған байланысты әдебиеттерде өте сирек айтылып жүрген жеке тұлғаның дамуының тағы бір бастауы өзіне көңіл аудартады. Бұл – жеке тұлғаның мәдени ұстанымдарынан бастау алатын өз-өзіне деген қалыптастырушылық, жасампаздық ықпал-әсері. М. Князеваның ойынша, адамның өзін-өзі дамыту күштері жеке тұлғаның дамуының ең маңыздысы болып табылады. Оның пікірінше өткеннің ұлы адамдарының Ұмірбаяны, күнделіктері, естелік жазулары, сырлары, хаттары өзін өзі қалыптастыру, өз өзіне талап қою жұмысында аса зор күш жұмсағандарының дәлелі бола алады, ал ол қасиеттер олардың кәсіби еңбектерінің бастауы болып, өмір жолында әрдайым серік болған:”... адам тек қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамды ғана қалыптастырып, түрлендірмейді. Адамзаттың бүтін тарихы – өзін-өзі қалыптастыру мен қайта құрудың жүйесі.[6]

Сонымен, жеке тұлғаның дамуы, тәрбиесі, қалыптасуының өзара байланысы мәселесінің көпғасырлық тарихы бар. Ғылымда жеке тұлғаның мәні, оның дамуы мен

қалыптасуына әсер ететін факторларды түсіндіретін әр түрлі көзқарастар кездеседі. Ғалымдардың жеке тұлғаның қалыптасуында биологиялық (тектілік) және әлеуметтік факторлардың (қоршаған орта, тәрбие), сонымен қатар іс-әрекет пен қарым-қатынастың орны ерекше деген қортындысы еш дау туғызбайды. Жеке тұлғаның қалыптасуына мынандай заңдылықтар әсер етеді: әлеуметтік алдын ала анықталып қою, іс-әрекеттің амал-тәсілдері, көпфакторлық, педагогикалық процестің ақиқат-шындығы. [7]

Қазіргі ғылыми көзқарас бойынша баланың жеке тұлғалығы тәрбиенің объектісі ретінде де, субъектісі ретінде де қарастырылады. Оның объект болу себебі оның қалыптасуы сыртқы ықпал-әсерлерге, әсіресе, тәрбие секілді мақсатты әсерлерге тәуелді. Субъект болу себебі жеке тұлғаның белсенділігінсіз, сыртқы ықпал-әсерлерге деген белсенді ықпалынсыз даму ілгері жүрмейді; тағы бір себебі: адамның дамуы өзін-өзі дамыту процесінде ғана жүзеге асады, сондай-ақ жеке тұлғаның дамуында өзін-өзі тәрбиелеудің де алар орны ерекше (сол субъект қалағанындай жеке тұлғаға тән белгілі бір қасиеттерін қалыптастыру мақсатында өз бетінше жұмыс).

Қазіргі заманғы зерттеулер дарындылық тұқым қуалайтын қасиет емес дейді. Н. И. Дубининнің айтуы бойынша, дарындылық болу үшін “жөнді универсалды генетикалық бағдарлама” керек: ал оның аса мол потенциалын жүзеге асыру үшін, әсіресе жеке тұлғаның дамуының өте ерте кезеңінде, қолайлы жағдайлардың болуы.

Жоғарыда сипатталған жаттығуларды орындау тиімді. Бұл жаттығуда тапсырма немесе құрал – жабдықтар нақты берілмейді, оның орнына тұлғаның басқалармен бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас кезіндегі күйзелісіне, қайтар бағдар беру мүмкіндігін жасайды. Көптеген адамдар қарым қатынас кезінде қиындықтарды басынан кешіруінің бір нұсқасы болуы мүмкін. Өзіннің көңіл – күйің дұрысталғаннан кейін өзіңе ғана емес, өзгелерге де көмек жасауға болады. Ал қайта бағдар берудің екінші нұсқасы негізсіз тәжірибелердің құндылықтары жөніндегі әңгіме. Осы арқылы адам қоршаған әлем турасында тану дәрежесіне жетеді.

Сонымен танымдық белсенділік адамның өмірлік іс-әрекетінің, әсіресе білім, ғылым, өнер салаларында бөлінбейтін біртұтас бөлшегі. Топта үйлесімді қарым-қатынас орнауы үшін адамның, оқушының, маманның және т.б. іс-әрекетін сапалы ұйымдастыру, ақпаратты жүйелеу, оны қабылдауға жағдай жасай отырып, бағыт, бағдар беру болып табылады. Оның дәлелі ретінде психологиялық тренингтер жүргізу арқылы тұлғаның танымдық белсенділігін дамытуға тиімді қол жеткізуге болады.[8]

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бакли Р., Кейпл Д. Теория и практика тренинга.- Питер, 2002 г.
2. Торн К., Макей Д. Тренинг. Настольная книга тренера.- Питер, 2001 г.
3. Изен Н.В., Пахомов Ю.В. Психотренинг игры и упражнения. — П., 2000 г.
4. Көмекбаева Л.К. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті ұйымдастыру. – А.- 2002 ж.
5. Прутченков А.С. Социально-психологический тренинг в школе.- эксимо-пресс, 2001 г.
6. Сидоренко Е.В. Мотивационный тренинг – Р; 2000 г.
7. Құдайқұлов М.А. Способности умения и навыки. –Алматы., 1986 г.
8. Парыгина Б.Д. Практикум по социально-психологическому тренингу- Санк-Петербург., 2000 г.

Мусакулов К.Т., Тасмагамбетова К.С.

## МЕКТЕПТЕГІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7M01101-«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.

Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының кандидаты PhD докторы, профессор

Қазіргі заман талабына сай шығармашылық қабілеттің дамуына бағытталған білім дегеніміз — аз уақыт ішінде мол идея қорын алу емес, керісінше жеке тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ететін іс. Оқытудың өзекті мәселесі — оқушының жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту. Интеллектуалды жоғары, қоғамға жаны аши білетін азаматтарды дайындау мектеп қабырғасынан басталады. Ендеше жаңа ғасыр мектебінің алдында тұрған міндет-дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізу болып табылады.

Жас жеткеншектерді заман талабына сай тәрбиелеу мен оқытуда олардың жеке қабілеті мен бейімділіктерін, дарындылығын дамыту — біздің міндетіміз.

Дарындылық дегеніміз— адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылық жұмыс арқылы қалыптасатын қасиет. Психолог мамандар дарындылықтың төмендегідей түрлерін анықтаған.

Шығармашылық— қиялдың шығармашылық даму деңгейі, ерекшелігі және нәтижелілігі. Шығармалық дарындылықтың ең маңызды психологиялық анықтаушы ретінде ақыл-ой коэффициентінің негізіндегі сандық және сапалы өсудің жоғары пайызын қоса есептегендегі көрсеткіші белгіленеді. Дарындылықтың дамуын зерттеуде оқушылардың мүмкіндіктері мен ақыл-ой дамуы жоғары деңгейде анықталатын жалпы дарындылықтың және нақты іс-әрекет (спорт, музыка, көркемөнер) түрінде байқалатын арнайы дарындылықтың анықталуы өте маңызды.

Оқушыларды шығармашылыққа баулудағы қажеттілік — баланы психологиялық дайындықтан өткізу. Психологиялық дайындық, яғни мұғалімнің психологиялық әсері шығармашылық кезеңде баланың шабытын оятып, құлшындырып, еліктіріп отырады. Шығармашылық шеберлік үшін оқушыға ұстаздың берер психологиялық әсері мынадай болмақ: «Сенің қолыңнан бәрі келеді», «Сен қабілеттісің» деп баланың еркін билеп, сенім білдіру Оқушының кішкентай жетістігі болса да жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу, шығармашылық сәтте оқушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін байқап, қамқорлық таныту. Мұғалім оқушының қабілетін сабақ кезінен бастап-ақ байқайды, мұғалім оқушының бойынан бір ерекшелікті байқағаннан-ақ тапсырманы күрделендіре түседі, өз бетінше жұмыс жүргізуге бағыт-бағдар беріп отырады. Оқушы тапсырманы орындағанда өзінің бойындағы барлық қабілетін аша отырып, ойланып жұмысын жалғастырады. Әр мұғалім бала бойындағы дарындылықты ашуды өз сабағынан бастайды. Баланың ерекше қабілетін байқауда күнделікті сабақта, тәрбие жұмысында, үйірме, сыныптан тыс жұмыстарында үзбей бақылап, рейтинг жүйесімен білімін бағалай отырып, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтауға болады.

Дарынды оқушыны анықтап болған соң, оларды дамыту жұмыстары басталады. Дж.Резулли «Шығармашылық дарындылық белгілері байқалатын балалар стандартты оқыту бағдарламасынан тыс кеңейтілген деңгейде оқыту мүмкіндіктерін қажет етеді» деп атап өткен. Ендеше оқыту бағдарламасы осы деңгейдегі оқушыларды оқыту мақсатына сай болуы керек. Шығармашылық дарындылықты дамыту үшін оқыту мазмұнын төмендегідей құрамын.

Бүгінгі таңда дарынды бала сөзі жиі қолданылып жүр. Дарындылық— адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет.

Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Көбіне мұғалімдер ойынша “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті,

ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты- олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарынды оқушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты.

Дарынды баланың одан әрі жетіле түсуіне ұстаз тарапынан мейірім мен кішіпейілділік, бала жанын жазбай танушылық қасиет қажет-ақ.

Бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу, айқындау – ең басты мәселе. Ал оқытудың түпкілікті нәтижесі – өз ойын дәлелдей алатын, жан – жақты білімді, білімін жүзеге асыра алатын, қалыптасқан өзіндік азаматтық көзқарасы бар іскер, ақылды, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру. Ол үшін белгілі бір жоба болуы шарт. Яғни, оқушының дарындылығын айқындау, шығармашылық дарындылығын зерттеу, анықтау, белгілі бір бағыт – бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу қажет. Оқу жылының басында дарынды балаларға арналған тиімді жұмыс жоспарын құру.

Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыруы мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау керек. Сондықтан да ғылыми жоба технологиясының тиімділігі күннен күнге артуда. Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу. Егер оқушы ғылыми жобасы тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса - ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт – бағдар бере алады. Сонымен, оқушының ғылыми жұмысының тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Пәндік олимпиадалардың негізгі мақсаттары мен міндеттері педагогтардың ғылыми-әдістемелік деңгейлерін анықтау, кәсіби және ақпараттық құзыреттілік деңгейлерін арттыру мен қатар, дарынды оқушының өзін қызықтыратын пәнде шығармашылық белсенділігін ынталандыру және қызығушылығын дамыту, ғылыми білімді насихаттау болып табылады.

Қазіргі кезде жақсы дамып келе жатқан дебаттардың, пікір – сайыс яғни интеллектуальды ойындардың мақсаты - Қазақстандық қоғамдағы өзекті мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерттеп, ашық пікірталас алаңында талқыға салу арқылы оқушылардың шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыру; жастардың ғылымға қызығушылығын туғызып, мемлекетшілдік сананы дамыту болып табылады.

Дарынды баланың қабілетіне білім беру тарапынан және тәрбиешілік жұмыстар тарапынан қолдау болуы шарт. Ол ең алдымен: дарынды баланы анықтау жолдарымен және дұрыс бағыт-бағдар беру жолдарымен айқындалады. Дарынды баламен жұмысты бастау жолында төмендегідей проблемаларға кездесеміз: әлеуметтік жағдайының әсері, жаңадан келген оқушының ортаға бейімделе алмауы; жас кезеңіндегі өтпелі кезеңі, оқуда жетістікке жете алмауы, ұяндығы, психофизиологиялық себептер. Әртүрлі жағдайда кездесетін

жоғарыда көрсетілген проблемадан негізінен ата-ана мен сынып жетекшісінің, пән мұғалімдерінің және әкімшіліктің тығыз байланысы шешуші жолды анықтайды.

Аталмыш жұмыстар негізде психологиялық ерекшеліктерін айқындап, психологиялық зерттеу жұмысының қорытындысын (темперамент, зейін, ес, қабылдау, ойлауы, т.б.) және басқа мәліметтерді салыстыру арқылы, баланың әлсіз жақтарын дамытуға бағыт – бағдар беріп отыру. Ол салыстыру өмірдегі ғұлама ғалымдардың балалық шағымен байланысқаны ұтымды болады. Атақты адамдардың мектеп қабырғасында кей пәндерде білімі төмен болғанымен танымдық қабілеті жүре дамитындығын дәлел ретінде айтуға болады. Мысалы: Лейбництің, Ньютонның, Лобачевскийдің математикаға қабілеттері 20 жастан соң байқалыпты. Томас Эдисонның бала кезінде есте сақтау қабілетінің өте нашар болғандығын және мектепте үйреткенін ұмыта беріп, мұғалімдерді жиі ренжітетін. Ол мектепте барлығы үш ай ғана оқыды. Қашықтықтан ақпарат жіберетін прибор құрастырды, жазу машинкасымен әлемді таң қалдырды. Осындай өмірдегі жағдаяттармен таныстыра отырып, баланың тек жақсы оқуына ғана емес, бойындағы қабілеттілікті көре, тани білуіміз керектігін естен шығармағанымыз да дұрыс.

Дарынды баламен жұмыс мұғалімнің бақылауымен тікелей жүзеге асып отыруы қажет. Бұл дегеніміз- әр жұмыс түрлері талданып, сараптама жасалып отыру деген сөз. Осы сараптама негізінде дарынды балаларды мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларға қатыстырып, қабілеттерін дәлелдеу – баланың өз біліміне деген сенімін арттырады. Әр дарынды баланың ынтасын, дарындылығын қамти отырып, шығармашылық жұмыстарын таратуға мүмкіндіктер жасалынады. Осы жағдай дарынды баланы бақылауға, дұрыс бағыт беруге, жеке тұлғалық дамуына мүмкіндік туғызатын бірден бір жол. Жас ерекшелігін ескере отырып қабілетіне қарай баланы жүйелі дамытып, қолдау көрсетіп отыру - келешек жастардың мемлекетімізге әкелер үлесінің зор екендігін айқындай түседі.

Дарынды баламен жұмыс негізінде өзін-өзі тануға, өзін-өзі тәрбиелеуге, жаңашыл, төзімі берік, үнемі өзін дамытуға, ізденетін, экспериментшіл, принципке берік, ешкімді қайталамайтын, энтузиаст, бойына дарындылықты қалыптастыра білетін тұлғаны күтеміз.

Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады.

Ұлы ойшыл Плутарх кезінде былай депті: “...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұпарды есекке айналдырып құртып тынады”. Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Граництел А.С Научить думать и действовать, М, 2010
- 2 Доровский И «Дарындылықтың дидактикалық негізі», С-П, 2009



Корягина О.В., Токбаев Р.К.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ САМООПРЕДЕЛЕНИЕ КАК ФАКТОР СОЦИАЛИЗАЦИИ ДЕТЕЙ ИЗ НЕПОЛНЫХ СЕМЕЙ**

Научный руководитель: к. п. н., доцент, преподаватель кафедры «социально-педагогических дисциплин», Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова, г. Кокшетау  
Магистрант кафедры "социально-педагогических дисциплин «по образовательной программе 7М01101 – «педагогика и психология»  
Кокшетауский университет имени А. Мырзахметова, г. Кокшетау

Понятие самоопределение личности в отечественной и зарубежной литературе употребляется в широком диапазоне значений - от принятия жизненно важных решений до однократных самостоятельных поступков. Зарубежные авторы высказывали различные точки зрения относительно существования личностного самоопределения. В зависимости от своей принадлежности к тому или иному направлению, они предполагали различную степень свободы человека от внешних или внутренних условий. Представитель психоаналитического направления З. Фрейд считал, что все проявления человеческой активности полностью детерминированы бессознательным. У человека над всем главенствует иллюзия свободы, но в действительности он не способен выбирать между альтернативными направлениями в поведении и действиях. В теории З. Фрейда нет места таким понятиям как свобода выбора, личная ответственность, воля, самоопределение. Согласно Б. Скиннеру человеческое поведение есть продукт предшествующего подкрепления, поэтому люди абсолютно зависят от прошлого опыта. В процессе развития ранее подкреплявшееся поведение выпадает в том случае, если оно перестает подкрепляться или наказывается актуальным социальным окружением. По Б. Скиннеру, никто не имеет свободы выбора собственного поведения, оно формируется внешними подкреплениями. Таким образом, З. Фрейд и Б. Скиннер считали, что поведение человека является полностью детерминированным, в первом случае - бессознательным, во втором - подкреплениями актуального социального окружения. Следовательно, личность не обладает собственной активностью и не способна к самоопределению. Э. Эриксон отошел от классического психоанализа: в его работах виден сдвиг акцента от бессознательного к сознанию. Важным вкладом Э. Эриксона в изучение личностного самоопределения является разработанная им проблема идентичности. По мнению Э. Эриксона идентичность или психосоциальная тождественность личности представляет собой твердо усвоенный и личностно понимаемый образ себя во всем богатстве отношений личности к окружающему миру с соответствующими формами поведения. Идентичность, по Э. Эриксону является центральной проблемой юношеского возраста. К представителям теорий другого плана, признающим равенство свободы и детерминизма, Н. Ю. Будич относит экзистенциалистски ориентированных авторов, таких как Э. Фромм, В. Франкл, Р. Мей, и психологов когнитивного и социально-когнитивного направлений - Дж. Келли и А. Бандура. Э. Фромм считал, что люди могут быть автономными и уникальными, не теряя при этом ощущения единения с другими людьми и обществом. Человек сам решает вопрос о степени своей свободы и в зависимости от этого может установить различные формы связи с другими людьми и выбрать соответствующий путь самоопределения. В. Франкл признавал детерминированность человеческого поведения внутренними и внешними обстоятельствами, но считал, что они не обуславливают их полностью. В. Франкл считал, что человек свободен по отношению к наследственности, влечениям и внешней среде, так как он может занять определенную позицию по отношению к ним, которая определяется его ценностями и смыслами. Это становится возможным благодаря тому, что все названные детерминанты локализованы в биологическом и психологическом измерениях человека, а свобода - в

высшем, поэтическом или духовном. Свобода вытекает из фундаментальных антропологических способностей человека к самодистанцированию (принятию позиции по отношению к самому себе) и самотрансценденции (выходу за пределы себя как данности, преодолению себя). Поэтому человек свободен даже по отношению к самому себе, свободен подняться над собой, выйти за свои пределы. Поэтому А. Бандура, согласился с тем, что человеческое поведение детерминировано. Таким образом, авторы, отстаивающие равенство свободы и детерминизма, признают детерминированность человеческого поведения, но вместе с тем, считают личность способной к самоопределению. Такие психологи, как А. Адлер, А. Маслоу и К. Роджерс отстаивали абсолютную свободу человека. А. Адлер отвергал концепцию психического детерминизма З. Фрейда, он утверждал, что главное в человеке не его природные инстинкты, а социальное чувство. По мнению А. Адлера, личность становится несвободной в тот момент, когда связывает себя целью достичь превосходства над другими людьми, возникающей в результате чувства неполноценности. Также он подчеркивал, что нормальная личность стремится не только к личностному могуществу, но и к благу того общества, в котором живет. Совпадение стремления к превосходству с социальным интересом приводит к успешной компенсации чувства неполноценности и делает личность свободной. По А. Адлеру, динамическая сила, способствующая развитию личности, сосредоточена в самой личности, выступая как чувство неполноценности, как желание преодолеть его и как сам процесс этого преодоления. Эту силу автор назвал творческой силой личности, благодаря ей последняя является самоопределяющейся и имеет возможность создавать собственный стиль жизни. Представитель гуманистического направления А. Маслоу представлял жизнь как процесс постоянного выбора: продвижение или отступление. Выбирая продвижение и рост, человек начинает прислушиваться к собственному Я и понимать, что является его предназначением. В данном случае самоопределение есть определение своих личностных особенностей, своих предпочтений и осуществление на их основе выбора. Согласно А. Маслоу, человек абсолютно свободен и ответственен за решение, какой образ жизни выбрать. Чем старше человек и чем выше он поднялся в иерархии потребностей, тем он свободнее. Проблема самоопределения рассматривалась им в контексте проблемы детерминации, в свете выдвинутого им принципа - внешние причины действуют, преломляясь через внутренние условия: Тезис, согласно которому внешние причины действуют через внутренние условия так, что эффект воздействия зависит от внутренних свойств объекта, означает, по существу, что всякая детерминация необходима как детерминация другим, внешним, и как самоопределение (определение внутренних свойств объекта). В этом контексте самоопределение выступает как самодетерминация. В понятии самоопределения, таким образом, выражается активная природа внутренних условий, которые формируются в зависимости от предшествующих внешних взаимодействий. С развитием сознания и самосознания взаимодействие индивида и общества предстает в самоопределении как осознание и соотнесение воздействий и требований со стороны общественных отношений с комплексом внутренних условий. С этой точки зрения психологи изучали проблему личностного самоопределения, рассматривая такие понятия как позиция личности, отношение личности и активность личности, а также проблему свободы и необходимости. Особый вклад в понимание природы личностного самоопределения внесли психологи, занимающиеся изучением позиции личности. Так С. Л. Рубинштейн понимал под позицией избирательное отношение личности к стоящим перед ней целям и задачам. По его мнению, позиция обуславливает определенную линию поведения и сама обуславливается ею. По Л. И. Божович, личностное самоопределение характеризуется осознанием личностью себя членом общества и выражается в новой общественно значимой позиции. Д. И. Фельдштейн, рассматривая позицию Я личности по отношению к обществу, также затрагивает проблему личностного самоопределения. Он выделяет два основных типа названной позиции и условно называет их Я в обществе и Я и общество. В связи с обозначением этих позиций он связывает два закономерно проявляющихся рубежа социального развития личности,

называемых соответственно промежуточной и узловой. В социальной позиции Я в обществе, складывающейся на промежуточном рубеже развития, реализуется потребность развивающейся личности в приобщении себя к обществу - от рассмотрения себя среди других, стремления быть как другие до утверждения себя среди других, самореализации. На узлом, поворотном рубеже развития, когда формируется позиция Я и общество, реализуется потребность в определении своего места в обществе, в общественном признании - от осознания своего Я, своей самости до стремления к реальному выделению своего Я в системе равноправных отношений с другими людьми. Важную роль в формировании общей теории личностного самоопределения сыграли взгляды психологов, изучающих отношение личности и активность личности. А. В. Петровский писал, что усвоение социального опыта осуществляется через внутренний мир личности, в котором отражается как отношение человека к тому, что он делает, так и к тому, что делается с ним. По мнению Н. Ю. Будич, именно наличие у человека определенного отношения к жизни, окружающему миру, другим людям и к самому себе способствуют самоопределению. Это согласуется с мнением С. Л. Рубинштейна относительно подлинной личности. Такой личностью является человек, который определенным образом относится к окружающему, он способен выделять себя из своего окружения для того, чтобы по-новому, избирательно связаться с ним. Формируется указанная связь в результате собственной активности личности. Следовательно, исходной категорией, содержащейся в понятии самоопределение, является активность. Наиболее полно категория активности была рассмотрена К. А. Альбухановой-Славской. Она полагает, что активность выступает как личностный способ соотношения себя с другими людьми, определение своей позиции и тем самым самоопределение. Специфической формой активности Д. А. Леонтьев называет свободу. Она подразумевает возможность преодоления всех форм и видов детерминации, внешних по отношению к человеческому глубинному экзистенциальному. Согласно Д. А. Леонтьеву, данная свобода является свободой от причинных зависимостей, от настоящего и прошлого, и позволяет находить побудительные силы для своего поведения в воображаемом, предвидимом и планируемом будущем. Свобода, как форма активности, обладает следующими особенностями: она осознанна, опосредована ценностным для чего и полностью управляема самим субъектом.

#### Список использованной литературы:

- 1 Мудрик А. В. Социальная педагогика: Учеб. для студ. пед. вузов/ Под ред. В. А. Сластенина. - 4-е изд., доп. - М.: «Академия», - 2003. - 200 с.
- 2 Карабанова О. А. Психологические особенности родительско-детских отношений в подростковом возрасте// Семейное консультирование и семейная психотерапия/ Под ред. Э.Г. Эйдемиллера, А. З Шапиро. СПб.: «Речь», - 2001. – 341 с.
- 3 Бурменская Г.В., Захарова Е. И., Карабанова О. А. и др. Возрастно-психологический подход к консультированию детей и подростков. / Г. В Бурменская., Е. И Захарова., О. А Карабанова - М.: «Просвещение», - 2015. – 214 с.
- 4 Пезешкиан Н. Позитивная семейная психотерапия: семья как терапевт. М.: «Академия», - 1993. – 457 с.
- 5 Социальная работа с семьей / под ред. Т.В. Шеляг. - М.: «Институт социальной работы», - 1995. – 105 с.

Бердыбекова Н.С., Төлеубай А.Т.

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ОТБАСЫМЕН ПСИХОЛОГ ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан әлеуметтік мәселелері, отбасылық, экологиялық дағдарыстар жүйке жүйелері бұзылған, психикалық аурулары бар әртүрлі жастағы балалардың көбеюіне әкеліп соқтырып отыр. Олардың осы ауруларға шалдығуы сабақтағы үлгермеушілікке, тәртіп бұзуға себеп болады. Қазақстанда кемтар болып туылатын балалардың саны жыл сайын өсіп отыр. Мектепте және үйде ондай балалар жеке жұмысты керек етеді. Ол үшін баланың психологиялық қажеттіліктерін, оқу үлгерімін зерттеп, психологиялық түзеу жұмыстарын ұйымдастыру. Біздің міндетіміз - даму мүмкіндігі шектеулі балаларға, ата - аналарға, әлеуметтік мамандармен бірлесе отырып, түзеу жұмыстарын ұйымдастыру. Ал, мүмкіндігі шектеулі кішкентай бүлдіршіндеріміз осы қоғамның мүшесі, әрі ертеңі. Сондықтан да олар еш уақытта әлеумет назарынан тыс қалмайды. Осылайша, мамандардың қолдауын қажет ететін балаларды үнемі жан-жақты қолдап отыру мақсатында жүргізіліп жатқан жүйелі түзету жұмыстар тізбегі тоқтамақ емес [1].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық түзетудің алғышарттарының бірі – баланың психофизикалық және әлеуметтік дәрежесін қалыптастыру, әлеуметтік бейімделуге қол жеткізуді қамтамасыз ету. Келесі алғышарттары – қарым-қатынас деңгейі, көңіл-күй ерекшеліктері, мінез-құлқының бұзылыстары, таным процессіндегі ауытқушылықтар т.с.с.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық түзетудің жұмыстың бір бағыты балалардың ойын әрекеті түсінігін жинақтау болып табылады; олардың зейінін сюжетті ойындарға ойын әрекетінің мазмұнына, бірізділігіне, құрдастарының өмірге құштар, көңіл-күйлерінің көтеріңкі болуына аударады. Психологиялық әсер етудің басқа бағыты – ойынның мағынасын түсіндіруге, ойын әрекетін орындауды үйрету. Балаларды құрдастарының ойын түсінуге, өз пікірін айта білуге, ортақ ойынды жоспарлауға, әрекет бірізділігін анықтауға үйрету қажет. Қимыл әрекеті баяу дамыған балаларда шапшаң мазмұны ойындарға қызығушылығын оятқан маңызды олардың ойын операцияларын ең жоғарғы деңгейде жетілдіріп, сәйкесінше мұндай баланың әрекетін мадақтап отырған дұрыс [2].

Қимыл белсенділігі жоғары белсенділігі бар балаларға өздерінің қозғалысын мазасыздығын басқара алуға мүмкіндік беретін жағдай туғызған жөн. Мұндай балалардың қозғалысты жасанды шектеу олардың тек ашу мен қозуын күшейтуі. Барлық адам білім алуға құқылы. Еліміздің 2002 жылғы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзу арқылы қолдау туралы» заңында даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психолого – медицина-педагогикалық кеңестің қорытындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде тегін оқуға құқылы делінген. Елімізде мүмкіндігі шектелген балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мәселесі төңірегінде бірқатар заң мен тұжырымдама қабылданған. Атап айтсақ, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылы Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген. Сонымен қатар, 2010 жылдың 1 ақпанында бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» атауға болады. Бұл бағдарламаның басты міндеттерінің бірі – еліміздегі инклюзивті оқытуды

дамыту болып саналады. Мұндай білім мүмкіндігі шектеулі балаларды өзге оқушылармен тең дәрежеде жалпы білім беру процесіне қатыстыруға жол ашады. Инклюзивтің басты мақсаты-мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру ғана емес, ол «барлығы үшін бір мектеп» мақсатын көздейді. Инклюзивті оқыту мүмкіндігі шектеулі баланың жалпы білім беретін ортада әлеуметтенуі мен оның дамуына және оқыту процесінде баланың жетістіктерге жетуіне мүмкіндік туғызады [3].

Инклюзивті білім беру оқыту процесінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді. Инклюзивті білім беру жайлы айтқанда жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін де ескерген жөн. Ал бұл процесті жүзеге асыру үшін мектепте баланы психологиялық- педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылуы қажет, сонымен қатар, баланың дамуына жағдай тудыратын балаға көмек қолын созуға дайын, кездескен мәселені дұрыс түсінуге негізделген педагогикалық және балалар ұжымында моральды-психологиялық климат орнауы қажет. Қазіргі таң да жоғары да аталған Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беруді дамытудың жоспарын жүзеге асыру үшін, қалалық білім бөлімінің қолдауымен Қарағанды қаласының № 27 жалпы білім беретін орта мектебінде «Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін орта мектепте инклюзивті оқыту» эксперименті құрылды. Қазіргі уақытта аталған мектепте көптеген мүмкіндігі шектеулі балалар білім алуда. Мұндай балаларға әртүрлі категориялы балалар кіреді. Соның бірі психикалық дамуы тежелген балалар. Психикалық дамуы тежелген балалар – оқыту бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Психикалық дамуы тежелген балалар қалыпты дамушы құрбыларынан шаршағыштығымен, жұмысқа қабілетінің төмендігімен ерекшеленеді. Психикалық дамуы тежелген балалардың қоршаған орта туралы түсініктері фрагментарлық, зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, қимыл-қызғалыс координацияларының т. б. жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің нәтижелілігі:

1. Даму ерекшеліктері бар отбасы мен баланың психологиялық-педагогикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.

2. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілік деңгейін арттыру.

3. Ата-аналардың отбасы ата-анасын түсінуін және оның мүмкіндігі шектеулі баланың жеке тұлғасының дамуына әсерін қалыптастыру.

4. Мүмкіндігі шектеулі баланы эмоционалдық қабылдауды қалыптастыру, отбасында тиімді өзара қарым-қатынас жасау үшін жағдай жасау.

5. Туындайтын қиындықтарды жену көзі ретінде отбасының тұлғалық-дамытушылық ресурстарын пайдалану дағдыларын меңгеру.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен психологиялық-педагогикалық алғышарттардың ұсынылған моделі екі бөлімнен тұрады: ұйымдастырушылық және мазмұндық.

1. Ұйымдастыру бөлімі психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру нысанын анықтайды және психологиялық-педагогикалық көмекті жүзеге асырудың бірнеше деңгейін көздейді: жеке жұмыс деңгейі, отбасымен жұмыс деңгейі, «ата-ана-мүмкіндігі шектеулі бала» отбасымен жұмыс деңгейі.

2. Мазмұндық бөлім мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары үдерісін іске асыру ерекшеліктерін білдіреді: әдістер мен тәсілдерді қолдану, жұмыс бағыты, отбасының тұлғалық-дамыту әлеуетіне бағдар беру.

Отбасының тұлғалық-дамытушылық әлеуеті Е. В. Евдокимованың, И. В. Ткаченконың зерттеулері негізінде, отбасы мүшесінің пайда болған қиындықтарды тиімді шешу қабілетіне әсер ететін ерлі-зайыпты және балалар-ата-ана қатынастары элементтерінің құрамдас кешені ретінде қарастырылады [4]. Бұл ретте отбасының тұлғалық-дамытушылық әлеуеті ерлі-зайыптылық ресурстарынан, балалар-ата-ана қатынастарынан, бейімдеу және әлеуметтендіру ресурстарынан тұрады.

Ерлі-зайыптылықтың жеке ресурстары махаббаттың, эмпатияның, өзара қабылдаудың, сенім мен бір-бірін құрметтеудің болуын, сондай-ақ отбасылық өмірді ұйымдастыру мәселелері бойынша келісімділіктің болуын, отбасылық міндеттерді бірлесіп шешу және отбасының басқа мүшелерінің мүдделерін сақтау қабілетін болжайды.

Балалар мен ата-аналар қарым-қатынасының тұлғалық-дамыту ресурстары авторлармен ұсынылған (Варга А. Я., Гарбузов В. И., Ковалев Г. А., Захаров А. И., Сатир в), олар ата-аналармен қарым-қатынаста пайда болатын балалардың ресурстары және өз балаларымен қарым-қатынаста қалыптасатын ата-аналардың ресурстары ретінде қарастырылады. Балалар-ата-ана қатынастары отбасылық ресурстардың (ата-ана қабылдау, махаббат, сенім, өзара түсіністік, тәрбие, қауіпсіздік) шексіз көзі болып табылады.

И. В. Ткаченко отбасының тұлғалық-дамытушылық ресурстары мазмұндық деңгейде бейімделу ресурстары мен әлеуметтендіру ресурстарын камтиды деп есептейді. Отбасылық бейімдеу ресурсы махаббат, қабылдау, Қауіпсіздік ресурстарынан тұрады. Бұл ресурс тұлғаның психикалық денсаулығын сақтауға бағытталған. Әлеуметтендірудің отбасылық ресурсы «жеке тұлғаның өзі мен айналасындағылардың түсініктерін байыту үшін жағдай жасауға, тұлғааралық байланыстар құрудың ықтимал тәсілдері туралы, тұлғаның мінез-құлықтық белсенділігінің ауқымын кеңейтуге» бағытталған.

Жұмыс бағыттары мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары педагог-психолог қызметінің негізгі түрлері болып табылады. Осылайша, отбасын зерттеу педагог-психологтың отбасы жағдайы, бала-ата-ана қарым-қатынасының ерекшеліктері, денсаулығы шектеулі баланың дамуына әсер ететін ата-аналардың жеке ерекшеліктері туралы негізгі мәліметтерді алу мақсатында диагностикалық қызметті жүзеге асыруын көздейді.

Ата-аналарды ақпараттандыру және оқыту бағыты ағарту және алдын алу бойынша ұйымдастырылған қызмет болып табылады. Отбасы ішіндегі қарым-қатынастар жүйесін оңтайландыру бағыты Отбасы қызметінің оңтайлы деңгейін қалыптастыру мақсатында психологтың отбасы мүшелерімен түзету-дамыту жұмысын білдіреді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дурново А.С. «Целевой подход к социально-бытовому обследованию» // Педология. Вып. 1-2. М., 1929.
2. Козырева, Е.А. Теоретико-технологические аспекты психолого-педагогического сопровождения детей, их учителей и родителей // Школьный психолог. – 2011. –№33. – С. 10-13.
3. Титова, Г.Ю. Социальная психология: учебное пособие. Часть 1: Теоретические основы. ГОУ ВПО. – Томск: Издательство ТГПУ, 2012. – 356 с.
4. Ковалев Г.А. Психическое развитие ребенка и жизненная среда // «Вопросы психологии». 2013. № 1. С.13 – 17.

Бердыбекова Н.С., Төлеубай А.Т.

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ОТБАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Зерттеушілер педагог-психолог отбасымен жұмыс істеуде қолдана алатын отбасына көмек көрсетудің түрлі үлгілерін көрсетеді:

1. Педагогикалық модель ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігінің жетіспеу гипотезасына, балаларды тәрбиелеумен байланысты білім мен іскерліктің тапшылығына негізделеді.

2. Әлеуметтік модель отбасылық қиындықтар қолайсыз сыртқы жағдайлардың нәтижесі болған жағдайларда пайдаланылады. Бұл жағдайларда өмірлік жағдайды талдаудан және ұсынымдардан басқа сыртқы күштердің араласуы талап етіледі.

3. Психологиялық (психотерапиялық) модель баланың қиындықтарының себептері қарым-қатынас, отбасы мүшелерінің жеке ерекшеліктері саласында жатқан кезде қолданылады. Ол отбасылық жағдайды талдауды, тұлғаның психодиагностикасын, отбасының диагностикасын болжайды. Практикалық көмек қарым-қатынас кедергілерін жеңу және оның бұзылу себептерін анықтау болып табылады.

4. Диагностикалық модель ата-аналардың бала немесе өз отбасы туралы арнайы білімінің жетіспеушілігі туралы болжамға негізделеді. Диагностика объектісі-отбасы, сондай-ақ мінез-құлқында ауытқулары бар балалар мен жасөспірімдер. Диагностикалық қорытынды ұйымдық шешім қабылдауға негіз бола алады.

5. Медициналық модель отбасылық қиындықтардың негізінде аурулар жатыр деп болжайды. Психотерапияның міндеті-диагноз, науқастарды емдеу және дені сау отбасы мүшелерін науқасқа бейімдеу [1].

Зерттеу шеңберінде мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасына көмек көрсету жүйесінің психологиялық-педагогикалық бағыты біз әзірлеген «Мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары» үлгісімен ұсынылған.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің мақсаты: өмірде туындайтын проблемаларды тиімді шешуге мүмкіндік беретін мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасының жеке-дамыту әлеуетін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің субъектілері: мүмкіндіктері шектеулі бала, мүмкіндіктері шектеулі балалардың ата-аналары, білім беру мекемесінің педагог-психологы, педагогтар болып табылады [2]. Еріп жүру пәні – отбасы жүйесінің қызметі және отбасы мүшелерінің өздері, олардың уайымдары, эмоциялары, сезімдері. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің теориялық-әдіснамалық негіздері:

- педагогтар мен ата-аналардың өзара әрекеттесуін көп компонентті және көп деңгейлі жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелі тәсіл;

- ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғасын қалыптастырудағы отбасы мен отбасылық тәрбиенің жетекші рөлі туралы ереже;

- отбасын зерттеудегі ресурстық тәсіл

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттарының негізгі принциптері:

- тұлғаны бағдарлау принципі - бұл қағидаттың негізінде қауіпсіз және жайлы жағдайларды қамтамасыз ету кезінде мүмкіндіктері шектеулі бала мен оның отбасының жеке ерекшеліктерін есепке алу жатыр;

- адамгершілік-тұлғалық принцип - бұл қағидат балаға және оның отбасы мүшелеріне даусыз махаббат пен құрмет көрсетуге, жағымды нәтижелерге қол жеткізуге, мүмкіндігі шектеулі бала мен оның отбасының өзіне деген оң көзқарасын қалыптастыруға негізделген.;

- кешенділік принципі - бұл қағидат педагог-психологтың басқа мамандармен (логопед, педагогтар, ата-аналар, әкімшілік) тығыз байланысы болған жағдайда ғана психологиялық көмекті жүзеге асыруды көздейді.);

- іс-әрекет тәсілінің принципі - бұл қағидат мүмкіндігі шектеулі баланың іс-әрекетінің жетекші түрін есепке алуды, сондай-ақ бала үшін жеке-маңызды қызмет түрін есепке алуды көздейді [3].

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделін іске асыруға қойылатын талаптар.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің іс-шараларын жүзеге асыратын педагог-психолог баланың психологиялық және физиологиялық проблемаларының ерекшелігі саласындағы білімі болуы тиіс.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары моделінің тиімділік критерийлері:

1. Ерлі-зайыптылықтың ресурстарын дамыту.

2. Ата-аналарды қабылдауға, махаббатқа, сенімге, өзара түсіністікке, тәрбиелеудің барабар әдістерін пайдалануға, қауіпсіздікке негізделген балалар мен ата-ана қатынастарын дамыту.

3. Қолайлы отбасылық атмосфераны сақтау және тұлғаның психикалық денсаулығын сақтау мақсатында отбасы мүшелерінің эмоционалдық-тұлғалық ерекшеліктерін дамыту.

4. Тұлғаның мінез-құлықтық белсенділігін және тұлғааралық байланыстарды құру мақсатында отбасы мүшелерінің белсенділігін дамыту.

Жұмыс бағыттары мүмкіндіктері шектеулі балалардың отбасымен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық алғышарттары педагог-психолог қызметінің негізгі түрлері болып табылады. Отбасы жағдайы, бала-ата-ана қатынастарының ерекшеліктері, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланың дамуына әсер ететін ата-аналардың жеке ерекшеліктері туралы негізгі мәліметтер алу мақсатында Педагог-психологтың диагностикалық қызметін жүзеге асыруын болжайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Овчарова Р.В. Психологическое сопровождение родительства. М.,2013.

2. Евдокимова Е.В., Ткаченко И.В. Формирование ценностного отношения к родительству: анализ современных трактовок//Социально-психологические проблемы современной семьи. Материалы IV международной научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых ученых, 2014. – С. 52-57.

3. Ткаченко И.В. Личностно-развивающий ресурс семьи: онтология и феноменология: автореферат дис. доктора психологических наук. - Сочи, 2019. - 58 с.



Рақымжан Ә.Қ., Тологон З.

**ТҮЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ – ҚАТЫНАСТАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АЙҚЫНДАУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Психологиялық, педагогикалық, ғылыми әдебиеттерге сүйенетін болсақ, бұл термин қазақ қақтығыс, егесу, керісу, дау-жанжал, тартыс деген мағыналарда да жиі қолданылады. Бұл аталған ұғым, түсініктер оқушыларға білім беру, оқыту, үйрету барысында, оларды тұлға ретінде қалыптастыруда, олардың мәдени қарым-қатынасында, мінез-құлқында жиі көрініс табатыны белгілі [1].

Қақтығыс тақырыбы өзекті мәселелердің бірі. Қоғамның дамуына байланысты жанжал жағдайларына әкелетін даулар көбейіп келеді. Жанжал-бұл бір-біріне қарсы бағытталған мақсаттар, мүдделер, көзқарастар мен пікірлер. Жанжалдың пайда болуы үшін келіспеушіліктерге әкелетін жалпы оқиға қажет. Жанжалдар біздің өмірімізге табиғи түрде енеді. Өмір өзгерген сайын қақтығыстардың себептері мен түрлері өзгереді. Біз жаңа адамға немесе жаңа жағдайға тап болған кезде жанжал бізді күтуі мүмкін. Келіспеушіліктерді адам қызметінің кез-келген саласының ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға болады. Оларды болдырмауға болмайды, олар өсу үшін қажет, әйтпесе тоқырау пайда болады. Даму процесінде тұлғааралық қатынастар түзетуді, үйлестіруді қажет етеді. Әсіресе, бастауышта оқушы арасындағы келіспеушіліктің алдын-алу мәселесі өзекті болып табылады. Осы кезеңде балалар ересек өмірге алғашқы қадамдарын жасайды-сынып ішінде сөйлеседі, өзара мәселелерді шешуді үйренеді. Сондықтан олар қақтығыстарды шеше алуы керек. Қазіргі уақытта білім беру процесінің өсіп келе жатқан талаптары мен бастауыш сынып оқушыларының функционалдық мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі арасындағы қайшылық анықталды. Оқушылардың даму процесінде олардың жасына және жеке педагогикалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты олардың арасындағы қақтығыс және оның басқа түрлерінің пайда болуы табиғи екенін есте ұстаған жөн [2].

Көптеген психологтар, педагогтар оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы, ата-ана мен мұғалімдер арасында болатын жанжал түрлерін іріктеп, болдырмау жағдайларын жазған. М. Рыбакова [3] есімді психологтың пікірі бойынша оқушы мен мұғалімдер арасында мынандай жанжал түрлері анықталады: Оқушының үлгерімі бойынша туындайтын әрекеттер, онымен орындалған оқудан тыс тапсырмалар; Оқушының тәртіп бұзушылығымен одан тыс туындайтын ұстанымдар; Оқушылар мен мұғалімнің эмоционалдық қарым-қатынасынан пайда болатын қарым-қатынастар т.б. атап өтуге болады.

Оқушылар арасындағы болатын қақтығыстардың кейбір себептерін атап өтейік. Олар: бәсекелестік, алдау, өсек, қорлау, мұғалімнің сүйікті оқушыларына деген қастық, адамға деген жеккөрушілік, өзара қарым-қатынасыз жанашырлық, қыз үшін күресу (ұл) және т.б.

Енді оқушылар арасындағы қақтығыстарды шешу жолдарын қарастырып көрейік:

Мұндай айырмашылықтарды қалай сындарлы түрде шешуге болады? Көбінесе балалар жанжалды жағдайды ересек адамның көмегінсіз өздігінен шеше алады. Егер мұғалімнің араласуы әлі де қажет болса, мұны сабырлы түрде орындау керек. Балаға қысым жасамай, көпшіліктен кешірім сұрамай, өзімізді ишаратпен шектегеніміз абзал. Оқушының өзі осы мәселені шешудің алгоритмін тапса жақсы. Сындарлы жанжал баланың шошқа қорына құрдастарымен қарым-қатынас жасауға көмектесетін, оған ересек өмірде пайдалы болатын мәселелерді шешуге үйрететін әлеуметтік дағдыларды қосады. Жанжалды жағдайды

шешкеннен кейін мұғалім мен баланың диалогы маңызды. Оқушыны есімімен атаған жақсы, оның сенімділік пен ізгі ниет атмосферасын сезінуі маңызды. Сіз келесі нәрсені айта аласыз: «Марат, жанжал алаңдауға себеп емес. Сенің өміріңізде мұндай келіспеушіліктер әлі көп болады және бұл жаман емес. Оны дұрыс, өзара сөгіс пен қорлаусыз шешу, қорытынды жасау, қателіктермен жұмыс жасау маңызды. Мұндай қақтығыс пайдалы болады ». Бала жиі ұрысады және агрессия көрсетеді, егер оның достары мен хоббиілері болмаса. Бұл жағдайда мұғалім оқушыны ата-анасымен сөйлесіп, баланы өзінің қызығушылығына сәйкес үйірмеге немесе спорт секциясына жазуға кеңес бере отырып, жағдайды түзетуге тырысуы мүмкін. Жаңа кәсіп қызғаныш пен өсек үшін уақыт қалдырмайды, ол қызықты және пайдалы уақыт өткізеді, жаңа таныстар береді [3].

Оқу іс-әрекеті барысында бастауыш сынып оқушылары әртүрлі проблемалық жағдайларға тап болады, бірақ оларды шешуге дайын емес. Балаларда келіспеушілік жағдайлары-психомоторлық дамудың кешігуі, есте сақтау қабілетінің төмендеуі, назардың жеткіліксіздігі, сөйлеудің дамымауы, яғни дененің жалпы функционалды резервтерінің төмендігі, бұл оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне және олардың оқу нәтижелеріне теріс әсер етеді. Жоғарыда айтылғандарға байланысты кіші мектеп оқушыларында қақтығыстарды шешу қабілетін дамыту қажет екені анық. Осы тақырыпқа жақын зерттеулердің жеткіліксіз болуына байланысты қақтығыс көріністері сапалы зерттелмеген болып қалады. Қазіргі уақытта теориялық және эмпирикалық тәсілдердің түсініксіздігі балалық шақтағы жанжалды шешу мүмкіндігін негіздеуге мүмкіндік бермеді. Осыған байланысты бұл мәселе нақты талдауды қажет етеді.

Белгілі ғылыми дереккөзде қақтығыстар жалпы сипаттама тұрғысынан анықталады, онда өздігінен пайда болатын жағдайларға ерекше назар аударылады. Олар баланың басқалармен қарым-қатынасын көрсетеді. Алайда, қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушыларының даму деңгейіне қатысты қақтығыстарды талдау қажет емес. Балалардың дамуындағы қақтығыс көріністерінің маңыздылығын анықтайтын нақты мәліметтер жоқ. Оларды бастауыш мектеп жасында тәрбиелеу, оқыту және дамыту процесінде тиімді пайдалану үшін қандай психологиялық жағдайлар қажет деп болжауға болады [4].

Сыныптағы жанжалды жағдайлардың алдын алу үшін, сыныптағы алдын-алу үшін сынып жетекшісі мен ата-аналар тығыз жұмыс істейді, бұл сыныптағы үйлесімділік пен жағымсыз атмосфераны қалыптастыруға ықпал етеді. Жанжалды шешу-бұл барлық қатысушылар үшін бірдей маңызы бар мәселені шешудің өзара тиімді жолын табу процесі, соның негізінде олардың арақатынасын жақсарту. Сынып жетекшісі балалармен бірге жанжалды шешу ережелерін жасайды, сонымен қатар оларды тақтаға жазады. Нақты жағдайларды талдау үшін топпен жұмыс ұйымдастырылады. Сынып жетекшісі балаларды командаларға бөліп, игерілген ережелерге сәйкес жағдайды 5-10 минут ішінде талқылауды және дауларды шешудің ықтимал әдісін ұсынуды, жанжалға қатысушы тараптарға тиімді шешім табуды ұсынуды ұсынады, әйтпесе бұл жағдай сақталады және жақын арада жаңа жанжал туындауы мүмкін. Қазіргі уақытта мектепте оқушылар арасындағы келіспеушіліктер жиі кездеседі. Мектепте оқушы арасындағы келіспеушілік жағдайларын болдырмау мүмкін емес. Қазіргі мектеп психологтары «Оқушылар арасындағы қақтығыстардың алдын алу», «Мектептегі оқушылар арасындағы жанжал жағдайларының алдын алу» сияқты тақырыптарға педагогтарға баяндамалар оқып, тренингтер өткізеді. Жанжалдардың алдын алуда тәртіп маңызды рөл атқарады. Оқушылардың бөгде мінез-құлқына мұғалімнің тұлғасы үлкен әсер етеді. Мұғалім оқушылар арасында болып жатқан жағымсыз әрекеттерге араласуға міндетті. Мұғалімді тыңдамау, тәртіпке бағынбау мектептегі оқушылар арасындағы келіспеушіліктердің негізгі себептерінің бірі. Жанжалдар мәселесі ұзақ уақыт бойы педагогикалық психологиядағы орталық мәселелердің бірі болып табылады. Ресей зерттеушілері келіспеушілікті екі тараптың өзара әрекеттестігінде туындайтын қарама-қайшылықтарды шешудің ең өткір тәсілі ретінде қарастырады және жанжал субъектілеріне қарсы әрекет ету болып табылады. Шетел әдебиетінде жанжал қандай түрде болса да, өткір эмоционалды тәжірибемен байланысты қиын шешілген қайшылық ретінде қарастырылады.

Белгілі ғылыми дереккөздердегі жанжалдар жалпы сипаттама тұрғысынан анықталады, онда өздігінен пайда болатын жағдайларға ерекше назар аударылады. Олар баланың басқалармен қарым-қатынасын көрсетеді. Алайда қазіргі уақытта бастауыш мектеп оқушыларының даму деңгейіне қатысты жанжалдарды талдау қажет емес. Балалардың дамуындағы жанжал көріністерінің маңыздылығын анықтайтын нақты деректер жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы: Атамұра, 2015. – 48-56 б.
- 2 А.С.Макаренко. Педагогика. – Алматы: Фолиант,2015. –67 б.
- 3 Рыбакова М.М. Педагогикалық процестегі қақтығыс және өзара әрекеттесу / М.М. Рыбаков. – Москва: Білім, 2015. 45 б
- 4 Чарльз Ликсон «Конфликт. Бейбітшілікке жеті қадам. – Питер: АйЛу баспасы, 2017. 48 б

**Сенкубаев С.Т., Тулепбергенова Г.А.**

### **ШАҒЫН ЖИНАҚТАЛҒАН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01303-«Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.  
Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының магистры

Қазіргі таңда еліміздің түпкір-түпкірінде орналасқан шағын елді-мекендердегі мектептердің басым көпшілігі – шағын жинақты мектептер. Мұндай мектептер саны тәуелсіздік алған жылдардан кейін жыл сайын өсіп келе жатқаны белгілі. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктері, ауыл тұрғындарының қалаға көшуі, жастардың ауылда тұрақтамауы шағын мектептер санының көп болуына тіреп отыр. Зерттеу бойынша Қазақстан оқушыларының әрбір жетінші оқушысы шағын жинақталған мектептер жағдайында оқиды және әрбір төртінші мұғалім шағын жинақталған мектептерде сабақ береді.[1]

Шағын жинақты мектеп дегеніміз – тұрғындардың саны аз аймақтарда жұмыс істейтіндіктен, оқушыларының саны аз, біріктірілген сыныптардан, толық емес сыныптардан тұратын, оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруда өзіндік ерекшеліктері бар жалпы білім беру мекемесі. Қазіргі таңда шағын жинақты мектеп:

- біріктірілген сыныптармен;
- біріктірілген сыныптармен және толық емес сыныппен жұмыс жасайды.

Мектеп құрылымы бұлай өзгеше аталғанымен, мұндағы білім мен тәрбие сапасына қойылатын талап барлық білім беру мекемелеріне қойылатын талаппен бірдей болып қала береді. Сондықтан да шағын жинақты мектеп жұмысын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлу керек.[2]

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында шағын жинақты мектептерді дамыту проблемасы басым бағыттардың бірі болып белгіленіп, шағын жинақталған мектептерге ерекше көңіл бөлінген. Атап айтқанда, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы базасында ШЖМ дамытудың республикалық орталығының, тірек мектептері мен ресурстық орталықтардың ашылуы, мектептері жоқ елді мекендерде тұратын білім алушыларды тегін әрі қауіпсіз түрде тасымалдау стандартының қабылдануы. Осы аталған іс-шаралар республикамыздағы шағын

жинақталған мектептердің сапалы білім беру үрдісін іске асыруға арналған игі іс-әрекеттер екені даусыз.

Шағын жинақталған мектептер мынадай мақсаттарды алдына қойып жұмыстануда:

- шағын жинақталған мектеп оқушыларына жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес білім беру;
- мектеп түлегінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
- қабілеттерін дамыту, өмір бойы үздіксіз білім алуын, өз бетімен білімін жетілдіруін қалыптастыру;
- ауыл шаруашылығы мамандығына бағытталып, ауыл мәдениетін, экономикасын дамытуға үлес қосуы.

Шағын жинақты мектептің оқу-тәрбие қызметіндегі қиындықтар осы мектептерге, біріктірілген сыныптарға арналған арнайы оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың болмауынан туындап отыр. Пән мұғалімдерінің жетіспеуі немесе жүктеменің аздығы салдарынан шағын мектептерде бір мұғалімнің бірнеше пән бойынша сабақ беруіне тура келеді. Біріктірілген сыныптарда мұғалім бір мезгілде екі сыныпқа қатар сабақ өткізеді. Осыған байланысты әр сыныпқа жаңа сабақты түсіндіру кезінде мұғалім сабақ уақытының белгілі бір бөлігін ғана жұмсай алады. Мұндай біріктірілген сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру кез келген мұғалімнен, әсіресе жас мамандардан шығармашылық ізденісті, кәсіби жоғары шеберлікті талап етеді. Мұның өзі шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында сабақ өткізуде мұғалімдерге әдістемелік көмекші болатын құралдардың қажеттілігін туындатады.[2]

Шағын жинақталған мектептердің проблемасы мен қиыншылықтары көп. Әсіресе, бастауыш және негізгі мектептердің жағдайы төмен. Материалдық-техникалық базасы нашар. Арнайы жабдықталған пәндік кабинеттер, зертханалар жоқ, зертханалық тәжірибелер жасалынбайды. Көрнекі құралдар ескірген. Интернет желісі қосылмаған. Кітап қоры аз. Кадр тапшы және шағын жинақталған мектеп үшін арнайы маман жоқ (қос пәндік, химия-биология, физика-математика т.б) Бір пәннің мұғалімі бірнеше пәннен сабақ береді. Мұның үстіне, бала саны аз болғандықтан сыныптар топтастырылып сабақ өтетіндігін ескерсек, оқушының бағдарламаны толық игеріп, жан-жақты білім алуы қиындық туғызып отыр.[3]

Солай бола тұрса да шағын жинақталған мектептің ауыл жағдайына прогрессивті рөлі бар:

- мектеп – ауылдағы мәдени орталық;
- жастардың ауылда тұрақтануына әсер етеді;
- ауылдың рухани мәдениетін көтереді (кеш, кездесу, т.б)
- мұғалім ата-аналармен етене жақын жұмыс істейді, себебі, бәрін таниды.

Шағын жинақты мектептің бірнеше өзіне тән тиімді жақтары да бар:

- балалардың саны аз, сондықтан мұғалім әрбір оқушыны, оның қызығушылығын арттыруына, отбасын тез, жақсы тануына көп мүмкіндік бар;
- дәптер тексеруге, жеке-дара өздік жұмысқа арналған жаттығулар іріктеуге аз уақыт жұмсалады;
- оқушылардың тәртіп бұзушылығы аз болады;
- оқушылар бірінші сыныптан бастап, өз бетімен жұмысқа бейімделеді;
- бір оқу бөлмесінде күнделікті бірге болғандықтан, жоғары сынып (3-4) оқушылары кіші сынып оқушыларына көмек береді;
- әрбір баланың білім деңгейлерін анықтап, олардың білім, білік, дағдыларының деңгейлерін көтеруге мүмкіндік мол;
- аталмыш мектеп мұғалімі пәнаралық байланысты жүзеге асыруға, кеңінен қолдануға тырысады;
- оқушылар әртүрлі сыныпта оқығанымен, олардың назарын бір пәннің мазмұнындағы ұқсас тақырыптарға аударуға мүмкіндік жасалады;
- оқушылардың бірін-бірі тексеруін, өзін-өзі тексеруін және бағалауын жүзеге асырылады;

- үлкен сынып оқушысы төменгі сыныптың жұмысын тексеріп бағалау арқылы өз білімін іс жүзінде қолдануына мүмкіндік туады.

Шағын жинақты мектептерде оқушылардың білім деңгейін мемлекеттік

стандарт дәрежесіне көтеру, оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын жақсарту – қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі. Шағын жинақталған мектептерде мұғалімнің негізгі мақсаты: бағдарлама мен мектеп белгілеген жоспарды орындап шығу екені белгілі. Бұл үшін шағын жинақты мектепте оқу-тәрбие үрдісін кіріктіре оқытудың әдістерін тиімді пайдалана отырып өткізу керек. Екі сынып қатар оқытылатындықтан сабақ кестесін, сабақ жоспарын дұрыс әзірлеу, оқушылардың өздері орындайтын жұмыстарын шебер ұйымдастыру, сабақ уақытын дұрыс пайдалану мәселесі туындайды.[4]

Кіріктірілген сабақтарда оқушыға өзі өмір сүретін орта туралы, құбылыстар мен заттардың байланысы жайында ауқымды және айқын түсінік беріледі. Мұнда негізгі басымдылық қандай да бір білім көлемін игеруге емес, бейнелі ойлауды дамытуға беріледі.

Шағын жинақталған мектепте кіріктіріп оқытудың бұл ерекшеліктері алдыңғы алған білімін қайта жаңғыртуға көмектеседі. Бұл байланыс оқыту барысында нақты жаттығулар мен тапсырмалар арқылы нығая түседі. Осы ерекшеліктерді ескере отырып шағын жинақты мектептердің мұғаліміне мынадай талаптар қойылып отыр:

- өздігінен білім көтерудің тиімді әдістерін таңдай білу;
- шағын жинақталған мектеп жағдайына қарай бейімдеу, оқу үрдісін сапаландыру;
- әртүрлі жастағы оқушылар ұжымын басқара білу;
- оқушылардың бірін-бірі өзара білім алуы сапаландыру бағытын дамыту;
- оқушылардың бір отбасы балалары сияқты болып, өзін-өзі басқара білуін

ұйымдастыру;

- оқушылар арасындағы бір-біріне деген сенімділігін және сыйластықтарын арттыру;
- оқушылардың ата-аналарын қоғамдық-педагогикалық жұмыстарға қатыстыру.

Шағын жинақты мектепте оқу үдерісін ұйымдастыруда тиімді педагогикалық технологиялар (деңгейлеп, саралап оқыту, ұжымдық оқыту, дидактикалық бірлікті ірілендіру, дамыта оқыту, модульдік оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технология және т.б.) қолданылады.

Деңгейлеп оқыту оқушылардың жас және білім деңгейі ерекшеліктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар беру арқылы олардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.[5]

Ұжымдық оқыту әдісі динамикалық жұптар құра отырып, оқушылар арасында танымдық қарым-қатынасын, оқушылардың бірін-бірі оқытуын ұйымдастыру болып табылады. Ұжымдық оқыту әдісі балалардың қарым-қатынасы тапшылығын азайтуға, ауылдық жерлерде оқушылардың аздығы жағдайында оқушылардың диалогтік және диалогтік сөйлеу қабілеттерін дамытуға жағдай жасап, мұғалімнің жалпы сыныппен жұмысын азайтып, жекелей оқыту уақытын көбейтуге мүмкіндік береді.

Дидактикалық бірлікті ірілендіру (ДБІ) - ақпараттардың біртұтас игерілуін қамтамасыз ететін, мағыналық қисынды байланыстар негізінде білімдік ұғымдарды біріктіру жүйесі. Бұл технология оқу пәндері және салалас пәндер блоктарының ішіндегі материалдардың дидактикалық құрылымын құру арқылы аралас сынып сабақтарын ұтымды өткізуге мүмкіндік жасайды.

Дамыта оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін кең қолдану - әр оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасау арқылы белсенді тұлға тәрбиелеу.

Шағын жинақты мектеп мәселесін оңтайлы шешудің тағы бір жолы – бұл жаңа білім беру кеңістігін құру болды. Ол үшін материалдық-техникалық базасы мықты толық білім беретін мектептерден ресурстық орталықтар ашылды. Ресурстық мектеп – бұл шағын жинақты мектеп оқушыларының бейімделген, әр деңгейлі, көп сатылы, саралай және терең білім алуына жағдай жасайтын, оқу-тәрбие дамуын бағыттап отыратын ауыл мектебі.

Бүгінде біздің елімізде ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын жүзеге асыру мақсатында шағын жинақты мектепке үлкен көңіл бөлініп, қамқорлық жасалуда. Оған дәлел:

1. Жалпы орта білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығы; [6]

Мемлекет тарапынан шағын жинақты мектептерді дамыту мен оның жұмыс жүйесінің назарға алынуы, қолдау көрсетілуі – еліміздің рухани-мәдени ошағына айналған ауыл мектебін сақтап қалуға қосқан үлес деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғылыми-әдістемелік «Ұстаз» журналының қосымшасы №1, 2012 ж
2. «Қазақстан мектебі» журналы, №10, 2015 ж
3. «Қазақстан мектебі» журналы, №11, 2015 ж
4. «Қазақстан мектебі» журналы, №10, 2012 ж
5. «Қазақстан мектебі» журналы, №11, 2013 ж
6. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

**Мусақұлов К.Т., Умурзакова А.А.**

## **СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫС ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01303-«Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.  
Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының магистры

Балалардың өмірлік тәжірибесін молайтуда тәрбие жұмысын кесте бойынша жүргізілетін сабақтарда, онан тыс уақыттарда да ұйымдастырудың маңызы зор. Балаға бос уақыт өзі үшін де, басқалар үшін де өте пайдалы етіп өткізе білуге үйренуі үшін де беріледі. Моральдық қасиеттерді қалыптастыруға қатысты барлық мәселелерді мұғалім оқытуда да, еңбекте де, шығарамшылық істерде де комплексті шешеді, сөйтіп баланың өзін жан-жақты үйлесімді жетілдіру принципі жүзеге асады. Балалардың адамгершілік туралы білімдері үздіксіз жүргізіледі.

Балаларға адамгершілік тәрбие беруде бастауыш сынып оқушыларына арналған ережелермен жұмыс істеудің маңызы зор. Оқушылар ұжымының өмірі осы Ережелер негізінде құрылады. Ережелердің орындалуы балалардың тәрбиелігі туралы мәлімет беретін көрсеткіш болып табылады. Ережені еске салу үшін қолайлы болған жағдайдың бәрін пайдаланып отыру, әбден дағдыға айналғанға дейін оның орындалуын талап ету, ережелердің орындалғанын атап көрсету және оның бұзылуына жол бермеу қажет.

Ережелер балалардың санасына ұялап, олардың дағдысына айналуы үшін әр түрлі тақырыптарда жүйелі түрде әңгімелер өткізіліп тұрады. Этикалық әңгімелерде белгілі бір бағдарлама бойынша және сыныптағы оқиғаларға байланысты өткіземіз. Ең бастысы ережелерді жаттап алып, сол бойда-ақ ұмыт қалдыратындай болмау керек.

Ережелермен қалай жұмыс істеу керек? Ең алдымен бәрін бірден қолға алмаған жөн. Ережелерді бірте-бірте игеру тәртібін ұстану және адамгершілік мінез-құлыққа жаттықтыру.

Бірінші сыныптағылар ең алдымен мінез-құлық нормаларына негіз болатын нақты талаптарды білуі қажет. Мәселен «Сергек бол; басқаларға қамқорлық жаса; ықыластылық көрсет» деген ереже бар. Оқушыларға осы ережені нақтылап белгілі бір жағдайларда өздерін

қалай ұстауы керектігін айту; Автобуста жасы үлкен кісіге орын бер, үйдегілерді мазалама «Бір нәрсені сұрай қалсаң мархабат деуді ұмытпа» деп, т.б. үйрету керек.

Елімізде білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер көптеп саналады. Солардың қатарына бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын танымдық белсенділігін, талантын ұштаудағы оқу-тәрбие үдерісінде, сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқытудың озық технологияларын пайдалануды жатқызуға болады. Оның себептерінің бірі қазіргі таңда ғылым мен техниканың дамуына, технология ғылым саласының озық жетістіктерінің өндіріске көптеп өзгерістер енгізуіне байланысты мектепте ізетті, ибалы, адамгершілігі мол білімді адамды қажет етеді. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға қойылатын талаптар: - оқушылар үшін қызықты емес нәрседен алшақтату; - оқушының қолынын келетін іспен қамтамасыз ету; - қарапайым қол жұмысымен айналысуға мүмкіндік жасау; - оқушылардың даму деңгейіне сәйкес келуін қамтамасыз ету. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушы сынып жетекшісі болып табылады.

Балалардың өмірін ережелерге сәйкес ұйымдастыруы оны неғұрлым жақсы игеруге көмектеседі. Ережелерді түсіндіру формалары әр алуан: сынып өміріндегі нақты фактіге байланысты әңгімелесіп, оқушының қылығына адамгершілік тұрғыдан баға беру; әңгімелер оқу, қайсы бір ереженің мазмұнын ашып берілетін диафильмдер мен кинофильмдер көріп, одан соң оқыған және көрген оқиғалар жөнінде әңгімелесу; белгілі мақсаттағы экскурсиялар т.б бола алады.

Әдептілік әңгімелер. Бірінші, екінші сыныптарда балалар жолдастықтың, ынтымақтаса жұмыс істеудің, әділ ойынның, сыпайылықтың ережелерімен танысып, жақсылық пен жамандық жайлы біраз түсініктер жинайды.

Үшінші, төртінші сыныптықтарда жалпы моральдық нормалармен таныстырамыз, соларға сәйкес өзінің және жолдастарының іс-әрекет, мінез-құлқын бағалауды үйренеді. Бұл кедергі әдептілік әңгімелердің мақсаты - шәкірттерге жалпы моральдық нормаларды бойына сіңіруге көмектесу. Әдептілік әңгімелер айына бір рет өткізіледі. Оның төмендегілей тақырыптарын ұсынамыз:

1. «Жолдастық, достық туралы
2. «Қайырымдылық, аламдарға ссегектікпен қарау, қайырымдылық туралы
3. «Әділеттілік туралы
4. «Адамдық және сөзге беріктік туралы
5. «Жауыздық пен енжарлыққа тәрбиелеушілік туралы
6. «Еңбекке, еңбек адамдарына және халық қазынасына қатынасы жайлы
7. «Адамгершілік мінез-құлқының ережелері жайлы
8. «Қалай қоғамшыл болу керектігі жайлы
9. «Мейірімділік және немқұрайлылық жайлы әңгіме т.б.

Әңгіменің басында балалар бұрын өздері оқыған әңгімелердің сюжеттерін еске түсіреді. Мәселен, «Жолдастық, достық туралы әңгіменің басында «Жаман жолдас әңгімесін еске түсіреміз. Содан соң балаларға сұрақтар қойылып, талқылау сол сұрақтар төңірегінде жүргізіледі.

Екі дос орманға барды. Алдарынан аю шыққан кезде сау жолдасы ауру жолдасын тастап қашып кетті. Оның өрекетін қалай атауға болады? Оны шын жолдас деп айта аламыз ба? Аю ауру жолдасына не деді? Сол жерде сен болсаң не істер едің?

Әңгіме мазмұны арқылы (балалармен сатқындық, корқақтық туралы да әңгімелесуге мүмкіндік туғызады. Қалаларға сатқындық туралы түсіндіреміз. Сатқындық деп қиын сәтте қасындағы жодасыннан теріс айналу, көмектесуден бас тарту. Досына сатқындық жасаған адам, ертең оңай-ақ Отанына, ата-анасына сатқындық жасайды.

Әрине әңгімелесуге мұғалім де, оқушы да дайындалады. Мұғалім әңгіме үстінде қойылатын сұрақтарды алдын-ала ойластырады, оқушыларға оқығандарынан әлденені оқып беруге немесе еске түсіруге, адамдар арасындағы қарым-қатынастарға қатысты өздеріне

белгілі бір оқиғаны еске алып, оған баға беруге (кім дұрыс істеді, ал кім дұрыс істемеді, неліктен) ұсыныс жасаймыз. Егер әңгімелесу емін-еркін жағдайда өтсе және оқушылар өздерінің пікірлерін қысылмай-қымтырылмай ашық айтатын болса, онда бұл пікірлердің қарама-қарсы болуы табиғи нәрсе. Мұндай жағдайда қате пікір талқыға салынып, қате пікірі үшін оқушыны жазғыруға болмайтынын есте сақтауымыз керек, және оқушыларды дұрыс қорытындыға келуіне бағыттаймыз. Балалардың өз бетінше адамдардың өзара қарым-қатынастарың оқиғаларды сипаттайтын әр түрлі фактілерді өз бетінше ойлап, салыстыра білуге үйренуінің, олардың қарама-қайшылығын көруге және оны біздің қоғамның моральдық принциптерімен байланыстыра отырып, дұрыс бағалай білуінің маңызы өте зор

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан газеті –Алматы, 2017. - №10(78). - Б. 1-2.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 2010 жылғы 7 желтоқсан№1118// [www.nkaoko.kz/documents/law\\_of\\_education/](http://www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/)
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//<http://edu.gov.kz>
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ , 17 қаңтар 2014ж.

**Мусақулов К.Т., Умурзакова А.А.**

## **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01303-«Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.  
Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының магистры

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен бастау керек.

Қазақ халқының рухани-адамгершілік тәрбиесінің басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән мән-мазмұны, ерекшеліктері бар. Ұлағатты ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұрпағын бар жақсы қасиеттерге баулып, оның әдепті, ар-ұятты, мейірімді, адамгершілігі мол болуын тілеп отырған. Рухани байлығымыз ұлтымыздың әдет-салты, мәдениеті, әдебиеті, өнері, тарихында жатыр. Адамгершілік-рухани тәрбие мәселесі қазақ ағартушыларының шығармашылығында терең орын алған. Адам тіршілігінің саналылығының белгісі – оның өзгелерге деген адамгершілік қарым-қатынасы.

Адамгершілік дегеніміз – адамдардың гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Ол адалдық, шыншылдық, әдептілік, жанашырлық пен сенім сияқты қасиеттерді қамтиды.

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді, тәрбиелі болады», деп, Абай айтқандай, оқу процесі кезінде адамгершілікке тәрбиелеу мақсаты әр уақытта күні бүгінге дейін күн тәртібінен түскен емес. Сол адамгершілік тәрбиені беруде мұғалім бала жанының бағбаны болса, сол адамгершіліктің дәнін қалай сеуіп, одан қандай өнім алып келеміз?

Егер мұғалім өзін адамгершілік тәрбие беру арқылы адам қалыптастыру міндетін өз дәрижесінде атқарып келе жатса, қоғамдағы жат қылықтар қайдан шығып жатыр? деген



сауал туындауы мүмкін. Мысалы, оқушы мектепке келген кезінде тіл алғыш, жүрегі таза, сезімі пәк болып, өссе не жоғарғы буынға келгенде өзгеріп сала береді. Сол кезде мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті, мынадай жаман әдеттерді қайдан үйреніп ала қойды, неге озбырлық жасауға бейім болып алды деген сұрақтар мазалайды. Әрине, оның себептерін жан-жақты іздеуге болады. Қазіргі таңда баланың рухани-адамгершілік тағылымына кері әсер етуші факторлар: соғыс ойындары, жат қылықты жариялайтын фильмдер, бейнетаспалар және компьютерлік ойындар мен ұялы телефондар бар. Сонымен бірге бала тәрбиесіне ата-анасы мен жүрген ортасына мұғалімнің де қатысы бар. Баланың қалыптасуына ықпал етіп, дамуына үлес қосатын мұғалімнің есте ұстар жағдайлары аз емес. Солардың ішінде ең негізгісі – балаға деген жүрек жылуы. Ол қашан да қажет және ешқашан артық болмайды.

Қазіргі жағдайда тәрбиенің жалпы негізі адамгершілік құндылықтар болуы керек. Адамгершілік құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Ал мұғалімнің басты мақсаты – өзіндік адамгершілік құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды адамгершілікке, гуманистік жүйеге тоғыстыру. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, адамгершілік әдетке, рухани мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады.

Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені «Әр адам – өз заманының баласы». Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды.

Тәрбие үдерісі ұзақ уақытты қамтиды. Қазіргі кезде ата – ана көп жағдайда бала тәрбиесін мектепке, мұғалімге артып қойған. Ендеше тұлғаның адамгершілік қасиеттерін дамытуда мұғалім маңызды фактор болып табылады. Мұғалімнің тәрбие үдерісіндегі алатын орны бүкіл тәрбие ісін өз қолына алуында емес, тәрбиелеуде елеулі жетістіктерге жетуде оның ұйымдастырушылық, бағыттаушылық күшінде және шығармашылығында. Осыған орай әрбір тәрбиелік іс-шараларды өткізуде ата – бабаларымыздың тәрбиелік мәні бар, рухани-адамгершілік ойларымен, даналық сөздерінің мән-мағынасын терең түсіндіруге ықпал жасаймын. Мысалы: балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ата-бабаларымыз баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулығын. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Баланы үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі. Ал, адамгершілікке тәрбиелеудің бірден – бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының рухани-адамгершілік тәрбие беру бағыты бойынша өз тобымда «Имандылық – адамгершілік белгісі», «Иманды ұл, инабатты қыз – елдің көркі», «Бата және тыйым сөздер» тақырыбында бірнеше тәрбие сағаттарын өткіздім. Осындай тәрбие сағаттары арқылы өсіп келе жатқан жас ұрпақ ұландарымыздың бойында адамгершілік қасиетін оятып, патриот болуға тәрбиелейді. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті – халық педагогикасында деуге болады.

Бала тәрбиесіндегі негізгі де маңызды роль ата-аналарда. Ата-ана отбасында өздерінің күнделікті жұмысы, тындырған ісі туралы бала – шағасының алдында айтып, әңгіме – дүкен құрады. Бірте-бірте балалары да өз жаңалықтарын ортаға салып, айта бастайды. Осылайша жанұя мүшелерімен сенімі, сүйіспеншілігі, достық қатынастары нығая түседі. «Жанұяға

қарап бала өседі, қарағайға қарап тал өседі» деп тегін айтылмаған болса керек. Ата-ана баламен тілдесуде, пікірлесуде бейпіл, бейауыз сөздерді қолданбай, дөрекілікпен жеке басын қоғамдай, мейірімді, табиғи, жылы, ақылды сөздер айтып өнеге бола білсе, тәрбиеде табысқа жетеді. Өйткені «Жақсы сөз жан семіртеді». Кейбір ата-аналар өте қатал, айтқанын орындатады. Мұндайда бала қорыққанынан уақытша тыңдайды. Бірақ ата-анасының уысынан шыққаннан соң, өзін-өзі ұстай алмайтын жағдайға жетуі мүмкін. Сондықтан мұғалім ата-ана ескермеген тәрбиенің тиімді сәттерін пайдалану қажет. Мұғалім оқушыға материалдық жағдай жасамағанмен, оның өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттер – адамгершілік құндылықтармен қамтамасыз етеді. Әрбір оқушының жеке басын тәрбиелеудің стратегиясын білу үшін тек оның күшті және әлсіз жақтарын біліп қоймай, сонымен қатар оның оқитын, тұратын, қарым-қатынас жасайтын жағдайларын білуіміз керек. Ол үшін олардың ата-аналарымен тығыз байланыста болу қажет. Адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп жетілген тұлғаның бойындағы әдептілік сипаттар мынадай болуы тиіс:

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіруі ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңірді.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді.

Қай қоғамда, қай мемлекетте болсын, қарым-қатынас адами құндылықтар, оның ішінде адамгершілік құндылықтар қалыптастыру кез-келген мектептің міндеті болса, баланың өзін тануына, басқаны тануына, баланың болашақ дамуына «Өзін - өзі тану» пәні зор ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, «Өзін-өзі тану» пәні баланы өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді.

Рухани-адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

«Өзін-өзі тану пәні» арқылы жан-жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол, ұлттық құндылықтарымызды құрметтейтін, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиеленеді. Сондықтан да, пәнді оқытатын

әрбір мұғалім өзі де үнемі жетілу, іздену, даму үстінде болса көздеген мақсатқа қол жеткізетініміз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар - рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан газеті –Алматы, 2017. - №10(78). - Б. 1-2.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 2010 жылғы 7 желтоқсан№1118// [www.nkaoko.kz/documents/law\\_of\\_education/](http://www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/)
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//<http://edu.gov.kz>
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ , 17 қаңтар 2014ж.

Жауен А.Б.<sup>1</sup>, Хамидулина Г.Қ.<sup>2</sup>

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Оқушылардың сөйлеу мәдениетін арттыру – заманауи мектептің алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі. Адамның мәдениетінің, ойлауының, зияткерлігінің деңгейі тілдік нормаларға сәйкес келуі оның сөйлеу мәдениеті болып табылатындығы белгілі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Егер орта мерзімді кезеңге арналған міндеттер жөнінде айтатын болсақ, ол бірінші кезекте қазақстандықтардың білім беру және кәсіптік деңгейін сапалық тұрғыдан көтеруді қамтамасыз етуде жатыр» — деп, білім сапасын арттырудың маңызын көрсетеді [1].

Тіл – қоғам өмірін ұйымдастырудың басты құралы болумен бірге әлеуметтік және экономикалық өрлеу мен дамудың, халық пен қоғам өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтардың айнасы.

«Тіл» немесе «тіл дамыту» — пән аралық түсінік: ол лингвистикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерде кездеседі. Лингвистика тіл және оның даму, заңдарын зерттесе, психология адамның бір-бірімен қатынасында ойын, еркін, сезімін және пікірін жеткізу үшін тіл материалдарын қолдану процесі — сөйлеуді зерттейді.

Қазақ тілі мен әдебиетіне арналған бағдарлама: «...тіл дамыту жұмыстарында оқушының сөздік қорын, сөз байлығын толықтыру, өз ойын анық дұрыс етіп ауызша, жазбаша жеткізе білуге баулу, қазақ әдеби тіл нормасында жатық, әдепті сөйлеуге дағдыландыру»,—десе, М. Балакаев: «...сөз байлығын молайту, сөз тіркестерін, сөйлемдерді дұрыс түсініп, дұрыс құрай білу, сөздердің орфоэпиялық нормаларын сақтап, дұрыс оқу – қазақ тілі пәнін меңгеруде оқушылардың бәріне бірдей қойылатын ортақ талаптар», — деп анықтайды.

Ал К. Аханов тіл дамытуды: «айтайын дегенді дәлме – дәл, ашық айқын және әсерлі түрде жеткізіп беру ол үшін тілді, әсіресе оның байлығын, көркемділігі мен үнділігін, сан сырлы мағынасы мен өткірлігін, эмоциональды болуы мен экспресивті қызметін жан – жақты меңгеру», — деп біледі [2].

Оқыту жүйесінде оқушылардың тіл дамыту жұмыстарын қарастыру ерте кездерде қолға алынған. Оған дәлел ежелгі грек философтары Сократтың «сократтық оқыту әдісі» немесе «эвристикалық әңгіме» әдісі немесе «сұрақ-жауап оқыту жүйесін» жасады. Бұл әдістің негізгі мәні – тыңдаушыны әңгіме барысында қарама-қайшылықтарға әкеліп, сонан соң оң түсініктермен индукция арқылы шындыққа көз жеткізу. Әдістің маңызды жағы – бірізділік, сұрақтардың логикалық жүйелілігі; мақсаты – жаңа білімді меңгеру, шындықты іздеу. Осылайша логикалық ой-өрісті дамыту, диалектикалық пікірталас жүзеге асып, мұғалімнің сұрағы арқылы оқушы шындыққа көз жеткізеді. Оқыту үрдісі мұғалім мен оқушының бір-біріне толық сенімділік негізінде жүргізілуі керек. Мұғалімнің міндеті – оқушының рухани күштерін ояту. Сократ үшін педагог – бұл «ой туындатушы» болып есептелінді.

Ал Платон ойын балалардың білім алуда, практикалық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруда, олардың танымдық қызығушылықтарының дамуындағы маңызын көрсетсе, Квинтиллиан балалардың тілін дамытуға ерекше мән берді. Ол үшін ерте бастан олардың сөйлеуіне көңіл бөлуді талап етті, тілді және музыканы оқыту баланың дұрыс сөйлеуін дамытады деп санады. Баланың логикалық жүйелі түрде ойлауын дамыту үшін математиканы оқыту қажет деп есептеді. Балаларға берілетін білімнің негізі берік болуын талап етті.

Иоганн Генрих Песталоцци (1746-1827 жж.) оқыту бақылауға, тәжірибеге негізделіп ұйымдастырылып, қорытынды жасауға, жалпылауға қарай жүргізілу керек деді. Оқытуды жеңілдету үшін Песталоцци дүние заттары туралы білімнің ең жай элементтерін білу арқылы адам айналадағы дүниені таниды деп көрсетті. Ондай элементтерге ол заттың санын, формасын және атын жатқызды. Оқыту үрдісінде өлшеу арқылы бала заттың формасын, санау арқылы санын, тілін дамыту арқылы заттың атын таниды деп білді. Сөйтіп, элементарлық білім беру өлшеу, санау және сөзді меңгеруден тұрады деп есептеді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде мұғалімдерге көмек боларлық еңбектің, яғни оқыту әдістері жайында бағыт – бағдар көрсетерлік әдістемелік еңбектердің тарихы қазақ халқының алғашқы педагогі, балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннен басталады.

Ағартушы – ғалым мәтіндер арқылы баланың тілін дамытудың маңызын ашып, оны іс жүзінде дәлелдеген. «Тіл сезімін дамыту, — дейді педагог – оқушылардың мектеп қабырғасына келгендегі сөз қорын әрі қарай байыту, ал ол оқытушылардан сабақ пен жаттығулардың әбден ойланған системасын талап етеді» деп мұғалімнің де бала тілін дамытуда тиімді әдістердің сараланған түрлерін қолдану керектігін айтып, ұстаздар жұмысының ауырлығын көрсетеді [3]

Ы.Алтынсарин жылы-ақ баланың тілін дамыта оқытудың міндеттерін белгілесе, ХХ ғасырдың басындағы білім саласы мен ғылым жолындағы өте биік тұлға – А.Байтұрсынов оны жалғастырды. А.Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы да болып саналады. Оқулықтарға «Тіл құралдың» үш кітабы жатса, ал «Баяншы», «Тіл жұмсар», «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылау әдісі», «Жалқылауды жалпылау» секілді еңбектері жас мұғалімдерге, оқытудың тиімді әдісін іздестіріп жүрген педагогтарға көмекші құрал ретінде жазылған. Ол оқушыларды сабақ барысына қызықтыруда көрнекілік әдісінің тиімді екенін атап көрсеткен. Ал тілдік тақырыптармен байланыста тіл дамыту әдістемесі тұрғысынан келгенде, тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде жеңілден ауырға қарай принципін басшылыққа алған. Тіл дамыту жолында алдымен оқушыларды жеке сөздермен таныстыру принципін ұстанып, осыдан барып жекелеген тақырыптар арқылы оқушылардың сөздік қорын байытуды мақсат еткен Екіншіден, А.Байтұрсынов бала тілін дамытуға аса қажетті материал ретінде жаңылтпаш, мақал – мәтелдер, жұмбақтарды береді де, осыдан кейін сюжетті мәтінге көшеді. Себебі бала тілін дамытудың теориялық негізі – халықтық педагогикада, соның қайнар көзі халық ауыз әдебиетінен бастау алады.

Сонымен қатар, ағартушы – ғалымның балаға сөз өнерін, тіл заңдылықтары мен әдебиет заңдылықтарын қатар, бірлікте үйрету керек деген пікірі өте құнды. Себебі, тіл дамыту мәселесін тек қана лексика – грамматикалық заңдылықтарды үйретіп қана емес, сөзді

қызмет ету аясында көрсету барысында ғана шешуге болатындығы белгілі. Ғалым сөзімен айтқанда:

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйгенін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын» [4].

1930-40 жылдарда тіл дамыту жұмыстары қазақ тілінен теориялық білім беруге байланыстыра жүргізілді. Мысалы, Ш. Сарыбаев сөздік жұмысын жүргізу арқылы оқушылардың тіл байлығын байыту мәселесін көтерсе, С. Жиенбаев тіл дамытудың ауызша да, жазбаша да жүргізу қажеттігін, ал Ә. Сәдуақасов шығарма жазуға үйрету сияқты тіл дамыту жұмысының түрлері мен оны жүргізудің жолдарын көрсетті. Сондай-ақ Ғ. Бегалиев, К. Басымов, Н. Сауранбаев т.б. өздерінің еңбектерінде тіл ширату, сөйлеуге үйретудің кейбір тиімді жұмыс түрлерін белгіледі.

Қазақ мектептеріндегі оқушылардың тілін дамыту жұмысын оқытумен байланысты қарау 1950-60 жылдары басталды да, бастауыш сынып мектептегі оқушылардың тілін дамытудың маңыздылығын көрсетсе, Р. Әміров тіл дамыту үшін оқушылардың сөздік қорының мол болуы, тілдің грамматикалық құрылысын игеруі, өз ойын дұрыс сөйлем құрастырып ауызша, жазбаша айта білуі сияқты әдісін ұсынды. Ал С. Рахметова зерттеу еңбектерінде бастауыш сынып оқушылардың тілін дамытудың әдістемелік жүйесінің ғылыми-теориялық негізін қалады. И.Ұйықбаев тіл дамытуды, ой дамытумен байланыста қарастырса, Р.Махмұдов шығармашылық диктант арқылы оқушылардың тіл байлығын, ой өрісін жоғары сатыға көтеруде маңызы өте күшті екендігіне, бұл оқушыларды мазмұндама, шығарма, газет бетіне мақалалар жазуға дайындайтындығына, дұрыс жазуға төселдіретіндігіне тоқталады.

Қазақ тіліне байланысты әдістемелік әдебиеттерді талдау барысында мектеп оқушыларының тілін дамыту, тіл мәдениетін жетілдіру мәселесі түрліше қарастырылып келді. Мәселен, тіл дамытуды С. Жиенбаев, Т. Бегалиев, С. Рахметова т.б. бастауыш сынып оқушыларындағы әліппе мен ана тілін оқытуға байланысты қараса, Х. Арғынов, Д. Әлімжанов, С. Тілешова әдебиет пәніне байланысты қарастырды. Сондай-ақ М. Балақов тіл мәдениеті бойынша, ал Ә. Хасенов статистикалық білім мен дағды беру арқылы тіл дамытуды ұсынды [5].

Қазіргі таңда тіл дамытуға арналған жаңа еңбектер жарық көрмеген. Тек қолда бар еңбектер пайдаланылып келеді. Білім мен технологияның дамыған шағында тіл дамытудың жаңа әдістемесін көрсететін оқу құралдарының болмауы бүгінгі күннің маңызды мәселесі болып табылады. Бұл ғана емес жоғарыда атап өткен еңбектерді қарасақ, барлығы дерлік бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуға арналған әдістемелік оқу құралдары. Ал орта немесе жоғарғы буын оқушыларының тілін дамыту әдістемесі жоқтың қасы. Сол себепті жоғары сынып оқушыларының тілін дамытуға арналған әдістемелік құралдарды жасап, баспадан шығару мәселесін де айналып өтуге болмайды.

Проблемалық оқытудың жағымды да, жағымсыз да жақтары бар екенін атап өтуге тиіспіз. Бұл технологияның артықшылығына – оқушының өзіндік шығармашылық іс-әрекеті негізінде білімді өз бетімен меңгеру мүмкіндіктері, соның негізінде білімді өз бетімен меңгеру мүмкіндіктері, соның нәтижесінде оқу еңбегіне деген жоғары қызығушылығының, жемісті ойлау қабілеттерінің дамуы жатады. Ал, кемшілік жағына – кей кездерде процеске қатысушылардың танымдық іс-әрекеттерінің әлсіз басқарылуын, жоспарланған мақсатқа қол жеткізуде уақыттың шамадан тыс көп шығындалуын атап көрсетуге болады [6].

Қазіргі уақытта жаңа ақпараттық технологиялар нарығының жедел дамуы жүріп жатыр. Түрлі электрондық тақырыптық шығарылымдар, альбомдар, энциклопедиялар, және басқа да мультимедиялық құрылғылар оқыту барысында иллюстрациялар, жазбалар, шығармашылық жұмыста пайдаланылатын құралдар пайдаланылады. Сабақта әр түрлі материалдарды пайдалану формасы, әсіресе сабақта бейне роликтерді және басқа да материалдарды

пайдалану оқушыларды эмоционалдық жағынан жоғарылап, пәнді оқуда қызығушылығын тудырып, балалардың зерігуін төмендетеді.

Қорыта келе, тіл дамыту – оқушылардың сөздік қорын байытуға, сөздердің мағынасын түсініп, оларды орнымен қолдана білуге, өз ой-пікірлерін біреуге жеке сөйлемдер арқылы, логикалық, композициялық тұтастығын, құрылымын сақтай отырып жүйелі түрде әңгімелеу немесе жазбаша дұрыс білдіруге үйрету жұмысы. Қоғам дамыған сайын ақпараттық технологиялардың біздің өмірімізден үлкен орын алатыны жасырын емес. Қазірдің өзінде мектеп жасына жетпеген жеткіншектеріміздің жаңа технологияларды пайдалануды тез үйреніп алатындығына көзіміз жетті. Сондықтан бір шетінен уақыт үнемдеу үшін, екіншіден баланың қызығушылығын тудырған жаңа технологияны баланың дұрыс дамуына бағыттай алуымыз үшін жаңа технологияларды сабақ барысында қолдануымыз әрі оны жаңартып тұруымыз керек.

Оқушылардың тілін дамытуға арналған әдістемелік құралдардың заман талабына сай жаңарып отыру да қолға алынады деген үміттеміз. Тек бастауыш буын өкілдерінің тілін дамыту ғана емес жоғарғы буын өкілдерінің тілін дамытуға арналған оқу-әдістемелік құралдардың шығуы қазірден қолға алынса екен.

«Рим де бір күнде құрылмады» деген сияқты оқушылардың тілін дамыту бір күнде бола қоятын жұмыс емес. Бұл үлкен жауапкершілік пен төзімді қажет етеді. «Ең негізгісі – ақырын үйрету. Клиникада да, педагогикада да мұны басты физиологиялық ереже деп есептеу керек. Әр кез күрделі істі бастағанда еш уақытта асықпа, белгілі тәртіппен жұмылып кірісу үшін уақыт бер» И.П.Павлов айтқандай, тіл дамыту жұмысында асықыстыққа жол берілмеу керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі және әл-қуатының артуы: Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы». – Алматы: Білім, 1997. – 256 б.
2. Жапбаров А. «Мектеп оқушыларының тілін дамыту әдістемесі». – Алматы: Шымкент: Жібек жолы, 1997. – 200 б.
3. Жахина Б.Б. Сөздің лексика-семантикалық тобымен байланыста тіл дамытудың әдістемесі. Оқу құралы. – Көкшетау: Келешек – 2030, 2007. – 185 б.
4. Ақыл кені. – Алматы: Көшпенділер, 2005. – 244 б.
5. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (V- IX сыныптар). Автореферат. – Алматы: 2004. – 53 б.
6. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы: 2009. – 225 б.

## ОҚУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Бұл мақалада оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытуда оқытуды ұйымдастырудың жалпыдидактикалық принциптерін басшылықта ұстау және түрлі әдістерді тиімді қолданудың маңыздылығы туралы айтылады.

Өркениетті қоғамға талантты адамдар керек. Ал, әрбір баланың мүмкіндігі мен қабілеттерін өз уақытында тану, көру, іске асыруда отбасы және мектептің рөлі маңызды.

Қоғамдағы аса маңызды өзгерістер білім берудің қарқынында дамуын жеделдетуде. Қазіргі білім беру - бұл бірыңғай жүйе, оның нәтижесінде оқушының өзіндік шығармашылық өнімі анықталатын, қалыптасатын, оқушының шығармашылыққа және мұғалімнің оларды қалыптастыруға қабілеттерінің жаңа бағыттарымен айқындалады. Уақыт оқушыдан мобильділік, креативтілік, шығармашылық қабілет талаптарын, сондай-ақ өз білімдерін тәжірибеде қолдана білуді, стандартты емес ойлай білуді қажет етеді.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту - заманауи педагогиканың өзекті мәселесі, оның шешімі белсенді шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу үшін айрықша мәнге ие. Шығармашылық қабілет, өзіндік жұмыс істеу іскерлігі мен дағдылары өздігінен пайда болмайды, ол мақсатты түрде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен шығармашылық тәжірибелік сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау процесінде қалыптастырылады. Тұлға шығармашылығының маңыздылығы көрнекті қазақ ойшылдары мен ағартушылары Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, М. Көпейұлы, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М.Дулатов және көптеген ғалымдар еңбектерінде ашып көрсетілген.

«Шығармашылық» ұғымына әртүрлі анықтамалар беріледі. Мысалы, С.И. Ожеговтың сөздігінде «Шығармашылық - жаңа материалдық және мәдени құндылықтардың өмірге келуі» деген анықтама берген [1].

Педагог Б.А. Тұрғынбаева: «Оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл - ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі» - деп көрсетіп, оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы дамитындығын баса айтады. Ғалымның пікірінше, ойлауға үйрететін сабақтар ғана дамыта оқыту сабақтары деп танылады.

Шығармашылық - адам табиғатының өзіндік ерекшеліктері. Тәрбие мен білім беру ісінде "шығармашылық" ұғымы әдетте "қабілет", "даму", "жеке тұлға", "дарындылық" ұғымдарымен байланыстырылады. Шығармашылыққа дарындылық критерийлеріне сай келетін балалардың қабілет-қасиеттері жатады:

- ақыл-ойдың жедел дамуы: танымдық қызығушылықтар, байқаушылық, сөйлеу, ой-пікір, міндеттердің ерекше (стандартты емес) шешімдері;
- көптеген балаларда қызығушылықтың, интеллектінің, эмоциялардың ерте мамандануы: математикамен, музыкамен, техникамен, бейнелеу қызметімен, құрастырумен, шет тілдерін үйренуі;
- белсенділік, көшбасшылыққа ұмтылу, қойылған мақсатқа жету қабілеті;
- жақсы жады, дамыған танымдық қабілеттері;
- орындаушылық қызмет түрлеріне дайындық және танымдық қабілеттілігі.

Баланың шығармашылық қызметін ынталандыратын оқытудың ықпалды жүйесі қабілеттілікті қалыптастыру және дамыту үшін шығармашылық процестің ерекше сипаты қажет, ол барынша күш- жігерді талап ететіні сөзсіз.

Мектеп мұғалімі сабақта және сабақтан тыс баланың шығармашылық көріністерін байқап, оларды жүзеге асыруға көмектесуі, жаңа мүмкіндіктер көкжиегін ашуы, қызықтырып, шабыттандыруы - білім мен тәрбиенің маңызды факторы болып табылады.

Қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында мектеп үшін шығармашылыққа ұмтылу аса маңызды. Ұстаз өзіне қойылатын талаптарға сай дами отырып, білім-тәрбие беріп отырған шәкірттерін белсенді, жаңалыққа сезімтал тұлға ретінде қалыптастыруы тиіс. Шығармашылық қабілеттерінің дамуымен баланың жеке басы да дамиды. Оқушының шығармашылық әрекеті сабақтар және сабақтан тыс жұмыс арқылы іске асырылды. Бұл жағдайда біз оқушының ойына, түйсігіне, өзіндік ойлауына негізделген шығармашылық үдеріспен айналысамыз.

Барлық пәндер сияқты шетел тілін оқытуда төменгі сыныптан бастап оқушылардың шығармашылық қабілеттерін табысты қалыптастыруда педагогтың балалар шығармашылығының негізгі ерекшеліктерін есепке алуы және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы орталық міндеттерді шешу негізінде ғана мүмкін болады.

Оқушылардың дағдылары мен біліктерін жан-жақты жетілдірген сайын, олардың қиялдары, нақты ойлары бай, күрделі тапсырмаларды орындауда ерекше қабілеттерін көрсете біледі. Шығармашылық ойлау тәсілі келесі негізгі ерекшеліктерімен сипатталады [2]:

1. Жылдамдық - идеялардың ең көп санын айту қабілеті (бұл жағдайда олардың сапасы емес, олардың саны маңызды).

2. Икемділік - идеялардың кең алуан түрлілігін айту қабілеті.

3. Түпнұсқалық - жаңа стандартты емес идеяларды тудыру қабілеті.

4. Аяқтау - айтылатын мәселеге аяқталған көрініс беру қабілеті.

Мектеп мұғалімдерінің ситуативті, диалогтық, ойын, ұйымдастыру-практикалық сабақтары, үй тапсырмалары, компьютерлік бағдарламалары, іскерлік ойындары, сөз тіркестерін синхрондалған аудару, бейтаныс сөздерді жазу, оқытылатын тіл елдері бойынша сырттай экскурсиялары, пәндік-жағдайлық, интегративтік сабақтары сияқты дидактикалық жұмыстарының әр түрлілігі - оқушылардың мақсатты шығармашылық ұстанымдарының алуан түрлілігін туындатады, өзіндік жұмысқа жұмсалатын уақыт көлемін арттырады. Шетел тілі оқулығындағы лексикалық ойындар, грамматикалық ойындар, фонетикалық ойындар, орфографиялық ойындар, шығармашылық ойындарды тиімді қолдана білу оқушылардың санасын, ақыл-ойын, олардың қиялдарын синхронды байланыстырып, қарым-қатынастары бекіп, қызығушылығы күшейеді.

Білім, білік және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын меңгеру оқушыларды шығармашылық жұмысқа үйретеді, шығармашылық ойлауды дамытады, оларды қызметте қолдану үшін алғышарттар жасайды, ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау қабілетін жетілдіреді, пікір, эмоциялар мен сезімдерді білдіруіне, сондай-ақ дәлелдей білуге артықшылық береді.

Шығармашылық тұлға талап етілмейтін өмір саласын елестету қиын. Шығармашылық - бала тәрбиесі мен өзін-өзі тәрбиелеудің ең маңызды тетіктерінің бірі болып табылатынын атап өту қажет. Шығармашылыққа жетелеуде тек қызмет өнімдеріне ғана емес, оқушының қабілеттерін қалыптастыруға назар аудару керек [3].

Ендеше, шығармашылық жүйе - оқу бағдарламасы шеңберінен шығуды талап ететін тапсырмалардың болуын көздейтін ашық жүйе болып табылады. Бұл интеллектінің шығармашылық жағынан соқтығысу жолы, өнертапқыштық және зерттеу талантының даму жолы. Біздің міндетіміз-балаға осы жолға тұруға көмектесу.

Қазіргі таңда мектептердің алдына қойған бірден-бір мақсаты – дамыта отырып, шығармашылыққа бейім тұлғаны қалыптастыру. Мұғалімдердің біліктілігін арттырып, шәкіртке саналы білім, саналы тәрбие беру. Бүгінгі педагогикалық -дидактикалық ұсыныстарға жүгінсек, оқытудың басты міндеті -мұғалімнің білім беру және оқушының



білім алуындағы шығармашылық деңгейінің дұрыс қалыптасуында. Кіші мектеп оқушыларына білім берудің ең басты өзгерісі өзінің мағынасында жаңа мақсат – міндеттерді қонды және мектептің іс - әрекетіне жаңа технологияны ендіруді талап етеді. Сондықтан оқу әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, ал шығармашылық әрекет нақты жағдайдағы мәселені шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады. Психологиялық зерттеулер мысалы, И.Я.Лернер білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, объектінің жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім таба білуді, шығармашылық әрекет деп түсірді.

А.Н.Лук “шығармашылық әрекетті, мәселені шешудегі көрегендікке, қырағылыққа баулиды” идеяларды іске асыру, болжай білу қабілеттерін атайды. Еліміздің егемен алып, тәуелсіздіктің даңғыл жолына түсуі, саяси әлеуметтік өміріміздің басты буыны – білім саласына да көптеген өзгерістер алып келді. Педагогика ғылымында мектеп мәселесіне арналған жалпы педагогикалық, психологиялық, әдістемелік зерттеулер әлі де жеткіліксіз болуда. Сондықтан мектептегі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қалыптастыруда кездесетін қиыншылықтарды жеңе білу педагогтардың тікелей жұмысына байланысты. Сондықтан мұғалім де сабаққа дайындалу кезінде әр оқушының ерекшелігін ескере отырып, жеке берілетін тапсырмалар жүйесін әр оқушының беленділігі мен қабілетіне қарап, мұқият беру керек. Кіші мектеп жасындағы балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруда [1].

Баланың қабілеттерін дамыту мәселесі өзінің тамырын адамзат тарихының тереңінен алады. Ежелгі грек ғалымы және философы Сократ өз оқушыларының дамуына үнемі қамқорлық жасап отырған. Адамның ақыл - ойын, қабілеттерін дамыту арқылы оны бақыт жолына жеткізу мәселесіне бірнеше күрделі еңбектерін тікелей арнаған шығыстың әйгілі ойшылы Әл - Фараби болды.

Бүкіл бір халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің қара сөздерінде /43 сөзі / бала өмірге келгендегі қабілеттері әрі қарай дамытуды, шыңдауды қажет ететін, сонда ғана олар пайдаға асатынын жазған. Ал назардан тыс қалған қабілеттілер бара - бара жойылып, жоқ болатынын айтқан.

М. Жұмабаев өзінің педагогика оқулығында баланың дамуының мәселелерін көтереді. Ол үшін оның танымын, ақылын, еркін, зейінін қалыптастыру керек екенін жазады.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесін таңдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды талап етеді.

Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері, дей келе олар қоғамдық тарихи іс - әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратынын атап көрсетеді.

«Қабілеттер» - білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері - дейді А. В. Петровский. «Қабілет іс - әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауға тырысатын адамның жеке қасиеті», - деп жазады Т. Тәжібаев.

«Қабілеттер» - адамның іс - әрекетінің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері» - деген де анықтама бар. Мүмкіндік білім де, дағды да емес. Ол адамның белгілі бір істі орындауға даярлығы», - деп қарастырады Ә. Алдамұратов [2].

Психологтар қабілеттердің 2 түрлі деңгейі болатындығын дәлелдеген. Репродуктивті /өнімсіз/ - іс - әрекетті, не білімді берілген үлгі бойынша қабылдай, меңгере алу деңгейі. Ал «шығармашылық» сөзінің мәні неде? «Шығармашылық» сөзінің төркіні /этимологиясы/ «шығару», «іздену», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек бұрын тәжірибеде болмаған жаңа нәрсе ойлап, жетістікке қол жеткізу деген сөз. Ал «шығармашылық» мәселесін терең зерттеген Я. Н. Пономарев оны «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыдағы баланы жаңа психикалық сапаға көтереді.

Бұдан біз «шығармашылық» ұғымының негізгі белгісі «жаңалық» болғанымен, ондағы тұлғаның, адамзаттың, қоғамның дамуына әсер ететін ерекше күштің бар екенін байқаймыз.

Шығармашылық қабілет деген не? Қабілеттердің шығармашылық деңгейге көтерілуі неге байланысты деген сұрақтар әрбір ұстазды мазалайды деп ойлаймыз. Шығармашылық әрекет өте күрделі процесс және ол адамға ғана тән.

Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында әуел баста салынған. Мұғалімнің міндеті - оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндікті ашып көрсету.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдерін сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда үнемі түрлендіріп, тиімді пайдалану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың бірден-бір жолы. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл, елінің ертеңін ойлар жас жеткіншектерді тәрбиелей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аристова Л.П. Активность учения школьника. М.: Просвещение, 2017-139с.
2. Выготский, Л. С. Память и ее развитие в детском возрасте // Лекции по психологии. - М.: Владос, 2009. - 234с.
3. Козвонина В.П. Развитие творческих способностей учащихся. Начальная школа - 2000 - №7 - 25с.

Молдабекова С.К.<sup>1</sup>, Хиса А.<sup>2</sup>

## ОҚЫТУДЫҢ ДАМУШЫ ЖҮЙЕЛЕРІ БОЙЫНША 1 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

PhD докторы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының  
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Бастауыш мектептің 1 сыныбының математика курсы-бұл пән бойынша мектеп білімінің бірінші сатысына арналған бүкіл курстың органикалық бөлігі. Оқушылардың жалпы даму жүйесі бойынша оқытудың алдында тұрған ортақ мақсаттарға сүйене отырып, математика курсы келесі міндеттерді шешуге арналған:

- оқушылардың жалпы дамуында, олардың ойлауында, адамның эмоционалды-еріктік және адамгершілік салаларында алға жылжуға ықпал ету, денсаулыққа зиян тигізбеу;

- жалпыадамзаттық мәдениет саласы ретінде математикаға тұрақты қызығушылық қалыптастыру;

- математиканы шындықтың нақты құбылыстарын жалпылайтын және модельдейтін және қоршаған әлемді білуге ықпал ететін ғылым ретінде түсіну;

- оқушыға практикалық іс-әрекетте және білімін жалғастыру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

Леонид Владимирович Занков жүйесі бойынша оқытуды дамыту бағдарламасы дәстүрлі бағдарламадан өзгеше:

- дәстүрлі түрде бастауыш білімге кіретін материалды кеңейту және тереңдету арқылы;

- бағдарламаға әдетте оқытудың кейінгі кезеңдеріне әсер ететін мәселелерді енгізу есебінен;

- оқушылардың немесе мұғалімнің бастамасы бойынша оқу процесінде туындайтын сұрақтар мен проблемаларға байланысты.

1-сыныпта балалар санның тандалған өлшемге қатынасының нәтижесі ретінде түсіндірумен танысады. Бұл «ұзындық», ал бастауыш мектепте келесі оқу жылдарында «масса», «сыйымдылық», «уақыт» (2 сынып), «аудан», «бұрыштар» (3 сынып) және «көлем» (4 сынып) сияқты шамаларды зерттеуде орын алады.

Бастауыш мектепке арналған математика бағдарламасында геометриялық материал маңызды орын алады. Бұл екі негізгі себепке байланысты. Біріншіден, табиғаттың нақты объектілері болып табылатын және адам жасаған геометриялық объектілермен жұмыс жас оқушыға танымдық іс-әрекеттің нақты, тиімді және көрнекі-бейнелі деңгейлеріне сүйене отырып, дерексіз ауызша-логикалық деңгейге көтерілуге мүмкіндік береді; екіншіден, оқушыларды геометрияның жүйелі курсын оқуға тиімді дайындауға ықпал етеді.

Занков жүйесі оқушының тәуелсіздігіне, оның материалды шығармашылық түсінуіне сүйенеді. Мұғалім оқушыларға шындықты бермейді. Бірақ оларды өздері «қазып алуға» мәжбүр етеді. Мұндағы схема дәстүрліге кері болады. Алдымен мысалдар келтіріліп, оқушылардың өздері теориялық қорытынды шығаруы керек. Алынған материал практикалық тапсырмалармен де бекітіледі. Бұл жүйенің жаңа дидактикалық принциптері-бұл материалды тез игеру, қиындықтың жоғары деңгейі, теориялық білімнің жетекші рөлі.

Тәжірибелік бағдарлама жүйесінде Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов оқу іс-әрекеті процесінде оқушылардың ойлауы абстрактіден нақтыға көтерілу процесінде жұмыс істейтін мазмұнды дерексіз, жалпыланған және теориялық тұжырымдамалар арқылы зерттеу нәтижелерін ұсынатын ғалымдардың ойлауымен ортақ нәрсе бар. Осыған байланысты оқушылардың даму аспектісіндегі оқу іс-әрекеті ғылыми білімді абстрактіден нақтыға көтерілу тәсілдеріне сәйкес құрылады.

В. В. Давыдов былай деп есептейді: «дамыта оқыту проблемасын әзірлеу кезінде келесі жағдайға сүйену қажет: дамыта оқытудың негізі оның мазмұны болып табылады. Одан оқытуды ұйымдастыру әдістері туынды болады». Бұл ұстаным Л. С. Выготскийдің және Д. Б. Элькониннің көзқарастарына да тән. Бастауыш мектеп жасындағы жетекші қызмет ретінде оқу іс-әрекетінің даму сипаты оның мазмұны теориялық білім екендігімен байланысты.

Дәстүрлі оқыту кезінде мұғалімнің басты назары баланың оқу іс-әрекеті процесіне емес, оның нәтижесіне бағытталған. Сондықтан негізгі нәтиже белгілі бір білім мен фактілерді ассимиляциялау күші болып саналды. Дамыта оқыту кезінде келесі міндет қойылады: баланың қоғам талап ететін ғылыми білімді игеруін қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар әр сабақта оқушының игеруіне қол жеткізу, содан кейін өсіп келе жатқан тәуелсіздік деңгейімен білім алу тәсілдерін қолдану.

Дамытушылық оқытудың тағы бір белгісі-оның қарқындылығы. Кез-келген жаттығуда бала дамиды (тіпті жаттау кезінде де), бірақ дамып келе жатқан оқыту кезінде жеке тұлғаның дамуындағы өзгерістер анағұрлым маңызды.

Дамытушылық оқытудың стратегиясы психиканың жетілуінің белгілі бір деңгейлерін ескере отырып, біз психикалық функциялардың толығымен жетілуін күтпеуіміз керек, ал тиісті тапсырмалар оларды біршама алдын-ала болжайды және осылайша дамудың жаңа деңгейіне сапалы секіруді тездетеді. Мысалы, ойлаудың нақтылығы жас оқушыларға тән. Және біз абстрактілі ойлауды дамыту үшін тиісті тапсырмалармен абстрактілі операциялардың сатысының басталуын олардың өздігінен қалыптасуын күтпестен тездетеміз. Бұл өз кезегінде баланың жалпы дамуына ықпал етеді.

Жақында мектепте математиканы оқытудың дәстүрлі бағдарламасының кемшіліктері жиі талқыланады. Бұл бағдарлама, көптеген мұғалімдер мен психологтардың пікірінше, қазіргі математика ғылымының негізгі принциптері мен тұжырымдамаларын қамтымайды. Оқушылардың математикалық ойлауының тиісті дамуын қамтамасыз етпейді. Бастауыш, жоғары және орта мектепке қатысты сабақтастық пен тұтастыққа ие емес. Дәстүрлі оқыту кезінде бағдарлама авторлары теориялық-танымдық және логикалық-психологиялық сәттерді емес, мәселенің нақты математикалық жағын - математикалық материалдың өзі туралы сұрақтар қоюды жөн көреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Александрова Э. И. Математика. \\\ Харьков-Мәскеу: Ақпарат, - 2014. - 220 б.
- 2.Ананьев Б.Г. Танымдық қажеттіліктер мен мүдделер // ЛМУ ғалымдары. Психология. Вып. – 1959ж. - № 265. - 34 б.
- 3.Аникеева Н. П. Ойын арқылы тәрбиелеу: мұғалімге арналған кітап /— М.: Ағарту, - 1987ж. - 144 б.
- 4.Анисимова И. И. Мектептегі математиканы оқуға деген ынтаны дамытудағы қызықты міндеттердің рөлі / / жинақта: қазіргі ғылымның теориясы мен практикасының мәселелері V Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – 2016ж. – 19 б.

Молдабекова С.К.<sup>1</sup>, Хиса А.<sup>2</sup>

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚИТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

PhD докторы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының  
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

«Математика» оқу пәнінің өзіндік ерекшелігі-бастауыш сынып оқушыларын оқытудағы негізгі нәрсеәртүрлі комбинациялардағы визуалды-ауызша құралдар. Математика сабағы көрнекі және техникалық оқыту құралдарын кешенді қолданумен сипатталады.

Осылайша, қазіргі уақытта жалпы сабақ ұғымы, атап айтқанда бастауыш мектептегі математика сабағы арнайы әдебиеттерде жақсы ашылғанын көреміз. Ондаған жылдар бойы оның мақсатты бағыты, мазмұны, оқыту әдістері мен құралдарының үйлесімі туралы көзқарастар іс жүзінде өзгеріссіз қалды.

Оқытуды ұйымдастыру формалары (ұйымдастырушылық формалар) – бұл белгілі бір тәртіп пен режимде жүзеге асырылатын мұғалім мен оқушылардың келісілген іс-әрекетінің сыртқы көрінісі. Олар дидактикалық жүйелердің дамуына байланысты әлеуметтік жағдайға ие, пайда болады және жетілдіріледі. Оқу процесі оқытудың ұйымдастырушылық формаларымен жұмыс жасау құралдарының, әдістері мен әдістерінің органикалық бірлігін қамтиды. Әр әдіс, оқыту әдісі мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасын анықтайтын өзіндік ұйымдастырушылық формасына сәйкес келеді. Мұғалім сабақта барлық оқу іс-әрекеттерін оның әртүрлі формаларын қолдана отырып басқарады. Дидактикада сабақтың осы сәтінде мұғаліммен өзара әрекеттесетін оқушылар тобының сандық сипаттамасына негізделген оқу іс-әрекетінің келесі жіктелуі қабылданды:

- жалпы немесе фронтальды (бүкіл сыныппен жұмыс);
- жеке (нақты оқушымен);
- топтық (буын, бригада, жұп және т.б.).

Біріншісі - мұғалімнің жетекшілігімен барлық сынып оқушыларының бірлескен әрекеті, екіншісі-әр оқушының жеке-жеке жұмысы; топтық-оқушылар үш-алты адамнан тұратын топтарда немесе жұпта жұмыс істейді. Топтарға арналған тапсырмалар бірдей немесе әртүрлі болуы мүмкін. Мұғалім мен оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың аталған формалары сабақта әртүрлі комбинациялар мен дәйектіліктерде әрекет етеді. Оқытудың қазіргі жағдайында оқушылардың білімді, дағдыларды ғана емес, сонымен қатар моральдық және ұжымдық қатынастардың құнды тәжірибесін тиімді игеруін қамтамасыз

ететін сабақта жұмыстың осындай ұйымдастырушылық формаларын қолдану және үйлестіру туралы мәселе нақты қойылған. Сабақтың дидактикалық мақсаттарына жетудегі үлкен рөл жұмыстың ұжымдық формаларына жатады (басқа формалармен салыстырғанда), өйткені олар:

- сабақ уақытын қысқартуға мүмкіндік береді,
- оқушылардың өзара оқу жағдайларын жасайды,
- тұлғаның дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың фронтальды формасы-бұл сабақта мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетінің бұл түрі, онда барлық оқушылар бір уақытта бірдей, бәріне ортақ жұмыс жасайды. Бүкіл сынып оны талқылайды, салыстырады және қорытындылайды. Мұғалім барлық сыныппен бір уақытта жұмыс істейді, оқушылармен тікелей әңгіме барысында, түсіндіру, көрсету, оқушыларды қарастырылатын мәселелерді талқылауға тарту және т. б. бұл ықпал етеді:

- мұғалім мен оқушылар, сондай-ақ оқушылар арасында ерекше сенімді қарым-қатынас орнату;
- балаларда ұжымшылдық сезімін тәрбиелейді;
- оқушыларға сыныптастарының ой-пікірлерінде қателіктер табуға және табуға үйретуге мүмкіндік береді;
- оқушылардың тұрақты танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру;
- олардың қызметін жандандыру.

Оқу жұмысының фронтальды формасы бірқатар маңызды кемшіліктерге ие. Ол өзінің табиғаты бойынша белгілі бір дерексіз оқушыға бағытталған, соның арқасында мектеп тәжірибесінде оқушыларды деңгейлеу, оларды жұмыстың бірыңғай қарқынына итермелеу тенденциялары жиі кездеседі. Сондықтан оқушылар әртүрлі себептерге байланысты (олардың көп деңгейлі өнімділігі, дайындығы, нақты білім қоры дайын емес дегендер). Оқу қабілеті төмен оқушылар баяу жұмыс істейді, материалды нашар игереді, мұғалімнен көбірек көңіл бөлуді, тапсырмаларды орындауға көбірек уақытты, оқу қабілеті жоғары оқушыларға қарағанда көп жаттығуды қажет етеді. Оқудағы табысты оқушыларға тапсырмалар санын көбейту қажет емес, бірақ олардың мазмұнын қиындату, ізденіс, шығармашылық типтегі тапсырмалар қажет, олар бойынша жұмыс осындай оқушылардың дамуына және білімді жоғары деңгейде игеруге ықпал етеді.

Сондықтан оқушылардың оқу іс-әрекетінің максималды тиімділігі үшін оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың фронтальды формасын идеалды деп санауға болмайды, сабақта оқу жұмысын ұйымдастырудың фронтальды формасымен қатар және басқаларын қолдану қажет.

Оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың фронтальды формасы сабақтың қолайлы және ыңғайлы кезеңдерінде қолданылуы керек. Мұндай кезеңдер, мысалы, жаңа материалды зерттеу және оны бастапқы шоғырландыру. Жаңадан алынған білімді өзгерген жағдайда қолдану оқушыларға жеке көзқарасты қажет етеді. Зертханалық немесе практикалық жұмыстар тек алдын-ала ұйымдастырылған. Тапсырмалардың мазмұны, олардың тұжырымдары мен күрделілік деңгейі әр оқушының максималды даму перспективасымен жасалады.

Сабақта оқушылардың жұмысын ұйымдастырудың жеке формасы әр оқушы өз бетінше орындау үшін оның дайындығы мен оқу мүмкіндіктеріне сәйкес арнайы таңдалған тапсырманы алады деп болжайды. Осындай тапсырмалар ретінде оқулықпен, басқа да оқу әдебиеттерімен, түрлі дереккөздермен (анықтамалықтар, сөздіктер, энциклопедиялар, хрестоматиялар және т. б.) жұмыс істеу, мазмұндама, шығарма, реферат, баяндама жазу, түрлі бақылаулар жүргізу және т. б. болуы мүмкін. Математика сабақтарында жеке таңдалған жаттығулар көбінесе жаттығу жаттығулары түрінде ұсынылады: есептер, мысалдар, теңдеулер және т. б.

Бағдарламаланатын оқытуда жеке жұмыс кеңінен қолданылады. Программалық оқыту [грек. Програма-жария хабарландыру, өкім, жарлық] - оқушылардың да, педагогтың да (немесе оны алмастыратын оқыту машинасының) іс-әрекеттері толық көзделген алдын ала әзірленген бағдарлама бойынша оқыту.

Педагогикалық әдебиеттерде тапсырмаларды ұйымдастырудың жеке формаларының екі түрі бөлінеді: жеке және топтық.

Біріншісі оқушының бүкіл сыныпқа ортақ тапсырмаларды орындау әрекеті басқа оқушылармен байланыссыз, бірақ барлық қарқынмен жүзеге асырылатындығымен сипатталады; екіншісі оқушылардың нақты тапсырмаларды орындаудағы оқу-танымдық іс-әрекетін қамтиды. Бұл әр оқушының оқу үлгерімін оның дайындығы мен мүмкіндіктеріне сәйкес реттеуге мүмкіндік береді.

Сабақта оқушылардың оқу іс-әрекетінің жеке формасын жүзеге асырудың тиімді әдістерінің бірі-сараланған жеке тапсырмалар. Оларға оқушыларды механикалық жұмыстан босататын және аз уақытты тиімді өзіндік жұмыс көлемін едәуір арттыруға мүмкіндік беретін баспа негізіндегі тапсырмалар кіреді. Сонымен қатар, үлгерімі төмен оқушылар үшін саралау тапсырмаларды саралауда ғана емес, мұғалім көрсеткен көмек ретінде де көрінуі керек. Ол мектеп оқушыларының жұмысын бақылайды, олардың дұрыс әдістермен жұмыс істеуін бақылайды, кеңестер береді, жетекші сұрақтарды тұжырымдайды.

Алайда, бұл жеткіліксіз. Мұғалімнің тапсырмаларды орындау барысын бақылауы, оқушылардың қиындықтарын шешуге уақытылы көмек көрсету маңызды. Егер мұғалім оқушылардың жеке жұмысы барысында кейбір оқушылардың тапсырманы орындай алмайтындығын байқаса, мұғалім жеке жұмысты тоқтатып, бүкіл сыныпқа қосымша түсініктеме бере алады.

Жеке жұмыс сабақтың барлық кезеңдерінде, әр түрлі дидактикалық мәселелерді шешуде жаңа білімді игеру және оларды алғашқы шоғырландыру, Дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру және шоғырландыру, білгендерін жалпылау және қайталау, бақылау, зерттеу әдісін игеру және т. б.

Сабақта оқушылардың жұмысын ұйымдастырудың жеке формасының кемшілігі-тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар бір-бірімен іс жүзінде араласпайды, тәуелсіз іс-әрекеттің жинақталған тәжірибесі ұжымның меншігіне айналмайды, сыныптастарымен және мұғаліммен бірге талқыланбайды. Бұл кемшіліктерді мұғалімнің практикалық жұмысында оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың жеке формасын топтық немесе фронтальды (сілтеме, бригадалық, кооперативті-топтық, жұптық) біріктіру арқылы өтеуге болады. Сонымен қатар, сабақта жеке жұмыс формасын дайындау және іске асыру мұғалімнен дизайн мен даму кезеңінде айтарлықтай уақытты, сонымен қатар процесті басқаруда және нәтижелерді талдауда жоғары шеберлікті талап етеді.

Оқушылардың оқу жұмысының топтық нысанын ұйымдастыру үшін мұғалім топтардың білім алуына, топ ішінде міндеттердің бөлінуіне және әр топтың жұмыс көлеміне байланысты барлық мәселелерді мұқият ойластыруы керек.

Топтардың мөлшері әртүрлі болуы мүмкін. Ол екіден алты адамға дейін өзгереді. Топтардың құрамы алдағы жұмыстың мазмұны мен сипатына байланысты өзгереді. Сонымен қатар, топтың кем дегенде жартысын сәтті жұмыс істей алатын оқушылар құрауы керек.

Оқушылардың ішінен «топ жетекшілері» және топтардың құрамы әр түрлі оқу пәндерінде әр түрлі болуы мүмкін. Оқушылар әр түрлі деңгейдегі оқушыларды біріктіру, осы пән бойынша сабақтан тыс хабардарлық, оқушылардың үйлесімділігі қағидаты бойынша таңдалады. Бұл оларға бір-бірінің артықшылықтары мен кемшіліктерін өзара толықтыруға және өтеуге мүмкіндік береді. Топта бір-біріне жағымсыз оқушылар болмауы керек.

1.Капустина Г.М Кешіктірілген балаларды мектепке дайындау психикалық даму. – 2003 ж. – 99 б.

2.Перова М.Н Мектепте математиканы оқыту әдістемесі — М.: Гуманит. бас. ВЛАДОС орталығы, - 2001 ж. – 45 б.

3.Аргинская И. И. Бастауыш сынып оқушыларының Математиканы оқыту ерекшеліктері. Оқушының жалпы дамуына бағытталған жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесінің әдістемелік негіздері // бастауыш мектеп. – 2011ж.- №18. – 34 б

4.Артемов А.К., Семенова Т. В. Оқытудың жеке әдістемелеріне кіріспе. \\Пенза: ПМУ, - 2015. - 76 б.

**Молдабекова С.К.<sup>1</sup>, Хиса А.<sup>2</sup>**

## **МЕКТЕПТЕ ОҚУ- ТӘРБИЕ ІСІН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
PhD докторы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының  
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Әлеуметтану ғылымында жеке тұлғаның әлеуметтену тетіктері мен салаларының ара жігі ажыратып көрсетіледі. Әлеуметтену тетігі-бұл адамның әлеуметтік ақпаратты қабылдайтын және меңгеретін тәсілдері. Психологтардың пікірінше, олардың қатарына сендіру, бейімделу, көндіру, еліктеу, басқару, үйрету және т.б. жатқызу қажет.

Әлеуметтену салалары — бұл әлеуметтік тәжірибені игеруге ықпал ететін әлеуметтік институттар. Олар макроорта (әлеуметтік қарым - қатынастар жүйесі) және микроорта (отбасы, мектеп, жақын тұрмыстық, достық және басқа қоршаған орта шеңберіндегі қарым-қатынас) болып екіге бөлінеді. Әлеуметтену үрдіс ретінде әртүрлі әлеуметтік институттармен жүзеге асырылады.

Әлеуметтану институттары - арнайы құрылған немесе қалыптасқан мекемелер мен органдар жүйесі. Олардың мақсаттары мен міндеттері — білім беру және тәрбиелеу жолымен жеке тұлғаны дамыту болып табылады. Әлеуметтану институтының алғашқысы және бастысы — отбасы. Жеке тұлғаның өнегелі қалыптасуында отбасының ықпалы ерекше. Адамды сезіну сезімталдылығы, эмоционалды зеректік, сезгіштік және өзге адамның жан дүниесін түсініп, жанашырлық көрсету — осының барлығы отбасында, балалардың туыстарымен өзара қарымқатынасында қалыптасады. Психологияда «қиын» бала туралы бірыңғай түсінік, оның мінез-құлқына диагностика жасау мен түзетуге және тұлғалық дамытуға қатысты бірыңғай тәсіл жоқ. «Қиын жасөспірім» ұғымының өзі кең тараған әлеуметтік стереотип формасына ие болған. «Қиын» стереотипінде қоғамға қауіпті белгілі мінез-құлықтар бар және ол балалардың өздері де, ересектер де жете түсінетін толық анықталған типтік және әлеуметтік қасиеттер жиынтығын қамтиды. [1]

«Қиынның» мінезіндегі ерекшеліктер: - Өз нормалары, түсініктері, жаргондары, жалған аттары мен беделді адамдары бар белгілі бір топқа ену. Бұл топ оның референттік тобын алмастырады және оның әлеуметтену үрдісін бағыттайды; - Мектеп, отбасы тарапынан жүргізілетін тәрбиелеу жұмыстарына белсенді қарсылық білдіру, әлеуметтік құндылықтарды қабылдамау. Ол тек нашар оқып қана қоймайды, бұны мақтан тұтады, ішімдікті ішіп қана, темекіні шегіп, балағат сөздер айтып қана қоймайды, ол бұны мақтан етіп, батырсынады; Өзіндік сананың қалыптасу үдерісі қиындайды. Ол өзінің мінез-құлқын, іс-әрекетін өзі шынайы сын тұрғысынан бағалай алмайды немесе өзін формальды емес

тобының ұстанымы тұрғысынан бағалайды немесе психологиялық қорғаныстың әртүрлі амалдарын қолданады. Қиын жасөспірімдердің жеке тұлға ретінде қалыптасуының маңызды факторы отбасындағы жағымсыз жағдайлар болып табылады. Ата-аналар жасөспірімдермен қарымқатынасты жиі ауырсынып, кей кезде «дұрыс» тәрбиелеуге кіріседі, түсініктемелер талап етеді, дауыс көтереді, қорқытады. Бұндай ата-аналардың балалармен қарым-қатынасы кездейсоқ, ауық-ауық орын алатын әрекет сипатында болады. И.С. Конның айтуынша, жас өспірімдердің мінез-құлықтарының әлеуметтік немесе психологиялық аспектілерінің барлығы өмірдің қазіргі немесе өткен кезеңіндегі олардың отбасылық жағдайларымен тығыз байланысты болады. Әке мен ананың бала тәрбиелеу әдістеріндегі ымырасыздығы жасөспірімге не жақсы, не жаман, нақты жағдайда кімдікі дұрыс, ата-ананың қайсысына сену қажет, кімді тыңдау керек екендігін дұрыс ұғынуға кедергі жасайды. Ата-анаға деген абырой мен сый-құрметті жазғырумен немесе жанашырлық сезімге шақырумен қалыптастыра алмайды. Бедел байыпты, парасатты, адал жолмен жүзеге асқан қарым-қатынас нәтижесінде бірте-бірте өседі. Жасөспірімдер ата-анасының сөздері мен іс-әрекеттерін олардың кәсіби дәрежелері мен білім деңгейлерімен салыстыруға бейім. Жасөспірімдік кезеңде ата-аналардан ерекше психологиялық түйсік пен педагогикалық мәдениет талап етіледі. Бұл ата-анаға жасөспірімдермен өзара қарым-қатынас сипатын дер кезінде өзгертіп, жасөспірімдерге өмірлік тәжірибесі мен өзінің біліктілігінің арқасында олардың өздері дұрыс шеше алатын мәселелерге қатысты іс-әрекеттеріне еркіндік беру қажет. Ата-аналар мен жасөспірімдердің арасындағы қарым-қатынас сипаты олардың қарымқатынасының өмірлік болашағына қатты әсер етеді. Үлкендер балалардың орнына бірдене жиі жасай салуға тырысады не бәрін жасай салады немесе олардың іс-әрекетін, әр қадамын қадағалап, кірісіп отырады. Бұндай жағдайда жасөспірімде таңдау болмайды, оларға өз бетінше шешім қабылдаудың қажеті жоқ болады. Осыдан өмірде кездесетін әр алуан жағдайлармен бетпе-бет келгенде дәрменсіздік, тұрақсыздық пайда болады. Жасөспірімдердің мінез-құлқын анықтайтын негізгі мотив, өз ісінің дұрыстығын дәлелдеуді қалау бұндай тыйымдар атмосферасында жүзеге аспай қалады. Осының кесірінен өзара қарым-қатынас босаңсып, тіпті нашарлап кетуі мүмкін. Ата-аналар жасөспірімдердің өздерінің пікірін елемей, олардың нұсқауына қарсы әрекет етуін, олардың бақылауына қарсылық көрсетуін байқайды. [2]

Жасөспірімдердің ауытқушы мінез – құлқының себептері мен факторлары:

а) тәрбиеленбегендігінің себебінен қажетті білімдердің, біліктердің, дағдылардың жоқтығынан немесе теріс тәрбиеден бұзылғандығынан, мінез – құлқындағы жағымсыз таптаурындардың қалыптасқандығынан баланың, жеткіншектің өзін дұрыс ұстамайтындығынан туындайтын әлеуметтік – педагогикалық олқылықтар;

ә) жайсыз отбасылық қарым – қатынастардан, баланы тәрбиелеуде ұлттық салт-санада қалыптасқан этнофункционалдық ерекшеліктерді мүлдем ескермеуден, отбасыдағы жағымсыз психологиялық ахуалдан, оқудағы жүйелі сәтсіздіктерден, сынып ұжымындағы құрбыларымен өзара қарым – қатынастың орнамағандығынан, ата – аналарының, мұғалімдердің, сыныптас жолдастарының және т.б. дұрыс емес әділетсіз, дөрекі, қатал қатынастарынан туындайтын теріс психологиялық жайсыздықтардан;

б) психикалық және физикалық денсаулығы мен дамуы дағдайындағы ауытқушылықтарымен, жас ерекшелік дағдарыстарымен, басқа да физиологиялық және психоневрологиялық ерекшеліктер себептерімен;

в) қараусыз қалуымен, қоршаған ортаның кері ықпал етуімен және осының негізінде дамитын әлеуметтік – психологиялық ауытқушылықпен, әлеуметтік және жеке құндылықтарының жағымсыз түрге ауысуымен сипатталады. [3]

Психологтардың пікірінше сыртқы факторлар негізінде қаланатын мінез - құлықты түзетуге жататындар :

1. Қоғамда болып жатқан үдерістер: қоғамдық құндылықтың иерархиялы өзгермеуі мемлекеттік идеологияның болмауы: қылмысты жазалауды заңның дұрыстығы, құқық қорғау қызметкерлерінің өз жұмысына жауапкершілік алуы. Жұмыссыздық (ашық және жабық)



отбасына элеуметтік қолдау мен жәрдем ақының дұрыс қарастырылмауы ақпарат көздері арқылы қаталдық және зорлық туралы көп насихат жасалуы, баланың дене және психикалық жағынан түзетуге және көмек көрсетуге қажетті мекемелердің аздығы, балаға ақысыз сапалы үйірмелердің, қосымша білім алу көздерінің қарастырылмауы, керісінше ішкілік пен темекіні жарнамалау және оны сатып алу оңайлығын сөз етуге болады.

2. Отбасы жағдайы және оның ахуалы бүтін емес отбасы: отбасының материалды жағдайы (кедейлік және байлық), ата - ананың төменгі элеуметтік - мәдени деңгейі: отбасында тәрбие стилінің болмауы (ата - ана қаталдығы, балаға жүйелі талаптың қойылмауы, жазалаудың әділ болмауы): балада өзіндік құндылықтың болмауы: баланың мүмкіндік қажеттілігін өтеуде асыра сілтеушілік немесе жеткізбей бағалау: ата - ананың 44 ішімдік және нашақор пайдалануы; ата - ананың шектен тыс мейірімінен балаға психобелсенділік туғызатын заттарды пайдалануға шек қойылмау. Әңгімелесу әдісі- бұл баламен сөйлесу арқылы оның ішкі жан дүниесіне ену, проблемасын білу, түсіну және оны шешуге бағыт-бағдар сілтеу. [4]

Сынып жетекшісінің элеуметтік педагогпен бірлесе жүргізетін әдістердің бірі бақылау әдісі. Баланың іс- қимылын, сөзін әр түрлі іс-шаралардан байқау. Жүйелі және нәтижелі жұмыстар арқылы ол баланың мінезінде ауытқушылық болса, сөзінде береке болмаса, ол баламен жеке жұмыстар ұйымдастыру керек. Бақылауды қалыпты жағдайларда жүргізу өте тиімді: ойын кезінде, сабақта, әр түрлі іс-шараларда үнемі көңіл аударып, жүйелі жұмыстар жүргізу керек.

Сауалнама- жазу арқылы бала туралы ақпараттар жинау. Сауалнаманың мазмұнында негізгі проблемалар болуы тиіс: - ойы; - мінезі; - элеуметтік демографиялық жағдайы; - белгілі бағыт бойынша қызығушылығы. Девиантты жүріс-тұрыс пен мінез-құлыққа душар болған балалармен жұмыс түрі мен технологиясы – алдын алу және қатарға қосу немесе бейімдеу болып табылады. Бейімдеудің бірнеше түрі бар, олардың бірі- психологиялық бейімдеу. Психологиялық жолмен бейімдеу - баланың сана - сезімінде терең орын алып қалған «менің ешкімге қажетім жоқ», «менің қолымнан ешнәрсе келмейді» деген ойдан арылтып, ақыл - кеңес беру, иландыру жолымен өзіне деген сенімін арттыру. Балаға мұғалімнің, ата - аналарының немқұрайлығының өршуі, құрбы-құрдастарымен өзара қарым - қатынастырының дұрыс болмауы қоғамда қиын баланың көбеюіне әкеліп соғуда. Психологиялық түзету кезеңінде тек қана төзімділік керек. Тәрбиелік іс – кезінде сабырлы, ілтипатты, салқынды, ұстамды болу қажет. Құр уағыз айтып, мезі етіп, жанын жараламай, қателігін үнемі бетіне баспау керек. Орынсыз жазаламау керек. Жан – жылуын зәруліктен құтқару, бала құқығымен санасу. Жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ету жағын ескеру қажет. [5]

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы.- Алматы: Дарын, 2004.
2. Әбілдина С.Қ., Коркина В.И. Педагогика тарихы бойынша атлас: Оқу құралы – Қарағанды, 2012.
3. Воспитание детей в школе: Новые подходы и технологии / Под ред. Щурковой Н.Е.-М., 1998.
4. Воспитательная работа с «проблемными» учащимися. Планирование. Мониторинг развития учащихся. Разработки занятий с педагогами и родителями – М., Изд.:Учитель, 2007.
5. Иванов И.П. Энциклопедия коллективных творческих дел: - М.,1989

Молдабекова С.К.<sup>1</sup>, Хиса А.<sup>2</sup>

## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚАДАҒАЛАУСЫЗ ҚАЛУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
PhD докторы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының  
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазіргі қоғамда кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіз жағдайының жеткіліксіздігін көрсететін көптеген әлеуметтік проблемалар бар. Осы мақалада қарастырылған мәселе-қараусыздық, панасыздық және кәмелетке толмаған балалардың құқық бұзушылығы. Бүгінгі таңда кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардың алдын-алу үшін жұмыстарды тиімді орындау үшін оларды жоюдың әдістері мен тәсілдерін іздестіру мақсатында жасөспірімдердің қоғамға қарсы заңсыз әрекеттеріне ықпал ететін негізгі факторларды анықтау қажет. Балалардың қараусыздығы мен панасыздығының себептерін анықтау үшін теріс құбылыс ретінде қарастырылатын осы ұғымдардың мәнін анықтау қажет. Сондай-ақ, қараусыз кәмелетке толмаған балалармен психологиялық-педагогикалық және психоәлеуметтік жұмыстың әртүрлі аспектілерін қарастырыңыз.

Бұл мәселе педагогтардың, психологтардың, әлеуметтік педагогтардың және ата-аналардың ерекше назарын талап етеді. Балалардың қолайсыздығының қиындықтарының ішіндегі ең маңыздыларының бірі-кәмелетке толмаған балалардың қараусыз қалуы, олардың құқықтары үшін күресу, ұзақ уақыт бойы отбасылық байланыстардан тыс болған, мектеп пен басқа да әлеуметтік институттар қабылдамаған балаларды оңалту және өмірге бейімдеу, құқық бұзушылық жасаған жасөспірімдер[1].

Балалардың қадағалаусыздығын әлеуметтік-педагогикалық көрініс ретінде байқауға болады, ол балалар мен жасөспірімдердің іс-әрекеттерін, ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың тәрбиелік әсерін бақылаудың болмауына байланысты қалыптасты.қадағалаусыздық балаларды отбасынан, балалар тобынан иеліктен шығаруға және сонымен бірге ата-аналардың, тәрбиешілердің балаларға немқұрайдылығына әсер етеді. Қараусыз балалардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен танысқаннан кейін, қараусыз бала ата-аналардың және қоғамның әртүрлі институттарының назарының жетіспеушілігінен неғұрлым ұзақ зардап шегетін болса, ол көше санатына соғұрлым тез енеді және бұл оны қалпына келтіру процесін қиындатады деп айта аламыз. Қараусыз және қаңғыбас балалар бір - бірінен ерекшеленеді, өйткені қараусыз бала-үйі бар бала, отбасымен байланыс бар, сонымен қатар тиісті назар аудармайтын ата-аналар да бар[2].

Ата-аналардың балаларына назар аудармауының бірнеше себептері бар:

- Үнемі жұмыспен айналысады;
- Тұрақсыз неке немесе ажырасудағы ата аналар;
- Скандалы отбаында;
- Әл -ауқаттың төмен деңгейі;
- Отбасында жұмыссыздардың болуы;
- Отбасындағы әдепсіз мінез-құлық.

Үйсіздіктің айрықша белгілері-бұл отбасымен, ата-анасымен, туыстарымен, көшеде тұрумен байланысты толығымен тоқтату, қоғамда танылмайтын тәсілдермен өмір сүру.

Дұрыс назар аудармайтын балалар тез әсер етеді: алкоголь, есірткі, ерте жыныстық өмір, құмарлық және т.б. алкогольге тәуелді ата - аналар баласына зиян тигізеді-әртүрлі созылмалы аурулар мен патологиялардан басқа, ол ата-анасына қарап, осы әдеттер мен психологиялық мәселелердің бәрін ала алады. Алкогольді теріс пайдалану баланың

денсаулығына әсер етпесе де, көптеген жағдайларда ол бастапқыда оның өмірінің одан әрі дамуын анықтайды - ата-аналарының бірі алкоголь бар сусындарға тәуелді отбасыларда өскен балалардың көпшілігінде танымдық салада проблемалар бар. Сондай-ақ, бала үйден қашып, ұрлап, алкоголь іше бастайды және т. б.

Осы себепті барлық қауіп факторларын болдырмау үшін алдын-алу жұмыстарын жүргізу қажет. Қадағалаусыз қалудың алдын алу қарым-қатынасты тәрбиелеу, отбасылық қарым-қатынастарды түзету, бос уақытында балаларды жұмыспен қамту түрлерін іздестіру және т. б. үшін қолайлы орта құру бойынша жұмысты көздейді.

Әлеуметтік-педагогикалық алдын-алу-бұл балалар мен жасөспірімдердің дамуындағы оңтайлы әлеуметтік жағдайды қалыптастыруға бағытталған және оның қызметінің әр түрлі түрлерін көрсетуге ықпал ететін шаралар жүйесі. Қараусыз балалар отбасымен және мектеппен жоғалған байланыстарды қалпына келтіруі керек. Бұл қызметті әлеуметтік педагогтар, педагог-психологтар, мұғалімдер, мектеп әкімшілігі жүргізеді. Мектеп пен отбасының бірлескен қызметі мақсатты және ұзақ мерзімді жұмыстың нәтижесі болып табылады, бұл өз кезегінде отбасын жан-жақты зерттеуді, балаларды үйде тәрбиелеудің ерекшеліктері мен жағдайларын білуді, сондай-ақ қиындықтар туындаған жағдайда отбасының педагогикалық ықпалға ашықтығын білдіреді [3].

Мектептер мен отбасылардың өзара қарым-қатынасы сенім мен құрмет, өзара қолдау мен көмек, бір-біріне деген шыдамдылық пен төзімділік негізінде болуы керек.

Қадағалаусыздықтың алдын алуда негізінен:

- Сондай-ақ, ата-аналар жиналысы баланың жағдайын білу үшін кәметке толмағандардың заңды өкілдерімен және соның салдарынан отбасылық қатынастарды жақсарту үшін түсіндіру болып табылады;
- Жасөспірімдер клубтарына, жастар орталықтарына, спорт секцияларына, жаттығу залдарына, Музыка және би үйірмелеріне, тәлімгерлер мектебіне, еріктілер қозғалысына және т. б. балалардың бос уақытын ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі.
- Отбасы патронажы мақсаты: өз балаларын тәрбиелеу, күтіп-бағу, оқыту, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау немесе оларға қатыгездікпен қарау міндеттерін орындаудан жалтарған немесе тиісінше орындамаған ата-аналарды анықтау;
- Балаларды оңалту орталықтарына уақытша орналастыру;
- Сонымен қатар патриотизм, салауатты өмір салты, отбасын нығайту және т. б. тәрбиелеуге бағытталған экскурсиялар, тренингтер, сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, мастер-класстар, рөлдік ойындар ұйымдастыру.

Осылайша, бұл мәселенің өзектілігі өскелең ұрпақ арасында жоғарыда аталған проблемалардың өткірлігін арттыру, әлеуметтік, Заңсыз мінез-құлықтың алдын-алу бойынша сапалы жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптарды арттыру, сонымен қатар оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.

Баладан дені сау адамды тәрбиелеу үшін оның ата-анасы мен тәрбиешісі болуы керек. Бұл оған көңіл мен уақыт бөлуді, оған қажетті сүйіспеншілік пен жылулық беруді, оны жақсы көруді және оған бұл туралы айтуды білдіреді[4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.b17.ru/article/8061/>
2. <https://www.studsell.com/view/167756/?page=5>
3. [https://infourok.ru/innovacionnye\\_metody\\_raboty\\_socialnogo\\_pedagoga\\_s\\_beznadzornymi\\_i\\_besprizornymi\\_detmi.-542313.htm](https://infourok.ru/innovacionnye_metody_raboty_socialnogo_pedagoga_s_beznadzornymi_i_besprizornymi_detmi.-542313.htm)
4. <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=465777>

Мусакулов К.Т., Шажлиева А.О.

## БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДА «ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫ» ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасының 7М01303-«Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау.  
Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының магистры

Бүгінгі күн талабы жалпы білім беру жүйесіне, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың білім мазмұны мен тәрбиелеу әдістеріне үлкен міндеттер жүктеуде. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында толыққанды мектепке дейінгі білім беруді қалыптастыруға кірісу қажеттігі нақты көрсетілген. Осыған сәйкес мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиенің басты мақсаты – баланың өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру, баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына, тұрақтануына көмек беру. Әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс.

«Ертегі терапиясы» – психотерапияның құрамдас бөлігі. Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкердің қиыншылықтарына алаңдауы оның келешекте өз алдында пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын туындатады. Практикалық психологияның «ертегі терапия» бағыты – баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады. «Ертегі терапиясын» адамның рухани жан дүниесіне үйлесе отырып тәрбиелейді. Көптеген адамдар «ертегі терапиясын» балалармен ғана жүргізу керек деп айтады. Соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалармен. Бірақта, психологиялық қызмет барысында «ертегі терапиясын» қолданғанда адамның жасы мүлдем шектелмейді.[1]

«Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе», - деп М.Жұмабаев айтып кеткендей, ертегінің бала тәрбиесінде алар орны ерекше.Болашақта логикасы, шығармашылығы дамыған, еліміздің іргесін берік қалайтын жастар тәрбиелегіміз келсе, ертегіге ерекше көңіл бөлейік.

Ал, «ертегі терапия» ең бірінші оған болашақ туралы сұрақтарға жауап береді, ертегінің финалында болатын нәтижелерден ол келешек туралы ой түйеді.

Мысалы: ертегідегі үнемі жуынатын мысықтың баланы тазалыққа үндейтін әдіске жұмылдырылғанын айтады. Мұндай ерікті энергиялар баланы жалқаулықтан арашалайтын көрінеді.

«Ертегі терапиямен» жұмыс жасау тек мамандарға тән емес, бұл ата-ана үшін де міндетті нәрсе. Айталық, «Мақта қыз» ертегісін арнайы қойылым етіп тамашалайтын қара көздеріміз аз болса, психологтар орыс отбасыларында баланың көңілін көтеру мақсатында көптеген ертегілерді арнайы қойылым ретінде үнемі қайталап тұратынын айтады. Ертегі – отбасы үшін тек тыңдауға ғана емес, қойылым ретінде де сахналауға да ыңғайлы. Әкелерге – Ерназар, шешелерге – мыстан кемпір, ұлдары – алтын сақасын іздеген бала болып ертегі сомдаған шаңырақ қандай бақытты. Бұл отбасындағы өсіп келе жатқан бүлдіршіндер үшін «ертегі терапиясы» ғана емес, ересектер үшін де таптырмас татулықтың көрінісі болып табылады.

«Ертегі терапиясы» тек ата-ана үшін емес, ұстаз үшін де топпен жұмыс жүргізу барысында өте тапқыр әдіс болмақ. Адам баласында нашар деп бағаланатын көптеген мінездер бар. Соның бірі – жалқаулық. Жалқаулықты қаралайтын ертегілер мол болғанымен, дені баянға құрылады. Ертегіні тыңдау бір басқа да, оны сомдаудың жөні бір басқа. Жалқаудың рөлін ойнаушы бала өзі қайталап отырған болмыстың шын мәнінде кім екенін түбегейлі ұғынады да, ондай одағай әрекеттерді қайталамауға тырысады.

«Ертегі терапияның» бір ұтымдылығы – бала тілімен жеткізілуінде, баланың ой ауқымына тән оқиғалар дәрежесінде ситуация құруында. Бала ертегі тыңдау арқылы өзін-өзі емдеп, түрлі шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік алады. Барлық ертегілерде басты кейіпкердің еркін өмірге қол жеткізуі, Отанының тәуелсіз дамуы басты мұрат ретінде бағаланса, ертегі арқылы балақайлар өздік кеңістік пен еркіндік ұғымын түйсінеді.

Әрбір жағдайда, әрбір кеңес беру кезіне сәйкес келетін ертегілер таңдалып алынады немесе арнайы құрастырылады. Бұл «ертегі терапияның» оқыту тақырыбы болады. Әртүрлі образдағы ертегілер клиентке әртүрде ұсынылады: ертегіні талдау, ертегіні айтып беру, шығарма, қуыршақ дайындау, драматизация, сурет салу, ойындар, медитация және т.б.

Қазіргі таңдағы көптеген зерттеулердің нәтижелеріне сүйенер болсақ, «ертегі терапиясы» емдік мақсаттағы терапия екенін түсіндіріп, дәлелдеп отыр. Оларға қысқаша тоқталып кетер болсақ:

Балалар ертегіге ене отырып, нақты жағдайда шығармашылық конструктивті өзгерістің жаңа мүмкіндіктерін ашады және өзіне күш жинап, өздеріне жаңа ресурс аша отырып, өз өміріндегі оқиғаларға ауысады, басқаша ойлай бастайды, басқа қырынан қарай бастайды және оның конструктивті әлеуметтік моделіне кіріседі.

«Ертегі терапиясының» когнитивті және шығармашылық аспектілері ерекше маңызды. Ертегіге талдау жасау (когнитивті талдау) рухани құндылықтарға жанасуды, күнделікті жағдайларға қатысты көзқарасты өзгертеді немесе едәуір байытады. Қиялдың шығармашылық энергиясын – шығарма, сурет салу, қуыршақтар дайындау, ертегіні драматизациялау (шығармашылық аспектілер) арқылы шығаруға мүмкіндік береді. Барлық осы күштер өз өмірін конструктивті өзгертуге көмегін тигізеді.

Көптеген зерттеу жұмыстары көрсеткендей - ертегідегі теңестірулер, яғни, баланың күйіне тікелей әсерін тигізеді. Ғажайып әсерлер жеке тұлғаның өзіндік, жекелік ресурстарын белсендіре түседі. Көптеген образдар, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас орнатудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, адам санасын оятып, белсендіреді.

Мектеп жасына дейінгі баланың даралығын ашу үшін «ертегі терапиясын» қолдана отырып, оның танымдық ойлауын дамытудың маңызы зор. Атақты педагог А.Сухомлинский: «Бала кезде 3 жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қасиетті нәрсенің бәрінде ертегіден алады» - деген.

Ертегі – баланы тәрбиелеуге арналса, «ертегі терапиясы» сол тәрбие арқылы баланы жөнге салу, оның көзқарасын бағдарлау және ішкі әлемінен хабардар болу тәсілдері.

«Ертегі терапиясы» арқылы сенімсіз, агрессивті, қорқынышы басым балалармен жұмыс істеуге болады, олармен: ұят, өтірік, кінәні сезіну және т.б. қиындықтарда қолданылады. Сонымен қатар, «ертегі терапия» үдерісі балаға өз қиындықтарын түсінуге, талқылауға және де сол қиындықтарды шешудің түрлі жолдарын көруге мүмкіндік береді.

«Ертегі терапиясын» мектеп жасына дейінгі балаларға қолдану барлық уақытта оларға мерекелік көңіл-күй сыйлайды. Егер де ертегіні өте жоғары деңгейде ұйымдастыра білсе, кейбір қиын мәселелерге қатысты жүргізілетін терапиялық жұмыстар да өзінің көмегін тигізеді.[2]

«Ертегі терапиясын» қолдану арқылы баланың креативті ойлауын дамытудың маңызы зор. Креативтік ойлау балалардың ертегідегі проблемаларды шешу дағдыларына ықпал ете отырып, нұсқаларды зерделеп, ертегі мазмұнын сындарлы, әрі креативті етіп құрастыруына мүмкіндік береді. Креативтілік ағылшынның «Creativity» сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді. Креативтілік – жаңаны құрумен байланысты әрекет нәтижесі, шығармашылық өнім.

Бүгінгі таңда тұлғаның креативтілігі - бұл өте маңызды және сапалы қасиет. Тұлғаның креативтілігі кез келген деңгейде, кез келген сатыда өріс алып келеді. Егер адам басқа адамдардан ерекше болып көрініп, жаңа түсініктермен ойлауға тырысқысы келсе, онда ол адамға креативтілігін дамыту қажет. Бірақ бұл жағдайға қол жеткізу күрделі үрдіс және оған адамның қалауы мен ниеті болуы маңызды.

Бастапқы кезеңдерде креативтілікті тек қана дарынды балаларда ғана дамытуға болады деген пікірлер қалыптасып, кейін шығармашылық ойлауды кез-келген балада дамытуға болатыны дәлелденген. Бұл баланың креативті ойлауын дамытуға байланысты тапсырмалар мен жаттығулардың жауаптарында қате жауаптың болмауымен түсіндіріледі. Баланың жеке тәжірибесі және оның негізгі әрекет ету формалары дамытудың негізгі факторы болып табылады. Креативтілікті дамытуға қолайлы, яғни сенситивті кезең 3-5 жас болып келеді. Бұл жас ерекшелікте жалпы шығармашылық қабілет ретінде креативтіліктің алғашқы көріністері қалыптаса бастайды.

«Ертегі терапиясының» бір ұтымдылығы – бала тілімен жеткізілуінде, баланың ой ауқымына тән оқиғалар дәрежесінде ситуация құруында. Бала ертегі тыңдау арқылы өзін-өзі емдеп, түрлі шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік алады. Барлық ертегілерде басты кейіпкердің еркін өмірге қол жеткізуі, Отанының тәуелсіз дамуы басты мұрат ретінде бағаланса, ертегі арқылы балақайлар өздік кеңістік пен еркіндік ұғымын түйсінеді.

Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш.Айманов «Театр - адамдарды туыс қылатын шығармашылық отбасы, сахна өнері - тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» - деген болатын.

Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын уақытта жоймақ емес. Осы орайда мектеп жасына дейінгі балалардың ертегі терапиясы арқылы креативті ойлауын дамыту жұмыстарының мазмұндық-құрылымдық моделі жасалды.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыста креативті ойлауын дамытуға төмендегідей бұрыннан таныс емес, яғни ойдан шығарылған ертегілерді ұйымдастыруға болады.

Қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде.

Мектепке дейінгі ұйымда ертегі терапиясын пайдалану арқылы балаларды байланыстыра сөйлеуге үйрету.

Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ляззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», - деп атап көрсеткен. Сондықтанда да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу маңызды болып табылады.[3]

Театрландырылған ойындар сюжеттік- рөлдік ойындардан тек желісі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс-әрекетінің сипатымен ерекшеленетіндігі іс-тәжірибемізден белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Короткова Л.Д. Сказкотерапия в школе. Методические рекомендации – М.: ЦГЛ, 2006.
2. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д., Грабенко Т.М. Практикум по креативной терапии. СПб, 1998
3. Ертегі терапиясы, Төлеген. А., Қазақстан мектебі, № 8, 2012 жыл.

Жауен А.Б.<sup>1</sup>, Шакратова А.М.<sup>2</sup>

## БІЛІМ БЕРУ МЕКЕЕЛЕРІНДЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЕНГІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Инклюзивті білім беру - жалпы білім беру мектептерінде қажеттіліктері айрықша балаларды оқыту үрдісін сипаттайтын термин.

Инклюзивті білім берудің негізгі міндеті – мүмкіндігі шектеулі балалардың қандай да бір дискриминациясын жою және олардың білім алуына тең жағдай жасау. Сонымен қоса білім алудағы қажеттіліктері айрықша балалар үшін арнайы жағдайлар жасау қарастырылады.

Инклюзивті білім берудің мақсаты қоғамның біршама осал қабаттарының білім алуы мен кәсіби дайындығында тосқауылсыз орта құру болып табылады.

Одан басқа, мүмкіндігі шектеулі балалармен өзара әрекетін дамытуға бағытталған мұғалімдер мен өзге оқушыларға арналған арнайы бағдарламалар әзірлеу қажет.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру басымдық танытуда Қазақстанда басқасанаттағы оқушылармен бірге білім алуды және тең қолжетімділікті көздейтін мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қатысты.

2002 жылы Қазақстанда «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау туралы» Заңы шықты, бұл заң мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау формалары мен әдістерін анықтайды.

2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы аясында 2020 жылға дейін инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептер санын жалпы мектептер санының 70% үлесіне дейін жеткізу жоспарлануда.

2015 жылы туылғаннан 18 жасқа дейінгі 141 952 мүмкіндіктері шектеулі балалар немесе жалпы баласанының 2,8%-ы анықталды. Оның ішінде мектеп жасында - 94 266 бала. Анықталған мүмкіндіктері шектеулі балалар 7-12% әлемдік көрсеткішпен салыстырғанда 2,8%-ды құрайды.

Қазіргі уақытта 27% мүмкіндіктері шектеулі балаларды инклюзивті оқыту үшін 30,5% мектепте жағдай жасалған.

Жоғары оқу орындарындағы мүмкіндіктері шектеулі студенттер саны 570-ті құрайды. Оның ішінде 1-топ мүгедектігімен - 16 адам, 2-топта - 88 адам, 3-топта 466 адам бар.

Жоғары білім алуға мүгедектердің құқығын қамтамасыз ету бойынша ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы №26 қаулысына сәйкес жоғары оқу орнына қабылдау квотасы бекітілген (2012 жылдан бастап мүгедектерге арналған квота көлемі 1%, бұрын – 0,5%).

Қазіргі кезде Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесін құрудың белгілі бір модельдері мен жинақталған тәжірибесі бар.

Білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқықтарын жүзеге асырудың бастамашысы ретінде, Біріккен Ұлттар Ұйымы алынады (БҰҰ). Өзінің құрылған кезінен бастап (1945ж.) БҰҰ мемлекет пен үкіметтің назарын мүмкіндігі шектеулі адамдардың сапалы және қолжетімді білім алу құқығын қамтамасыз ету мәселесіне көңіл аударып келеді, олар өз кезегінде БҰҰ-ның бірқатар құжаттарында көрініс табады: Адам құқықтарының Декларациясы (1948ж.), білім берусаласында кемсітушілікпен күресу туралы Конвенция (1960 ж.), бала құқығының Декларациясы (1959 ж.), ақыл-ойы жетілмеген адамдардың құқықтары туралы Декларациясы (1971 ж.), мүгедектердің құқықтары туралы

Декларациясы (1975 ж.). алғаш рет мемлекеттер халықаралық деңгейде адамның білім алу құқығын 1948 жылы қабылданған Адам құқығының Жалпы декларациясында мойындады. Онда білім берудің гуманистік құндылығы және бірегейлігі жарияланды: «Білім беру адамзат тұлғасын толық дамытуға және адам құқығын, оның негізгі еркіндігіне деген құрметті арттыруға бағытталуы керек. Білім беру барлық халықтар, нәсілдік және діни топтар арасындағы өзара түсіністікке, төзімділікке және достыққа ықпал етуі керек, сонымен бірге әлемді қолдау бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының іс-әрекетіне ықпал етуі керек». Адам құқығының Жалпы декларациясының 26-бабында былай делінген: «Әрбір адамға білім алуға құқығы бар. Техникалық және кәсіптік білім жалпы қолжетімді болуы керек, ал жоғарғы білім әрбір адамның қабілеттері негізінде барлығы үшін бірінғай қолжетімді болуы керек». Мүгедектердің (қоғамның басқа әлеуметтік категориялары сияқты) бұл Декларацияда тікелей аталмауына қарамастан, олардың да басқа азаматтар сияқты білім алу құқығы бар.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1959 жылы 20 қарашада жариялаған Бала құқығының Декларациясында негізгі принциптермен қатар төмендегідей принциптер аталады:

Физикалық, психикалық және әлеуметтік қатынастағы ауытқуы бар балаларға, оның ерекше жағдайын есепке ала отырып, арнайы режим, білім беру және қамқорлықты қамтамасыз ету керек;

Бала тегін және міндетті білім алуға құқылы, бастапқы кездегі алған білімі оның жалпы мәдени дамуына ықпал етуі қажет, соның нәтижесінде ол тең дәрежеде өзінің қабілеттерін дамытуға және қоғамның пайдалы мүшесіне айналуға мүмкіндік алу керек.

Бала нәсілдік, діни немесе қандай да бір кемсітушілікті қолдайтын практикадан қорғалуы қажет.

Демек, 50 жыл бұрын әлемдік қауымдастық денсаулығында физикалық, сенсорлық немесе ментальды ауытқулармен байланысты, қосымша (арнайы) қатынасты талап ететін, ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктерін тең дәрежеде қатаң сақтау негізделген балаларға қатысты нормаларды жасаған. 1960 жылы БҰҰ БҒМММ білім беру саласындағы дискриминациямен күрес туралы өзінің Тұжырымдамасын қабылдады. Бұл Тұжырымдамағасәйкес, «кемсітушілік» атауы түрлі айырмашылық, шығарып тастау, шектеу немесе артықшылықты қамтиды, білім берусаласындағы теңсіздікті жою немесе бұзу мақсатын қояды, соның ішінде:

а) қандай да бір тұлға немесе топ адамдары білім алуға деген баспалдақтың кез-келген түрінің жабылуы;

б) қандай да бір тұлға немесе топ адамдары қойылатын, адам абыройымен сәйкес келмейтін мәртебе;

Осыған байланысты мемлекет міндеттенеді:

а) барлық заңдық қаулылар мен әкімшілік нұсқаулардың күшін жою және білім берусаласындағы кемсітушілік сипаттағы әкімшілік тәжірибені тоқтату;

б) мемлекеттік органдар оқу орындарына қандай да бір көмек түрін ұсынғанда, қандай да бір нақтылы топқа тиесілі оқушыға негізделген, ешқандай шектеу немесе артықшылықты жағдайларға жол бермеу керек;

в) бастауыш білім алмаған немесе оны аяқтамаған тұлғалардың білім алуын жарамды әдістермен жігерлендіру немесе дамыту керек, ал олардың білім алуын жалғастыру әрқайсысының қабілетіне сәйкес болуы қажет.

Бұл Тұжырымдамаға ешқандай қарсы пікірлер айтылмады.

Бұдан кейін міндетті күші бар бірнеше күші бар келісім-шарттар қабылданды, соның ішінде, осы баяндамаға тікелей қатысы бары 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық туралы Халықаралық пакт болды. Халықаралық пактің 13-бабында Жалпы декларация әрбір адамның тегін және міндетті бастауыш білім алуға құқылы екендігін, сонымен қатар, біртіндеп ақылы орта және жоғары білім алуға ауысатындығын ресми жариялау негізінде әрі қарай дамуға көшті.



Бүгінгі таңда инклюзивті білім берумүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің тек қана әдеттегі білім беру ұйымдарының білім беруүдерісіне белсенді кірігуін ғана емес, балалардың барлық категорияларының білім алу қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында жалпы білім беружәне оқу-тәрбие үдерісі жүйесінің қайта құрылуын дақарастырады деп сеніммен айтуға болады. Байкалып отырғандай, философиялықбілім аясында пісіп жетілген гуманистік идеялардың құқықтық педагогикалық психологиялық және әлеуметтік салағабіртіндеп енуіне аз уақыт кеткен жоқ.

Адам құқықтары аймағында, негіз қалаушы халықаралық құжаттарға сәйкес, Қазақстан Республикасының Заңында мемлекеттің барлық балалары үшін білім алуда тең құқықтар принципі қарастырылады. Балалардың білім алуға құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясында - «ҚР бала құқықтары туралы», Қазақстан Республикасының Заңдарында - «Білім алу туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау туралы» және т.б. қарастырылған. Осы құжаттар негізінде мемлекет әр баланың ұлтына, дініне, денсаулық қалпына қарамастан тегін жалпы білім алу құқығын қамтиды.

Қазақстан Республикасының заңнамасындаадам құқығы саласындағы негізгі халықаралық құжаттарғасәйкес, елдегі барлықбалалардың білім алуға деген тең құқықтары принципі қарастырылады. Балалардың білім алуқұқығына кепілдік беру, ҚР Конституциясымен ҚР «Білім туралы заңымен», «Бала құқығы туралы» Заңымен, «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік, медициналық-психологиялық-түзетуін қолдау туралы» заңымен бекітілген. Аталған құжаттардың негізінде, мемлекет кез-келген балаға, ұлтына, діни сеніміне, денсаулық күйіне қарамастан тегін жалпы білім алу құқығына кепілдік береді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. - Астана: Ұлттық білім академиясы. Ы. Алтынсарин, 2015. - 13 б.
2. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы <http://www.up.org/russian/document/declarat/dec1hr.htm>).
3. Бала құқығы декларациясы (<http://www.un.org/russian/document/declarat/childdec.htm>).
4. Ақыл-есі кем адамдардың құқықтары туралы Декларация (<http://www.un.org/russian/document/declarat/retarded.htm>).
5. ЗаңдытұлғалартуралыДекларация(<http://www.un.org/russian/document/declarat/disabled.htm>).
6. Дүниежүзілік мүгедектерге қатысты іс-қимыл бағдарламасы 37/52 Генеральной Ассамблеи от 3 декабра 1982 года.
7. Бала құқығы туралы Конвенция <http://www.un.org/russian/document/convents/childcon.htm>.
8. Малофеев Н. Н. Ресейдегі интеграцияланған оқыту: міндеттері, мәселелері және болашағы / / ерекше бала: зерттеулер және көмек тәжірибесі. Интеграция және әлеуметтендіру мәселелері. 2000. - Вып. 3. - С. 71.
9. Жалмухамедова А. К. білім беру үдерісіне мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте енгізудің ұйымдастыру-әдістемелік негіздері: АЖД. ...ғыл.канд. пед. ғылым: 13.00.03. - Алматы, 2006. – 204с.
10. Шипицина Л. М. интеллектуалдық және дене дамуында проблемалары бар балаларды оңалту. - СПб., 1995. - 80 б.

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫ БЕРЕТІН ҮДЕРІСКЕ ҚОСУ ШАРТТАРЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Педагогика және психология" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Әлемдік тәжірибеде инклюзивті білім беру ерекше оқытуды қажет ететін адамдарды оқыту мен тәрбиелеуде жеке тәсіл арқылы іске асырылуда.

Ерекше оқытуды қажет ететін балаларға мыналар жатады:

- мүмкіндіктері шектеулі балалар;
- мигранттардың, оралмандардың, босқындардың, саны аз ұлттар отбасыларынан шыққан балалар;
- қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар (жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалар).

Бірқатар елдерде енгізілген инклюзивті білім, ең алдымен Финляндияда келесідей қағидаттарға негізделеді: адам құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес, әр адам сезінуге және ойлауға қабілетті, әр адам қатынасуға және танымды болуға құқылы, барлық адамдар бір-біріне мұқтаж, нағыз білім шынайы өзара қатынас мәнмәтінінде іске асырылуы мүмкін, барлығы қолдау мен достыққа мұқтаж.

Жүргізілген талдау инклюзивті білім берудің қазақстандық моделі әлемдік тәжірибеге және осы саладағы ережелерге толық дәрежеде сәйкес емес екенін көрсетті. Инклюзивті білім беруді мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту нысанында қабылдау барлық санаттағы ерекше оқытуды қажет ететін балаларға жалпы білім беру бағдарламасының қол жетімділігін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарының мүмкіндіктерін шектейді.

Қазақстандық білім беру жүйесінде:

- әрбір білім алушының тұлғалық даму траекториясына, даралап оқыту әдістеріне негізделген дербес оқытуды, оны психологиялық-педагогикалық қолдауды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ететін инклюзивті білім берудің моделі жасалмаған;
- білім берудің икемді, бейімделген оқу бағдарламалары әзірленбеген;
- жалпы білім беретін ұйымдарда инклюзивті білім беру үшін кадрлар мен оқу-әдістемелік база жеткіліксіз;
- оқыту сапасын мониторингілеу мен бағалау іске асырылмайды, балалардың білімдері мен дағдыларын критериялды бағалау индикаторлары жоқ;
- ерте кәсіптік бағдарлау, ерекше оқытуды қажет ететін балаларды кәсіпалды және кәсіби даярлау шарттары жеткіліксіз құрылған;
- мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру бағдарламаларының бірізділігі мен сабақтастығында, мүмкіндіктері шектеулі балаларды жұмысқа орналастыруда жүйелі ықпалдастық жоқ;
- балалардың психикалық және дене даму ауытқуларын ерте айқындау және оларды түзету аса өзекті проблема болып қалуда;
- балалардағы моральдық-психологиялық және әлеуметтік тұрғыда туындайтын проблемаларды жою бойынша алдын алу шаралары жеткіліксіз қолданылады;
- инклюзивті білім беруді ақпараттық-кеңес беру тұрғысында қолдау әлсіз ұйымдастырылған.

Осының бәрі төмендегідей проблемаларға әкеліп соғады:



Нашар көретін оқушыларды оқыту жалпыбілім беретін мектептің көру қабылдауына жеңіл ірі әріппен басылған және арнайықайта жасалынған оқулықтары бойынша жүргізіледі. Көзі көрмейтін оқушыларды оқыту жазудың брайльдік жүйесін қолдану арқылы жүзеге асады.

Нашар көретін оқушыларға сыныпта көру жұмыстары үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс, нашар көруге сәйкес келетін айқын сызықты дәптерлер, оптикалық және техникалық көмек құралдары:

- фтальмолог тағайындаған көруді түзететін құралдар (көзілдірік, жанаспалы линза, лупа, телескопиялық көзілдіріктер);

- табиғи жарықтандыруды реттеуге мүмкіндік беретін құралдар (құрылғылар);

- оқығанда, жазғанда, сурет салғанда, суретті қарағанда дұрыс отыруды қамтамасыз ететін бір адамдық парталар;

- оқушылар үшін көмекші жабдықтар (Брайль жүйесі бойынша жазу құралдары), Брайль әрпімен оқитын машиналар, жазатын машиналар, бедерлі сурет салу үшін «Мектеп оқушысы» құралы, оптикалық құралдар - лупа, линза, телескопиялық құралдар - офтальмологтың ұсынысы бойынша және т.б.);

- тифлотехникалық құралдар (жазуға арналған тифлоаспаптар, тактильді және брайльдік дисплейі бар электр құралдары, сөйлеу синтезі) пайдаланылады.

Тәрбиелік-білім беру үдерісі көру кемістігі, деңгейі мен бұзылу сипатын ескере отырып тифлотехникалық құралдар және арнайы жабдықтарды қолданыла отырып жүргізіледі. Көзі көрмейтін, кейіннен соқыр болған балалар үшін жабдықтар сипап сезу және көру-сипап сезу қабылдауды қолдана негізделеді. Түзету жұмысында көру бұзылуы бар балаларға арналған оқу және басқа да оқу материалдарын аясын кеңейтуге мүмкіндік беретін ерекше дидактикалық материал мен арнайы құралдар пайдаланылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лапшин В. А., Пузанов Б. П. дефектология Негіздері: оқу құралы, пособие для студентов пед. ин-тов. – М., 1990.
2. Инклюзивті білім беру жағдайында денсаулығы шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастыру бойынша білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлеріне арналған әдістемелік ұсынымдар / Сост. М.М. Панасенкова. – Ставрополь: СКИРО ПК и ПРО – 2012.
3. Власова Т.А., Певзнер М.С. Дамуында ауытқулары бар балалар туралы мұғалім. - М.: Ағарту, 1973
4. Балалардың даму динамикасы-олигофренов. М., 1963.
5. Лебединская К. А. және аффективті салада бұзылулары бар басқа жасөспірімдер. - М., 1988.
6. Сулейменова Р.А., Хакимжанова Г.Д. Психофизическое здоровье и развитие детей и подростков в Республике Казахстан //Проблемы и перспективы.-Алматы, 1997.
7. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың білімі бойынша бүкіләлемдік конференция қабылдаған саламандық Декларация және іс-әрекет шеңбері: Юснегб сапасы. – Саламанка, Испания, 7-10 июня 1994 года.

Навий Л.<sup>1</sup>, Шекенбаева А.Н.<sup>2</sup>

## БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНА АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының  
магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Бүгінгі студент — ертеңгі маман. Оқыту үрдісін басқарудың педагогикалық-психологиялық мәселелерін анықтауда педагог пен оқушылардың арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру мұғалімнің теориялық білімінің болуын қажет етеді. Болашақ маманның кәсіби педагогикалық функциялары: конструктивтік, ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, дамытушылық, ақпараттық, зерттеушілік. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр [2].

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» - кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген. «Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді» [4].

Кәсіби білімді маманның құзіреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыру. Құзіреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы.

Құзіреттілік - жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Құзіреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды

мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады.

Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың мазызын көрсетеді.

Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі [3].

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады. Мұғалім кадрларын кәсіби оқыту жүйесінде педагогикалық практика өте маңызды орын алады. Ол жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісінің басты бір бөлігі болып табылады да, болашақ мұғалімдердің теориялық дайындығы мен практикалық іс-әрекетін біріктіруін қамтамасыз етеді.

Педагогикалық практика үрдісінде келесі міндеттер шешімін табады: - студенттерді мұғалім мамандығына деген қызығушылық пен сүйіспеншіліктің тұрақтылығына тәрбиелеу; - нақты педагогикалық міндеттерді шешу барысында психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерді пайдалану үрдісін терендету, бекіту; - болашақ мұғалімдердің кәсіби іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту: педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік ыңғайға бейімдеу. Педагогикалық практиканың тиімділігінің негізгі шарттары - оның кәсіби бағыты, теориялық негізділігі, оқыту және тәрбиелеу сипаты, педагогикалық практиканың мазмұнына және ұйымдастырылуына комплексті тұрғыдан қарау, жүйелілік, оны өткізудегі қажеттілік.

Педагогикалық практика кезінде студент келесі кәсіби-педагогикалық іскерлік негіздерін меңгеруі тиіс: - оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін және ұжымның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, нақты оқу-тәрбие міндеттерін анықтау; - оқушылардың дамуы мен тәрбиесін диагностикалау және жобалау мақсатында оқушы тұлғасы мен ұжымды зерттеу; - педагогикалық қызметтің ағымдағы және болашақтағы жұмыстарды жоспарлауын жүзеге асыру (пән бойынша оқу және сыныптан тыс жұмыстар, әртүрлі іс-әрекеттерде т.б.); - оқушылардың оқу-танымдық қызметінде басқарудың әртүрлі формалары мен әдістерін пайдалана алу және білім-тәрбие міндеттерін шешу; - балалар ұжымын алға қойған міндеттерді орындауын ұйымдастыру (өз іс-әрекеті мен оқушылар іс-әрекетінің жүйелілігін анықтау, белсенділерді анықтау, ұжым мен белсенділердің қарым-қатынасын үйлестіру, бақылауды жүзеге асыру, жұмыстың қорытындыларын шығарып, оны талдау); - мұғалімдермен, сынып жетекшілерімен, тәрбиешілермен, ата-аналармен және тәрбие ісіне қатысы бар барлық адамдармен дұрыс қарым-қатынаста болу; - оқу-тәрбие жұмысын бақылау және талдау; - ата-аналар арасында педагогикалық насихат жұмыстарын жүргізу [2].

Қорыта айтқанда, болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасуында үздіксіз практиканың алатын орны ерекше. Ол педагогикалық оқу орны мен мектеп арасындағы тығыз байланыстың нәтижесінде жүзеге асырылады. Нақты жүзеге асырудың тікелей жолы - студенттер үшін "Мектеп күнін" өткізуді қайтадан қалпына келтіру (бұрын болған). Бұл

педагогикалық оқу орындарының студенттері аптаның бір күнінде толығымен мектепте болып, алдына қойған міндеттерге жетудің тікелей жолы. Өйткені, қазіргі 1,2-курс студенттері практикаға сабақтан шыққан уақытта барады, бұл кезде студенттердің қандай да бір нәрсеге үйренуге деген қызығушылығы төмен болады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Битянова М. Р. Психология в школе: содержание и организация работы. М., 2000г.
2. Навайтис, Г. Профессиональная психологическая помощь подростку.
3. М.: Изд-во Модек, 2007 г.
4. Организация диагностической и психокоррекционной работы с детьми, оказавшимися в кризисных ситуациях. Авторы- составители: Осипова А. А, Чаусова Л. К., Мясникова М. Н., Гейденрих Л. А., Солтовец А. В.- Ростов- на – Дону, 2001.
5. Насилие в семье: Особенности психологической реабилитации: учебное пособие / под ред. Н.М, Платоновой и Ю.П. Платонова. – СПб.: Речь, 2004.

Навий Л.<sup>1</sup>, Шекенбаева А.Н.<sup>2</sup>

## КӘСІБИ ДАМУДА АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫҢ ҰТЫМДЫЛЫҒЫ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының  
магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Ұтқырлық ұғымы ХХ ғасырдың екінші жартысында белгілі бір зерттеулердің объектісі ретінде пайда болды. Оған латынша жылдам және ілгері қозғалуға қабілетті деген түсініктеме берілген.

Бұл ұғым ғылымда халық, әлеуметтік топтардың санының артуы, адам арасындағы қарым-қатынас шеңберінің кеңейуі, табиғатта, ортада және мәдениетте адамдардың жақын және белсенді қозғалысының қалыптасуы себеп болды.

1920 жылдардың соңында осы тұжырымдаманы адамның қоғамдық әлеуметтік жағдайындағы өзгерістерді сипаттау, «әлеуметтік кеңістік» және «әлеуметтік стратификация» сияқты ұғымдармен бірге қарастырды.

П.А. Сорокин әлеуметтік ұтқырлық ұғымын әлеуметтік кеңістіктегі өзгерістерді белгілеу үшін пайдалана отырып, тұлғаның немесе әлеуметтік нысанның құндылығы ретінде адамның және топтардың қызметінің өзгеруі деп анықталған [3].

Ұтқырлық адамның сапалық қасиеті ретінде адам тек іс-әрекетпен айналысқанда ғана көрінеді. Іс-әрекет барысында кәсіби ұтқырлықтың үш өзіндік бөлігі анықталған:

1) негізгі, жалпы кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуы арқылы адам дамуының ішкі тетігін қамтамасыз ететін жеке тұлғаның сапалық қасиеті;

2) адамның қоршаған ортаны өзгертуге бағытталған қызметі, оның нәтижесі, мамандығы мен өзін-өзі жетілдіруі;

3) адамның өзін және кәсіби ортасын өзгерту үдерісі.

Осы түсінікке сәйкес Л.В. Горюнова кәсіби ұтқырлықтың негізгі бөліктерін анықтайды [2]:

– негізгі және жалпы кәсіби құзыреттілік;

– тұлғаның өзгеруіне дайындығы;

– кәсіби және әлеуметтік белсенділігі.

Жеке субъективті тұрғыда кәсіби ұтқырлық мәселесін адам өміріндегі әсіресе кәсіби саладағы ұтқыр мінез-құлықтың мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайлар мен ішкі факторлары туралы айту керек. Еркін кәсіптік қозғалыстарда мамандықтарды өзгерту, мансапты жоғарлату мүмкіндігіне қажетті қолайлы жағдайлар болғанымен, көптеген адамдар бұл мүмкіндіктерден ішкі өзгерістерге байланысты бас тартады. Мүмкіндіктерді пайдалануға дайын болмау мәселесі ғылымда жеткілікті түрде зерттелмеген және олардың құрылымын анықтаудың құралдары толығымен жасақталмаған. Олардың кейбіреулері ғана қолданысқа енген.

Көптеген зерттеушілер белгілі бір тұлғаның қалыптасуының кәсіптік ұтқырлық шарты ретінде кәсіби қасиеттерді алған. Дегенмен, бұл мәселе жүйелі түрде зерттелмеген, кейбір ғылыми мақалаларда тек жеке қасиеттер ретінде қарастырылған.

Адамзаттың білім алу құқығын қамтамасыз етуге бағытталған білім саясатын қалыптастыру, тұрақтандыру және орындау, оның ішінде кепілдіктермен қамтамасыз ететін ұйымдарды, мекемелерді және басқа да құрылымдардың нақты өкілеттік жолдарын анықтау және қажетті ресурстарды нығайту маңызды механизмдері ретінде көрініс берген. Белгілі бір аумақтағы білім беру тапсырысы білім беру саясатының нақты субъектілері халықтың өңірлік қауымдастығын, жұмыс берушілердің аумақтық мекемелерін, мемлекеттік ұйымдардың мүдделерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Жеке қажеттіліктер адамды өз өміріндегі осындай өзгерістерге итермелейтін негізгі ішкі детерминант. А. Маслоу ұйғарымы бойынша кез-келген жағдайда физиологиялық жоғары қажеттіліктер өзін-өзі алға жетелеу қажеттілігін туындатуы мүмкін. Осылайша адам өзінің кәсіби деңгейін әрдайым жоғарылатып, ізденіс үстінде болса немесе ешқандай дамымаса өз мамандығын немесе жұмыс орнын өздігінен өмір сүруіне қажетті қаражаттың болуына байланысты өзгерте алады [1].

Сонымен қатар оларды әлеуметтік кеңістіктің көлденең және тік өлшемдерін ескере отырып, әлеуметтік ұтқырлықты да тік және көлденең деп бөліп қарастырылды.

Тік деп әлеуметтік статусы бойынша өзгеру қозғалысын айтса, ал көлденең деп бір кеңістіктегі өзгеріссіз деңгейге байланысты қозғалысты қарастырған. Осыған орай тік қозғалыс жоғары және төмен әлеуметтік орын ауыстыруы деп алынса, ал әлеуметтік ұтқырлықтың төмендеу және көтерілу сызығында алынады. Әлеуметтік ұтқырлықты әлеуметтік көтерілу немесе құлдыраумен байланыстырып қарастырылған. Егер қоғамдық қозғалыстарда ешқандай кедергі болмаса, онда әлеуметтік ұтқырлық жылдам өсу арқылы олардың жоғары дәрежеге жетуі немесе құлдырауы деп сипатталған.

Бүгінгі таңда әлеуметтік ұтқырлық ұғымы бірнеше мағынада қолданылады:

– әлеуметтік субъектілердің жаңа жағдайлары туындаған кезде өз қызметін тез және лайықты түрлендіруі;

– өмір сүрудің түрлі салаларында жаңа болмыстарды оңай және тез игеруі;

– күтпеген мәселелерді шешудің және стандартқа сай емес міндеттерін орындаудың лайықты тәсілдерін табу қабілеттілігі [4].

Бұл түсіндірмеде әлеуметтік ұтқырлықтың әлеуметтік жағдаймен және дәрежемен тікелей байланысын емес адамның үйлесімді жұмыс істеу тәсілі сипатталған. Әлеуметтік ұтқырлықты осылайша түсіну қоғамның әлеуметтік құрылымының жалпы гуманизациялану мен демократияландыру үрдісінің тікелей салдары ретінде табылатындығын көрсетеді.

Әлеуметтік ұтқырлық топтар құрылымының арасындағы қозғалыс, яғни кәсіби дәрежелік сипаттар ретінде жиі көрінеді.

Олар қызметтік бес топқа бөлінеді:

– іскерлік (іскерлікпен);

– әскери (билік құрылымдарымен);

– менеджерлер (басшылар, директорлар, мемлекеттік қызметкерлер);

– білім қызметкерлері (жоғары білікті мамандар, кеңсе қызметкерлері);

– қолөнершілер (әртүрлі білікті шаруалар мен жұмысшылар);



– қоғамның әлеуметтік және кәсіби құрылымында адамның қозғалысы ретінде әлеуметтік ұтқырлық көбіне оның білім беру мәртебесінің өзгеруімен байланысты. Осылайша, қазіргі заманда білім беру адамның әлеуметтік баспалдақпен көтерілуіне мүмкіндік беретін әлеуметтік көтергішке айналады.

Барлық іс-әрекеттердің мазмұнында ұтқырлықтың көрініс беруіне қарамастан адамның ортақ әлеуметтік ұтқырлығын тудырады. Ал ұтқырлық заманауи қоғамның өзгермелілігі маңызды сапасы, ол әлеуметтік дамудың қажетті шарты болады.

Осыдан барып маңызды тұжырымдамалы нұсқаулар туындайды. Егер қоғамның дамуы жаңа сапалы жағдай туындатса, әлеуметтік ұтқыр субъектілердің осы өзгерістерге қалай бейімделіп, оларды интеграциялауға, бейімдеуге, өзгертуге, өмір сүру деңгейіне сәйкес қоғамның әлеуметтік қозғалысына маңызды факторы бола алады. Адамның әлеуметтік ұтқырлығына мақсатты ықпал етіп, қажетті қасиеттерін қалыптастыруға және тұтастай қоғамның дамуына нақты әсер етеді. Жеке адамның мәдениетке, әлеуметтік өзгерістерге байланысты ішкі жағдайының ауыспалылығына орай әлеуметтік-мәдени ұтқырлық ұғымы қолданылады.

И.В. Василенко әлеуметтік-мәдени ұтқырлықты жеке тұлғаның ішкі әлеуметі мен құрылымының өзара әрекеттесуімен анықтайды. Ғалымның пікірінше рухани тұрақтылық - өзегі деп танылса, ал ауыспалы икемділік өзгешелігі - санасының икемділігі деп қарастырған [3].

Өртүрлі еркіндік дәрежелері бар белгілі бір әдістерге негізделген әлеуметтік-мәдени ұтқырлық күрделі жеке білімге бірін-бірі толықтыратын тәжірибелік ойлау, идеологиялық көзқарастар, құнды бағдарларды жатқызуға болады. Әлеуметтік-мәдени ұтқырлық идеологиялық көзқарастарды өзгертетін жолдардан, құндылық бағдарлардан байқалады. Әлеуметтік субъектілер жағдаяттарының өзгеруін, бейімделуін білдіретін әлеуметтік-мәдени игіліктердің көрсеткіш дәрежесі әлеуметтік жүйелердің қозғалуының негізгі шарты. Жұмыссыздықтың әсіресе құрылымдық және өңірлік мәселелерді шешудің қажеттілігіне байланысты халықтың еңбек ұтқырлығы қауіпті әлеуметтік құбылыстарды еңсерудің маңызды шешім жолдары ретінде алынды. Еңбек ұтқырлығы деп жұмыс орнының, кәсібінің, лауазымының тұтастай өмір салтының өзгеру қабілеттілігін айтқан. Осындай ұтқырлық деңгейін бағалаудың екі түрлі тәсілі қолданылады:

Ақыл-ой дарындылығы – бұл жалпы және жеке ақыл-ой сапасының сәйкес келуі. Психологиядағы бар материалдар, мұғалімдер мен тәрбиешілерді ақыл-ойға байланысты дарынды балалардың 3 категориясына назар аударуға көмектеседі. Бірінші категорияда – өмірдің бірдей шартында ақыл-ой дамуының ерекше жоғары деңгейін көрсететін балалар. Олар жиі мектепке дейінгі және төменгі сынып жасындағы балалардың арасында кездеседі. Екінші категорияда – арнайы, мысалы: математика немесе басқа ғылымның қандай да бір аумағында ақыл-ой қабілеттілігінің белгілері бар балалар. Мұндай оқушылар жасөспірім жаста байқалуы мүмкін. Үшінші категорияда – оқуда табысты болып үлгермеген, бірақ

психикасының айрықшалығымен, танымдық белсенділігімен, сирек кездесетін ақыл-ой қорымен қамтамасыз етілген балалар енгізілген. Бұл жерде потенциалды немесе «жасырынды» дарындылық туралы сөз болып отыр. Мұндай ақыл-ой мүмкіндігі бар оқушылар жоғары сыныпқа дейінгі жаста жиі көрінеді.

**Әдістеме атауы: Е.Е. Туниктің дарындылықты анықтау негізіндегі шығармашылық ойлауды зерттеу әдістемесі.**

Мақсаты: Шығармашылық ойлаудың түрлі көрсеткіштерін — сөздік-шығармашылық ойлау, көрнекі-бейнелік ойлауды бағалау, дарындылықтың негізін анықтау.

*Шығармашылық ойлау базасының көрсеткіштері:*

• ой жүйріктігі (жеңілдігі, өнімділігі) – бұл шығармашылық ойлаудың жүйріктігін сипаттайды.

• ой икемділігі – тез ойлауға көшуге сипаттайды.

• ой ерекшелігі – ойдың даралығын білдіреді.

• ойдың нақтылығы – шығармашылық ойлаудың логикалылығын, бірдейлігін, дұрыс шешімге келуді білдіреді.

Алынған нәтижелер сандық және сапалы талдауға, математикалық-статистикалық өңдеуге дайындалды.

Дарынды баланың дамуындағы кедергілер анықталды. Дарындылық мәселесі әрі қарай зерттеуді қажет етеді. Бұл көпжақты, көп құрылымды, көп сипатты мазмұнды да, мәнді де, құрылымы мен даму бағыт-бағдары әлі де көптеген ізденістерді қажет ететін, шеті табылмаған жұмбақты құбылыс пен процестің бірі болып табылады. Әдебиеттерге шолу жүргізу, бізге дарындылық мәселесін әр түрлі көзқараста жүргізуге көмектесті. Берілген жұмыста дарындылықтың оқушыларда қалыптасуы мен дамуына көңіл бөлінді. Бұл зерттеу жұмысы дарындылық проблемасы бойынша көптеген сәйкес жұмыстарды толықтырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Концепция выявления, поддержки и развития одаренных детей в Республике Казахстан. Дарын. Информационно-методический сборник. №3, 1999, с. 24.
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» — Учитель Казахстана. №21-24, 1999.
3. Матюшкин А.М. Загадки одаренности. — Москва, 1993, 220с.
4. Чудновский В.Э. Одаренность: дар или ... — Москва, Знание, 1990, с. 15-28.

Жауен А.Б.<sup>1</sup>, Капезов Р.Р.<sup>2</sup>

## ДАРЫНДЫЛЫҚ ҰҒЫМЫНЫҢ ПСИХО-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Дарындылық — адам бойындағы тума қасиет деп есептеледі. Адам қабілеттілігінің жан жақтылығы дарындылық терминінің көп мағыналылығын білдіреді. Сондықтан адам дарындылығының қасиетін кешенді зерттеу бүгінгі күннің талабы. Ерте дәуірдегі грек философтары (Платон, Сократ) дарындылықты құдай берген қабілет ретінде қарастырды [1,2].

Антикалық кезеңде адам психикасы, оның дарындылық қасиеттері танып білуге, ұғынуға өте қиын мәселелердің бірі болғандықтан, жекелеген адамдардың ерекше қасиеттері мен қабілеттіліктің болу құдіреті күшті құдайдың жаратқаны деп есептеген. Платон өзінің керемет туындыларын жаратушының бір құдіретінен — деп түсінді. Ал шындығында ол,

оның өзінің өнерлілігі мен білімінен еді. Біздің қазіргі тілмен айтқанда, ол кез келгеннің бойына біте бермейтін дарындылық. Ғылымның қайта өрлеу дәуірінде дарындылық табиғатын танып білу мәселесімен Европалық ғалымдар айналысты. Соның ішінде испандық дәрігер Хуан Уарте, өз зерттеулерін түйіндей келе, елдің болашағы үшін Испан империясының қайта өрлеуінің болашағы мемлекеттік қызметке аса дарынды азаматтарды тарту деп есептеді. Оның зерттеулерінің негізгі мақсаты адамдардың жеке басындағы қабілеттілікті анықтай отырып, болашақта кәсіби маман таңдауда ескеру болып табылады. Орта ғасырдағы Европалықтардың пікірінше, егер адамдар бірдей жағдайда өмір сүрсе, олардың ақыл естері бірдей болар еді дегенге тірелді. Джон Локк өзінің «Адамның ақыл-ой тәжірибесі» атты философиялық еңбегінде мынадай пікір айтады: адамда туа біткен ой-пікірлер болмайды, олар тәжірибе негізінде пайда болады; адамның сәби кезіндегі ақыл-ойы «Таза тақтай» секілді; сезімде жоқ нәрсе ақыл-ойда да болуы мүмкін емес [3].

Неміс классикалық философтары (Э.Кант пен Гегель) дарындылық түсінігінің ерекшелігін зерттеу, осыған дейінгі қиялшылдығы басым философиялық ұғымдарды жетілдіріп адамның дарындылығын дамыту және әрекеттік сипатын сезінуге мүмкіндік береді [4,5].

Балалардың дарындылығының педагогикалық мәселесін түсінудің бастауы — Я. А. Коменский, И. Г. Песталоцци, А. Дистервег, Дж. Дьюи, К. Д. Ушинский секілді көрнекті педагогтардың еңбектерінде қаланған. Олар өздерінің еңбектерінде балалардың жеке ақыл-ой ерекшеліктеріне, сондай-ақ оқушылардың ерекше қабілеттерін дамыту қажеттілігіне аса көңіл бөлді. XIX ғасырда қазақ халық ағартушылары да халықты сауаттандыру, жеке тұлғаның қабілетін, дарындылықты дамыту мәселелерін көтере бастады. Ағартушы Ы. Алтынсарин: «Табиғи ақыл өзін қоршағанды ғана құшағына ала алса, оны дамытып өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім», — дейді [6].

Қазақ ағартушылары дарындылықтың туа бітетін қасиет екенін мойындай отырып, адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған ортаның зор ықпалының бар екенін айтады. Абай Құнанбаев адамды қоршаған орта — табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы — туылғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ, бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді. Ұлы ойшыл адамның ойы мен санасы еңбектің іс-әрекеті кезінде қалыптасады деп тұжырымдайды: “Кей қасиет туа бітеді, ал кейбірі еңбек арқылы қалыптасады” [7].

Дарындылық теориясының негізі Ресей педагогтары мен психологтарының еңбектерінде жақсы көрініс тапқан. Л. Выготский, Б. Г. Ананьев, В. А. Крутецкий, Н. Лейтес, В. Тепловтың психо-педагогикалық тұжырымдары дарындылыққа интегралдық жеке тәрбиесі ретінде жүйелі көзқарас тууына негіз болды, адам қабілеттілігінің құрылымдық бөліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Соңғы 10 жыл ішінде дарындылық жайлы мынадай тұжырымдамалық ережелер әзірленген: яғни, интеллектуалдық дарындылық феноменіне жасқа сай келу тұжырымдамасы (Н. С. Лейтес); дарындылыққа жақындап келу адамның шығармашылық қабілетінің көрінісі секілді (А. М. Матюшкин, В. С. Юркевич), дарындылықтың динамикалық теориясы (Ю. Д. Бабаева, Н. А. Дарханов, М. А. Холодная), адамның экопсихологиялық даму шеңберінде дарындылық дамуына экопсихологиялық келу (В. В. Панов). Осылайша психикалық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау балалардың дарындылығын зерттеудің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Мектеп оқушыларының дарындылығын дамыту мәселесі тек оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға жекелей жақындап келу ұстанымында қарастырылды. Сондықтан дарынды оқушының теориялық үлгісінің жоқтығын және осы сәтте дарындылықтың нақты анықтамасының болмауын айта кету керек. Соған сәйкес, С. В. Кузнецова төмендегідей анықтама береді: оқушы дарындылығы — осы білімді кез-келген жағдайға қолдана алатын, білімнің кеңдігі, жас ерекшелігіне сәйкес жоғары белсенділігі, психикалық процестерінің дамуының жоғары деңгейлігі, дұрыс ой-түйіндерге



сүйене отырып, жұмысты жемісті орындауды қамтамасыз ететін психикалық қасиеттерінің жиынтығы [8].

Н. Ожеговтың сөздігінде дарындылық «табиғаттан» берілетін ерекше қабілет деп түсіндіріледі. «Дарындылық тұжырымдамалары» атты психологтар дайындаған құжатта «Дарынды бала дегеніміз — айрықша жетістіктермен ерекшеленетін және іс-әрекет барысында сондай жетістіктерге ұмтылатын баланы айтамыз», — делінген. Педагогикалық энциклопедияда бұған келесі түсінік беріледі:

«Дарындылық» — бұл адамның белгілі іс-әрекет аумағында ерекше табыстарға жетуге көмектесетін, қабілет дамуының жоғары деңгейі. «Дарындылық» түсінігі «қабілет» түсінігіне өте жақын. Дарын дегеніміз адам бойында негізінен ана сүтімен, ана тегімен даритын құбылыс екенін өмір тәжірибелері дәлелдеп отыр. Ғылымда қоғам, орта, мектепте тәрбие нәтижесінде дарынды анықтауға, оны дамытуға мүмкіндік бар.

Дарын — адамның белгілі бір дүниеге психологиялық қабілеттілігі. Осы қабілетті дер кезінде анықтап, оны одан әрі дамыта білу қажет. Жалпы адам баласы табиғатында қабілетсіз болмайды. Біреулердің қабілеті жоғары, екінші біреулердің қабілеті орташа, төмен болады. Өз қабілетіне сай маман иелері өмірде көздеген мақсаттарына қол жеткізе алады. Сонымен дарын деген не? Дарынды балалар қандай? Дарынды балалар әр түрлі, бір-біріне ұқсамайды. Дарынды баланы байқамау мүмкін емес, көпшіліктің ортасында ол өзінің іс-әрекетімен, бейімділігімен, қабілеттілігімен бірден көзге түседі. Дарынды балаларды қалай тануға болады? Белгілі зерттеуші Н. С. Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді.

Бірінші категория — ой-өріс қабілеті ерте жастан байқалған оқушылар. Екінші категория — жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттілігімен көзге түскен оқушылар. Үшінші категория — дарындылық күш-қажырымен ерекшеленетін оқушылар. Ой-өріс қабілетімен ерте жастан көзге түскен оқушыларға мектептегі оқу кезіндегі қарқындылық тән. Кейбіреулерінің ақыл-ойы табанды түрде дамиды да өз қатарластарын басып озады. Олардың ақыл-ойының кемеңгерлігі сонша — оларды байқамау мүмкін емес.

Бала дарындылығының байқалмайтын жағдайлары да кездеседі. Кейде тіпті баланың есейген шағында сирек кездесетін қабілеттері көрініс тауып жатады. Балалардың бойында белгілі бір қабілеттердің жарқын көрінісі ой-өріс деңгейінің жалпы дамуымен, ғылымның, өнердің арнайы бір саласына бейімделуімен сипатталады. Үшінші категорияға жататын оқушылар жалпы дамуы жағынан өз қатарластарының алдына шықпайды, бірақ ақыл-ойының өзіндік ерекшелігімен өзгешеленеді. Дарынды бала — оқушы бойында бұл қасиеттердің бірде-бірі, әсіресе, дүниетанымдық көзқарасы қалыптасып үлгермейді. Сондықтан оқушының дарындылық қасиеті барынша орнықсыз қасиет. Оның басқа түрге енуі немесе сөніп қалуы көзқарастың өзгеруіне оқушы» деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торренстің зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында да жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақтар қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне, түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар байланысты кез келген сәтте орын алуы мүмкін. Көбіне «Дарынды оқушы — бұл жақсы оқитын ұнамайды. П.Торренстің зерттеуі нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететінін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеудің нәтижесін есте ұстағандары жөн.

Дарындылықтың танылуына байланысты екі көзқарас бар:

- 1) барлық бала дарынды болып табылады;
- 2) дарынды балалар өте сирек кездеседі. Бұл мәселе туралы педагогтар мен психологтар мынадай тұжырым жасайды: потенциалды дарындылық іс-әрекеттің бірнеше түрімен айналысатын балаларға тән, ондай балалар аз емес.

Дарындылық жайлы айтылған пікірлер өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан, бұл феноменнің негізінде адамға іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрінде жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін қабілеттер жатыр. Сонымен, дарынды бала — бұл болашақта жаңа технологияларды шығарушы, әділ саясаткер, сенімді медик, шебер музыкант, қайталанбас суретші, бұл еркіндікті сүйетін, жауапты, рухы биік адам, бұл — ұлттық құндылық. Менің өз ойым — дарындылық балаға қаннан беріледі. Барлығына бірдей емес. Қазақта мынадай сөз бар — қанына тартқан, қанында бар қасиет — дегенді атам қазақ бекер айтпаған. Қажет болса бұл сөздердің өзін философиялық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сократ. История философии в кратком изложении. / Пер. с чеш. Н. Н. Богута. — М.: Мысль, 1991. — 590 с.
2. Платон. Государство: Сочинения. — М., 1971. — Т. 3, ч. 1. — 315 с.
3. Локк Д. Избранные философские сочинения. 2-х том. Т.1, М., Соц.-экон.лит. 1960-537.
4. Кант және Гегель философиясы. Әлемдік философиялық мұра. -Алматы: Жазушы, 2006. — Т. 8. — 520 б.
5. Гегель Г. Философские сочинения. — М., 1959. — Т. 9. — 457 с.
6. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. — Алматы, 1994, — 285 б.
7. Құнанбаев А. Қара сөздер. — Алматы: Өнер, 2006. -118 б.
8. Кузнецова С. В. Формирование умственных действий. Под ред. Ю. Б. Гиппенрейтер, В. В. Петухова. — М., 1981. — 86 с.

Жауен А.Б.<sup>1</sup>, Каракулова А. О.<sup>2</sup>

## МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Педагогика және психология» білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі жетілдіру жұмысына кіріспес бұрын бастаушы мұғалім ең алдымен өз жұмысының қандай бір мерзіміне сараптамасы болуы керек, оның дұрыс бағалануына және өз жұмысын одан әрі жетілдіруге деген жетекшісінің ұсынысы болуы керек.

Өзінің әрекетінің қорытындысын сараптай отырып мұғалім рефлексия жасайды онсыз білім беру процесінің заңдылығын түсіну мүмкін емес, педагогикалық шеберлікке бастайтын қозғалыс жоқ.

Кәсіби өзін-өзі дамытудың бастапқы компоненті өздігінен білімін көтеру болып табылады, біз бұл жерде «мақсатты түрдегі жалпы адамдық құндылықтарды әдістемелік және арнайы білім арқылы, кәсіби ептілігі мен дағдысы арқылы игеру бойынша педагогтың танымдылық әрекеті».

«Орыс оқытушыларының оқыушысы» деген атақ алған К.Д. Ушинский оқытушы оқу барысында ғана өмір сүреді деп санаған, қазіргі кезеңгі белгілі ғалымдардың бірі Д.С. Лихачев жастарға «Үнемі оқу керек. Барлық ірі ғалымдар тек қана біреуді оқытып қойған жоқ өздері де оқыды. Оқуды тоқтатқан күні – оқыта да алмайсың. Себебі білім үнемі өсіп жетіліп отырады » деген [1].

Өзін-өзі жетілдіру білімі мен тәжірибесі өзін-өзі тәрбиелеудің алғышарттарын құрайды, ол өз кәсіби жекелігін дамытудағы үш бағытын меңзейді:

А) өзінің жеке-қайталанбайтын ерекшелігін педагогикалық әрекеттер талаптарына бағыттау;

Б) кәсіби компетенттігін үнемі арттырып отыру;

В) жеке тұлғаның әлеуметтік-адамгершіліктік басқа да қасиеттерін үнемі арттырып отыру.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу, ол басқа да әрекеттер сияқты өзінің негізгі күрделі жүйесі, мотивтері, белсенділік мотивтері бар. Әдетте мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеудің қозғаушы күші мен көзі жетілуге деген қажеттелік арқылы түсіндіріледі. Алайда бұл қажеттілік қажеттілік арқылы талаптар арасындағы қарсылықты шешуді құрамайды. Оқытушыға ұсынылатын Талаптар «өзін өзі ынталандырады немесе оқытушыны осы қарама-қайшылықты шешетін қандайда блмасын әрекетті олдандуға итермелейді».

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу негізінде оқытушының әрекеті негізіндегі сияқты мақсат пен мотив арасында қарама-қайшылық туындап отыр. Мотивтің мақсатқа қара жылжуын қамтамасыз ету — өзін-өзі тәрбиелеуге деген нақты қажеттілік деген сөз. Оқытушының өзін-өзі тәрбиелеуге деген қажеттілігі одан әрі жеке белсенділігі арқылы көрініп отырады (сенімі; парызын сезіну, жауапкершілік, кәсіби адалдық, дұрыс бағалай білу т.б.).

2. Өзін-өзі бағалауды қалыптастыру.

Ғылым өзін-өзі бағалаудың екі тәсілін көрсетеді. Біріншісі өзінің қызығушылығын қол жеткен нәтижеге жатқызу, екіншісі — әлеуметтік салыстыру, қоршаған ортаның өзі туралы ойын әлеуметтік түрде салыстыру. Осы тәсілдерді қолдану барысында үнемі адекватты өзін-өзі бағалау туындай бермейді. Аздаған үйреніп қалушылық өзін-өзі жоғары деңгейде бағалауға әкеліп соғуы мүмкін тек қана алдына жоғары міндеттер қоятын тәрбиешілер ғана қиындықтарға жолығады. Шығармашылықпен жұмыс істейтін оқытушыны қанағаттандыра алмайды.

Өзін-өзі бағалаудың негізгі тәсілі (оның ішінде болашақ) — өз нәтижелерін жеке тұлға идеялымен, тәрбиеші-оқытушының әрекетімен салыстыру осындай жұмыстар алғашқы кұрстан басталуы керек. Кәсіби идеяды қалыптастырудың ең қарапайым және сенімді тәсілі ол — әлеуметтік әдебиеттерді өз бетімен оқу, атақты педагогтар өмірімен өз идеялын табу мақсатында танысу. Бұл оны өзін-өзі тәрбиелеуге деген жағдайдың тиімді түрі. Осы бағытта еліктеуге тұрарлық ерік жігері мол адамның идеялы тиімді рөл атақарады.

Өзін-өзі дұрыс бағалау мен дұрыс есеп беруге жеке күнделік жүргізу де жатады, бұл жерде өзін-өзі тәрбиелейтін субъект өз ептіліктерінің дамуын қадағалай алады [2].

Кәсіби өзін-өзі тану еріктік дамуды меңзейді, эмоционалдық саланы, темперамент пен мінезді, танымдылық процестерінің ерекшеліктерін меңзейді (қабылдау, түсінік, қиялдау, ойлау), сөйлеуді, және адам қасиеті ретіндегі көңіл қоюды меңзейді.

Жеке тұлғаның дамуындағы өзін-өзі жоспарлау процесі өзінің өзіндік жекелігін жетілдіруі туралы болжамын іске асыру.

Өзін-өзі тәрбиелеудің жоспарын құруға әдетте «өмір ережесі» жүйесі алғышарт болады, ол ақырындап жеке тұлғаның өзін ұстауы мен әрекетінің принциптерін айналады. Мысалы ешқашан ешқайда кешігіп бармау; ешкімге «иә» немесе «жоқ» деген сөзбен жауап бермеу – жауап берудің басқа формаларын іздеу; ешкімге көмек беруден бас тартпау т.б.

Өзін-өзі тәрбиелеудің бағдарламасымен қоса өзін түзету бойынша жоспар құру жұмысын да атап айтуға болады: ұзақ мерзімге арналған максимум-жоспар және қысқа мерзімге арналған минимум-жоспар (бір күнге, бір жұма неесе бір айға).

Өзін-өзі тәрбиелеу жұмысын енді ғана бастаған тәжірибесі жоқ адамдарға неғұрлым қарапайым жоспар ұсынылады ол үш тараудан тұрады: өзін-өзі тану және өз білімін көтеру; жоғары оқу орнының оқу материалдарын игеріп алу; өзін-өзі тәрбиелеу.

Өзін-өзі тәрбиелеу жұмысының мақсатын дұрыс қою үшін өзінің әлсіз және күшті жақтарын білу керек яғни өзін-өзі толық тану керек. Өзін-өзі танудың маңызды әдістерінің бірі — өзінің дұрыс және теріс тәжірибесін сараптау. «қиындықтар қателіктерінің төлі»

тәжірибесі –ең дұрыс оқытушы, үйретуші, ол қымбатқа түседі алайда, өзінен сабақ алады. Екінші әдісі өзіңді таны- өзіңді басқамен салыстыр.

Өзара әсер студия жолдары мен құралдары әр түрлі. Өзіндік ерекшеліктерін және нақты жағдайды есепке ала отырып әр адам оның оптималды бірлігін қабылдайды. Релаксация – тыныштықтың жалпы жағдайы, қатты уайымнан кейінгі немесе дене еңбегінен кейінгі тыншу болмақ.

Өзін-өзі тану құралдарының қатарына өзінің психикалық жағдайын игеру де жатады, яғни өзін -өзі реттей білу. Оған әр түрлі тәсілдер, өзінің көңілін басқаға аудару, өзін-өзі тыншыту мен бұлшық еттерін босату (релаксация), сондай-ақ өзін-өзі сендіру, өзіне бұйрық беру, өзін бақылау мен өзін сендірулер т.б. жатады.

Интергалды ептілікті жетік меңгеру және педагогикалық тұрғыда ойлау мен әрекет ету байқағыштықты, алдын-ала көре білуді және өз әрекетін және тәрбиеленушілердің әрекетін шығармашылықты түрде жобалау мен дамытуға бағытталған арнайы жаттығуларсыз мүкін болмайды

Соңғы кездері педагогикалық ғылымда студентті мектепте жұмыс істеуге және басқа да білім беру мекемелерінде жұмыс істеуге дайындаудың жекелік-бағытталған технологиялары жасалып жатыр.

Оқытушының біліктілігі талаптарының ең маңыздысы жоғары және орта кәсіби-педагогикалық білімінің болуы.

Біліктілік сипаттаманы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекітеді және ол педагогикалық жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждердің мазмұнының негізі болып табылады.

Осы көрсетілген ережелерге сәйкес студент өзінің жеке авторлық бағдарламасын жасайды, оған өзінің кәсіптік қалыптасуы барысындағы өзінің түзетулерін енгізеді.

Студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуі мен ерік жігеріне және мінезіне, әдеттеріне және ақыл ойының тәрбиесіне ерекше көңіл бөліну керек. Психология мен басқа да ғылымдардың бүгінгі күнгі жетістіктері осы жұмыстарды жоғары біліктілікпен құруға мүмкіндік береді [3].

Біз болашақ мұғалімдердің өздерінің педагогикалық кәсібиліктерін қалыптастырудағы өздігінен білім алу мен өзін-өзі тәрбиелеу жүргізудегі жұмыстарының кейбір мәселелеріне ғана тоқталып өттік. Олар студенттерге өздері туралы ойлануға, өзінің педагогикалық білімі туралы

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. -Москва., 2002
2. Ш.Х.Құрманалина,Б.Ж.Мұқанова. Педагогика. -Алматы., 2007
- 3.Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары -Алматы., 2007

Жауен А.Б.<sup>1</sup>, Калыкулова М. Е.<sup>2</sup>

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ИНКЛЮЗИВТІК БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының  
магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте «мәдениет» деген ұғымға мынандай анықтама береді: (латын тілінен аударғанда – мәдениет- білім беру, білім, тәрбие, даму) олардың өзара қарым-қатынасы, сондай-ақ олардың материалдық және рухани құндылықтары. Осыған сүйене отырып, келесі анықтама беруге болады: инклюзивтік мәдениет – бұл өзара қоғамның ортақ идеялары арқылы көрінетін, адамгершілікке, толеранттылыққа, өзара қарым-қатынастарға, шыдамдылыққа бағытталған қоғам дамуының деңгейі.

Оқу процесінің барлық қатысушылары ынталандырылады, мұнда әрбір адамның құндылығы жалпы жеткен жетістіктері арқылы қалыптасады. Инклюзивті құндылықтар-инклюзивтік мәдениеттің нормалары мен идеалдарын негізге алған маңызды компоненттерінің бірі. Инклюзивті мәдениет – инклюзивті білімнің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оны қалыптастырудың жүйесінің болмауы білім беру үдерісіне теріс әсер етеді және жақсы нәтиже бермейді.

Қоғамның инклюзивтік мәдениетін инклюзивті білім беруді табысты жүзеге асыру факторы ретінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы көп мәдениетті білім беруді дамыту факторы ретінде де қарастыруға болады. Педагогикалық мәдениет – «көп мәдениетті білім» тұжырымдамасы жас ұрпақты көпұлтты және көп мәдениетті ортада өмірге дайындау идеясына негізделген білім ретінде анықталады. Мұндай білімнің мақсаты әртүрлі ұлт, дін өкілдерімен ынтымақтастық қарым-қатынас жасау және басқа мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін түсінуді қалыптастыру, оларға қатысты теріс көзқарастарды жою болып табылады [1].

Қазіргі заманғы адам толерантты, шыдамды, басқа мәдениеттегі адамдарға құрмет сезімімен қарау, олармен бейбітшілік пен келісімде өмір сүре алатын және белсенді өзара әрекеттесуге дайын болуы керек. Осындай дағдыларды меңгеру үшін сіз тиісті мәдениетке ие болуыңыз керек. Инклюзивті білім беру және көпмәдениетті білім беру арасында нақты байланыс бар, бұл көптеген идеялар мен концепциялардың бірлігінде, сондай-ақ олардың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табады. Осы екі бағыттың маңызды ұқсас белгілері қоғамда адамгершілік тәрбиені жүзеге асыруда жоспарланған жүйемен инклюзивті мәдениетті дамыту, насихаттау және тарату арқылы қол жеткізуге болатын ерекше төзімділікті талап етеді.

«Инклюзивті мәдениет» термині инклюзивтік білім берудің бөлігі ретінде көп мәдениетті білімге қатысты. Осы анықтамада инклюзивті мәдениет ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарға ғана емес, басқа ұлтқа, дінге немесе басқа да ерекшеліктерге байланысты адамдарға да қатысы бар. Адамдарға құрметпен қарау, адамгершілік көзқарас, жауапкершілік кез-келген адам үшін маңызды. Сондықтан адамдардың, ең бастысы оқушылардың, ата-аналардың, педагогтардың оны меңгеруі инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды негізі ретінде қарастыруға болады.

Мектептегі немесе мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру мәдениетін қалыптастыру аспектісінде теңдік, қатысу, ынтымақтастық басымдықтарының құндылықтары инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарымен әлеуметтік және білім беру

инновациялық процесі, динамикалық дамып келе жатқан тәсіл ретінде сәйкес келеді, бұл ретте жетекші оқушылардың әр алуандығына оң көзқарас болып табылады, ал жеке ерекшеліктер мәселе ретінде емес, тану процесін байыту мүмкіндігі ретінде қабылданады. Білім беруде инклюзивті ұстанымның негізгі принциптерін анықтаймыз [2].

Қоғам үшін барлық оқушылар мен педагогтардың тең құндылығын тану; мектеп өмірінің барлық аспектілеріне мектеп оқушыларының қатысу дәрежесін арттыру және оқушылардың кейбір топтарының оқшаулану деңгейін бір мезгілде төмендету; білім берудің педагогикалық әдістері мен технологияларын мектеп жанында тұратын барлық оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне толық сәйкес болатындай етіп өзгерту; білім алу жолындағы кедергілерді талдау, зерделеу және еңсеру және тек мүгедектігі бар немесе ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін ғана емес, мектептің барлық оқушылары үшін мектеп өміріне толыққанды қатысу.

Және қандай да бір топтың ғана емес, жалпы мектеп оқушыларының игілігіне бағытталған реформалар мен өзгерістер жүргізу; оқушылар арасындағы айырмашылықтар – бұл жеңуге қажетті кедергілер емес, педагогикалық үдеріске ықпал ететін ресурстар; оқушылардың академиялық нәтижелерін арттыруда ғана емес, сонымен қатар жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік құндылықтарын дамытуда мектептердің рөлін мойындау; білім берудегі инклюзия – қоғамдағы инклюзивті аспектілерінің бірі жатады.

Инклюзивті білім беру процесі негізінде жатқан бұл тұжырымдамалық ережелер мектептің инклюзивті мәдениетін қалыптастыру ережелерін немесе тәсілдерін қалыптастырады. Инклюзивті мектеп мәдениеттердің алуан түрлілігін жаңа шындық ретінде қарастырады. Қазіргі заманғы мектеп әртүрлі этникалық топтар мен мәдениеттерге жататын, әртүрлі экономикалық және әлеуметтік мәртебесі бар, әртүрлі қабілеттері, денсаулық жағдайы, қызығушылықтары мен оқыту мақсаттары бар балаларды оқытуға дайын болуы тиіс. Осылайша, мектеп бірыңғай оқу жоспарымен және барлық балаларды оқытуға бірыңғай көзқараспен шектелмеуі тиіс.

Инклюзивті мектеп барлық оқушылар үшін білімге, дағдыларға және ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай қол жеткізуді ұсыну әрбір оқушының таңдау еркіндігін қамтамасыз ете отырып, мүмкіндігін арттырады және білім берудегі кедергілерді жеңуге және мектеп өмірінің барлық салаларына қатысуға жағдай жасайды. Инклюзивті мектеп оқыту процесін дараландыруды сақтайды. Педагогикалық процессте инклюзивті мектеп мұғалімдері әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолданады, бұл ретте жеке қажеттіліктерге, қабілеттер мен оқушыларды оқытудың мақсаттарына сәйкес оқытуды дербестендіруге қол жеткізеді.

Инклюзивтік мектеп әрқашан өзінің барлық оқушыларына оқуда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Инклюзивті мектеп жұмыстың командалық стилін пайдалануды көздейді. Бірде-бір мұғалім өте көп түрлі балаларды оқыта отырып, табысқа жете алмайды: оған әріптестерінің тарапынан көмек қажет болады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының, мектеп әкімшілігінің мүшелерін қоса алғанда, әртүрлі мамандардың командалық жұмысы әр баланың дамуында ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі және шынайы мектеп қауымдастығын қалыптастыруға ықпал етеді [3].

Инклюзивті мектеп отбасылармен, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастықта жұмыс істейді. Барлық мүдделі тараптардың мүшелерін мектеп қызметіне қатысуға тарту мектеп қауымдастығын кеңейтуге алып келеді және мектеп қызметіне қосымша ресурстарды тарту көзі болып табылады. Инклюзивтік мектеп әр оқушыдан білім алуда табыстар күтеді. Оқытушылар әр оқушыға сенуі, оның қабілеттері мен дарындарын лайықты бағалауы тиіс. Әрбір баладан, оның қандай да бір мәдениетке, тілге, қабілетіне, денсаулық жағдайына немесе отбасылық жағдайларға жататынына қарамастан, табыс пен жетістіктер күтеді.

Оқушылардың өздері өткізетін театрлық қойылымдар, конференциялар, көрмелер, дөңгелек үстелдер және тағы басқалар сияқты сабақтан тыс қызметтің әртүрлі түрлері инклюзивтік мектептерде өзін жақсы жағынан көрсетеді. Инклюзивті мектеп қоғамның

әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Мектеп әр баланы қабылдау философиясы мен мәдениетін, оқуға икемділігін, сонымен қатар оның маңызды әлеуметтік құндылығын қолдайды. Инклюзивтік мектеп әрбір мүшенің даралылығы бағаланатын және әрқайсысы көмек пен қолдау ала алатын қоғамды қалыптастыруға ықпал етеді [4].

Инклюзивті мәдениет тосыннан пайда болмайды, ұжымшылдық және теңдік сияқты құндылықтарды оқу орындар өміріне енгізу жөніндегі күштердің нәтижесі болып табылады. Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру мәдениетін қалыптастыру аспектісінде теңдік, ортақтастық, ынтымақтастық басымдылықтарының құндылықтары оқушылардың әртүрлілігіне позитивтік қарым-қатынас жетекші болып табылатын әлеуметтік және білім берудің инновациялық процесі, қарқынды дамытын тәсіл ретінде инклюзивті білім берудің негізгі принциптерімен тікелей байланысты, ал жеке ерекшеліктері проблема ретінде емес, тану процесін сапаландыру мүмкіндігі ретінде қабылданады.

Сондықтан, инклюзивті мәдениет – инклюзивті білім берудің мақсаттарына сәйкес жоғары нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндіктерін қамтамасыз ете отырып, қажеттіліктердің алуан түрлілігін қабылдауды қоғам дұрыс қабылдайтын, қолдайтын, жинайтын инклюзивті қоғамның мәдениетін қалыптастыру, жалпы алғанда, педагогикалық қоғамдастық пен қоғамды үздіксіз жетілдіруді сақтау, қабылдау, ынтымақтастықпен ынтыландыру үшін маңызды негіз болып табылады.

Атап айтқанда, мектеп білім беру кеңістігіне қатысушылардың барлығының назарын білім беру және ерекше білім алуды қажет ететін балаларды әлеуметтендіру мәселелеріне аудара отырып, инклюзивті қоғам құруды насихаттауы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Битянова М. Р. Психология в школе: содержание и организация работы. М., 2000г.
2. Навайтис, Г. Профессиональная психологическая помощь подростку. М.: Изд-во Модек, 2007 г.
3. Организация диагностической и психокоррекционной работы с детьми, оказавшимися в кризисных ситуациях. Авторы- составители: Осипова А. А, Чаусова Л. К., Мясникова М. Н., Гейденрих Л. А., Солтовец А. В.- Ростов- на – Дону, 2001.
4. Насилие в семье: Особенности психологической реабилитации: учебное пособие / под ред. Н.М, Платоновой и Ю.П. Платонова. – СПб.: Речь, 2004.

Жауен А.Б.<sup>1</sup>, Калыкулова М.Е.<sup>2</sup>

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік – педагогикалық пәндер кафедрасы,  
Педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім бағдарламасының  
магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларға көз жүгіртсек, психологиялық - педагогикалық зерттеулерде бала мінез-құлқының ауытқу мәселесі түбегейлі зерттелініп сипат алғанымен, қалыпты дамыған бала мінез-құлқының жағымсыз түрлерінің туындау себептері ғылымда өз деңгейінде әлі де жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Мұндай балалардың мінез-құлқына келесі қасиеттер тән: өкпелегіштік, бұзықтық, бірбеткейлік, дөрекілік. Олар басқа балалармен үнемі ұрсысып, керісіп, ескертулерге тез ренжіп қалады.

Автор мұндай мінез-құлық оның ұжымындағы дұрыс құрылмаған өзара қарым-қатынастардың салдарынан пайда болады деген қорытындыға келеді.

Балалық шақтан өткен, бірақ ересектікке әлі жетпеген 11 - 15 жас аралығындағы, балаларды психологияда жеткіншек жас кезеңіндегілер деп атайды. Бұл жас кезеңі «өтпелі кезең», «қиын жас», «проблемалы кезең» т.б. көптеген қосымша белгілерге бай. Оның барлығы осы жас кезеңінде жүретін психофизиологиялық үрдістермен байланысты. Бұл жас аралығында бала ағзасы дамуының бір сатысынан екінші сатысына өтіп, ал әлеуметтік дәрежесі бойынша олар әлі балалық шақта жүрген кезең. Психологияда мұндай құбылыс даму дағдарысы деп аталады [1].

Жеткіншек жастағы балалар психологиялық көмекті қажет етеді. Дегенмен, жеткіншек жас кезеңінде мінез ерекшеліктері қалыптасып, ол өмірлік максатқа байланысты бола бастайтыны, өмірге деген көзқарасы және бағыттылығымен байланысты екендігі анықталады. Сондықтан психологиялық қызметтің осы бағыттағы жұмыстарының басым көпшілігі жеткіншек жас кезеңіндегілерге көмек көрсетумен байланысты ұйымдастырылады. Жеткіншектің ересектік белгілерді қабылдауда соларға теңелсем дейтін үлгілердің алуан түрлі болуына байланысты. Қалыптасатын өмірлік құндылықтардың мазмұны, жеткіншектің жеке басының қалыптасуының жалпы бағыты көбінесе белгілі бір үлгілерге бағдарлануға байланысты болады. Осы үлгіге негіз болатын ересектердің сыртқы келбетінің өзіне тән белгілері мен мінез-құлық мәнерлері, кейбір өздеріне тән ерекшеліктері болғандықтан балалармен салыстырғандағы артықшылық жағдайлары неғұрлым айқын көрінетін ересектіктің сыртқы белгілері жеткіншектер үшін тартымды болып көрінеді. Олар - темекі тарту, құмар ойын ойнау, шарап ішу, сөйлеу мәнері, киім мен шаш қоюдағы ересектерге тән сән, сәндік опа-далап, әсемдік заттар, қылымсу тәсілдері, дем алу, көңіл көтеру, ілтипат білдіру т.б. тәсілдерін басшылыққа алады. Темекі ұстаған бала өзіне-өзі ересек болып көрінеді, төңірегіндегілерге де солай болып көрінемін деп ойлайды. Жеткіншек үшін ересек ер азаматтың немесе әйел азаматшасының мұндай белгілерін қабылдау оның өзінің ересектігін көрсетудің өзінде сондай сенімді орнықтырудың амалы. Барлық ересектерге тән қасиеттерді балалармен еліктеу арқылы қабылданады. Мұның өзі ересектікке жетудің ең оңай тәсілі болып табылады, ал жеткіншек үшін оның өзінің ересектігін айналасындағыларға байқатқызатын маңызды әдісі. Сондықтан оның мұндай формасы өте кең тараған ерекше тұрақты болады және жеткіншектерде көбінесе бірінші кезекте орын алады да, оның жағымсыз екенін балаларға ұғындыру қиынға соғады [2].

Жеткіншектерде жоғары сыныптағылар немесе басқа балалар нақты үлгілер болатыны жиі кездеседі. Әдетте жеткіншектерді ересектер өмірінің азды-көпті тыйым салынған жақтарына баулитындар, оларға өздерінше «мұғалім», «үйретуші» болатындар нақ солар болады. Ғалымдардың айтуы бойынша, жеткіншектердің қарым-қатынастарының негізі бос уақытты өткізу мәдениетінің төмендігі деген пікір, «көңілді, жеңіл» өмір стиліне еліктеу өте қауіпті болып шығады. Бұл орайда оқу жеткіншектің өмірінде әдетте маңызды орын алмайды, танымдық ынта жоғалады, сөйтіп өзіне сәйкес өмірлік құндылықтарымен қоса уақытты көңілді өткізу деген өзіне тән ерекше ниет бекиді. Уақытты бұлай өткізуге ақшаның қажет болуы құқық бұзушылықтардың себебіне айналуы мүмкін. Қазіргі бар мәліметтерге қарағанда, жасы жетпей тәртібін бұзушылардың көбінің бос уақытын өткізу мәдениеті төмен болады. Ересектіктің дамуындағы мұндай бағыт - өте жағымсыз бағыт. Алайда, ненің де болса өз бастауы бар, жағымсыз жайлардың да алғашқы түйіншектері жеткіншектік жақтың басында пайда болуы мүмкін. Ең кіші жеткіншектердің класын сырт пішінінің ересектігі айқын аңғарылатын балаларды дүрліктіріп жүретіні жиі болады. Олардың ішінде есейіп кеткендер де көп болады. Мұндай балаларды сыныптастары қалғандарымен салыстырғанда ересектер деп түсінеді, нақ осы себептен де оларға барынша ықыластанады. Біреулері оларды жазғырса, енді біреулері оларға теңесуге әрекеттенеді, олармен әбден жақындасуға тырысады. Мұның өзі тәрбиешілер үшін тікелей дабыл болуы керек: ересектіктің мұндай жағымсыз көріністерін дереу анықтап, жеткіншектерде ересектіктің құндылық мазмұны



туралы, шынайы сыйластық пен беделдің негіздері туралы дұрыс ұғым қалыптастыру қажет [3].

Балалардың арасында күштілігімен, батылдығымен, ептілігімен, спорттық іскерліктерімен көзге түсетін құрдасы да жеткіншекке үлгі болуы мүмкін. Мұндай балалар өте белгілі болады, ал мұның үстіне олар жақсы жолдас болса, олардың беделі өте жоғары болуы мүмкін. Қорқақтықтың көріністері үзілді-кесілді айыпталады. Өзінің батылдығын көрсету үшін жеткіншек шектен асқан істерге, ал кейде қоғамдық жағымсыз істерге де тәуекелге баруы мүмкін. Дене күші жоғары бағаланады. Кейде сыныпта немесе бір топ баланың ішінде барлық балалар кімнің күші кімнен асып түсетінін біледі, соны көрсету үшін сайыстарға да түседі. Жеткіншектер өздерінің дене күшінің өсуіне өте сергек қарайды. Олар күресіп, күш сынасқанды жақсы көреді. Күрестің алуан түрлері жұрттың алдында өтеді. Кейбір балалардың төбелесқойлығы көбіне біреуден өзінің күші басым екенін дәлелдеуге тырысумен байланысты. Жолдастары сыйлайтын болуы үшін, жеткіншек өзі айтатын ерлік қасиеттерінің әр түрлі көріністеріне өзінің қатынасу шамасын едәуір асыра көрсетуі мүмкін [4].

Ересектермен қатар және теңдей еңбекке қатынасу, оларға үлкендер тарапынан көп сенім білдірілген жағдайда жеткіншекте жауапкершілік, дербестік, оңтайлылық сезімін, әртүрлі істер мен міндеттерді орындауда, басқалар туралы ойлап, қамқорлық жасау, сезімталдық пен ілтипаттылық қасиеттерін қалыптастырады. Бұл қасиеттердің қалыптасуына қолайлы жағдайлар жеткіншектерді ересек адамның көмекшісі әрі тірегі позициясында болғанда жасалады. Жақын адамдардың игілігі, олардың қамын ойлау жеткіншек үшін ерекше маңызды болып, өмірлік қазына сипатын алады. Мұның өзі адамгершілік сенімдердің, жеке мінез-құлықтың, болашаққа жоспар құрудың ерте бастан қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды [5].

Болашаққа арналған жоспарлар туралы ойлағанда жақындарының қамын ойлау көп орын алады. Көптеген жеткіншек ер балалардың ересектердің әр түрлі іскерліктерін - ағаш және темір ұсталығын меңгеруге, станокта жұмыс істеуге, автомашина, мотоцикл, трактор жүргізуге, фотосурет түсіруге, мылтық атып, аң аулауға, компаспен бағдарлануға т.б. іс-әрекеттерді үлкендердей орындауға ұмтылатынын атап айту керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 С.Дүйсенбиева. Қиын балалармен жұмыс түрлері. - Семей: Болашақ, 2012. Б. 99 – 101.
- 2 Е.Оңалбай. Психолог – тәрбие жұмысындағы жетекші тұлға. – Семей: Болашақ, 2011. - Б. 127 – 129.
- 3 Ә.Марғұлан. Психология және социология. - Алматы: Хабаршы, 2014. – 211 б.
- 4 С.М.Жақыпов, Т.К.Күнсләмова. Жетекшідегі «мен» бейнесі және агрессивті мінез-құлық пен өзіндік бағалаудың байланысы. - Алматы: Алматы кітап, 2011. – 98 б.
- 5 Выготский Л.С. Педология подростка. - М.: Наука, 2010. – 100 с.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Мектепке дайындық туралы айтатын болсақ, олар баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік даму деңгейі туралы айтады, яғни мектеп бағдарламасын оның денсаулығына әсер етпейтіндей етіп сәтті дамыту үшін қажет.

Сонымен, мектепте оқуға дайындық ұғымы:

мектепте оқуға физиологиялық дайындық

психологиялық дайындық

мектепте оқуға әлеуметтік немесе жеке дайындық.

Барлық үш дайындық бір-бірімен тығыз байланысты, олардың біреуінің болмауы мектептегі үлгерімде көрінеді. Баланың денесінің негізгі функционалды жүйелерінің дамуы және оның денсаулық жағдайы мектепке дайындықтың негізін құрайды.

Мектептегі физиологиялық (функционалды) дайындық бала ағзасының негізгі функционалды жүйесінің даму деңгейімен және оның денсаулық жағдайымен анықталады. Дәрігерлер балалардың мектепте жүйелі оқуға физиологиялық дайындығын белгілі бір критерийлер бойынша бағалайды. Психиканың мектепке дайындығын қалыптастыру және диагностикалау кезінде оның физиологиялық даму деңгейін және баланың денсаулық жағдайын ескеру қажет, яғни олар мектеп іс-әрекетінің негізін құрайды. Қарым-қатынаста қиындық көретіндер, әдетте, ойлау дамуының ең жоғары деңгейіне қарағанда әрдайым ауыратын студенттер.

Барлық балалар әртүрлі жолмен дамитынын ұмытпау керек, негізінен баланың жасы биологиялық жасқа сәйкес келмейді, 6 жастағы бір бала жүйелі түрде өзін-өзі тәрбиелеуге және физикалық дамуға дайын, ал екіншісі-7 жасында қарапайым мектеп бағдарламасы олардың күшіне сәйкес келмейді.

6-7 жас аралығында жүреді мәнді өзгерту баланың жүйке жүйесіне, әуелі, қатысты бас миының қатысты, оның құрылысы мен жұмыс істеуін.

Бұл өте маңызды, сондықтан ол жаңа білімді игеруде маңызды рөл атқарады, оқу қызметін қамтамасыз етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар оқу жылының алғашқы айларында қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Мектепке дайындалған балалар осындай қиындықтарға тап болады. Оқу іс-әрекетінің күрделенуі қозғыш, инертті балаларда ингибирлеу реакциясын немесе ауыр емес, төзімді балаларда қозу реакциясын тудырады.

Балалардың мектепке психологиялық дайындығы.

Баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындығы – білім беру мазмұнында өз мәдениетінің бір бөлігін немесе басқа бөлігін игеруге дайындығы, оқу іс-әрекетінің формасы-өзі күрделі құрылымдық және жүйелік білім, яғни бала психикасының барлық аспектілерін қамтиды.

Ол жеке-мотивациялық және ерікті саланы, жалпыланған білімді, қарапайым жүйелерді және көріністің кейбір оқу қабілеттерін және т.б. қамтиды, бұл психикалық қасиеттер мен қасиеттер емес, олардың толық бірлігі, яғни белгілі бір құрылымға ие.

Дайындықтың құрылымға енуі маңызды-оқу қасиеті, күрделі қарым-қатынасты қалыптастырады және мектептегі жетістікке біркелкі әсер етпейді.

Бастауыш мектепте баланы сәтті оқытудың бірінші шарты-оның оқу мотивтеріне сәйкестігі, оған маңызды көзқарас-бұл қоғамдық жұмыста білім алуға деген ұмтылыс, белгілі бір оқу пәндеріне қызығушылық. Сонда ғана оқу мотивінің жеткілікті жағдайы мен тұрақтылығы баланы мектептің міндеттерін жүйелі және моральдық орындауға итермелейді. Бұл мотивтің пайда болуы мектеп жасына дейінгі кезеңнің соңында қалыптасты, балалардың мектепке келуге деген ықыласы болуы мүмкін. Баланың көз алдында бір жағынан оқушының міндеттерін қалыптастыру және қоршаған ортадағы өмірге деген қызығушылықтың белсенді ойлауын дамыту, жаңа нәрсені білуге ұмтылу.

Мектепке мотивациялық дайындық-бұл мектепке бару, жаңа білім алу, оқушы атағын алу ниеті. Ересектер әлеміне деген қызығушылық, олар сияқты болуға деген ұмтылыс, отбасындағы және мектептегі ересектермен оң қарым – қатынасты тұрақтандыру және сақтау, өзіңізді жақсы көру-мұның бәрі мотивациялық оқыту нұсқалары. 6 жасында бала біртіндеп ерік-жігердің негізгі элементінің құрылымын қалыптастырады.

Бала мақсатқа жетеді, шешім қабылдайды, іс-қимыл жоспарын жасайды, оны орындауға тырысады, кедергілерді жеңу үшін күш көрсетеді. Бірақ ерікті мінез-құлық әлі әлсіз. Ерікті дайындық-бұл өз іс-әрекеттерін ерік-жігермен бақылау, мінез-құлқыңызды басқару қабілетінің даму деңгейі. Бұл дайындық жалпы әрекетті бірінші сынға қосуға, оқу талаптарын қабылдау жүйесін, ол үшін жаңа Ережені орындауға мүмкіндік береді. Либералды мінез-құлықты дамытудағы басты нәрсе-мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында пайда болған қалыптасқан және мотивациялық иерархия, оларды ынталандыру нәтижесінде, яғни бір мотивация бірінші орынға шығады және артық болады, ал екіншісі бағынышты орын алады. Зияткерлік дайындық-баланың белгілі бір білім қорын қабылдауын, принциптерін, заңдылықтарын, жалпы қабылдауын, визуалды бейнені, визуалды-схемалық ойлауды, шығармашылық қиялын, табиғат пен әлеуметтік көрініс туралы білімдерін алдынала анықтайды. Зияткерлік дайындық, сондай-ақ оқу міндетін бөліп көрсетудің белгілі бір дағдыларын қалыптастыру, оны іс-әрекеттің тәуелсіз мақсатына айналдыру. Балалардың білімді меңгеру сапасы танымдық процестің даму деңгейіне байланысты. Балалардың мектепте оқуға әлеуметтік дайындығы. Мектепке әлеуметтік немесе жеке бейімделуге дайын болу, баланың жаңа қарым-қатынасқа, қоршаған әлемге және өзіне деген жаңа көзқарасына дайын болу. Баланың дамуының өтпелі кезеңінде ол күрделі тәрбиелік көзқарасқа ие болады. Өйткені, жүйе қолданылатын педагогикалық талаптарға, оның дамуының жаңа деңгейіне және оның жаңа талаптарына сәйкес келмейді. Басқаша айтқанда, педагогикалық жүйенің өзгеруі баланың жеке басының өзгеруі ғана емес. Бұл бөлу мағынасы бар, дағдарыс өте өткір. Әлеуметтік-психологиялық дайындық оқушыға сыныптастарымен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін ұжымдағы жұмыс сапасын білдіреді. Өтпелі кезеңнің психологиялық мәні және оның осы кезеңдегі мағынасы баланың бүкіл психикасында жаһандық өзгеріске ие. Өзіне және басқаларға деген көзқарас өзгереді, жаңа қажеттіліктер мен мүдделер пайда болады, білім процестері қайта құрылады, баланың қызметі жаңа сипатқа ие болады. Белгілі психикалық функциялар мен процестер өзгеріп қана қоймай, баланың функционалды жүйесі толығымен қайта құрылады. Барлық осы көріністер баланың жоғары жас деңгейіне көшкенін көрсетеді.

Мектепке бару - бұл үлкен жаңалық, баланың өміріндегі шешуші кезең, өмір мен қызметтің жаңа жағдайына көшу кезеңі, қоғамдағы жаңа орын және оның өсуі. Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық және білім беру тәжірибесінде « Мектеп жасына дейінгі баланың мектепке дайындығы» ұғымы кең таралған. Психологиялық сөздікте "мектепке дайындық" ұғымы жүйелі ұйымдастырылған мектепке сәтті көшуді қамтамасыз ететін үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық сипаттамаларының жиынтығы ретінде қарастырылады.

В. С. Мухинаның пікірінше, баланың мектепке дайындығы, әлеуметтік жетілу нәтижесінде баланың оқу іс-әрекетіне қызығушылығы, оқуға деген құштарлығы мен қажеттілігі туралы хабардар болуы. Д. Б. Эльконин баланың мектепке дайындығын бала мен ересектер арасындағы әлеуметтік қарым-қатынас деп санайды. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруға қойылатын жоғары талаптарға жауап беретін жаңа және тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдерді іздеу қарқынды дамуда. Мектепке дейінгі жастағы баланы мектепке дайындау мәселесі ерекше мәнге ие, өйткені оның мектепке бейімделуі, мектеп өмірінің тәртібіне үйренуі, сабақтағы жетістіктері және психологиялық өзін-өзі тану сезімі баланың мектепке қаншалықты дайын болуына байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Кварцова Е.Е. Балалардың мектепте оқуға дайындығының психологиялық мәселелері-М.,Педагогика,2018.-67б.

2.Баймұратова Б.А Алты жастағы балаларды оқыту мәселелері.- Алматы.: Алматыкітап,2017.-77б.

3.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.Алматы.: Алматыкітап,2016.- 33б.

4.Қазақстан Республикасының бейіндік оқыту тұжырымдамасының жобасы. Алматы.: Алматыкітап, 2010.-69б.

5. Майер А. А. Мектепке дейінгі білім беру педагогының кәсіби құзыреттілік моделі //Мектепке дейінгі білім беру мекемесі басқармасы. Алматы.: Алматыкітап, – 2017. – № 1 (35). - 8-15б.

6.Лукьянова М. И. мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі: теориялық талдау ұғымдар-2007. – № 1 (35). – Б. 15 – 22.

Аубакирова А.А.<sup>1</sup>, Қадылбекқызы С.<sup>2</sup>

## **БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕ БЕЙІМДЕЛУ АТА-АНА МЕН ТӘРБИЕШІНІҢ АРАСЫНДА ПСИХОЛОГПЕН БАЙЛАНЫС ОРНАТУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Мазасыздану, бейімделудің ауыр формасы әдетте ата ананың баласының жаңа өмір жағдайына эмоционалдық дайын болмауымен байланысты түсіндіріледі, әсіресе оларда мектепке дейінгі мекемеге қатысты мазасыздану басым болады. Бейімделу кезеңінің тиімділігі бұл үрдіске отбасының араласуы барысында тиімді бола түсетіні анықталды.

3-5 жас аралығындағы балаларда өздеріне тән ерекшеліктер бар. Бұл кезең балалардың ата-анасынан айырылу мен жаңа жағдай алдындағы қорқыныш сезімдерінің өткір болуымен сипатталады. Мектепке дейінгі мекемедегі жағдайға бейімделу аса ауыр өтеді. Сондықтан бұл кезең балаға аз жарақат әкелетіндей ұйымдастырылуы тиіс. Баланың балабақшаға келуі күйзеліске түсіреді. Өзіне бөгде адамдар мен көп балалардың болуы, айналадағы таныс емес жағдай осының бәрі олардың стрессінің негізгі себебі.

Бейімделу үрдісінің алғашқы кезеңінде қиындықтар болмас үшін баланың отбасынан балабақшаға өтуі біртіндеп жүруі тиіс. Сондықтан мектепке дейінгі мекеменің қызметкерлері мен ата – ана арасындағы өзара әрекет пен ынтымақтастық баланың балабақша жағдайында жеңіл бейімделуінің негізгі кепілі болмақ. Мұндай ынтымақтастық балада ғана емес ата-аналардың да балалармен айырылысудағы мазасыздануын азайтады.

Бұл тақырыптың өзектілігі осы мәселе бойынша жалпы балабақша жағдайындағы бейімделу үрдісіне негізделеді.

Психологиялық кеңеске деген сұранысты талдау баланың балабақшаға келуімен байланысты ата – аналар тарапынан уайым мен мазасызданудың артатынын көрсетті. Бұл ең алдымен ата – ананың баланың жаңа жағдайға бейімделуі туралы, педагогтардың мүмкіндіктер мен мекеменің іс әрекет мазмұны туралы ақпараттануының төмендігімен байланысты. Сонымен қатар ата – аналардың мекемемен байланысқа түсуге деген ынта тілектерінің тұрақсыздықтары да анықталған. Бұл олардың бала тәрбиесінен алшақтап тәрбиешілерге, педагогтарға итере салуынан байқалады.

Мектепке дейінгі мекеменің мамандарының бақылауы мен талдауының нәтижесі балалардың соматикалық, психологиялық, физиологиялық өзгерістермен бірге жүретін және баланың денсаулығына кері әсер ететін мектепке дейінгі мекемеге орташа және ауыр бейімделу оқиғаларының артқанын анықтады және осыған байланысты бейімдеу бағдарламасын жасау қажеттілігін туғызды.

Сондықтан біздің ойымызша балалардың мазасыздану деңгейін төмендетіп, сәтті бейімделуі үшін қажетті жағдай ата аналар мен тәрбиешілердің ынтымақтастығын арттыру, отбасы мен балабақшада балаға деген қатынасты жақындастыру.

Біздің бағдарламаның мақсаты балалардың мектепке дейінгі мекемеге бейімделуі кезінде балабақша қызметкерлері мен ата – аналар арасындағы өзара байланысын нығайтуға қажетті ашық кеңістік құру.

1. Ата – аналарды баланың бейімделу кезеңіне деген қызығушылықтарын оятып, жауапкершілігін арттыру.

2. Баланың жаңа жағдайға бейімделуі кезінде ата – аналарға кеңес беруді ұйымдастыру.

3. Мектепке дейінгі мекеме мен отбасында тәрбиелеудің ортақ стратегиясын жасау.

4. Ата – аналардың өздерінің педагогикалық мүмкіндігіне сенімін арттыру және оларды қолдау, мазасыздану деңгейін азайту.

5. Білім беруге қатысушыларды психологиялық жақындастыру.

Жеңіл бейімделу – баланың жүріс – тұрысының 10 – 15 күн ішінде қалыпты жағдайға оралуы, соған сәйкес салмақтың артуы, ұжымда өзін дұрыс ұстауы, мектепке дейінгі мекемеге барған бірінші ай ішінде ауырмауы.

Мектепке дейінгі мекемеге барудың 20 күнінде баланың ұйқысы қалыпты нормаға келеді, өз уақытымен тамақтана бастайды. Көңіл – күйі сергек және қызығушылығы болады, бірақ мұның бәрі таңғы жылаумен сәйкесінше жүреді. Жақын адамдармен және ересектермен қарым – қатынасы бұзылмайды. Балаларға деген қарым-қатынасы қызығушылықпен немесе немқұрайлықпен сипатталады. Ортаға деген қызығушылығы үлкендердің қатысуымен екі аптада өз қалпына келеді. Сөйлеу мәнерінің дамуы тежеледі, бірақ бала үлкендердің айтқан нұсқауларын орындауы мүмкін. Бірінші айдың соңына қарай сөйлеу мәнерінің белсенділігі қалпына келеді. 10 күннен артыққа созылмайтын, ешқандай ауыр салдарға соқтырмайтын аурудың болуы мүмкін. Вегетативтік жүйке жүйесінде өзгерістер немесе невротикалық реакциялардың белгілері болмайды.

Орташа бейімделу – қозғалыстар бір ай көлемінде қалпына келеді, психикалық стресстің белгілері бар. Жалпы жағдайының бұзылуы айқын және созылыңқы түрде көрініс береді. Ұйқы және тәбет тек 20 – 40 күннен кейін ғана қалпына келеді. Бір ай көлемінде көңіл – күйінің тұрақсыз болуы тән. Жүріс – тұрыс реакциялары мектепке дейінгі мекемеге келгеннен 30 күнде өз қалпына келеді. Баланың жақын адамдармен қарым – қатынасы эмоционалдық қозу жағдайында болады (жылау, кездескен кезде немесе қоштасқан кезе айқайлау). Балаларға деген қарым – қатынасы немқұрайлы, сирек жағдайда қызығушылық болуы мүмкін. Сөйлеу мәнері қолданылмайды немесе белсенділігі төмендейді. Ойында бала өзінде қалыптасқан дағдыларды қолданбайды, жағдайға байланысты ойнайды. 10 күннен

артық созылмайтын, ауыр салдарсыз екі рет ауруы мүмкін. Салмағы өзгеріссіз немесе төмендейді. Невротикалық реакциялар көрініс береді: үлкендермен және балалармен қарым – қатынаста таңдау, нақты бір жағдайларда ғана қарым – қатынас жасау. Вегетативтік жүйке жүйесінің өзгерісі: бозару, терлеу, бет терісінің жарылуы, көздің астының көгеруі, беттің албыртып тұруы – 1,5 – 2 апта көлемінде.

Ауыр бейімделу – ұзақтығы 2 айдан 6 айға дейін. Бала жиі ауырады, алған әдет – дағдыларын жоғалта бастайды, физикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар психикалық жағынан үдеуі мүмкін. Бала жақсы ұйықтай алмайды, ұйқысы қысқа және жылап немесе айқайлап оянып кетеді, тәбеттің тартпауы ұзаққа созылып, тіпті тамақтан бас тартуға алып келуі мүмкін, невротиалық құсу, функционалды дәретке отырудың бұзылуы. Көңіл-күйі немқұрайлы, бала өте көп және ұзақ жылайды, жүріс-тұрыс реакциясы мектепке дейінгі мекемеге келген күннің 60-күнінде өз қалпына келеді. Жақындармен қарым-қатынас эмоционалды қозу күйінде болады және олармен бірлескен әрекет жасаудан бас тартады. Балаларға деген қарым-қатынасы: олармен қарым-қатынастан бойын аулақ ұстайды немесе агрессиялық қарым – қатынас көрсетеді. Бейімделудің ауыр жағдайы 2 нұсқа бойынша көрініс беруі мүмкін:

1. Жүйкелік-психикалық дамуы 1-тоқсанға артта қалады, респираторлық аурулар 10 мөлшерінде болып, үш реттен көп қайталаынады. Соның әсерінен бала 1-2 тоқсан уақытында өспейді және салмақ қоспайды.

2. Жүйкелік-психикалық даму 2-3 тоқсанға артта қалады, бойының өсуі және салмақ қосуы баяулайды, жиі ауырады.

3. Әлсіз көрініс фазасы – баланың адекватты жүріс-тұрысымен сипатталады. Психикалық жағынан жетілуі орташа жағдайдан баяу болады. Фаза 3-5 айға созылады.

Ауыр жағдайдағы бейімделудің симптомдары. Балабақшаға бару баланың осы уақытқа дейін қалыптасқан стереотиптерін қайта құруға мәжбүр етеді. Ол үшін бұл қиын соғады және көп жағдайда стресске алып келеді. Л.Н. Галигузова бейімделудің ауыр түрінің симптомдарын бөліп көрсетті :

1. эмоционалды жағдайдың бұзылуы;
2. қарым-қатынас сферасының бұзылуы;
3. амбиваленттік мінез-құлық;
4. заттармен жұмыс жасауда іс-әрекеттің әлсіз жетілуі өмір сүру барысының өзгерісі бірінші кезекте баланың эмоционалды жағдайының бұзылуына алып келеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әубәкірова Ж.К. Мектеп жасына дейінгі балалармен қарым қатынас тренингін ұйымдастырудың педагогикалық психологиялық негіздері. Автореф.к.пс.н. – Алматы, 2001, - 88б.

2. Возрастная и педагогическая психология: Хрестоматия: Учеб. пособие для студентов пед. учеб. заведений /Сост. И.В. Дубравина и др. – М.: Изд. центр Академия, 1998. – 313 с.

3. Немов Р.С. Психология. Учеб. для студентов вые. Пед. Учеб. заведений. В 2 кн. Кн.2. Психология образования.- М.: Просвещение: Владос, 1994.- 496с.

4. Общение детей в детском саду и семье. / Под ред. Рониной Т.А., Стеркиной Р.Б., - М.: Педагогика, 2000.-260с.

**БАЛАБАҚШАДА ДЕНСАУЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі. Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманда баланың денсаулығының нашарлап бара жатқандығын көрсетіп, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке-дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды. Осыған орай жұмыстың объектісі – мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналады. Дені сау ұрпақ тәрбиелеп өсіру әрбір адамның міндеті. Сондықтан, кез келген ата-ана, ұстаз сәбидің дене саулығына – дұрыс-өсіп дамуына, психикалық саулығына – ақыл-ойының дұрыс жетілуіне назар аударып, қадағалап отыру керек. Адамның денсаулығы бала күнінен қалыптасады. Денсаулықты қаншалықты сақтап, шынықтырса, ол соншалықты мықты болады. Балалар ауруларын төмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтардың кәсібишеберліктерін өрлету және де ата-аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді ұйымдастыру. Бұл іс-шаралар барлық білім салаларымен байланыстырып, әрекеттестіріп жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады. Дені сау баланы өсіруде бірнеше бағыттар алынды. Баланың тұлғалық ерекшелігін ескере күш-қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру. Бұл міндеттерге, тек шынықтыру шараларының кешенді түрде өткізгенде ғана нәтижеге қол жеткізді, яғни балабақшадағы баланың болған бір күні - оның ағзасына пайдалы дәрумендерді енгізіп ас мәзірін түрлендіріп, оны балаға жеткізу, қарапайым шынықтыру мен қатар арнайы жоспарланған шараларды, қимыл-әрекеті үйлесімді ұйымдастырылады. Баламен шынықтыру шараларын ұйымдастыру алдында бірнеше ережелерді сақтау керек: Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын (үрей, жылау, мазасыздық) тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, медбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болуы қажет. Оқу тәрбие үрдісін бала денсаулығына жүктеме болмайтындай, керісінше оны нығайтуға көмектесетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балабақшаның жұмыс ерекшелігін ескере отырып, бала денсаулығын нығайту мәселелері, мектепалды балалардың физикалық дамуы – мектепке дейінгі мекеменің жұмысының негізгі бағыты болып табылады. Балабақшада оқу-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың

денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдыналуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру 8 шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн. Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады.

Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану: Тыныс алу жаттығулары

- Жалпақтабандылықтың алдын-алу жаттығулары
- Сымбатты түзету жаттығулары
- Созылу(стретчинг) жаттығулары
- Йога жаттығулары
- Көзге арналған жаттығулар
- Таңертеңгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді.

Сонымен қатар дене тәрбие сабақтарында дәстүрден тыс құрал-жабдықтарды қолданған жөн. Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына көмектеседі. Себебі ағзада барлық өмірлік әрекеттер белгілі бір тәртіппен жүріп отырады. Жүрек ырғақты жұмыс жасайды, жиырылуы-босауы, тыныс алу, дем алумен -дем шығару кезектеседі, асқазандағы аста белгілі уақытта қортылып отырады. Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуға қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру-сауықтырудың тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады. Баланың денсаулығын қалыптастыратын бірнеше факторлар бар. Солардың ішіндегі бала денсаулығын қалыптастыруға жол ашатын негізгі шаралардың бірі – бала ағзасын шынықтыру. Шынығу дегеніміз ағзаның қоршаған орта факторларына, әсіресе, метеорологиялық факторларға қарсы тұру мүмкіндігін арттыратын ем шаралар (процедуралар) жүйесін айтамыз. Сонымен, табиғаттың өзінің табиғи факторларын қолдана отыра ( ауа, су, күн ), ағзаның қорғаныс қабілетін арттыруға, патогенді микроорганизмдерге қарсы тұру қабілетін күшейтуге, және ағзаның функционалды жағдайының жоғарлауына жол ашады: жүрекқантамыр, тыныс алу жүйесінің қызметі жақсарып, терморегуляция үрдісі жетіліп, бұлшықет тонусы, негізгі алмасу күшейе түседі. Баланың көңіл-күйінің дұрыстығы, яғни шынығуды бала өз еркімен қалауы қажет (баланы күштеуге болмайды, ондай іс-әрекет бала денсаулығына кері әсер бермесе, пайдасы болмайды). Сондықтан денсаулықты нығайту технологиялары жауапкершілікпен ойын әдістері арқылы кешенді түрде өтуі керек. Жас ерекшеліктеріне байланысты жаттығу түрлерінің кешені ойластырылып және де күрделі түрде топтастырылады. Бала ағзасын шынықтыру мақсатында әр-түрлі терапияларды пайдалану өте пайдалы деп ойлаймыз. Мысалы, ароматерапия балалардың шаршағандығын басады және жүйкелерін тыныштандырады. Музыка терапия балалардың жүйке-жүйелерін бекітеді және балалардың қиялға беріліп, өз әсерлерін жеткізуге көмектеседі. Осы екі саланы қосқанда жақсы үйлесім табады. Суреттер терапиясы (арттерапия) бұл өте әсерлі бөлім. Балалар сурет салу арқылы шындықты, өзіне оң немесе теріс әсер еткен жайттарды жеткізе алады. Ертегітерапиясы балалардың жүрек түбіндегі арман-қиялын дамытады. Ертегітерапиясын пайдалана отырып, балалардың ішкі дүниесіне үңіліп, олардың танымын оятып, оның жеке тұлға болып қалыптасуына көмектесуге болады. Құм терапиясын пайдалану баланың табиғи ортаға тез бейімделуіне көмектеседі. 9 Құм терапиясы қиял-ойды ұштайды. Балалар ауруларын төмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтардың кәсіби шеберліктерін өрлету және де ата-аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді ұйымдастыру. Қорытындылай келе біз ұстаздар қауымы бүгінгі заман алдымызға қойып отырған күрделі міндетті абыроймен атқарсақ, болашақ ұрпақтың денсаулығын нығайту мен сақтау біздің қолымызда болмақ.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім туралы Заңы, - Астана. - 2007
2. Ф.Жумабекова., Мектепке дейінгі педагогика, Астана-2012
3. Жалмагамбетова Б.Ч., Серemenко Н.П., 2013. Организация здоровьесберегающего пространства в образовательных учреждениях области.
4. Г.У.Демешева., Педагогические условия формирования основ здоровьесберегающей компетентности у детей дошкольного возраста.,

**Рақымжан Ә.Қ., Кенжебаева А.Б.**

## **МІНЕЗ – ҚҰЛҚЫ ҚИЫН БАСТАУЫШ СЫНЫП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Мінез – құлқы қиын балаларды түзету – күрделі, әрі қиын әрі ұзақ процесс. Оны іске асыруда көп шыдамдылық пен белсенділік қажет. Қазіргі, осы саладағы әлеуметтік, педагогикалық талаптар мен жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде бұл саладағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда мынадай шарттарды орындау қажеттігі туады: балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау; оның жағымды қасиеттеріне сүйену; оның адамгершілік күшіне, потенциалды мүмкіндіктеріне сену;– оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жалпы білім беретін бағдарламаларды тиімді пайдалану; салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қауіпсіз тіршілік етуге бағытталған тәрбиелік бағдарламаларды ұштастыра пайдалану; девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс – әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құру.

Қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік, саяси тұрақсыздықтар бала мінез – құлқындағы ауытқушылықтарға алып келеді. Қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтитын түпкілікті өзгерістер, сонымен бірге адам іс-әрекетінің көптеген салаларын жетілдіруді ынталандыратын позитивті өзгерістер жағдайында негативті тенденциялар да күшейіп келеді. Әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық, жұмыссыздық көптеген адамдардың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, әлеуметтік және психологиялық бағыттала алмау мен бейімделе алмау, жалпы адамзаттық адамгершіліктік және рухани құндылықтарды талап етудің төмендеуі, күрделі криминалды жағдай, әлеуметтік институттар іс – әрекетінің нашарлауы және т.б. Қалыптасқан социомәдени жағдай алкоголизм және нашақорлық, адамгершіліктік деградация, қылмыстардың жаңғыруы сияқты қолайсыз құбылыстардың дамуына алып келеді.

Қиын балалар мәселесін отандық ғалымдардан педагогикалық тұрғыдан, Л.К. Керімов, Г.А. Уманов, И. Трифанов, Д. Қазымбетова т.б., психологиялық тұрғыдан М.М. Мұқанов, Ж.Н. Намазбаева және т.б қарастырған. Қиын балалар мәселесінің әлеуметтік жағдайын Ш.Е. Жаманбалаева қарастырған [1].

Д. Қазымбетова өз еңбектерінде қоғамда неге девиантты мінез – құлық болады деген сұрақты және девиантты мінез – құлықтың болу себептері мен мүмкін боларлық шешу жолдарын көрсеткен [2].

Қоғамдық жаңарту кезеңінде, Қазақстандағы әлеуметтік саяси, экономикалық қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезегінде қоғамдық білім, тәрбие институттарының да

жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Бұл дегеніміз – қоғамдағы мектеп, отбасы орны, оның басты міндеті – бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатты.

Қиын мінез – құлықтың пайда болуына отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы: Олар: әке – шешесінің теріс үлгісі, ата-ананың біреуінің болмауы, үй ішіндегі еңсені басатын ауыр жағдай – отбасында өнебойы болып тұратын ұрыс, жанжал. Баланың табиғи психологиялық ерекшеліктерін ескермеу. Өкінішке орай отбасының теріс қылықтарын атап көрсету оңай, түзету қиын. Мектептегі оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда кеткен кемшіліктер: жекелеген оқушылардың мінез – құлық ерекшеліктерін, ынта – ықыласын, қызығушылығы мен талап – тілегін ескермеу [3].

Сонымен қиын мінез-құлықты балаларды әлеуметтік – педагогикалық мінездемелері жағынан төрт топқа бөлеміз. Бірінші топқа жататын девиантты мінез – құлықты балалардың мінез-құлқында дәрекілік, қатігездік, мейірімсіздік, үлкен – кішіні сыйламау сияқты әдет-дағдылар толық қалыптаспағанымен, олар іштей өз жүріс – тұрыстары мен іс – әрекеттеріне баға бере алмайды. Бірақ өз мінез – құлқын өзгертуге талаптанады. Екінші топқа жататындар адамгершілік қадір – қасиеттерді төмендей бастаған, әлеуметтік байдарлары қоғамға жат сыңаймен сипатталады. Бұлар қатігездік қылықтарымен қатар, ұрлық, тонау, зорлық – зомбылық жасау, темекі мен наша тарту, уытты сұйық заттарды иіскеу сияқты әдеттерге икемдене бастаған. Бұл топқа тәртібі нашарлаған, құқық тәртібін бұзушы жасөспірімдер жатады, бірақ бұл балалар әлі бұзыла қоймаған, өз мінез – құлықтарын түзетуге мүмкүндік қабілеті бар, тек педагог тарапынан басқаруды талап етеді. Үшінші топқа өз мінез – құлықтарын басқара алмай, өзін – өзі тәрбиелеуге бейімділіктері жоқ балалардың шағын тобы жатады. Қоғамға жат мінез – құлықтары қалыптаспағаны сонша, олар өздерінің теріс қылықтарына талдау бере алмайтын кәмелетке жасы толмаған қылмыскерлер. Бұл топқа қатігездік, зорлық-зомбылық көрсетумен қатар ұрлық, тонау, ішімдік және наша тарту істеріне әбден машықтанған жасөспірімдер енеді. Төртінші топқа жүйке ауруларына (невроз, неврастения, кісіні мезі қылатын әдет) шалдыға бастаған балаларды жатқызамыз. Мұндай балаларға педагогтар мен дәрігерлер тарапынан дербес қарым – қатынас, ілтипат, сый – құрмет, жылы лебіз қажет [4].

Қоғамда қалыптасқан мінез – құлқы ауытқыған «қиын» немесе «тәрбиесі қиын» балалардың әрекеті девиация деп аталады. Балалардың мінез – құлқындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар физиологиялық ауытқулардан емес, отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден пайда болады. Осы аталып көрсетілген ауытқу девиантты мінез – құлық деп аталады.

Бала мінезін тәрбиелеудің сан қырлы жолдары бар. Мектеп мұғалімдері «қиын» балаларға теріс көзбен қарайды. Олардың мұндай балалармен жұмысы келеңсіз, стимуляция әдісімен бүкіл сынып алдында жүйке жұқартатын әңгіме, жазалау т.б. түрінде жүзеге асады. Әдетте, бұл әрекеттің барлығы оң нәтиже бермейді, керісінше қиын жеткіншектердің мұғалімге, мектепке кектенуі күшейе түседі және қарсы келуіне әкеліп соқтырады.

Отбасы – Бала – Мектеп. Бұлар – бір-бірінен ажырамас үштік одақ болып табылады. Ата – ана тарапынан, мектеп қабырғасынан жылылық сезінбеген балалар өмірде өзін ешкімге қажетсізбін деп есептеп, уайымға шалдығады.

Бала үшін ата – анасынан артық адам жоқ. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Ендеше, әрбір ата – ана өз перзентін мәдениетті, адамгершілігі мол, білімді, ата – салтын, ана тілін қастерлейтін ұлтжанды адам етіп тәрбиелеу ата – аналық міндеті деп түсінуі керек. Дана халқымыз «Арудың алдын ал» демекші кез – келген мәселені пайда болмай тұрып жойған жөн. Дегенмен, қиын оқушының өзі де бұзылған бала емес екендігін сезінуі керек.

Менің ойымша, мұндай қиын өтпелі кезеңде ата – ана тарапынан балаға дұрыс қарым – қатынас жасай білуі керек. Дұрыс қарым – қатынас дегеніміз – дұрыс сөйлей білу. Яғни, «Мен саған сенемін», «Мен сені жақсы көремін», «Мен әрқашан сенімен біргемін», «Сенің жетістігіңе мен сенемін» т.б.

Өзімнің педагогикалық – психологиялық қызметімде кездескен қиыншылықпен бөлісер болсам, мектепте мінез – құлқы ауыр бір оқушы бар. Ол оқушы толық емес отбасынан. Яғни, анасы әкесімен 3 жасында ажырасып кеткен. Анасының әкесімен ажырасып кеткеніне үнемі анасын кінәлап, өмірге жағымсыз көзқараспен қарайтын. Сол оқушымен коррекциялық, яғни мінез – құлқын түзету барысында жұмыстар жүргіздім. Атап айтсам, жеке тұлғаны зерттеу мақсатындағы М.З. Друзкевичтің «Әлемде жоқ жануар», А. Ассингердің «Қарым-қатынастағы агрессивтілікті бағалау», Басс – Даркидің «Девиантты күйін анықтау» әдістемелерін пайдалана отырып, «Міне менімен не болып жатыр?», «Біз нені жақсы көреміз?», «Шеңбер бойынша фраза», «Танысыңыз, шетелдік!» және т.б. тренингтерін жүргізіп отырдым. 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай «Анама алғыс» тақырыбында эссе жазып келуін сұрадым. Және де қоғамдық іс-шараларға қатыстырып, мешіт имамдарымен бірлескен жиналыс өткіздім. Солай оқушының анасына деген көзқарасының өзгеруіне ықпал жасадым. Осылай оқушының жүрегіне жетер жол тауып, жұмыла жұмыс жасасақ біз алмайтын асу жоқ деп ойлаймын [5].

Қорыта айтқанда, алдағы уақытта жұмысым одан әрі нәтижелі болуы үшін, оқушылардың нақты жағдайын анықтап, диагностика жасау арқылы, талдау нәтижесі бойынша психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын жүйелі жасап отырамын., мынау – мектептің жұмысы, анау – ата – ананың міндеті етіп бөліп жармай – ақ, жас ұрпақты келешек өмір, елдігіміз үшін бірігіп тәрбиелегенге не жетсін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасы Ата заңы», 27-бап, 2-тармағы.
2. Жұмабаев Ә. Қиын балалар арасында жүргізілетін педагогикалық жұмыс. – Алматы.1977.23 б.
3. Керімов Л.К. «Қиын жасөспірімдерді жеке – дара қайта тәрбиелеу теориясы мен практикасы» – Алматы, 2003. – 123 б.
4. Казымбетова Д.К. Девиантное поведение молодежи как объект социологического исследования: дис. на соиск. учен. степ. канд. наук. – Алматы, 1999. С. 36
5. Джаманбалаева Ш.Е. Социальные проблемы девиантного поведения. Автореферат. – Алматы, 1996. – С. 323.

Сенкубаев С.Т., Марлен Ә.Ғ.

## **ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазақстандық білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі мен жаңа мазмұндағы жүйесінің басты міндеті – қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді қажет жағдайда пайдалану икемділігін меңгерген, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдайтын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да,білім саласындағы міндеттерді жүзеге асыру үшін, мектеп ұжымында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерді сабақтарында енгізіп отырады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады [1].

Бастауыш сынып мұғалімі үшін оқушы жазылмаған тақта секілді таза, пәк. Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі міндеті-баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыру оқушыны іс әрекетті атқарушы объектіден нәтижесінде жеке тұлғаның өз ісін өзі басқаруға, орындауға қабілетті субъектіге көшіру арқылы мүмкін болады. Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, оқушының танымдық қабілетін дамыту саналы деңгейге көтеру – бүгінгі күнгі күрделі мәселе. Білімді жеке тұлғаға бағыттау, оқушының өзін-өзі тануы, өзін-өзі тәрбиелеуі, ақыл-ойын дамытуы, яғни, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың міндеттерді жүктеп, жаңашыл іс-әрекетке жетелейді. Инновациялық тұрғыдан білім беру жүйесі ақпараттандырумен тығыз байланысты. Білім беруді ақпараттандыру дамуының жаңа кезеңінің ерекшелігі – бұл проблеманың инструментальдық емес, мазмұндық аспектілерінің басымдылығында және олардың шешілуінен білім сапалығы, оның әлеуметтік мәнділігінің орны анықталады. Психологтардың зерттеулеріне сүйенсек, ойлау стилі бастауыш сыныптан-ақ оқушыларда жете қалыптаса бастайды. Оқушылардың бастауыш мектепте қазіргі ақпараттық технологияларды адамзат іс-әрекетінің түрлі салаларында қолдана білудің қажетті дағдыларын игеріп үлгеруіне мүмкіндік туады. Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту. Бұған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел [2].

Бүгінгі таңда алдымызға қойып отырған басты мақсат – оқушыларға тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, талантты жастарды тәрбиелей отыра, еліміздің мүддесіне қызмет етуге бағыт-бағдар беру. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше. Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат - мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың 40 - астам түрлері бар. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр. Жаңа технологиялар арасынан ақпараттық технологиясына назар аударсақ, оқытудың ақпараттық технологиясын оқу үрдісінде тиімді қолдану үшін бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-

әрекеті, психологиялық, тұлғалық, әлеуметтік және физиологиялық даму ерекшеліктерін есепке алу керек.

Инновациялық – дидактикалық технологияны қолдану барысында ескере өтетін ерекшеліктер: Оқу іс-әрекетіндегі ерекшелік – инновациялық технология арқылы білім беру үрдісін ұйымдастыру бастауыш сынып оқушыларының оқу материаларын жеңіл меңгеруін, компьютерде жұмыс істеу дағдыларымен қарулануын жүзеге асырады. Психологиялық ерекшелік – ақпараттық технологияны мектепте қолдану бастауыш сынып оқушыларының білуге, оқуға құштарлығы, танымдық қызығушылығы, қиялы, логикалық ойлауы мен есте сақтау қабілеттерінің дамуына үлкен септігін тигізеді. Тұлғалық ерекшелік – бастауыш мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның өзіндік оқу-танымдық әрекетін дамытуға бағытталған. Бастауыш сынып оқушыларының өз мүмкіндігін көрсете білуі үшін ақпаратты өзіндік іздеу, жоспарлау, бөлшектеу, біріктіру, суреттеу, жалғастыру және тиімді пайдалану, өз іс-әрекетінің дұрыстығын тексеріп бақылау икемділігін бойына сіңіру әлдеқайда маңызды да күрделі. Ақпараттық технологияны бастауыш сыныпта қолдану барысында оқушылардың оқу икемділігі дамиды. Шығармашылық оқу икемділігі, өзіндік жұмыс жасауды жоспарлау, бақылау, бағалау икемділіктері дамып, өзіндік ойлау икемділігі өрбіп, компьютер арқылы оқу материалдарын, оқыту және бақылау бағдарламаларын іске қосу, орындау дағдылары қалыптасып, компьютерлік стандартты бағдарламалармен, электрондық оқу басылымымен жұмыс жасау икемділіктері жетіле түседі. Ақпараттық технологияны қолдануға негізделген қазіргі білімнің парадигмасы өз бетімен дамып, өз-өзін тежей алатын шығармашыл, жан-жақты біліммен, мәнді қызығушылықпен және дәстүрлі емес жағдаяттарда жауапты шешім қабылдай алатын үздіксіз дамыған ақпараттық қоғамда өз орнын таба білетін жеке тұлға түріндегі нәтижеге бағдарланғандығында [3]. Сол себепті құзыреттілікке бағдарланған оқу үрдісін бастауыш сыныптан бастап қолдану өз нәтижесін беретіні сөзсіз. «Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман», - деп М. Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі - білімді ұрпақ. Ендеше, тәуелсіз еліміздің тұғырын биік ұстар қыз-ұлдарымыздың бойына дұрыс тәрбие сіңіре білейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Модульдік интерактивтік оқыту» технологиясы. Авторы: М.М. Жанпейісова.
2. «Сатылай комплексті талдау» технологиясы. Авторы: Н.А. Оразханова.
3. «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясы. Авторы: Ж.А. Караев.

**Иманова А.Н., Каппасова М.М.**

### **БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАРДЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ МӘСЕЛЕСІ**

Ғылыми жетекші: п.ғ.м, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының оқытушысы, А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.  
«Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасының 7М01303 - «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Абай Құнанбаевтың жетінші қара сөзіндегі « Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Екіншісі – көрсем, білсем деп, ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, «ол неге өйтеді?», « бұл неге бүйтеді?» деп

көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді», – деген ой тұжырым оқушының биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілік, зерттеушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс.

Өйткені бастауыш сынып оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы басым болады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

“Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының “ басты мақсаты оқушылардың талдау, синтездеу, әрі логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, яғни оқушылардың сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету, оқушыны ізденуге, өз бетімен қорытынды жасауға үйрету болып отыр.

“Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз” демекші, бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сондықтан қазіргі мектептің басты мақсаты – баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің ашылуына қолайлы жағдай жасау. Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны-жас ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Бәсекеге қабілетті жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыны ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету бастауыш сыныптан басталуы қажет.

Оқушының танымдық өзгертушілік әрекеті зерттеушілік деп аталатын әдістің көмегімен жүзеге асырылады. Шығармашылық қабілетті дамытудың құралдары мен түрлі жолдарының арасында оқушының өзіндік зерттеу тәжірибесі өте тиімді болып табылады. Зерттеушілік білігі мен дағдылары бүгінгі күні ғылыммен айналысатын адамдарға ғана тән емес, түрлі саладағы әрбір адамның әрекетіне қажет. Зерттеуші-оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім келеді. Білуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізуге баланың балалығымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігі-баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыруға, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады. 1999 жылдан бастап, оқушылардың зерттеушілік, ізденушілік, жобалау әрекеті біртұтас жүйе ретінде құрылды. Ал бүгінгі күні бұл әдістеме оқытудың күзіреттік тәсілі жағдайында ерекше қажеттілікке ие. Жоба — латын тілінен аударғанда «алдын ала» деген ұғымды береді. Зерттеу күнделікті қолданыста адамның танымдық әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа білімді игеру қабілетімен түсіндіріледі. Зерттеушілік оқыту- баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құралған оқытудың негізгі тәсілі. Зерттеудің жобалаудан айырмашылығы мынада. Зерттеу алдын ала жоспарланған нысанды құруды көздемейді. Ол белгісізді іздеу, жаңа білімді іздеу процесі. Бұл-адамның танымдық әрекеттерінің бірі. Осылайша, жобалау мен зерттеу басынан-ақ әрекет түрлерінің бағыттары, мәні мен мазмұны жағынан түрліше. А.И.Савенков “жобалау мен зерттеу бағыттылығы, мен мағынасы және іс-әрекетінің мазмұны бойынша әртүрлі”, атап көрсетті. Дегенмен жобалар әдісі мен зерттеу әдістерінің негізіне мыналар жатады:

Екі әдіс те оқушылардың өзіндік әрекетіне бағдарланған (дербес, топтық, жұптық), оны арнайы бөлінген уақыт аралығында (сабақтың бірнеше минуттарынан бастап бірнеше

апталар мен тіпті айлар аралығында) орындайды. Жобалау технологиясы және зерттеушілік әрекет технологиясы төмендегілерді қамтиды:

-кіріктірілген білім мен оны шешудің зерттеушілік ізденісін талап ететін проблеманың болуы;

-алынатын нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы;

-оқушының өзіндік әрекетін;

-жобаның мазмұндық бөлігін оның кезеңдік нәтижелерін көрсете отырып құрылымдау;

-зерттеу әдістерін қолдану, яғни проблеманы және одан туындайтын зерттеу әдістерін анықтау; зерттеу әдістерін талқылау, ақпарат жинау, соңғы нәтижелерді рәсімдеу; алынған өнімнің тұсауын кесу, талқылаулар мен қорытындылар.

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі.

Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі.

Зерттеу түрлері:

1) теориялық

2) фантастикалық

3) эксперимент

Теориялық – зерттеу мәселелерін теориялық талдау. Мәселелердің маңыздылығын, оның ерекшеліктерін, осы тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды сипаттау, сондай-ақ оның бүгінгі таңдағы шешілу жолдары. Осының барлығы зерттеу бөлімінің 1-ші теориялық мазмұнын құрайды.

Фантастикалық — өмірде болмайтын фантастикалық құбылыстар мен заттар жөнінде.

Эксперименттік – өзіндік байқаулар мен эксперименттерді жүргізуді талап етеді. Балалар үшін ең қызықты эксперимент-нақты заттарға және олардың қасиеттеріне жасалған тәжірибелер. Оқушыларға әр түрлі тақырыпты беруге болады. Экспериментальді (практикалық бөлім) зерттеу мәселелер мәнісін түсіндіретін немесе оны шешуге мүмкіндік беретін ғылыми әдістерді пайдалануды болжайды. Зерттеу жұмыстарының бұл кезеңі маңызды болып табылады, бұл кезеңде жоба авторы өзінің шығармашылық мүмкіндігін көрсете алады. Бұл кезеңде эксперименттер, байқау, сауалнама, әңгімелесу, сұрақ қою, интервью алу т.б. зерттеу әдістері пайдаланылады. Ғылыми зерттеуді жүргізу кезінде дұрыс ақпарат алу үшін бір емес, бірнеше әдістер жиынтығы қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (баптары бойынша түсіндірмелері) оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. – Астана, 2013 ж.
2. Ә.С.Бейсенова, Ж.Б. Шілдебаев, Г.З.Сауытбаев Экология Алматы «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2014. -555б.
3. Бозжанова К.Б. Оқушылармен жүргізілетін кластан және мектептен тыс жұмыстар жүйесі. А., 214 ж.

**Корягина О.В., Исмагулова А.К.**

## **ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПОДРОСТКОВ, СКЛОННЫХ К ДЕВИАНТНОМУ ПОВЕДЕНИЮ, В УСЛОВИЯХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ**

Научный руководитель: к. п. н., доцент, преподаватель кафедры «социально-педагогических дисциплин», Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова, г. Кокшетау  
Магистрант кафедры "социально-педагогических дисциплин «по образовательной программе 7М01101 – «педагогика и психология»  
Кокшетауский университет имени А. Мырзахметова, г. Кокшетау

Особенности современного этапа развития общества на рубеже веков характеризуются радикальными преобразованиями во всех сферах человеческой деятельности. Общественные процессы в их динамизме, связанные с возникновением кризисных ситуаций, сложностью их разрешения, обострением конфликтов и социальных противоречий, приводят к проявлениям социальных отклонений и девиантного поведения. При этом наибольшую обеспокоенность вызывает девиантное поведение подростков как наименее защищенной социальной группы в кризисных ситуациях. Все это обуславливает самое серьезное внимание и интерес социальных педагогов к вопросам и проблемам правового воспитания девиантных подростков. Подростки девиантного поведения имеют, как правило, довольно низкий уровень нравственно-правовой культуры. В юридической и специальной психолого-педагогической литературе, анализирующей правосознание подростков с девиантным поведением, выделяются следующие его особенности: во-первых, это мнимая осведомленность в уголовном законодательстве; во-вторых, подростки испытывают затруднения в сопоставлении своего поведения и требований закона; в-третьих, несовершеннолетние подростки не умеют применять правовые знания в конкретной ситуации; в-четвертых, при оценке или характеристике того или иного противоправного поступка подростки руководствуются не нормой закона, а мотивом действия; в-пятых, наблюдается зависимость правосознания несовершеннолетних от влияния взрослых и более авторитетных для них людей или воздействия мнения группы. Отсюда следует, что важнейшим средством профилактики и педагогической коррекции девиантного поведения является правовое воспитание подростков, которое формирует самостоятельную форму сознания — правосознание. Анализ научно-правовой литературы показывает, что исследователи по-разному определяют понятие «правовое воспитание».

В частности, Т. И. Акимова пишет, что «правовое воспитание — это организованное, систематическое, целенаправленное воздействие на личность, формирующее правосознание, правовые установки, навыки и привычки активного правомерного поведения, правовую культуру» Цель правового воспитания подростков, по ее мнению, заключается в формировании их правосознания и в обеспечении на этой основе сознательного и активного правомерного поведения. Достижение этой цели осуществляется путем:

- а) усвоения подростками определенной суммы знаний о правовых нормах;
- б) организованного правового просвещения во внеклассной и внешкольной работе;
- в) активного участия в правоохранительной деятельности в школе и по месту жительства;
- г) повышение правовой культуры родителей и педагогов. Основа правового воспитания подростков — их правовое просвещение.

Правовые знания содействуют правильному пониманию общественных явлений, способствуют развитию социальной активности подростков, дают возможность правильно ориентироваться в жизни, определять грань между дозволенным и запрещенным, выбирать законные пути и средства защиты личных прав и интересов. Правовое просвещение подростков должно способствовать образованию у них специфического правового



понятийного аппарата мышления, при помощи которого производится отбор, классификация и переработка поступающей извне правовой информации. Содержание правового просвещения несовершеннолетних должно включать в себя изучение Конституции РФ, а также нескольких отраслей права, в том числе административное, трудовое, брачно-семейное и уголовное законодательства. Именно на их содержании следует раскрывать смысл и значение конституционных принципов и положений. Основными формами правового просвещения подростков являются лекции по правовой тематике; экскурсии, в ходе которых теоретические положения наглядно иллюстрируются местным материалом; правовые беседы; использование кино, телевидения; вечера встреч и тематические вечера; вечера вопросов и ответов; диспуты, обсуждение книг и статей, позволяющее не только пополнить запас правовых знаний, но и сформировать иное отношение к ним; наглядная агитация (тематические стенды, папки с вырезками газетных и журнальных статей, специальная литература, видео- и аудиозаписи). Немаловажным условием является обеспечение каждому подростку активной позиции, т. е. предоставление им возможности проявить инициативу, предприимчивость, самостоятельность, независимость и т. д. Это позволяет им самоутвердиться в коллективе сверстников, завоевать авторитет у окружающих. Активная позиция способствует более глубокому осознанию и усвоению подростками правовых норм, обостряет чувство ответственности, укрепляет связь с коллективом. Эффективность правового воспитания подростков во многом зависит от целенаправленной и систематической работы педагогов и родителей по повышению собственной правовой культуры. Основными формами изучения норм действующего законодательства и подзаконных актов для педагогов являются университеты и лектории правовых знаний, отдельные лекции специалистов, семинары и конференции, методические объединения. Важную роль играет также самостоятельное изучение юридической литературы и активное участие в организации и проведении мероприятий по правовому воспитанию подростков, пропаганде правовых знаний среди населения. Таким образом, от того, как организовано правовое воспитание подростков, во многом зависит их жизненное самоопределение. Это обусловлено тем, что приобретение знаний в процессе правового воспитания закономерно связано с углублением познания социальной действительности и развитием интереса к нравственным и правовым идеалам современного общества; в процессе правового воспитания формируется способность личности правильно ориентироваться и поступать в сложной ситуации; целенаправленное правовое воспитание укрепляет и развивает правосознание подростков.

#### Список использованной литературы

1. Александровская Э.М. Типологические варианты формирования личности младшего школьников. – М.: Формула, 1993.
2. Битянова М.Р. Адаптация ребенка в школе: диагностика, коррекция, педагогическая поддержка. – М., 2017
3. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте.- М., 1968.
4. Голицын Г.А. Информационный подход в психологии творчества Исследование проблем психологии творчества под ред. Я.А. Пономарева. – М.: Наука, 1983. С. 210 – 231.
5. Коломинский Я.Л. Психология взаимоотношений в малых группах. - М.: Педагогика, 2021.

**Бердыбекова Н.С., Махамбеталиева С.С.**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінде оқу процесінде ойын алдыңғы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ. Ойын арқылы оқушыны білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар оқушылардың ақыл ой белсенділігін маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау, зерді үрділерін дамытады. Міне, сондықтан да ойын оқу әрекетінде жетекші рөл атқарады. Дидактикалық ойындар оның аты айтып тұрғандай, баланың ақыл ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Дидактикалық ойындар дегеніміз оқыту мақсатын жүзеге асыруға арналған ойындар. Дидактикалық ойындар оқушының байқампаздық, елестету, есте сақтау, сөйлеу, ойлау қабілеттерін, сенсорлық бағдарын дамытады [1].

Ойын барысында балалар да жаңа білім мен әдістерді үйрену керек екенін түсінеді. А.Құнанбаев айтқан: «Балалар өздігінен кішкентай кезінен оқуға ұмтылмайды. Балаларды білімге деген күштарлығы артқанша оларды күштеп тарту арқылы үйрету керек деп» Ойын барысына қызыққан бала, ол өзі де үйреніп жатқанын байқамай да қалады,бірақ та бала іс-қимылдарды қайта құрылымдаған кезінде қиналады. (автодидактизм құбылысы) Ойын барысында бала өзінің қолынан келетінін жасауға ұмтылады. Дидактикалық ойын - бұл оқу құралдарымен немесе оқу іс-әрекеті барысында қолданылатын әдіс емес. Дидактикалық ойын көп жоспарлы, қиын педагогикалық құбылыстар, ол балаларды ойын әдісі арқылы үйрету болып табылады, білім беру нысаны және өзіндік ойын ойнау,балаларды жан-жақты дамыту болып табылады. Дидактикалық ойын, ойын әдісі ретінде екі жақты қарастырады. Ойын-оқу іс-әрекеттері. Бұл ойында басты рөлді педагог басқарады, педагог әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып , ойын жағдайын туғызады, жарыс элементтерін қолданады. Педагог ойын барысында тек қана ойнатып қоймайды балаларға белгілі бір білімді береді, ойнау дағдыларын қалыптастырады. Дидактикалық ойындар математикада, тіл дамыту да, қоршаған ортамен таныстыруда, сенсорлық мәдениетін дамытуда қолданылады. Педагог бұл жерде оқытушы да ойында ойнаушы ретінде болады. Ол ойнауды үйретеді ,ал балалар ойнай жүріп үйренеді. Егер де оқу барысында қоршаған орта туралы білімдерін дамытуда тереңдетілсе, дидактикалық ойында балаларға тапсырмалар жұмбақ ретінде,ұсыныстар, сұрақтар ретінде қолдануға болады. Дидактикалық ойын жеке ойын қызметі осы ойын әрекетін сезіну ретінде қарастырылады. Ойынның бала тәрбиесіне маңыздылығын бұрынғы және қазіргі педагогикалық әрекеттерде қарастырады. Педагогикалық ғылыми жүзінде ойынның екі жақты маңыздылығын көрсетті: жан-жақты даму үшін және шағын дидактикалық тәртіп бойынша [2].

Ян Амос Коменский чех педагогы (1592-1670) ол ойынның бала өміріне ең керекті жағдай деп есептеді,ойын арқылы ақыл-ойы дамиды,ойын барысында балалармен араласады қоршаған орта туралы түсініктері қалыптасады деген.

Фридрих Фребель: «Ойын барысында баланы дене қимылы, тілі, ойы, ойлауы қалыптасады» - деген.

Константин Дмитриевич Ушинский орыстың педагог демократы, Ресейде ғылыми педагогиканың негізін қалаушы - ол ойын туралы балалардың ойынының мазмұны қоршаған ортаға байланысты деген. Егер де бала ойын барысында кейбір балалар нұсқау беруді, кейбірі соған бағынуға дағдыланса, ол сол істен болашақта қайтуы қиын деп есептеген.

Ы.Алтынсарин бірлесе ойнауға көп көңіл бөлген, сол арқылы балалардың қоғамдық байланысы қалыптасады деп өз ойын айтқан. Қазіргі кезде ойынның маңыздылығына сонымен қатар дидактикалық ойындарды зерттеуде Михайленко Н.Я. и Коротковой Н.А. және т.б педагогтар айналысады. Дидактикалық ойындардың балалардың ойлау қабілетіне тигізер әсері:

Ақыл-ой дамуы: Дидактикалық ойын мазмұны балалардың қоршаған орта туралы, табиғат ерекшелігі, әр түрлі мамандық иелері туралы, өз отаны туралы білімдерін қалыптастырады. Дидактикалық ойын арқылы педагог балаларды өз беттерінше ойлана білуге, алған білімдерін әр түрлі жағдайда қолдана білуге үйретеді. Көптеген дидактикалық ойындар балалардың алдында ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде мақсат қояды. Қоршаған ортадан ұқсас құбылыстарды тап, салыстыруға, топтастыруға, заттарды өзіндік қасиеттерімен топтастыруға, дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. Дидактикалық ойын балалардың тілін дамытады, сөздік қорлары, дұрыс сөйлей білу, дыбыстарды дұрыс айту, өз ойларын жеткізу іс-әрекеттері қалыптасады. Дидактикалық ойынның міндеттерінде көбінесе балаларды заттар немесе қоршаған орта туралы сөйлем құрай білуге, ойын барысында балалардың сұраққа дұрыс жауап беруі бір-бірімен пікір алмасуы арқылы сөздік қорлары дамиды.

Адамгершілік дамуы: Мектепке дейінгі балаларда қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, ойыншықтарға ұқыпты қарауға, өзін-өзі ұстау дағдылары, құрдастарымен және үлкендермен араласу дағдылары қалыптасады. Үлкенірек топтағы балалармен дидактикалық ойындарды қолдануда басқаша міндеттерді шешу қарастырады, үлкендердің еңбегін бағалауға, отанына сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.

Еңбек тәрбиесі: Дидактикалық ойындар балалардың еңбек адамдарына құрметпен қарауға, үлкендер еңбегіне деген қызығушылықтарын тудыруға, және өздерінің де еңбектенуге деген қызығушылық сезімдерін тудыруға әрекет жасау. Бұндай дидактикалық ойындар балалардың еңбекке деген қызығушылықтарын, және үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелейді.

Эстетикалық тәрбие: Ашық та, қызықты дидактикалық ойындар балалардың қызығушылығын тудырады, эстетикалық талғампаздықтарын дамытады.

Дене тәрбиесі: Ойын балалардың жақсы көңіл-күйлерін тудырады, сонымен қатар нерв жүйесінің оянуына көмектеседі. Ойын барысында балалардың дене қимылы сонымен қатар қол моторикасы дамиды, сонымен қатар ақыл-ойының дамуына тигізер әсері мол. Дидактикалық ойындар арқылы балалардың жеке қасиеттері қалыптасады.

Демек ойын балалардың алған білімдері түсініктерін баянды етіп қана қоймайды, сонымен бірге өзінше бір белсенді танымдық іс-әрекет формасы болып табылады. Сондықтан оқу-тәрбие процесіне ойынды дұрыс кірістіріп, оның барлық тиімді мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызы зор [3].

Түптеп келгенде, тәрбие құралдарының басқа түрлері сияқты ойынның да білімділік, тәрбиелік мүмкіндіктерін балалардың жас ерекшеліктеріне, сабақ мазмұнына жақсы үйлестіре қолдану мұғалім ізденісіне, шеберлігіне байланысты. Ол үшін мұғалім ойынды пайдалану методикасын да, ойын түрлерін таңдап-талғауға да қойылатын талаптарды жете білуге тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Дошкольная педагогика» В.И. Логинова, П.Г. Саморукова М., П., 2015. 3 стр. 4-19
2. В.И. Ядэшко «Дошкольная педагогика» Москва: П., 2018
3. Воспитание детей в игре под ред А.К. Бондаренко и А.И. Матусик. М., 2018

**Бердыбекова Н.С., Медеуова Б.С.**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ МІНЕЗ – ҚҰЛҚЫ ҚИЫН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ ӨЗІН – ӨЗІ БАҒАЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Ұрпақ тәрбиесіне біздің халқымыз ешқашан бей – жай қараған емес. «Бала тәрбиесі – отбасынан басталады» деп дана халқымыз айтып кеткендей, отбасындағы тәрбие балаға берілетін ең алғашқы білім көзі, нәрі болып табылады.

Жалпы жас ұрпақ тәрбиесіне халқымыз да, асыл дініміз ислам діні де, бала тәрбиесі, отбасындағы қарым – қатынас, ата – ананың бала тәрбиесіндегі рөлі тағы басқадай тақырыптар жайлы маңызы зор, тәлімді де парасатты насихаттар айтуға жалыққан емес. Баланы тәрбиелеу ешқашан салғырт қарауды қаламайтын, күрделі де жауапты, маңызы зор іс. Ұлды өз Отанын сүйетін, ержүрек, халқына қызмет ете алатын, нағыз азамат қылып тәрбиелейтін де, қыз баланы ибалы, салмақты, ақылына көркі сай етіп тәрбиелейтін де ата – ана. Адамды адамгершілік қасиеттерге байытып, қалыпқа келтіретін де, дұрыс жолдан тайып, аздырып, тоздаратын да тәрбие жұмысы болып табылады. Балаға кішкентай кезінде әсер ететін құбылыстар сан алуан болғанымен, оларға тәрбие беріп, дұрыс жолға салатын әрине ата – ана. Кейде ата – аналар бала тәрбиесіне салғырт қарағандықтан, немесе баланы тым қатаң ұстағаннан, ата – әжелерінің «Ерке балалары» т.б. көптеген факторлар отбасында «Қиын баланың» болуына себебін тигізеді [1].

Отбасында «Қиын бала» қалай пайда болады? Алдымен «Қиын бала», «Тәрбиесі қиын бала» сөздерін дұрыс ажырата білгеніміз жөн. Педагогика бойынша, қарапайым нормаларға көнбейтін, педагогикалық назардан тыс қалған, адамгершілік қасиеттер дамуында ауытқушылық бар бала типі. Осындай сұрақтар ата – аналар мен педагогтарды, далпы қауымды алаңдатып, толғандыратын жиі сұрақтардың бірі. Және бұл сұраққа дәл дауап беру қиындық туғызады. Себебі, баланың «қиын» аталуы бұл аз уақыттың нәтижесі емес.

Тәртібі қиын оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту қазіргі уақытта әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде қарастырылады. Мұның өзі «тәртібі қиын» оқушылар санының жылдан жылға артып келе жатқандығын көрсетеді. Бұдан сәл ертерек уақытта «қиын оқушыларға» көбіне жасөспірімдерді жатқызсақ, қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының арасында да осы топқа жататындар аз емес екендігі байқалады. Сондықтан «қиын оқушыларды» ерте жастан бастауыш мектеп кезеңінен бастап қолға алып, олардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуларына мүмкіндік жасалуы қажет. «Тәртібі қиын оқушыларды» тәрбиелеу жүйесінде адамгершілік тәрбиесі маңызды орын алатыны белгілі. Мораль нормаларына жауап беретін айналадағы болмысқа жеке адам көзқарастарының сансалалығын ескере келгенде, адамгершілік тәрбиенің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі өте зор.

Ыбырай Алтынсариннің [2] педагогикалық қызметінде мұғалімдердің бала тәрбиесінде адамгершілік мәселесіне жоғары талап қоя білу байқалады. Ыбырай Алтынсарин

досы Н.И. Ильминскийге 1861 жылы қаңтардың 19 жұлдызында жазған хатында: «Осы жылы қаңтардың 8 жұлдызында менің көптен күткен ісім орындалып, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірісіп кеттім. Кейін паракор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын», деп өзінің сүйікті ісіне белсене кіріскендігін зор қуанышпен жеткізді.

Ағартушы-педагогтың бұл пікірінен байқағанымыз, адамгершілікті оқу-тәрбие үрдісінің арқауы ете отырып, бала тәрбиесінде мұғалімнің рөлі ерекше екендігін түсіндіреді. Әрине, бұл мәселе қазіргі уақытта да маңыздылығын жоғалпағандығы белгілі. Бірде бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіл әлемдік тәлім-тәрбиенің деңгейі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық қасиеттерінен көрінетінін байқадық. Ол өз еңбегінде: «Мен балаларды жазалауды қалайтын қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсең, балалардың адамгершілік қасиетін жойып аласың», - деді.

«Тәрбие мақсаты баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, болашақ өз заманына лайық қылып шығару ғой» деп М. Жұмабаев тәрбие мақсатын келер күн талабымен байланыстырғысы келеді. Қазіргі таңда, ақпараттың дамыған заманында, бәсекеге бейімді ұрпақ тәрбиелеу оңай іс емес. Интернет желісімен санасын улап, психологиясы әлсіз, тынымсыз, шыдамсыз оқушыларды өмірдің алауан түрлі сынына дайындаудың қиындығын М. Жұмабаев болжап дұрыс айтқан [3].

Қиын бала мінез-құлқын ғалымдар жан-жақты қарастырғанына қарамастан, бұл мәселенің әлеуметтік педагогикалық мүмкіндіктері нақты көрсетілмеген. Балалардың қиын тәрбиеленуінің өзіне тән себептері бар, олар: отбасы, мектеп тәрбиесінің кемшіліктері, тұлғалық және биологиялық факторлар мен қоршаған қоғам ықпалы.

Қиын балалармен тәрбие жұмысын жүргізудің өзіндік топтары бар және олармен тәрбие жүргізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл мәселенің басын шешу ата-анадан, қоғамнан бастау алатыны сөзсіз. Ол үшін отбасы ішіндегі мәселелерді орнықтыру бірінші орында болу керек.

Қазіргі жас ұрпақтың болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын балалардың сана-сезімін, мінез-құлқын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып ұжымдық, шығармашылық істерге қатыстырудың тәрбиелік маңызы зор. Сондықтан мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыс-тарында ұстаз оқушылардың жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс істегені абзал. Себебі мұғалім оқу-тәрбие саласында қандай жұмыс жүргізгенімен, сыныптағы оқушылардың мінез-құлқын жете білмесе, алға қойған мақсаттарына жете алмайды [3].

«Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек», - дейді белгілі педагог К. Ушинский. Мектепте педагогикалық тұрғыдан ойластырылып шешілген оқу-тәрбие үрдісін шебер жүзеге асыру үшін әрбір мұғалім, тәрбиеші, бүкіл мектеп ұжымы негізгі ұстанымдарды, яғни нақты сол істі басшылыққа алатын ғылыми негіздерді, табуы тиіс.

Қазіргі уақыт талабы — білім мен техниканың ерекше қарыштап дамыған заманы. Тәрбие мәселесі де қазіргі заманның өршіп тұрған мәселелерінің бірі болып тұрғаны белгілі. Себебі уақыт талабына сай оқушылар компьютермен ұялы телефонға әуестігі басым болып баратындығы жалған емес. Отбасында ата-аналары бала тәрбиесіне көңіл бөліп, күнделікті өмірі, сабағы, қайда жүргендігі жайындағы мәліметпен хабардар болып, тұрақты бақылау жүргізуді қолға алғаны жөн. Бала тәртібінің бұзылуы ата-ананы қиын жағдайларға итермелейтіндігі сөзсіз. Бұл орайда ата-анамен сынып жетекшінің атқаратын рөлі өте зор. Тәрбиелік мақсатта жүргізілетін іс-шаралар мазмұны мектеп оқушысына зор ықпал етері анық.

Қазіргі кезде педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде көмек көрсету стратегиясы ретінде сипатталады. Аталмыш стратегия педагогтың оқушы мәселесін түсініп, шешу жолын тауып, жағдаятты өзгертуге көмектеседі. Педагог оқушыға қолдау көрсетеді, оған өз мейірімін төгеді, басқаша айтқанда, сәтсіздіктер мен кедергілірге қарамастан, ең мықтысы болуға талпынатын өзіндік жеке тұлға ретінде қабылдайды. Қолдау келесідей жағдайлардан көрінеді: яғни педагог адамды емес, оның іс-әрекетін бағалайды және тұлға ретіндегі сәтсіздіктеріне қарамастан, сөзсіз, тұлға ретінде қабылдайды. Өзара ықпалдастық нәтижесі оқушының өз-өзімен қарым-қатынасы, өзіне деген сенімділігі, өз мінез-құлқын бақылай алуы, мықты тұлға ретінде қалыптасуға деген ынтасы болып табылады.

Педагог іс-әрекетінің жалпы құрылымы бірнеше кезеңдерден тұрады:

- байланыс орнату, диалог құру мүмкіндігі;
- оқушы мәселелерін, оның жеке қасиетін, сонымен қатар оған келтірілетін кедергілерді анықтап алу;
- мәселені талқылау;
- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Дамыта көмек көрсету негізіндегі мәселені шешуде өзара ықпалдастықтың қарым-қатынас технологиясы педагог мінез-құлқының келесі техникасын ұсынады:

- әңгімелесуге қызығушылық білдіріп, оның бетіне тіке қарауға және тындауға үйрену;
- ойындағысының барлығын айтқызу, тыныштықты сақтай біліу, оқушының жай-күйін түсінуге тырысу;
- өз көңілінді білдіре білу;
- керекті ақпаратты алу және барлығын түсінуге бағыттылған сұрақтарды қоя білу;
- әңгімелесуші мәселесін түсінуге, оның шешімін табуға тырысу;
- жай кеңес беруден гөрі мәселенің шешіміне ықпал ететін шешім қабылдауға итермелеу.

Сынып жетекшінің оқушымен әңгімелесуге осындай шарттар ұсынылады. Оның негізінде адамға өзін-өзі дамытуға талпынушы тұлға ретіндегі көзқарас, ал оқушыға дамушы, оқушыларға көмек көрсете алатын адам ретіндегі көзқарас жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Керімов Л.К. «Қиын» оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1991. 25-б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 2014. 76, 77-б.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2015. 83, 84-б.

**Бердыбекова Н.С., Медеуова Б.С.**

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ МІНЕЗ – ҚҰЛҚЫ ҚИЫН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ ӨЗІН – ӨЗІ БАҒАЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Отбасы тұлға қалыптастырушы бесік. «Азамат қалыптастырамын десең, бесігінді түзе», деп ұлы ғұлама М. Әуезов әу заманнан бағыт беріп келеді [1].

Отбасыда адамаралық қатынастар негізі қаланады, бүкіл өмірге жетер еңбектік және әлеуметтік бағыт-бағдар түзіледі. Отбасыда өз кезегімен қарапайым да жеңіл түрде шешіліп жататын көптеген мәселелер, ересек шақта шырғалаң күйге түсіп жататыны белгілі. Шынымен де, бар тәрбиенің бастауы бесікте, отбасында екені белгілі. Бесікте ананың сүтімен сусындап, бесік жырын тындап, отбасы мейірін сезініп, еңбек қабілетін шыңдаған бала егемен еліміздің ертеңі.

Отбасылық кейбір тұжырымдарды саралай келе, келесідей қорытынды жасауға болады:

1. ықпалы басқа айналадағы әсерден, мектептегі мұғалімнің әсерінен де мықты. Жас ұлғаюмен ол әсер азаюы мүмкін, бірақ ешқашан өз маңызын жоймайды;

2. қандай да бір басқа жағдайларда қалыптасуы мүмкін болмаған сапалары, қасиеттері, мінезі тек отбасында ғана дами бастайды;

3. отбасы тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, оның тәндік, моральдық және еңбектік тәрбиесіне болған мүмкіндіктерді мейлінше шоғырландырып, іске қосады. Қоғамдағы азамат мүшесі отбасыдан бастау алады, қоғам келбеті отбасыдан көрінеді;

4. отбасының ықпалымен ғана бала санасына салт-дәстүр ұғымы беріледі;

5. отбасының аса маңызды қызметтерінің бірі — азамат тәрбиелеу, ұлтжандылықты қалыптас- тыру, болашақ жанұя иегеріне дұрыс жол нұсқау және мемлекет заңдарын мойындап, құқық- тарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру;

6. отбасының балаға болашақ мамндығына нұсқау беру, оның армандарына деген ықпалы орасан.

Қазіргі экономикалық жүйеге байланысты отбасындағы тәрбие жоқтығының кейбір себептері ретінде келесі жағдайларды қарастыруға болады:

1. Көбінесе, көптеген еңбексүйгіш отбасыларда қаражат жағынан таршылық көруі.

2. Қоғамдық өмір мәдениетінің төмендігі.

3. Отбасы анасы, яғни әйел, мойнына артылған ауыртпалық.

4. Әлеуметтік-тұрмыстық және моральдық себептерден болып жатқан ерлі-зайыптылардың ажырасуы.

5. Бала тәрбиесінде ерте заманнан қоғамдағы отбасындағы ер адам мен әйел адамның атқартын ролі.

8. Бірнеше отбасылар арасындағы жан-жалдардан туындаған бәсеке.

9. Мектеп пен отбасы арасындағы байланыстың төмендеуі [2].

Отбасы дағдарысын реттеу және оның тәрбиелік ықпалын көтеру бағытында педагогтар мен психологтардың беретін ұсыныстары мен ақылдары.

Бұл жағдайда педагогика ешқандай жаңалық ашып бере алмайды: тәрбиенің қоғамдық, экономикалық қатынастардың жалпы заңдылықтарына тәуелділігі объективті шындық.

Білім беру мекемелерінен балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлықтарының қиындауы, іс- қимылдарының алдын алуын және оны жеңу жолдарының тәрбиелік рөлін арттыру.

Мектептерде арнайы білім дәрежесінде дайындалған әлеуметтік педагогтар мен психологтар қызмет атқарады. Бұл мамандарға балалар мен жасөспірімдер оқу және тәрбие барысында сенім артады. Оқытушылардың қызметіндегі басты бағыт тәрбиеге беріледі. Педагогтардың педагогика- лық қызметтеріндегі жіберген қателіктері мен кемшіліктері, олардың тәрбиеленушілеріне жағымсыз ықпал етеді.

Білім беру мекемелеріндегі тәрбиені жақсы жолға қою ретінде атқарылады:

- мұғалімдер дайындығының құрамдық сапасын және олардың жоғары педагогикалық мәдениетін арттырып қалыптастыру;

- білім мекемелерінде педагогикалық қызметке барынша жағымды жағдай тудыру;

- мұғалімдер құрамының өз бетінше білімдерін жетілдірулеріне мүмкіндік туғызу, педагогикалық шеберліктері мен мәдениетін жетілдіру;
- білім мекемелерінде әлеуметтік қызмет ұйымдастыру, девиантты іс-қимылды балалармен және жасөспірімдермен жеке жұмыс жүргізу, мұғалімдер мен ата-аналарға көмектесу;
- білім беру мекемелеріндегі сабақтан тыс тәрбие жұмысының жүйесін дамыту;
- ата-аналарды тәрбие жұмысына жұмылдыру олардың педагогикалық даярлығын жетілдіру.

Отбасы мен мектептің өзара мақсатты әрекеттесуі отбасының, мектеп пен тұрғылықты жердегі әкімшілік органдардың балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлық, іс-қимылдарының алдын алу және оны жену жолдарын қарастыру.

Отбасы адамзат қоғамның ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі – дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру [3].

Қазіргі таңда отбасылардың арасындағы келіспеушілік, отбасындағы қарама-қайшылықтардың болуы балаға қатты әсер етеді. Отбасында берекенің болмауы, ата-балаға тәрбие беретін, ата-ананың жаман жолға, ішімдікке салынуы, нашақорлыққа бой ұруы, баланың алдында бір-бірін балағаттауы өсіп келе жатқан жеткіншек санасына теріс пікір қалыптасуын арттырады. Бала жасынан сүйіспеншілікке, отбасында махаббат мейіріміне бөленбей қатал, қатыгез болып, кейін жас өскен сайын қылмыскер болуы да ғажап емес. Қазіргі кезде отбасындағы жанжалды көрген балалар әкесінің анасына қол көтергенін көріп өсіп, кейде анасын қорғаймын деп, қылмысқа да барып қалып жатқан тұстар болады. «Тәртібі қиын оқушы» болып шыға келеді.

Балаға жас ерекшелігіне қарай тәрбие берсе, сөзсіз, тәрбиелі ұрпақ қалыптасатынына нық сенім- мен қарауға болады. Осы орайда «егер бала бұзақы бола бастаса, онда бұған бала кінәлі емес, педагогикалық әдістер кінәлі» деген А. Макаренконың пікірін қайта қарауға тура келеді. Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген педагогикалық-психологиялық жүйе болуы керек. Ал ұлы Абайдың сөзі қайта тәрбиелеу ісін жігермен бастауға дем береді. Ол жеке тұлғаның қалыптасып дамуы туралы былай тұжырымдайды: «Баланы ең алдымен қоршаған ортасы, көшесі тәрбиелейді».

Халықтық педагогиканы, яғни этнопедагогиканы, оқыту үрдісінде пайдалана отырып, ұлттық тәрбие беруде жеткіншектерге тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту оқушыларға қажет. Сол арқылы ұрпаққа ақыл-ой, еңбек, адалдық, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты тәлім-тәрбие беретіні ежелден белгілі. Бала туғаннан отбасы мұндай қасиеттерді бойына сіңіре беру керек. Сонымен қатар жасөспірімдерді нашақорлықтан, ұрлықтан арашалауда, олардың санасына кісілік, адамгершілік қасиеттің рухын ұялатуға берері көп ата- бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, ерен еңбегімен балаларына үлгі-өнеге көрсеткен. Енді ғана тілі шығып келе жатқан балаға жас кезінен мақал-мәтелді, жаңылтпаштарды, ертегілерді сіңіріп өсірсе, «Бала біздің болашағымыз» деп санайтын әрбір ата-ана үшін дұрыс жол болып саналады. Ол дұрыс ұрпақ қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады [4].

Бүгінгі ХХІ ғасырдың басты мәселесі болып дұрыс ұрпақ қалыптастыру, болашаққа нық сенімді болу табылады. Ұрпақтың мәдениетті, ұлттық санасының жоғары болуын қалыптастыру мақсат етіледі. Осынау заманның сан-қилы мәселелерімен ата-ананың бала тәрбиелеудегі үлкен қиындықтарға тап болатыныны да белгілі. Негізінен, барлық мәселе ата-аналар тарапынан баланың бос уақытын дұрыс, орынды пайдаланбаудан, тұрмыстың нашарлығы мен отбасындағы келеңсіз жағдайлардан бастау алатындығы да болады. Бала тәрбиесін жас ерекшеліктеріне қарай жүргізсе, баланың ынтасын дамыту арқылы әдіс-тәсілдерді жаңартып отырса, заман талабына сай мектеп пен ата-аналар дұрыс жолға қойылған тәрбиелік мазмұны жоғары жұмыстар атқарса іс нәтижелі болып жемісін беретіндігі сөзсіз [5].



Қазіргі көп мәдениетті қоғамда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына ауқымды әсерін тигізеді. Ст. Холл «бала толыққанды дамуы үшін өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет» деп санайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2015. 83, 84-б.
2. Қалиева Г. Қазақстан мектебі. – 2019. № 4. 22, 23-б.
3. Қоянбаев Ж.Б. Отбасы балалар және жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 2016. – 234-б.
4. Ахметжанова Н. Мінез-құлқы қиын балалар // Ұлағат. № 1. 29-б.
5. Өтеген Қ. Қазақстан мектебі. № 7. 59, 60-б.

**Бердыбекова Н.С., Махамбеталиева С.С.**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ДАМУ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы  
Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ  
"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты  
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Сабақты ойын түрінде жүргізу оқушылардың білімге ынта-ықыласын арттырады. Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ бастауыш сынып оқушыларға жеңіл әрі тартымды, түсінікті болады. Оқытудың түпкі мақсаты – оның сапалы болуы, яғни сабақтың түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіруге оның әдіскерлік танымдық, білімдік, тәрбиелік қызметі мен практикалық бағытын күшейту де осы міндеттерден туындайды. Сабақты ойын түрін пайдалану – сабақтың әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойын түрін оқу үдерісінде пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезінде, қайталау сабақтарында пайдаланған тиімді. Ойын түрі сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Дидактикалық ойындар барлық сыныптарда қолданылады.

Бастауыш мектепте оқыту процесінде дидактикалық ойындар әрі оқу, әрі ойын қызметін қатар атқарумен ерекше орын алады. Ойын – балалар әрекетінің бір түрі. Оқушыларды оқыту және сөйлету мақсатындағы қарым-қатынастың әдісі мен құралы. Ойын әрекеті естің, ойлау мен қиялға, барлық таным процесіне әсерін тигізеді. Н.К.Крупская «Қандай ойын болмасын баланы бір нәрсеге үйретеді. Ең бастысы, баланы мұқияттылыққа, еңбекке, жолдасымен ынтымақты болуға үйретеді» — дейді [1].

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады дегенді ғалымдар айтуда. Бастауыш мектеп оқушының физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық, мәдени дамуының іргетасы болып табылады. Педагогикалық практика көрсетіп отырғандай, осы кезеңде баланың танымдық мүмкіндіктері жүзеге аса бастайды. Танымдық мүмкіндіктерін дамытудың бір жолы, дидактикалық ойындар болып табылады. Баланың физиологиялық дамуы өте күрделі процесс. Осы даму барысында бала қоршаған ортада, табиғатта болатын әртүрлі құбылыстарға деген қызығушылығын танымдық ойындар арқылы жеткізеді. Жануарлар,

заттар туралы көптеген мәліметтер жинақтайды. Осындай ойындар баланың іс-әрекетін дамытады. Есте сақтау, ынталану, қиялдану сияқты психологиялық танымы қалыптасады. Бұл табиғи фактор болып табылады.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру. Дидактикалық ойындар оқушылардың белгілі бір ғылым саласынан білімін, іскерлік пен дағдысын дамытып қана қоймайды, сонымен қатар танымдық қабілеттерін де жетілдіреді. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына сабақты, тақырыпты меңгеруіне ықпал етеді. Себебі, педагогикалық процесс баланың жан-жақты дамуына көмектеседі [2].

Дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың интеллектуалдық қабілеттері, логикалық ойлауы, түрлі көркем шығармаларды пайдалана отырып, ізгілік, адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Дидактикалық ойындар арқылы оқушылар қоршаған ортадағы заттармен танысып, қасиеті мен сапасын ажыратуға, әртүрлі құбылыстардың ерекшеліктерін білуге талпыныс жасайды, өзіне қажетті көптеген мәліметтер жинайды және олардың сөздік қорлары кеңейеді.

Сонымен қатар мұндай ойындар пәндердің мазмұнына сәйкес қолданылады. Мысалы математика сабағында дидактикалық ойынды қолдану бастауыш сынып оқушыларының осы пәнге деген қызығушылығын арттырады, белсенділік танытып, бағдарламалық материалды қажетті деңгейде меңгеруіне ықпал етеді. Сабақтың әр кезеңінде қолдануға болады.

Дидактикалық ойындардың бірі — «Математикалық лото» ойыны. Бұл ойынның шарты бойынша, сынып оқушылары үш топқа бөлінеді. Әр топқа құрастырмалы лото карточкалары таратылады. Әр топ дұрыс жауаптарын тауып, лото құрастыру барысында математикалық дәлелдеулерді табады, ойлайды, талдайды, қорытады. Математикалық лото ойыны оқушылардың іздену мүмкіндігі мен пәнге деген мотивациясын оятады.

Дидактикалық ойындар оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады, олардың ойлау қабілеттерін, ізденімпаздылығын арттырады, сөздік қорын молайтуға көмектеседі, сабақта дидактикалық ойындарды пайдалану мектеп оқушыларын сол пәнге деген белсенділігін арттырады, бағдарламалық материалдарды қажет деңгейде меңгеруге барынша ықпал етеді. Оқушылар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық қасиеттері байқалады. Сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психологиялық қасиеттері дамиды. Ойындар сабақтың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады.

Рөлдік ойындар – оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, олардың жаңашыл ойлар мен тұжырымдар жасауға арналған ойын түрі. Бұл ойын ертегіні рөлдерге бөлу, диалог құрастыру арқылы жүзеге асады. Диалог құрастыру арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырады [3].

Оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыратын әрбір тапсырмада берілген жауаптардың арасынан дұрыс жауапты табуды қажет ететін тапқырлық ойындардың маңызы зор. Математика сабағында көбейту кестесін жаттату мақсатында «санның көбейтіндісі» ойынын ойнаса болады. «Санның үшке көбейтіндісін кім тез табады?» — деп, мұғалім сандарды айтады. Оқушылар оның үшке көбейтіндісін айтып отырады

Дидактикалық ойындар оқушыларды материалдарға қызықтыруымен қатар алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Өйткені, дидактикалық ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін ізденімпаздығын еңбекқорлығын жетілдіруге, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Ойынның да өзіне тән мотивтері болады. Мысалы, мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін, есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Мысалы, 2-сыныпта «Тұқым және жеміс» деген тақырыпты өту барысында оқушыларға алдын ала тапсырмалар беріп, оны өздеріне бақылатуға болады. Оларға тапсырмалар беру арқылы эксперимент жасауға үйретуге болады.

- Үйде кез-келген өсімдіктер тұқымын алындар;
- Олардың қандай өсімдіктердің тұқымы екендігін байқандар;

- Қандай жеміс беретінін анықтап, дәптерге суретін салындар.

Осындай тапсырмаларды оқушылар өздігінен орындай алады. Өздеріне жүктелген нысаналарды бақылайды, табиғатты, ондағы болатын құбылыстардың ерекшеліктерін бақылау арқылы дүниетанымы мен көзқарастары қалыптасады. Қысқа мерзім ішінде орындалатын бақылаулар көбінесе жеке тақырыптардың мазмұнына байланысты ұйымдастырылады. Оқушылар аз уақыттың ішінде жүргізген бақылауларының нәтижесінде тақырыптың мазмұнын саналы түрде меңгереді. Дүниетану пәнінде іскерлік ойындарды қолдануға болады. Венн диаграммасы арқылы өсімдіктердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін ажыратуға үйренеді. «Кім жылдам», «Жылдам, ойлан», «Бағдаршам» сияқты ойындар оқушының жылдамдағын, ептілігін, белсенділігін дамытады.

Қорыта айтқанда сабақты қызықты, тартымды өткізу үшін дидактикалық ойындарды дұрыс ұйымдастыру керек. Ойынға керекті құралдар әр оқушыға жеткілікті болу керек, сонда ғана оқушыларға түсінікті болады.

Ойын баланың сабақта алған білімін тиянақтауға негіз болады. Себебі ойын мен еңбек сияқты баланың іс-әрекетінің бір түрі. Ойынның барысында баланың жеке қасиеттері қалыптасады. Дидактикалық ойындар сабақтың әсерлілігін арттырып, балалардың осы пәнге деген ынтасын, қызығушылығын арттырады, білімдерін тиянақтауға көмектеседі. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін, сезімін білдіруге жол табады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрманалина Ш.Х., Сәрсенбаев С.Ш. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар. //Бастауыш мектеп. 2017, 25 б.
2. Оразбекова М. Дидактикалық ойындардың маңызы //Бастауыш мектеп. 2017, -47-54 б.
3. Наурызбаева Ә., Мұхамедқызы С. Математикадан дидактикалық ойындар мен қызықты тапсырмалар Алматы: Рауан, 2014. – 194 б.

Навий Л.<sup>1</sup>, Алиманова Д.К.<sup>2</sup>

## **АКТ-НЫ БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ОҚИТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Ғылыми жетекші: Әлеуметтік-педагогикалық пәндер кафедрасы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

"Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" білім бағдарламасының магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

Қазіргі әлемдік дамудың ерекшелігі - дамыған елдерде инновациялық мүмкіндіктерді дамыту, тәжірибе тарату, жаңа білімді іздеу. Бұл жас ұрпақтың заманауи ойлау қабілеттерін дамыту қажеттілігін тудырады. Н.Ә.Назарбаев: Біз қазір «білім - ғылым - инновация» үштігі үстемдік еткен постиндустриалды әлемге қарай бет алдық [14, 20].

Сондықтан ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес мектеп оқушылары болашақ жетістіктерге жету үшін әр түрлі дағдыларды игеруі керек. Біз қарастырып отырған мәселе - бастауыш сынып оқушыларының функционалдық дағдыларын дамыту.

2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы әр адамның шығармашылық функционалдық, ақпараттық құзыреттіліктерін дамытуды көздейді [15, 65].

Сондықтан мектеп оқушылары да қоғамда болып жатқан өзгерістерге назар аударып, ғылыми әлеуетін арттыруға ұмтылуы керек. Ол мектептегі педагогикалық процесс кезінде жүреді.

Заманауи мектептің маңызды міндеті – жан жақты қабілетті балаларды тәрбиелеу, өмірдің әр түрлі салаларына ізденімпаздық қатынасты қалыптастыру. Қоршаған ортаны тәуелсіз зерттеу кезінде баланың белсенділігі генетикалық тұрғыдан анықталып, ерте балалық шақта көрінетіні белгілі. Сондықтан отбасы - оны осы мүмкіндіктерді ескере отырып дамытқан алғашқы әлеуметтік институт.

Оған жетудің бірден бір жолы – функционалды сауаттылықты қалыптастыру болып табылады. 1969 жылы қыркүйек айында Тегеран қаласында өткен сауатсыздықты жою бойынша ағарту саласы министрлерінің Дүниежүзілік конгресінде «функционалдық сауаттылық» термині енгізілген болатын, ал 1978 жылы БҰҰ ұсынысы бойынша конгресс шешімі қайта қаралып, «Білім беру саласы статистикасын халықаралық стандартизациялау» туралы құжатқа өзгерістер енгізілді. Термин мазмұнының қайта редакциялануына орай функционалды топтардың тиімді әрекет етуіне қажетті барлық іс - әрекет саласына еркін енуі функционалдық сауаттылықтың жаңа көрсеткіші болып табылады [16]. Қазіргі кезеңде «функционалдық сауаттылық» ұғымы мағынасы жанжақты зерттеліп, қоғам дамуын тежеуші сауатсыздықты жою мағынасында ғана емес, ұғымдық мағынасы іс- әрекеттің нәтижесі тұрғысында сауатсыздықты жою механизмдері мен тәсілдерін іздеу мәселесі ретінде де қарастырылады. Қазіргі ақпараттанған жаңа қоғамда функционалдық сауаттылық барлық қоғамдық деңгейлердің әрекет нәтижесінің жетістік түйіні болмақ. Жаңа сипатта «функционалдық сауаттылық» мағыналық тұрғыда кеңейіп, мәдениеттілік атрибуты дәрежесіне дейін көтерілді. Функционалдық сауаттылық ұғымы ғылыми - техникалық талаптар мен әлеуметтік прогресс нәтижесінде пайда болып, мағыналық тұрғыда әмбебап сипатта ғана емес, мәдени – тарихи сипатта да қолданылады. Ал функционалды сауаттылық кез келген тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесіп отыруы, өзінің мамандығы бойынша білімін үнемі жетілдіріп отыруын білдіреді. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауда «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды. Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек», - деп атап айтты. «Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдарында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде көрсетіледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық-шығармашылық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуларына, сондай-ақ өмір бойы білім алуларына ықпал ететін жалпы базалық факторлардың біріне айналуға.

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан халқы дамуының басты бағыты» атты 2012 жылғы 27 қаңтардағы арнайы құжатта мектеп оқушыларының функционалдық – шығармашылық сауаттылығын дамыту мақсатында бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдаудың басты міндеттерінің бірі ретінде қойылды. Осы міндетті жүзеге асыру барысында оқушыларының функционалдық, шығармашылық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық жоспардың мақсат, міндеттері нақтыланып жасалды. Ұлттық жоспарда мектеп оқушыларының функционалдық-шығармашылық сауаттылықтарын дамыту үшін төмендегідей кешенді жоспары жасалды. Олар: мазмұндық,

оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық ішаралар кешені. Бұл кешен Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағыт-бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдықпен және шығармашылық сауаттылықтарын дамыту барысында жасалатын іс-шаралардың мақсаттылығын, бірізділігін, біртұтастығын және жүйелілігін негізге ала отырып дайындалған болатын. Аталғандай ұлттық жоспардың мақсаты - Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының бойында білімді функционалдықпен және шығармашылық дағдыларын дамыту үшін жағдай жасау. Ол үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

мектеп оқушыларының бойында білімді функционалдықпен шығармашылық негізінде сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практикасын зерделеу.

мектеп оқушыларының бойында білімді функционалдықпен шығармашылық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.

білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету негізінде: стандарттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалар.

білім беру үрдісіне оқу-әдістемеліктерді қамтамасыз етуді әзірлеу.

мектеп оқушыларының бойында білім сапасын бағалау және мониторинг көрсеткіштерін жүргізу жүйесін дамыту.

б) мектептің және қосымша білім беру жүйесі мекемелерінің жалпы материалдық-техникалық базасын нығайту.

Жалпы функционалдық, шығармашылық сауаттылық деген ұғымының мәнін ашып айтар болсақ, адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2016, [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
2. Назарбаев Н.Ә. «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» деген тақырыпта оқыған лекциясы. - Астана, 2016, [lib.kaznmu.kz](http://lib.kaznmu.kz)
3. Сардарова Ж. Роль микропреподавания в профессиональной подготовке будущих учителей начальной школы. Білім берудегі менеджмент. 2018. - № 4.

**«ҒЫЛЫМДАР МЕН ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ»**  
IX-ші Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
2024 жылғы 19-20 ақпан

**МАТЕРИАЛЫ**  
IX-ой Международной научно-практической конференции  
**«СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ НАУК И РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ»**  
19-20 февраля 2024 года

**MATERIALS**  
of the IX-th International scientific and practical conference  
**«THE CURRENT STATE OF SCIENCE AND ECONOMIC  
DEVELOPMENT»**  
February 19-20, 2024

*Отправлено в печать 28.02.2024.  
Формат 60x84/16. Офисная бумага  
Объем 35.04 п.л.  
Тираж 100 экз.*

---

*Опубликовано Учреждение образования «Alikhan Bokeikhan University»  
071400, Область Абай, Семей, Мангилик Ел, 11, тел. 8 (7222) 43-23-34*

**ISBN 978-601-08-3824-6**

